



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ СПОРТ ТАРИХЫНЫҢ ӨЧЕРКТЕРІ



АЛМАТЫ, 2019


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қазақ спорт және туризм академиясы

Б.М. ДОСКАРАЕВ  
Е.К. СЕЙСЕНБЕКОВ  
Е.Т. АЛТЫНБЕК

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ  
ЖӘНЕ СПОРТ ТАРИХЫНЫҢ  
ОЧЕРКТЕРІ**

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

*«Кто постигает новое, лелея старое  
тот может быть учителем»  
КОНФУЦИЙ*



Алматы, 2019

УДК 796/799  
ББК 75.1  
Д 64

Пікір жазғандар:

А.К. Кульназаров – п.ғ.д., профессор  
И.Ф. Андрущишин – п.ғ.д., профессор

Баспаға Қазақ спорт және туризм академиясының Ғылыми Кеңесі ұсынған:  
09.03.2018 ж., № 6 хаттама.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ СПОРТ  
ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКТЕРІ – Оқу құралы, Алматы: ҚазСТА, 2019. - 400 б.**

Авторлар:

Б.М. ДОСКАРАЕВ – п.ғ.д., профессор, ҚазКСР еңбек сіңірген  
жаттықтырушысы  
Е.К.СЕЙСЕНБЕКОВ – п.ғ.к., доцент  
Е.Т. АЛТЫНБЕК – Спорт ҒЗИ ғылыми қызметкері

«Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері» атты аталмыш оқу құралы, тарихи-әдеби мәліметтер мен археологиялық-этнографиялық ескерткіштерге және Олимпиадалық білім мен тәрбие, жалпы Олимпиадалық қозғалысқа, ондағы Қазақстанның алар орнына қатысты дәйекті ақпараттармен толықтырыла отырып, білім берушілік тұрғыда жалпы олимпизм түсінігі, Олимпиадалық ойындар, отандық спорттың қалыптасуы мен дамуы және оның бастауында тұрған тұлғалар мен олар қол жеткізген жетістіктер туралы бірегей материалдар нақтылы түрде баяндалған.

Оқу құралы дене шынықтыру және спорт бағыты бойынша білім алушы ЖОО студенттері, магистранттары мен докторанттарына, колледж оқушыларына, спортшылар мен жаттықтырушыларға, сондай-ақ, жалпы оқырмандар қауымына арналған.

**ISBN 978-601-7964-00-9**

**УДК 796/799  
ББК 75.1  
Д 64**

©Қазақ спорт және туризм академиясы, 2019  
©Б.М.Доскараев, Е.К.Сейсенбеков, Е.Т.Алтынбек, 2019



*«25 жыл бұрын біз Тәуелсіздігімізді жарияладық. Сол кезден бастап отандық спорт жылнамасының жаңа парағын аштық. Өзіміздің, Қазақстанның Олимпиада комитеті құрылды. Өрендеріміз тәуелсіз Қазақстанның намысын қорғап, көк байрағымыздың астында өнер көрсете бастады»*

**Н.Ә. Назарбаев**

## АЛҒЫ СӨЗ



Қолыңыздағы кітапты Олимпиадалық білім мен тәрбие, дене шынықтыру мен спорт тарихы жөнінде Қазақстанда алғаш рет қазақ тілінде ғылыми негізде жазылған тұңғыш тарихи-деректік очерк деп айтар едім. Олай деуге себепті негіздер бар. Өзімізге белгілі, кешегі кеңестік дәуірде дене шынықтыру мен спорт бағыты бойынша әдебиеттер тек орыс тілінде ғана шығарылғанын айтар болсақ, елдегі Олимпиадалық білім туралы әңгіме мүлде қозғалмады деуге болады, өйткені Олимпиадалық білім мәселесі өз алдына бір төбе бағыт болып табылады. Сол үшін

де Тәуелсіздікке дейін және одан кейін олимпизм, олимпиадалық білім мен тәрбие мәселесі жөнінде ғылыми негізде қалам тартушы ғалым-ізденушілер болған жоқ.

Әрине, ел егемендігінен кейін республикамызда дене шынықтыру мен спорт бағыты бойынша түрлі теориялық, энциклопедиялық және альбомдық сипаттағы кітаптар жарыққа шықты. Ондай кітаптар ел спортының алға қадам басуына, дене тәрбиесі мамандарын дайындап шығаруда өзінің оң жемістерін берді. Сондай-ақ, осы орайда елдегі спорт саласы кітаптары мен кадрларын даярлау мәселелері жөнінде айтылғанда, Қазақ спорт және туризм академиясының маңызды орнын айрықша атау қажет. Өйткені ол республикамыздағы терең тарихы бар тұңғыш әрі жалғыз салалық жоғары оқу орны болып табылады.

Алайда, отанымыздың кешегі өткен тарихындағы дене шынықтыру мен спорттың пайда болуы мен дамуын ғылыми түрде зерттеп, зерделеп, оларды бүгінгі күнгі жоғары жетістіктер спортындағы қол жеткен табыстармен таразылай, салыстыра отырып, оны әрі қарайғы Олимпиадалық білімдермен жетілдіре отырып негіздейтін ғылыми туынды жоқтың қасы екені баршамызға мәлім.

Сол үшін де осы очерктер көнеден бүгінгі күнге дейінгі олимпиадалық білімдер, оның ішінде дене шынықтыру мен спорт

жөнінде аса ауқымды болмаса да салалы түрде дайындалып, жазылған және дер кезінде жарыққа шығып отырған тұңғыш салалық кітап деп естептеймін. Осындай оқу құралдары арқылы өскелең ұрпаққа өткен тарихты мұра ретінде жазып қалдыруға, сондай-ақ дене тәрбиесі мен спорт саласы мамандары мен қызметкерлерін даярлауда қолдануға зор мүмкіндіктер туады. Өйткені, дәл осы очерктің авторлары өз жұмыстарында елімізде кемшін тартып келе жатқан Олимпизм, Олимпиадалық білім, Олимпиадалық тәрбие мәселелерін кеңінен сөз етіп, осы бағыттарды тек жоғары оқу орны деңгейіне келгенде ғана емес, керісінше алғашқы мектеп қабырғасынан бастап жас ұрпақтың санасына сіңіру қажеттігін аса маңызды мәселелердің бірі екендігін айтады.

Бүгінгідей, уақыты зымырап, технологиясы күн санап қарыштап дамып жатқан глобализациялық заманда осы айтылған ойлар мен осы тектес идеялар әбден құптарлық іс деп санар едім. Сол үшін де, еліміздің спортының тек алға қарай басуына серпін беретін осындай еңбектерді қолдау қажеттігін алға тарта отырып, өз тарапымнан кітап авторларына өзімнің шексіз алғысымды білдіріп, алдағы уақытта да жаңа ойларға толы табысты шығармашылық тілеймін!



**Сәпиев Серік Жұманғалиұлы**  
**ҚР Спорт және дене шынықтыру**  
**Комитетінің төрағасы,**  
**Олимпиада чемпионы.**

## КІТАПТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІР



Қазіргі заманда дене шынықтыру мен спорттың түрлі тарихи аспектілерін қарастыратын әдебиеттердің үлкен көлемі жарыққа шықты. Көптеген кітаптар спорттың жалпы тарихына, олимпиадалық ойындардың ежелгі және қазіргі заман тарихына, студенттік спорт пен халықаралық спорттық қозғалыс

тарихына арналды. Сөзсіз, түрлі халықтардың дене шынықтыруы мен спортының пайда болуын, эволюциясын және дамуын зерттеу, маңызды қоғамдық-саяси мәні бар адамзат баласының аса маңызды қызметінің ерекше-ліктері мен жалпы заңдылықтарын ашуға және анықтауға жәрдемдеседі.

Оқу құралы – ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының үлкен кезеңін қамтыған, дене тәрбиесі мен оның кейінгі дамуының негіздерінің тууын көрсететін өзіндік бір шежіре іспетті. Әрине, авторлар оқу құралының едәуір беттерін елдің атақты спортшыларына, яғни еңбек сіңірген спорт шеберлері, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, Олимпиада ойындары мен Бүкіләлемдік Универсиадалардың жеңімпаздарына, жүлдегерлері мен қатысушыларына арнайды.

Оқу, ғылыми-әдістемелік құрал ретінде Қазақстанның дене шынықтыру және спорт тарихын әдеби деректер мен тарихшыларды тарта отырып, белгілі әрі нақтылы түрде, танымал сала мамандарын тарта отырып жазылған. Оқу құралы дене тәрбиесі дамуының бірегей жолын қалыптастыра білген қазақ халқы туралы әсерлі де, керемет суреттемелік сипаттама береді.

Аталмыш оқу құралы тек шетелдердің дене шынықтыруы мен спорт саласының қызығушылық білдірген мамандары үшін ғана емес, сондай-ақ, танымдық және тәрбиелік мақсатта дүниетанымын кеңейткісі келген барлық оқырмандардың кең ортасында да қызықты болары анық.

Мұнымен бірге, мен бұл кітапты шығару FISU және Алматы қ. 2017 ж. өткен Бүкіләлемдік Қысқы Универсиаданың Ұйымдастыру комитеті арасындағы жемісті ынтымақтастықтағы кезекті қадам бола береді, деген сенімдемін.

Құрметпен, **Эрик Сайнтронд**  
**FISU Бас хатшысы**

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының егемендік алуымен бірге педагогика тарихын, соның ішінде, қоғамдық-педагогикалық құбылыс ретінде дене шынықтыру және спорт тарихын, сондай-ақ, жалпы Олимпиадалық қозғалыс тарихын зерттеуге қызығушылық артып, оған деген үлкен қажеттілік туындады.

Осыған орай, бұл кітаптың жалпы мазмұны еліміздің Ұлттық Олимпиадалық комитетінің тиісті өкілдерімен, атап айтқанда ҰОК Бас хатшысы Сәкен Жүнісбекұлы Мұсайбековтың және ҰОК Президентінің Кеңесшісі Бақытжан Құтымұлы Ордабаевтың назарларынан өтіп, қолдау көрсетілуі көңілге үлкен қуаныш ұялатады. Сондықтан да алдағы уақыттарда ҰОК-мен бірлесе отырып республикамызда Олимпиадалық білім мәселесі мен проблемаларын жарыққа шығаратын басылымдар қатар өз жалғасын табады деген сенім басым.

Көптеген өлшемдері бойынша адамзат тарихындағы бірегей, әрі аса мәнді болған ХХ-ғасыр өткен шаққа кеткенімен де, ол нағыз спорт ғасыры. Сондай-ақ, осы жүзжылдықтағы маңызды символдардың бірі болған Олимпиадалық ойындар ғасыры болып есептеледі. Жалпы Олимпизм мен Олимпиадалық ойындар адамзаттың әлеуметтік өмірінің мәнді элементтері ретінде қалыптасып, жалпы адамзаттық феноменге айналды. Сондықтан да бұл құбылысты зерттеуге деген қызығушылық өте ауқымды болып табылады. Осы орайда, ресейлік белгілі зерттеуші-ғалым А.Суник өзінің «Российский спорт и Олимпийское движение на рубеже XIX-XX вв.» деген фундаментальды еңбегінде: «...в XX веке связанный с Олимпизмом исследовательский интерес был очень огромен. И он не будет угасать. Убежден: и в XXI-веке интерес к изучению, осмыслению этих уникальных социально-культурных феноменов будет лишь нарастать...» - деп келтіреді.

Жалпы спорт әлемі туралы ХХ ғасырдың жетекші ойшылдары бірнеше ойларды тұжырымдаған. Мәселен, еуропалық философия классиктерінің бірі Макс Шеллер былай деп тұжырымдайды: «Бүгінгі әлемде спорт тәрізді терең әлеуметтік-философиялық және психологиялық дәрежеде зерттеуді қажет ететін бірде-бір басқа феномен жоқ. Спорт өзінің маңызы жағынан өте ауқымды дәрежеге жетті, бірақ спорттың мәнін зерттеуге тиіті көңіл



бөлініп отырған жоқ». Мұнымен қоса, белгілі американдық социолог А.Гаттмэн өзінің «От ритуала к рекорду» деген кітабында былай деп көрсетеді: «Елу жыл өтсе де, спорт өте бір дискутабельді, әрі біздің уақытымыздың көпке белгісіз құбылысы болып қала берді». Ал югослав спорт социологы Р.Марьянович, қазіргі заманда Үлкен спортқа деген қызығушылықты көтеруге көңіл аудару керектігін айта отырып, спорт әлі күнге дейін ғылым үшін толық анықталмаған мәселе» және «алдағы уақыттарда оның шынайы келбетін ашу қажет, керек болса, жасау қажет» дейді.

Халық даналығында айтылғандай, өнерде шек жоқ, ал спорт – бұл бейбітшіліктің елшісі. Шын мәнінде, спорт мемлекеттік шекараны мойындамайды, ол саясат пен идеологиядан биік, өйткені ол халықтарды біріктіреді.

Дегенмен, кешегі ХХ-ғасырда кеңестік идеологиялық дәуірдің құрсауында олимпиадалық проблематика мәселесі үстірт түрде ғана жазылып келген болатын. Тек 90-жылдардан бастап, Олимпиадалық мерейтойдың 100 жылдығына байланысты, оның тарихи, фәлсафалық, элеуметтанушылық, мәдениеттанушылық аспектілері спорттық ғылымның нағыз ортасына шықты. 100 жылдық мерейтойдан кейінгі бүгінгі таңның өзінде Олимпиадалық проблематика танымның күрделі нысаны ретінде көптеген тарихшыларды, фәлсафашыларды, публицистер мен түрлі спорт теоретиктерін өзіне қызықтыра тартып келеді. Өйткені, Олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалыс негізінде адамзат мәдениетінің сабақтастығын бақылап-байқаудың бірегей мүмкіндіктері туындады. Сонымен қатар, қазіргі таңда өзекті болып жүрген бұл олимпиадалық проблематиканың тарихи-фәлсафалық зерттеулерінің аса тартымды тұстарының бірі болып саналады.

Бүгінде Қазақстанда тарихи-олимпиадалық тақырып саласында ғылыми зерттеулерді жандандыруға және олимпиадалық қозғалыс генезисін тарихи-логикалық, фәлсафалық тұрғыда түсінуге деген қызығушылық жоғары деңгейде сақталып отыр. Осы ретте Қазақстанның мұндай жаңа құбылысқа жасаған алғашқы қадамдарын терең зерттеп, ұғыну өзекті мәселенің бірі болып тұр. Мұнымен бірге, қазақстандық мәдениеттің құрамдас бөлігінің бірі болып табылатын қазақстандық спорт қандай жолдармен халықаралық спорт пен олимпиадалық қозғалысқа тартыла білді, деген көп қырлы мәселелер де үлкен қызығушылық танытып отыр.

Сондықтан, олимпизм жайлы зерделі сөз қозғамас бұрын, жалпы дене шынықтыру мәселесі жөнінде айтар болсақ, ол қоғамның маңызды мәдени элементтерінің бірі ретінде адамның рухани дамуына әсер етіп, жалпыға ортақ мәдени пайдасы бар құндылықтарды қалыптастырады. Біз барлығымыз, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ екенін саналы түрде ұғынамыз. Сол үшін де белгілі ғалым, профессор Б.Аяған әділ түрде: «Ұзақ уақыт бойы ғылыми әдебиеттерде көшпенділер жөнінде тек қаталдық ғана емес, сондай-ақ, рухани өмірінің кедейлігі, дүниетанымдық көзқарастарының жұтаңдығы туралы пікір қалыптасып келді. Бірақ, кейінгі объективті зерттеулер, көшпенділердің адамзат өркениетінің дамуына шаруашылық дамуға, қоғамдық басқару жүйесіне, әскери ұйымдастыруға байланысты елеулі үлес қосқанын көрсетті. Көптеген көрші мемлекеттер, олардың ішінде, орыс княздықтары мен қытай императорлары Алтын Орда көшпенділерінен қаржылық жүйе, пошталық байланыс, әскери іс жөнінде көп нәрсе үйренді...» - деп жазады.

Мұнымен қоса, өз тарихымызға көз жүгіртсек V-VI ғасырлардың өзінде қазіргі қазақ жерінде әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы өркендеген көптеген қалалар болды. Осындай елді-мекендердің шарықтау кезі шығыстың атакты ғұламалары Әбу Нәсір әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Исмаил Жаухари, Ахмет Йассауи сияқты энциклопедист ғалымдар өмір сүрген X-XII ғасырларды айтуға болады. Мұнда әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегін ерекше атауға болады, өйткені онда адамның өмірі қоршаған ортаның әсеріне байланысты болатыны жайлы тұңғыш ғылыми тұжырымдама жасаланып, адамның жан-жақты рухани және мүсін жағынан дамуы үшін жағдай жасау керектігі туралы айтылады.

Ф.Энгельстің пікірі бойынша: «бұл тарихи көне заман болашақ ұрпақ үшін аса қызықты дәуір болып қала бермек, өйткені ол жоғары дамудың барлық кейінгілерінің негізін қалыптастырады» (Анти-Дюринг, М. 114 б.). Осы орайда, Ювал Ноах Хараридің «Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы» (каз ауд. Алматы, 2018) атты еңбегінде былай делінген: «Ғасырлар бойы ғылым бізді көптеген жаңа құрал-саймандармен жабдықтады. ...Шын мәнінде ғылым мен технологиялардың мұндай ынтымақтастығы өте таяуда басталған құбылыс. XVII-XVIII ғғ. байланыс нығайды, ал ажырамастай торап,

шешілместей түйін тек XIX ғасырда ғана байланды. 1800 жылы-ақ армияны нығайтуға бел буған ел билеушілердің көпшілігі, өз өндірісін кеңейту қамын жеген магнаттардың бірсыпырасы физика, биология мен экономика саласындағы зерттеулерден қаржы аяп қалған жоқ. Бірде-бір әміршінің басына бұл идея келген жоқ дей алмаймын. Жақсы тарихшы өткен шақтан кез-келген өнегені таба біледі».

Мұнымен қоса, Е.Ертісбаев (Қазақстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001. 17-18 б.) келесідей пікірмен толықтырады, «...Қазақстан тарихы жеткілікті түрде зерттелмеген. Оның басты себебі, Қазақстан соңғы екі ғасыр бойы отарлық тәуелділікте болды...» дейді, осы орайда қазақстандық тарихшылардың патриархы М.Қозыбаев «...империялық идеология ресейлік империяға бағынышты халықтарда, көшпенділер мемлекеттілігі туралы ой ойлауға мүмкіндік бермеді...» (Некоторые проблемы истории казахской государственности// Казахстан и мировое сообщество. – 1996. - №4. – 9 б.). Қазақстанның Ресей империясына қосылуы ұзақ уақыт бойы қазақтар үшін ең ұлы жетістік деп түсінідіріліп келді, соның есебінен олар өздерін жауынгер көршілердің тарапынан жойылып кетпеуін қамтамасыз етті. Шын мәнінде, Қазақстан тарихының осы кезеңі жаңа сипатта қайта зерделеуді қажет етеді, өйткені, империялық саясат жүргізілген заманда қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы империяның басқа аймақтарына қарағанда артта қалған, деп есептеуге алып келді.

Заманауи Олимпиадалық ойындардың негізін қалаушы, барон Пьер де Кубертеннің: «Олимпиадалық ойындарды сақтау, тарих беттерін түлетуді білдіреді» деген сөздерін ескеретін болсақ, онда Қазақстанда да Олимпиадалық білімді мектеп қабырғасынынан бастап зерделеуді енгізуге деген орасан зор қажеттілік бар екенін ұғынамыз. Демек, елдегі Олимпизмнің қалыптасып нығаюына негіз болып табылары сөзсіз.

2004 жылы 13 қаңтарда біздің республикамыздың Президенті 2004-2006 жж. арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлыққа қол қойды. Мұндағы мақсат: «руханиат және білім саласын дамыту, елдің мәдени мұраларын тиімді пайдалану мен сақтауды қамтамасыз ету» болды. Демек, біздің ұрпақтарымыздың жүз жылдардан кейін өзінің тарихының қай жақтан бастау алатынын

білу мақсатында, Қазақстанның бай мәдени мұраларының ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі бір бөлшегі де өзгеріске түсіп, жоғалмауы үшін мемлекет тарапынан жасалған қамқорлық екенін ұғыну деген сөз.

Дене шынықтыру және спорт туралы заңнамада «...Дене шынықтыру және спорт саласында ғылыми зерттеулерді, олардың нәтижелерін дене шынықтыру мен спорт тәжірибесіне енгізуді ұйымдастырып, үйлестіреді...» делінген. Бұл үдеріс Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт қозғалысы саласында мамандарды дайындауда дене тәрбиесі тарихы мен оның әлеуметтік-педагогикалық маңызын зерттеу пәні болып табылады.

Бүкіл әлемдік ғылыми ұйымдардың форумдарында, шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ, баспасөзде халықтардың ұлттық, тарихи және әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктеріне қатысты дене шынықтыру мен спорт саласында ғылыми және әдістемелік қызмет тәжірибелерін біріктіру қажеттілігі туралы көзқарастар көптеп айтылады. Осыларды ескере отырып, бізге аталмыш үдерісті Қазақстан Республикасының өзіндік үлгісінде зерттеу мүмкіндігі туып отыр.

Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың даму проблемаларын және оның динамикалық дамуын қамтамасыз етуін шешудің өзекті мәселелері республиканың белгілі ғалымдары мен мамандарының назарында болып келді. Мәселен, дене шынықтыру мен спорт теориясы, жоғары дәрежедегі спортшыларды дайындаудың ғылыми-теориялық және педагогикалық негіздері бағыттарында еңбек жазған ғалымдардан Н.Пономарев, А.Бернштейн, Ф.Суслов, Г.Иванов, М.Тәнікеев, Ә.Бүркітбаев, Б.Төтенаев, Л.И.Орехов, Қ.Закирьянов, М.Хван, А.Құлназаров, Қ.Адамбеков, О.Аяшев, И.Андрущишин, А.Макогонов, С.Хаустов, А.Иванов, Т.Ботағариев, Р.Бекембетова, А.Жұманова, Е.Әлімханов, Е.Мұхиддинов және т.б. атауға болады.

Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың түрлі аспектілерін ғылыми зерттеудің ахуалын талдау, біздің зерттеуіміздің нақты шарттарын нақтылау мен анықтаудың негізгі іргетасы екенін айта кеткен жөн.

Қолда бар әдеби деректердегі ғылыми талдаулар мен зерттеулердің нәтижелері Кенес үкіметі жылдары және оның құлауынан кейінгі Қазақстанда дене шынықтыру және спорт

саласында бірқатар маңызды жұмыстардың жүзеге асырылғандығын білдіреді. Салыстырмалы түрде, оларда бүгінгі қазақ халқы этносы негізін құрайтын ежелгі тайпалардың дене тәрбиесінің түрлі формалары мен құралдарын жекелеген немесе жанама түрде пайдалану мәселелері қарастырылады.

Атақты қазақтың халық ақыны, кеменгері, әрі ойшылы Абай Құнанбаев ұлттық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде халықтық дене шынықтыру мен халықтық спортты дамыту туралы айтып кеткен. Ол былай деп жазады: «...сәттіліктің бастауы – бірлік, ырыстың негізі – өмір, өмірдің негізі – ырыс...». Сондай-ақ, Хакім Абай біз бүгінгі күн тұрғысынан талдап отырған дене тәрбиесінің мақсат-мұраты мен адам тәрбиесінің мәнін екі жол өлеңге сыйғызыпты: «Мінінді ұрлап жасырып, майданға түспей бәйге алма», деп жазып кетіпті ұлы ойшыл. Өмір дегеніміз – бұл қозғалыс, еңбек, саламатты өмір салты, дене тәрбиесі және т.б., яғни адам іс-әрекетінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени түрлері.

Шынында да, спорттық ойындар мен ұлттық спорт халықтың рухани өмірінің маңызды құбылысы ретінде қазақ баласымен туғанынан бастап өлгеніне дейін бірге жүрді. Белгілі жазушы І.Есенберлин өзінің атақты «Көшпенділер» тарихи трилогиясында: «...Әлі жүре алмайтын қыпшақ-баласы, жалына жабысып аттың үстінде отыр. Оның аяқтары аттың тақымынан қысып үйренгенде, ол қолдарын жіберіп, жолында кезікеннің барлығына садақ тартып, арқан лақтырады...», деп жазады.

Тұлғаның үйлесімді дамуы мен дене шынықтыру тәрбиесі мәселелері туралы XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның педагог-ғалымдары Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар да еңбектерінде жазған.

XIX-ғасырдың екінші жартысында көрнекі ғалым П.Ф.Лесгафт дене шынықтырудың ғылыми жүйесін жасаған. Ол, дене шынықтыру туралы дұрыс білім беру, тек адамның дене сапасы мен қабілетін арттырып және жетілдіріп қана қоймай, сондай-ақ, адамдардың ақылдық қабілеттіліктерінің қалыптасуына да әсер етеді деп атап көрсеткен.

Кеңес үкіметі жылдары (1917-1991 жж.) Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың қалыптасуы мен дамуына арналған бірқатар нақты еңбектер жазылды. Спортты зерттей отырып, кеңестік, қазақстандық спорт шежіресінің сақталуына үлкен үлес қосқан

К.Абдыкадыров, Т.Әлімқұлов, С.Бердіқұлов, О.Жолымбетов, К.Найманбаев, Ж.Хисимов, Ю.Беккер, Д.Егізов, Н.Жүнісбаев, П.Матушак, Д.Омаров, А.Анапьянов, Ж.Байжуминов, Қ.Рысбек, М.Чекуров, Б.Болдырев, Б.Тайжан, Ж.Байхожа, Ю.Лифинцев және басқа да көптеген қайраткерлердің еңбектерін айтпай кетуге болмайды.

Қазақстандық спорттың қалыптасуы мен дамуында халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен, елдегі Олимпиада және спорт қозғалыстарының ұйымдастырушылары К.Ахметов, О.Жарылғапов, К.Тұрысов, Х.Мұхаметжанов, А.Семушкин, А.Ақпаев, М.Сапарбаев, Т.Досмұхамбетов, А.Крюков, П.Новиков, Д.Тұрлыханов, Т.Досымбетов, А.Тшанов, Е.Қанағатов, У.Құралов, В.Сорокин, Т.Ермегияев және басқа да мамандарды атап өткеніміз орынды.

Қазіргі заман тарихының шындығын есепке ала отырып, әсіресе оқушы жастар мен студенттерді тұлғалық тұрғыда жан-жақты үйлесімді түрде дамыту мәселесі, Қазақстанның мәдени мұрасы мен тарихи-педагогикалық тәжірибесіне байланысты, халықтың дене шынықтыруын қалыптастыруда жаңа көзқарастар мен санаға салуды қажет етеді. Әңгіме тарихи-мәдени мұра мен жаңа көзқарастар жайында болған кезде, бір зерттемелік үлгі еске түседі. Мәселен, осы орайда, қазақстандық белгілі профессор Қ.Закирьяновтың «Под знаком волка: тюркская рапсодия» деген кітабының «Біздің ұлттық идеямыз» деген тарауынан мына үзіндісін баяндай кеткіміз келеді: «...Дикая лошадь – основа могущества кочевника. ...Говоря о самобытности казахов, о том, что сделало нашего предка великим, хочу сказать конкретно об одном явлении мирового уровня, равного, как считаю, изобретению колеса...».

«2007-2011 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» көрініс тапқан өзгерістер уақытында, оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін жаңартудың объективті шарттарын жасау кезінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму ерекшеліктерін есепке алу қажет. Бұл ерекшеліктер қатарында Олимпиадалық білім, Олимпиадалық академия, елдегі Олимпизм ісі мен қағидаларын дамыту мәселелері бастапқы сатыларда болған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда бұқаралық спорттық-дене шынықтыру қозғалысының өркендеуіне 1992 жылы Ұлттық

Олимпиада комитетінің (ҰОК) құрылуы үлкен себепші болды. Жалпы алғанда, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетіне олимпиадалық идеалдарды тарату мен халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыста демократиялық қағидаларды қорғау ісінде, сондай-ақ, олимпизмнің абыройы мен маңыздылығын арттыруға жан-жақты ықпал етуде жетекші рөл берілді.

Ұлттық Олимпиадалық комитеттер – бұл Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) жергілікті жерлердегі коммерциялық емес заңды өкілдері болып табылады. 2012 жылдан бастап ХОК 205 елдің ҰОК-ін таныды, демек, Біріккен Ұлттар ұйымына (БҰҰ) кіретін елдер санынан көп деген сөз. ҰОК-нің басты міндетіне – Олимпиадалық ойындарға қатысу үшін спорттық командаларды құру, өз елінде Олимпиадалық қозғалыстардың (білім, тәрбие, қағидалар) алға жылжуына жан-жақты ықпал ету жатады.

Барлығына белгілі, Халықаралық Олимпиада комитетінің құрамында түрлі мәселелер жөніндегі бірнеше Комиссиялар жұмыс жасады. Алайда, олардың бірқатарының қызметі шектеліп немесе қысқарған болса, кейбірі өз атауын өзгертіп, дами түсті. Солардың бірі – Мәдениет және Олимпиадалық білім жөніндегі Комиссия. Бұл, бүгінде ХОК-тың Халықаралық олимпиада академиясы және олимпиадалық білім жөніндегі Комиссия атауына ие болған. Осыған орай, Қазақстанда ҰОК құрамында осы аталған олимпиада академиясы және олимпиадалық білім бойынша жұмыстарды тиісті деңгейде жандандыру аса қажет болып саналады.

Мұны айтып отырған себеп – бұл ұстаным П.Кубертеннің Олимпиадалық ойындар концепциясына сәйкес келеді, әрі бігінгі таңдағы көптеген ғалымдар бұл көзқарасты шын мәнінде қолдап отыр. Мысалы, белгілі ғалым М.Роше: «Олимпиадалық ойындар әдеттегі спорттық жарыстар ретінде қарастырылмауы тиіс. Өйткені ХХ-ғасырдағы Олимпиадалық қозғалыс көрнекі халықаралық мәдени қозғалысқа айналды», дейді.

Олимпиада Хартиясының «Олимпизмді негіздеуші қағидаларында» (ЮС, 2010а: 9): «Олимпизм – бұл дене, ерік-жігер мен ақылды бір бүтін ретінде біріктіріп, жоғарылатушы өмір философиясы. Спортты мәдениет және біліммен байланыстыратын Олимпизм - қуаныш пен күш салуға, жақсы үлгінің тәрбиелік құндылықтарына, әлеуметтік жауапкершілікке және жалпыға ортақ әдептік қағидаларды құрметтеуге

негізделген өмір салтын жасауға тырысады» - делінген. ХОК-тың жоғарыда аталған Комиссиясы олимпиадалық білімді жалғастырып, дамыту – бұл ХОК мүшелерін қоса алғанда, Олимпиадалық қозғалыстың барлық мүшелерінің міндеті деп есептейді. Заман талабына орай, өткен соғыс зардаптары, мәдени революциялар арасында құндылықтар қалды.

Жалпы алғанда, Олимпиадалық білімнің негізгі құралы – бұл Халықаралық Олимпиада академиясы (Грекияда), ұлттық олимпиада академиялары мен ұлттық олимпиада комитеттеріне бағынышты болады. Сонымен қатар, уақыт өткен сайын олимпиадалық ғылым да дамып келеді. Бұл Олимпиадалық қозғалыс маңына шоғырланған интеллектуалды қауымдастық қызметінің ажырамас бір бөлігі іспеттес. Айта кетерлік бір өкінішті мәселе, Олимпиадалық білім тек мамандандырылған арнайы білім және ғылыми зерттеулермен ғана шектеліп отыр. Ал, егер, Олимпиадалық білім мен ғылым мәселелерін арнайы орта және жоғары оқу орындары қабырғасында кең түрде оқытып, зерттеп, насихаттау бастау алар болса, онда нұр үстіне нұр болары анық. Сол үшін де Олимпизмдегі мәдениет пен білім ережелері «кішігірім» сипатта қалып отыр. Мұны дамыту барысында спорттық бағдарламамен қатар толыққанды екі бағдарлама жасайтын ұйымдастырушыларға қосымша қиындықтар туғанымен, оның Олимпизм идеясын түбегейлі түйсініп, зерделеуде және өскелең ұрпаққа тәлім беруде пайдасы мол болмақ.

Баршаға белгілі, 2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитеті құрылуының 25 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде аталып өтті. Осы салтанатты іс-шарада сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы: «25 жыл бұрын біз Тәуелсіздігімізді жарияладық. Сол кезден бастап отандық спорт жылнамасының жаңа парағын аштық. Өзімізде Қазақстанның Олимпиада комитеті құрылды. Өрендеріміз тәуелсіз Қазақстанның намысын қорғап, көк байрағымыздың астында өнер көрсете бастады. Содан бері еліміз Қысқы және Жазғы Олимпиада ойындарына 12 рет қатысып, 67 рет жеңіс тұғырына көтерілді. Спортшыларымыз дүниежүзілік додаларда ел қоржынына 156 медаль салды. Тәуелсіздіктің арқасында қазір 100-200-дей делегаттарымыз бүкіләлемдік додаларға қатысатын болды. Бұл – Тәуелсіздіктің бір белесі, біздің мақтанышымыз. Осылайша, спортшыларымыз еліміздің өркендеуіне орасан зор үлес қосып, есімдері дүниежүзілік додаларда алтын әріппен жазылып



келеді», - деген болатын. Айта кетейік, ол іс-шараға әлем елдеріндегі Ұлттық Олимпиада комитеттерінің 15-ке тарта президенті мен өкілі қатысты. Бұл да болса, қазақ халқы үлкен аламанға үкілеп шығарып салған спортшылары ел үмітін ақтап, додалардан құр қол келместен, елдің көк байрағын төрткүл әлемге танытып келуі мен ҰОК-нің тындырымды істерінің арқасы, деп білеміз.

Мәселен, 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетіндегі басшылық тізгінді қолға алған мемлекет және қоғам қайраткері, елге белгілі кәсіпкер, шынайы спорт жанашыры Кулибаев Тимур Асқарұлының ұйымдастыруымен еліміздің жоғары дәрежелі спортшылары 2016 жылғы Рио-де Жанейрода өткен Жазғы Олимпиадада үлкен табыстарға қол жеткізіп, спортшыларымыз 3 алтын, 3 күміс және 6 қола медальды еншілеп қайтқаны тарих беттеріне алтын әріппен жазылғаны баршаға мәлім.

Осындай үлкен жетістіктермен басталған олимпиадалық спорт бағытындағы ұлы істер барысында, бүгінде Ұлттық Олимпиада комитетінің бастамасымен республика және халықаралық дәрежеде маңызды да тындырымды игі бастамалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі ретінде ағымдағы жылы Қазақстандағы спорт ойындарының олимпиадалық түрлерін басқару, ұйымдастыру, үйлестіру мәселелерінің тікелей ҰОК қарамағына берілуін айырықша атап өткен жөн.



1-сурет. ҚР ҰОК президенті Т.Кулибаев пен ХОК президенті Т.Бахтын кездесу сәті

Осының негізінде, Қазақстанда Олимпиадалық білім, Олимпиадалық академия ісі дамып, жоғары дәрежелі спортшылардың дене күші мен жұмыс қабілеттілігіне заманауи тұрғыдағы кешенді, әрі жан-жақты медициналық-биологиялық зерттеулер мен түрлі шетелдік озық тәжірибелерден алынған спортшыларды тестілеу, нәтижелерін зерделеу мен қорытынды жасау мәселелері алдыңғы қатарға қойылып отыр.

Қорыта айтқанда, тарихи үдерістер барысында қалыптасқан әскери және қолданбалы қозғалыс әрекеттерін оқытудың жаттығулары мен әдістерін, халықтық ойындар мен оның құралдары, шеберлікті жетілдіру, жалпы айтқанда көпғасырлық дене тәрбиесі құралдарын қолдану мен дамытуда, оларды мұқият зерттеп, дұрыс түрде қазіргі педагогикалық тәжірибеде қолданған жөн. Гете жазып қалдырғандай: «Ешқандай күмәніміз болмасын, бүкіләлемдік тарихты уақыт өткен сайын қайта жазып отыруға тура келеді. Мұндай қажеттілік жаңа оқиғаларға байланысты емес, жаңа заман адамында туындаған жаңа көзқарастарға байланысты, ол өйткені мүлдем жаңаша көріп, өткенді жаңаша бағалайды».

Сондықтан да мұндағы айтылар басты ой, спорт және дене шынықтыру тарихын қоса алғанда, біздің өткен күрделі кезеңдерге жан-жақты әрі шынайы талдау жасау, жаңа және объективті көзқарастар қалыптастыру маңыздылығын ұғындыру болып саналады. Осылар арқылы Қазақстандағы дене шынықтыру, спорттық және олимпиадалық қозғалыстың тууы, қалыптасуы мен дамуына қатысты, сондай-ақ, әлеуметтік-тарихи феномендер ретінде олимпизм, Олимпиадалық ойындар, олимпиадалық қозғалыс әлеуметтік өмірдің заңдары бойынша қалай өмір сүруде, деген бірқатар өзекті мәселелер көпшілік қауымға жеткізілетін болады.

### **Оқу құралының негізін келесі аспектілер анықтауға мүмкіндік берді:**

1. Дене шынықтыру-спорттық қозғалыс түрі ретінде Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың қалыптасуы мен бекітілу үдерістерінің, сондай-ақ, Олимпиадалық білім мен Олимпиада ойындарының жылнамасы; оның дамуына қатысты мәселелер ерекшеліктерін анықтау.

2. Қазақстандағы Олимпиадалық білім, сондай-ақ, ежелгі және қазіргі дене шынықтыру мен спорт тарихын зерттеу, ұлттық

спорт және ойын түрлерін дамыту, жоғарыда аталған пәндерді Қазақстан Республикасының қазіргі білім жүйесіне ендіру қажеттіліктерін негіздеу.

3. Дене шынықтыру және спорт бойынша кадрларды даярлау жүйесінде педагогикалық үдерістермен дене шынықтыру және спорт тарихының үйлесімді сабақтастық байланысын анықтау және көрсету.

4. Оқу орындарындағы қоғамдық-теориялық, арнайы және спорттық пәндердің бөлігі ретінде, Олимпиадалық білім дене шынықтыру және спорт тарихының орны мен маңызын ашу.

Қазақстанда Олимпиадалық және дене шынықтыру-спорттық қозғалысты дамытудың прогрессивті тенденциялары негізінде осы күнге дейін жасалған жұмыстар мен оларды әрі қарай жетілдіруді есепке ала отырып, ұлттық, этнопедагогикалық және этномәдени құбылыстардың интерпретациясы ретінде ұлттық спорт және ойын түрлерін пайдаланып, дене шынықтыру және спорттық жұмыстардың жаңа әдіснамасын жасау қажеттігі, дене шынықтыру және спорттық жұмыстардың әдіснамасын жетілдірудің теориялық міндеттерін шешудегі маңызды фактор болып табылады.

Олимпиада тарихы мен олимпиадалық білім беру мен олимпизм қағидаларын оқып білуде дене шынықтыру тарихы педагогикалық және тарихи білімдердің арнайы саласын қамти отырып, дене шынықтыру туралы ғылымның маңызды бөлігін қарастырады. Оның оқыту пәніне – адам қоғамының өмір сүруінің әртүрлі кезеңдерінде дене шынықтыру мен спорттың пайда болуының, орнығуының және дамуының жалпы заңдылықтары, бастауы көне грек атлеттері ұстанған спорттық ережелерден құралады.

Оқу құралының мазмұнына дене шынықтыру амалдарын, түрлерін, әдістерін, ой-сапалылығының ілімі мен жүйелерін оқу кіреді. Дене шынықтыру бүкіл адамзат мәдениетінің, тәрбиесінің, адамдардың білімдерінің, олардың еңбек және әскери іс-қызметтеріне дайындығының органикалық бір бөлімі ретінде қарастырылады. Олимпиадалық білім беру мен олимпизм қағидаларын үйретуде дене шынықтыру тарихы дене шынықтыру мен спорттың ежелгі дүниедегі пайда болуынан қазіргі кездегі дамуы мен жетілу эволюциясын танып білуге септігін тигізеді.

Кеңестік кезеңде Олимпиадалық білім беру мен олимпизм қағидаларына диалектикалық және тарихи материализм тұрғысынан ғана көзқарастар қалыптастырылған болатын. Ол кездегі қағида бойынша дене шынықтырудың даму жолы қоғамның басқа да өмір сүру жақтарымен өзара байланысқан еді. Дене шынықтырудың дамуын тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс ретінде көрсете отырып, тарих оның жетілуін жаңа көзқарас пен ескі көзқарастың күресінің нәтижесі ретінде қарастырды. Диалектикалық заңдылықтар қоғамның бүкіл тарихының барысында дене шынықтырудың дамуын ғылыми көзқараста айқындап берді.

Тарихи материализм заңдылықтары негізінде дамыған дене шынықтыру нақты қоғамдық-экономикалық формацияға, географиялық ортаға, ұлттық ерекшеліктерге байланысты қарастырылды. Тарихи материализм дене шынықтырудың таптық жағдаяттарын ашуға көмектесті, оның жасап шығарушылары кейбір тұлғалар емес, халық екені дәлелденді. Дене шынықтырудың даму деңгейі, оның адамдар өміріндегі орны өндірістің нақты түрлеріне, қоғамдық қатынастарға, саясатқа, ғылым мен мәдениеттің жағдайларына әрқашан да тәуелді болған және бола береді де.

## I - БӨЛІМ

### ОЛИМПИАДАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### 1.1 Олимпиадалық қозғалыстың бастау көздері. Көне Олимпиадалық ойындардың шығу тарихы.

Ежелгі Грек дене мәдениетінің күшейюі құл иеленушілер дәуірінде өркендеді. Өнеркәсіп пен жер егіншілігі еңбегінің бөлінуі, сауданың өркендеуі бір шетінен, екінші шетінен қоғамның ерікті мүшелерінің еріксізденуі, құлдарды аямай қанау – сол кездегі Грецияның қоғамдық қатынасы мен мәдениетінің өмірін қатты өзгертіп жіберді, сол кездегі соғыстар саяси ахуалдарға кері әсерін тигізді. Сол кездегі қалалар арасындағы соғыстар байлардың одан бетер баюына, олардың байлық пен еріксіз құлдарға кенеліп қалуына әкеп соқты. Экономикалық, саяси, мәдени дамуға, әскери ұйымдастыруға және тәрбие жүйесіне байланысты, грек мемлекетінде дене тәрбиесінің міндеттері, амалдары, түрлері және әдістері анықталып жатты. Дене тәрбиесінің бір мемлекеттен екінші мемлекетке мақсат-міндеттері, амалдар мен формалары ауысып отырды. Бұл жерде Спарта, Афины мектептерін айтуға болады. Ол екі түрлі мақсат-бағытта жұмыс істеді. Мысалы, афиналықтар ептілік пен күштілікті қатар дәріптесе, спартандықтар тек күштілікті, төзімділікті, тікелей дене қимылы жаттығуларын дәріптеді.

Спартаның басты қаласы – Лаконика біздің эрамызға дейін IX ғасырда пайда болды. Спартаның өзінің шаруашылығы болғандықтан, ешқандай сыртқы саудамен айналыспайтын. Оншақты мың құл иеленушілер (спартиаттар) 250 мыңдай құлдарды (илоттарды) қанайтын. Спартиаттар құлдардың көтерілісінен қорқып және басқа мемлекеттермен соғыса отырып, тәрбиенің мейлінше катал жүйесін енгізген. Әлем халықтарының әрқайсысының жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу әдістері секілді, Спарта елінде де баланы тәрбиелеудің өздігінше әдістері болды. Мысалы, Спартада балалар жеті жасқа дейін жанұяда тәрбиеленетін. Осы жаста-ақ балаларды қараңғы түннен қорықпау, бет алды жыламау, тамақ таңдамау, шынықтыру секілді түрлерімен айналыстыра бастайтын. Жетіден он сегіз жасқа дейін жас спартиаттар мемлекеттік тәрбие

мекемелерінде тек дене қимылы жаттығуларымен ғана айналысатын. Оларды суыққа, аштыққа, шөлге, төзімділікке, далалық жағдайларда өмір сүру, ауруға қарсы шыдамдылыққа шынықтыратын. Жасөспірімдердің тәрбиесінде диск пен найза лақтыру, жүгіру, күресу, секіру, сонымен бірге, әскери ойындар, жабайы аңдар аулау секілді, жаттығуларға үлкен көңіл бөлінетін. Ой-сана тәрбиесіне көңілді тіптен бөлмейтін. Биге, музыкаға, хор өлеңдеріне көп уақыт бөлетін. Жас спартиаттардың жетекшілігіне (педономдар) мемлекет тарапынан тағайындалатын. Еркектік қасиеттердің тәрбиесіне, ерлікке, әскери, жауынгерлік қасиеттерге, құлдарға деген жек көрушілікті бойына сіңіру секілді, тәрбие жүйелеріне өте көп мән берілетін. Осы мақсатта құлдарды түнде аң секілді аулау жақсы жолға қойылған.

18-20 жасар жасөспірімдер эфебтер жасақтарына кіретін. Онда олар дене қимылы және әскери дайындықты одан әрі жетілдіретін. Одан кейін оларды жауынгерлер қатарына өткізіп, олар қартайғанша әскери қызметпен айналысатын. Тағы бір ерекшелігі – Спартада қыздардың дене тәрбиесіне үлкен көңіл бөлінетін. Ежелгі жазушылар Ксенофонт, Павсаний, Плутархтың айтуы бойынша – қыздар дене пішінін үнемі жақсарту мақсатында жүгіру, күрес, найза мен диск лақтыру секілді, жаттығуларды орындай алулары, олардың болашақ балаларының дені сау болып туылуына көп көңіл бөлінетіні жайлы жазылған. Көп жағдайда спарталық әйелдер қарумен жасақталып, құлдарды қатаң бақылайтын болған. Осының нәтижесінде спартандық мемлекеттік тәрбие жүйесі мен әскери ұйымы сол кездегі Грецияның күшті әскерлерінің бірі екенін дәлелдеді. Спарта атлеттері сол кездегі көптеген Олимпиадалық, Пифиялық ойындардың жеңімпаздары қатарында болды.

Аттикада (орталығы - Афины) дене тәрбиесінің жүйесі мүлдем басқаша болды. Біздің дәуірімізге дейінгі V-IV ғасырларда Афины – қоғамдағы таптық сипаты өте қатты білінетін құл иеленушілер республикасы болды. Сауданың, колөнердің, мәдениеттің және ғылымның қатты дамуы Афины қаласын грек мәдениетінің орталығы етті. Бұл қоғамдағы тәрбие және білім беру жүйесі Спартадағыдай тек әскери-дене қимылы жаттығуларымен ғана шектеліп қалған жоқ, сонымен бірге, афиндықтар (Аттика мектебі) дене қимылы жаттығуларымен қатар, этика, эстетика, философия т.б. гуманитарлық пәндерді де оқып жетілдірді. Афиныда

музыкалық және гимнастикалық мектептер де болды. Музыкалық мектептерде – ғылым, ілім, эстетика, т.б. ғылымдарды оқыды. Ал, гимнастикалық мектептерде палестрикалық – жүгіру, секіру, диск және найза лақтыру, күрес және т.б. түрлерін өтсе, орхестикалық – музыкалық аспаппен ойнау, билеу болып бөлінді.

Афиныда балалар 7 жасынан бастап жанұяда құлдың бақылауында өсетін. Одан кейін ұл балалар мектепке кеткенде, қыздар үйде тәрбиелене беретін. *7 жасынан 16 жасқа дейін жасөспірімдер мемлекеттік немесе жеке мектепке баратын.* Олар мусикалық («Муза» ғылым мен өнер құдайы, рухани және эстетикалық тәрбиемен қатар, ой-саналық тәрбие берді) мектептер мен гимнастикалық («гимнос» - жалаңаштанған сөзінен шыққан). Гректер балаларын нәрестеде бастап, біраз жасқа толғанға дейін дене қимылы жаттығуларын жасау барысында ешқандай киім кимей) мектептерде айналысатын.

Гимнастикалық мектептерді палестра деп атады («пале» – күрес, деген сөзден шыққан) оған жасөспірімдер 12-14 жасынан қатысатын. 14 жастан бастап, мусикалық мектептердегі сабақтар одан кейінгі орынға қалдырылып, бірінші орынға гимнастикалық мектептер шықты.

Грек гимнастикасы жаттығулар жүйесі ретінде үш негізгі бөлімдерден тұрды: палестрика, орхестрика және ойындар. Палестрикаға жаттығулардың негізгі түрлері кірді: жүгіру, секіру, найза және диск лақтыру, күрес. Пентатлоннан (бессайыс) басқа, палестрикаға панкратион (күрес пен жұдырықтасудың қосылған түрі), жүзу, жұдырықтасу, атта шабу, садақ ату және басқа да дене қимылы жаттығулары енгізілді. Орхестрика негізінде музыканы қойып орындалатын би билеу жаттығуларынан тұрды. Ойындар гимнастиканың бөлімдерінен тұрды. Оған таяқтармен, шеңбермен, клюшкамен (доп немесе шайбаны ұратын арнайы таяқ), шармен, доппен және басқа да құрал-жабдықтармен орындалатын жаттығулар кірді.

Әке-шешесі ауқатты жасөспірімдер 16 жасында мусикалық және гимнастикалық мектептерде сабақтар біткеннен кейін, гимнасийлерге оқуға түсті. Афиныда мемлекеттік қаржы есебінен жұмыс істейтін үш гимнасий болды: Академия, Ликей, Киносарг. Гимнасийлерде жас құл иеленушілер саясатты, фэлсапаны, әдебиетті оқып үйренді.

Платон, Аристотель, Демокрит, Сократ, Гиппократ т.б. грек ғалым-ойшылдары дене қимылы жаттығулары туралы көп еңбектер жазған.

Ежелгі Грецияда дене қимылы жаттығуларын қолданудың екі әдісі қолданылатын: гимнастика немесе жалпы дене тәрбиесі және агонистика – сайыстарға қатысу үшін арнайы дайындық. Агонистика – гимнастикалық ойындар мен жарыстар және мусикалық (музыка, би, өлең, поэзия саласында) болып бөлінетін. Олимпиадалық ойындардан басқа сол уақытта Немей, Истмий, Пифий, Панафинеялік ойындары болды, бірақ олар мәні мен маңызы жағынан Олимпиадалық ойындарға жетпеді. Барлық елдердің ғалымдарын осы ойындар қызықтырып, әрқайсысы әртүрлі ой айтатын. Нәтижесінде, көне Олимпиадалық ойындар Ежелгі Грецияда рулық қатынастардың тозуы, және таптық құл иеленушілер қоғамының пайда болуы кезіндегі пайда болған экономикалық, саяси, әскери және мәдени алғышарттарға байланысты қалыптасты. Сондықтан, ең бірінше белгілі болған ойындар б.д.д. 776 жылы болған деседі. Зевс, Геракл, Гермес құдайлары туралы аңыздар т.б. ал, одан басқа мәліметтер - ол 776 жылға дейін XXVIII Олимпиадалық ойындар Олимпия деген жерде өткен деп дәлелдейді. Ол жерде храмдардан басқа гимнасий, палестра, стадион, ипподром болды. 4 жылда 1 рет болатын Олимпиадалық ойындар өткен уақытта соғыс тоқтап, елдің экономикалық, саяси, мәдени өмірі гүлденіп кететін. Осы ойындардың арқасында гректер жыл санауды жүргізген. 1-ші уақыттағы бағдарламада тек 1 стадияға (192 м, 27 см) жүгіру ғана болатын. Кейін пентатлон, қарумен жүгіру (семсер мен қалқан), панкратион, бокс түрі, күймелер жарысы, ат жарысы секілді түрлері қосыла берді. 67-ші (кейбір деректерге қарағанда, 37-ші) ойындардан бастап, алдында тек ерікті гректер ғана қатысатын бұл Олимпиадалық ойындарға балалар, сонан соң әйелдер, құлдар да қатыса бастады. Салтанатты түрде өтетін бұл жарысқа 10 ай бұрын дайындалатын. Бәрі де ант беріп, жеңімпаздарды лавр венімен марапаттап, өлең шығаратын, дүбірлі жарыстарға 45-50 мыңдай көрермен жиналатын. Аталмыш жарыстарға сол кездегі Лукиан, Геродот сияқты ақын-ойшылдар да қатысатын. Уақыт өте келе, лавр венінің орнына қымбат бағалы сыйлықтар беріле бастады.

Бұл ойындардың пайда болуының тағы бір себебі, дене қимылы қасиеттері жақсы дамыған, күшті де, епті жауынгерлер өте



қажет еді. Оның үстіне, әскери және аристократ байшықештердің әскери-дене қимыты дайындығы саласында өздерінің артықшылығын бірі-бірінің алдында көрсетуге құштарлықтары зор болды. Бұл қажеттілік ежелгі грек қоғамында кейбір тайпалар, одан соң полис-қалалар арасында жақсы жерлер, әскери мүліктер, құлдар және дүние үшін тынымсыз соғыстар болып тұрды. Құл иеленушілер қатынастарының дамуымен Ежелгі Грецияның мәдени өмірінде де жақсы өзгерістер көптеп ене бастады. Тайпалар, бірлі-жарым елді мекендер, кейіннен қалалар арасында тығыз байланыстар орнады. Қоғамдық ойындар әртүрлі аңыздар мен мифтер шықпай тұрып пайда болды. Көп жылдар бойы агондар (сайыстар) өткізіліп тұрды.

Экономикалық, саяси және мәдени өмірдегі үлкен өзгерістер гимнастикалық агондар мен Олимпиадалық ойындарды өткізуге қатты теріс әсерін тигізді. Олимпиадалық ойындарға ұлты грек емес атлеттер де қатысуға мүмкіндік алды. Ойындарға кәсіпқой балуандар, жұдырықтасушылар, панкратионистер қатыса бастады. Ойындардың бағдарламасында музыка, би билеу, ән айту салаларындағы мусикалық агондар көбейді.

Біздің дәуірімізге дейінгі IV-ші ғасырдан бастап, Грецияда құл иеленушілер қатынастары құлдырай бастады. Грек мәдениеті, оның артынша онымен бірге дене шынықтыру мен спорт құлдырай бастады. Эллинизм дәуірінде мусикалық білім беру гимнастикалық білім берудің есебінен күшейді. Эфебиялар мен гимнасияларда дене тәрбиесінің сипаты өзгерді. Бұл Грецияны Македонияның, одан кейін Ежелгі Римнің жаулап алып, тәуелсіздігінен айырғаннан, әскерге мұқтаждықтың қажеті болмай қалғаннан кейінгі тұрқы еді. Ескі палестралар, гимнасийлер, эфебиялар беретін әбден жетілген жаттықтырудың қажеттілігі болмай қалды. Жоғарыда аталған оқу орындарында гимнастикамен және әскери жаттығулармен айналысу жалғаса бергенімен, айналысу көлемдері азайды.

Рим консулдары мен императорлары Нерон, Сулла т.б. бұл ойындарды Римде өткізуге тырысып бақты, алайда, олардың әрекеттерінен ештеңе шықпады. Біздің д.д. IV ғасырда құл иеленушілер жүйесі тоза бастағанда антикалық мәдениет те құлдырай бастады, сөйтіп басқа діндер пайда бола бастағанда, б.д.д. 394 (кей деректерде – 376) жылы Рим императоры Феодосий I Олимпиадалық ойындарды тоқтату туралы бұйрық берді.

## 1.2 Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің құрылуы. I дүниежүзілік соғысқа дейінгі Олимпиадалық ойындар

Тарихтан білетініміздей, Олимпиадалық ойындар, негізінде, грек елінде дамыды. Сондықтан, оны көне Олимпиадалық ойындар, деп атап кеткен. Ежелгі Грециядағы көне Олимпиадалық ойындардың жылнамасы, көне грек жерлеріндегі қазба жұмыстары (ежелгі стадиондардың орны, сайыс өткен, жүгіру алаңдары) секілді, артефакт-қолжазбалар нақты фактілермен дәлелденген. Сол кездегі болған әртүрлі жағдайлар мен саяси хал-ахуалдарға байланысты, Ойындар тоқтатылған болатын.

XIX ғасырдың аяғынан бастап, Олимпиадалық ойындарды жастардың дене тәрбиесінде қолдану туралы ойлар, сол кездегі көптеген елдердің дәрігерлердің, педагогтардың, ғалымдардың, бір сөзбен айтқанда, зиялы қауымның санасында тұрды. Я.А. Коменский, И.Х. Гутс-Мутс, Г. Фит, П.Ф. Лесгафт секілді әйгілі ғалымдар ежелгі грек Олимпиадалық ойындарының жастардың дене қуаты және рухани тәрбиесіне сіңіретін еңбегі мол болар еді, деген тұжырымдар айтты. Грецияда, Англияда, Швецияда осы ойындарды қайта жаңғыртуға күш салды. Әсіресе, бұл ойындарға қызығушылық 1887 ж. Э. Курциус бастаған неміс археологтарының Олимпия жеріндегі қазба жұмыстарының нәтижелері шыққаннан кейін, одан әрі өршіді. Көптеген зиялы қауым өкілдері қоғамдық орындарда, бұқаралық ақпарат құралдарында Ойындарды қайтадан өткізе бастау жайлы айта бастады. Бұл, өз тарапынан, Олимпиадалық ойындарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді.

Француздың белгілі саясаткері, зиялы адамы, қоғамдық қайраткер, барон Пьер де Кубэртеннің (1863-1937 жж.) бастамасымен Олимпиадалық ойындар қайта жаңғырды. Ол аристократ жанұяда өмірге келді, жақсы білім алды, элеуметтанумен, педагогикамен, тарихпен, әдебиетпен шұғылданған. Өзінің дүниетанымы бойынша Пьер де Кубэртен буржуаздық демократ-идеалист тұғын. Бірақ, ол спортта нәсілшілдік және діни кемсітуге, милитаризмге қарсы болатын. Бірқатар жылдар бойы ол Францияның Спорттық одағының бас хатшысы болды. Дене тәрбиесі мен спорт мәселелеріне байланысты, көптеген жұмыстардың авторы. Оның 1912 ж. шыққан «Спортқа арналған ода» еңбегі V-Олимпиадаға арналған өнер сайысында алтын медальға ие болды.

1889 -1892 жж. Пьер де Кубертен Ежелгі Грецияда өткізілген ойындарға ұқсас жарыстар ұйымдастырылуы керек, деп жұртшылық назарын аударды. Бір елдің төңірегінде мұндай мәселені шешуге болмастығына көзі жеткеннен соң, Кубертен спортты ұлтаралық етуге тырысты. Осы мақсатта ол көптеген елдердің зиялы қауымымен, спорттық клубтар, одақтар т.б. ұйымдар өкілдерімен кездесіп, өз идеяларымен бөлісті. Халықаралық спорттық конгресс өткізу амалдарын қарастырды. Кубертеннің халықаралық спорттық қозғалысты дамытудағы қызметінің маңызы зор. Оған заманауи олимпиадалық қозғалыстың ілімдік, ұйымдастыру, идеялық қағидаларын жасаудағы еңбегі мол. Оның бастамаларын сол кездегі әлемнің көптеген елдерінің спорттық қозғалыс қайраткерлері кеңінен қолдады.

1894 ж. маусым айында Париж қаласында I Олимпиадалық конгресс өтті. Ол конгресстің өткізілуіне барон Пьер де Кубертен көп еңбек сіңірді. Өзінің шамасы келгенше барлық елдердің зиялы адамдарымен кездесіп, хат-хабар беріп, аталмыш конгреске әр елдің өкілдерін шақырды. Ол конгреске 12 елдің (21 ел өздерінің жазбаша келісімдерін берді) өкілдері қатысты. Экономикалық қуатты, саяси ықпалы бар, ірі елдерден тек Германия ғана қатыспады. Конгресте екі негізгі мәселе қаралды: спорттағы әуесқойлық пен кәсіпқойлық және Олимпиадалық ойындарды қайта жаңғырту. Конгресс Халықаралық Олимпиадалық комитет құратын болып шешім қабылдады, оған Греция, Франция, Ресей, Англия, АҚШ, Швеция, Венгрия, Чехия, Италия, Бельгия, Аргентина, Жаңа Зеландия елдері кірді. ХОК алғашқы президенті болып көне Олимпиадалық ойындардың Отанының өкілі боп саналатын грек Деметриус Викелас (1894-1896 ж.ж.) сайланды. Бұл таққа ХОК-ті 1925 ж. дейін басқарып келген Пьер де Кубертен отырды да, одан кейінгі 12 жыл бойы, өмірінің соңына дейін осы комитеттің құрметті президенті болып қалды. Конгресте Олимпиадалық ойындарды өткізудің негізгі ережелері, ХОК мақсат-міндеттері анықталған Олимпиадалық хартия бекітілді. Бастапқыда оның кейбір ережелері антидемократтық сипатта болды. Алғашқыда ХОК мүшелерінің өмір-бақиға сайлануды қарастыратын, ұлттық олимпиадалық комитеттер мен халықаралық федерациялардың өкілдерінің ХОК-тегі мәселелерге араласуына тиым салынған қағидалардың қалыптасуына байланысты болды. Хартия кәсіпқой спортшыларды Олимпиадалық

ойындарға қатысуға тиым салды. Онда Олимпиадалық ойындарға қатысушы осы жарыстарға қатысқаны және дайындалғаны үшін ешқандай сыйақы (сақтандырылған айлық жалақысын қоса) алмайтын. Алайда, мұның бір кемшілігі, жағдайы төмен, кедей жанұядан шыққан спортшылар қаражаттан қысылғанынан қатыса алмай, бай-дәулетті жанұядан шыққан спортшылар үшін жақсы мүмкіндік туғызған еді.

I-ші Дүниежүзілік соғысқа дейін Олимпиадалық ойындар бес рет өтті. Өмірде болатын жағдай, сол кезде де спорттық кулық-айлакерлік болатын. Себебі, қай ел Олимпиадалық ойындарды өткізуші-егесі болса, сол елдің спортшылары ресми емес командалық есепте I-ші орынға шығатын. Бұл, әрине, сол кездегі заңды құбылыс.

Көптеген пікірталастардан кейін, Олимпиадалық ойындардың ашылу құрметіне осы ойындардың іргетасын қалаушы ретінде Грецияның Афины қаласы ие болды. Сонымен, жиналған өкілдердің басым көпшілігінің дауыс беруінің арқасында 1896 ж. Афины қаласында I-ші Олимпиадалық ойындар басталатын болды. Ойындардың бағдарламасына көне Олимпиадалық ойындарда өткен спорт түрлерін енгізу керек болды. Оған: жүгіру түрлері, найза, диск, балға (молот), ядро лақтыру, грек-рим күресі, ұзындық пен биіктікке секіру, ат жарысы, марафондық (42 километр, 195 метр) жүгіру секілді спорт түрлері өтілді. Алғашқы Олимпиадалық ойындардың да өз батырлары болды: грек хат тасушысы Спирос Луис марафондық жүгіруде жеңімпаз атанды. Негізінде, марафондық жүгіру грек еліне ғана тән, себебі, аңызда айтылғандай, нақ осы Грекияның Марафон жазығында елдің азаттығын сақтап қалу мақсатында сыртқы басқыншылармен шайқаста гректер жеңіске жетіп, сол қуанышты хабарды айту үшін аңызға айналса да, аты белгісіз қатардағы грек жауынгері шайқас болған жерден қалаға жүгіріп келіп: «Біз жеңдік!», деп қуанышты айкалап, артынша жан тәсілім еткен. Сол жауынгердің құрметіне көне Олимпиадалық ойындарда міндетті түрде марафондық жүгіру бағдарламада болатын. Марафондық жарыста гректің жеңіске жетуі, әрине, гректер үшін ұлттық намыстың жеңіуі, мақтаныш болды.

Сонымен бірге, Олимпиадалық ойындарды өткізу сол кездерде үлкен қиыншылықтарды туғызды. Әсіресе, материалдық база, құрал-жабдықтар өте зәру болды. Париж бен Сент-Луис Ойындары (II және III) қарапайым спорт алаңдарында өтті. Олардың

өту уақыты Францияда және АҚШ-та бүкіл әлемдік көрмелердің ашылуымен сәйкес келіп, енді ғана қанат жайып келе жатқан Олимпиадалық ойындардың маңызы, оған деген қызығушылық болмай қалды. Қазіргі заманғы маркетингтік жұмыстар тәжірибесінің жоқтығы, жарнаманың аздығы, халық арасында әлі кең танымалдығы кем, қанат жаймағандықтан, жарыстарды ұйымдастырудың деңгейі әлі төмендеп, Ойындар 3 айға дейін созылып, жарыстың мәні қашты. Мысалы, Лондон Ойындары 1908 ж. 27 сәуірінен 29 қазанға дейін созылды. Кейбір спорт түрлерінде нақты ережелер болмады, соның кесірінен жарыстар кейде бірнеше сағатқа дейін созылды. Мысалы, Стокгольм Ойындарында орыс балуаны М. Клейн мен финн балуаны А. Асикайнен 10 сағаттай күресіп, нәтижесінде М. Клейн күміс жүлдегер атанды.

Осы орайда, бүгінгі таңдағы жаңа әрі тың деректерді саралап қарайтын болсақ, олимпизм, олимпиадалық қозғалыс мәселелері, оның ішінде II-ші Олимпиадалық ойындардың өтуі жөнінде келесідей маңызды тарихи деректерді кездестіруге болады. 1896 жылы Афиныда өткен I-ші Олимпиада ойындары кезінде олимпизм идеясы танымалдығы, насихатталуы жағынан әлсіз болды. Бір жағынан ХОК-тың ұйымдастыру тәжірибесі мен қаржылық мүмкіндіктері де төмен болатын. Дәл осындай жағдайлар ХОК басшылығын халықаралық өнеркәсіп көрмелерін ұйымдастырушылармен байланыс жолын іздеуге итермелеген еді. Осының нәтижесінде Олимпиада ойындарын сондай іс-шаралармен бірлестіру идеясы туындады. Көрмені Олимпиадамен бірлестіру түріндегі ойындар алғаш рет 1900 жылы Парижде өткен II-ші Олимпиаданы өткізу кезінде ұйымдастырылды.

Жалпы Пьер де Кубертен армандағандай Олимпиада ойындары Парижде өткізілгенімен, бұл ойындар ол үшін үлкен қуаныш сыйлай қоймады. Парижде өткен II Олимпиада ойындары тарихқа ұйымдастыруы ең нашар болған іс-шара ретінде енді. Олай дейтін себебіміз, Бүкіләлемдік өнеркәсіптік көрмеге біріктірілген Олимпиадалық ойындар өзінің мәні бойынша көрменің бір атракционы ретінде қалып қойғандай болды. Керек десе, Париждік Олимпиаданың ресми бағдарламасында алдымен көрме туралы сөз қозғалып, тек содан кейін ғана «Халықаралық чемпионат» ретінде аталған Олимпиадалық ойындар жөнінде тілге тиек етілді.

Кубертен өзінің «Олимпиадалық мемуарларында», - «...көрермендерді спорттық жиындар басына жинаудан артық қиын нәрсе болған жоқ. Көптеген саясатшылар мен университет оқытушылары спортқа тек пайдалы ермек ретінде қарады, олар олимпизмге кейінгі, соңғы нәрсе деп қарап, оған қажетсіз неологизм ретінде мән берді» деп жазды.

II Олимпиаданың өткізу мерзімі бірнеше айларға созылды, яғни 14 мамырда ашылып, 28 қазанда жабылды. Ал жарыстар өткізілетін орындар орманды-ағашты жерлерде болғандықтан, талапқа сай келмеді. Дегенмен, бұл Олимпиаданың кезінде, оның бағдарламасы Афиныға қарағанда біршама кенейе түсті, бағдарламаға: судағы поло, ескек есу, желкенді спорт, садақ ату, футбол ойындары еніп, жеңіл атлетика бағдарламаларының түрі 12-ден 23-ке дейін өсті. Осыған сәйкес сайыстарға қатысушылар саны да артып, ол 21 елден келген 1330 спортшыны құрады.

Бірақ қалай дегенменде, барон Кубертен аңсаған олимпизм идеясы тұрғысынан алып қарағанда, II-ші Олимпиадалық ойындарды ұйымдастыру мен өткізуге халықаралық көрме комитетімен бірлесу өзінің үлкен кері әсерін берді деп топшыланады. Демек, бұл келтіріліп отырған мәліметтерден, бүгінгі заманда әлемдегі ең абыройлы да танымал іс-шара болып табылатын Олимпиадалық ойындарды өткізу тарихындағы ең сәтсіз болған жайттарды ұғынуға болады.

Осы орайда, айта кетерлік маңызды нәрсенің бірі, ол Пьер де Кубертеннің 1931 жылы Лозаннада жарыққа шыққан «Олимпиадалық мемуарлар» атты еңбегі туралы болмақ. Кубертеннің көп томды мұраларының ішінде осы «Олимпиадалық мемуарлар» өте маңызды болып саналады. Бұл бірегей туынды Кубертеннің көзқарастарының мәнін, оның спортқа, олимпизмге, жалпы алғанда, олимпиадалық қозғалысқа деген жеке пікірлерін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Әртүрлі деректер мен зерттеулер көрсеткендей, барлық олимпиадалық тақырыптарға қатысты зерттеулер, дәл осы дереккөздік кітапқа арқа сүйейді екен. Сол үшін де, оның аталмыш еңбегі бүгінгі таңда, сан жағынан теңіздей болған олимпиадалық әдебиеттер арасында жоғалып кетпей, өзінің маңыздылығы мен тұңғыш деректік мәнін жоғалтпағаны сөзсіз.

1-кесте. Олимпиадалық ойындардың I дүниежүзілік соғысқа дейінгі нәтижелері

№ к/с	Өткізу жылы	Өткізетін елдер мен қалалар	Қатысушы елдер саны	Қатысушы спортшылар саны	Спорт түрлері (II ойындардан бастап жаңа енгізілген ойындар түрлері)
I	1896	Афины, Греция	13	295	Жеңіл, ауыр атлетика, гимнастика, велосипед, теннис, күрес, жүзу, семсерлесу
II	1900	Париж, Франция	21	1077	Ат спорты, су добы, желкенді спорт, ескек есу, футбол, гольф, регби, садақ ату
III	1904	Сент-Луис, АҚШ	21	554	Суға секіру, бокс, баскетбол,
IV	1908	Лондон, Англия	22	2034	Арқан тартысу, көгалдағы хоккей, ат үстіндегі поло, мәнерлеп сырғанау, су-моторлы спорт
V	1912	Стокгольм, Швеция	28	2504	Қазіргі бессайыс

Алғашында қанша қиындықтар болса да, уақыт өте келе, Ойындардың идеялары толық жеңіске жетті. Әр Олимпиадалық ойындар өткен сайын, қатысушы елдер де, спорт түрлері де, қатысушы спортшылар да көбейе түсті. Мысалы, Афиныдағы Ойындарда спорттың 9 түрінен, ал Лондон Ойындарында спорттың 22 түрлерінен сайыстар өтті. Бұл Ойындар спорттың әдістемесі мен техникасын одан әрі жетілдіру, спорттық-техникалық нәтижелерді өсіру, спорттың кейбір түрлерінен ережелерін жетілдіріп жасақтау үшін өте үлкен ықпал жасады. Олар спорттық киімдер, құрал-жабдықтар даярлайтын өндіріс орындарын дамытуға, спорттық ғимараттардың салынуына қатты әсер етті.

Кейіннен өткен IV-ші және V-ші Олимпиадалық ойындарға Ресей командасы да қатыса бастады. Бірақ, олар сол кездегі

бағдарлама бойынша өтіп жатқан барлық спорт түрлерін қамти алмай, тек кейбіреулеріне ғана қатысты. Оған себеп, патшалы Ресейде көкірегі ояу, көңілі жарқын, прогрессивті идеяшыл зиялы қауымның аздығы, қанша барлық күшін салып, дәріптеп, билік басына тиянақты мәлімдемелер жасаса да, патша үкіметі аса қызығушылық танытпады. VI-ші Ойындар 1916 ж. Берлинде өтілу керек еді, бірақ, I-ші дүние жүзілік соғыстың басталып кетуіне байланысты Ойындар уақытша тоқтатылды.

Олимпиадалық конгрестер халықаралық спорттық қозғалыстың басталуына, бастапқы дамуына үлкен роль атқарды. I Олимпиадалық конгресте (1894 ж. Париж) кәсіпқой және әуесқой спорт мәселелері мен Ойындардың қайта жаңғыруы жөнінде болды; II конгресс (1897 ж. Гавр) спорттық педагогика мен гигиена мәселелеріне арналды. III конгресс (1905 ж. Брюссель) мектептердегі университеттердегі, қалалық және ауылдық қоғамдардағы, әскер және әйелдер арасындағы дене тәрбиесі мен спортын дамыту мәселелері қаралды. Одан кейінгі 3 конгрестерде (1906 ж. - Париж, 1913 ж. - Лозанна, 1914 ж. - Париж) өнер, әдебиет, спорт, спорттық психология, олимпиадалық ережелер сияқты мәселелер қаралды. Олимпиадалық конгрестер олимпиадалық қозғалыстың ғылыми, ұйымдастыру-әдістемелік негіздердің дамуына үлкен үлес қосты.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

- 1. Халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыстың пайда болу негізіне қандай тарихи себептер жатады?*
- 2. XIX-ғасырдың аяғындағы, XX-ғасырдың басындағы спорттың негізгі түрлері мен халықаралық спорттық бірлестіктерді атаңыздар.*
- 3. Пьер де Кубертен ХОК-ті құруда және Олимпиадалық ойындарды ұйымдастыруда қандай роль атқарды?*
- 4. ХОК қашан құрылды және оның міндеттері қандай?*
- 5. Олимпиадалық хартияның мазмұны мен бекітілуі туралы айтып беріңіздер.*
- 6. I дүние жүзілік соғысқа дейінгі өткен Олимпиадалық ойындардың негізгі ерекшеліктері неде болды?*



### 1.3 XIX-ғасырдың 20-шы жылдары мен XX-ғасырдың басындағы спорттың дамуы және халықаралық спорттық бірлестіктердің құрылуы

Заманауи Олимпиадалық ойындардың пайда болуының алғы шарты болып табылатын халықаралық спорттың пайда болуы және алғашқы дамуы XIX-ғасырдың аяғы мен XX-ғасырдың басы болып саналады. Оның негізгі тарихи алғы шарттарына әлемнің көптеген елдерінде экономикалық және мәдени өрлеу, өндірістің, әскери істердің, ғылым мен спорттың қарқынды дамуы себеп болды. XIX-ғасырдың 2-ші жартысы мен XX-ғасырдың басында спорт пен ойындардың көптеген заманауи түрлері пайда болып, дами бастады. Өртүрлі елдерде спорттық клубтар құрылды, спорттық ойындар және жарыстар ұйымдастырылды. Желкенді және ескек спортының дамуының бай дәстүрі Англия мен Ресейде орын алды. Ол кездерде спорттың осы түрлерінен жарыстар көп болып тұратын. Мысалы, Англияда 1829 ж. бері Кембридж және Оксфорд университеттері арасында ескек есуден дәстүрлі жарыстар әлі күнге дейін өтуде. Онда командалар арасындағы бақталастық кез келген спорт түрлерінен әлемдік додадан кем емес. 1838 ж. Хенлейн желкенді және ескек есу регатасы ұйымдастырылды. Ресейде 1847 ж. Петербург қаласында, АҚШ-та 1852 ж. Виннипег көлінде 1-ші ресми жарыстар өтті. Сондай-ақ, Венгрия, Греция, Австрия және басқа да елдерде спорттық жүзу дами бастады.

Олимпиадалық ойындардағы жарыстардың денін құрайтын, «спорт патшайымы» аталатын жеңіл атлетикалық жарыстар 1845 ж. Итонда (Англия) 1-ші рет ұйымдастырылды. 1860 ж. өзінде Англияда бас-аяғы 15 спорттық клубтар болды. Оларда Кембридж, Оксфорд, Итон университеттерінің спортшылары жаттығулар өткізді. 1875 ж. жеңіл атлетикадан 1-ші жарыстар Венгрияда, бір жылдан кейін - Нью-Йоркте өтті. Жеңіл атлетика Германия, Франция, Греция және басқа да елдерде қарқынды дами бастады.

Ресей, Финляндия, Швеция, Норвегия елдерінде шаңғы спорты кең танымал болды. 1769 ж. Осло түбінде дүние жүзінде алғаш рет шаңғыда жүгіру жарыстары өтті. XX-ғасырдың 60-70 жылдары спорттың бұл түрінен жарыстар үнемі болып тұрды, шаңғыда секіру трамплиндері пайда болды.

Шамамен осы уақыттарда көптеген спорттық ойындар дамыды. Футболдың техникасы мен тактикасын жетілдіру мақсатында, XIX-ғасырдың 50-ші жылдары доптың резеңке камерасы пайда болды. 1863 ж. Англияда футбол лигасы құрылып, заманауи футболдың негізі қаланды. Кегли, лаун-теннис, крикет ойындарының да дамуы кең танымал болды (олар үшін арнайы ғимараттар салына бастады).

1823 ж. Регби (Англия) қаласында кәдімгідей аяқпен доп ойнап жатқан ойыншылардың бірі допты қолымен ұстап алып, қақпаға қарай жүгіріп кетті. Футбол ойынының ережесін бұзған ол дүние жүзіне өз қаласының атын әлемге әйгілі етемін, жаңа ойын түрін енгіземін, деп, әрине, ойлаған жоқ... Кейінгі жылдары регби ойыны басқа елдерге де тарады. АҚШ-тың кез келген мекемелерінде мен білім беру ошақтарында регбиді сүйіп ойнайтын болды. АҚШ-та бұл ойынды американдық футбол деп атап кетті. Аталмыш елде кәдімгі классикалық футболдың дамуына аты дүние жүзіне әйгілі, атақты футболшы Пеленің Нью-Йорктың «Космос» командасында бір кездері ойнағаны және 1994 ж. өткізілген әлем чемпионаты ерекше оң әсер етті.

Олимпиадалық ойындарда, осы кезеңде жақсы дамыған, жұрттардың сүйіп тамашалайтын спорт түрлерінің бірі – бокс. Англияда бокс өнері мен тәсілдерін меңгерген адам зиялылардың қатарына кірді. Ол кезде зиялылар қатарында бұдан басқа, семсерлесу мен атта шабу жататын. Англия және басқа да елдердегі әуесқой боксқа XIX-ғасырдан таралып келе жатқан кәсіпқой бокс көп зиянын тигізді.

Франция, Италия, Германия, Венгрия, Ресей, Англия, Швеция зиялы қауым ортасында шпагада және рапирада семсерлесу кең танымал болды. Бай-шонжарлар арасында ат спорты, мылтықтан, тапаншадан, садақтан ату түрлері дамыды. Ипподромдар, тирлер салынды, атта шабу мен атудан жарыстар ұйымдастырылды.

XIX-ғасырдың 60-шы жылдары бірқатар елдерде велоспорт дамыды. Бірінші уақытта тек ер адамдар айдайтын бұл шайтанарбаға кейіннен әйелдер де қызығушылық таныта бастады. Ресей, Германия, Греция, Ұлыбритания, Венгрия елдерінде күрес кең етек алды. XIX-ғасырдың аяғында дене жаттығулары спортқа, гимнастикаға, ойындарға, туризмге нақты дифференциацияланды. Әртүрлі елдердің спорттық клубтары ұлттық одақтар мен лигаларға

біріге бастады. 1868 ж. Германияның барлық гимнастикалық одақтары бірікті. 1888 ж. АҚШ-та Әуесқой атлеттік одағы, 1903 ж. Швецияда спорттық одақ құрылды. Жалпы, ұлттық спорттық ұйымдар басқа елдерде де пайда бола бастады.

XIX-ғасырдың аяғында әлемдегі спорттың дамуы жоғары деңгейге шыққаны соншалықты, халықаралық ареналарда күш сынасуға тұрарлық еді. Кейбір спорт түрлерінен халықаралық кездесулер өтті. Бірақ, бірынғай ережелер мен нормативтердің болмауы, жарыстардың осындай деңгейлерде өтуіне кесірін тигізді. Өз кезегінде, бұл халықаралық спорттық одақтар мен федерациялардың құрылуына әкелді. Алғашқы осындай ұйым - 1881 ж. гимнастикадан Еуропалық одақ құрылды. Кейінгі жылдары басқа да спорт түрлерінен халықаралық спорттық федерациялар құрылып, күрт көбейе бастады. 1892 ж. - коньки тебушілердің халықаралық одағы (ИСУ) және ескек есу халықаралық федерациясы (ФИСА); 1897 ж. - гимнастика халықаралық федерациясы (ФИЖ); 1900 ж. - велосипедшілердің халықаралық одағы (УСИ); 1904 ж. - футбол ассоциациясының халықаралық федерациясы (ФИФА); 1908 ж. - әуесқой жүзушілердің халықаралық федерациясы (ФИНА) және мұздағы хоккей халықаралық лигасы (ЛИХГ); 1912 ж. - әуесқой жеңіл атлетшілердің халықаралық федерациясы (ИААФ); 1913 ж. - семсерлесу халықаралық федерациясы (ФИЕ) құрылды.

Осындай спорт түрлерінен әртүрлі деңгейлердегі спорттық одақтардың құрылуы жастарға өз ықпалын тигізді. Олардың қоласты болу саясатын одан әрі кеңейту мақсатында буржуаздық қайраткерлер қолдан келгендерінің бәрін істеп бақты. Спорт пен дене шынықтыруды өз мүдделерінде пайдалану мақсаттарында әртүрлі ұлттық спорттық бірлестіктер мен одақтар құруға тырысты. Ол әрекеттері көбінесе орындалмай жатты. Әсіресе, бұл бағытта сионистік ұйымдар қатты жұмыс істеді.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Заманауи Олимпиадалық ойындардың пайда болуының алғышарттарының уақыты қандай?
2. Осы кезеңде түрлі спорттары дамыған алдыңғы қатарлы елдер қандай болды?
3. Алғашқы спорттық федерациялық ұйымдар қай жылдан бастап құрыла бастады?

## 1.4 XX-ғасырдың 20-40-шы жылдардағы Олимпиадалық ойындар мен спорттың дамуы

I дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Қазан социалистік төңкерісі сол кездегі капиталистік жүйеге қатты кері әсерін тигізді. Капитализмнің құлдырап, социализмнің өркендеуі екі дүние жүзілік соғыс арасындағы Олимпиадалық ойындардың өтуі мен ұйымдастыруына өз ізін қалдырды. Буржуаздар мен капиталистер ХОК-ке өз ықпалдарын өткізіп, таптық қызығушылықтарын қорғады. Бір жағынан, қаржылық тәуелділікке, екінші жағынан, Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің басым көпшілік мүшелері өздері әлеуетті саяси тап өкілдері болғандықтан, ХОК-те сол уақыттарда буржуазиялылық саясаттың ықпалынан шыға алмай қалған еді.

Сонымен, 1920 ж. өткен кезекті Олимпиадалық ойындарға Германия және оның одақтастарының спортшылары I дүниежүзілік соғыстың басталуына себепкер елдер ретінде жіберілмеді. Бұл шешім жеңімпаз елдердің (АҚШ, Англия, Франция) саясатына сәйкес болды. Ресейліктер ХОК-тің құрылуына белсенді атсалысса да, төңкеріс болғанға дейін, патшалы Ресей кезінде екі рет Олимпиадалық ойындарға қатысса да, ХОК пен ұйымдастырушы комитет Антверпендегі Ойындарға Кеңес елінің спортшыларын шақырған жоқ. Оның үстіне, жас Кеңес үкіметі 1920 ж. шетел интервенттерімен, Азамат соғысы кездерінде титықтап қалған еді.

1928 және 1932 жж. Олимпиадалық ойындарды өткізу барысында халықаралық жағдай шиеленісіп кетті. Көптеген капиталистік елдерде дағдарыс басталды. Осындай жағдайларда кеңес спортшылары бастаған дүние жүзінің прогресшіл спортшылары бейбітшілікті орнатуға, енді ғана бас көтеріп келе жатқан фашизмге қарсы күресуге атсалысты. Бұл күрес, әсіресе, 1936 ж. Берлинде өткен Олимпиадалық ойындарды өткізу барысында жанданды. Коммунистік интернационал мен Қызыл спорттық интернационал мүшелері бұл Ойындардың Германияда өтуіне қарсы болды. Себебі, бұл елде фашизм өршіп тұрған уақыт еді. Неміс антифашистерін қолдаған дүние жүзінің прогресшіл күштері Ойындардың Германиядан ауысып, басқа мемлекетке өтуін талап етті. 1935 ж. осыған байланысты, шетелге өтіп кеткен неміс спортшы-антифашистерінен тұратын комитет дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінде пайда бола бастады. Олардың барлығы

Ойындардың фашистік Германияда өтуіне наразылық білдірді. Кейін, Ойындардың Берлиннен ауыспайтынына көздері жеткеннен соң, өз беттерінше Испанияның Барселона қаласында Халықтық Олимпиада өткізбекші болды. Бұл идеяны 1936 ж. Парижде өткен конференция мүшелері бірауыздан қолдады. Аталмыш жиынға қатысқан Франция, Англия, АҚШ, Испания, Чехословакия, Швеция, Швейцария, Дания т.б. елдердің өкілдері гитлершіл Олимпиадаға бойкот жариялап, Барселонада Халықтық Олимпиада өткізбекші болып келісті.

Фашистер үшін кезекті Ойындарды өткізуге жанталасқан негізгі себептердің бірі – әлем жұртшылығы алдында өздерінің агрессиялық пиғылдарын жарияламай, дүние жүзіне өздерін «момақан» ретінде көрсетпекші болды. Әлемдік деңгейдегі халықаралық айқай-шу болып тұрғанын көрген ХОК мүшелері арнайы комиссия ұйымдастырып, Берлиндегі жағдайларды өз көздерімен көріп қайтты. Бірақ, комиссия мүшелері Берлинде Ойындардың болуына кедергі болатын еш нәрсе «таппады». Елдегі шиеленісті, хал-ахуалды көрсе де көрмегенсіп, білсе де білмегенсіп, естісе де естімегенсіп, «барлығы жақсы» деп кетеді. Антифашистік ұйымдардың қаншама наразылық жасағанына қарамастан, «Германиямен қарым-қатынасын бұзып аламыз» деген пиғылмен, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден сайланған, бай-манаптық, аристократтық атақтары бар ХОК-тің басым көпшілік мүшелері Ойындардың Берлинде өткізілуіне көз жұмып қарады.

Олимпиадалық ойындардың дүние жүзінде танымалдығының өсуі, оның географиясының кеңеюіне әкелді. Мысалы, 1912 ж. өткен Ойындарға 28 елдерден делегаттар келсе, ал 1928 ж. өткен Ойындарға 46 елдердің спортшылары қатысты. Жаңадан ұлттық олимпиадалық комитеттер мен халықаралық спорттық федерациялардың құрылуы осыны дәлелдейді. 1914 ж. ХОК 38 мемлекеттің ұлттық олимпиадалық комитеттерін таныса, 1939 ж. - 61 мемлекеттің ҰОК таныды. 1919-1934 ж.ж. спорт түрлері мен дене тәрбиесінің басқа да сұрақтары бойынша 20 халықаралық федерациялар мен одақтар қайта құрылды. Дүние жүзінің халықтары арасында олимпиадалық спорт кең танымал бола бастады. Спорт түрлерінен Әлем, Еуропа біріншіліктері мен чемпионаттары, бүкіләлемдік білімпаздар ойындарымен (1924 ж. бастап) қатар, Орталық Америка мен Кариб теңізі аймақтық Ойындары (1925 ж.

бастап), Боливар ойындары (1938 ж. бастап), Балкан жеңілатлетикалық ойындары (1929 ж. бастап) тұрақты түрде өте бастады. Өз кезегінде, бұл жарыстар халық арасында сүйіспеншілікке оранды. I-ші және II-ші дүниежүзілік соғыстар арасындағы өткен Олимпиадалық ойындардың нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

2-кесте. I-ші және II-ші дүниежүзілік соғыстар арасындағы өткен Олимпиадалық ойындардың нәтижелері

№ к/с	Өткізу жылы	Өткізетін елдер мен қалалар	Қатысушы елдер саны	Қатысушы спортшылар саны	Спорт түрлерінің саны	Жалпы командалық орынды жеңіп алған ел
VII	1920	Антверпен, Бельгия	29	2591	25	АҚШ
VIII-жазғы	1924	Париж, Франция	44	3075	20	АҚШ
I-қысқы		Шамони, Франция	16	294	5	Норвегия
IX-жазғы	1928	Амстердам, Голландия	46	2971	17	АҚШ
		Санкт-Мориц, Швейцария	25	363	6	Норвегия
X-жазғы	1932	Лос-Анжелес, АҚШ	38	1331	17	АҚШ
		Лэйк-Плесид, АҚШ	17	278	5	АҚШ
III-қысқы	1936	Берлин, Германия	49	3980	22	Германия
IV кысқы		Гармиш-Партен-кирхен, Германия	28	756	5	Норвегия

I-ші дүниежүзілік соғыстың басталуының кесірінен Олимпиадалық ойындар тоқтап қалды да, тек 1924 жылдан ары қарай жалғасып кете берді. Сол кезде дүние жүзінде болып жатқан саяси жағдайлар халықаралық байланыстарға өзінің кері әсерін тигізіп, Гитлер бастаған реакционерлік топ Германияны нәсілшілдік-фашистік жолға түсіріп, дүниежүзілік саясатқа өзінің теріс ықпалын жүргізе бастаған еді. Оған көрнекі мысал ретінде 1936 ж. Германияда (Берлин) өткен кезекті Олимпиадалық ойындар еді. Онда нацистік

саясат қатты білінді. Гитлер оны бір жағынан, Германия дүние жүзінде ең күшті ел, арияшылар деген мақтаншақтық саясаты болса, екінші жағынан, 1932 ж. Лос-Анжелес (АҚШ) қаласында өткен Олимпиадалық ойындарда кеткен есесін қайтарып алу саясаты болды. Ондағы өткен Олимпиадалық ойындарда АҚШ елінің спортшылары көпеу-көрнек қысымшылық жасап, құйтырқылық әрекеттер істеп, барлық дерлік жүлделі орындарды өздеріне бұрып жіберген еді. Жарыс кезіндегі төрешілік тарапынан американдық спортшыларға барып тұрған ашықтан-ашық көмектесулер болды. Өз ретінде, ол дүние жүзінің қалған басқа елдерден келген спортшылардың наразылығын туғызған-ды. Гитлер сол кеткен есесін өз елінде қайтарып алды.

Олимпиадалық бағдарламаның барлық спорт түрлерінде үлкен прогресс болды. Жеңіл атлетикадан алтын медальдар үшін күрес АҚШ, Англия, Финляндия спортшылары арасында тартысты өтті. Финндік Паоло Нурми 1920, 1924 және 1928 жылдары өткен Ойындарда 9 алтын медаль жеңіп алып, тамаша өнер көрсетті. Сонымен қатар, Берлин Олимпиадасында АҚШ негр спортшысы Джесси Оуэнс 4 алтын медаль иегері атанды. Амстердам Олимпиадасының бағдарламасына жеңіл атлетикадан әйелдер жарыстары енгізілді. Жүзуден АҚШ, Жапония, Венгрия, Швеция елдерінің өкілдері күшті болды. 1924 және 1928 ж.ж. өткен Ойындарда ең жылдам жүзуші болып, американдық Джон Вейсмюллер танылды. Бірақ, 1932 ж. өздерінде өткен Ойындарда жүзуден американдықтар жапондықтардан тас-талқан болып жеңіліп қалды. Ерлер арасындағы 6 қашықтық түрлерінен 5-де жапондықтар жеңіске жетті. Гимнастикадан Италия, Германия, Швейцария спортшылары жеңіп алып жүрді. 1928 ж. бастап, гимнастикадан әйелдер де жарысқа түсе бастады. Футболдан Бельгия (1920 ж.), Уругвай (1924 және 1928 ж.ж.), Италия (1936 ж.) олимпиадалық чемпиондар атанды. Көгалдағы хоккейден Англия (1920 ж.), Индия (1928, 1932, 1936 ж.ж.) құрамалары жеңімпаз атанды. 1936 ж. бастап, үндістер арасында кең танымал ойын – баскетбол олимпиадалық спорт түріне енді. Ол кезде тек ерлер арасында болған бұл жарыста, осы ойынды дүние жүзіне танытқан АҚШ командасы жеңімпаз болды.

Соғыстар арасындағы Олимпиадалар күрестің, бокстың, ауырлықты көтерудің, семсерлесудің, ескек есу және желкенді

спорттың, қазіргі бессайыстың, велосипед және ат спортының, су полюсі мен суға секірудің дамуына үлкен ықпал жасады.

Айта кетерлігі, 1924 ж. Францияның Шамони қаласында І қысқы Олимпиадалық ойындардың тұсаукесері болды. Қысқы Олимпиадалық ойындардың жетістіктері спорттың, әсіресе, оның қысқы түрлерінің әрі қарай дамуына әжептәуір көп ықпалын тигізді. Қыстық Олимпиадалық ойындар негізінде тек солтүстік аудандарда өтілетін еді. Енді осы Олимпиадалық ойындардың әсерінен, басқа аймақтарға да жайылып, тарай бастады. Соның арқасында қысқы спорт түрлері - хоккей, шаңғы, шана спорты, биатлон, мәнерлеп сырғанау т.б. спорт түрлері кең қанат жая бастады. Спорттың бұл түрлерінен күшті дамыған, сол уақытта әлі де жеңістік бермейтін Норвегия, Швеция, Финляндия, Дания мемлекеттері дәстүрлі біріншіліктерді ешкімге бере қоймады. Дегенмен, ол кездегі спорт түрлері де, осы қысқы түрлерден жарысқа қатысушы елдер де аз еді.

Қысқы Олимпиадалық ойындарда солтүстік елдердің спортшылары күшті болды. Финляндия мен Швеция конькишілері, Норвегия шаңғышылары, Канада хоккейшілері жеңіске жетіп жүрді. Қысқы Олимпиадалық ойындардың жеңімпазы норвег мәнерлеп сырғанаушысы Соня Хени 4 рет Ойындардың қатысушысы, оның 3-де (1928, 1932 және 1936 жж.) жеңімпаз атанды. Ойындарды ұйымдастыру мен өткізу жайымен жетілдіре бастады. Антверпен Ойындарында (1920 ж.) бес шеңбермен өрнектелген олимпиадалық жалау алғаш рет желбіреді. Осы Ойындарда спортшылар алғаш рет олимпиадалық ант берді және «Жылдамдырақ, Биігірек, Күштірек» олимпиадалық ұраны шықты. Лос-Анжелес (1936 ж.) Ойындарының қатысушылары алғаш рет арнайы олимпиадалық қалашықта тұрды. 1936 ж. Ойындардың ашылу құрметіне алғаш рет Грекиядағы Олимпия тау бөктерінен олимпиадалық алау әкелінді. Тап осы соғысаралық кезеңдегі барлық жазғы Ойындарда Дельфийлік ойындардағы дәстүр іспеттес, сәулет, әдебиет, музыка, сурет, мүсіншілік өнерлері бойынша спорттық тақырыптағы шығармашылық конкурстары өткізіліп тұрды.

II-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңында әлемдегі халықаралық жағдай мемлекеттер арасындағы кең спорттық байланыстардың дамуына теріс ықпалын жасады. Фашистік Испаниядағы жағдайлар, гитлершіл Германияның, Италияның милитаристік Жапонияның басқыншылық саясаты, осының бәрін көріп тұрса да, үндемей көз



жұмған АҚШ, Англия, Франция елдерінің босбелбеулігі — экономикалық, мәдени, спорттық байланыстардың барлық салаларындағы халықаралық қатынастардың шиеленісуіне әкелді.

Сол кезеңдегі халықаралық спорттық қозғалыс та ХОК-тің шарасыздығын кесірінен ширығып тұрды. Спорттың прогресшіл салт-дәстүрлерін нығайтып, дамығудың орнына, ХОК реакция мен фашизмнің спорттағы мүдделеріне қарсы тұрмақ түгілі, оларға көмектесті. Мысалы, фашистік Германия саясатына қарсы болған Швейцария ҰОК 1940 ж. өтетін қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізуден бас тартса, Германияның фашист өкілдері осы жағдайды пайдаланып, қысқы Ойындарды қайтадан Германияда өткізуге ұсыныс жасады. Ал, ХОК-тің басым көпшілік мүшелері бұл ұсыныстан бас тартпай, қайта ұнап қалған пиғыл көрсетті. Оның үстіне, дүние жүзілік прогресшіл қауымды мазақ еткендей, германдық «Қуаныш арқылы күш» спорттық қоғамын 1938 ж. ХОК «Зор еңбек сіңіргені» үшін Олимпиадалық текшемен (кубок) марапаттады.

1937 ж. жапон әскерилері Қытай жеріне баса-көктеп кірді. Оны дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығымен қатар, спорттық ұйымдар да батыл айыптады. Жұмысшы жастардың басым көпшілігі бар прогресшіл спорттық одақтар XII Олимпиадалық ойындардың Токиода өтуіне қарсы болды. Бірақ, Каирде (Египет, 1938 ж.) мәжіліс құрған ХОК милитаристік Жапонияның мүддесін қорғады. Бәрібір де бұл Ойындар өткен жоқ, себебі, II дүниежүзілік соғыс басталып кетті. ХОК Германия мен Жапония милитаристерінің әрекеттеріне көз жұмып, соның кесірінен XII және XIII Олимпиадалары өткен жоқ. Дүние жүзілік соғыс кезінде ХОК-тің іс-қызмет әрекеттері болмаған соң, олар уақытша өз жұмыстарын тоқтатты. Тек 1945 ж. тамыз айында ғана, ХОК атқару комитетінің соғыстан кейінгі алғашқы мәжілісі өтті. Бұл уақытқа таман оның жетекшілігінде де өзгерістер болды. 1946 ж. ХОК президенті болып, швед Зигфрид Эдстрем (1946-1952 ж.ж.) сайланды.

Сонымен, екі дүниежүзілік соғыстар арасындағы кезеңде халықаралық спорттық қозғалыс екі бағытта болды. Халықаралық жұмысшы спорттық қозғалыстың басында Қызыл спорттық интернационал тұрса, бай-шонжарлардың мүдделерін қорғайтын Люцерна спорттық интернационалы болды. Халықаралық буржуаздық спорттық қозғалыстың серкелері осы кезеңдегі Олимпиадалық ойындарға басты назар аударды. ХОК-тің іс-қызметі

осы буржуаздық саясаттан шыға алмағаны анық көрініп тұрды. Дегенмен, Олимпиадалық ойындардың дамуы жалғасын тапты. Оған қатысушы спорт түрлері мен спортшылар көбейе түсті. Олимпиадалық бағдарлама мен Ойындарды өткізу мен ұйымдастыру жетіле түсті. Бұл да сол кездегі жетістікке жатты.

Олимпиадалық ойындардың беделінің өсуіне кезекті олимпиадалық конгрестер: Лозаннадағы VII конгресс (1921 ж.), Прагадағы VIII конгресс (1925 ж.), Берлиндегі IX конгресс (1930 ж.) үлкен ықпалын жасады. Онда келесі мәселелер: спорттағы әуесқойлық, Ойындарды өткізу регламенті, олардың бағдарламасы, әйелдердің спортқа қатысуы, жасөспірімдер спортын дамыту, спорттық тәртіп және т.б. сұрақтар қаралып, келесі Олимпиадалық ойындарға енгізу жөнінде ұсыныстар жасалды. Бұл олимпиадалық конгрестер спорттың одан әрі дамуына, халықаралық спорттық қозғалыстың басқа да елдерге жайылуына өз септігін тигізді.

#### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

*1. 1920 ж. өткен Олимпиадалық ойындарына жіберілмеген елдер қандай?*

*2. Соғыстар арасындағы Олимпиадалар спорттың қандай түрлерінің дамуына*

*1-Дүниежүзілік соғыстың Олимпиадалық қозғалысқа тигізген негізгі әсері қандай болды?*

### **1.5 Халықаралық жұмысшылар спорттық қозғалысының дамуы**

Халық бұқарасының жалпы революциялық көтерілуімен байланысты, көптеген елдерде жұмысшы спорты қарқынды дамыды. Енді ол ұйымның халықаралық деңгейде жұмыс істей алуы үшін, ұйымдастыру жұмыстарын шешу керек болды. Бұл ұйымның қалыптасу процесі халықаралық жұмысшы қозғалысының екіге бөлінуіне байланысты, күрделі жағдайда өтті. 1920 ж. Люцернада (Швейцария) жұмысшы спорттық ұйымдардың конгресі өтті. Оған Германия, Австрия, Франция, Бельгия, Венгрия, Финляндия және басқа да елдердің өкілдері қатысты. Ол конгресте спорт пен дене

тәрбиесінің халықаралық жұмысшы одағы құрылды. Соның теріс әсерінен, біраз саяси түсініспеушіліктің арқасында жұмысшы табының өкілдері шетте қалып қойды. Мұнымен кеңес спорттық қозғалысының өкілдері келіспей, өздігінше 1921 ж. Мәскеуде жаңадан жұмысшы спорттық ұйымдарының халықаралық конгресін құрды. Оған КСРО-дан басқа, Чехословакия, Германия, Франция, Венгрия, Финляндия, Италия және т.б. елдердің өкілдері қатысты. Екі халықаралық жұмысшы спорттық ұйымның өкілдері бірі-бірімен сыйыспады. Біреуі буржуаздық бағытта болса, екіншісі жұмысшы табының жақтаушысы болды. Екі бағыт өкілдерінің жауласқаны сонша, буржуаздық жұмысшы спорттық ұйымдар (Люцерналық спорттық интернационал) 1925 ж. Майндегі Франкфуртта I жұмысшы спорттық Олимпиада өткізді, оған Қызыл спорттық интернационалдың өкілдері қатыстырылмады. Дегенмен, 1922-1923 жылдары финн спортшылары КСРО-ға жарысқа келсе, ал 1924 ж. кеңес спортшылары Франция мен Германияға жарысқа қатысып келді.

1927 ж. халықаралық жағдай шиеленісе түсті. Бұл өз кезегінде спорттық байланыстарға да кері әсерін тигізді. Шетелдерде болып жатқан жарыстарға кеңес спортшылары қатыстырылмады. Оған қарамай, КСРО спортшылары халықаралық байланыстарды одан әрі дамытуға тырысты. 1934 жылы Парижде спортшылардың үлкен халықаралық антифашистік слеті өтті. Бұл слетқа КСРО спортшылары қатысты. Онда дүние жүзі жұмысшы табының Германия, Австрия, Италия, Жапония елдерінде бас көтеріп келе жатқан фашизмге, милитаризмге қарсы күресті бастауы жайлы әрекеттер жасалды. 1937 ж. Антверпенде (Бельгия) III жұмысшы спорттық Олимпиада өтті. Ол барлық елдердің жұмысшы спортшыларының бірлестігінің мерекесі ретінде өтті. Оған кеңес спортшылары қатысып, бұл жарыстар жұмысшы спорттық қозғалыс өкілдерінің II-дүние жүзілік соғыс алдындағы соңғы жарысы ретінде өтті. II-дүние жүзілік соғыс алдында халықаралық жұмысшы спорттық қозғалыс фашизм мен милитаризмге қарсы күресті жалғастыру мақсатында, біріге бастады.

II-дүние жүзілік соғыс басталған кезде антифашистік күштердің бірігуі мен ұйымдасуы күшейді. Еуропаның көптеген елдерінің спорттық ұйымдарының жастары фашистерге қарсы аянбай күресті. Мысалы, Болгария антифашист-спортшылары халықпен бірге неміс және болгар фашистеріне қарсы соғысты. Венгр партизан жасақ-

тарында көптеген спортшылар болды. Югославия, Чехословакия, Польша елдерінің спортшы-партизандары да асқан ерлікпен фашистерге қарсы шайқасты. Қарсыласу жасақтарында Франция мен Германияның көптеген спортшылары болды. Жау қолына қансыраған күйі тұтқынға түскен, кенеттен қоршауда қалып кеткен және әртүрлі себептермен аталмыш елдердің концлагерьлерінен қашып шыққан кеңестік әскерилер мен азаматтардан құрылған Қарсыласу тобында көптеген патриоттар ерліктің елге деген адалдықтың шыңын көрсете білді. Өзінің асқан жүректіліктерімен көзге түскен антифашист-спортшылар фашистерді жеңуге көп үлесін қосты. Көптеген антифашист спортшылар халық жүрегінде мәңгі қалып қойды. Олардың құрметіне спорт түрлерінен әртүрлі жарыстар ұйымдастырылды. Спорттық ұйымдар ол жарыстарды барынша бұқаралық жағдайда өткізді, себебі, ондай жарыстардың патриоттық, рухани, Отан сүйгіштік қасиеттерді адам бойына сіңірегіндей қасиеттері болды.

***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Жұмысшы спортының қарқынды дамуына не әсер етті?*
- 2. Осы кезеңдердегі халықаралық шиеленістер қандай жағдайларға байланысты еді?*
- 3. II-Дүниежзілік соғыстың Олимпиадалық қозғалысқа тигізген негізгі әсері қандай болды?*

## **1.6 Халықаралық спорттық қозғалыстағы екі бағыт**

Социалистік достастық елдерінің спорттық ұйымдары әлемдік спорттық қозғалысқа белсенді қатысып, халықаралық өмірге ықпалдарын күшейте түсті. Нәтижесінде, спорттық ұйымдарда демократиялану процесі жеңіл өтті. Социалистік достастық елдерінің спортшылары әлемдік, халықаралық ареналарда жақсы өнер көрсете бастап, үлкен жетістіктерге жетті: әлемдік, еуропалық, олимпиадалық рекордтарды орнатып, жүлделі орындар алды. Оқып-үйрету мен жаттықтыру әдістерін ғылыми негіздеуге, спорттық медицина, биомеханика, биохимия, дене шынықтырудың ілімі мен тарихы секілді, тараулардың мәселелерін шешуге өз үлестерін қосты.

Соғыстан кейінгі жылдары Азия, Африка, Латын Америкасының 100-ден астам елдерінде спорттық қозғалыс жаңаша

дами бастады. Ұлттық тәуелсіздікке жеткен елдердің спорттық ұйымдары империалистік елдердің шеңгелінен босанып, спорт төңірегіндегі делдалдықтан құтылды, халықаралық спорттық қозғалысқа өздігінше қатыса бастады. Бұл елдердің спортшылары нәсілдік кемсітушілікке қарсы шықты және бейбітшілікті қолдады.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі спорттық қозғалыста екі бағыт пайда болды. Оның екеуі де екі түрлі қоғамдық өмір сүруді насихаттайтын. КСРО бастаған социалистік достастық елдері бейбітшілік пен прогресс жолымен жүріп, халықаралық спорттық қозғалыста өз бағыттарының дамуын қадағалады. Бейбітшілік пен достықты уағыздайтын социалистік достастық елдерінің спорттық ұйымдары бірігіп, Олимпиадалық ойындарда, әлем, Еуропа біріншіліктерінде, халықаралық турнирлерде, жолдастық кездесулерде жақсы өнер көрсетіп, халықаралық ареналарда өздерін таныта бастады.

Керісінше, реакцияшыл капиталистік елдердің спорттық қозғалыстары халықаралық байланыстарды қысқартып, барлық жарыстарда болатын достық пен жолдастықты азайтты. Соғыстан кейінгі жылдары реакцияшыл күштер ұйымдастыруымен көптеген саяси шатақтар болды. Мысалы, XVI Олимпиадалық ойындар (Мельбурн) кезінде, Суэц каналы бойында ағылшын-француз-израиль интервенциясы, Венгриядағы арандатушылық, Алжирдегі соғыс болған еді. Кейбір байбаламшылар осы жағдайды пайдаланып, Ойындарды тоқтатпақшы болды. Бірақ, олардың мұнысынан ештеңе шықпады, әлемнің 68 елдері қатысқан бұл Ойындар халықтар арасында достықты одан әрі нығайтты. Социалистік достастық елдері, Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің спортшылары арасында реакцияшыл күштер от салып, достықтарын бұзуға тырысты. Социалистік достастық елдері ұйымдастырған жарыстарға мүмкіндігінше өз елдерінің спортшыларын жібермеуге тырысты. 1949 ж. Будапештте X жазғы Білімпаздар Ойындарына, 1951 ж. Берлиндегі, 1959 ж. Венадағы, 1962 ж. Хельсинкидегі, 1978 ж. Гаванадағы осындай жарыстарды болдырмаудың барлық әрекеттерін жасады.

Социалистік достастық бағытына өткен елдердің спорттық ұйымдары өзара достық пен тығыз қарым-қатынас орнатты. Олар өзара байланыстардың барлық түрлерін қолданды: жарыстар ұйымдастырды, әлем, Еуропа біріншіліктерінде бірі-біріне демеу, көмек жасады. Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің

спортшыларына бірауыздан көмек көрсетті. XX ғасырдың 50-60 жылдары ГДР, КХДР, МХР, ҚХР ұлттық олимпиадалық комитеттерін тану жөнінде ХОК-те қызу тартыс болды. 1951 ж. Венада (Австрия) өткен ХОК сессиясында Германия Федеративтік Республикасының ҰОК ешқандай қиындықсыз мүшелікке қабылданғанда, социалистік достастық елдерінің мүшесі Германия Демократиялық Республикасының ҰОК-не рұқсат бермеді. Осыны пайдаланған ГФР ҰОК ХОК-тен неміс елінің екеуінің де өкілдігін өздеріне алғысы келгенін жасырмады. Бірақ, дене шынықтыру мен спорт жұмыстары жақсы деңгейге қойылған ГДР ҰОК бәрібір 1955 ж. мүшелікке өтті. Онда да, алдында ХОК шешімімен ГФР және ГДР спортшылары бірігіп, бір ту астында өнер көрсетулері керек болды. Оған, әрине, әлем прогресшіл жұртшылығының наразылығы күшейді. ГДР спорттық ұйымдарын саяси кемсітушіліктері көбейе түсті. Американдық, ағылшын, француз, батыс герман үкіметтері ГДР спортшыларына өз елдеріндегі жарыстарға қатысуға рұқсат берген жоқ. Сөйтіп, ГДР спортшылары жоғарыда аталған мемлекеттер ұйымдастырған жарыстардың біріне де қатыса алмады. Олар қанша ГДР спортшыларын өгейсіткенімен, әлемнің прогресшіл жұртшылығы шығыс германдықтарды қолдап, бейбітшіл спорттық ұйымдар шет қалдырмады.

Олимпиадалық ойындарға КХДР спортшыларын ХОК 1953 ж., МХР ҰОК 1962 ж., ҚХР ҰОК 1954 ж. мойындады. Соғыстан кейінгі жылдары Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің спортшылары спорттық ареналарда өздерін көрсете бастады. Олардың азаттыққа деген құлшыныстары зор болды. Соның арқасында 1985 ж. аяғында ХОК 50-ден астам Африка елдерінің ҰОК мойындады. КСРО бастаған социалистік достастық елдері осындай азаттыққа жеткен елдерге материалдық, ғылыми-әдістемелік, педагогтық, медициналық, спорттық-жаттықтырушылық және т.б. көмектерін берді. Олардың өздерінің базаларын нығайту мақсатында білікті мамандарды жіберді, ЖОО-да оқытты. Олимпиадалық қозғалыстың серпінді дамуы ХОК-тің ҰОК-мен, халықаралық спорттық федерациялармен тығыз қарым-қатынастар жасауына әкелді. 1970 ж. дейін ХОК 90 жыл бұрын орнатылған тәртіп бойынша әр елдердің ҰОК-мен және халықаралық спорттық федерациялармен қатынас жасаған еді.

КСРО ҰОК 1959 ж. мамыр айында ХОК-ті қайта құру жөнінде ұсыныс жасады. Онда ХОК құрамына осыған мүше барлық елдердің

ҰОК мен халықаралық спорттық федерациялардың өкілдері кіру керек деп санады. Бұл ұсынысқа көптеген елдердің ҰОК қосылды. 60-шы жылдардың аяғында ХОК-тің және бүкіл олимпиадалық қозғалыстың демократиялануы үшін күрес одан сайын қыза бастады. Оған қоса, халықаралық спорттық қозғалыста Олимпиадалық ойындарға белсенді қатысушы үш бірлестік пайда болды:

1) әлі де халықаралық спорттық қозғалыста өз орнын жоғалтқысы келмеген *Халықаралық Олимпиадалық Комитет*;

2) 1968 ж. Мехикодағы (Мексика) мәжілісте пайда болған жаңа ұйым – *ұлттық олимпиадалық комитеттердің бас ассамблеясы*, ол әлемдік спорттың заманауи мәселелерін, олимпиадалық қозғалысты одан әрі дамытуға күш салды;

3) 1967 ж. құрылған, Олимпиадалық ойындарды ұйымдастыруда үлкен роль атқаратын – *халықаралық спорттық федерациялардың бас ассоциациясы*. Бұл ұйым халықаралық спорттық федерацияларға спорт түрлерінің арнайылығын есепке ала отырып, спортшыларға әуесқой статусын беру құқығын, аталмыш спорттық ұйымның Олимпиадалық ойындардың өтетін орнын, жерін таңдау, өтілген Ойындардан түскен қаражаттың бір бөлігіне ие болу құқығына таласты.

ХОК ондай оппозициямен санаспауына мүмкіндігі болмады. Сөйтіп, ол әртүрлі бөлімдер мен комиссиялар құруына мәжбүр болды. Әр қайсысы бөлек үш ұйым болса, спорттық қозғалыстың берекесі кетеді. Сондықтан, үш ұйым бірігіп, қандай да болмасын, іс-шараларды бірігіп өткізсе, халықаралық спорттық қозғалыс одан әрі дамып, жетіле түсер еді. Осы қағиданы алға тартқан КСРО бастаған социалистік достастық елдері осы бағытта көп жұмыстар атқарды. Әлемде әртүрлі спорт түрлерінен спорттық федерациялар ашыла бастады. Мысалы, 1946 ж. халықаралық каноэ федерациясы (ИКФ); 1956 ж. дзюдо халықаралық федерациясы (ФИД); 1958 ж. дене тәрбиесі мен спорттың халықаралық кеңесі (СИЕПС); 1969 ж. жеңіл атлетикадан Еуропа ассоциациясы (ЕАА); 1970 ж. әуесқой бокстен Еуропалық ассоциациясы (ЕАБА) және басқа да спорттық ұйымдар құрылды.

Әлемде мындаған ұлттық ұйымдар, барлық 5 құрылықтан жүз миллиондаған адамдар айналысатын, 200-ден астам халықаралық спорттық бірлестіктер бар. Халықаралық спорттық қозғалыс көптүрлі күрделі құрылымнан тұрады. Тұрақты түрде спорт түрлерінен әлем, Еуропа, басқа да ірі халықаралық жарыстар,

текшелер (кубоктар) өтіп тұрды. Әсіресе, жастар арасында 1959 ж. бастап білімпаздардың спорттық жарыстары кең қанат жайды. Ол жарыстарды кейін Универсиадалар деп атап кетті. Университет спортының халықаралық федерациясы қысқы және жазғы ойындарын тұрақты түрде өткізіп тұрды.

Әлемнің әртүрлі аймақтарында тұрақты түрде спорттың дамуына үлес қосатын аймақтық спорттық ойындар өткізіліп тұрды. 1951 ж. бастап, Оңтүстік және Солтүстік Америка спортшылары қатысатын Панамерикандық Ойындар өткізілді. Саяси тұрғыдан алғанда осы Ойындарға Куба елі тәуелсіз республика ретінде, өзінің дене шынықтыру мен спорт саласы қаншалықты дамығанын басқалардан бұрын, АҚШ-қа мүмкіндігінше дәлелдеді. Бұл ойындардан басқа Африкандық, Британдық, Азиялық, Балкандық, Жерорталық, Скандинавтық және басқа да аймақтық спорттық ойындар өткізіліп тұрды. Аймақтық ойындардың дамуына, олардың кең қанат жаюына ХОК атсалысты. Себебі, әр олимпиадалық конгресс өткен сайын, бұл комитеттің саяси да, спорттық та көзқарастары демократиялық тұрғыда өзгере бастады. Оның үстіне, КСРО спорттық өкілдерінің арқасында ХОК-не және спорт түрлерінен дүниежүзілік, еуропалық, азиялық және т.б. федерациялар мен ассоциацияларына социалистік бағыттағы дамушы елдердің өкілдері мүше бола бастады. Олар да әлемде дене тәрбиесі мен спорттың дамуына өзіндік үлестерін қосты.

Әлемнің әртүрлі елдерінің спортшыларының арасында достықты нығайту және спорттық шеберлікті жетілдіру мақсатында өткізілетін әртүрлі халықаралық турнирлердің де маңызы жоғары болды: ағайынды Знаменскийлердің, Поддубныйдың, Януш Кусочинскийдің, «Юманите», «Правда», «Руде право», «Известия» газеттерінің, «Московские новости» апталығының жүлделері үшін спорт түрлерінен өткен жарыстар тарихта алтын әріппен жазылған. 1958 ж. бастап, «Дәулер жарыстары» деп аталатын дүние жүзінің спорт алыптары КСРО мен АҚШ жеңіл атлеттері арасындағы кездесулердің де спорттық, саяси маңызы болды. 1975 ж. Хельсинкиде өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен өзара ынтымақтастық Мәжілісінде Еуропа, АҚШ, Канаданың 35 мемлекеттері қол қойған келісімінде халықаралық спорттық қозғалысты одан әрі дамыту туралы айтылған. Әлемдегі дене шынықтыру мен спорттың дамуына ЮНЕСКО (БҰҰ-ның білім беру, ғылым, мәдениет мәселелері бойынша бөлімі) ұйымы көп көңіл бөле бастады. Осы ЮНЕСКО жанындағы дене тәрбиесі мен спорттың халықаралық



кеңесі (СИЕПС) жұмыс істеді. Халықаралық спорттық қозғалысты одан әрі дамыту мақсатында Еуропаның спорттық ұйымдары жетекшілерінің спорттық конференциялары (1973, 1975, 1977, 1979, 1981, 1983, 1985 және 1987 жж.) көп үлес қосты. Олимпиадалық және әлемдік рекордтар көбейді. Жеңіл және ауыр атлетика, жүзу, коньки спорты түрлерінен тамаша нәтижелер болды. Гимнасттар, футболшылар, хоккейшілер, баскетболшылар, волейболшылар, балуандар, боксшылар және басқа да спорт түрлерінің өкілдері жақсы өнер көрсетті. Бұл жетістікке спортшылар жаттықтырушылардың, педагогтардың, дәрігерлердің, ғалымдардың өзара тығыз байланыстарының арқасында жетті.

Спорттық жетістіктерге жетуге ғылым мен техниканың дамуы қатты серпіліс әкелді. Соның арқасында спортта өзіндік ғылыми-техникалық серпін пайда болды. Спорттық ғылымда дәл приборлар, жедел ақпарат түрлері, кибернетикалық бағдарлау, фотомәре, функциялық бақылаудың заманауи техникалық амалдары кеңінен қолданылды. Ғылыми-техникалық прогресс оқыту мен жаттықтыру әдістерін жетілдіруге, спортшылардың дене қуаты, техникалық, тактикалық, моральдік-күш ерік даярлығын биік деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Спортшылардың көрсеткіштерін таза дене қимылы қасиеттері арқасында жоғарылату мүмкіндіктері азая бастады. Осыған байланысты, олардың барлық әлеуеттерін ғылыми, медициналық, ілімдік тұрғыда дамыту міндеттері алға қойылды.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. II дүние жүзілік соғыстан кейін халықаралық спорттық қозғалыстың дамуында қандай өзгерістер болды? Олар неге байланысты еді?*
- 2. Заманауи халықаралық спорттық қозғалыстың екі негізгі бағытын атап беріңіздер. Олардың негізгі айырмашылығы неде?*
- 3. Соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық спорттық қозғалыстың кеңеюіне қандай фактілер дәлел бола алады?*
- 4. Соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық спорттық қозғалысты демократияландыру үшін прогресшіл күштердің күресі қандай нәтиже берді?*
- 5. Екі дүние жүзілік соғыстар арасындағы кезеңде халықаралық жұмысшы спорттық қозғалыс қалай дамыды?*
- 6. Соғыстар арасындағы кезеңде қысқы және жазғы Олимпиадалық ойындардың ерекшеліктері неде?*
- 7. II дүние жүзілік соғыс қарсаңында ХОК-тің саясаты қандай болды?*

## 1.7 II-Дүние жүзілік соғыстан кейінгі Жазғы Олимпиадалық ойындар

1939 ж. басталған II-ші дүниежүзілік соғыстың басталуының кесірінен, Олимпиадалық ойындар қайта тоқтап қалды да, соғыс біткеннен кейін ғана, 1948 ж. Лондонда қайта жалғасын тапты. II-ші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Олимпиадалық ойындардың нәтижелері 3 кестеде келтірілген. Ол Олимпиадалық ойындарға кеңес спортшылары тек бақылаушы ретінде барған еді.

3-кесте. II-ші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Олимпиадалық ойындардың нәтижелері

№/№	Өткізу жылы	Өткізетін елдер мен қалалар	Қатысушы елдер саны	Қатысушы спортшылар саны	Алтын медальдар саны	I жалпы командалық орынды жеңіп алған ел
1	2	3	4	5	6	7
XIV-жазғы V-қысқы	1948	Лондон, Англия Санкт-Мориц, Швейцария	58 28	4062 878	136 22	АҚШ Швеция
XV-жазғы VI-қысқы	1952	Хельсинки, Финляндия Осло, Норвегия	69 30	5867 732	149 22	КСРО- АҚШ Норвегия
XVI-жазғы VII-қысқы	1956	Мельбурн, Австралия Кортика-д, Ампеццо, Италия	68 32	3342 923	153 24	КСРО КСРО
XVII-жазғы VIII-қысқы	1960	Рим, Италия Скво-Вэлли, АҚШ	85 30	5396 648	154 27	КСРО КСРО
XVIII-жазғы IX-қысқы	1964	Токио, Жапония Инсбрук, Австрия	95 36	5586 933	165 34	КСРО КСРО
XIX-жазғы X-қысқы	1968	Мехико, Мексика Гренобль, Франция	113 37	6626 1293	174 35	АҚШ Норвегия
XX-жазғы XI-қысқы	1972	Мюнхен, Германия Саппоро, Жапония	123 35	10088 1128	196 35	КСРО КСРО
XXI-жазғы XII-қысқы	1976	Монреаль, Канада Инсбрук, Австрия	88 37	6189 1261	198 36	КСРО КСРО
XXII-жазғы XIII-қысқы	1980	Мәскеу, КСРО Лэйк-Плэсид, АҚШ	81 37	5923 1283	203 38	КСРО ГДР (шығыс Германия)
XXIII- жазғы XIV-қысқы	1984	Лос-Анжелес, АҚШ Сараево, Югославия	140 49	7055 1490	220 38	АҚШ КСРО
XXIV- жазғы XV- қысқы	1988	Сеул, Оңтүстік Корея, Калгари, Канада	159 57	9627 1789	237 46	КСРО КСРО

КСРО спортшылары тек соғыстан кейін ғана қысқы Олимпиадалық ойындарға қатысуға мүмкіндік алды және бірден озат, алдыңғы қатарлы, біріншіліктерде жүлделі орындарға таласа алатын командалар қатарына еніп, сенсация жасады.

Қазақ спорт журналисі, ауыр атлетикадан спорт шебері болған Ө. Жолымбетовтың «XXII Олимпиада шақырады» кітабында келесі мәліметтер келтірілген: «1951 жылы апрель айында еліміздің олимпиялық комитеті құрылды. Сол жылы Венада өткен Халықаралық олимпиялық комитеттің сессиясында Совет Одағы оған мүше болып қабылданды. Бұл туралы француздың «Мируар спирт» газеті «Совет Одағының Хельсинкидегі олимпиадаға қатынасу ойындары қызықтыра түседі», деп жазды. Бұл кезеңде еліміз 20-дан астам халықаралық спорт федерациясының мүшесі еді., тек қана осы жылдың өзінде 21 елдің 435 спортшысы СССР-де болып, жолдастық кездесулер өткізді, 500-ден астам спортшыларымыз шет елдерде болып жарыстарға қатынасып қайтты. Бұл біздің халықаралық кездесулердегі тәжірибелерімізді байытып, Хельсинкидегі олимпиялық ойындарға мұқият дайындалуымызға мүмкіншілік жасады... 1952 жылы 19 июль күні қатты нөсер жаңбырға қарамастан ХУ олимпиадалық ойындар салтанатты түрде ашылды... Жұлделі орындарды өзара бөлісіп алған диск лақтырушы қыздарымыз Н.Пономарева, Л.Багрянцева, Н.Думбадзелердің құрметіне Совет Одағының гимні үш қайтар ойналып, орақ-балғалы алқызыл туымыз бір сәтте үш рет фин аспанына көтерілді... 1960 жылдың 25 тамызында Римдегі жүз мыңдық «Форо Италико» стадионында ХУІІІ олимпиялық ойындардың жалауы көтерілді. Осы олимпиадаға тұңғыш рет қазақ жігіті қатынасты. Ол эстафеталық жүгірісте күміс медальға ие болған Ғұсман Қосанов еді... Осы жолы Жамбыл облысы Түлкібас асыл тұқымды жылқы заводында өскен Абсент есімді сәйгүлік совет спортшысы С.Филатовқа олимпиаданың алтын медалін алып берді. Араб деген айғыр мен Баккара деген биенен туған Абсент өз уақытында ең үздік спорттық арғымақ атанды. Оның атасы Араб 1936 жылы 4300 километрді 83 күнде жүріп өтсе, Совет Одағының маршалы Г.К.Жуков осы Араб арғымағының үстінде фашистік Германияны жеңуге байланысты өткізілген 9 майдағы парадты қабылдады.»

II-дүниежүзілік соғыстан кейінгі Олимпиадалық ойындарда дүние жүзі социалистік және капиталистік жүйеге өткеннен кейін, екі

жүйе арасындағы бәсекелестік қатты өршіді. Оған мысал, 1948 ж. Лондон Олимпиадасына Германия, Жапония елдері соғысты бастаушы агрессор ретінде қатыстырылмады. 1952 ж. Хельсинкиде (Финляндия) өткен Олимпиадалық ойындарға Германия елін тағы да қатыстырмады.

Олимпиадалық қозғалыстың дамуының ең шыңына Олимпиадалық ойындарды өткізу болып саналады. 1946 ж. бастап, содан бір жыл бұрын тамыз айындағы ХОК сессиясында Ойындарды Лондонда өткізу туралы қабылдаған шешімін дүние жүзінің көптеген елдері қызу қолдап, оған дайындық жүріп кетті. КСРО бұл Ойындарға жарысушы ретінде қатысқан жоқ, себебі, мүшелерінің басым көпшілігі капитализм мүддесін қорғайтын батыс елдерінің өкілдері болғандықтан, қасақана жасалған жымсықы әрекеттердің кесірінен ұйымдастыру комитеті шақыру қағазын кеш берді. Оның үстіне, Ұлы Отан соғысының зардаптарынан ол уақытта ел әлі толық айыға қоймаған. КСРО өкілдері тек көрермен ретінде қатысып, осындай жарыстардың өткізуін, ұйымдастыруын, басқа елдердің спортшыларының көрсеткіштерін көріп, салыстырды. Лондондағы Ойындардың нәтижелері соғыстан әлемдегі неғұрлым аз зардап шеккен елдердің спортшылардың үлесінде болды. Командалық есепте АҚШ - 1; Швеция - 2; Франция - 3; Венгрия - 4 орын алды. Бұл Ойындардың ерекше спортшылары - венгрлік боксшы Ласло Папп осы және тағы екі Олимпиадалық ойындардың чемпионы, жеңіл атлетикадан «ұшқыр голланд» Фанни Бланкерс-Кун 4 алтын медаль (100, 200, 80 м барьерден өту, 4x100 м эстафета жүгіру) жеңіп алды. Бұл Ойындардың дайындығы мен өткізу соғыстан кейінгі қиын жылдарға түскендіктен, жарысқа қатысушылардың жататын орны, ішер тамағы секілді, қызмет ету түрлері ойдағыдай болмады. Дегенмен, 12 жыл өткеннен кейін барып, қайта өткізу Лондонның мерейін көтеріп, кейінгі Ойындарға жақсы бастама ретінде болды.

XV Олимпиадалық ойындар 1952 ж. Хельсинкиде (Финляндия) өтті. Бұл Ойындарға КСРО алғаш рет қатысты. Жарыстар барысында 11 әлем, 47 олимпиадалық рекордтар жасалды, оның басым көпшілігін КСРО спортшылары орындады. Кеңестік гимнасттар, ауыр атлетшілер, балуандар, атушылар, ескек есушілер үлкен жетістіктерге жетті. Медальдарға КСРО, АҚШ, Венгрия, Швеция елдері таласты. Нәтижесінде, КСРО мен АҚШ құрамалары ресми емес командалық есепте бірдей 494 ұпай жинады.

Айырмашылығы – АҚШ спортшылары 76 медаль жеңіп алғанда, КСРО спортшылары 71 медаль алған еді. Соған карамастан, дүние жүзінің спорттық қауымы кеңес спортшыларының жетістігін атап өтті. Венгрия спортшылары 16 алтын, 10 күміс, 16 қола медаль алып, жалпыкомандалық есепте 3 орынға шықты. Спортшылардың ішінен ерекше нәтижелер көрсеткен чехословак Эмиль Затопек 5000 м, 10000 м, марафондық жүгіруден жеңімпаз атанды. Осы жарыстардан бастап, Олимпиадалық ойындарда социалистік елдердің спортшылары жақсы жетістіктерге жете бастады.

XVI Олимпиадалық ойындар 1956 ж. Мельбурнде (Австралия) өтті. Бұл Ойындар халықаралық катынастың шиеленіскен жағдайында өткені туралы алдыңғы тақырыптарда айтылған, бірақ, сонда да халықтар арасындағы достық, жастардың өзара ынтымақтастығы нығая түскен еді. Бұл жарыстарда жеңіл атлетика мен атудан спортшылар 19 әлемдік, 66 олимпиадалық рекордтар орнатты. Кеңес спортшысы Владимир Куц 5000 м және 10000 м қашықтықта жеңімпаз атанды. Жалпы, кеңес спортшылары 98 медальдар ұтып алып, 624,5 ұпай жинап, ресми емес жалпыкомандалық есепте I орынға шықты. Нәтижесінде осыған дейін Олимпиадалық ойындардың «құдайы» саналған АҚШ командасы төмен сырғуға мәжбүр болды. Бұл Ойындарда Венгрия, Румыния, Чехословакия, Польша, ГДР елдері жақсы нәтиже көрсетті. Көптеген ұлттық, еуропалық, әлемдік рекордтар орнаған аталмыш Ойындарда жеңіл атлетика, жүзу, ауыр атлетика, ату, велоспорт түрлерінде шеберлілік артты. Басқа да спорт түрлерінің өкілдері өз деңгейлерін жоғарылатты. Чехословакия, Польша, Франция, Финляндия ауыр атлеттері, Франция, Италия, Венгрия, Польша, КСРО семсершілері жақсы өнер көрсетті. Оның тағы бір мысалы ретінде, 1959 ж. Чилиде өткен баскетболдан әлем чемпионатында КСРО, Болгария, Франция, Чехословакия, Венгрия, Бразилия спортшыларының ойын өрнектерінің жақсарғанын көрсетті.

XVII Олимпиадалық ойындар 1960 ж. Римде (Италия) өтті. 18 күннің ішінде Рим стадиондарында, бассейндерінде, спорттық залдарында тартысты жарыстар болып жатты. Әдеттегідей, кеңес спортшылары жақсы нәтиже көрсетіп, 103 медальдармен 683,5 ұпай алып, бейресми жалпыкомандалық есепте I-орынды жеңіп алды. 71 медальдармен II-орынды АҚШ командасы қанағат тұтты.

Олимпиадалық бағдарламаның негізгі түрі - жеңіл атлетикадан КСРО спортшылары АҚШ-тықтардан 5,5 ұпай артық жинап, 11 алтын медаль жеңіп алды. Осы Ойындарда КСРО құрамында қазақстандық желаяқ Ғұсман Қосанов қатысып, 200 м. жүгіруде күміс медальға қол жеткізген. Гимнасттар жақсы өнер көрсетіп, ауыр атлеттер 5 алтын, 1 күміс медаль жеңіп алды. Жарыстың ерекше спортшысы - кеңестік ауыр атлет Юрий Власов (537,5 кг салмақты көтерді) болды. Алғаш рет кеңестік семсершілер, велосипедшілер, желкенді қайықшылар, атбегілер алтын медаль ұтып алды. Басқа да социалистік достастық елдерінің спортшылары жақсы нәтиже көрсетті. Кейбір жекеленген спортшылар өз елдерінің беделін көтерді. Мысалы, Эфиопия, Марокко, Гана спортшылары Ойындарға енді қатысып жүрсе де, кейбір спорт түрлерінен жүлделі орындарға жетті. Егер де социалистік достастық елдерінің спортшылары өз деңгейлерін жоғарылатып жүрсе, АҚШ, Англия, Франция, Швеция секілді, алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің спортшылары өз деңгейінен төмен нәтижелер көрсетті. Римдегі Ойындар достық пен өзара түсіністік жағдайда өтті.

XVIII Олимпиадалық ойындар 1964 ж. Токиода (Жапония) өтті. Бұл Ойындар кең қанат жайған, жан-жақты дайындығы жоғары деңгейде өтті. Себебі, ірі капиталистік елдер қатарынан екі Ойындарда жалпыкомандалық І орынды КСРО олимпиадашыларына беріп қойып, сол елдердің спорттық ұйымдарының басшылығын ендігі жарыстарға тыңғылықты дайын болу керектігін ойландырып қойды. Мысалы АҚШ-та президент жанындағы дене тәрбиесі кеңесі ашылды, спортшылардың дайындығына көптеген қаражат бөлінді. Сол кездегі АҚШ президенті Л. Джонсонның өзі спортшылардың дайындық мәселелеріне байланысты кеңестерге қатысты. Олар қалайда болмасын, есесін қайтару керек болды. Одан басқа, Жапония, Англия, Франция, ГФР, Италия елдерінің спорттық ұйымдары да тығырықтан шығар жол іздеді. Әрине, мұндай жағдайда КСРО бастаған социалистік достастық елдері де қарап қалған жоқ. 95 елдердің 94 (ГФР мен ГДР сол кезде бір құрама болып барлық жарыстарға сөйтіп қатысатын) құрама командалары жиналды. Алғаш рет Азия құрылығында өтіп жатқан бұл Ойындар барлық 5 құрылық елдерінің қызығушылығын туғызды. 28 ел - Еуропа; 22 ел - Африка; 22 ел - Азия; 21 ел - Америка; 2 ел - Австралия мен Океаниядан қатысты. Алайда, мұнда да саясатқа

байланысты, КХДР мен Индонезия спортшылары Ойындардан кетуге мәжбүр болды. Бұл Ойындарда да жаңа әлемдік, олимпиадалық рекордтар орнады. Ол рекордтар өте тартысты, өткір, қызықты күрестің арқасында болды. Қайтадан КСРО құрамасы 96 медальдармен 608,3 ұпай жинап, ресми емес жалпы командалық I-орынды жеңіп алды. Кеңес спортшылары жарыстардың 20 түрлерінен 12 түрлерін жеңіп алды. III орынға біріккен неміс командасы, IV орынға жарыс иелері - жапондықтар шықты. Эфиопия спортшысы Абебе Бикила 2-ші рет марафондық жүгіруден жеңімпаз атанып, елінің абыройын асқақтатып, елінің ұлттық батыры атанды. Әдеттегідей, бұл Ойындар да жастардың мейрамы, барлық елдер, ұлттар, нәсілдер мен ұлыстардың спортшыларының достығы мен жолдастығы жағдайында өтті.

Айта кетерлігі, мұнда классикалық (грек-рим күресі КСРО кезінде солай аталатын) күрестен қазақстандық Анатолий Колесов пен қазіргі бессайыстан Виктор Минеев командалық есепте Олимпиада чемпионы атанып, еліміздің мерейін асырды.

XIX Олимпиадалық ойындар 1968 ж. Мехикода (Мексика) өтті. Мехиконың климаттық-географиялық ерекшеліктері (теңіз деңгейінен 2240 м биіктікте) спортшыларға жоғары деңгейдегі талаптар қойды. Сондықтан, Ойындардың алдында спортшылар, жаттықтырушылар, дәрігерлер ғана емес, сондай-ақ, ғалымдар да келулерін жиілетті. Жағдайларды алдын-ала тексеріп алған оларға өз спортшыларының жақсы дайындалуына мүмкіндіктер жасау міндеттері тұрды. Бұл Ойындар алғаш рет Латын Америкасында өтті. Осының арқасында тек бұл аймақтың емес, сонымен бірге, Азия, Африка дамушы елдері үшін де үлкен үлгі болды. Және бір ерекшелігі – алғаш рет теледидар арқылы әлемнің (сол уақытта өте көп болып есептелген) 0,5 млрд адамы осы жарыстарды тамашалады. Өткен Ойындарда тағы да ауыздары күйіп қалған әлемнің жетекші капиталистік елдерінің спорттық ұйымдары, әсіресе АҚШ, бар жан-тәнін салды. Мол бөлінген қаражаттан, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың көмегінен басқа, әскери, әскери-әуе, әскери-теңіз күштері де көмекке қолдарын созды. Оның үстіне, осындай климаттық-географиялық теріс әсер болатынын білген олар, басқа да (Панамерикандық Ойындар) жарыстарға қатысып, жер жағдайына біршама төселіп қалған еді. Оған қарамастан, 10 социалистік елдердің спортшылары жүлделік қордың 41,9% медальдарын,

ұпайдың 40,9% бөлігін жеңіп алғанда, одан қалған ұпайлар мен медальдар қалған 102 елдердің спортшыларының үлесіне тиді.

ГДР спортшылары алғаш рет бөлек команда болып қатысып, IV орынға 25 медальдармен (III орын Венгрия құрамасы, 32 медальдар) шықты. Жалпы командалық есепте I орынға қанша уақыт бойы жете алмай жүрген АҚШ құрамасы 106 медальдармен, 709 ұпаймен шықты. Кеңестік спортшылар - 91 медальдармен, 591,5 ұпаймен II орынға шықты. Бірақ, Ойындарда сайысқа түскен спорттың 20 түрінің ішінде кеңес спортшылары 12 түрінде алға шықты (АҚШ спортшылары 10 түрінен). Американдық атлеттер жеңіл атлетика мен жүзуден алға шықты. Саясаттың мұндағы көрінісі: осы Ойындарда алғаш рет қара нәсілді спортшылар жарыстардағы нәсілдік кемсітулерге қарсы шығу белгісі ретінде, оң қолдарының жұдырықтарын жоғары көтеріп, өздерінің наразылығын әлем жұртшылығына көрсете білді. 200 м қашықтықта жеңіске жеткен АҚШ спортшылары Т. Смит пен Д. Карлос марапаттау рәсімінде қара қолғап киген қолдарын жоғары көтеріп, жұрт назарын өздеріне аударды. Осындай «қылықтары» үшін әлгі екі спортшыны АҚШ олимпиадалық комитеті құрама командадан шығарып тастады. Африка елдерінде спорттың дамуы күшейгенінің белгісі - Эфиопия, Тунис, Кения басқа да елдердің спортшылары олимпиадалық жүлдегерлер қатарына кірді.

Жарыстардың ерекшеліктері мен есте қалар фактілері: американдық негр Р. Бимон 8 метр, 90 см. ұзындыққа секірсе, Т. Смит 200 м қашықтықты 19,8 сек. уақыт аралығында жүгірді, кеңестік спортшы Виктор Санеев үш қайтара секіруде 17 метр 39 см. ұзындыққа секірсе, ГДР спортшысы М. Гуммель ядроны 19 метр 61 см-ге лақтырды. Американдық Р. Фосбери биіктікке секіруден алдына жан салмай, тарихта өзіндік секіру әдісін ойлап тапты.

Спорт түрлерінен КСРО құрамасы сапында қазақстандық Кравченко Валерий мен Антропов Олег (ерлер командасы, волейбол), Смолеева Нина (әйелдер командасы, волейбол) Олимпиада чемпиондары, Бакулин Владимир (классикалық күрес) күміс жүлдегер атанып, Қазақстан спортының дамуына үлестерін қосты.

XX Олимпиадалық ойындар 1972 ж. Мюнхенде (Германия) өтті. Бұл Ойындар қатысушы елдер мен спортшылар саны жағынан рекорд жасады. Ойындарға алғаш рет 11 ел, соның ішінде, КХДР спортшылары қатысты. Көп спорттық жетістіктер мұнда да болды.



Спортшылар 46 әлемдік, оншақты ұлттық және олимпиадалық рекордтар орнатты. Социалистік достастық елдері қатысушылар санының 10% құрағанымен, алайда, 47,5% медальдарды, 46,5% ұпайларды алып кетті. Бұл жарыстарда КСРО спортшылары ресми емес жалпы командалық есепте қайтадан алға шығып, АҚШ құрама командасын тағы да алдын орап кетті.

4-кесте. КСРО мен АҚШ арасындағы жеңіп алған медальдардың айырмашылығы

Елдер	Жеңіп алған медальдар			Ұпайлар	Спорт түрлері бойынша I орындар
	Алтын	Күміс	Қола		
КСРО	50	27	22	664,5	19
АҚШ	33	30	30	638,5	9

ГДР спортшылары 66 медалдармен, 472 ұпаймен III орынға шықса, ГФР спортшылары 40 медальдармен, 308 ұпаймен IV орынға шықты. Әйгілі спортшылар: Людмила Турищева - гимнастика; Валерий Борзов - жеңіл атлетика (КСРО); стайер Л. Вирен - жеңіл атлетика (Финляндия); Марк Спитц - жүзу (АҚШ, осы Ойындарда 7 алтын медаль жеңіп алған), тарихта бірінші рет кеңес баскетболшылары Олимпиадалық чемпиондар атанды. Бұл ойынның тартысты өткені соншама, кеңес баскетболшылары адам айтқысыз ерлік жасады. Ақтық (финал) ойынның бітуіне 3 секунд (!) уақыт қалған кезде, 1 ұпай (!) жеңіліп тұрған кеңес спортшылары, допты ойынға қоса салысымен, допты кәрзеңкеге салып үлгерді. Сонда «жеңіс біздің қалтамызда, болды!», деп отырған американдық жаттықтырушысы бар, ойыншысы бар құрама есеңгірегені сонша, марапаттауға шықпай қалды. Реті келгенде, айта кететін жайт: «ақтық сайыста төрешілер КСРО құрамасына жақтасты», деген пиғылда болған АҚШ-тың баскетболдан құрама командасы наразы болғаны соншалық, міне, жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, өздеріне тиесілі күміс медальдарын әлі алмаған. Ол күміс медальдар әлі күнге дейін Олимпиадалық мұражайда сақтаулы тұр. Оның үстіне, «кімде-кім аталмыш мұражайдан өз медальдарын барып алса, сол елдің мүддесін сатқан опасыз болады» деген тыйымнан кейін ешбір спортшы барған емес. Және сол кезде құрама команда үшін ойнаған ойыншылардың «негізінде, бұл ойынды біз жеңдік», деген менсінбеушілік ойлары көкейінде әлі күнге дейін жүр.

Аталмыш аңызға айналған ақтық ойынға КСРО құрамында қазақ Әлжан Жармұхамедов те қатысқан. Бұдан басқа, волейболдан Смолеева Нина, классикалық күрестен Резанцев Валерий Олимпиада чемпионы атанса, Солдатенко Вениамин (жеңіл атлетика), Абоимов Виктор (жүзу) құрметті II-орынға қол жеткізіп, күміс жүлдегер болды. Ал, Валетов Игорь (семсерлесу), Кравченко Валерий (волейбол), Назаренко Анатолий (классикалық күрес) қола жүлдегер атанып, қазақ спортының атын шығарып, құрметке бөленді.

Мюнхенде ХОК сессиясы өтіп, онда олимпиадалық қозғалысты одан әрі дамыту мақсатында біраз шешімдер шығарды. Жаңа олимпиадалық спорт түрлері, атап айтса, әйелдер арасында баскетбол, қол добы, академиялық ескек есу түрлері қосылды.

Оңтүстік Африка Республикасы үкіметінің апартеидтік, нәсілдік саясаты үшін, спортшылары Ойындардан қуылды. ХОК президенті Э. Брэндедждің орнына лорд М. Килланин (Ирландия) сайланды. Саясаттың әсері ойындарға кесірі болғанының тағы бір мысалы: 1972 ж. Мюнхендегі (Германия) Олимпиадалық ойындарда жантүршігерлік қанды оқиға болды. Оқиғаның бастамасы сонау 1947 ж. БҰҰ шешімімен Израильді мемлекет етіп, араб елінің территориясынан (Палестина) жер беріп, өз алдына дербес еткен, ал Израиль мемлекеті сол кезде «Арабтар қысым жасап жатыр» деген желеумен, 1967 ж. соғыс ашқан еді. Соның кегін алмақшы болған араб террористері Мюнхен Олимпиадасы болып жатқан жерде, олимпиадалық қалашықта Израиль командасын тұтқиылдан басып алып, жергілікті полициямен сәтсіз келіссөздер өткізу кезінде, қаны қарайған террористер бүкіл команданы қырып жіберген еді. Бұрын мұндай жағдай болмаған, Олимпиадалық ойындарды өткізу кезінде тек бейбітшілік болатын заман бола береді, деген ойда болған ойындарды өткізуші елдердің қауіпсіздік қызметіне үлкен жүктеме болды.

XXI Олимпиадалық ойындар Монреальда (Канада) өтті. Ол кезде Канада үлкен қиындықтарды басынан кешірді. Елде инфляция өсті, кәсіпкерлер еңбек шарттарын қатайтты, таптық күрес шиеленісе түсті, спорттық ғимарат құрылыстарында ереуілдер көбейіп кетті. Ойындарға дайындық баяу өтті. Ойындардың басталуы тағы келеңсіздік оқиғамен жалғасты. Оңтүстік Африка Республикасы нәсілшілерімен спорттық қатынастар жасаушы Жаңа Зеландия спортшыларын осы Ойындарға шақырғанына Африка спорты Жоғары кеңесі наразылық білдіріп, оның шешімі бойынша Тунис, Эфиопия, Ливия т.б. елдері секілді, 28 мемлекеті Ойындардан кетіп қалды. Спорттық

тұрғыдан алғанда, бұл Ойындарда спортшылар 34 әлемдік, 82 олимпиадалық рекордтар жасады. Әдеттегідей, социалистік достастық елдерінің спортшылары жақсы өнер көрсетіп, 613 медальдардың ішінде 344-ін (56,1%) жеңіп алды. КСРО мен ГДР Белдерінің спортшылары I-II орындарға ие болып, АҚШ құрамасы III орынға жылжыды. Мұндай жеңілісті АҚШ құрамасы барлық 80 жылдық Олимпиада тарихы бойынша көрген жоқ еді. Сонымен бірге, олимпиадалық спортта тек жоғары көрсеткіштерге ие болып жүрген Италия, Англия, Франция сияқты, ірі капиталистік елдер осы Ойындарда ондыққа да ілінбеді. КСРО 125 медальдармен, 792,5 ұпаймен I орынға, ГДР 90 медальдармен, 638 ұпаймен II орынға, АҚШ 94 медальдармен, 603,75 ұпаймен (АҚШ құрамасының медаль саны көп болғанымен, алтын жүлделері аз) шықты.

Монреаль Олимпиадасында Қазақстанның атын спорттық гимнастика майталманы, шымкенттік Нелли Ким бірнеше дүркін Олимпиада чемпионы атанса, баскетболдан әйелдер арасында Надежда Ольхова, классикалық күрестен Анатолий Быков пен Валерий Резанцев, ауыр атлетикадан Юрий Зайцев те еліміздің атағын аспанға көтеріп, Монреаль Олимпиадасының чемпионы атанды. Сонымен қатар, еркін күрестен Александр Иванов пен Нелли Ким күміс жүлдеге қол жеткізіп, қазақтың мерейін асырды.

XXII Олимпиадалық ойындар Мәскеуде (КСРО) өтті. Оған бұл құқық 23 қазан 1974 ж. өткен ХОК-тің 75-ші сессиясында берілді. Тұңғыш рет социалистік елде Ойындардың өтуі, халықаралық достастыққа қарсы елдер үшін үлкен соққы болды. Саяси, экономикалық шантаж жасап және т.б. құйтырқы әрекеттер істеп, Ойындарды өткізбеуге тырысты. 1979 ж. «КСРО елі Ауғанстанға заңсыз басып кірді, дүниежүзілік құқықты аяққа таптады» деген желеумен Олимпиадалық ойындарға қатыспай қойғанымен тұрмай, өз саясатын жақтайтын одақтастарын да соған көндіріп, бойкот жариялады. Соның кесірінен, дүние жүзілік спортта көшбасшы елдер де қатыспады. Оған қарамай, бұл Ойындар барлық жағынан да жоғары деңгейде өтті. Вьетнам, Ангола, Зимбабве, Лаос, Мозамбик елдерінің өкілдері өз тарихында алғаш рет қатысты. Бұл Ойындарда 36 әлемдік, 74 олимпиадалық, 39 еуропалық және көптеген ұлттық рекордтар орнады. 25 елдің өкілдері алтын медальдар жеңіп алды. Социалистік достастық елдерінен басқа Италия, Ұлыбритания, Франция елдерінің спортшылары жақсы көрсеткіштерге жетті.

Жарыстарда ерекше нәтиже көрсетіп, чемпион атанғандар: Владимир Сальников (КСРО) - 1500 м еркін стильде жүзуден 14 минут, 58,27 секунд уақыт көрсетті; Г. Вессиг (ГДР) - 236 см биіктікке секірді; В. Козакевич (Польша) - 578 см биіктікке сырықпен секірді; Л. Домбровски (ГДР) - 854 см ұзындыққа секірді; Юрий Варданян (КСРО) - ауыр атлетикадан әлемдік рекордтарды 5 рет жаңартты; Теофилио Стивенсон (Куба) - бокстен; эфиоп М. Ифтер - 5000 және 10000 м жүгіруден; ағылшын Себастьян Коу - 1500 м жүгіруден; итальяндық әйел С. Симеони - ұзындыққа секіруден; финн П. Карпинен - жекелік қайықта академиялық ескек есу; Зимбабве әйелдер құрамасы - көгалдағы хоккейден. Жарыстар Таллинн, Минск, Ленинград, Киев қалаларында да өтті. Ойындардың ашылу және жабылу салтанаты естен кетпестей болды. Өте әдемі мәдени бағдарламасы, қонақтар мен жарысқа қатысушыларға барлық жағдайлар жасалған мұндай Ойындар адам қызығарлықтай болды. Бұл жарыстарды жер шарының 1,5 млрд-тан астам адам теледидардан тамашалап, 5 млн-нан астам көрермендер қатысты.

Мәскеу Олимпиадасында спорт түрлерінен кеңестік құрама командасы сапында көптеген қазақстандық спортшылар қатысты. Атап айтсақ, күрестен 48 кг. салмақтағы Жақсылық Үшкөмпіров, 57 кг. салмақтағы Шәміл Серіков, баскетболшы Надежда Ольхова, ауыр атлетші Виктор Мазин, судағы полошы Сергей Котенко, жеңіл атлетші Владимир Муравьев, шымкенттік гимнастшы Нелли Ким (бірнеше дүркін) Олимпиада чемпиондары атанса, бокстан 63,5 кг. дейін салмақтағы Серік Қонақбаев пен 60 кг. салмақтағы Виктор Демьяненко, классикалық күрестен Анатолий Быков күміс жүлдегер атанды. Сондай-ақ, жеңіл атлетші Татьяна Лессовая, көгалдағы хоккейшілер Фарит Зигангиров, Минеулла Азизов, Михаил Нечипуренко, Александр Мясников, Сос Айрапетян және Александр Гончаров тамаша нәтижелер көрсетіп, бұл Ойындарда қола жүлдегерлер атанды.

Мәскеудегі Ойындардың ашылуы қарсаңында ХОК-тің 83 сессиясы өтті. Онда ХОК-тің жаңа президенті болып Хуан Антонио Самаранч сайланды. Мәскеу Ойындарының ұйымдастыру жағы 1980 ж. Лейк-Плэсидте (АҚШ) өткен қысқы Олимпиадалық ойындардан өте қатты айырмашылығы болды. Ондағы Ойындардың ұйымдастырылуы нашар болғаны сонша, билет сатудан бастап, көлік қатынастарына дейін тәртіпсіздік жайлады.

XXIII Олимпиадалық ойындар Лос-Анжелесте (АҚШ) өтті. Мазмұны мен бағыттамасы, сапасы бойынша бұл Ойындар Мәскеу Ойындарынан айырмашылығы жер мен көктей болды. Мұнда көптеген жанжалдар мен Олимпиадалық хартияның қағидаларын бұзушылық орын алды. Осындай жағдайларды алдын-ала сезгендей, социалистік достастық елдерінің (сол кездегі социалистік елдер: Албания, Болгария, Венгрия, Вьетнам Социалистік Республикасы, Германия Демократиялық Республикасы, Корея Халық Демократиялық Республикасы, Куба, Моңғолия, Польша, Чехословакия, Югославия, Қытай Халық Республикасы) спортшылары бұл Ойындарға бармай қойды. Тек, Румыния елінің спортшылары бойкотты қолдамай, кейбір спорт түрлерінен өздігінше қатысты. Соның кесірінен, көптеген спорт түрлерінен көрсетілген нәтижелер төмен болды. Бұл Ойындарда бар болғаны 11 әлемдік, 36 олимпиадалық рекордтар орнады. Ойындардың иелері АҚШ құрамасы жеңіл атлетикадан 16 алтын, жүзуден - 21 алтын, бокстан - 9 алтын, еркін күрестен - 7 алтын медальдар жеңіп алып, ресми емес командалық есепте I орынға шықты. Ерекше нәтиже көрсеткен спортшы - Карлсон Льюис - 4 алтын медаль (100 және 200 м жүгіру, 4x100 эстафеталық жүгіру, ұзындыққа секіру) жеңіп алды. Ойындардың кейбір түрлерінен төрешілер әділетсіздік танытты. Мысалы, бокстан АҚШ құрамасы 12 салмақ категориясы бойынша 9-ынан чемпиондық тұғырға көтерілсе, еркін күресте 10 салмақ категориясынан 7-де чемпион атанды. Социалистік достастық елдері болса жарар, алайда, жарыстар барысындағы әділетсіздікті басқа емес, ағылшын, оңтүстік корейлік делегациялары көріп, шағым түсірді. Гимнастикадан командалық есепте ерлерден американдықтар, әйелдерден - румындықтар жеңіп алды. Ерлер арасында спорттың бұл түрінен К. Гусикен (Жапония), әйелдер арасында - М.Л. Реттон (АҚШ) абсолюттік чемпион атанды.

XXIV Олимпиадалық ойындар Сеулде (Оңтүстік Корея) 1988 жылы 17 қыркүйектен 2 қазанға дейін уақытта өтті. Бұл Ойындар оның алдындағы екі Ойындарға қарағанда, достық, ынтымақтастық, халықаралық жағдайдың ыңғайлы жағдайында өтті. Себебі, дүние жүзіндегі екі альп ел КСРО мен АҚШ арасында бейбітшілік тұрғыдағы жоғары деңгейлік кездесулер болып, әлемдегі саяси жағдай тыныштала бастады. Сондықтан, бұл Ойындарға ХОК таныған 167 елдерден 160 мемлекеттер қатысты. 10 ҰОК (Гуам,

Аруба, Кук Аралдары және т.б.) тұңғыш рет қатысты. Өкінішке орай, Куба, КХДР елдері Ойындардың екі Корея елдерінде де өтсін деген талаптарын ХОК қолдамаған соң, ал Никарагуа, Ангола, Эфиопия және тағы кейбір елдердің спортшылары өздеріне белгілі бір себептермен қатысқан жоқ. Алдын-ала сақтық іс-шараларын қолданғанның арқасында ешқандай да террорлық актілер, қақтығыстар, ереуілдер және т.б. жағымсыз іс-әрекеттер болған жоқ. Ойындарда 9627 спортшылар, соның ішінде, 7150 ерлер мен 159 ұлттық олимпиадалық комитеттерінен 2477 әйелдер қатысты. Тек Бруней ҰОК 1-ак ер спортшы жіберді. Спорттық делегация құрамы саны жағынан: АҚШ - 612, КСРО - 518, Оңтүстік Корея - 467, ГФР - 407, Канада - 382, Ұлыбритания - 370, ҚХР - 293, ГДР - 288 спортшы жіберді. Спорттың 28 түрінен 237 жұлде тігілді. Алдыңғы Ойындарға қарағанда, 16 спорт түрлері қосылды. Ойынға енген жаңа спорт түрлері: теннис, үстелдегі теннис (пинг-понг), әйелдер үшін 10000 м жүгіру, велоспорттағы әйелдер спринті және т.б. кірді.

Нәтижесінде КСРО құрамасы 55 алтын, 31 күміс, 46 қола – барлығы 132 медальдармен, 879,5 ұпаймен I орынға шықты. ГДР құрамасы 37 алтын, 35 күміс, 30 қола – барлығы 102 медальдармен, 636 ұпаймен II орынға шықса, АҚШ құрамасы 36 алтын, 31 күміс, 27 қола – барлығы 94 медальдармен, 579,5 ұпаймен III орынға шықты. Барлығы 52 елдің спортшылары олимпиадалық медальдарды жеңіп алды. Социалистік достастық елдері (КСРО, ГДР, ВХР, БХР, РСР, ҚХР, ЮСФР, ЧСР, ПХР, МХР) 133 алтын, 100 күміс, 124 қола медальдар ұтып алды. Әрине, бұл көрсеткіш барлық алтын медальдардың 55,4%, ал барлық медальдардың 48,3% еді. Ойындарда 30 әлемдік, 104 олимпиадалық рекордтар, соның ішінде, кеңестік спортшылар – 7 әлемдік, 55 олимпиадалық рекордтар орнатты. Ерекше нәтиже көрсеткен спортшылар: Кристина Отто (ГДР, жүзуден) – 6 алтын, Мэтт Бионди (АҚШ, жүзуден) – 5 алтын, В. Артемов (КСРО, гимнастикадан) – 4 алтын медальдар. Кеңестік футболшылар 1956 ж. Мельбурн Олимпиадасында қол жеткізген жетістіктерін тағы да осы Ойындарда қайталады. Тартысты өткен ойындарда жақсы нәтижелер көрсетіп, Сеул Олимпиадасының чемпиондары атанды. Жеңіл атлетикадағы балға (молот) лақтыру мен сырықпен секіруде, гимнастикалық көпсайыста пьедесталдың барлық жұлделік орындарында тек кеңес спортшылары ғана тұрды! Бұл да жетістіктің үлкен түрі.

Олимпиадалық ойындар барысында көптеген сенсациялар болып жатты. Мысалы, ешкім ойламаған жерден суринамдық жүзуші Энтони Нести 100 м баттерфляймен жүзуде 53,0 секунд уақыт көрсетіп, өз елінің тұңғыш олимпиадалық чемпионы атанды.

Спорт түрлерінен КСРО құрамында өнер көрсеткен қазақстандық спортшылар да аз болмады. Қазақстандық спортшылар үшін Сеул Олимпиадасы ең нәтижелі, табысты деп айтуға тұрарлық. Себебі, спорт түрлерінен КСРО құрамында 29 қазақстандық спортшылардың 16-сы жүлдегер, ал 9 спортшы Олимпиада чемпионы атанды!

Айта кетерлік тағы бір статистикалық жәйттерге көз салсақ: 1952 жылдан бері Олимпиадалық ойындарға қатысып келе жатқан спорт түрлерінен КСРО құрамасы сапында 1956 және 1960 жылдардағы Олимпиадалық ойындарға – 1 спортшы; 1964 ж. Токио Олимпиадасына – 2 спортшы; Мехико Олимпиадасына – 6 спортшы; Мюнхен Олимпиадасына – 9 спортшы; Монреаль Олимпиадасы – 11 спортшы; Мәскеу Олимпиадасы – 19 спортшы қатысқан. Сол кездегі КСРО елдерінің ішінде Ресей, Украина және Белоруссиядан кейін Қазақстан құрамы жағынан 4-ші болып, спорты жақсы дамыған Литва, Грузия, Эстония, Латвия, Өзбекстан, Өзірбайжан және Армения елдерінен әлдеқайда озып кеткен еді.

Құрамында біраз спортшысы Алматыдан, Жезқазған – 2; сол кездегі Целиноград облысынан – 2; Шымкент, Жамбыл, Қаратау, Ақтөбе, Балқаш, Қарағанды, Теміртау, Қостанай, Семей, Павлодар және сол кездегі Петропавл облысынан құралған спортшылар еліміздің намысын берген жоқ. Ол кезде дүние жүзін мойындатқан, қахарлы да, алып держава Кеңес Одағының ыдырайтынын, әрине, ешкім білген жоқ. Сондықтан да, бұл КСРО тарқап кетудің алдындағы соңғы Олимпиада еді. Оның үстіне, елдегі болып жатқан саяси хал-ахуалдар, республикалардың тәуелсіздікке ұмтыла бастағанының куәсі еді. Ия, бір кездерде бір елдің намысы үшін спорттық бақталастыққа түскен Литва, Грузия елдері, кейіннен оларға қосылған басқа да одақтас республикалар осы Сеул Олимпиадасынан кейін спорт түрлерінен одақтық жарыстардан бас тарта бастаған кезі еді. Сеул Олимпиадасында кеңестік спортшылар медальдік көрсеткіште рекордқа жетті (155 медаль, соның ішінде, 55 алтын медаль). Мәскеу Олимпиадасында көрсеткіштер бұдан да жақсы болғанымен, ол кезде спорт алпауыттары саналатын АҚШ,

ФРГ, Жапония елдерінің спортшылары толығымен, ал Ұлыбритания мен Франция тек кейбір спортшылары ғана, жалпы алғанда, бойкот жариялауға байланысты, әлемнің 50 шақты елдері келмей қалған. Яғни, бақталастық деңгейі болмады, десе де болатын. Одан кейінгі Лос-Анжелес Олимпиадасында да сондай қалып сақталғандықтан, 12 жылдан соң, әлемнің спорт алпауыттары саналатын КСРО мен АҚШ-тың теке-тіресін бүкіл дүние жүзі күткен еді.

Корея түбегінің екі бөлігінде де Ойындар өткізілсін, деген Корея Халық Демократиялық Республикасымен ынтымақтастықтағы бірнеше социалистік елдер, соның ішінде, Куба келмей қалғандықтан, бокс турнирінің деңгейі ойдағыдай болмады.

Сонымен, қазақстандық спортсүйер қауым бұл Олимпиадада гимнастшылар Валерий Люкин мен Владимир Новиков, жеңіл атлетшілер Виталий Савин мен Виталий Муравьев, волейболшылар Ольга Кривошеева мен Ольга Чебукина, баскетболшы Валерий Тихоненко, футболшы Евгений Яровенко, ауыр атлетші Анатолий Храпатыйдың алтын медальдарына сүйсінсе, екі рет күміс жүлдені иеленген тағы да гимнастшы Валерий Люкин, классикалық күрес палуаны Дәулет Тұрлыхановтың жеткен биіктіктеріне қуана қол шапалақтағаны, қола жүлдегер атанған боксшы Александр Мирошниченко мен судағы полошылар Мендығалиев Нурлан мен Сергей Котенко, суда жүзуші Константин Петров, баскетболшы Ирина Герлиц, жеңіл атлетші Григорий Егоров сынды ел мақтаныштары жайлы мақтау айтпаған жанкүйер болмады десек, артықтық болмас. Сонымен қатар, алматылық биіктікке секіруші жеңіл атлет Ольга Турчак пен байдаркада есуші Александра Апановичтің 4-ші орнын, найза лақтырушы жеңіл атлет Виктор Евсюковтың 5-ші орнын, суда жүзуші Вадим Алексеевтің 6-шы орнын, КСРО құрамындағы Михаил Нечипуренко, Игорь Атанов, Игорь Юльчиев, Сергей Шахворостов и Александр Мясников сынды ватерполшылардың (барлығы да Алматының «Динамо» командасынан) 7-ші орнын, боксшы Евгений Зайцевтің 8-ші орнын, петропавлдық марафоншы Зоя Иванованың 9-шы орнын, орын алмаса да, өнегелі өнер көрсеткен мылтық атушы Владимир Вохмяниннің дүбірлі жарыста қаймықпай, күш-еркін жани қатысқанын міндетті түрде атап өткен жөн.

Дәулет Тұрлыханов топтық жарыстарда бәрін (иран, чех, түрік, швед, венгр, француз палуандары) жеңіп шығып, ақтық сайысқа



өзінің тобында бір жеңілісі бар жергілікті оңтүстіккореялық палуан Кинг-Юнг Наммен шығады. Спорттың бұл түрінің бүге-шігесін білетін спортсүйер қауым аталмыш жекпе-жекте өрескел бұрмалаушылықтың кесірінен жеңісті жергілікті палуанға берді, деп осы күнге дейін төрешілерді айыптайды.

Ойындардағы барлық жарыстар жақсы болып, тамаша болып біткен жоқ. Сонымен бірге, қайғылы жағдайлар, драмалар да болып жатты. Олимпиадалық жақсы дәстүрді Канада, Болгария, Венгрия, Ұлыбритания, Ауғанстан т.б. елдерінің 10 спортшысы допинг қолданып, нәтижесінде ұсталып, ойынның шырқын бұзды. Кейбір спорт түрлерінде (бокс, күрес түрлері) төрешілік объективті болмады. Мысалы, американдық боксшы Рой Джонс (кейіннен бұл боксшы кәсіпқой бокста үлкен жетістіктерге жетеді) ақтық сайыста қанша басымдыққа жетсе де, жеңісті оңтүстік корейлік боксшыға бергенде, көпе-көрнеу әділетсіз төрешіліктің шешіміне жергілікті боксшының ұялғаны соншама, өзінің қарсыласынан жұрт көзінше кешірім сұрайды. Сондай келеңсіз қылықтардың кесірінен дарынды спортшылардың бағы байланып, жергілікті (Оңтүстік Корея) спортшылар жеңіске жетіп жатты.

Халықаралық олимпиадалық комитет пен ұлттық олимпиадалық комитеттерге мұндай келеңсіздік жағдайларды болдыртпаудың амалдарын қарастыру керек еді. Ол үшін жұмыла іс атқарып, ізгі олимпиадалық идеалдарды одан ары қошеметтеу үшін барлық елдерді біріктіру қажет болды.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

- 1. Олимпиадалық ойындар қай жылдар аралығында үзілді және оның негізгі себебі неде еді?*
- 2. Үзілістен кейінгі Олимпиада ойындарын қай жылы, қай жерде өткізуге шешім қабылданды және ол шешім қайда қабылданды?*
- 3. Осы кезеңдегі КСРО құрамасының спортшылары алғаш рет қатысқан Олимпиада ойындары қай жылы және қайда өтті?*
- 4. КСРО спортшыларының Олимпиадалық ойындарда үздік өнер көрсетуінің басты себептері неге байланысты еді?*
- 5. КСРО құрамасы қатарында Олимпиада ойындарында қазақ спортшыларынан кімдер шықты және олар қай спорт түрлеріне қатысты болды?*
- 6. Жалпы КСРО тарағанға дейін жазғы Олимпиадалық ойындары ішінде ең көп спортшылар қатысқан ойын қашан және қайда өткізілді?*

## 1.8 Қысқы Олимпиадалық ойындар

Қысқы Олимпиадалық ойындар (бейресми атауы – Ақ Олимпиада) – 1924 ж. бастап ХОК өткізіп жатқан спорттың қысқы түрлерінен бүкіләлемдік кешенді жарыстар. Ең бірінші рет қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізу туралы 1911 ж. Будапештте өткен ХОК сессиясында талқыға салынды. Оның алдында 1908 ж. Лондондағы Ойындарда мәнерлеп сырғанаудан жарыстар болған. Алайда, дәстүрлі Солтүстік ойындардың иелері, норвегиялық Холменколлендегі жарыстар мен аталмыш ойындарға кесірі тиеді, деген скандинавтық елдердің өкілдері үзілді-кесілді қарсы болды. Тек, 1920 ж. ғана Антверпенде Олимпиада бағдарламасына канадалық хоккей енгізілді. 1924 ж. ХОК-тің көмек етуімен Францияда Қысқы спорттық апталық өтті. Бір жылдан соң Прагадағы конгрессте алғашқы Олимпиадалық ойындардың статусы берілді.

*I-Қысқы Олимпиадалық ойындар* 1924 ж. 25 қаңтарынан 4 ақпанына дейін Шамони қ. (Франция) өтті. Жарысқа 16 елдің 300 шақты спортшылары қатысты. Жарыс бағдарламасына – шаңғы спортынан жарыстар, конькидегі жылдамдата жүгіру, бобслей, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей түрлері енді. Әйелдер тек мәнерлеп сырғанауға ғана қатысты. Норвег спортшысы Турлейф Хауг 18 және 50 км қашықтықтарда және солтүстік екісайысы, деп аталатын – трамплиннен секіру мен 18 км шаңғыда жүгіруден жеңіске жетіп, «Шаңғыда жүгіру королі» атағын жеңіп алғаны және қысқы Олимпиадалық ойындардың алғашқы чемпионы болғаны үшін жерлестері өзіне көзі тірісінде ескерткіш орнатты. Сонымен қатар, финдік коньки тебуші Клас Тунберг үш алтын медалін жеңіп алды. Хоккейден дәстүрдегідей, канадалық спортшылар жеңіп алды. Айта кетерлігі, канадалық хоккейшілер қарсыластар қақпасына 103 шайба салып, өздері бар болғаны 3-ақ шайба жіберіп, Ойындар чемпионы атанды. Жалпы командалық есепте Норвегия спортшылары жеңіске жетті.

*II-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1928 ж. 11-19 ақпаны аралығында Санкт-Мориц қ. (Швейцария) өтті. Оған 25 елдердің 500-дей спортшылар қатысты. Алғаш рет Германия, Литва, Нидерланды, Эстония, тіптен, мүлдем «қысқы» емес Аргентина, Мексика және Жапония секілді елдер қатысты. Күннің жылып кетуіне байланысты, коньки тебушілердің 10000 м. жүгіру

жарыстары өтпей қалды. Жарыстың сенсациясына әті 16 жасқа да толмаған норвежтік Соня Хенидің алтын медаль жеңіп алуын жатқызуға болады. Тура өткендегі Ойындардағыдай, коньки тебуші К. Тунберг 2 алтын жеңіп алды, канадалық хоккейшілер жеңіске жетті және бейресми командалық есепте Норвегия командасы тағы да бірінші орынды жеңіп алды.

*III-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1932 жылдың 4-12 ақпаны аралығында АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қ. өтті. Континентаралық мұхит жолының ауырлығы мен қаражат әсерінен бұл жолы жарыстарға 17 елдің 300-дей спортшысы қатысты. Алғаш рет қысқы Олимпиадалық ойындар Батыс жартышарында болды. АҚШ пен Канада елдерінің спортшылары жарысқа қатысушылардың жартысынан астамын құрады. Американдық ұйымдастырушылардың талабымен коньки тебушілердің жарыстары жергілікті ережелер шартымен – барлық жарысқа қатысушылар үшін бірдей жалпы старт берілу арқылы өткізілді. Сондықтан да, барлық 4 алтын медальдарды АҚШ коньки тебушілері жеңіп алды. Сонымен бірге, американдық бобслейшілер де жеңіс тұғырына көтерілді. Еуропалық спортшылар бұл жолы жалпы шаңғы спортында 4 медаль, мәнерлеп сырғанауда 3 медаль ғана жеңіп алды. Бұл жолы да Соня Хени ешкімге дес бермеді.

*IV-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1936 жылдың 6-16 ақпан аралығында Гармиш-Партенкирхенде (Германия) өтті. Бұл жарыстарға 28 елдердің 750-ден астам спортшылары қатысты. Алғаш рет Австралия, Болгария, Греция, Испания, Түркия елдері жарыстарға қатысты. Бағдарламаға алғаш рет ерлер мен әйелдер арасында тау шаңғышыларының жарыстары және ерлер арасында шаңғы эстафетасы енгізілді. Соня Хени бұл жарыстарда өзінің үшінші рет алтын медалін жеңіп алса, ал оның отандасы И. Баллангруд – үш алтын, бір күміс медальдарын ұтып алды. Хоккейшілер арасында да сенсация болды – канадалық хоккейшілер тұңғыш рет бірінші орын үшін ақтық сайыста түп-тамыры канадалық Ұлыбритания хоккейшілерінен жеңіліп қалды.

*V-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1948 жылдың 30 қаңтар-8 ақпан аралығында қайтадан Санкт-Мориц қ. (Швейцария) өтті. Ойындарда Швеция, Швейцария, АҚШ, Норвегия спортшылары алдыңғы орындарда болды.

Айта кетерлігі, тарихтан білетініміздей, XX-ғасырдың 30-шы жылдарының аяғында герман, итальян фашизмінің және жапон

империализмінің өршіп қаулап тұрған шақтарында, әрі десе, дүниежүзілік соғыстардың басталып кетуімен 1940 және 1944 жж. ету керек болған Олимпиадалық ойындар тоқтап қалған еді. Дүние жүзінің прогресшіл халқы айыптаған бұл сұмдық жауыздық соғыс біткен соң ғана, 1948 ж. бастап Олимпиадалық ойындар қайта жалғасын тауып кеткен еді.

Сонымен, аталмыш Олимпиадалық ойындарда 28 елден келген 700-ден астам спортшылар қатысты. Алғаш рет қатысушы елдердің санына Дания, Исландия, Ливия, Чили, Оңтүстік Корея кірді. Ойындардың бағдарламасына тау шаңғысының тағы да екі түрлері – жылдамдата шаңғымен түсу және слалом (ерлер және әйелдер арасында) енгізілді.

Бейресми командалық біріншілік үшін Швеция, Швейцария, АҚШ және Норвегия командаларының арасындағы тартысты күресте Швеция құрама командасы жеңіп алды. Осы Ойындарда американдық мәнерлеп сырғанаушы Ричард Баттон өзінің акробаттық стильде сырғанауымен көрермендер мен төрешілерді таң қалдырып, мәнерлеп сырғанауда жаңа бағыттың, әдістемелік тұрғыдағы жаңа мектептің ашылуына себепкер болуымен тарихта аты қалды.

*VI-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1952 жылдың 14-25 ақпан аралығында Осло қ. (Норвегия) өтті. Онда әлемнің 30 елдерінен жиналған 700-ден астам спортшылар қатысты. Жаңадан қатысушы елдер – Жаңа Зеландия, Германия Федеративті Республикасы, Португалия. Жарыс иелері – норвегтер өздерінің дәстүрлі «сүйікті» спорт түрлерімен қоса (шаңғы жарыстары мен коньки тебу спорты), слаломда (күміс және қола медальдар) және алып слаломда (алтын медаль) алғаш рет жеңіп алды. Мұнымен қоса, С. Эриксен тау шаңғышыларының бірнеше ұрпақтары үшін негізгі әдіс болып табылатын тұңғыш рет жаңа «аяқ техникасын» (нақ сол техниканың көмегі арқасында қимыл-қозғалыс бағытының өзгеруі) қолданды. Мәнерлеп сырғанаушы ерлер арасында Р. Баттонға (АҚШ) тең келер ешкім болмады. Норвегия, АҚШ, Финляндия елдерінің спортшылары жүлделі орындардан көрінді.

*VII-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1956 жылдың 26 қаңтар мен 5 ақпан аралығында Кортина-Д'Ампеццо қ. (Италия) өтті. Олимпиадалық ойындарға алғаш рет қатысушылар – КСРО, Германия Демократиялық Республикасы (ФРГ құрамасымен

біріккен команда ретінде қатысты), Боливия, Иран. Алғаш рет жарыстардың өткізілуін тікелей теледидарлық трансляция арқылы әлем спортсүйер жұртшылығы тамашалады. Ерлер арасындағы шаңғы тебуден 18 шақырымдық қашықтықты 15 шақырымға қысқартты, әйелдер арасында жаңа бағдарламалар – шаңғы эстафетасы (3x5 шақырым) мен 10 шақырым шаңғы жарысы қосылды. Австриялық Тони Зайлер тау шаңғысы спортында үш алтын медальдарды жеңіп алды. Хоккейшілер арасында да үлкен сенсация болды – турнирге алғаш рет қатысып отырған КСРО командасы АҚШ командасын 4:0, ал хоккей ойынының Отаны болып саналатын Канада хоккейшілерін 2:0 есебімен ойсырата ұтып, чемпион атағын жеңіп алады. Спорт түрлерінен бейресми жалпы-командалық I-орынды КСРО құрамасы сенімді түрде жеңіп алды. II орынға – Австрия, III орынға – Швеция спортшылары шықты.

*VIII-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1960 жылдың 18-28 ақпан аралығында Скво-Вэлли қ. (АҚШ) өтті. Аталмыш Олимпиадалық ойындарға әлемнің 31 елдерінен 700-дей спортшылар қатысты. «Индианка Жазығындағы» Ойындардың әсерлі де, салтанатты ашылуы сценарийін Голливудтың аты әлемге мәшһүр кинопродюсері және режиссері Уолт Дисней жазды. Онда олимпиадалық отшашу да, 2500 хор да, 2000-нан астам көкке самсаған көгершіндер де, зеңбіректен ату да, өзімен бірге жанында 8000-нан астам шаңғышылардың қолдарында алау оттары бар Литтл Папиз тауынан әйгілі Мейд Лоуренстің түсуі секілді әдемі көріністерімен есте қалды. Евгений Гришин мен Лидия Скобликова бастаған кеңестік коньки тебушілер 6 алтын медальдерді жеңіп алды. КСРО бұл Ойындарда да бейресми I-орынға шықты. Жарыс бағдарламасына әйелдер арасындағы коньки тебу мен биатлон спорт түрлері қосылды.

*IX-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1964 жылдың 19 қаңтар мен 9 ақпан аралығында Инсбрук қ. (Австрия) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 37 елдерінен келген 1100-ден астам спортшылары қатысты. Ойындарда сол кездегі бағдарлама түрлілігі мен қатысушылар саны бойынша рекорд орнады. Олимпиадалық ойындардың батырлары ретінде «оралдық найзағай» – КСРО құрамасының аты әлемге әйгілі шаңғышысы Лидия Скобликова 4 алтын медаль жеңіп алуымен, сонымен бірге, швед шаңғышысы Сикстен Ернберг төрт дүркін Олимпиадалық ойындардың чемпионы

болуымен олимпиадалық жылнамаға енді. Кеңестік мәнерлеп сырғанау тарихында алғаш рет Людмила Белоусова мен Олег Протопопов кеңес құрамасына алтын медальдар сыйлады. Нақ осы Ойындарда кеңес хоккейшілері де өте тартысты өткен ақтық сайыста алтын медальдарды жеңіп алады.

*X-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1968 жылдың 6-18 ақпан аралығында Гренобль қ. (Франция) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 37 елдерінен келген 1100-ден астам спортшылары қатысты. ГДР мен ФРГ командалары тарихта тұңғыш рет екі бөлек, тәуелсіз команда ретінде қатысты. Сауда бизнесі мен жарнама қай уақыт болса да, өз пайдасын шешіп жүреді. Соған байланысты, осы Ойындарда алғаш рет шаңғыларда жарнамалық жазбаларды қолдану жөнінде ХОК-тің арнайы мәжілісінде рұқсат беріледі. Ойындар барысын сол кездегі рекордтық деп саналатын 600 миллионнан астам спорт сүйер телекөрсермендер теледидардан тамашалады. Олимпиадалық ойындардың батыры және Францияның ұлттық батыры болып, жарыстар кезінде үш алтын жеңіп алған тау шаңғышысы Жан-Клод Килли танылды. Кеңестік мәнерлеп сырғанаушылар Людмила Белоусова мен Олег Протопопов екі дүркін Олимпиада чемпиондары атанды. Әйелдер арасында жалғыз мәнерлеп сырғанауда «мұз ханшайымы» американдық мәнерлеп сырғанаушы Пегги Флеминг (сөз ретіне қарай айта кету керек – бұл АҚШ құрамасының жалғыз алтын медалі боп қалды) жеңіп алды. Кеңестік спортшы Владимир Белоусовтың жеңістік трамплиннен секіруі сенсация ретінде қабылданды (сол кездегі отандық спорттық тарихта трамплиннен секірушілер арасындағы жалғыз алтын медаль). 16 жылдық үзілістен кейін Норвегия құрама командасы бейресми командалық есепте әрең дегенде жалпыкомандалық I-орынға шықты. КСРО құрама командасы 2-ші орында, ал Австрия командасы 3-ші орынға шығып, сенсация жасады.

*XI-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1972 жылдың 3-13 ақпан аралығында Саппоро қ. (Жапония) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 35 елдерінен келген 1000-нан астам спортшылары қатысты. Азияда өткен тұңғыш қысқы Олимпиадалық ойындарға Филиппины спортшылары алғаш рет қатысты. Ойындардың тарихта қалған бетке ұстар спортшылары ретінде нидерланд коньки тебушісі Ард Схенк пен кеңестік шаңғышы Галина Кулакованы айтса болады: екеуі де осы Ойындарда үш алтын медальдан жеңіп алды. Тағы да бір айта

кетерлігі – осы Олимпиадалық ойындарда аты әлемге мәшһүр мәнерлеп сырғанаушы Ирина Роднина өзінің алғашқы әріптесі Алексей Улановпен жұпта алғашқы олимпиадалық алтын медалін жеңіп алған еді. Хоккейшілер де өздерінің кезекті жеңісін тойлап Олимпиада чемпиондары атанды. Бейресми командалық есепте КСРО құрамасы екінші орын алған ГДР құрама командасынан әлдеқайда озып кетіп, турнир жеңімпазы атанды. Өткен Ойындарда 1-ші орында болған Норвегия құрама командасы бұл жолы 3-ші орынды місе тұтты.

*XII-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1976 жылдың 4-15 ақпан аралығында Инсбрук қ. (Австрия) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 37 елдерінен келген 1000-нан астам спортшылары қатысты. Австрияның бұл қаласына жеребенің түсу себебі – әлдеқандай себептермен АҚШ-тың Денвер қаласы Ойындарды өткізуден бас тартқан. Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына алғаш рет мұздағы би енгізілді. Онда кеңестік спортшылар Людмила Пахомова мен Александр Горшков жеңімпаз атанды. Айта кетерлік жайт: ГДР командасының бобслейшілері мен шанашылары осы бағдарламадағы барлық олимпиадалық алтын медальдарды жеңіп алды. Бейресми командалық есепте, әдеттегідей, КСРО құрама командасы жеңіп алса, 2-ші орынға ГДР, 3-ші орынға АҚШ құрама командалары шықты.

КСРО құрама командасында өнер көрсеткен қазақстандық Иван Гаранин бұл Ойындарда шаңғы жарысынан 15 шақырымдық қашықтықта алдына Николай Бажуков, Евгений Беляевті (КСРО), Арто Койвистоны (Финляндия) жіберіп алып IV-орынды місе тұтқанымен, 30 шақырымдық қашықтықта (I-орында Сергей Савельев, КСРО, II-орында АҚШ өкілі Ульям Кох) және ерлер арасында 4x10 шақырым эстафетада (I-ші орын Финляндия, II-ші орын Норвегия) командалас әріптестері Евгений Беляев, Николай Бажуков, Сергей Савельевпен құрметті III-орынға шығып, қола жүлдегер атанды. Ал, 50 шақырымдық қашықтықта Ивар Форму (Норвегия), Герт-Дитмар Клаузе (ГДР), Бенни Седергрэн (Швеция) 2:40.38, 94 көрсеткішпен құрметті IV-ші орынға шықты.

*XIII-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1980 жылдың 13-24 ақпан аралығында АҚШ-тың Лейк-Плэсид қ. өтті. Әртүрлі теріс пиғылды, айқай-шу, арандату әрекеттерімен тарихта аты қалған бұл Олимпиадалық ойындарға әлемнің 37 елдерінен келген 1000-нан

астам спортшылары қатысты. Ойындардың батыры ретінде бес алтын медаль жеңіп алған американдық коньки тебуші Эрик Хайден болды. Кеңестік спортшылардың ішінде үш алтын, соның ішінде, ең қиын саналатын 30 және 50 шақырым қашықтықтарда сенсациялы түрде жеңімпаз атанған шаңғышы Николай Зимятовты ерекше атап өткен жөн. КСРО командасынан кезінде аты әлемге әйгілі команда капитаны Александр Тихонов бастаған биатлоншылар эстафетада төрт рет қатарынан жеңімпаз атанды. Миллиондаған жанкүйерлері мен көрермендерін әсем биімен, ырғақты дене қозғалысымен, тамаша өнерімен баурап алған Ирина Роднина жұптық мәнерлеп сырғанауда үшінші рет Олимпиада чемпионы атанды. Сенсация деген үйреншікті сөзге осы Ойындарда антисенсация дегенді хоккей турниріне арнаған жөн секілді. Оған себеп алаң иелері АҚШ командасы – әртүрлі айла-шаралар қолдана және антиспорттық, бұзықтық атмосферада өткен кездесулерде тағы да бетпердесін шешкендей, өрескел ойын тәртібін бұза Олимпиада чемпионы атанды. Алайда, бейресми жалпы командалық есепте ГДР спортшылары өз тарихында алғаш рет 1-ші орынға шығады. КСРО және АҚШ құрама командалары 2-3 орындарды бөлісті.

*XIV-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1984 жылдың 8-19 ақпан аралығында Сараево қ. (Югославия) өте жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, Олимпиадалық хартия талаптары мен қағидаларына толық сәйкестікте өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 49 елдерінен келген 1300-ден астам спортшылары қатысты. Ойындарда аты аңызға айналып, тамаша нәтижелерге жеткен келесі спортшыларды атауға болады: финн шаңғышысы М-Л. Хямляйнен 5, 10, 20 км шаңғы жарыстарында 3 алтын, 1 қола медаль жеңіп алып, елінің атын шығарса, Германия Демократиялық Республикасының коньки тебушісі Карин Энке 2 алтын, 2 күміс медальдарға қол жеткізді. Ал, швед шаңғышысы Гунде Сван 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль жеңіп алып, бейресми шаңғы королі атағын алды. Кеңес хоккейшілері олимпиадалық жеңімпаз атағын қайтарып алды (Лейк-Плэсид Ойындарында КСРО командасына саяси, тұрмыстық, спорттық экономикалық, қаржылай қысымдар жасалған еді). Бұл жолы К СРО құрама командасы барлығы 25 медаль (6 алтын, 10 күміс, 9 қола) жеңіп алып, медальдар саны жағынан алға шықса да, көп жылдардан бері көшбасшылық тізгінін ГДР спортшыларына (9 алтын, 9 күміс, 6 қола) беріп қойды. ГДР спортшы қыздары коньки



спортындағы барлық алтын медальдарды жеңіп алды. Финляндия құрама командасы 3-ші орынға шықты.

Айта кетерлігі, сол кездері КСРО-ның дүние жүзінде барлық саладағы көшбасшылық рөлі, өзімен бірге II-ші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің саяси тұрғыдағы социалистік достастық елдеріне қандай да болмасын (саяси, экономикалық, әскери және басқа да), көмегі, соның ішінде, спорт саласындағы мамандарды даярлау жұмыстарының пайдасы XX-ғасырдың 70-80-ші жылдарынан бастап, өз жемістерін бере бастаған. Соның әсерінен, кубалық боксшылары, германиялық суға жүзуші, қысқы спорт түрлерінен спортшылары, чехословак хоккейшілері, венгр футболшылары, румын гимнастшылары әлемдік спорттық жарыстарда жеңіс тұғырынан көріне бастаған.

Олимпиадалық ойындарға қатысы болмаса да, реті келгенде, тағы да айта кетерлік жәйт: 1990 жылы футболдан әлем чемпионаты өткен кезде топтық турнирде сол кезде 1986 жылы әлем чемпиондары, атағы жер жарарлық әйгілі Аргентина, КСРО, Румыния және футбол әлемінде әлі ешкімге белгісіз Камерун командалары бір топқа түскен. Алғашқы ойынды камерундық футболшылар сол кездегі әлем чемпионы болып тұрған Аргентина құрамасымен ойнады. Ойын барысында 10-ақ ойыншысымен, ал кейіннен, тіптен, 9 ойыншысымен қалған камерундық футболшылар әлем чемпиондарын 1:0 есебімен жеңіп, аты аңызға айналған Диего Марадона командасын әлем жұртшылығы алдында жер қаратты. Мұндағы басты жәйт: Камерун құрамасын сол кезде кеңестік маман Валерий Непомнящий жаттықтырған болатын.

*XV-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1988 жылдың 13-28 ақпан аралығында Калгари қ. (Канада) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 57 елдерінен келген 1400-ден астам спортшылары қатысты. Әлемде бірінші рет коньки тебушілердің жарысы жабық спорт Сарайында өтті.

Айта кетерлік жәйт: әлемдегі ашық алаңдарда орналасқан мұз айдыны бар елдердің ішінде қазақ елінің Алматы қ. Медеу мұз айдынының атағы жер жарды, деуге тұрарлық. Себебі, әлем коньки тебушілері мамандары нақ осы Медеуде талай дүбірлі жарыстардың өткенін, онда қаншама әлемдік, еуропалық, КСРО рекордтары орнағанын, табиғи, климаттық-географиялық тұрғыдағы қолайлығын айтып, ауыздарының суы кепкенше мақтаған. Мамандардың

пайымдауынша, Медеу мұз айдынының мұзының ерекшелігінде: таудан Медеу шатқалына аққан судың химиялық құрамының мұз айдынына арнайы қондырғылар арқылы мұз болғанда, конькилердің су ішіндегі балықтай зымырайтын қасиетін атап өткен жөн.

Ойындардың атақты спортшылары ретінде – голландтық коньки тебуші Ивона ван Геннипті (1500 м, 3000 м, 5000 м қашықтықтарда 3 алтын); итальяндық тау шаңғышы Альберто Томбаны (2 алтын); финндік трамплиннен секіруші Матти Нюканенді (70 м және 90 м трамплиннен секіруден, командалық есепте 3 алтын) атап өткен жөн. ГДР мәнерлеп сырғанаушысы Катарина Витт пен швед шаңғышысы Гунде Сван өздерінің екінші олимпиадалық алтындарын ұтып алды. КСРО биатлоншылары алтыншы рет қатарынан эстафетаны жеңді.

1988 ж. Калгариде (Канада) өткен Олимпиадалық ойындар көптеген спорт түрлерінде бәсекелестіктің өскенін, спорттық көрсеткіштердің жоғары деңгейін көрсетіп, Ойындар иелерінің қонақжайлығымен ерекшеленді. ХОК президенті Х.А. Самаранч Ойындардың өзара қызметтестік пен достық рухында өткенін атап көрсетті. Бұл Ойындардың тағы жаңалығы - коньки тебу спорты жарыстарының төбесі жабық ғимаратта өткенімен қатар, шаңғышылардың жасанды қарда жарысуы - өте жоғары көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік бергенін байқауға болады. Бұл Ойындарда КСРО спортшылары 29 олимпиадалық медальдар, ГДР - 25 медальдар, Швейцария - 15 медальдар алып, жақсы өнер көрсетті. Кеңестік хоккейшілер, мәнерлеп сырғанаушылар, шаңғышылар, биатлоншылар, бобслейшілер жақсы өнер көрсетіп, Ойындардың иелері мен келген қонақтардың құрметіне бөленді.

КСРО құрамасында өнер көрсеткен қазақстандық спортшыларды алатын болсақ, мұнда атақты шаңғышы Владимир Смирновты атап өткен жөн. Калгари Олимпиадасында Владимир КСРО құрамасына 15 шақырымдық шаңғы жарысында қола медаль (1-ші орында – ресейлік шаңғышы Михаил Девятьяров, күміс медаль – норвежтік Пел Гуннар Миккельспласс) ұтып алса, 30 шақырымдық жарыс (1-ші орында – ресейлік шаңғышы Алексей Прокуроров, қола медаль – норвежтік Вегард Ульванг) пен 4x10 шақырым эстафеталық жарыста (1-ші орында – Швеция құрамасы қола медаль – Чехословакия құрамасы) күміс медальдарға ие болады.

Сонымен, Калгаридегі Олимпиадалық ойындардағы спорт түрлерінен жарыстар барысында Швейцария құрама командасының бобслейшілері мен тау шаңғышыларының өнегелі өнер көрсетуі

арқасында аталмыш елдің құрама командасы жалпы командалық есепте КСРО және ГДР құрама командаларынан кейін 3-ші орынға шықты.

*XVI-қысқы Олимпиадалық ойындар* 1992 жылдың 8-23 ақпан аралығында Альбервилль қ. (Франция) өтті. Олимпиадалық ойындарға әлемнің 64 елдерінен келген 1800-ден астам спортшылары қатысты. Сол кезде әлемдік деңгейде болып жатқан саяси өзгерістердің арқасында Германия құрама командасы капиталистік-милитаристік бағыттағы Батыс Германия (ГФР) мен социалистік бағыттағы Германия Демократиялық Республикасы (ГДР) қайтадан біріккен команда ретінде өнер көрсетсе, керісінше, қайта құрудың кері әсерінен демократиялық бағытқа өтеміз деп, кезінде әлемді дірілдеткен алып КСРО елі тарқап, өз алдына дербес республикалар болып кеткен еді. Алайда, бұрынғы елдің мызғымас достығының (әсіресе, дене шынықтыру және спорт саласында) әсерінен, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы туының астында, бәлкім, тарихта соңғы рет, құрама команда болып қатысты. Объективті болсын, субъективті болсын, әртүрлі жағдайлармен, кезінде КСРО құрамына (1939-1940 жж. кеңес-финн соғысының нәтижесінде, кейбір милитарист саясаткерлерінің пайымдауынша – күштеп) кірген Латвия, Литва және Эстония құрама командалары бөлек құрама команда болып қатысты. Сол сияқты, социалистік бағыттағы елдер арасында да (Чехословакияның – Чехия және Словакия; Югославияның – Сербия, Македония, Босния және Герцеговина, Хорватия, Черногория тәуелсіз елдері болып) ыдырау процестері басталайын деп жатқан шақтары болатын.

Тарих болған соң, саясат, әрине, өз ролінде болатыны анық. Дегенмен, Альбервилльде өткен Олимпиадалық ойындардың нәтижелеріне келетін болсақ, ресейлік Любовь Егорова шаңғы тебу жарысында 3 қашықтықта жеңімпаз атанады. Ойындардың ең жас чемпионы болып – 16 жасар финндік трамплиннен секіруші Тони Ниеминен атанады. Норвегтік шаңғы тебушілер Вегард Ульванг пен Б. Дәлиге тең келер ешкім болмады десе де болады.

Спорттық тарих ретінде білген жөн: социалистік достастық елдерінің спортшылары олимпиадалық спорта үлкен жетістіктерге жетті. Кеңес спортшылары қысқы және жазғы Ойындар кезінде 1952-1976 жылдар арасында 1204 медаль, соның ішінде, 473 алтын, 376 күміс, 355 қола медаль жеңіп алды. Болгария спортшылары 1952 жылы ойындарда 42 орында болса, 1976 жылы - 8 орында болды.

Польша - 27/5 орын, Румыния - 23/6, Куба - 45/13, Югославия 27/15 орында болды. ГДР спортшылары 1968 жылы III орында болса, 1976 жылы - II орында болды.

Дамушы елдердің спортшылары да Олимпиадалық ойындарда жақсы өнер көрсетті. Индия спортшылары көгалдағы хоккейден 1948, 1952, 1964 және 1980 жж. Олимпиадалық ойындардың чемпионы атанды. Рим және Токио Олимпиадаларында эфиоп марафоншысы А. Бикила чемпион атанса, М. Ифтер 5000 м және 10000 м жүгіруден Мәскеу Олимпиадасында чемпион атанды.

































































400 м кедергілерден жүгіруден Д. Акии-Буа (Уганда) Мюнхен Олимпиадасында жаңа әлемдік рекорд орнатты. Марокко, Иран және Азия, Африка елдерінің басқа да спортшылары жақсы өнер көрсетті. Осындай дамушы елдерге кеңестік дәрігер, ғалым, педагог, жаттықтырушы мамандардың әдістемелік, спорттық, жаттықтырушылық, құрал-жабдықтай көмектері арқасында, бұл елдерде спорттық қозғалыс өркендеді.

Халықаралық спорттық өмірде қысқы Олимпиадалық ойындар үлкен орын алды. 1992 жылдан кейін екі бірдей Олимпиадалық ойындарды (қысқы және жазғы) бір жылда өткізу – қатысушы елдердің жағдайын ауырлатып, қаржылай, спорттық тұрғыда толыққанды дайындалуына қиындық әкелетініне байланысты, ХОК қысқы Ойындардың уақытын 1994 жылдан бастап, өткізетін болып шешті.
























Ендігі жерде қысқаша түрде Қысқы Олимпиадалық ойындардағы құрама елдердің бейресми командалық есептегі көрсеткіштері туралы (КСРО тарағанға дейінгі және Қазақстанның тәуелсіз алғаш қатысқан кезеңдеріндегі) мәліметтерге тоқтала кетеміз.

Халықаралық Олимпиадалық Комитет ресми деп танымайтын бейресми жалпыкомандалық есепті Олимпиадалық ойындардың жеңімпаздары мен жүлдегерлердің, ұлттық командалардың Ойындарға қатысу нәтижелерін арнайы есептеу жүйесімен анықтайды. 1924 жылдан бері ұпайларды санау келесі жүйемен іске асырылады: бірінші орынға – 7 ұпай; екінші орынға – 5 ұпай; үшінші орынға – 4 ұпай; төртінші орынға – 3 ұпай; бесінші орынға – 2 ұпай; алтыншы орынға – 1 ұпай.

5-кесте. Қысқы Олимпиадалық ойындар





















№	Жылы	Өткізілген орны	Мемлекет	Командалық есеп		
				1-ші орын	2-ші орын	3-ші орын
I	1924	Шамони	 Франция	 Норвегия	 Финляндия	 АҚШ
II	1928	Санкт-Мориц	 Швейцария	 Норвегия	 АҚШ	 Швеция
III	1932	Лейк-Плесид	 АҚШ	 АҚШ	 Норвегия	 Канада
IV	1936	Гармиш-Партенкихен	 Германия	 Норвегия	 Германия	 Швеция
V	1948	Санкт-Мориц	 Швейцария	 Швеция	 Швейцария	 АҚШ
VI	1952	Осло	 Норвегия	 Норвегия	 АҚШ	 Финляндия
VII	1956	Кортина д'Ампеццо	 Италия	 КСРО	 Австрия	 Финляндия
VIII	1960	Скво-Вэлли	 АҚШ	 КСРО	 АҚШ	 Швеция
IX	1964	Инсбрук	 Австрия	 КСРО	 Норвегия	 Австрия
X	1968	Гренобль	 Франция	 Норвегия	 КСРО	 Австрия
XI	1972	Саппоро	 Жапония	 КСРО	 ГДР	 Норвегия
XII	1976	Инсбрук	 Австрия	 КСРО	 ГДР	 АҚШ
XIII	1980	Лейк-Плесид	 АҚШ	 ГДР	 КСРО	 АҚШ
XIV	1984	Сараево	 Югославия	 КСРО	 ГДР	 АҚШ
XV	1988	Калгари	 Канада	 КСРО	 ГДР	 Швейцария
XVI	1992	Альбервилль	 Франция	 Германия	 ТМД	 Норвегия

6-кесте. 1994 жылғы Лиллехаммердегі қысқы Олимпиадалық ойындардағы медальдық көрсеткіштер

Медальдардын жалпы саны					
№	Мемлекеттер	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	 Ресей	11	8	4	23
2	 Норвегия	10	11	5	26
3	 Германия	9	7	8	24
4	 Италия	7	5	8	20
5	 АҚШ	6	5	2	13
6	 Корея Республикасы	4	1	1	6
7	 Канада	3	6	4	13
8	 Швейцария	3	4	2	9
9	 Австрия	2	3	4	9
10	 Швеция	2	1	0	3
11	 Жапония	1	2	2	5
12	 Қазақстан	1	2	0	3
13	 Украина	1	0	1	2
14	 Өзбекстан	1	0	0	1
15	 Беларусь	0	2	0	2
16	 Финляндия	0	1	5	6
17	 Франция	0	1	4	5
18	 Нидерланды	0	1	3	4
19	 Қытай	0	1	2	3
20	 Словения	0	0	3	3
21	 Ұлыбритания	0	0	2	2
22	 Австралия	0	0	1	1

7-кесте. Нагано Олимпиадасында әлем мемлекеттері арасында жеңіп алған медальдар бойынша жалпы командалық орындар реті

№	Қатысушы елдер	Медальдар саны мен түрлері			
		Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	 Германия	12	9	8	29
2	 Норвегия	10	10	5	25
3	 Ресей	9	6	3	18
4	 Канада	6	5	4	15

5	 АҚШ	6	3	4	13
6	 Нидерланды	5	4	2	11
7	 Жапония	5	1	4	10
8	 Австрия	3	5	9	17
9	 Оңтүстік Корея	3	1	2	6
10	 Италия	2	6	2	10
11	 Финляндия	2	4	6	12
12	 Швейцария	2	2	3	7
13	 Франция	2	1	5	8
14	 Чехия	1	1	1	3
15	 Болгария	1	0	0	1
16	 Қытай	0	6	2	8
17	 Швеция	0	2	1	3
18	 Украина	0	1	0	1
19	 Дания	0	1	0	1
20	 Беларусь	0	0	2	2
21	 Қазақстан	0	0	2	2
22	 Австралия	0	0	1	1
23	 Бельгия	0	0	1	1
24	 Ұлыбритания	0	0	1	1
<b>Барлығы:</b>		<b>69</b>	<b>68</b>	<b>68</b>	<b>205</b>

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Ең бірінші рет қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізу туралы талқылау қайда және қашан болды?
2. Ең көп ел мен спортшы қатысқан қысқы Олимпиада ойындары қайда және қашан өтті?
3. Қысқы Олимпиадалық ойындарда КСРО құрамасы қандай деңгейде өнер көрсетті және оның негізгі себептері не болды деп ойлайсыз?
4. Қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізу мерзімін ұзартуға басты себеп болған нәрселер не еді?

## 1.9 XX-ғасырдағы олимпиадалық қозғалыс және оның өзекті мәселелері

Олимпизм, олимпиадалық қозғалыс, Олимпиадалық ойындар - бұл халықаралық өмірдегі маңызды әлеуметтік көрініс. Олимпизм - *спорттың жалпыадамзаттық, мәдени, гуманизмдік құндылықтар негізінде қаланған фәлсапалық, моральдік-этикалық, педагогикалық және ұйымдастырушылық қағидалардың қосындысы*. Олимпизм идеялары мен идеалдарына: 1) спорт пен спорттық іс-қызметті бейбітшілік пен бейбіт өмір сүруге қолдану; 2) барлық елдер мен құрылықтардың достығы мен өзара қызметтестігі; 3) жеке тұлғаның үйлесімді дамуы; 4) саяси, нәсілдік, әлеуметтік, діни және басқа да себептерге байланысты, кемсітушілікке тиым салу; 5) ұлтшылдықпен, космосаясатпен, спорттағы кәсіпқойлықпен және коммерциялықпен күрес; 6) заманауи әлемде гумандық құндылықтардың тұрақты түрде нығаюына атсалысу.

Олимпиадалық қозғалыс - бұл *әуесқой спорттың дамуына мүмкіндік жасайтын, әлеуметтік жағдайына, саяси және діни көзқарастарына, нәсілдік тегіне, жасы мен жынысына қарамай, өз қатарында адамдар мен ұйымдарды біріктіретін, олимпизм идеялары мен идеалдарында, қағидаларында негізі қаланған қоғамдық қозғалыс*. Олимпиадалық қозғалыстың басты мақсаттарына: 1) олимпизм қағидаларын, идеяларын, идеалдарын бүкіл әлемге тарату; 2) өзінің сипаты мен айырмашылығымен ерекшеленетін кәсіпқой спортқа қарама-қарсы, әуесқой спорттың дамуы мен ұйымдасуына көмектесу; 3) жастарды спорт арқылы өзара түсіністік пен достық рухында тәрбиелеу; 4) спортты насихаттау және оны адамның дене, рухани, эстетикалық тәрбиесі үшін қолдану; 5) «Олимпиадалық ынтымақтастық» бағдарламасын іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау; 6) спортты гуманизмдік мақсаттарда қолдану үшін жағдай жасайтын спорттық-педагогикалық, ғылыми, жаттықтырушылар кадрларын даярлауға және тәрбиелеуге, олардың өзара тәжірибе алмасуына көмектесу; 7) әр 4 жыл сайын Олимпиадалық ойындарды ұйымдастыру және өткізу.

Олимпиадалық ойындар - бұл *спортшы-олимпиадашылардың кешенді халықаралық жарыстары, әлем жастарының ұлы мейрамы. Ойындар барлық елдердің күшті спортшыларын әділ және тең құқылы жарыстарда біріктіреді. Олимпиадалық*



*ойындарда бұл мейрамның әлеуметтік, тәрбиелік, эстетикалық, моральдік аспектілері көріну керек. Онда олимпиадалық қозғалыстың мақсаттары, олимпизмнің идеялары мен идеалдары шын мәнінде іске асуы керек.*

Жер бетіндегі миллиондаған адамдардың барлық зейінін өзіне қарататын, адамзаттың достық пен прогреске деген құлшынысын арттыратын және барлық халықтардың өзара ынтымақтастық пен түсінушілік, белсенді іс-қызметтестікті уағыздайтын бұл Ойындарға қатысушылардың қатары көбейіп келеді. 1950 жылы ХОК таныған 61 елдің ҰОК болса, 1987 жылы олардың саны 167-ге жетті. Ойындар Олимпиадалық хартия бойынша өтілсе, онда педагогикалық және әлеуметтік функцияларды орындайды, өте үлкен тәрбиелік және білімдік маңызы бар. Олимпиадалық алау, олимпиадалық ант беру, ұлттық жалаулардың желбіреуі, жеңімпаз спортшыларға арналған ұлттық әнұрандардың орындалуы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі – осының бәрі адамдарда ізгі патриоттық сезімдерді тәрбиелейді. Олимпиадалық ойындар – бұл жоғары спорттық шеберлілік, барлық спорттық ғимараттарда өте тартысты өтетін жарыстарда спортшылардың күш, ерлік, ептілік, жылдамдық, төзімділік, күш-ерік, жүректілік қасиеттерін тәрбиелейді. Оның үстіне, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға арналған білім беру мен тәрбие жүйесінің қосымша амалы болады.

Сонымен қатар, заманауи олимпиадалық қозғалыс, олимпизм, Олимпиадалық ойындар қарама-қайшылықтар жағдайында дамып, күрделі процесс екенін дәлелдейді. Әртүрлі ілімдер, көзқарастар, концепциялар өзара қақтығысып, олимпиадалық қозғалыстың мәні мен мағынасын, маңызын жоғалтады. Осындай түсініспеушіліктерді шешу мақсатында, 1973 жылы Варнада (Болгария) X Олимпиадалық конгресс өтті. Оның күн тәртібіне: заманауи олимпиадалық қозғалыс, оның даму перспективалары, Халықаралық Олимпиадалық Комитет, спорт түрлерінен Халықаралық Спорттық Федерациялар және Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер арасындағы қатынастар, болашақ Олимпиадалық ойындардың жоспары секілді мәселелері қаралды. Одан кейінгі 1981 жылы Баден-Баденде (ГФР) өткен конгрессте үш мәселе көтерілді: Олимпиадалық ойындардың болашағы, спорттағы халықаралық өзара іс-қызметтестік, олимпиадалық қозғалыстың перспективалары. Конгреске 82 ХОК мүшелері, 37 ХСФ өкілдері, 149 ҰОК өкілдері қатысты. Конгресс

жұмысына алғаш рет спортшылар (34 олимпиадалық чемпиондар, жүлдегерлер) мен жаттықтырушылар қатысты.

Конгресс ақтық Декларация қабылдады: 1) Олимпиадалық ойындарда «ашық жарыстарға» жол жоқ; 2) спортшылардың Олимпиадалық ойындарға қатысу қағидалары сақталады (Олимпиадалық хартияның «26-шы ережесі»); 3) Олимпиадалық ойындардың ашылу салтанаты Олимпиадалық хартияда қалай қарастырылса, солай сақталу керек; 4) Олимпиадалық ойындарды әлемнің әртүрлі елдерінде өткізу сараманын жалғастыру қажет; 5) ХОК, ХСФ, ҰОК, Олимпиадалық ойындардың ұйымдастыру комитеті арасында тығыз өзара іс-қызметтестікті іске асыру қажет; 6) допинг қолданғаны үшін жазаны қатаң ету қажет; спорттағы кемсітушілікті толық құртуға күресті тоқтатпай жалғастыру; 7) «Олимпиадалық ынтымақтастық» бағдарламасын орындау үшін, қатысушылар санын көбейту, дамушы елдерге көмек көрсету қажет; 8) бұқаралық ақпарат құралдары (радио, газет, теледидар) өкілдерінің сөздеріндегі спорттық қозғалыстың позитивтік аспектілерін көрсете білу, спорт мүдделеріне және спортшылардың тәрбиесіне қызмет ету; 9) әртүрлі елдердің үкіметтері олимпиадалық қозғалысқа жасаған көмектерін күшейту қажет; 10) спорттық қозғалыстың басшылығындағы әйелдердің қатысуын кеңейту қажет. Ондағы 84-ші сессияда әйелдер - П. Хеггман (Финляндия) және Ф.И. Фонсека (Венесуэла) сайланды.

XX-ғасырдың аяғындағы спорттың коммерциялана бастауы халықаралық олимпиадалық қозғалыстың дамуына өздігінше кесірін тигізді. Оған 1984 жылы Лос-Анжелес Олимпиадасы мысал бола алады. Бұл Ойындар кезінде жеке компаниялар мен фирмалар орасан зор пайда түсірді. Бұдан басқа, Олимпиадалық ойындар үшін спорттың кәсіпқойлыққа өтуі осы жарыстардың Олимпиадалық хартиясының қағидаларына қайшы келді. Спорттағы нәсілдік кемсітушілік мәселелері де өз шешімін сол кезде таба алмай жатты. Оған мысал ретінде Оңтүстік Африка Республикасын алуға болады. Сол кезде бұл елдің нәсілдік кемсітушілігіне қарсы болған әлемнің прогресшіл жұртшылығы ашу-ызамен осы елдің спортшыларын олимпиадалық ойындардан алыстатты. Апартеидке қарсы күресте Африканың Жоғары спорттық кеңесі де өз үлесін қосты. Допинг қолдану мен спорттың кейбір түрлеріндегі (гимнастика, бокс, күрес түрлері, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау) әділ төрешілік

мәселелері тек Олимпиадалық ойындарда емес, сонымен бірге, әлем, Еуропа біріншіліктерінде, басқа да халықаралық турнирлерде өз объективті шешімін таппай келеді. Заманауи спорттық әлемде Олимпиадалық хартия тиым салған амалдарды өздерінің құлқы үшін, арамдықпен қолданатын қайраткерлер, жаттықтырушылар, дәрігерлер, спортшылар көбейді. Сондықтан да, допинг мәселесі Олимпиадалық ойындар өткен сайын артпаса, азайған емес. Осыған байланысты, ХОК, ХСФ, ҰОК бірігіп жұмыс істеп, осындай келеңсіз жағдайлардың болдырмауына күш салып, ол үшін барлық спорттық қайраткерлер, жаттықтырушылар, спортшылар бірігуі қажет болды.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде 1996 жылы өткен Атланта (АҚШ) Олимпиадасынан бастап қатыса бастады. 1992 жылы Барселонада (Испания) өткен Олимпиадалық ойындарға ТМД елдерінің біріккен командасы ретінде қатысқан еді. Себебі, 1990 жылдары КСРО жайлап тарқай бастады. Елде болып жатқан саяси-экономикалық және т.б. хал-ахуалдар сол кезде дене мәдениеті мен спорт саласына да өз әсерін қатты тигізді. Қазақстан Республикасын грек-рим күресінен Ю. Мельниченко, бокстан В. Жиров, биатлоншы-шаңғышы В. Смирнов дүние жүзіне Олимпиадалық ойындардың чемпионы ретінде таныта бастады.

КСРО құрамында боксшылар С. Қонақбаев пен В. Демьяненко (1980 ж. Мәскеу), Ж. Үшкемпіров пен Ш. Серіков, ал қазақтардың ішінен Олимпиадалық ойындарға қатысқан алғашқы спортшы жеңіл атлет Ғұсман Қосанов, гимнастшы Нелли Ким, ауыр атлетші Анатолий Храпатый т.б. спортшыларымызды қазақ спортын аспанға шығарушы, КСРО құрамында өнер көрсетуші сандақтарымыз екенін атауға болады.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Жалпы Олимпизм дегенді қалай түсіндіруге болады?*
- 2. Олимпиадалық қозғалыс дегеніміз нені білдіреді?*
- 3. Олимпиадалық идея мен принциптер деген ен?*
- 4. X Олимпиадалық конгресс қайда және қашан өтті, онда қандай Декларациялық шешімдер қабылданды?*

## 1.10 «Ізгі Ниет» ойындары және басқа да халықаралық жарыстар

XX-ғасырдың 80-ші жылдары социалистік және капиталистік жүйелердің теке-тіресінің шегіне жеткен шағы болды. Әлемдік билеп-төстеуде АҚШ бастаған Батыс Еуропаның және Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің саясаты қайткенде де КСРО-ның жолымен келе жатқан социалистік бағыттағы елдердің саяси-экономикалық, әскери және басқа салалардағы күш-қуатын кеміту арқылы өз жағына бағындыру еді.

Сондай теке-тірестің бір шеті спорттық қарым-қатынастарға да өз зиянын тигізді. Өз жерінің тәуелсіздігін, тыныштығын сақтауға тырысқан КСРО 1979 жылы Ауғанстан жеріне амалсыздан әскери күштерін кіргізді. Оған себеп – егер де Кенес Одағы сол кезде аталмыш әскери әрекеттерін істемегенде, Ауғанстанға «демократия орнатамыз, елдің әл-ауқатын түзейміз, әлеуметтік тұрғыда көмек етеміз», дегенді желеу етіп, АҚШ бастаған Солтүстік Атлантика Әскери Одағы (НАТО) ауған жерін шын мәнінде әскери плацдарм ретінде ұстап, әскери күштерін төгіп, ядролық қаруы бар ракеталық қондырғыларын орнатып, елімізге елеулі қатер әкелер еді.

Лейк-Плесидтегі қысқы Олимпиадалық ойындардың өзінде-ақ АҚШ бастаған капиталистік бағыттағы елдер КСРО және социалистік бағыттағы елдердің спортшыларына өздерінің арам пиғылдарын іске асыруда әртүрлі арандатушылық іс-әрекеттер істеп, бүкіл дүние жүзінің гуманистік пиғылдағы зиялы қауымның ашу-ызасын келтірген.

Енді, «өз істегенімізді өзімізге қайтарады-ау» деген оймен Мәскеу Олимпиадасына бойкот жариялап, өз елімен қатар, ФРГ, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания секілді елдердің спортшыларының меселін қайтарған еді. Лос-Анжелес Олимпиадасында жағдай тура солай қайталанып, енді КСРО бастаған социалистік бағыттағы елдер бойкот жариялаған. Спортшылардың спорттық бабын құртпас, социалистік достастық елдерінің арақатынасын енді спорттық тұрғыда нығайту себебімен, КСРО 1984 жылы жуырда ғана өткен Мәскеу Олимпиадасының жарыстары өткен спорттық ғимараттарда «Достық-84» спорт түрлерінен халықаралық кешенді жарыстарын ұйымдастырды.

Халықаралық спорттық қозғалысқа «Достық-84» жарыстары үлкен серпіліс әкелді. Бұл КСРО бастаған социалистік достастық елдерінің Лос-Анжелес Олимпиадасына қарсы тапқан амалдары мен саяси тұрғыдағы АҚШ бастаған капиталистік елдерге көрсеткен қыры іспетті. Себебі, 4 жыл бойы Олимпиадалық ойындарға дайындалып келіп, саясаттың кесірінен қатыспау, басқаға қалай болса да, спортшыларға ауыр тигені хақ. Соншама дайындықты жерге төкпес үшін, өткен бұл жарысқа 50-ден астам елдердің спорттық делегациялары спорттың 28 түрінен социалистік достастық елдеріндегі ең жақсы деген спорт ғимараттарында сайысты. Бұл жарыстардың спорттық көрсеткіштері Лос-Анжелес Ойындарындағы спорттық көрсеткіштерден асып кетті. Мысалы, Олимпиада-84-те – 11 әлемдік рекорд, «Достық-84»-те – 48 әлемдік рекорд орнады. Аталмыш жарыстарда ерекше нәтиже көрсеткендер: Сергей Бубка (сырықпен секіру), Юрий Варданян (ауыр атлетика), Арвидас Сабонис (баскетбол) – бәрі КСРО-дан, У. Хон мен М. Кох (ГДР), А. Хуантарена (Куба), Я. Русев (Болгария). Баскетболшы Арвидас Сабонисты өз жақтарына алу мақсатында американдық кәсіпкерлер, атап айтқанда, Ұлттық Баскетбол Ассоциациясының өкілдері көптеген келіссөздер жүргізді.

1985 ж. тамыз айында КСРО Мемлекеттік спорткомитеті мен КСРО Мемлекеттік телерадио бір жағынан, Ти-Би-Эс американ телекомпаниясы екінші жағынан Мәскеуде Ізгі ниет Ойындарын өткізу жайлы келісім-шартқа қол қойды. Өткен тарауларда айтып кеткендей, бұл ойындарға қызығушылықтың артуы – АҚШ пен КСРО олимпиадашылары 10 жылдан астам бірі-бірімен кездесе алмаған еді. Мәскеудегі ойындарға әлемнің 80 елдерінің 3 мыңнан астам спортшылары қатысты. Спорттың 20-дан астам түрлері – Мәскеуде, желкенді спорт – Таллинде, теннис – Юрмалада, Мәскеу облысы, Видное қ. – мотоболдан өтті.

Осы ойындардың ашылу салтанатына сол кездегі КСРО басшысы, КОКП Бас хатшысы М.С. Горбачев, БҰҰ Бас хатшысы Перес де Куэльяр, ХОК президенті Х.А. Самаранч секілді, олардан басқа көптеген халықаралық спорттық федерациялардың, бірлестіктердің басшылары, көптеген елдердің спорт министрлері және т.б. құрметті қонақтар болды. Ойындарды АҚШ, Италия, Жапония, Бразилия, Греция, Франция, ГДР және т.б. елдердің телекомпаниялары түсіріп жатты. Ойындардың барысында 6 әлемдік, көптеген

ұлттық рекордтар орнады. 28 елдердің спортшылары ойындардың жеңімпазы мен жүлдегері атанды.

Бұл ойындарды тұрақты түрде өткізуге тырысқан екі елдің қайраткерлері одан әрі жалғастыру үшін, 1990 жылы АҚШ-тың Сиэттл қаласында жалғастыруға мүмкіндік алды. Оған да көптеген елдердің спортшылары қатысып, спорттық мерекені қызықтыра түсті. Одан кейінгі әлемдегі халықаралық жағдай өзгере түсті. Дүние жүзіне өзінің экономикалық, саяси, әскери, спорттық, мәдени және т.б. қуатымен танылған КСРО 1990 жылдан кейін ыдырай бастады. Демократия, жариялылық жаңалықтары елдің түпкілікті бөлшектенуіне әкеліп, ақырында тарап тынды.

Осындай жағдайларда осы ойындарды әрі қарай жалғастыру инерциямен жалғасып, 1994 жылы Ленинградта (Санкт-Петербург) III Ізгі Ниет ойындары өтті. Жарыстың көптеген түрлері әлі де тартысты өтіп, бірінші уақыттағы ашық-жарқындық, бауырмалдық, достық сезімдер жайлап ыдырай бастады. Дегенмен, бұл ойындар халықаралық спорттық қозғалыста өзінің ізін қалдырды. Соның арқасында көптеген келісім-шарттар (кеңес спортшылары 90-шы жылдардан бастап, шетелдерге шығуға, яғни, шетелдік спорттық командалармен спорттық келісім-шарттар жасауға ресми түрде рұқсат алған еді) жасалынды. Кеңестік хоккейшілер В. Третьяк, А. Фетисов, футболшылар И. Беланов, А. Протасов, А. Заваров, Ринат Дасаев секілді спортшылар – алғашқы қарлығаштар болды.

Тарихта өзінің соңғы ойындарын 1998 жылы Нью-Йоркте (АҚШ) 4-ші рет өтіп, бұл жарыстар да тоқтады. Бір айта кетерлігі, бұл жарыстарға бұрынғы КСРО республикаларының ішінде Қазақстан Республикасының спортшылары да қатысты. Қазақстан Республикасы, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан өкілі, шымкенттік Ерсін Жайлауов осы Ізгі Ниет ойындарының чемпионы болып, аты аңызға айналған XX ғасырдың ұлы боксшысы Мұхамед Алидің қолынан жүлдесі мен сыйлығын алды. Осы жарыстардан кейін әлемдік дағдарыс, 2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорк пен Вашингтон қ.қ. болған лаңкестік әрекеттер, әртүрлі глобалды табиғи және техногендік апаттар 2002 жылы өту керек болған осы Ойындарды тоқтатты.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Олимпиадалық ойындардың соғыстан кейінгі ерекшеліктері қандай болды? Осы жылдарда Олимпиадалық ойындарда спорттық күштердің ара қатынасының қандай өзгерістері болды?
2. Неліктен Мәскеу Олимпиадасы олимпиадалық қозғалыстың жаңа этапы ретінде болды?
3. X және XI Олимпиадалық конгрестің негізгі нәтижелері неден тұрды?
4. «Достық-84» және Ізгі Ниет ойындары жарыстарының нәтижелері қандай болды?
5. «Олимпизм», «олимпиадалық қозғалыс», «Олимпиадалық ойындар» түсініктерінің мазмұнына не кіреді?
6. Заманауи халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыстың негізгі мәселелерін түсіндіріп және атап беріңіз.
7. Әлем спортшылары бейбітшілік үшін күреске қалай қатысады? Осы қатысудың түрлері қандай болады?

### **1.11 Жастардың тәрбиесіне бағытталған педагогикалық үдерісте олимпиадалық білім берудің рухани-моральдік құндылықтары**

Спорт – бұл ар-намыс. Спорт – бұл рухани құндылық.

Олимпиадалық білім беруде толық құндылықты күзиреттілікті енгізу үшін, педагогикалық үдерісте аталмыш бағытты өзекті мәселе ете отырып, тәрбие берудің басқа да жүйелеріне, қағидаларына, әдістеріне көңіл бөлген абзал. Ол үшін, Ежелгі Грециядағыдай, дене қасиеттерін ғана көрсетіп, күштілік пен төзімділікті, икемділік пен ептілікті, жылдамдықты дәріптейтін тәрбиенің спартаандық жүйесімен қатар, өлең айту, сурет салу, бейнелеу өнерлері мен басқа да шығармашылық тұрғыдағы қабілеттіліктерін додаға салатын ежелгі және заманауи Дельфийлік ойындардың бар екенін еске түсіруі жетерлік. Аталмыш мәселені көтеруде қазір Ресейде кең танымал болып жатқан Спартиандық ойындарды да қосуға болады. Алайда, жоғарыда ұран секілді жазылған сөздер спорт түрлерінен әртүрлі деңгейдегі (турнирлер, чемпионаттар, Универсиадалар мен Спартакиадалар) жарыстарға карағанда, Олимпиадалық ойындарда көбірек түйткілді, маңыздырақ, жиірек колданылады.

Осы кітап жолдарын жазу барысында біз көне Олимпиадалық ойындар жөнінде мағлұмат бергенімізде, ондағы дәуірде жазушылардың, ақындардың, фэлсафашылардың, мемлекеттік қызметкерлердің басым көпшілігі адамның қаншалықты жан-жақты дене дамуына көп көңіл аударып жатса да, бірінші орынға зияткерлік, ақыл-саналық, рухани және моральдік дамуы жағына көбірек көңіл бөлетінін айтқанбыз.

Бұл ойлар, әсіресе, Ксенофонттың (шамамен б.д.д. 430-355 жыл бұрын) шығармаларында анық жазылған. Аталмыш тұлға ғалым, жазушы, ақын, тарихшы, әртүрлі тақырыптардағы – фэлсафадан бастап, атта шабу өнеріне дейін, шығармалардың авторы (оның еңбектерінің басым көпшілігі күні бүгінге дейін жеткен. Негізгі тарихи шығармасы: «Грек тарихы» 7 кітап болып, шамамен б.д.д. 411 жылдан бастап, б.д.д. 362 жылға дейін спартандық және демократияға қарсы көзқарастағы шежірелермен ерекшеленген).

Қорытындылай келе, нақ жоғары деңгейдегі дене және зияткерлік қасиеттердің үйлесімді қосындысы кеңінен қарағанда, нағыз азаматтың және дене тұрқы зор атлеттің сипатты белгісі болып қалғанын көруге болады.

Ежелгі Мысыр еліндегідей, эллин ақсүйектері мен билік басындағылар адам тәнінің сұлулығы байшыкештер және ана немесе мына қызметтегі тек мемлекеттік қайраткерлерде ғана болуы керек деп есептеді. Семіздік ол кезде тек тән кемшілігі ғана емес, сонымен бірге, ақымақшылықтың белгісі ретінде қабылданатын. Қаншалықты ақылды, зияттылық деңгейі жоғары болса да, семіздіктің кесірінен ол биліктің жоғары сатыларына шыға алмайтын.

Күш, төзімділік, икемділік пен ептілік, дене сұлулығы, алайда, бөлек және абстрактілі емес, тек әлеуметтік кешенде немесе жоғары деңгейдегі рухани-моральдік қасиеттермен болу керек. Сондықтан, жарыс барысында этиканың, руханилықтың бұзылуына әкелетін әділетсіздіктің, төрешілерді немесе атлеттерді сатып алуға әрекеттердің, қорқақшылықтың және басқа да бейморальдік әрекеттермен байқалып қалған спортшыларды қатаң жазалайтын. Олимпиадасы атлеттерді барынша құрметтегенімен, эллиндер ешқашан да арамдық пен азғындық жолмен жеңемін деген көкірегі сасық атлеттерді барынша жек көрген.

Қазіргі заманғы гректерге қарағанда, ежелгі гректердің этикалық көзқарастары мүлдем басқаша екені айдан анық. Ар-намыс,



ержүректілік (грекше «аратэ») әр заманда түрліше қабылданды. Бұл тақырып, алайда, әдебиетте, поэзияда, өнерде өзінің көрінісін жиі тауып жатты. Мұның барлығы үйлесімді дамуға әкелетін, антикалық агонистиканы (антикалық спорт) руханилықпен байланыстыруға қажетті, маңызды сипаттарды адам бойына енгізу мақсатында орындалатын.

Дене күш-қуатына, жоғары спорттық көрсеткіштерге, спорттық күрестегі әділдік пен зиялылыққа, спорттық ерліктен ләззат алу мен оның эстетикалық тұрғыдағы түсінігін өзінде үйлесімді түрде байланыстыратын ежелгі гректік тәрбие идеалы, тек құрамды бөлігі спорттық Ойындар болып табылатын Афины және сол қалыптас мәдени орталықтардағы рухани өмірі шарттарында ғана іске асырылуы мүмкін еді.

Ойындар токтатылған кейін және олардың ұзақ уақыт үзілісінен соң, б.д.д. 394 жылдан бастап, Ежелгі Грецияның олимпизм идеяларының каншалықты маңызды екенін білген Еуропаның зиялы қауымы осы «өмір фәлсафасының» қайта өрлеуінің өмірлік қажеттілігі бар екендігіне көз жеткізеді, дейді XX-ғасырдың аяқ жағында Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің президенті болған Х.А. Самаранч.

Олимпиадалық ойындарды қайта жаңғырту, ол модернизацияланған түрде болса да, тек бір елдің ғана ұлттық спорттық мерекесі болмауы керек, Грек Ойындары тәріздес, халықаралық негізде мүмкіндігінше көп адам қатысатын спорттық жарыс секілді болу керек, деп, осы Ойындарды жаңғыртушы Пьер де Кубертен айтқан. Сонымен қоса, олимпиадалық қозғалыс өзінің ұлтаралық және рухани-моральдік маңызын ашып көрсетеді.

Спорттық жарыс, егер, халықаралық өзара қызметтестікті, жан-жақты дамуды және прогресті, бейбітшілікті нығайтса ғана ізгілікті болады.

Спорттық жарыстардағы ең бастысы – әлем халықтары арасындағы өзара түсіністік пен достастық, мораль мен шын мәніндегі интернационалдық өзара қызметтестігінің кепілдік шарттары. Спорт ізгіліктікке қарсы шеттету саясатымен мүлдем сай келмейді. Спорттық аренада өркениетті әлемнің шын мәніндегі моралін қолдаушылар ғана сайыса алады.

Егер де, әлдебір уақытта Фридрих Шиллер жоғары әспетті рух пен спорт тұрпайылық сана-сезіммен және жабайы экстазбен

байланысты болуы мүмкін емес десе, онда, қазіргі кездегі адамдық моральдің ізгілікті қағидаларын бойда сіңіру заманында жаугершілік жағдайларда формальді болсын, сайыстар өткізуге болмайды.

Спорт – ізгіліктік. Ізгіліктік олимпизмнің негізгі сипатын анықтайды. Сол арқылы ол жеке тұлғаның рухани-моральдік қасиеттерінің дамуына, халықаралық өзара байланыстың нығаюына, халықаралық ынтымақтастықтың гүлденуі мен бекуіне үлесін қосады.

Спортқа деген рухани-моральдік көзқарас эстетикалық тұрғыдағы сұлулықтың түсінігімен міндетті түрде байланысты. Сұлулық пен руханилық негізі бір және жалпы көрініс береді. Спортқа деген эстетикалық көзқарас ең алдымен спортпен айналысуға деген руханилық ынтаның және спорттық жарысқа деген руханилық көзқараста көрінісін табады. Отанның спорттық намысын жоғары деңгейлі қорғау, ол үшін ізгілікті күреске кірісу туралы ойдың өзі рухани-моральдік, эстетикалық элементтердің барын көрсетеді.

Олимпиадалық қозғалыстың ізгілікті мақсаттарының бірі ретінде дене шынықтыру және спорт қайраткерлері меңзеп жүрген классикалық және ізгілікті концепцияны іске асыру жатады: спорт пен спорттық сайыстар жоғары деңгейлі мораль мен эстетикамен сіңірілген болуы қажет. Бұл олимпиадалық қозғалысты қамтамасыз ететін негізгі алғы шарттардың бірі ретінде, әлемдік қоғамның прогресшіл күштерінің бірыңғай мойындауы мен қолдауға ие болуы қажет.

Олимпизм идеяларын қайта жаңғырту бойынша бар күшін сала, үлкен жұмыс атқарған Пьер де Кубертен «Дене мен рухтың үйлесімділігі» жайлы ойларын бірнеше рет айта отырып: «Ұран болу керек –дене және зияткерлік тұрғыда өзін-өзі жену, сол үшін салынып жатқан ғимараттар, өтіп жатқан спектакльдер мен соның құрметіне болып жатқан мерекелердің арқасында себепкер болып табылатын сұлулық болуы тиіс», деп қорытындылаған. Және: «Спорт бұдан былай дәрекі күш қолданудың құралы болмайды. Ол – мәдениеттің амал-тәсілі. Өнер спортпен бірге әрдайым көршілес болуы керек», деп тұжырымдаған.

Бұл пайымдаулардың 1894 жылы бекітілген ХОК бірінші Хартиясында (30 және 31 п.п.) көрініс табуы кездейсоқтық емес. Аталмыш пункттерді Хартияға енгізбей тұрып-ақ, П. де Кубертен «Неліктен өлең мен гимнастика жас адамдардың арасындағы ұлттық және таптық ерекшеліктеріне қарамай, әрдайым тынбай кездесулер мен байланыстар үшін құрал болмасқа?» деп жазды.

1894 жылдың сәуір айындағы бастапқы конференцияда заманауи олимпизмді қайта жаңғырту мәселелерін шешу барысында өнер мен спорттың ажырамас байланысы туралы конференцияда бекітілген Хартияда қанша айтылғанымен, П. де Кубертен бірінші Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына өнер сайыстарын енгізе алмады. Кейіннен П. де Кубертен Олимпиадалық конгресс деңгейінде кеңестік конференция өткізу туралы ХОК мүшелері мен прогресшіл қайраткерлердің келісімін алады. Конференцияның дайындық кезеңінде өте үлкен дәйектер келтіру мақсатында арнайы анықтама даярланды. Онда олимпиадашыларға арналған небір тамаша есімдер, дәйекті нақылдар мен ақылды сөздердің бірқатары көрсетілді.

Олимпиаданың ата-бабалары бұлшық ет энергиясының тасқыны мен зияткерлік, шығармашылық энергияның тасқынын үйлесімді қоса алғаны туралы бірқатар естен кетпес дәлелдер берілді.

Өз зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, В.Н. Сергеев «Олимпиадалық білім өзімен бірге ізгіліктік қағидалар мен олимпизмнің құндылықтарына сәйкес іс-әрекет жасайтын адамдардың білімі, дағды-машықтары, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, нормалары, мекемелері болып табылатын адамдардың тұрақты түрдегі әлеуметтік топтары, іс-қызмет түрлері кіретін бүтіндей әлеуметтік құбылыс, белгілі бір әлеуметтік институт ретінде жатқызылады», деген. Оның басты жүйелендіргіш факторы, ізгілікті ұйымдастырылған педагогикалық үдерісі жастардың олимпизм білімдерін, идеалдары мен құндылықтарын белсенді меңгеру үшін жағдайлардың қамтамасыз етуіне, соңғыларының жеке тұлға іс-қызметтерінің шын мәніндегі ішкі ниеттеріне және адамдардың ізгілікті өмір сүру салты нормаларына айнылдыруына бағытталған. Аталмыш ереже олимпизмнің ізгілікті дүниетаным ретінде, тек олимпиадалық білім беру арқылы ізгілікті ұйымдастыру жолы (яғни, олимпизм идеалдары мен құндылықтарына сәйкес жеке тұлғаның меңгерген білімінің, дағды-машықтарының, әдептері арқылы нысандалған мәтіндерде, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердегі түрлерден тірі, жеке тұлғалық түрге ауысуын айтады) деп түсіндіріледі. Тек ізгілікті бағытталған педагогикалық үдеріс қана олимпизмнің мазмұнының адекватты түрі бола алады, яғни, олимпиадалық білім берудің заңдылығын іске асырады.

Бұдан педагогикалық үдерістің барлық амалдары, әдістері, түрлері мен бағыттары ізгілікті түсінікте болуына, жеке тұлғаны басу

емес, дамуына бағытталған болуы қажет. Олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды тек еркін және шығармашылық тұрғыдағы жеке тұлға қабылдайды және меңгереді. Ол үшін жаттықтырушы-оқытушы да, оның оқушысы да сондай қалыпта болғаны жөн.

Олимпиадалық білім берудің түпкі мақсаты, нәтижесі ретінде олимпизм насихаттайтын адамдар арасындағы арақатынастың ізгілікті нормаларын сақтайтын, Олимпиадалық хартияның қағидаларына сәйкес ойланып, қимыл-әрекет жасай алатын адам ғана бола алады.

Олимпиадалық білім беруді іске асырушы үдеріс төрт актіден тұрады: білім мен басқа да рухани құндылықтарды өндіру, олардың алмасуы, трансформацияға өтуі және қолданылуы. Сонымен бірге, аталмыш үдеріс олимпиадалық білім беру мен соған сәйкес педагогикалық қағидаларды іске асырушы (олимпиадалық білімнің жан-жақтылығы, өзара қызметтестігі, біркөлемділігі, бірыңғайлығы, ізгілікті маңызы, жалпы үйлесімділігі, әсіресе, мағыналық іс-қызметтілігі, белсенділігі, әңгіме жүргізе алушылығы, кәсіби-этикалық өзара жауапкершілігі, жеке тұлғалық-шығармашылық бағыттылығы), олимпиадалық білімнің ізгілікті түрін жасақтайтын нақты амалдар-тәсілдерді, педагогикалық әдістемелер мен технологияларды жасақтау үшін әдіснамалық негіз болып табылатын ізгілікті заңдылықтарда негізделеді. Аталмыш қағидаларды жасақтау, негіздеу әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарға байланысты қолданылады – бұл зерттеулердің бүтіндей кешенінің бағыттамаcы.

Авторлардың пайымдауынша, олимпиадалық білімді іске асырудың өзара байланысқан үш бағытын зерттеу керек:

- 1) ғылыми-әдістемелік жұмыстар;
- 2) оқу-тәрбиелік жұмыстар;
- 3) бұқаралық-спорттық жұмыстар.

Заңдылықтардың үш тобы нақтылауды қажет етеді:

- а) олимпизмнің ізгілікті жүйе ретінде дамуы;
- ә) олимпиадалық білімнің ізгілікті бағытталған амал-тәсілдері мен әдістерін оның барлық аспектілері мен барлық этаптарында жетілдіру;
- б) олимпизмнің ізгілікті (қасақана емес және саналы түрде) құндылықтары мен идеалдарын халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтары өкілдерімен меңгеру.

Олимпиадалық білім беру субъектілерін: оқытушыларды, мұғалімдерді, жаттықтырушыларды, әдіскер-нұсқаушыларды және т.б. даярлау бағытында дене шынықтырулық білім беру жүйесін

жетілдіру мәселелері арнайы ғылыми зерттеулерді қажет етуі әрқашан да құны жоғары маңызды болмақ. Еліміздің бірқатар дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлайтын ЖОО-ларда мұндай мамандарды даярлау тәжірибесі осындай зерттеулер үшін білікті базалардың жасақталуын қарастырады. Мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде іске асырылатын олимпиадалық білім беру маманының типологиялық моделін жасақтауға басымдылық берілетінін білген жөн.

***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Олимпиадалық білім берудің рухани-моральдік құндылықтарын дамытудағы негізгі қандай тұлғаларды атауға болады?*
- 2. Пьер де Кубертеннің олимпизм идеяларын дамытудағы рөлі қандай болды?*
- 3. Олимпиадалық білімді іске асырудың өзара байланысқан бағыттары қандай?*

## 2-БӨЛІМ

### ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН БАСТАП, XV ҒАСЫРДА ХАНДЫҚ ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ НЕГІЗДЕРІНІҢ ТУУЫ

#### 2.1 Палеолит, неолит дәуірлері мен тайпалық одақтардың қалыптасуы кезіндегі дене тәрбиесі

Дене шынықтыру тарихы педагогикалық және тарихи білімдердің арнайы саласын қамти отырып, дене шынықтыру туралы ғылымның маңызды бөлігі болып табылады. Оның оқыту пәніне – адам қоғамының өмір сүруінің әртүрлі кезеңдерінде дене шынықтыру мен спорттың пайда болуының, орнығуының және дамуының жалпы заңдылықтары жатады. Алғашқы қоғамдық дәуір құрылымы кезеңінде дене шынықтыру өзінің таптық қоғам кезінде жоғалып кеткен ерекшеліктері болды. Өз кезегінде, таптық қоғамда тек сол қоғамдық-экономикалық формацияға тән дене шынықтырудың түрлері пайда бола бастады (күл иеленушілер, феодалдық, капиталистік дәуірлер).

Олимпиадалық спорт тарихы аясында дене шынықтыру тарихының мазмұнына дене шынықтыру амалдары, түрлері, әдістері, ой-сапалылығының ілімі мен жүйелері кіреді. Дене шынықтыру бүкіл адамзат мәдениетінің, тәрбиесінің, адамдардың білімдерінің, олардың еңбек және әскери іс-қызметтеріне дайындығының органикалық бір бөлімі ретінде қарастырылады. Сондықтан, дене шынықтыру тарихы дене шынықтыру мен спорттың ежелгі дүниедегі пайда болуынан қазіргі кездегі дамуы мен жетілу эволюциясын оқытып, үйретеді.

Нақты анықталған тарихи шарттар мен жағдайлар әртүрлі дене тәрбиесі жүйелерінің пайда болуына әкеп соқты. Мысалы, таптық қоғамға дейінгі дәуірдегі дене тәрбиесі жүйесінің элементтері адамдардың еңбек іс-қызметтерімен тығыз байланысты. Ойындар мен жаттығулар арқылы адамдар аңшылықтың немесе басқа да іс-қызметтердің нақты көріністерін көрсететін еді. Сонымен бірге, алғашқы қоғамдық дәуірдегі дене тәрбиесінің маңызды ерекшелігіне оның жалпыға бірдей орындала беру мүмкіндігі жататын. Кеңестік кезеңде бұл мәселені диалектикалық және тарихи материализм

тұрғысынан қараған. Ол кездегі қағида бойынша дене шынықтырудың даму жолы қоғамның басқа да өмір сүру жақтарымен өзара байланысқан. Дене шынықтырудың дамуын тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс ретінде көрсете отырып, тарих оның жетілуін жаңа көзқарас пен ескі көзқарастың күресінің нәтижесі ретінде қарастырады. Диалектикалық заңдылықтар қоғамның бүкіл тарихының барысында дене шынықтырудың дамуын ғылыми көзқараста көрсетіп берді.

Тарихи материализм заңдылықтары негізінде дамыған дене шынықтыру нақты қоғамдық-экономикалық формацияға, географиялық ортаға, ұлттық ерекшеліктерге байланысты қарастырылады. Тарихи материализм дене шынықтырудың таптық жағдаяттарын ашуға көмектеседі, оның жасап шығарушылары кейбір тұлғалар емес, халық екенін дәлелдейді. Дене шынықтырудың даму деңгейі, оның адамдар өміріндегі орны өндірістің нақты түрлеріне, қоғамдық қатынастарға, саясатқа, ғылым мен мәдениеттің жағдайларына әрқашан да тәуелді болған және бола береді де.

Егеменді Қазақстанның жаңа жағдайында біздің барлығымызды біріктіретін идея, ол өскелең ұрпақты азаматтылық пен патриотизмге тәрбиелеу, шығармашылық, рухани және дене дамуының мүмкіндіктерін дамыту болып отыр.

Адамзат тарихының бүкіл өн бойында дене тәрбиесі жөніндегі қамқорлық әлемнің барлық халықтарының өмірінде маңызды орынды иеленді. Тәрбиенің басқа да түрлерімен қатар дене тәрбиесі халықтық, одан соң ұлттық мәдениеттің бір бөлшегі болып, біртіндеп арнайыланған, әрі көп түрлерге ие бола бастады.

Палеолит бойынша ірі маман Г.П.Сосновский 1948 жылы, Қазақстанның аумағында Азияның осы бөлігіндегі алғашқы қауым адамдары мәдениеттерінің ежелгі қалдықтары табылуы мүмкін деген болжам айтқан болатын. Мәселен, кеңестік тарихшы Г.Матюшин, «...соңғы 5-10 млн жыл көлемінде тосын суық басталған, бірақ мұздық қабаттары болмаған жоғарғы ендіктің аудандары біртіндеп адамзаттың алғашқы отаны деп саналуы мүмкін...» деген пікір айтты. Мұндай аудандар қатарына Қазақстан, Моңғолия, Солтүстік Қытай, ОртаСібір жазықтығы жатады екен.

Бұл мәселе бойынша қазақстандық ғалымдардың археологиялық олжалары нақтылы жауап береді, яғни оның ішінде Қазақстан аумағында алғашқы адамдар қашан, қай жерде пайда

болды, оның қандай маңызды компоненті болған, әрі адамзат баласының қоғамында адамды тәрбиелеудің, күнкөріс қамымен еңбекпен ұштаса, күнделікті тұрмыста маңызды құралы болған дене шынықтыруды қоса алғанда олардың мәдениеті қай кезден бастап дамуда деген сұрақтар бар.

Оңтүстік Қазақстанда шамамен жарты миллион жыл бұрын пайда болған ежелгі адам, өздері жасаған құралдар көмегімен жер қазып, ағаш шауып, аңшылықта ұсталған жануардың денесін бөлшектей алған. Алайда, алғашқы қауым адамдары тобының негізгі өмір сүру көзі, ол жеуге жарамды жабайы өсімдіктер мен ұсақ аңдарды аулау болып табылған. Қазақстандық тарихшылар П.Агапов пен М.Қадырбаевтардың пікірлері бойынша, мұндай өмір жағдайы үлкен қозғалысты талап етті, сондықтан ежелгі адамдар басқа орындарға жиі көшіп отырған. Ұсақ аңдарды аулау тәсілдері, жиі қоныс аударулар жылдамдылық, төзімділік және ептілік сияқты тиісті дене күші қасиеттерін талап еткен.

Егер аталмыш кезеңде қандай да бір дене жаттығуларына үйрету элементтері болған болса, онда олар адамдардан тәуелсіз өндіріс сипатына, табиғат жағдайларына, қоғам қажеттіліктеріне сияқты және т.б. объективті факторларға байланысты болуы тиіс деп пайымдауға болады.

Қаратауда (Оңтүстік Қазақстан) табылған тас құралдары формасының типологиялық ұқсастығы, оларды өңдеу тәсілдері, Қазақстанның осы аудан аумағында адамдар шель-ашель уақыты кезінде-ақ орныққан деген пікір айтуға мүмкіндік береді. Қазақстанның ежелгі адамдары питекантроп пен синантроптың тікелей ізбасарлары болып табылады. Қаратаудың алғашқы қауым адамдары сол кезде-ақ от жағып, ұсақ және ірі жануарларға аңшылық жасап, өсімдіктерді жинай білген. Барлығына белгілі, ежелгі адамның дамуында аңшылық үлкен маңызға ие болды, өйткені бірлесе отырып іске асқан алғашқы қауымдық аңшылық адамдық іс-әрекет сипатына ие болып, оның нәтижесінде аңшылар өздері жасаған еңбек құралдарын пайдаланды. Аңшылықпен адамзат қоғамының негізгі жақтары байланысты болған. Н.И.Ядринцевтің зерттеулері көрсеткендей, «бұл кезеңдегі аңшылық, дене құрылысына әсер ете отырып, адамның табиғатында айырықша қасиеттерді жасады және оның ұзақты байқау, көздің дәлдігі, абайлаушылық, байқампаздық және т.б. көптеген қабілеттерін күшейтті. Осы кезеңде адамның дене



күші жоғары дәрежеде дамыды». Белгілі кеңес археологы, академик А.П.Окладников «...ежелгі адамдардың епті, әрі күшті аңшы, сол кездегі өмір жағдайы талап еткендей, төзімділік пен үлкен дене күшіне ие болды...», деген тұжырымға келді. Мұндай қорытындыны ол Өзбекстанның оңтүстігіндегі Тешик-таш үңгірінен табылған баланың қалдықтарын зерттеу нәтижесінде жасады.

Қазақстан Республикасы аумағында алғашқы қауымдық құрылыс дәуірін талдай отырып жалпы қорытынды жасауға болады. Яғни, сол кездің өзінде-ақ өскелең ұрпаққа дене тәрбиесін берудің қандай да бір элементтері белгілі орынға ие болған. Адамдардың өмір сүру жағдайы, олардан айтарлықтай физикалық күшті, төзімділікті, ептілік пен басқа да осыған ұқсас тұлға қасиеттерін талап етуі табиғи заңдылық болған. Әрине, бүгінгі көзқараспен қарағанда тұрпайы болатын, бірақ осы қасиеттердің үлкеннен кішіге өту жүйесі қажет етілді. Жоғарыда көрсетілген пайымдаулар, жас балалардың дене тәрбиесі жүйесінің алғашқы белгілерінің сол кезден-ақ бар екенін айқындайды. Ғылымда бар мәліметтер бойынша, бұл аңшылықты, балықшылықты жүргізумен байланысты тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жүйесі болатын.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Қазақстан аумағындағы дене тәрбиесінің негізгі ежелгі хронологиясының шеңбері қандай?*
- 2. Ежелгі дәуірлерден мағлұмат беретін зерттеулермен айналысқан қазақстандық ғалымдар кімдер еді?*
- 3. Қазақстан аумағында ежелгі материалдық олжалар табылған аймақ қай жер болды?*

## **2.2 Палеолит пен неолит дәуіріндегі дене тәрбиесі**

Жалпы алғанда, алғашқы қоғамдық дәуір құрылымы кезеңінде дене шынықтыру өзінің таптық қоғам кезінде жоғалып кеткен ерекшеліктері болды. Өз кезегінде, таптық қоғамда тек сол қоғамдық-экономикалық формацияға тән дене шынықтырудың түрлері пайда бола бастады (құл иеленушілер, феодалдық, капиталистік дәуірлер).

Нақты анықталған тарихи шарттар мен жағдайлар әртүрлі дене тәрбиесі жүйелерінің пайда болуына әкеп соқты. Мысалы,

таптық қоғамға дейінгі дәуірдегі әртүрлі қимыл-қозғалыстардың имитациясын жасайтын ойындардан тұратын дене тәрбиесі жүйесінің элементтері мен көріністері адамдардың еңбек іс-қызметтерімен тығыз байланысты еді. Ойындар мен жаттығулар арқылы адамдар аңшылықтың немесе басқа да іс-қызметтердің нақты көріністерін көрсететін. Сонымен бірге, алғашқы қоғамдық дәуірдегі дене тәрбиесінің маңызды ерекшелігіне оның жалпыға бірдей орындала беру мүмкіндігі жататын.

Қазақстан территориясындағы тас ғасыры тарихында мезолит пен неолит дәуірі б.д.д. XII-X және III-мыңжылдықтар арасын қамтиды. Салыстырмалы түрде алғанда осындай қысқа дәуір ішінде, адамдардың тұрмыстық өмірі мен өндірістік қызметінің көптеген салаларында мәнді өзгерістер болды. Археологиялық мәліметтер бойынша, аңшылар мен балықшылар тайпаларында бұл кезең ерекше жарқын кезең болып саналмады.

Неолит дәуірі екі ірі оқиғамен сипатталды, ол садақ пен жебенің пайда болуы. Микролиттер пайда болып, олардан жебе ұштары мен басқа да ағаш, сүйек қаруларына пайдаланылатын кеспелі ұштықтар жасалды.

Садақ пен жебені ойлап табу және пайдалану адам өмірінде үлкен маңызға ие болды. Алғашқы қауымдық адамның қаруы неғұрлым дамыған болса, соғұрлым оған қауіпсіздікті, материалдық байлық пен бос уақытты қамтамасыз етті. Сонымен бірге, бұл жағдайлар алғашқы қауым адамдарының тек физикалық жағынан ғана емес, сондай-ақ, рухани жағынан дамуында да үлкен маңызға ие болды.

Қазақстан аумағында өмір сүрген неолит дәуірінің адамдары садақ пен жебені пайдалана отырып, аңшылықтың жаңа тәсілдерін үйренді. Бұл жөнінде Қаратау жоталарының, Арал маңының, Орталық және Батыс Қазақстанның, Жоғарғы Ертіс маңының, Солтүстік Қазақстанның және басқа да аудандардың аумақтарынан табылған археологиялық ескерткіштер куәлік етеді. Қазақстан тарихшыларының айтулары бойынша, бүгінде республика аумағында 400-ден аса неолиттік және энеолиттік тұрақтар белгілі екен.

Мәдени біртұтастықпен біріктіріліп, тарихи қалыптасқан ірі тұрғындар тобына ежелгі Қазақстанның неолит дәуірінің тайпалары жатады.

Қазақстанның неолит дәуірінің адамдары өзінен алдыңғы дәуірдің мәдениетін иеленіп қалды. Сондықтан садақ пен жебені пайдаланумен қатар, өндірістің бұрынғы қаруларын пайдалану маңызды рөл атқарды. Алайда, жекелеген аудандардың мәдениеті өзіне тән ерекшеліктерімен бөлінді. Мәселен, осы дәуірдегі басты шаруашылық аңшылықты алып қарайық. Неолиттік үндірлік Қаратаудың оңтүстік жотасындағы өзімен аттас Қараүңгір тұрағының (Шымкент қаласынан солтүстік-шығыста) тұрғындарын алайық, олар аюға, жабайы бұқаларға, қабандарға, арқарларға, бұғыларға, борсықтарға, қояндарға, сондай-ақ, қырғауылдарға, кекіліктер мен тасбақаларға аңшылық жасаған. Ал Усть-Нарымның (Ертістің жоғарғы жағы, Шығыс Қазақстан) неолиттік тайпалары аңшылықпен және балық аулаумен айналысты. Яғни, жабайы бұқаға, маралға, қабанға, түлкіге, борсық пен суырға аңшылық жасаған. Біздің уақытымызда аюды аулаудың түлкі мен борсықты аулаудан қандай айырмашылығы болса, неолит кезінде де жануарлар әлемі аңшылық тәсілдерін анықтады. Аңшылықты жүргізу тәсілдері мен оның техникаларын айта отырып, мұндағы дене тәрбиесінің негізінде аңшылық пен оның элементтерінің жатқаны туралы айтуға болады.

Қазақстанның неолиттік дәуірі адамының өндірістік қызметі көптеген археологиялық олжалардан көрініс тапқан. Қырғыш, кескіш, оттықтық және кварциттік дротик ұштары, екі жақты немесе бір жақты найзалар мен жебелер, үлкен пластинадағы пышақтар, балталар, тас гүрзілер және т.б. қарулар, неолит дәуірі адамдары қызметінің жан-жақтылығын көрсетеді. Әрине, қызметінің жан-жақтылығы, жан-жақты дайындықты, адамның дене қимылы (қозғалыстық) әрекеттеріне негізделген үйрету мен тәрбиелеудің тиісті түрін пайдалануды талап етті.

Аңшылықтың негізгі құралдары ретінде садақ пен жебені қолдану, сондай-ақ, жетілдірілген тас қаруларын кең пайдалану, жануарларды қолға үйретуге өту, мәдениеттің жаңа түрінің дамуы мен өмір сүрудің жаңа өмір жолына түсуіне жағдай жасады. Қазақстан аумағындағы археологиялық олжалар да оған куәлік етеді. Бұл бойынша П.Агапов пен М.Қадырбаев былай деп жазады: «...Ошақ маңында табылған үй бұқалары мен иттердің сүйектері жануарларды үйде ұстаудың басталғанын білдірсе керек...». К.Ақышев жоғарғы Ертіс (Усть-Нарым, ШҚО) археологиялық ескерткіштерін сипаттай келіп, «...ол жерден шыққан қойлар мен

ешкілердің сүйектері үй жануарларыныкі деп топшыланады...», деп жазды.

Мал шаруашылығының пайда болуы, дене қимылы жаттығуларын қолданудың түрлеріне әсер еткен болуы мүмкін. Өйткені, қазақ халқының дене шынықтыруы мен дене тәрбиесі құралдарында бұқа, қой, ешкі сияқты үй жануарларын үйретуге қатысты дене қимылы жаттығулары мен қозғалыс ойындары көп болған. Мұның өзі қазақтардың дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінің ежелгі деректері туралы көрсетпей ме?!

Дене қимылы жаттығуларын пайдалану тәжірибесі әрқашанда адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оның өндірістік қызметімен байланысты болатын.

Осы мәліметтердің барлығы неолит дәуірінде туып келе жатқан дене тәрбиесінің сипаты туралы айтуға және шаруашылықтың жаңа түрінің шығуымен дене қимылы жаттығулардың жаңа түрінің, дене шынықтыру мен дене тәрбиесінің жаңа элементтерінің пайда болуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Өндірістік қызметтің жаңа түрлерінің арқасында азық табу уақыты қысқарды. Қазақстанның түрлі аймақтарында жүргізілген қазбалар кезінде табылған сол дәуір адамдарының тұрақтары, адамдардың отырықшы өмір сүре бастағанын, соның арқасында өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға үлкен мүмкіндіктерге ие болғанын көрсетеді. Ал, ең бастысы олардың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бос уақыттары көбейгенін байқауға болады, бұл дегеніміз дене тәрбиесіне қажетті жағдайлар болып табылады.

Бұл жерде Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпаларға қажетті дене жаттығулары тек аңшылық, көшпенді өмір салтымен ғана байланысты болды деп отырғанымыз жоқ. Әңгіме, шаруашылықтың отырықшы түріне байланысты болған бірқатар дене қимылы мен жаттығуларының болғаны туралы өрбіп отыр.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

- 1. Ежелгі дәуірлерден мағлұмат беретін көне археологиялық заттар табылған аумақтарға қай жерлер енеді?*
- 2. Көне дәуірде дене тәрбиесінің элементтері көрініс тапқан негізгі шаруашылық түрлері қандай болды?*
- 3. Негізгі ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқан тарихшы-ғалымдар кімдер еді?*

### 2.3 Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау дәуіріндегі дене тәрбиесі

Жаңа тас дәуірінде болған шаруашылықтық өзгерістер, малшаруашылықтық-жерөңдеушілік экономикаға және металды игеруге алып келді. Өндірістің жаңа формасына өтуі Қазақстан аумағындағы барлық жағдайды түбегейлі түрде өзгертті. Мал бағушылардың қуатты, бастамашыл, қозғалысшыл тайпалары кең, әрі құдыретті бірлестіктер құра бастады. Олардың қалыптасуында әскери қақтығыстар маңызды рөл ойнады. Қару бұл кезеңде тек жабайы жануарларға жасалатын аңшылықта ғана емес, сондай-ақ, адамдар арасындағы, тайпалар арасындағы қақтығыстарда да пайдаланылды.

Археологиялық мәліметтер бойынша даланың малшаруашылық және жерөңдеушілікпен айналысатын тайпаларының мәдени қоғамдастығы айтарлықтай жақсы белгілі. Б.д.д. II-мыңжылдық басында-ақ, Еділ бойы, Орал маңы, Қазақстан мен Алтайдың дала тайпаларында кешенді малшаруашылықты-жерөңдеушілік шаруашылық қалыптасқан. Ал, б.д.д. II-мыңжылдықтар ортасында Қазақстанның дала тайпаларында өте жиі түрде малшаруашылығы дамыған. Б.д.д. II-мыңжылдық соңы – I-мыңжылдық басында далалы аудандардың көпшілігі көшпенді малшаруашылығы атты шаруашылықтың жаңа түріне өтті. Табиғи-климаттық жағдай өзгерді.

Қоғамдық ұйымдастырудың жаңа түрінің пайда болуына байланысты жан-жақты сипат ала бастаған тәрбие де күрделене түсті. Дене тәрбиесі әрі қарай дамуға ие болды. Аңшылық қару-жарақта жаңа құрылғылар пайда болды. Оларды қолдану адамдар еңбегін біршама тиімді және қауіпсіз етті, адамдарға материалдық байлықты көбірек беріп, балаларды тәрбиелеу үшін бос уақыттарын көбейтті, оның ішінде жасөспірімдермен дене тәрбиесін жүргізуге мүмкіндік берді.

Рулық құрылыстағы барлық тайпаларда дене қимылы, дене жаттығулары төзімділікке, шымырлыққа, жылдамдылыққа, ептілікке, күш пен шыдамдылыққа тәрбиелеуге бағытталды. Сондықтан жүгіру, түрлі секірулер, лақтыру, күрес, ауырлықпен айналысу кең тарады. Бұл қатынаста Қазақстанның тайпалары да тыс қалмады. Дене тәрбиесінің сипатына тайпааралық қақтығыстар,

әскери дайындыққа қажеттілік белгілі бір түрде әсер етті. Бұл мәселе бойынша В.Е.Антропов былай деп жазды: «...Әскери оқыту жалпыға тән сипатқа ие болды, өйткені ол өндірістік өмірмен бірге еді. Садақпен ату, ауыр көтеру, семсерлесу, жүгіру жаттығулары жасөспірімдерді тек мықты жауынгер етіп қана қоймай, оларды батыл аңшы, төзімді бақташыға айналдырды. Дайындықтың өндірістік мақсаты әскериге қарағанда әлдеқайда маңызды болды...».

Ежелгі Қазақстанның қола дәуірінің тайпалары үнемі жетілдіріліп отырған әскери қарулар жасады. Әскери қару-жарақ пен қарулануға қажетті түрлі заттар өндірісінің ұлғаюы, күнделікті табиғи күштермен күресумен қатар, өндірістің жаңа түріне, яғни, көшпелі малшаруашылығына өтумен байланысты ежелгі тайпалардың өмірінде жауынгерлер ролінің артқанын көрсетті.

Қарумен жаттығу жасау өте күрделі процесс еді, өйткені ол тек ептілік пен төзімділікті ғана емес, сонымен бірге ұзақ жаттығулар арқасында қол жететін дене күшін де қажет етті. Жауынгердің әскери қарумен айналысуы үлкен күшті қажет етуі жөнінде, жаңа бір жағынан сенсация болған археологиялық ашылымдар да куәлік етеді. Мысалы, Вахш және Пянджа өзендерінің қосылатын жерінде Орталық Азиядағы үлкен өзен Әмудария пайда болады, сол жердегі төбені қазу кезінде антикалық храм табылып, ғалымдар одан қару-жарақ қоймасын (жебе ұштары, найзалар, қанжарлар мен жергілікті және грек өндірісінен шыққан қылыштар) алады. Мұның ішінде ең бірегейі алтын жалатылған, салмағы он келі болатын қола қылыш болды.

Малшаруашылығының жоғары деңгейдегі түрде дамуы алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлінісінің негізі болып табылды, яғни малшылық түрінің халықтың өзге массасынан бөлінуі. Шаруашылық саласындағы өзгерістер міндетті түрде қоғамдық ұйымдастыруларға өз әсерін тигізбей қоймады. Қоғамдағы матриархалды қатынас патриархалды-рулық қатынасқа орын берді. Шаруашылық негізінің өзгеруі кезіндегі патриархат жылдам тарады, бірақ, Қазақстан тарихшыларының пайымдаулары бойынша, матриархат ұзақ уақыт бойы өмір сүріп, әсіресе, дене шынықтыру мен дене тәрбиесі саласында айтарлықтай орынға ие болып келген, бұл туралы біз сәл кейін әңгіме қозғаймыз.

Аналық-рулық қатынас кезінде әйелдер ерлермен қатар еңбек етіп қана қоймай, қорғаныс қызметіне де атсалысты. Этнографиялық

материалдар көрсетіп отырғандай, арнайы әйелдер сайыстары, әйелдердің ерлермен сайыстары күресте, жұдырық күресінде, жүгіруде, таякпен семсерлесуде, найза лақтыруда, садақпен атуда және т.б. көрініс тапты. Кейбір мәліметтер бойынша, осыған ұқсас әйелдер жаттығулары Орталық Азия мен Қазақстанның кейбір жекелеген халықтарының ата-бабаларында сақталып қалған еді.

Шопандық малшаруашылығына өту дене қимылы дайындығының маңызын арттырды, онсыз өндіріс құралын игеру қиынсыз болды.

Патриархат кезеңінде өндірістегі басқарушылық ерлердің қолына өтті, өйткені малшаруашылығындағы басты өндіріс құралдары найза, арқан, садақ пен жебе болатын. Шын мәнінде, «ойын (дене тәрбиесі мағынасында) еңбектің ұрпағы деп саналады».

Дене қимылы, дене жаттығулары тәрбиенің маңызды құралына айнала бастады. Сонымен, дене қимылы, дене дамуы мен дайындығы саласында рулық қоғам ұжымының барлық мүшелері айналысты. Еңбекті жыныстық белгілеріне қарай нақты бөлу, бұл үдерісті одан әрі саралай түсті. Осы айтылғандар Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының мәдениет және қоғамдық өмір тарихымен нақтыланады. Мәселен, осы кезең туралы этнограф К.Л.Задыхина былай деп жазады: «...Барлық орталықазиялық халықтарда жыныстық бөлініс ұлдар мен қыздардың белгілі бір жасқа жеткенінде басталады. Екі жыныстың балалары да тек жеті-сегіз жасқа дейін ғана бірге жүріп, бірге ойнады. Осы жастан бастап оларды біртіндеп бөле бастайды. Ұлдар мен қыздар тек өздерінің жыныстарына қатысты құрдастарымен араласа алады. Қай ойын болмасын оларды жыныстық жасқа қарай еңбек бөлінісіне белгілеп, ойындар өзіне тән спецификаға ие болады...».

Матриархатқа да, патриархатқа да тән ойын шығармашылығын дамыту, адамдардың еңбек қызметінің дамып келе жатқан түрлерімен ғана анықталып қоймайды, ол сондай-ақ, олардың арасындағы араласудағы күшейі келе жатқан қажеттілігімен де анықталады. Бұл орайда, академик К.И.Юдахин, бұрынғы Шымкент уезінде бір кездері қыз беруде оның құрдасын «еши» деп атаған дейді. Сол сияқты тек қыздар ғана қатыса алатын «еши-еши» деген ойын да болған. Семейлік қазақтарда қызықты бір дәстүр болған. Оларды қыздардың түнгі ойыны болған, онда оларға малды күзету тапсырылған. Мұндағы басты әңгіме Орталық Азия мен

Қазақстанның халықтарында ұзақ тарихи уақыттар бойы сақталынған рулық құрылыстың қалдықтары туралы болып отыр.

Ойындарда арнайы заттарды қолдану алдыңғы дәуірлерден қалған сарқыншақтар екенін көруге болады, бұл біртіндеп ысырыла бастады. Ендігі жерде ойындарда адамдардың белгілі бір еңбек қызметі негізінде қол жеткен жетістіктер көрініс ала бастады.

Әкелік рулық қатынас кезінде саралау процесі күшейіп, ол дене шынықтыру формаларында, дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерінде көрініс табады. Этнографиялық материалдар бойынша, Орталық Азия мен Қазақстанның халықтарында балалар үш жасқа дейін бір жағдайда тәрбиеленеді, қыздар мен ұлдарға жеке жағдайлар еңбек қызметі мен сипатының ерекшеліктеріне қарай белгіленген. Бұл жағдайларға С.Б.Балаубаева мен А.М.Голяховская 1930 жылы-ақ көңіл аударған болатын.

Этнографиялық материалдар көрсетіп отырғандай, бір жас тобынан екіншісіне өту ептілік, батылдық, төзімділік, тұрақтылыққа байланысты белгілі бір талаптарды орындаумен және оларды қоршаған ортаның шынайы жағдайында қолдана білумен байланысты. Негізінде рулық қоғам дәуірінің сарқыншақтары жатқан бұл ескі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер біз өмір сүріп отырған ғасырға дейін жетіп отыр.

А.Володиннің мәліметтері бойынша, түркімендер өз балаларын сегіз жасқа толатын шақта атқа отырғызған, бұл оның келесі жаса санатына өтетіндігін білдіреді. Алайда, көптеген ортаазиялық халықтарда атқа отырғызу одан ертерек басталған. Мәселен, П.Кушнир Тянь-Шаньнің тау тұрғындарының салт-дәстүрлері туралы айта отырып, қырғыздардың үш жасар баланы алғаш рет атқа отырғызғанына куә болғанын айтады.

Қазақ балалары да алғаш рет үш жасында өз бетінше атпен жүрумен танысады. Ал бес жасында ол өз бетінше ешкімнің көмегінсіз атқа міне алуы керек. Жеті жаста ол, керек десе, үйретілмеген асау атқа да отырып, ат жарыстарға қатысады.

Арнау – этнографтар мен археологтар көптеген халықтардан байқаған, тұрпайы құрылымды сақтаған ежелгі ғұрыптардың бірі. Түрлі арнаулар Орталық Азия мен Қазақстанның халықтарында да өткен дәуірлерде болған. Көбінесе, орыс этнографтары, салтанатты түрде баланы атқа отырғызу рәсімі, оның қандай да бір тапсырмайы өз бетінше орындауы туралы көп жазып қалдырған.



Арнаулар бірнеше кезеңдерден тұратын, бірнеше жылдар көлемінде өткізілетін әдет-ғұрыптардың бүтіндей циклынан тұрған. Олардың ең ертесі бала өзінің өмірінде алғашқы қадамдарын жасаған кезден басталады. Бұл жөнінде Құдабай Қостанаев 1894 жылы Перовск мен Қазалының қазақтары туралы өзінің очерктерінде былай деп жазады: «...қырғыздар келесідей ғұрып жасайды: яғни баланың оң аяғына ала жіп (алабау) байлап, оны ұзындығы бойымен созып, пышақпен кескен, сөйтіп бала жүретін болған. Бұл «тұсау кесу» деп аталады. Осы ғұрыптың негізінде қырғыздар өз балаларын аяғынан тұрып, жүруге ерте бастан үйреткен...».

Арнаулар қоғамдық және тәрбиелік сипатта болды, өйткені олар балаларды, жеткіншектер мен жасөспірімдерді жас ерекшеліктеріне қарай қоғамның бүтін, толық құқылы адамдарының қатарына қосуға бағытталды. Нәтижесінде, олар жылдам жүрушілерге, шабандоздарға, аңшылар мен жауынгерлерге айналды. Жалпы алғанда, арнаулардың мақсаты баланың белгілі бір жасқа толуы немесе белгілі бір жылдар санын өткізуіне байланысты емес, толық құқылы және толыққанды қоғам мүшесін арнайы дайындықтар мен тексеру сынағының бүтіндей жүйесі арқылы қалыптастыруға бағытталған.

Дене тәрбиесінің элементтері ежелгі қоғамда қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қамтыды. Мұның барысында дене тәрбиесі жоғарыда айтылғандай, сонау дәуірлерде-ақ түрлі әдет-ғұрыптар және салт-дәстүрлермен астасып жатты. Осы жайында қазақтың көрнекті философ ғалымы Н.С.Сәрсенбаев, «...алғашқы қауымдық құрылыста әдет-ғұрыптар адамдар арасындағы барлық рухани қатынастар жетекші күш екенін көрсетті...», деп өте дұрыс жазған.

Дене тәрбиесінің түрлі формалары, жан-жақты дене жаттығулары, ойын-сауықтар, осы дәуір адамдары өмірінің барлық тұсымен тығыз байланысып жатты. Онымен барлық жас тобындағы дерлік адамдардың барлығы айналысты.

Мал бағу мен жер өңдеу барынша ұйымдасқан дене тәрбиесін қажет етті. Рулық қауым балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесін тек тәжірибелі де шебер адамдарға ғана сеніп тапсыратын болды. Бұл адамдар тек өз тәжірибелерін беріп қана қоймай, сондай-ақ, дене жаттығуларын үйретудің белгілі бір қағидаларын білулері шарт еді. Этнографиялық материалдар көрсеткендей, ондай қағидалардың бірі ойын-сауықтық болған. Ол адамға күшті буырқанды сезімді әсер

етіп, ойынға қатысуға қызығушылықты арттырудың негізгі көрінісі болып табылды.

Археологиялық материалдарда кездесетін қозғалыс ойындары да кең қанат жайған (қайтыс болған балалар моласына асық ойын затын қоса салған). Бұл тек жерлеу ғұрпы ғана емес, сондай-ақ, балаларды үйрету мен тәрбиелеу үдерісімен байланысты идеология болған. Бұл орайда, ойын дене қимылы дене күші мен рухани қасиеттерді дамытуға бағытталған динамикалық, мақсатты қозғалыстағы тірі шынайылық ретінде қарастырылады.

Дамыған қола кезеңінде малшаруашылықты тайпалар өмірінде жылқы үлкен маңызға ие болды. Оны тек жүк тартушы құш ретінде ғана емес, сондай-ақ, міну үшін де пайдаланған. Жылқыны қозғалыс көлігі ретінде пайдалану далалық және тау жайылымдарын игеру мүмкіндігін кеңейтіп, жекелеген тайпалар арасында рухани құндылықтардың алмасуын дамытуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қола дәуірінде күймелер пайда болды. Ежелгі күймелер қазіргі ТМД аумағының азиялық бөлігінен табылған. Осы археологиялық ашылымдарға байланысты, «Правда» газетінде мынадай мақала шықты: «...Солтүстік Қазақстанның археологтары Ботай маңында адамдар қонысын тапты... Жылқы жүгені бойынша, ескі замандарда ат тартушы күш ретінде пайдаланылған. Алғашқы күймелер алғаш рет осында далада пайда болып, содан соң бүкіл еуразиялық материкке тарады деген ғалымдардың пікірлері негізделді...».

Келесі дәуірлерде күймелер тек көлік құралы емес, сайыстарда да қолданылған. Сондықтан алғашқы күйме үстіндегі сайыстар, сол күйме шыққан жерде пайда болған деп топшылауға болады. Таптық қоғамның пайда болуынан бастап, дене тәрбиесінің жүйесі күресуші таптардың мүдделерін қорғайтын таптық жағдайға көшті. Құл иеленушілер дәуіріндегі дене тәрбиесінде құл иеленушілер құлдарды зорлық пен зомбылықтың айуандық түрлерін көрсете отырып, қорқытып-үркітіп және бас июшілікте ұстап, қару алып, өз мемлекетінің мүддесін қорғауға күштеп итермелейтін. Осы арқылы дене тәрбиесінің сол кезеңдерден бастап әскери бағыттамамен кеткенін анықтауға болады.

Қазақстан аумағындағы кейінгі қола дәуіріне жататын археологиялық олжалар, осы кезеңде жылқышылықтың ролі бірденнен артқанын көрсетеді. Жылқыны мінуге үйрету, оны көлік

құралы ретінде пайдалану дене жаттығулары мен ойындарының ат түрінің пайда болуына әкелсе керек. Егер мүйізді қараны қолға үйретумен бұқамен ойын өткізу түрлері пайда болған болса, онда атты үйрету кезеңінде ойындар мен дене жаттығуларының ат арқылы айналысу түрі пайда болды, деп айту қисынға келеді. Демек, жылқышылықтың пайда болып, дамуы арқылы ат ойындары мен жаттығуларының, ат сайыстарының пайда болғанын айтуға болады.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңі, дене тәрбиесі саласында күрделі құбылыстардың пайда болуымен сипатталады. Ол жылқыларды мініс жануары ретінде үйрену мен пайдаланудың ұзақ жұмыстарымен байланысты болса керек. Жекелеген кеңестік тарихшылардың пікірінше, ежелгі жылқышылықтың отаны Қазақстанның Ертіс маңының далалары болып табылған, бұл ат сайысы түрлерінің пайда болғандығы жөнінде маңызды факт болып есептеледі.

Рулық құрылыстың ыдырауы кезеңінде, жылқы тек шаруашылықта ғана пайдаланылып қоймады. Оның маңызы жүйелі түрде жүргізілген тайпааралық қақтығыстар есебінен арта түсті, ал ендігі жерде бұл қақтығыстар тек тонау үшін ғана жүргізіле бастады. Бұл жалпы сипатқа ие болған арнайы сайыстар мен ат ойындарының (дене қимылы жаттығулары мен ойындар) пайда болуына алып келді.

Бұл кезеңнің дене тәрбиесінің сипатты дамуының көрсеткіші ат сайыс түрлерін, ойындары мен жаттығуларын пайдалану болып табылады. Мұның жарқын мысалы ретінде «аламан-бәйгенің» болуын айтуға болады, ол ұзақ және аса ұзақ қашықтыққа арналған ат жарысы. Аламан-бәйге дене тәрбиесінің дамуының ерекшеліктерін тек Орталық Азия мен Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ, алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңіндегі басқа да әскери-көшпенді тайпалардың жекелеген өмірлерінен де көрініс тапты.

Аламан – бұл соғыстың бір түрі, түрлі көлемдегі қарулы атты әскердің шабуылы. Аламан деп шабуылға қатысушы жауынгерді де атады. Қазақтарда да жауынгерді аламан деп атаған, бірақ ол қазір тек диалект түрінде қалған. Төңкеріске дейінгі белгілі қазақ этнографы Ә.Диваевтің айтуы бойынша, аламан – бұл жүгірулер, жарыстар. Аламан-бәйгенің бастаулары аламандықта жатыр. М.Т.Тәнікеевтің 1957 жылы шыққан «Қазақ ұлттық спорт және ойын түрлері» атты кітабында айтылған осы ойлар біздің зерттеулерімізден өз негіздемесін тапқандай.

Рулық құрылыстың ыдырауы кезеңінде аламан-бәйге жауынгердің арнауы дене жаттығуы мен техникалық дайындығы құралы ретінде, бір жағынан аламаншыға идеологиялық түрде әсер етудің әдістері ретінде қызмет етті. Жоспарланған шабуыл сәтті болуы үшін алдымен моральдық дайындық қажет. Әдеттегі ат жарыстарды «аламан-бәйге» атты әскерилендірілген жаттығуларға айналдыра отырып, соғысушы тайпалардың басшылары біртіндеп халықты аламандыққа, шабуылдарға, әсери өмір салтын ендіруге дайындады.

Аламан-бәйге – әскери демократия дәуіріндегі дайындықтың арнайыланған түрі, сайыстардың мамандандырылған көрінісі, сондай-ақ, дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың тұрғындар өміріндегі арнайы бағытталған құралдары мен әдістері қызметін атқарды.

Әскери демократия кезеңіне сонымен бірге «ерлер үйлерінің» пайда болуы да тән. Олар түрлі жастағы адамдарды, оның ішінде жасөспірімдерді біріктірген түрлі «ерлер одақтары» бар рудың қоғамдық өмірінің орталығына айналды. Рас, жекелеген авторлар «ерлер үйлерінің» пайда болуын одан да ерте кезеңге жатқызады. Мәселен, П.Ефименконың жазуынша, «ерлер үйлері» бола алатын анағұрлым үлкен тұрғын үйлер де болды. Бірқатар ғалымдар «ерлер одақтары» немесе «күпия одақтар» алғашқыда жастарды рулық қоғамның ұжымдық өміріне толыққанды тәрбиелеп, дайындау үшін құрылды, деп санайды. Бұл одақтардың қызметіндегі дене тәрбиесі мен түрлі дене жаттығулармен айналысу негізді түрде, мұқият дайындалған сызбамен жүргізілді. Мұндай сабақтарды аса тәжірибелі жауынгерлер басқарды. А.Авдеев, құрамы билерден тұратын жаттығуларды бағалай отырып, мұндай акробаттық іс-әрекеттердің ұзақ уақыттық арнайы дайындықсыз іске асыру мүмкін емес екенін жазады. Сол үшін де «күпия одақтардың» мұндай көрсетілімдері монополияға және осы ұйымдардың мамандығына айналады, оған мұқият және ұзақ уақыт дайындалу қажет.

Орталық Азияда «ерлер үйлері» жанында «жастар үйлері» де болды, олар тәрбие ұйымдарының туынды түрі болып табылды, бұл туралы біздің уақытымызға дейін жеткен түрлі формадағы бірқатар олардың қалдықтары куәлік етеді. Мәселен, Н.А.Кисляковтың мәліметтері бойынша, Тәжікстандағы Бахио-Боло тау тұрғындарында «от үйі» деп аталатын ерлер мен жасөспірімдердің өзіндік

отаулары болған. Түркімендерде «ак-ойлу» деп аталатын жастар отауы болған, олар ақ киіз үйлерде тұрған. «Ак-ойлу» жастарының міндетіне тайпа шекараларын күзету енген. Орыс тарихшысы Л.Вяткиннің жазбасы бойынша, сипаты жағынан оған жақын каршиндік өзбектерде болған. «Ерлер үйлері» деп аталатын бұл ұйымдар Орта Азияда сақталған өткеннің сарқыншақтары, деп жазады Г.Снесарев.

Жоғарыда айтылған мағлұматтарға байланысты, осы жұмыс бойынша 1970 жылы Қазақстанның оңтүстік-шығысынан табылған археологиялық олжалар үлкен қызығушылық тудырады. Бұл ауданнан ату нысаналары табылды, онда тасбеті суреттері нысана ретінде пайдаланылған. Мысалы, Қаратаудағы Жалаулы сайында жебе ату тау ешкі суреттеріне жасалған. Басқа бір тасбеті суретінде тау қойы бейнеленіп, оның да бетінде жебе ұштарының белгілері қалған.

Ежелгі мұндай нысандар Іле өзені алқабындағы Алтын-Емел тауы етегіндегі гранитті тастарда да кездеседі. Екі тау ешкісінің бейнесінде ондаған жебе соққысының белгілері байқалады, бұл садакпен дәлдеп атудың жарқын бейнесі, өйткені жебе белгілері жануар бейнесінің тек басының айналасында ғана орналасқан, яғни бұл жануар денесінің ең әлсіз бөлігі, деген сөз.

Көрсетілген ату орындарында тек садак пен жебе ғана емес, сондай-ақ, найза да пайдаланылғаны туралы дәйек өте қызығушылық тудырады. Демек, садакпен дәл атудан басқа, найза лақтырып жаттығулардың өткенін айтуға болады. Өйткені кез-келген әскери қаруды қолдану үшін тиісті дайындық қажет екені сөзсіз, қолданған қарулар қатарында балталарды да кезіктіруге болады, олар жөнінде Қазақстанның түрлі аудандарынан белгілер табылды.

Осылайша, лақтыру тәсілдерін үйрету, керек болса сайысу өте ерте дәуірлерге қарай кетеді. Мәселен, А.Г.Спиркин, «алғашқы адам бейнелерге ата отырып өзі үйреніп, кейіннен тәжірибесі аз басқаларды шынайы жануарларға атқыза отырып үйреткен. Үңгірдің қабырғаларына жануарларды бейнелей отырып (магиялық мақсатта да болуы мүмкін) алғашқы адам рационалды мақсатқа қол жеткізген. Ол бұл бейнелер алдында тұрып көзінің дәлдігін, қолының ептілігін, жеңіске деген ерік-жігерін шындай отырып, шынайы аңшылыққа қажетті дағдыларын дайындаған» деп есептейді.

Мұндай дайындық «Дене қимылы дене күші мен моральдық серпілістің» жоғарғы формасы бола отырып, әскери ойындардың шығуына және қарумен жаттығу жасауға, одан қала берді әскери-қолданбалы сайыс түрлеріне өтуге ықпал еткен болуы мүмкін. Археологиялық және этнографиялық материалдар көрсеткендей, осылайша рулық құрылыс кезінде-ақ, басқа тайпалар мен халықтарды басу үшін жауынгерлердің жан-жақты дене күші дайындығын қарастыратын дене тәрбиесінің жаңа жүйесінің элементтері туындады.

#### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Алғашқы қауымдық дәуірдің ыдырауы кезінде қалыптасқан шаруашылық түрлерін қалай түсіндіруге болады?*
- 2. Дене тәрбиесінің элементтерінің болғанын көрсетуде басқа қандай ғылымдардың маңызы болды?*
- 3. Ежелгі дәуірге тән ғалымдар тапқан қандай тарихи-археологиялық нысандарды атауға болады?*

#### **2.4. Тайпалық одақтардың қалыптасу дәуіріндегі дене тәрбиесі**

Жаңа дәуірге дейінгі бірінші мыңжылдықта Қазақстанның ежелгі тұрғындарында шаруашылық жүргізудің көшпенді тәсіліне өту жүріп, тайпалық одақтар пайда болды. Тайпалық одақтардың құрылуы қоғамның өндіруші күштерінің әрі қарай дамуына мүмкіндік берді. Тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі рулық және тайпалық әр қилылықты тоқтатып, барлығына ортақ мәдениет түрінің пайда болуына алып келді. Тайпалық одақтардың құрылуы дене шынықтырудың әрі қарайғы дамуы үшін де, тайпалық одақтың барлығына ортақ дене тәрбиесі жүйесінің әрі қарай жетілдірілуі үшін де үлкен маңызы болды.

Көшпенді мал шаруашылығына өту жай ғана шаруашылық қызметі тәсілдерінің ауысқандығын білдірген жоқ, ол негізінен қоғамдық тұрмыс, мәдениет пен идеологияның арнайы мамандандырылған түріндегі жаңа тарихи дәуірінің басын анықтап берді.

Барлық өмір салты түбегейлі өзгеріп, мәдениеттің жаңа дәстүрлі түрлері туындады. Дене шынықтырудың жаңа бөлшектері мен дене тәрбиесінің әдістері үлкен аумақта жылдам тарала бастады.

Осылайша, қатардағы көшпелі-малшының өміріндегі дене тәрбиесі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігіне айнала отырып, өзінің әрі қарай дамуын жалғастырды. Халықтың ақсүйектер қатарында әскери-қолданбалы сипатқа ие түрлі дене жаттығулары мен ойындары айтарлықтай негізді түрде көрініс тапты. Бір жағынан, олардың дайындығының жетекшілігі белгілі бір кәсіпқойлықпен жүргізілді.

### **Сақ тайпаларының дене тәрбиесі**

Жаңа қоғамдық құрылысқа өту өзінің даму сипатына сәйкес әр халықта әр түрлі болды. Б.д.д. I мыңжылдық басында сақ қоғамында алғашқы қауымдық рулық қатынастар өте жиі белсенді түрде ыдырай бастады. Тайпалық одақтар жаңа және алғашқы қауымдық қатынастардың ыдырау кезеңіндегі әлеуметтік қоғамдастықтың жоғарғы типі болып саналды. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырау дәуіріндегі әлеуметтік қоғамдастықтың осындай типі сақтар тайпалық одағы болып табылды. Сақтар туралы жалпы мәліметтердің үлкен көлемін антикалық жазба дереккөздері береді.

Гомердің «Илиадасы», Геродот, Гиппократ, Страбон, Арриан, Аристотель, Эсхил, Проконестік Аристей, Милеттік Гекатей және басқа антикалық авторлардан бастап, кейінгі Н.Я.Бичурин, Л.Н.Гумилев сияқты ғалымдар және қытай деректерінің шежірешілері сақ, ғұн, үйсін және т.б. тұрмыстары мен шаруашылықтарын суреттеу кезінде, көптеген тайпалар шаруашылығының тек малшаруашылық бағытының ерекшеліктерін ғана емес, сондай-ақ, мал құрамын, жануарлардың жекелеген түрлерін, ғұрыптары мен құрбандықтарын, салт-дәстүрлерін және т.б. күнделікті тұрмыстағы ойын түрлерін нақты бейнелей білді.

Қазақстанның сақ тайпаларының мәдениеті мен қоғамдық құрылысының сипаты, Оңтүстік Сібір тайпаларының, сондай-ақ, қазіргі Ресейдің еуропалық бөлігі мен Қазақстан аумақтарында тұрған скифтердікімен ұқсас келді. Ұқсас болғандықтары соншалық, кейбір грек авторлары оларды да скифтер деп атаған. Бұл, бір жағынан заңдылық, өйткені көшпелі малшаруашылық тұрмыс

козғалысы, Еуропа мен Азияның тайпаларымен үнемі байланысу, сақтар мен скифтердің Алдыңғы Азия елдеріне бірлесе жорық жасауы, материалдық және рухани мәдениеттерінде көптеген ортақ элементтердің пайда болуына жағдай жасады. Әсіресе, жас ұрпақтың дене шынықтыруы, дене тәрбиесінің құралдары мен әдістері, әскери-дене дайындық жүйесінде көптеген ортақ нәрселер болды.

Ежелгі авторлар скиф-сақ қоғамы ұйымдастыруының әскери сипатын оның ішінде, әскердің аса жоғары жинақылығын, атты әскерді кең пайдалану, өзіндік ұрыс жүргізу тактикасын ерекше атап көрсетеді. Геродот аталмыш тайпалардың әскери жетістіктердің себептерін былайша түсіндіреді: «...Бізге белгілі халықтардың ішінде, тек скифтер ғана адам өміріндегі маңызды өнерге ие. Ол, өздерінің еліне шапқан бірде-бір жау аман шықпайтындығы, өздері мүмкіндік бермесе, оларды ешкім басып ала алмайтындығы. Өйткені скифтерде қала, бекініс жоқ, олар өз үйлерін өздерімен бірге алып жүретін. Олардың барлығы атты садақшылар, олар жер өңдеумен емес, мал шаруашылығымен айналысатын, тұрақтары шатыр. Неге мұндай халыққа жеке әрі қол жетпейтін деңгейде болмасқа?!...».

Осы жерде, скифтердің жоғары әскери шеберлігі, олардың тек еңбек қызметі процесінде ғана емес, сондай-ақ, тұрғындардың әскери-көшпенді өмір салтына сәйкес, өзіндік әскери-дене дайындығы, дене кимылы жаттығулары мен ойындарының әскери-қолданбалы түрлерімен айналысу нәтижесінде дамыған, ұрыс, төзімділік, шымырлық ептілігі мен тәртіптілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Геродот сақтар мен скифтердің керемет ұқсастықтарын байқай отырып, былай деп жазған: «...Сақтар, скиф тайпалары тығыз киізден жасалған тіке тұрағын, шошақ төбелі бас киім және шалбар киген, иілген садақтары мен қысқа қылыштары болған...».

Ал, Страбон болса, сақтарды «Азиялық скифтер» деп атаған. Сонымен қатар, ол шаруашылық және қоғамдық өмірінің, материалдық және рухани мәдениеттерінің, сондай-ақ, дене шынықтыру мен дене тәрбиесі жүйесінің ұқсастықтарын да атап өткен.

Сақтардың садақшы-жауынгерлері туралы даңқ ұзақ уақыт сақталды. Біздің дәуіріміздің екінші ғасырында өмір сүрген географ Дионисий Периегет өзіне дейінгі мәліметтерге қарап былай деп жазды: «Соғдиананың арғы бетінде Яксарт өзенінің ағысы бойында жебемен атушы сақтар тұрады, әлем бойынша садақты керемет




пайдаланатын және жебені құр жібермейтіндер де солар». Оған қоса, белгілі жазушы Болат Жандарбековтың «Томирис патшайым» кітабында сактардың әскери дене дайындығының қандай деңгейде екенін керемет суреттеген.

Яксарт – бұл қазіргі Сырдария өзені. Қатал әскери-көшпенді тұрмыс, скиф-сақ тайпаларының дене қимылы дайындығына да қатал талаптар қойды.

Александриялық Климент, сақтардың жауынгер әйелдері, олардың әскери іс-қимылдар кезіндегі шеберліктері туралы сөз ете отырып, былай деді: «...Сақ әйелдері айла-әрекетке салып қашқан кезде, ерлер тәрізді артқа бұрыла отырып, ат үстінде садақ атады...».

Осы және басқа да көптеген мәліметтер, скифтердің де, сақтардың да жаумен соғысудың бір әдісін пайдаланғанын, сондай-ақ, олардың өмір салты, халқының әскери-дене дайындық әдістері мен дене дайындықтары бір болғанын көрсетеді. Скиф-сақ тайпаларының әскери-дене дайындығы, ойындары мен дене жаттығуларының әскери-қолданбалы түрлері туралы жекелеген жазба деректер бар. Жебенің қола ұштарының бұтасындағы қапталдық тесіктің болуы туралы зерттеген Е.Е.Тевяшов былай деп жазды: «...жебені тек соғыста ғана емес, сондай-ақ, аңшылықта да, күнделікті нысанаға ату жаттығуларында да пайдаланды...». Дәл осындай жебелерді Қазақстан сактары да қолданған. Бұл жөнінде қазақ тарихшысы М.К.Қадырбаев: «...Жебе ұштары әр түрлі болды: ең ертедегі қола, бұтасы мен діңі бар жебелер скифтерден б.д.д. V ғасырдан бастап Қазақстан аймағына тарады, жебелердің ұштары үшқырлы болып келді...».



2-сурет. «Алтын адам» - Алматы қаласынан 50 шақырым жерде, Есік өзенінің жағалауындағы, биіктігі 6 метр, диаметрі 60 метр болатын Есік қорғанындағы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған. Сак дәуірі.

Осыған дейін айтылып кеткендей, скиф-сақ тайпалары мықты садақшылар болды. Скифтер мен сақтардың дәл осы сайыс түрлері мен жаттығуларын, сол дәуірдегі басқа тайпалар мен халықтар да меңгерді. Мәселен, кезінде скифтермен бірге өмір сүрген гректердің мәрмәр қабырғаларының бірінде садақпен алысқа атып тұрған жасөспірімнің бейнесі сақталған. Ол суретте жасөспірім баланың нысанаға емес, алысқа, яғни жебе өзінің ұшу траекториясына ыңғайлы түрде 35-40 градус жоғары қарай бағытталғаны көрсетілген. Атушы гректің қолындағы садақ көлемі мен формасы жағынан таза скифтік болып табылады. Гректік жасөспірім атушы баланың осы бейнесін бағалай отырып, Е.Е.Тевяшов былай деп жазды: «мұндай алысқа атуды скифтерден алынған деп есептеу керек, өйткені гректер өздерінде ондай сайыстар өткізбейтін». Е.Е.Тевяшовтың бұл мәліметтерін археологиялық олжалар да растайды. Шынында алысқа атуымен сақ тайпалары да айналысқан. Хантаудағы (Қазақстан, оңтүстік-батыс Балқаш маңы) көптеген олжалар арасында тас бетінде ойылып салынған садақ тартып тұрған әйел бейнесі өзіне көңіл аудартады. Оң аяғымен отырған садақ атушы әйел жебе ұшын өз бұрышынан жоғарырақ, яғни алысқа атуға ыңғайлаған.

Соғыстың күнделікті тірлікке айналуына байланысты, тұрақты түрдегі әскери-дене тәрбиесі, күнделікті дене қимылы жаттығулары мен ойындар, тек ерлер үшін ғана емес, әйелдер үшін де міндетті болды.

Ежелгі заманды суреттеуші авторлар сақтар тайпалық одақтарының әйелдері әскери іс-қимылдар мен қоғамдық өмірге белсене араласатынын айтады. Сол айтпақшы, Диодордың пайымдауы бойынша, сақ әйелдері батыл, әрі ерлерімен соғыс қауіптерінен бірге бөліскен.

Геродот массагет қоғамындағы әйелдердің биік рөлі туралы айта отырып, «...оларда әйелдер деңгейі ерлермен бірдей...» деп жазды. Ол сондай-ақ, савромат әйелдеріне де жоғары баға берді. Оның суреттеуі бойынша, савромат әйелдері атпен жүріп аңға шыққан, ерлер киімін киген, өзінің жауын өлтірмейінше, бірде-бірі тұрмысқа шықпаған. Олардың әйелдері ат үстінде де, жаяу да жақсы соғысқан. Савромат әйелдерінің өмір салты, олардың әскери-дене қимылы күші сапасы мен қабілеттері туралы Гиппократ жақсы, әрі қызықты жазды. Оның көзқарастары медицина, дене тәрбиесі мен

дене шынықтыру теориясы мен тарихы тұрғысында өте тартымды. Ежелгі грек дәрігері, әрі антикалық медицина қайта құрушысы былай деп жазады: «...Еуропада Меотиды көлінің айналасында басқа халықтардан айырықша скиф деген халық тұрады. Оның атауы савроматтар. Олардың әйелдері атпен жүріп, садақ атып, дротик лақтырады. Өзінің үш жауын өлтірмейінше күйеуге шықпайды, өлтірген соң, кәдімгі құрбандық шалу өте салысымен-ақ, күйеуімен бірге тұрады. Тұрмысқа шыққандары, тек барлығына жорыққа шығу қажет болғанға дейін атпен жүрмейді. Олардың оң жақ кеуделері жоқ, оны жас кездерінде аналары арнайы дайындалған мыс құралмен басып, өспейтіндей етіп күйдіріп тастаған. Сол үшін де барлық күшқуат оның оң жақ білегі мен қолына беріледі...».

Орталық Азия мен Қазақстанның көне тайпаларының әйелдері құрметті және тәуелсіз жағдайға ие болды. Антикалық авторлар жасаған тарихи деректерде ең алдымен әскери-дене күші, моральдық-еріктік және адамгершілік талаптарына байланысты, ортаазиялық тайпалардың әйелдері ерлермен бір қатар тұрғаны айтылады. Сондықтан да, аңыздардағы амазонкалар мемлекеті, яғни, әйел жауынгерлерді жазушылар мен тарихшылардың Орта Азия аумағына орнықтыратыны тегін емес.

Ежелгі Қазақстанды қоныстанған халықтардың дене кимылы және әскери-дене тәрбиесі жүйесін сипаттай отырып, бұл жүйеге бірдей дәрежеде жасөспірімдер де, қыздар да тартылғандығын айта кету керек. Исламды ұстанушы халықтарға қарағанда, сол үшін де қазақ қыздары қоғамдық өмірдің әр түрлі саласы мен тәрбиесінен тыс қалмаған болуы мүмкін.

Сақ және оған туыстас тайпалардың әйелдері арнайы дене күші дайындығын қажет ететін әскери іспен айналысып, шаруашылық пен қоғамдық істерді де сәтті жүргізіп отырды. Көшпенді малшаруашылығы жағдайында бұл аса қажеттілік болып табылатын.

Қазақстанның далалы аудандарының көптеген тұрғындары үшін, алғашқы тұрмыстық экономиканың жалғыз бағыты, ол көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығына өту болып есептелді. Сақ кезеңінен бастап, неке одағын құруға байланысты ат жарыстар өткізілген. Осы дәстүрге байланысты, жас жігіттер күш, ептілік пен төзімділік жағынан өз қалыңдығын жеңе отырып қана үйлене алған. Бұл кезеңнің көптеген әдет-ғұрыптары, бұрынғысынша ежелгі діни көзқарастармен байланысты болды. Қазақ

тарихшысы М.К.Қадырбаев: «Сақтар кезінде өздеріне тән өзгерген түрдегі анимизм, тотемизм және магия сияқты ежелгі діни көзқарастар өмір сүрді» деп жазады.

Антикалық әдебиеттердің кейбір шығармаларында суреттелген некелік сайыстардың «қыз-бөрі» деп аталатын қазақ-қырғыз ойынына үлкен ұқсастығы бар. Белгілі қазақ ғалымы Ә.Х.Марғұлан бұл жөнінде, «қыз-бөрі» деген атаудың өзін, неке одағын жасау кезінде ежелгі тотемге (жануарға бас ию) байланысты қолданылатын рулық идеологияның құралы ретінде қарастыру қажет, деп жазады. Ол жігіт пен қыздың күресі Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі халықтарында кең жайылған құбылыс дейді. Ежелгі неке сайыстарын, сондай-ақ, ортағасырлық авторлардың тарихи мәліметтерін талдау, бұл сайыстардың қазіргі ат спортындағы қыз қуу ойынының ата тегі екендігін негіздеді. Сақтардың ат ойындары, өздері шыққан кездегідей күні бүгінге дейін сақталып келеді. Алайда, ол кезде бұл ойындар діни көзқарасты көрсетті, ал сайыстардың басты мәні, сақ қоғамының өскелең ұрпағының әскери-дене күші дайындығымен, дене қимылының дамуымен сипатталды.

Ежелгі доппен ойнайтын ат ойындары бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталды. Біртіндеп, ол көптеген шығыс елдерінің танымал ойынына да айналды. Орталық Азиядан басқа, поляр типіндегі бұл ойын Әзірбайжанда, Арменияда, Грузияда, Ауғанстанда, Иранда және басқа да Шығыс елдерінде кең тарады.

Көшпелі малшы мен жауынгердің өмірінде жылқы үлкен маңызға ие болды. Сақ уақытындағы аттардың екі түрі болатын: бірінші түрі – аласа бойлы, жуан аяқты, үлкен басты, кең денелі, бұл даланың жабағы қазақы аттарына жақындау болды, екіншісі – салыстырмалы түрде биік мініс аттары болған. Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі көшпелілер жергілікті тұқымды аттарды ортаазиялық аттармен будандастыру әдістерін жақсы білген. Сонымен бірге, жергілікті дала жылқыларын керемет түрде таңдай білген, бұл туралы Страбон хабарламалары мәлімет береді.

Жақсы мініс аттарын көшпенділер жақсы бағалай білген және олар көбіне ру-тайпаның ақсүйектеріне ғана қол жетімді болған. Олар жауынгердің жеке меншігі болып, иесі қайтыс болғанда, сонымен бірге молаға қоса жерленген. Қазақстанның сақ тайпаларының өміріндегі жылқы рөлінің жоғары болуы, антикалық және көне ирандық деректерде көрініс табады. Көк аспан пірағын

дәріптеуі болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанның шығысында да жылқышылыққа аса мән берілген. Сақтар кезінде жылқышылықтың жоғары деңгейде белсенді түрде дамуы, тек атты әскердің дамығандығын ғана көрсетіп қойған жоқ. Асыл тұқымды мініс аттарының болуы ат сайыстарының, атқа мінумен байланысты дене жаттығулары мен ойындарының дамуына үлкен әсер етті.

Сақтарда сайыстарды өткізу түрлері әр алуан болды, олар атты және жаяу жауынгерлер арасында да өткізілді. Осындай сайыстардың бірі найзамен жарысу болып табылды. Атты сақ жауынгерлері сайыстарының бейнелері Орталық Қазақстанның Хантау тауларында кездеседі. Осындай бейнелер оңтүстік-батыс Балқаш маңындағы Теректі-сай шатқалдарында кездесті. Ол бейнеде сайыстан тыс бір әйел тұр. Археологтардың ойынша, ол сайыс жеңімпазының сыйы болуы мүмкін.

Ірі спорттық сайыстар мен ойындарда әйелдерді сый ретінде тарту, кейіннен үлкен спорттық мейрамдардың маңызды дәстүріне айналып кетті, ал соңынан, Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының ежелгі көшпелі тұрмысының өзіндік дәстүріне айналды. А.Левшиннің мәліметтері бойынша, атақты байлар үлкен спорттық жарыстар өткізе отырып, ат жарыстарының басты сыйына 100 жылқы, бірнеше түйе, семсерлер, халаттар, бірнеше жүз қой, бірнеше құл және т.б. тіккен.

Г.М.Броневский, Орта жүз байының бірі Сапақ өткізген аста, басты жүлде мүйізді 150 қара мал және құл, екінші жүлде дәл осындай, үшіншісі 150 қой және бір құл болған дейді. Осыған байланысты, осы сияқты көптеген мысалдар келтіре беруге болады.

Ф.Назаров «Записки о некоторых народах и землях Средней части Азии» атты еңбегінде, өзінің үлкен бәйгеде 75 жылқы және 7 құл алған жеңімпазды көргенін жазды. Құлдарды спорттық ойынның сыйы ретінде қою туралы А.Елангали, Н.Рычков және т.б. бірнеше орыс авторлары жазды. Ірі спорттық сайыстарда жеңімпазға малмен бірге құл беру қырғыздарда да болған. Мысалы, Буров-Петров, қырғыз манабы Жантайдың жылдық асында бәйгенің басты сыйы ретінде 30-40 құл берілгенін жазды.

И.Аничков, қазақтардың көне дәстүрлері туралы айта отырып, былай деп жазды: «...Орыстар келгенге дейін қырғыздар құлды Бұхара мен Хиуадан алған. Қызыл бас-парсылардан шыққан ерлерге немесе әйелдерге әдемі киім кигізіп, жақсы қару асып, түйеге

отырғызып қойған. Бұл спорттық жүлде ретінде ұсынылып, ол «бәйгеге тігер құл» деп аталған...». Құлдар мен күндерден тұратын осындай тірі жүлделер туралы Қазан төңкерісіне дейінгі көптеген басқа да авторлар айтып кеткен.

Жоғарыда келтірілген мысалдар, сақтардың салт-дәстүрлері кейінгі дәуірлерде де өмір сүргендігін көрсетеді. Яғни ежелгі көшпенділердің ұрпақтары өмір сүруін өздерінің рулық қауымының дәстүрі, әдеттері және ережелерімен жалғастырған. Бұл, өз кезегінде, дене тәрбиесінде де, дене шынықтыруда да, спорттық ойындар мен сайыстарды өткізуде де көрініс тауып отыр.

Осылайша, өскелең ұрпақты түрлі құралдармен, оның ішінде, дене тәрбиесі құралдарымен тәрбиелеу саласында таптық элементтердің көрініс табуына алғышарттар жасалды. Қазақстанның ежелгі тайпаларында тайпалық одақтардың құрылуы мен феодалдық қатынастардың тууы дәуірінде тұрақты әскер болған жоқ. Әскери іс-қимыл кезінде жорыққа қару ұстай алатын барлық ересек адамдар шықты. Сондықтан, әрбір ер азаматтың өз қаруы болып, олар оны қолдана алды. Дене тәрбиесі, ойындар мен сауықтардың түрлері мен құралдары, әскери-көшпелі және малшаруашылықтық өмір салтында қажетті арнайы дене күші және әскери-қолданбалы дағдыларды дамытуға мүмкіндік жасады.

Б.д.д. IV-III ғғ. Қазақстан аумағында жаңа тайпалық одақтар құрыла бастады. Олар б.д.д. IV ғ. пайда болған тайпалардың қозғалысына байланысты, қоғамдағы саяси және шаруашылық өзгерістер нәтижесінде пайда болды. Көшпелі малшаруашылығына өтуге байланысты экономиканың мүмкіндіктерін пайдалану, оның кейбір аудандарда жер өңдеу оазисімен жарасымды үйлесімі, сауда және мәдени байланыстардың күшеюі, осының барлығы Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі тайпаларының дамуына мүмкіндік жасады.

Осы тарихи дәуірде Арал теңізінен бастап Батыс Қазақстан аумағында савромат-сарматтардың ұрпақтары аландар қоныстанды. Көне деректерде, олар қылышқа бас иетін, батыл әрі қайсар жауынгерлер ретінде сипатталды. Рим жазбагерлері оларды «қатал және мәңгі жауынгер халық» деп есептеді. Аландар өз көсемі ретінде, өзінің жауынгерлік ерлігімен ғана көзге түскенді таңдап алатын.

Деректер бойынша, аландар биік бойлы, өңі келіскен адамдар болды. Олардың жастары ерте кезден атқа отырып, садақ тартуды үйренген. Осының өзі олардың қаншалықты атпен шауып, садақ ата алатындығын көрсетсе керек.

Аландарда әскери-дене күші дайындығының негізін, тек атқа отыру мен садақ ату ғана емес, сондай-ақ, ежелгі авторлардың дереккөздерінде келтірілгендей, әскери-дене күші жаттығулары, ойындар мен сайыстар да құраған. Мәселен, латын тарихшысы Марцеллан: «...олардың барлығы түрлі жаттығулар арқасында мықты жауынгерлер болып табылады...», деген.

Өз уақытында аландар Солтүстік Кавказ, Қырым мен Қара теңіз манына енген. Рим тарихшылары жазып қалдырғандай, мұндай кеңінен таралудың арқасында, олар көрші халықтарды басып алып, оларға өз атауларын берген. Осы орайда, Н.И.Пономарев қызықты мысалдар келтіреді: «...мингрелдер өздерінің осетин – «аландар» (батыр) атты ескі атауларын сақтап қалған, оны «алан-уроби» атты танымал спорттық ойынына берген...».

Сонымен қатар, аландардың дене шынықтыруы туралы Ф.А.Агаповтың зерттеулері де қызықты. Ол дене шынықтырудың дамуының таптық сипаты болғандығын көрсетеді. Осыдан дене шынықтыру құралдары мен міндеттерінде саралаушылықтың болғанын байқауға болады.

Дене тәрбиесі жүйесіндегі әскери бағыттама феодалдық қоғамда да орын алды. Бұл жүйе үшін феодалдық қоғамдағы барлық таптар үшін тән еді. Жұмыс күші ғана ретінде қолданылған, малға теңестірілген, өзінің дене тәрбиесінің мәдениеті түгіл, жалпы мәдениеті жоқ құлдардың кезіндегі құл иеленушілер дәуірінен феодалдық қоғамның айырмашылығы – феодалдық қоғам кезіндегі қолөнершілер мен еркін шаруалардың өз мәдениеті, соның ішінде, дене мәдениеті болды. Ыңғайлы жағдайлары болмағанның әсерінен соншалықты дамымаса да, еңбекшілердің дене тәрбиесінің жүйесі қалыптаса бастады.

Әскери аристократия, яғни ақсүйектер, қоғамдық өмірдің тұрақты құбылысына айналған соғыс мақсатында, халыққа ортақ дене шынықтыру қоймасынан әскери-дене күші дайындығында сәтті түрде қолданылатын құралдарды ала бастады. Бірақ ақсүйектердің қалыптасып келе жатқан әскери-дене күші тәрбиесінің жүйесі, ұзақ

уақыт дене шынықтырудың халықтық формасымен тығыз байланысты болды.

Әскери демократия дәуірінде бүкіл халық әскери жасақты құрады. Осының барлығы дене тәрбиесінің халықтық жүйесінің дамып, гүлденуіне жағдай жасады.

Дене күші жаттығулары мен ойындар халық мерекелерінде кең қанат жайып, дене қимылы күші жаттығулары мен ойындарды халық табиғаттың шынайы факторларымен бірге қолданды.

### **Қаңлылардың дене тәрбиесі**

Орта Сырдария аудандары, Қаратау етегі, сондай-ақ, Орталық Азияның аралас аудандарында отырықшы және көшпелі түрдегі қаңлы тайпалары өмір сүрді. Оларда әртүрлі себептермен өлген ерлерді қылыш, қанжар, садақ және жебелерімен бірге жерлеу рәсімі болған. Бұл, әскери-дене күші дайындығы мен дене тәрбиесі маңызды бөлшегі болып есептелетін, қаңлылардың өмір салтының әскери бағыттылығын көрсетсе керек.

Мұндай аландарға тән сипат, қаңлыларға да тән болғанын жете түсінген жөн. Қазбалардың бірінде қаңлылардың тайпалық одағының тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, екі орамға бөлінген кішігірім қалашық табылды. Ол, жыл сайын, көбінесе қанды шайқасқа ұласатын діни сайыстар өткізілетін екі түрлі экзогамдық фратрийлердің болғанын көрсетті.

Барлығына белгілі, отырықшы өмір салтына өту, жекелеген халықтардың дене тәрбиесі жүйесіне жаңа сипаттар ендіре бастады. Ауыл шаруашылығы еңбегіне байланысты дене күші жаттығуларының, ойын-сауықтардың үлкен көлемі пайда бола бастады. Күш, ептілік пен батылдық бойынша сайыстар өткізілетін ойын-сауықтар дәстүрге айналды. Бұл қаңлы тайпаларының қалалық тұрғындарының дене шынықтыруы мен дене тәрбиесі үшін де тән сипатты болды.

Дамыған тайпалық тұрмыс жағдайында дене шынықтыру, түрлі ойындар мен сайыстардың тәрбиелік маңызы артты. Тайпалардың өздеріне тән белгілі бір ойындармен байланысты тұрақты мейрамдар өмір сүрді. Осындай белгілі бір ойын-сауықтар мен сайыстардан тұратын тұрақты мейрамдар қаңлы тайпаларында да болды.



## Ғұндардың (сюннулардың) дене тәрбиесі

Б.д.д. IV-III ғғ. Қытайдың солтүстік шекарасы аймағын қоныстанған тайпалардың шоғырлануы жүрді. Дунху және сюнну деп аталатын екі тайпалық бірлестік құрылды. Мұның екіншісі, көршілес елдер мен тайпалардың тарихына зор әсер ете отырып, өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларда айшықты рөл атқарды.

Сюннулардың (хундар немесе ғұндар) этникалық шығуы анықталмаған күйде қалып отыр. Көпшілік зерттеушілер оларды прототүркілер, яғни түркілердің ата тектері деп есептейді. Алайда, қазіргі тарихшы-ғалымдар, ғұндардың қуатты шағындағы бірігуі кезеңінде, олардың құрамына түрлі тайпалар кірген, сондықтан «хунну» термині этникалықтан көрі, саяси атау болған деп есептейді.

Жалпы, ғұндардың билігіне Шығыс Түркістаннан бастап, Хуанхэ өзенінің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақтар енді. Ғұндар Қазақстан мен Орталық Азияның аумағына да кірді. Археологиялық ескерткіштер, ғұндар кезеңіндегі Қазақстан аумағындағы тайпалар мәдениетінде синкретизмнің болғанын, яғни жігі ашылмастан бір-бірімен біте қайнасып жатқанын көрсетеді.

Сондай-ақ, дене тәрбиесінің дамуында да синкретизмдік сипаттың болғанын да атай кеткен дұрыс. Оның негізін әлеуметтік-экономикалық қатынастар анықтады. Ғұндардың дене тәрбиесі көшпелі мал шаруашылықты өмір салтымен тығыз байланысты еді. Үнемі көшіп-қону және қатал тұрмыс, олардан жоғары дене күшінің дамуын талап етті. Бұл қасиеттердің барлығы оларға бала кезден бастап беріліп, ержеткенде олар атты жауынгерге айналды. Ғұндардың дене тәрбиесінің жүйесі, барлық жастағыларды қамтыды. Бұл оның жалпы халықтық сипатта болғанын көрсетеді.

Ғұндар тайпасының өмірінде жылқы маңызды орынға ие болды. Осыған орай, атқа мінумен байланысты дене күші жаттығулары, ойындар мен сайыстардың ғұндар үшін қандай маңызды болғанын білу қиын емес. Ғұндар атты жауынгер болмас бұрын, алдын-ала дайындықтың көптеген сатыларынан өтулері қажет еді.

Ғұндарда негізін қозғалмалы және әрекетті салт аттылар құрайтын, жақсы ұйымдасқан әскер болды. Ғұн атты жауынгерінің қару-жарағының құрамында садақ пен жебе міндетті түрде болатын. Археологиялық қазба материалдарына сәйкес, садақтың екі түрі болған. Біріншісі – ағаштан жасалған, жібі жануардың тамырынан

жасалып, садақ негізіне жетіге дейін сүйек пластиналар жапыстырылған. Осылайша, ол майысқақ болып, алысқа атуда мүмкіндігі артқан. Садақ ұзындығы 70-80 см құраған. Жебенің ұштары үш қырлы болып келген. Екіншісі – ауыр садақ, ол біріншісінен айтарлықтай ерекшеленді. Ауыр садақпен атуда ауыр салмақты, темірден жасалған үш қырлы жебелер пайдаланылған. Ол көбінесе сауытты тесіп өту үшін пайдаланылды.

Жебесі бар ауыр садақты тарту үшін де күшті де қуатты қолдар талап етілді. Тек, осы жағдайда ғана сауыт киген жауды құлатуға болады. Осы жерде, дене қимылы дене күшін дамытуға бағытталған арнайы жаттығудың қажеттігі туындайды.

Соғыстың ежелгі тактикасында, оның соңы көптеген факторларға байланысты еді. Сондықтан өжеттік пен батылдықтың басқа, арнайы дене күші қасиеттерінің маңызы зор екенін түсінуге болады. Ғұндар, дене шынықтыру элементтеріне тән дене тәрбиесінің түрлі құралдарын шебер пайдалана отырып, өз жауынгерлерінде осындай қасиеттерді дамыта білді.

Ж.М.Төлегеновтың жұмысындағы келтірілген мәліметтер қызығушылық тудырады: «...Сыма Цяньнің айтуы бойынша, ғұндар балаларын жас кезінен атқа мінуге, садақ атып, найза ұстауға үйреткен, балалардың мұндай ойыны, оларды жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелеген. Балалар нысанаға кішкентай садақтар арқылы ұшы жоқ жебелермен атқан». Бұл хабарламадан қазақтар мен қырғыздардың тұрмысында кейінгі уақытқа дейін сақталып қалған «жамбы ату» спорттық ойынының прообразын көруге болады...».

### **Үйсіндердің дене тәрбиесі**

Б.д.д. III – б.д. III ғасырлары аралығында жекелеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар, Қазақстан мен көрші елдердің аймақтарында бірқатар ірі және тұрақты ертетаптық бірлестіктер құрды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда үйсін қоғамы ерекше болды.

Көшпелілердің ірі бірлестіктері үлкен әскери-саяси күшке ие болып, олардың ежелгі дәуір тарихындағы ролі артты. Жасақталып, жақсы ұйымдасқан әскери-көшпелі бірлестіктер әскери өнерге ғана емес, сондай-ақ, сол уақыттың халықтары мен елдерінің өмірлерінің көп жақтарына қуатты түрде әсер етті. Оңтүстікке басып кірген

көшпенділер, біртіндеп жергілікті халықпен араласып, солардың мәдениеттерін қабылдады.

Деректер бойынша, үйсіндерде жылқы шаруашылығы өте жақсы дамыған делінеді. Бай адамдар бес мың жылқыға дейін ұстаған. Үйсін билеушілері шетелдік ханшайымдарға үйлену кезінде, келісілген сый ретінде мың бас жылқы мен басқа да үй жануарларын жіберіп отырған.

Үйсіндердің сол кездегі саны 630 мыңды құраған. Олар 188 800 жауынгер шығара алған. Ал, шын мәнінде, үйсіндердің әрбір үшеуінің жауынгер екенін ескеретін болсақ, онда олар қажет болған жағдайда шабуыл іс-әрекеттеріне дайын атты әскер және жаяу садақшылардан тұратын одан да көп әскер жинауы мүмкін еді. Жазба деректер, үйсін билеушілерінің 30 мыңдық атты әскері және он мыңдаған садақшылардан тұрған жасақтары туралы хабар береді. Сондықтан, жапсарлас жатқан кейбір билеушілер жау шапқан кезде үйсіндерден қорғаныс пен пана іздеген. Мысалы, Угудың солтүстік бөлігінің билеушісі б.д.д. 68 жылдан 62 жылға дейін ғұндардан қашып, үйсіндерге тығылып жүрген.

Жетісудағы үйсіндер асыл тұқымды жылқыларды өсірді. Олар өзінің төзімділігі бойынша көрші елдерде жоғары бағаланды. Теңлік қорғанында табылған атта отырған алтын пластинкалар, үйсін жылқыларының тұқымы туралы керемет мәлімет береді. Бейнеге қарағанда, ол аттар биік, бұлшықеттері дамыған, үлкен басты, құйрықтары мен жалдары өрілген болды. Археологтар, б.д.д. I мыңжылдық – б.д. I мыңжылдығына дейінгі Еуразия жылқыларының барлық бейнелерінен ерекше екендігі туралы қорытындыға келді.

Үйсін жылқыларының бейнесі Персеполь рельефіндегі бейнелермен, сондай-ақ, I-Петрдің Сібір жинағындағы алтын пластинкалардағы жабайы жануарларға таланып жатқан жылқыларға ұқсас екенін айту қажет. Мұнда аттардың бастары мен жалының өте ұқсастығын айтуға болады.

Жалпы, үйсін тайпаларындағы ат жарыстарының кең танымалдығы туралы, Алматы облысының Есік өзені аумағында табылған археологиялық олжалар куәлік береді. Мұнда көптеген заттар арасынан б.д.д. IV-III ғғ. тән қола құрбандық шалғыш табылды. Онда шабандоз ат пен оның үстінде отырған адам бейнеленген. Адамның үстіндегі ыңғайлы шапан, кішігірім бас киім, еркін отырысқа қарап, салт аттының ұзақ бәйгеден кейін демалып отырған түрін аңғаруға болады.

Салт аттының қасында тұрған жылқының бейнесі одан да күшті бірегей болып табылады. Жылқының басы мен мойны әсем, қарны жұқа әрі тартылған, жеңіл ұзын аяқты. Бұл скульптуралық бейненің жалпы көрінісін қысқа жалдар мен өрілген құйрық толықтыра түседі. Академик Ә.Х.Марғұлан, үйсін тайпаларының тұрмысын көрсететін бұл олжаның ғылыми маңыздылығын бағалай отырып, аттағы өрілген құйрық пен біркелкі таралған жал аламан-бәйгені дәстүрлері туралы мағлұмат беретіні туралы жазды. Белгілі қазақ тарихшысының пікірінше, скульптурада ұзақ және өте ұзақ қашықтықтарға арналған шабан жылқылар бейнеленген.

Есік маңынан табылған олжа өте бірегей әрі маңызды, өйткені ол бірнеше рет республикалық ғылыми басылымдарға шыққан. Мысалы, Қазақ ССР тарихында ол «Қола шырағдан» деп бітелсе, Қазақ ССР-нің бес томдығында «Мыс құрбандық шалғыш» деп көрсетілген. Ал М.Тәнікеевтің «Бәйгеден олимпиадаға дейін» атты монографиясында, ол «есік шабандозы» деген спорттық атауға ие болды. Мұның барлығы бекер емес, өйткені, бұл археологиялық ашылым дене тәрбиесінің ерекшеліктерімен, ат спорты және ойын түрлерімен байланысты, сақ-үйсін тайпаларының тарихи өткені туралы қызықты өмір беттерін ашады.

Үйсін тайпаларының дене тәрбиесі туралы, арғымақ түрі бейнеленген тағы бір скульптура сөз етеді. Ол археологиялық жұмыстар кезінде Алматы қаласы маңындағы Қарғалы өзенінің жағасында табылды. Бұл қарғалылық жылқы есіктік жылқы тәрізді бойы аласа, қарны тартылған, жеңіл, бірақ мықты аяқты болып келеді.

Үйсіндерде ат жарыстары мен бәйгелері, жауынгер аттыларды дайындаудың керемет құралы және өте үлкен қашықтықтар мен Дене қимылы жүктемелерді көтере алатын жылқыларды жаттықтырудың маңызды әдісі ретінде қызмет атқарған болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, есіктік және қарғалылық олжалар, үйсіндерде бәйге аттарын жақсы әдістеме мен ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тәжірибе негізінде қалыптасқан жаттықтыру жүйесінің жоғары деңгейде болғанына куәлік береді.

Ат жарыстарымен қатар, садақ ату да кең түрде таралды. Ат үстінде көздеп атуға ер тоқым мен садақтың өзі де ықпал еткен. Мысалы, үйсіндердің құрамды садақтары «М» әріпі тәрізді формада жасалып, онымен ат үстінде ату ыңғайлы болған.

Керек десе, ат ойындары мен сайыстарының дамуына қарай мініс аттарының құйрық-жалын қысқарту салты да болған, алайда, оларда әскер қатары атты жауынгерлерден басқа, жаяу әскерден тұрғандықтан, садақпен ату айырықша маңызға ие болған. Садақшыларды дайындау жүйесі әскери өнердің бұл түрінде де шеберлерді дайындауға мүмкіндік берді. Мұнда қатты өсіп кеткен жалдың салт аттыға садақпен ату барысында біршама кедергі жасайтынын атап өту қажет.

Осындай ойындық шығармашылықтың әрі қарайғы дамуы, дене тәрбиесінің дамуына зор ықпал етіп, нәтижесінде ол формасы жағынан сан түрлі болып, мазмұны бойынша тереңдей түсті.

Бұл жерлеу үрдістерінде белгілі бір діни салт-жоралғылардың болуына қарамастан, біз ең алдымен, дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың ежелгі дәстүрі туралы айтамыз. Өйткені, идея біреу ғана: мұнда, өлген жауынгер немесе жылқышы о дүниеде де өзінің сүйікті ойынын ойнауды жалғастырсын деген ниет болған. Барлығына белгілі, жер шарының көптеген ежелгі тұрғындары о дүниедегі әлем мен өмірдің бар екеніне сенген.

Осы дәуірдегі адамдардың ойын қызметінің дамуына байланысты үлкен шығармашылық жетістігі ретінде, үстел беті ойындарының пайда болуын айтамыз. Өткен замандарда Үнді алқабының шетел археологтары қазған ежелгі қалаларында, қазіргі ортаазиялық тоғызқұмалақ үстел беті ойыны тәрізді, домалақ тастар қолданылған үстел беті ойынына арналған тақтайша табылды. Бұл олжа туралы ағылшындық археолог Э.Маккей былай деп жазды: «... мұндағы барлық құрылымдар түрлі африкалық тайпаларда кең таралған ойын тақтасын еске түсіреді».

Тоғызқұмалақ ойыны, орыс тарихшысы әрі этнографы Б.Куфтиннің мәліметтері бойынша Африкада да пайда болған. 1957 жылы М.Тәнікеев өзінің «Қазақ ұлттық спорт және ойын түрлері» атты кітабында қазақтың тоғызқұмалақ ойынының, Африка мен Азия қоса алғанда, басқа континент халықтарының үстел беті ойындарымен туыстық байланысы туралы қызықты ой келтіреді.

Бұл пікірлер мен ойлардың шынайылығы бүгінде археологиялық олжалармен айқындалуда.

1970 жылы қазақстандық археологтар Оңтүстік Қазақстан облысындағы б.д.д. IV-III ғғ. сақ-үйсіндердің ежелгі қоныстарын қазу барысында, үстел ойындарына арнайы жасалған түрлі шарик-

терді тапты. Мұқият зерттеулер нәтижесінде археологтар бұл шариктердің тоғызқұмалақ ойынына арналғандығы жөнінде шешімге келді. Осы жылы Тараз қаласынан 30 шақырым жерде жаңа олжа алынды. Ғалымдар, Бурыл тауының шатқалдарында тоғызқұмалақ ойынының тақтасын бейнелейтін сурет тапты. Оның екі жағында қазіргі тоғызқұмалақ тақтасындағыдай 9 ұяшықтар бар. Тоғызқұмалақ ойынының бұл ежелгі суреті, бірқатар тұжырымдармен бірге А.Ақшораевтың «Тоғызқұмалақ» атты кітабында жарық көрді.

Тоғызқұмалақ немесе соған ұқсас үстел беті ойындары дене тәрбиесі мен дене шынықтыру тарихының жаңа беттерін ашып отыр. Олар ең алдымен, дене шынықтыру жайлы айтпаған күннің өзінде, сақ және оларды алмастырған үйсін тайпаларында жалпы жоғары мәдениеттің болғанын байқатады.

Жалпы алғанда, ойын үшін арнайы дайындалған түрлі заттар матриархат дәуірінде пайда болған. Алайда, Үнді алқабы мен Қазақстанның Бурыл тауында табылған заттар, бұл аумақтарда қозғалыс қызметіне байланысты емес ойын түрінің кең таралғанын көрсетеді және бұл қазіргі ғалымдар ойынан да тыс қалмайды. Бұл дәйектер, ежелгі дәуірдің өзінде-ақ, мәдени өзара алмасу процесі бір континенттен тыс мыңдаған шақырымдарға созылғандығын куәландырады. Бұл процестер сол уақыт адамдарының өз ұрпақтарын жан-жақты тәрбиелеудегі рухани дамудың маңызды құралы ретінде, ойынның жалпы сипаты мен мақсаттылығына орасан зор ықпал етті.

Үйсін тайпаларының аумағында тоғызқұмалақ ойынын пайдаланумен байланысты археологиялық олжалар, адам өзінің әлеуметтік дамуында неғұрлым жоғары көтерілген сайын, соғұрлым өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесі жетілдіріле түскендігін тағы да айғақтайды. Ал дене тәрбиесі жайлы айтар болсақ, ол тек дене қимылы дене қасиеттерін ғана емес, сондай-ақ, адамның ақыл-ой қабілетін дамытуға да бағытталды. Мәдениеттегі мұндай дифференциация көрінісі ретінде, ежелгі тарихты көрсететін шахмат ойынын атауға болады. 1970 жылы Талдықорған облысының Алакөл ауданында Қазақ КСР этнографиялық экспедициясы тарапынан 64 тор көзді шахмат тақтасы табылды. Үнді классикалық шахматы да 64 тор көзден тұратынын атап өткеніміз жөн. Алайда, археологиялық олжалар арасында ешқайсысына ұқсамайтын алакөлдік шахмат жасы, үндінікіне қарағанда анағұрлым үлкен. Көрнекті қазақ ғалымы

Ғ. Мұсабаев, бұл алакөлдiк шахматқа кем дегенде үш мың жыл болды деп есептейдi. Мұнымен қоса, ол бұл шахматтардың Қазақстанның ертедегi үйсiн тайпаларының мәдениетiмен байланысты болды деген қорытындыға келдi. Осы орайда, Л. Кунның мәлiметтерiне оралуға тура келедi, онда былай делiнген: «...б.д.д. VII ғ. өзiнде-ақ Үндiстанда тақта бетiнде ойнау культi болды. Олардың арасында қазiргi шахматтың атасы болған және стратегиялық ойлауға тәрбиелейтiн чатуранға ойыны ерекшелендi...».

Шахмат ойынымен байланысты қазiргi заманғы археологиялық олжалардың үлкен маңызы бар. Оның маңыздылығы, бұл ойынның даму тарихын мыңдаған жыл бұрын жылжытып қана қойған жоқ, ол сондай-ақ, Орталық Азия мен Қазақстанды қоса алғанда, оның таралу шекарасын айтарлықтай кеңiтiп жiбердi.

64 тор көздi алакөлдiк шахмат тақтасын қарастыра отырып, үйсiн және Қазақстанның басқа да ежелгi тайпаларының рухани дамуының жоғары деңгейiне таң қалуға тура келедi. Шахмат тәрiздi күрделi ойын түрi, тек тұлғаны тәрбиелеудiң эстетикалық идеалы Дене қимылы дене дамуын ғана емес, сондай-ақ, адамның ақыл-ой қабiлетiн дамыту талаптарынан тұрған қоғамдық ортада ғана пайда болып, тарай алады.

Көшпелi және жартылай көшпелi мал шаруашылығы, үйсiндердiң негiзгi шаруашылық түрi болып табылды. Одан әрi қарай, жартылай көшпелi мал шаруашылығы экономикадағы жетекшi орынды сақтап қалды. Сондықтан әскери-көшпелi өмiр салтына рухани да, материалдық та өмiр бағынышты болды. Домалақ формалы, жұмсақ төсенiш төселген киiз үйдiң бiр жартысында төсек орын болды. Оның маңында садақ, жебелi қорамсақ, қамшы, ағаш қынапты қылыш пен ат ноқтасы iлiнiп тұрды. Ал киiз үйдiң әйелге арналған бөлiгiнде қарапайым үй шаруашылығының заттары болды.

Әйелдер де ерлер тәрiздi, балағы етiкке салынған жүн шалбарлар кидi. Көйдек етегiнiң кең болуы әйелдердiң атқа оңай отыруына жағдай жасады. Бiр сөзбен айтқанда, тұрғын үйден бастап, киiм тiгiсiне дейiнгi барлық тұрмыс әрекеттерi көшпендiлiк үшiн ыңғайластырылды.

Әскери-көшпелi өмiр салтына дене шынықтыру да бағынышты болды. Оның формалары мен әдiстерi, бiздiң дәуiрiмiздiң шегiнде көшпелi қоғам өмiрiнiң мәдениетi өзiнiң мүмкiн болған дамуының жоғары нүктесiне жету жағдайында, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүддесiнен келiп шықты.

Ежелгі халықтардың отырықшы мәдениеті, көшпелі мал шаруашылыққа қарағанда белгілі бір дәрежеде өзгеше болғаны белгілі. Отырықшы халықтар өмірі мен тұрмысында да дене шынықтырудың өзіне тән элементтері болды. Дәстүрлі түрлерден басқа, әрдайым жүгіру, жүру, секіру, шығу және т.б. жаттығулар да кең таралды. Балалардың өмірінде тасты бір-біріне ұру, лақтыру сияқты ойын жаттығулары маңызды орын алып, оларда әткеншек сияқты түрлі заттар болды. Культтік билерді бейнелейтін петроглифтер, түрлі ойындар мен көңіл көтерулер билермен бірге жүргізілгенін көрсетеді.

Отырықшы және қала тұрғындары үшін акробатика мен арқан үстінде жүру тән болып табылды. Археологиялық материалдарда акробаттар фигуралары бишілер музыканттар фигуралары қасында кездеседі. Шамасы, акробаттар мен арқан үстінде жүрушілерінің көрсетілімдері театрлық сипатта болса керек. Ежелгі деректер негізінде Т.Суяркулов пен Н.Турсунов былай деп хабарлайды: арқан үстінде жүрушілер мен акробаттар өнері, тек Орталық Азия мен Қазақстан тұрғындарын ғана емес, сондай-ақ, Грекия, Парсы, Византия сияқты елдерді де таң қалдырды.

Осылайша, отырықшы және қала халқының дене тәрбиесі мен дене шынықтыруына тән нәрсе, олардың музыкалық мәдениет және өнердің түрлі жанларымен тығыз байланысты болғаны туралы қорытынды жасауға болады. Нәтижесінде, дене тәрбиесі перманенттік құбылыс ретінде дамудың жоғары сатысына көтеріліп, адамның барлық жас кезеңдерінің ажырамас серігіне айналды.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Тайпалық одақтардың қалыптасу дәуіріндегі дене тәрбиесі дамуының хронологиялық мезгілін қалай көрсетуге болады?
2. Сақтар дәуіріндегі дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың даму ерекшеліктері қандай еді?
3. Ғұндар одағы кезеңіндегі дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың даму ерекшеліктері қандай болды?
4. Қаңлылар тайпалық одақтары кезіндегі дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың даму ерекшеліктері қандай болды?
5. Үйсіндердің кезеңінде дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың даму ерекшеліктері қандай еді?
6. Осы дәуірге тән ежелгі мәліметтерді қайдан және кімдердің зерттеулерінде кездестіруге болады?



### 3-БӨЛІМ

## КУШАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТҮРЛІ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

### 3.1 Кушан империясы кезеңіндегі дене тәрбиесі

Біздің дәуіріміздің I ғасырында ұлы Кушан империясы атты қуатты держава пайда болды. Олар тек Орталық Азияның ғана емес, сондай-ақ, оған шектес жатқан Шығыс елдерінің тарихында да маңызды орынды иеленді. Кушан империясы усун (кушан), юечжи (тохарлар), соғдылар мен басқа тайпалардан тұрды. Кушан державасының құрылуы нәтижесінде, Қазақстанды қоса алғанда үлкен аумақ Шығыстың дамыған мәдениетінің әсерінде қалды. Бұл империяның алғашқы орталығы Бактрия еді. Ол батысында Парфия патшалығымен шектесті. Осы жерден бастап, формасы жағынан да, территориясының ауқымдылығы жағынан да ұқсас келетін мәдениеттердің дамуы туралы, өркениеттердің жанасуы туралы айтуға болады. Бұл дене шынықтыру мен дене тәрбиесі түрінде де көрініс табады.

Орталық Азия мен Қазақстан аумағында мемлекеттердің қалыптасу кезеңі, түрлі халықтар мен елдердің арасындағы сол кездегі дене тәрбиесі мен шынықтыруының арасында өзара іс-қимылдардың болғанын көрсетеді. Парсы, Үндістан, Ауғанстан, Пәкістан, Қытай және көптеген елдер, Қазақстандағы дене шынықтырудың дамуына қатысты болды. Бірақ дене шынықтыру мен дене тәрбиесінің даму үдерісі Шығыстың шектес жатқан елдерінен тыс ұзаққа кетеді.

Тарихи материалдар Орталық Азия мен Қазақстанның дене шынықтыруының ежелгі Римнің (императорлық кезең, б.д.д. I ғ. мен б.д. IV ғ.) дене шынықтыруымен өзара тығыз байланысты болғандығы жөнінде талқылауға мүмкіндік береді. Мысалы, римдік цирктерде, арбалық жарыстар және басқа да түрлерімен қатар шабандоздар жарыстары да өткен. Сайыстар кезінде шабандоздар бір аттан келесісіне қарғып отырып, бір аттан секіріп екінші аттың үстінде тұра білді. Салт аттының сыйлығы болып саналған, ұсақ, бірақ құнды затты, аттың бар шабысы кезінде жерден іліп алу сайыстың қиын түрі болып табылды. Қатты шабу барысында құнды

сыйлықтарды жерден іліп алу Қазақстан аумағында да кең таралған сайыс түрі болып табылғандығын көптеген авторлар атап өтеді. Бұл римдік-ортаазиялық ат жарыстары, бүгінгі таңда қазақтардың ұлттық спорт түрі болып табылып, «күміс алу немесе теңге ілу», ал қырғыздарда «тыйын энмей» деп аталады.

Ертедегі Римде салт атты гладиаторлардың ұзын найзалармен бір-бірімен айқасу сайыстары да өткен.

Орталық Азияның кейбір аумақтарындағы тәрізді Қазақстанда да ат үстінде найзамен сайысу, жарыстардың негізгі түрлерінің бірі болып табылды. XX ғ. басында үйсіндердің ежелгі отанында бұл жарыс мынадай көріністе болған: «...Алғашқы сайысшылар жұбының (бірі қарақырғыз, екіншісі қырғыз-қазақ) халық алдына шығу үшін қоштасып жатқан кезін халықтың көңіл-күйінен байқауға болатын. Екінші жұп сайысшылары шығады, екеуі де танымал. Ақсақал атты бірінші сайысшыны қарақырғыздың сая руы, екіншісі Жүсіпті Верный мен Пішпек уезінің дұнғандарынан еді. Ақсақал туралы, оның алдыңғы ойындарда екі қарсыласын өлтіріп үлгергенін айтады. Қарсыластарды орындарына тұрғызып, белгі беріледі, екі жақ бір-біріне атыла шабады. Қалың тобыр көзді ашып-жұмғанша олар бір-бірімен қақтығысып, найзаларын кездеседі. Бір сәтте Ақсақал ес-түссіз аттан төмен қарап салбырап қалады, ал Жүсіп болса, біраз қадам артқа қайтып, ол да ер-тоқым үстінде еңейеді. Біз, орыстар, қолымызда бар нәрселермен зардап шеккендерге қарай бет алдық. Алайда, айтушылар сөзіне қарағанда, екеуі де көз жұмған екен...». Мұнда қарап отырсақ, бұл сайыстың ежелгі римдіктердің гладиаторлық күресінен еш айырмашылығы жоқ екенін көруімізге болады.

Тарихи дереккөздерінде келесідей мағлұматтарды кездестіреміз: «...Мінекей, жаужүрек қырғыздар жолбарысқа қарсы ешқандай қарусыз, тек сол қолында қалың халат және оң қолында қанжармен шықты. Олар халатты жануар басына лақтырып, қанжарды оның қабырғасына тығады, жануар қансыра әлсірейді...». Тарихшылардың хабарлауы бойынша, ежелгі Римде негізгі қызықты көрініс элементі болған гладиаторлық сайыстардың көп түрлері мен нұсқалары болған. Ол алғашқыда жерлеу үрдісімен байланысты болса, б.д. II ғасырынан бастап қызықты көрініс сипаты ретінде қолданыла бастады. Қазақстанда да дәл осындай болған. Қайтыс болған адамға арналған аста, салттық сипаттағы ойын түрі емес,

көпшілік қызықтайтын көрініс сипатында болған. Ол туралы бірқатар жазба деректері де куәлік етеді.

Барлығына белгілі, ертеде әскери-дене дайындығы жүйесінде, қай кезде болмасын дене шынықтыру жаттығулары мен ойындарының халықтық шығармашылығы кең түрде қолданылған. Ол кең ауқымда Кушан патшалығында да пайдаланылды. Әскери-дене дайындығы, кейіннен дене шынықтыру элементтерінің, жеңіл қарулы жауынгерлерді дайындау қажеттігіне байланысты өзіндік арнайыланған тұстары да болды. Дене тәрбиесінің кейбір әдістері мен құралдары, Кушан империясы мен басқа да кейбір мемлекеттік бірлестіктер тұрғындарының өмір салтында орын алған маңызды факторларды көрсетуі тиіс болды. Бірі көшпелі, енді бірі отырықшы өмір сүрген Орталық Азия мен Қазақстанның қазіргі халықтары ата-тектерінің мәдениеті бай, әрі сан түрлі болған. Бактрияда, Хорезмде, Жетісудің жекелеген аудандарында, Әмудария мен Сырдария аралығында, ертеден-ақ жер өңдеу мәдениеті қалыптасқан. Жер өңдеушілер көшпелілерден мал шаруашылығымен айналысатын халықтар мен тайпалардан ешқашан бөлектенбеген. Керісінше, екі жақ мәдениетінде өзара ену, сіңісу белгілері айқын көрініп тұрды. Сол үшін де, қазақ тарихшылары Кушан империясындағы осы негіздерге сүйене отырып, отырықшылық пен көшпелі әлемнің өзара тығыз байланыстарын жарқын түрде мысал етіп көрсетеді. Отырықшы халықтың дене тәрбиесіндегі негізі құралдар, жүгіру, жүру, секіру мен лақтырудың сан түрлері, сайыстар, найзаласулар және басқа да көптеген ежелден барлық халықтарға белгілі дене қимылы жаттығулары мен ойындар болып табылды. Олардың барлығы саналы түрде түрлі ат үстіндегі жаттығулар мен ойындарға үйлесімді түрде қолданылды.

Көшпенділерде, бірінші кезекте, атқа мінумен және ат үстінде суық қаруды игерумен байланысты түрлі ойындар, дене қимылы жаттығулар мен сайыстар тұрды. Дегенмен, оларда атқа мінумен байланысты қозғалыс қызметі жоқ дене тәрбиесінің құралдары мен дене шынықтырудың кейбір формалары маңызды рөл атқарды. Кеңестік тарихшы А.Н.Бернштам «...Орталық Азия мен Қазақстанның тұрғындары аяқ бұлшықеттері дамыған ықтималды түрде биік бойлы болған...» деген қызықты дәйек келтіреді. Мұнда аяқ бұлшықеттерінің күшті дамуы, дене қимылы тұрғыдан даму сипатын көрсететіндігі көңіл аудартады. Жан-жақтылық Орталық

Азия және Қазақстан тайпалары мен халықтарының дене тәрбиесіндегі маңызды міндеттердің бірі болған.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. *Кушан империясы қандай мәдениеттердің бастарын біріктірді?*
2. *Кушан империясы кезеңінде дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың дамуы қандай қатынас түрлерінде көрініс тапты?*
3. *Осы кезеңге қатысты дене шынықтырудың дамуына байланысты көне мәліметтер мен ғылыми зерттеулер қандай ақпарат береді?*

### **3.2 Түрік қағанаты кезеңіндегі дене тәрбиесі**

Біздің дәуіріміздің VI ғасырының ортасында, Түрік қағанаты атты ерте феодалдық мемлекет пайда болады. Алғашқыда оның аумағы Алтай мен Моңғолияның далалы аудандарын қамтыды. Көп ұзамай, Түрік қағанаты өз билігін Қазақстан мен Орталық Азияға да таратты. VI ғасыр соңында мемлекет Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанаттары болып екіге бөлінді. Осы кезден бастап Қазақстан аумағында феодалдық қатынастар қалыптаса бастады. Феодалдық қатынастардың дамуы көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жүрді. Көшпенділер маусымдық жайылым бойынша тұрақты түрде ұзақ жорықтар жасап отырды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшу бағыттары, белгілі өзен алқаптарынан, ыңғайлы тау өткелдерінен, жайылымы мен суы мол жайлаулардан өтті. Кейінгі уақыт авторлары, тұрақты түрдегі көшпелілік жан-жақтылық рөл атқарғандығын айтады. Мұның барысында, әсіресе, ұзақ уақыт бойы көшіп-қонулар көшпенділердің рухани және дене қимылы дамуында үлкен маңызды болғаны ерекше айтылады.

Мұнда феодалдық қатынастар, өндіріс, мәдениет пен тұрмыстық ерекшеліктерде патриархалды-рулық қатынастардың күшті қалдықтарын сақтап қалған алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау үдерісінде қалыптасты. Осыған орай, Қазақстандағы таптық қатынастар патриархалды-феодалдық түрде дамыды. Патриархалды-феодалдық қатынастар дене шынықтырудың мазмұны мен формасына, дене тәрбиесі жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне орасан зор ықпал етті. Көшпелі өмір салты белгілі бір қиындықтармен ұштасып жатты. Бір орыннан екіншісіне көшу,

үнемі малмен айналысу, әскери қақтығыс қаупі мен басқа да мал шаруашылығымен байланысты ерекшеліктер, қоғамның барлық мүшесіне қатаң талаптар қойды. Атпен шабу, садақ ату, найзаласу, лақтыру, жүгіру, күресу және т.б. көптеген дене қимылы жаттығулар мен ойындар өскелең ұрпақты әскери-көшпелі өмір салтына дайындауға пайдаланылды. Өмірдің жаңа шарттарына сәйкес, дене тәрбиесінің міндеттері, формалары мен әдістері және құралдары күрделене бастады. Егер бұрындары көшпенділердің жасөспірім балалары күш, ептілік пен тұрақтылық бойынша сынақтан өтіп, көшпелі мал шаруашылығында екінші орындағы жұмыстарды атқарса, ендігі жерде бұл жеткіліксіз болып шықты. Дамып бара жатқан мал шаруашылығы еңбек қызметіне ерте әрі мамандандырылған дайындық түрін қажет етті. Кешегі өткен жақын замандардың өзінде, жастар қатарына өткен көшпенділер балалары мал бағушыға, ал жекелеген жағдайларда құспен және құмай тазы итпен аңшыларға айналған. Бұл мәліметтерді тарихшы А.Н.Бернштам: «...Орта Азия мен Қазақстанның тұрғындары жаяу малшылар болды...», деген тұжырым жасай отырып, толықтыра түседі.

Көшпелі шаруашылықта жылқы бағу маңызды орынды иеленді. Жылқылардың жылдамдығы мен төзімділігінің арқасында мал үшін жекелеген жайлауларды игеруге мүмкіндік туды. Түрік қағанатының жылқылары жергілікті табиғи-климаттық жағдайға үйреншікті еді. Олар феодал ақсүйектердің басты байлықтарын құрады. Мәселен, ибн-Фадлан: «...мен гуздардың 10 000 жылқысы бар адамдарын да көрдім...», деп жазды. Негізінен, жылқылар аласа бойлы, үлкен басты, қысқа мойынды болып, олар шаруашылықта түрлі мақсаттар үшін пайдаланылды. Түркі тайпалары асыл тұқымды жылқыларға да ие болған. Олар биік бойлы, кішігірім басты және жіңішке аяқты болды. Мініс аттарға көшпелілер айырықша қарайтын. Ибн-Бахр қимақ патшасы әскерінің «жіңішке аяқты» екенін айта отырып, бәйге аттарын ескерсе керек. Бұл дәйек, ат ойыны мен дене қимылы жаттығулары түрлерінің дәстүрі ешқашанда үзілмегенін көрсетеді. Бұрынғысынша, ат жарыстары мен бәйге танымал ойын болып қала берді. «Жұқа тұяқты» аттар ұзақ және өте ұзақ қашықтықтарға арналып, айырықша өсірілген жалқылар болып саналды. Дереккөздер бойынша, көшпелі түркі тайпаларының бүкіл ғұмыры жылқымен байланысты болғанын хабардар етеді. Мұны әл-Джахиздің: «...Егер сен түркі адамының

өмір қызметін бақыласаң, онда оның жер үстінен гөрі, ат үстінде көп отырғанын байқар едің...», деген сөздері дәлелдей түседі. Сол үшін де, Түрік қағанаты тұсында дене қимылы жаттығулардың жылқымен байланысты түрлері дами түсті. Мұның барлығы күрделі саяси және үздіксіз соғыс жағдайларында және шығыстан ірі тайпалық одақтарының жылжуы жағдайында өтті. Осылардың барлығы ежелгі Қазақстан тұрғындарының қоғамдық құрылысы мен мәдени кейпіне әсер етпей қоймады.

Әскери-дене қимылы дайындығы қоғамның барлық мүшелеріне тарады. Феодалдар тек әскери емес, сондай-ақ, дене қимылы дайындығымен де айналысты. Онда секіру мен жүгіру және т.б. көптеген құрал түрлері қолданылды. Осы жағдайды ескере отырып, Е.И.Элашвили: «...мұның барлығы өз мүдделерін қорғау үшін талап етілген, маңызды дағдыларды меңгеріп, дене қимылы дайындықтың жоғары деңгейіне жету үшін қажет болды...», деп жазады.

Тарихи әдебиеттерде, тұтқын балалар, әдетте, асырап алынды немесе шаруашылыққа пайдаланылды деген жалпы қабылданған пікір бар. Кезінде Ескендір Зұлқарнайынның (А.Македонский) өзі әскери тұрғыда балаларға көбірек көңіл бөлген. Бұл әрі орынды болып табылады. Сол үшін де, балаларды асырап алу тек үй жағдайында ғана емес, олардың алдына әскери іспен байланысты күрделі де құрметті міндеттер қойылды. Логикалық ой байлам бойынша, дәл осындай ерте және мамандандырылған дайындық, оларды қуатты әрі өз дәстүріне берік жауынгерлерге айналдыра алды. Ал, олардың дайындық негіздерін тек әскери өнер элементтері ғана емес, сондай-ақ, міндеттеріне сай келетін, дене шынықтырудың әдістері мен құралдары да құрады. Сондықтан, Түрік қағанаты кезеңінде қозғалыс ойындары маңызының арта түсуі заңдылық болып табылды, өйткені, түрлі әскери-қолданбалы сипаттағы ойындары мен сайыстары балалардың әдеттегі тәртібін құрды.

Түркі жауынгерлерінің арасында арнайы дене қимылы дайындықтары өткізіліп отырды. Ол, қатаң бағыттық жүйе негізінде ерте жастан жүргізілген әскери-дене дайындығының маңызды бөлігін құрауы тиіс еді. Сол үшін дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың жекелеген түрлерінің әскери қару техникаларын игеруде маңызы жоғары болды. Махмуд Қашғаридің айқындауы бойынша: «...оғыздардың қалаларда тұратын кейбір түрлері басқа жерлерге көшпейді және соғысқа қатыспайды, олар ятук-жатак, яғни,

тастанды еріншектер деп аталады...». Жоғарыда айтылғандарды түркілерге жатқызуға болады, өйткені, оларда жауынгер көшпенділермен салыстырғанда, әскери өнерде бәсекелес бола алмайтын отырықшы, бейбіт өмір жағдайындағы тұрғындар да болған. Деректерде айтылатындай, егістікке шыққан жер өңдеуші қаруланып, тосын шабуылдарды қайтаруға дайын болған. Алайда, көшпенділер дала мен ауылдар арасында жүйрік сәйгүліктермен үнемі шапқылап жүрген. Сондықтан да, «қаланың барлық тұрғындары түркілерге, Түркі қағанатына тәуелді болған».

Дала көшпенділеріне қозғалыстық, жинақылық, қаруланған ірі атты топтың кең түрдегі айла-тәсілдері, күшті әрі қауіпті қарсыласпен уақытынан бұрын қақтығысқа түсуден тартына тұру мүмкіндігі тән болатын. Түркі көшпенділерінің әскери шеберліктері жан-жақты дене қимылы дайындыққа негізделді. Әскерилендірілген сайыстар, ойындар, дене жаттығулары мен әскери істің түрлі формалары бірін-бірі толықтыра отырып, уақыт рухы мен әскери-көшпелі өмір салтындағы арнайыланған шарттарының мазмұнын қабылдады.

Түркілік дәуірдің әскери дәстүрі археологиялық ескерткіштер бойынша жақсы зерттелген. Балбал тастарды арасында үшбұрышты жағалы жейде киген, қысқа жеңді жауынгерлер бейнелері кең тараған. Онда жауынгер оң қолында тостаған ұстап тұрса, сол қолымен жұқа белдемшеге ілінген қылышын немесе қанжарын тіреп тұр. Ежелгі балбалдардың маңызын аша отырып, О.Сүлейменов былай деп суреттейді:

*Үйілген қорған үстіне  
Жалғыз тасты орнатты,  
Бет пен кеуде қос шеңбермен қосылып,  
Бір қолы оның қынапта, екіншісінде тостаған  
...Ол ыдыста бал немесе у бар,  
Тілек айтпай ол үнсіз тұр  
Қарапайым жазбагер түсінбес,  
Тасжарғыш балға соққысын.*

Әдетте, жауынгерлер мүсінін арнайы іріктелген тік бұрышты тастардан ойып жасаған. Оның шығыс бөлігі жағына көптеген кішігірім тастар жерге қойылған. Аталмыш көрініске қарап, ғалымдар мынадай пікірді қолдайды, яғни, балбал тастар зират

үстіне құрмет үшін қойылған. Ал ретімен тұрған басқа көптеген тастар, оның шайқас кезінде өлтірген жауларының санын білдіреді. Мұнымен қоса, осындай түсініктемені қытай шежірешілері де жазып қалдырған: «...молаға салынған ғимарат маңына, қайтыс болған адамның бейнесі мен өмір барысындағы шайқастары жөнінде суреттемелер қойылады. Әдетте, егер ол бір адам өлтірсе, бір ғана тас қойылған. Мұндай тастардың қатары жүз, кейде мыңға дейін кете берген...».

Түркі тайпаларының жауынгерлік өмір салты туралы араб деректерінен де кездестіруге болады. Мәселен, әл-Джахиздің «Фатху ибн-Хакэнге жолдауында» келесідей жолдар кездеседі: «...Түркілік адам барлық үдерісті өзі жасайды, жолдастарынан көмек, досынан ақыл сұрамайды, олар қару, жебе, ер тоқым, сауыт пен найза өндіреді...».

Көптеген тарихи деректер, аңшылықтың өндірістік және әуесқойлық маңызын көрсетеді. Сол уақыт авторларының бірі әл-Йакуби көшпелі түркілердің көбінесе жабайы құс етін жегенін жазады. Аңшылықтың көптеген әдістері болды. Аңшылықтың осындай бір әдісі туралы жазба әл-Джахизада кездеседі. Оның сөзі бойынша, олар аңшылық құрғанды ұнатады. Әскери шабуылдың кезінде де жабайы құстарды аулайды. Аңшылыққа атпен шығады. Әсіресе, ақбөкендер мен құландарды қуғанда аңшылыққа өте төзімді келеді.

Жалпы алғанда, аңшылық тек төзімділікті дамытудың ғана емес, сондай-ақ, дене қимылы қабілеттіліктерін дамыту құралы болған. Қимақ, оғыз, қарлұқ сияқты кейбір түрік тайпаларының арасында түлкі, борсық тәрізді терілі аңдарға шығатын аңшылар да болған. Аң терісі оларда басқа елдерге шығаратын зат ретінде есептелген. Демалыс, көңіл көтеру мен дене қимылы даму құралы ретінде қолданылған әуесқой аңшылықпен, көбінесе, бай-қуатты тұрғындар айналысқан. Ертіс бойынан табылған бір археологиялық олжа ерекше көңіл аудартады: мұнда табылған қола белдік тағанында, жолбарысты жарақаттап жатқан қысқа киімдегі қимақ аңшысы бейнеленген. Аталмыш суреттелген олжа қимақтарды жолбарыс, барыс тәрізді жыртқыш аңдарға да аңшылық жасағаны туралы жазба деректерді нақтылай түседі. Ірі жыртқыш аңдарды, тек қайсар емес, сондай-ақ, мықты, дене қимылы тұрғыда дамығандар ғана аулаған, ал аңшылық немесе әскери қаруды игеру, үлкен дене күшін, төзімділік пен ептілікті қажет еткен.



Түркілердің ең сүйікті ісінің бірі құспен және құмай тазымен аң аулау болды. Оған, кейде он қолында құс ұстаған ер кісілердің тас балбалдары немесе жай ғана құс бейнеленген тасбелгілер сияқты археологиялық ескерткіштер куәлік етеді. Түркі тайпаларының арасында тұрмысы мен мәдениетінің дамуының өзіндік ерекшеліктері бар жартылай отырықшы немесе отырықшы тұрғындардың шағын топтары да болды. Деректердің хабарлауынша, қимақтар, оғыздар мен қарлұқтардың жекелеген топтары, әсіресе, тұрмысы төмен тұрғындары Сырдария, Ертіс, Балқаш және басқа да өзен-көлдерде балық аулаумен айналысқан. Балық аулау еңбек құралдарының қимақ-қыпшақ терминологиясында арғақ-қармақ, ағсет, ұжан-кіші қайық, кеми-үлкен қайық сияқты түсініктер бар. Мұндай еңбек құралдарының болуы, теңіз бен өзен маңында тұратын адамдардың қайықпен жүзіп, әуесқой түрде балық аулаумен шұғылдануы, олардың барлығының тұрмысы мен мәдениетін көрсетеді. Мұның бәрі дене тәрбиесінің формасы мен құралдарында көрініс тапты. Жартылай отырықшы немесе отырықшы халықтардың дене шынықтыруы мен дене тәрбиесінің жүйесі еңбек үдерістерінің ерекшеліктерін көрсетіп, еңбек әрекеттеріне дайындықтың маңызды құралы қызметін атқарды. Тұрмыста қайықтан басқа шаңғының да қолданылуы, Түрік қағанаты тұсындағы дене тәрбиесінің даму бейнесін толықтыра түседі. «Хан әулетінің тарихында» (Хань шу) ежелгі түркілердің шаңғымен жүргені туралы мәліметтер кездеседі. Шаңғылар ағаштан жасалып, жүруші адам екі таяққа сүйеніп, жерден итерілген кезде «жүз қадамдай алға жылдам қозғалады».

Батыс түркілердің Орталық Азияның жер өңдеуші аудандарында биліктерінің орнауы, Орталық Азия мен Қазақстан тұрғындарының экономикалық және мәдени байланыстарының нығаюына ықпал етті. Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария, Талас, Шу, Іле алқаптарында көптеген саяси орталықтар пайда болып, қолөнер, сауда, мәдениетке шоғылған қала-орталықтары қалыптасты.

Деректерде Қазақстанның ерте ортағасырлық қалаларында өмір сүрген адамдардың өмір салттары толығынан ашылады. Ең бірінші, олардың әскери қабілеттіліктері аталады. «Худуд әл-алан» анонимдік географиялық шығармасында айтылғандай, сол кездегі Суяб қаласының билеушісі 20 000 жауынгер шығара алған, ал Беклік билеушісінің 3000 қосыны мен 7000 қалалық жауынгерлік жасағы

болған. Басқа бір қала туралы былай делінеді: «...округтың басты қаласы Кедер деп аталып, ол өзеннен жарты фарсах жерде орналасты, бұл жауынгер халқы бар жаңа қала еді...». Ерте феодалдық қалалардың мұндай сипаттамалары, тұрғындар үшін әскери-дене қимылы дайындықтың және отырықшы күн кешкен тұрғындардың әскери қабілеттілікті арттырудағы дене тәрбиесінің рөлі туралы көрсетеді.

Қазақстанның аса белгілі қалаларының бірі Тараз болды. Жазба деректерде 568 жылдан бастап келтірілген бұл қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасты. Қала халқы тығыз қоныстанған аумақтың орталығы болды. Оның айналасында Талас, Асы және басқа өзендер маңында көптеген: Төменгі Барыс хан, Джикиль, Хамукет, Адахкет сияқты қалалар мен қоныстар орналасты. Қағандар Тараз қаласының шығып, ол кейде басты қала болып есептелді. Тараздың Батыс түрік қағанатындағы мәдени орталық ретінде маңызы зор болды. Мұнда жыл сайынғы жәрмеңкеге көпестер, сазгерлер, әнші-күйшілер, дарбазшылар, шабандоздар, мергендер мен балуандар жиналды. Әрі қарай, талантты адамдар қатысатын және халық шығармашылығының түрлі жанрлары көрініс табатын мұндай сауықтар дәстүрге айнала бастады. Үлкен жәрмеңкелерге Орталық Азия мен Қазақстанның түрлі аудандарынан адамдар келді. Сондықтан, бұл күндері өткізілетін ойындар мен жарыстар кең сипатқа ие болып, мәдени байланыстарда маңызды болып саналды. Олар тек жекелеген қалалар мен сауда орталықтары тұрғындарының арасындағы ғана емес, сондай-ақ, қала тұрғындары мен далалық аудандардан келетін көшпенділер арасындағы байланыстарды да нығайтты.

Түркілер өздерінің алдындағы сақтар, қаңлылар, ғұндар, үйсіндер сияқты ата-тектерінің мәдениетін жалғастырушы ұрпақтар ретінде саналды. Тамыры теренге кеткен ата-баба мейрамдары, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері Түркі қағанаты кезеңінде де өмір сүріп, олардың көпшілігі дене шынықтыру элементтерімен тығыз астасып жатты. Мысалы, Наурыз мейрамында ғұрыптық сайыстар өткізілді.

Жаңа жылды тойлаумен байланысты қызықты дәстүр туралы қытайлық тарихшы Вей-Цзе жазады: «...Оларда алтыншы айдың бірінші күні жыл басы деп саналады, бұл күн келген кезде патша мен халық жаңа киімдер киініп, шаштары мен сақалдарын алдырады.

Қаладан шығыс жаққа орманға қарай ат үстінде садақпен оқ атып, ол жеті күнге созылады, соңғы күні нысана ретінде қағаз бетіне алтын теңге қойылады, мұнда кім жеңсе сол бір күндік патша бола алады...». Мұнда садақпен ату жарыстары Қазақстанда да ұзақ уақыт сақталып, ол алтын қабақ деп аталған. Кейіннен алтын қабақпен қатар, «жамбы ату» деп аталған күміс табақты садақпен ату түрі кең таралды. Наурыз өте жарқын және көңілді мерекенің бірі болып есептелді. Оны Қазақстанның барлық жерінде түрлі әнмен, бимен және жарыстармен қарсы алып, «ақ боран», «қалтырауық кемпір», «арқан тарту» және еңбек үдерістерін көрсететін «ерте күзем», «қымыз мұрындық» сияқты көптеген ойындар аса қызықты өтті. Қазіргі авторлардың мәліметтерінше, кейбір жастар ойындары жаңажылдың белгісі ретінде болды. Бірақ, оны кез-келген жиын кезінде де ойнауға болатын. Мәселен, сондай ойындардың бірінде, жастар екі топқа бөлініп, 10-15 метр арақашықтықта бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып, екі-екі қатардан тұрады. Бір жағы келесідей тақпақ айтып бастайды: *«Терек басы оянды, қалмақтан табын бөлінді, ақ терек, көк терек, бізден сізге кім керек».*

Кімнің аты аталса, сол жүгіріп келіп, қолмен жасалған шынжырды бұзуы тиіс. Егер үзсе, онда өзімен бірге бір ойыншыны алып кетеді, үзбесе сонда қалады. Көктемгі егіске арналған аталмыш мереке бір ай бойы жалғасатын. Бұл күндердің барлығында шешендер, әнші-күйші, дарбазшылар, күресшілер сайыстары өткізілетін. Жалпы, көктемгі кезең әдет-ғұрыптық әрекеттермен, түрлі жарыстармен, сауықтармен байланысты мерекелерге толы болды. Бұл туралы тек этнографиялық материалдар ғана емес, сондай-ақ, төңкеріске дейінгі орыс пен кейінгі кеңестік ғалымдардың, сонымен бірге, Бируни және Наршахи сияқты ортағасырлық авторлар шығармаларында кездеседі.

Сонымен қатар, қырғыз тарихшыларының мәліметі бойынша, түркі қоғамында «...қозғалыс ойындары ерлердікі және әйелдердікі деп бөлінген, ақсүйектер нарды ойнауды үйренген...». Мұнда қозғалыс ойындары дегенде, балалардың емес, ересектердің ойындары түсінілуі керек, олар кейін спорт пен ойынның ұлттық түрлеріне айналған.

Байланыстардың жаңа түрлерінің пайда болуы, дене тәрбиесін дамытудың әрі қарай өркендеуіне жағдай жасап, оны бірыңғай бағытта қолдану тенденцияларын күшейтті. Сондықтан,

Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар мен халықтар өз мәдени жетістіктерін басқа халықтарға қалдыра отырып, әлемдік мәдени шығармашылықта әрекетті түрде қатысты.



**3-сурет. «Көкпар» ұлттық спорт түрі.**

Осылайша, Түрік қағанаты кезеңінде дене тәрбиесі өз дамуының келесі сатысына көтерілді. Оның дамуына Азияның басқа да көптеген халықтарының дене тәрбиесінің түрлері мен ерекшеліктері тән. Осыған байланысты, венгр тарихшысы Л.Кун өте дұрыс тұжырым жасайды: «...ортағасырлық Азияның халықтары көне дене тәрбиесінің институттарына, қозғалыс жүйесі мен идеалына жаңа өң берді. Дәстүр беріктігі, біртіндеп және байыппен өзгеруге жағдай жасады. Олар оның тәжірибелік жүйесіне белсенді түрде әсер етті...».

Көшпелі малшылар мен отырықшы егіншілер арасындағы дене тәрбиесі рулық-тайпалық және дәстүрлік-халықтық шығармашылықтары бастамасында жүзеге асырылды. Ол материалдық жетістіктерді тікелей жасаушылардың дене қимылы дамуына мүмкіндік жасады, сол үшін де, өзінің негізінде өркениетшіл, әрі болашағы мол болып табылды.

Ру ақсүйектері белсенді түрде дене жаттығуларымен және ойындарымен айналысып, өздерін шапқыншылық соғыстарға, бейбіт

күндері қол астындағы бағынғысы келмеген тұрғындармен күресуге дайындалды. Феодалдардың барлық тәрбиелері әскери-дене қимылы дайындықпен, әскери-дене қимылы қасиеттерін және қабілеттіліктерін жетілдірумен байланысты болды. Ойындар, сайыстар, түрлі дене қимылы жаттығулары, тек феодалдардың әскери-дене қимылы дайындық түрі және қару-жарақтарды, аттарды игеру мен қолдану өнерінің сайысы болып қана қойған жоқ, ол сондай-ақ, қарапайым тұрғындарға моральдық басымдылықтарын көрсету құралы болып табылды.

Орасан зор аумақта күрделі этникалық үдерістер болып жатты, қазақ халқының этногенездік көздері, тайпалық одақтардың Орталық Азия, Сібір, Орал, Шығыс Еуропа мен шектес жатқан Шығыстың тұрғындарымен экономикалық, саяси, мәдени байланыстары айқындалды. Әсіресе, дене шынықтыру саласындағы байланыстар мен дене тәрбиесі құралдарын алмасу аса кең болды. Дереккөздер бойынша, ортаазиялық және парсылық дене шынықтырудың, Азия мен Еуропа халықтарының дене шынықтыруларына деген айырықша ықпалы туралы ақпараттар беріледі.

*3-ші бөлім бойынша қорытынды:* сол кездегі Қазақстан жерінде мекендеген тайпалар мен халықтар мәдениеттің осы саласындағы барлық өркениетін игеру жолымен жүре отырып, өзінің жеке тұрмыстық сипаты бар, айырықша дене шынықтыруын жасады. Оның мазмұны қоғамның жалпы прогрессивті, мәдени және рухани-моральдық қажеттіліктерін көрсетті. Бұл мәдениеттің дәстүрлері мен жетістіктері жақсы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа өтіп, қазіргі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мәдениетіне енді.

Әр заманның талаптарына сай жетілдіріліп, қайта құрылып, пайдаланылған дене тәрбиесі мен спорттың жалпы қағидаларының тарихи-педагогикалық заңдылықтары қалыптасты. Мысалы, көпшілікке танымал «регби» ойыны өзінің қозғалыстары жағынан, қазақтың «ақ сүйек» ойынына ұқсас келеді. Екі ойында да, белгілі бір затты иелену керек және ол затты қарсылас командасының қарсы әрекеттеріне қарамастан, белгілі бір жерге дейін апару қажет. Бұл ойында ептілік, күш, жылдамдық пен төзімділік сияқты және т.б. дене қимыл қасиеттері дамыды. Ай жарығы кезінде ойын кешке қарай басталып, түннің бір уақытына дейін жалғасты, сол үшін затты іздестіру көздің көруін, жинақылық пен командалық іс-қимылдарының келісімдігін дамытты. Оны көптеген жас топтары

ойнады, ойын дене тәрбиесінің әмбебап құралының қызметін атқарды. «Ақ сүйек» – қазақтың өте көне ойыны екенін де айта кету қажет. Оның тәрбиелік қызметі мол, мәселен, ойын қыздар мен жігіттердің араласуымен өтеді. Яғни, оның барысында қыз бен жігіттің өзара танысулары жүреді. Өз кезегінде, ол жігіттің тұйықтылықтан шығып, мырзалық пен сыпайылық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды.

Аталмыш ойын жүйесі халықтық ойын деген түсініктен де кең түрде түсіндіріледі. Осылайша, дене қимылы жаттығуларын орындауға деген көне көзқарастар жаңаша ұғынуды қажет етсе, керісінше, қазіргі ойындардың шығу тарихының тамыры өте тереңге кетеді. Мұндай мысалдар өте көп, қазіргі спорт түрлері, халықтық ойындардың прообраздары болып саналады. Мәселен, асық – городки, тоғызқұмалақ – шахмат, жамбы ату – садақ ату, қазақша күрес – самбо, дзюдо және т.б. Халық қозғалыс ойындары, дене тәрбиесінің құралы ретінде өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді, өйткені оларды түрлі жас ерекшеліктерінде. Мәселен, қарапайым жаттығуларда, түрлі спорт түріндегі спортшыларды дайындау жүйесінде пайдалануға болады.

Тарихи деректер түркі тайпаларының арнайы дене жаттығулармен және әскери-дене қимылы дайындықпен айналысу үдерісінде дамығанын, олардың ептілігі, төзімділігі, шымырлығы, қайсарлығы және жоғары әскери шеберлігі жөнінде көптеген тарихи дереккөздер арқылы куәлік етеді.

Дене тәрбиесінің ұйымдасқан түрін сол кездегі түркілердің әскери-жорықтық ерекшеліктері арқылы көрсетуі қажет болды. Дене тәрбиесі мен дене шынықтыру жаттығулары міндетті түрде ерте жастан басталуы тиіс болатын. Осындай жүйедегі әскери-дене қимылы дайындықтың үлес салмағы, айналысушы адамдардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, әртүрлі нұсқада біртіндеп ұлғайып отырды.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

- 1. Қазақ тарихы үшін Түрік қазанаты дәуірінің өзіндік ерекшеліктері неде?*
- 2. Түрік қазанаты кезеңінде феодалдық қатынастардың қалыптасуы немен ерекшеленді?*
- 3. Қарастырылып отырған кезеңдегі дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсет.*
- 4. Түрік қазанаты мен ортағасырларға қатысты ғылыми мәліметтер алуда кімдердің зерттеулері мен мәліметтеріне сүйенуге болады?*

## 4-БӨЛІМ

### ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ (XV-XVIII ғғ.) ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### 4.1 Орталық Азия мен Қазақстанды жаулап алушыларға қарсы күресте халықты әскери дене дайындығының рөлі

Бұл кезең Азия, Еуропа және Африканың көптеген халықтарының тарихында сан түрлі мемлекеттер тарапынан тұрақты да, үзіліссіз шабуылдар жасау кезеңі болып табылды. Арабтар (VI-XII ғғ.), моңғолдар (XIII ғ.) жаулап алып, Орталық Азия мен Қазақстан аумақтарында ондаған жергілікті хандықтарды құрды. Олар жергілікті халықты жауларға қарсы қантөгістік соғыстарға шығуға мәжбүрледі. Араб халифатының Орталық Азия мен Қазақстанның аумағына жасаған жорықтары басқыншылық сипатта болып, олар кей жерлерде бағынудан бас тартқан жергілікті тайпалармен және халықтармен шайқастар жүргізді. Мұның барлығы қазақстандық және шетелдік ғалымдардың фундаменталды ғылыми зерттеулерінде, ежелгі және қазіргі тарихшылардың еңбектерінде ашып көрсетілді.

Саманидтер мемлекеті (874-989 жж.) көптеген ұрпақтардың жадында жазылмас із қалдырды. Олар Орта Азия мен Қазақстан әлемдік мәдениетінің інжу-маржанына енген ғалымдарының, жазушылары мен ақындарының әлемдік мәдениетке өзіндік зор үлесін қосқан шығармаларында көрініс тапты. Дәл осы уақытта Орта Азия мен Қазақстан халықтарының батырлық тарихи өткенін суреттей отырып, Фирдоуси өзінің «Шахнама» шығармасын жазды. Кітапта сол уақыттағы соғыс кезінде пайдаланылған халықтық сайыстар, ойындар, дене қимылы жаттығулары мен құралдары кең түрде көрініс тапты.

XX-ғасырдың аяғына таман, егемендік алғаннан кейін Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан және т.б. ортаазиялық мемлекеттер өздерінің мәдениет, өнер, дене тәрбиесі және өмірдің басқа саларында тарихи мұраларын зерттеп, қолдануға үлкен көңіл бөле бастады.

Көне эпостарда (Манас, Алпамыс) және көптеген зерттеулер мен ғылыми-педагогикалық еңбектерде, қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, тәжіктердің ата-бабалары, тойлардағы түрлі ойындар мен дене қимылы жаттығулар сияқты әдет-ғұрыптар мен мейрамдарды ұйымдастыруда бірлік пен тәуелсіздікке ие болғаны жөнінде көрініс табады.

Сол уақыттың дене тәрбиесінде еңбектері әлемдік ғылымда ойып орын алған Әбу Әли ибн-Синаның (Авиценна, 980-1037 жж.) мұрасы көрнекі орынға ие. Қазіргі кезеңде көптеген еуропалық дәрігерлер мен емшілердің кәсіби қызметіне орасан зор әсер еткен оның атакты «Емдеу ғылымының канондары» атты еңбегі бүкіләлемге танымал трактат болып табылады. Ибн-Сина емдеудің дене қимылы әдістеріне, күн тәртібіне, дене қимылы жаттығулар мен шынығуға аса мән берді. Көптеген дене жаттығуларымен қатар, Әбу Әли ибн-Сина белсенді түрде күреспен айналысуды ұсынды. Ол – бүгінгі қазақша күрес, өзбектер мен қырғыздар курашының ататегі болып саналады.

Осының барлығы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мәдениетіне, тәрбиесіне, дене қимылы тұрғысында дамуына оң әсер етті. Басында айтылып өткендей, Қазақстан мен онымен шектес жатқан жерлерді шетелдік басқыншылардың жаулап алуының кесірінен, халықтарды оларға қарсы күрес жүргізу үшін әскери-дене қимылдарын дайындауға мәжбүр етті. VII ғ. араб халифатының әскерлері Орта Азияда басқыншылық соғыс жүргізіп, ислам дінін ендірді. VIII-IX ғғ. Ислам Оңтүстік Қазақстанға тереңірек ене түсті. X ғ. ол Жетісуда, кейін Орталық Қазақстанда орнықты.

Бұл уақытта дене шынықтыру мен әскери-дене қимылы дайындық тәрбиесінің мәселелері Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтар үшін өмірлік қызметтерінің белгілі бір бөлігі ретінде иеленген болатын.

Гардизидің «Зей әл-ахбор» тарихи шығармасындағы Шығыс тарихы, Бейхакидің 30-томдық «Тарихи мулки Туркистан», «Сиясат наме», «Оғыз наме» дидактикалық шығармалар мен еңбектерінде Шығыс халықтарының тарихи оқиғалары мен дене тәрбиесін дамыту жайлы кең түрде көрсетілген.

Бірқатар ғалымдар, исламның таралуы дене шынықтыру мен оған байланысты салт-дәстүрлердің дамуына кері әсер етті деп топшылайды. Ал, ислам жақтастары халық ойындары мен



сауықтарына діни сипат бере отырып, оның мазмұнын діни қабатпен орағысы келді.

Арабтардың Орта Азияға келуі жергілікті тұрғындардың өміріне аса зор кері әсер етуші құбылыс болған жоқ. Тарихи деректер куәлік етіп отырғандай, ислам мәдениеттің дамуында, әсіресе, шахматтың тарауында айырықша белгілі рөл атқарды.

Ю.Шолмицкийдің, М.Тәнікеевтің, А.Асарбаевтың осы кезеңдердегі шахмат ойыны туралы еңбектерінде VIII-IX ғғ. өмір сүрген алғашқы танымал ойыншылардың Орталық Азиядан шыққандығы жайлы айтылады. Оларға Абу Гафиз әл-Шотранджи, Зайраб және т.б. жатады. Мысалы, Хорасанда 819 жылы Абдал Джафар мен Джабир Зайраб арасында шахмат матчы өткізілген жайлы тарихи мағлұмат бар.

«...Шахматтың жанкүйерлері Орта Азияда көбейген үстіне көбейе түсті, шахмат ойыны, осылайша, мәдениеттің дәстүрлі формасына айналады. Мықты ойыншылардың есімдері шахмат өнері әлемінде танымал бола бастады. Әбу Бакр ас-Сули осындай шахматшының бірі еді...», деп тұжырымдайды В.М.Панов. Ол шахмат өнерін көріктендіруге және жетілдіруге ат салысқан бірқатар ғылыми кітаптар жазды.

Қазақстан тұрғындары арасында садақпен оқ ату кең танымал болды. Атқа міну өнерін меңгеру мен мергенділікті талап ететін күрделі жаттығудың бірі ат үстінде садақтан ату болып табылды. Бұл, біріншіден, түрлі тайпалар мен халықтардың ата-баба дәстүрімен байланысты болса, екіншіден, тайпааралық қақтығыстар мен басқыншылық соғыстар, жергілікті халықтарды әскери-дене қимылы дайындығымен айналысуға итермеледі. Алтайда табылған бір суретте, бұғыларға, тауешкілерге, аю мен құландарға аңшылық жасап жүрген екі аңшының бейнесі бейнеленген, онда салт аттылардың шауып бара жатып, садақ атып бара жатқандығы көрсетіледі.

Атақты тарихшы Н.Я.Бичуриннің деректерінде Қазақстанның кейбір бөліктерінде таралған шаңғымен жүру эпизодтары көптеп кездеседі. Солтүстік-Шығыс Қазақстанның аумағына сәйкес келетін географиялық орналасу орны қандай да бір дене шынықтыру түрімен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Қазақ халқының көшпелі өмір салты жағдайында, ат жарыс, ат үстінде күресу, жүгіру және қозғалыспен байланысты түрлі

сайыстар кең қолданылды. Қыс мезгілі ұзақ болатын Қазақстанның солтүстік және шығыс аумақтарында коньки мен шаңғыда жүгіру, шанамен ойнау белсенді түрде дамыды.

Қазақстанның оңтүстігі мен Орталық Азияда дене қимылы жаттығулары мен ойындардың басқаша түрлері басым болып, көбінесе, жүру мен жүгіруге көңіл бөлінді. XI ғасырдағы уәзір Низам әл-Мулк өзінің «Сиясат наме» кітабында: «...жылдам жүгірушілерді бірнеше белгілі жолдардың бойына орналастыру керек; оларға жалақы тағайындау қажет. Сонда ғана 50 фарсах жерде болған оқиға бір тәулік ішінде жетіп барады...». Бұл – сол кездегі дарынды желаяқ жастардың арасында материалдық және рухани түрде қанағаттандырушылық болғандығын және оларға мемлекет басшыларының да үлкен көңіл бөлгендігін көрсетеді.

Исламның сол кездегі кері әсеріне қарамастан, көшпенділердің қыздары мен әйелдері де атпен шебер түрде шауып, ерлер тәрізді сауыт пен садақ алып жүрді. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте әйелдер теріден көйлек, етік, тон сияқты бұйымдар тікті; күймелерді басқарып, оларды жөндеп, түйелерді жекті, барлық істе шапшаң болып, шалбарлар киді, кейбірі ерлер тәрізді оқ атты.

VII-XI ғғ. кезеңінде Орталық Азия мен Қазақстанның халықтары ислам мәдениетіне терең қанағаттанды. Осының негізінде өздерінің ұлттық мәдениеттерін дамыта отырып, жоғары деңгейге жетті. Жазу, әдебиет, ғылым мен медицина дамыды. Жалпы рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылған дене шынықтыру дамудың жоғары дәрежесіне жетті.

XIII ғасыр басында Моңғолияда аты әлемге мәшһүр Темуджиннің қол астындағы ірі мемлекет құрылды. Кейін ол Шыңғысхан деген атпен бүкіл моңғол қағаны болып жарияланды. Моңғолдардың Қазақстанға келуі ұзақ уақытқа дейін елдің өндіруші күшін үзіп, мәдениет пен экономиканың дамуын ұзақ мерзімге тежеп тастады. Моңғол мемлекетінің саясаты халықтарды бағындырып, тонау мақсатында, көрші елдерге басқыншылық жорықтар жасауға бағытталды. Әскер басында әскери феодалдық биліктің өкілдері тұрды. Қару ұстай алатын әрбір шаруа (арат), өзінің садағы, жебесі, қылышы және атымен жорықтарға қатысуға міндетті еді. Әскерде қатаң тәртіп сақталды. Әскери бағыныштылық жергілікті халықтың арқасына жүк болып түсті, олар жауынгермен қамтамасыз етуге міндетті болатын. Осындай жағдайда, дене шынықтырудың барлық

түрлері моңғол мемлекетінің саясатына бағынды. Моңғолдар да дене шынықтыруға бірінші кезекте көңіл бөлді. Олар ерте жастан бастап атпен шабу, садақ атуды үйренді. Кейін қарсыластармен сайысқа түсу үшін аса қажет, өздерінің дене қимылы дене күші мен ептілігін дамытты. Олардың «Ерлердің үш ойыны» (Эркин гурвон на-адам) атты жарыстар түрі кейіннен бүкілмоңғолдық спорттық мерекелердің негізіне айналды. Ол спорттық ойындар қазіргі кезде де өткізіледі.

Салт атты болу моңғолдық жауынгердің бірінші кезектегі міндеті болды. Өйткені, барлық басқыншылық соғыстар ат үстінде жасалды, сондықтан, жергілікті халықтар тәрбиелеудің құралдарын, әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, мұндай шайқасшабуылдарға алдын-ала дайындалды. Шыңғыс ұрпақтарының империясы кезеңінде тәрбиенің мұндай әдістері мен құбылыстары ұрпақтан ұрпаққа өтіп отырды. Моңғол жауынгері, оның ішінде, әскердің жергілікті жалдамалылары жауды қашықтықтан садақпен атып құлатуы тиіс еді. Ал, қарсыласпен тікелей ұрыста дене қимылы, күш пен ептілік арқасында жеңуі керек болды. Моңғолдарда әскері-қолданбалы бағыттылықта болған күрес жаттығулары осы мақсатта пайдаланылды. Күрес рөлі ресми саясат деңгейіне дейін жоғарылатылды. Осы жағдай бойынша, тарихшы Магакия мынадай тарихи мәлімет келтіреді: «...ірі сайыстардың бірінде, бірі Меңгі ханның, екіншісі Құлағу ханның ордасынан шыққан екі танымал күресші кездесті. Онда Құлағу ханның Садун атты балуаны жеңіске жетті. Ұлы хан осы жеңісі үшін оның 9 қылмысын алдын-ала кешірді...».

Сонымен қатар, моңғолдар аңшылыққа да айырықша көңіл бөлді. Оларда, керек болса, аңшылық кезінде баланы жігіттік қатарына өткізу салты да болды. Ол аңшылық барысында алынған алғашқы олжаға байланысты болатын. Бұл салтты Шыңғысханның өзі, кейінгі ұлы хандар Құбылай мен Құлағуларға да жасаған, онда оның біріншісі қоян, екіншісі тауешкі лағын қанжылаған.

Моңғол билігі кезеңінде қоршау түріндегі аңшылық аса маңызды рөл атқарды. Шыңғысхан тұсында дұрыс ұйымдастырылып, өте үлкен кең құлашты аймақты қамтыды. Ол жергілікті халық пен оның рулық тайпалар атынан шыққан қатысушылар үшін ауыр сипатты болып табылды.

Моңғолдар тұсында дене шынықтырудың дамуы бір жақты теріс сипатта болды, өйткені, ол моңғол әскерінің әскери-дене қимылы дайындығына бағынышты болып, тек басқыншылық жорықтар мүддесіне ғана қызмет етті. Моңғол билеушілері түрлі дене қимылы жаттығуларын, сауықтар мен ойындарды тек өздеріне ғана тән деп санады, тіптен, жергілікті халыққа ойындармен айналысуға тыйым салынған куәлік берген кездері де болған.

Бұл мәселе жөнінде Марко Поло былай деп жазады: «...қазіргі хан мұнда айналысатын барлық ойындарға тыйым салды. Оның жарлығында: «Мен сендерді қолымдағы қарумен жауладым, сендердегінің барлығы менікі, сол үшін де, егер сендер менің рұқсатымсыз ойын ойнасаңдар, онда менің меншігімен ойнағандарың»...», делінген.

Қазіргі Қазақстанның аумағында сол кезде өмір сүрген тайпалар мен халықтар жағымсыз моңғол билігін құлатуға тырысты. Халықтың азаттық күрес идеясы кейбір халықтық ойындардың мазмұнында ауызша поэтикалық шығармашылық түрінде көрініс тапты. Негіздерін арнайы және саяси сарында құраған мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен аңыздар, түрлі ойындар мен сауықтар, өскелең ұрпақтың мінез-құлқының қалыптасуына, шығармашылық белсенділігіне ықпал етті.

Моңғол империясының құрамына кірген Орта Азия мен Қазақстанның тайпалары мен халықтары әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың түрлі сатысында болатын. Әскери-көшпелі өмір салтына бүкіл салт-дәстүр, мәдениет тәуелді болды. Дене қимылы дайындық үлкен рөл ойнаған әскери-көшпелі өмір салты, тарихи түрде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде, әсіресе XII-XVI ғ.ғ. өз шарттарын алға тартты.

Шыңғысхан әскерінің құрамына қазіргі қазақтардың ататектері де енген түркі тайпаларынан тұрды. Егер, қазақ руларының этногенезіне назар аударсақ, олардың көпшілігінің қазіргі күнге дейін өз атауларын сақтап қалғанын көреміз. Олардың қатарында әлі күнге дейін түркі тілінде сөйлейтін: қаңлы, үйсін, найман, керей, қоңырат, алшын, қыпшақ және т.б. бар. Рашид-ад-Диннің мәліметтеріне сәйкес, Шыңғысханның өзі де әскермен тәржімашысыз араласа отырып, түркі тілінде сөйлеген.

Адамзат тарихында, әсіресе, дене қимылы дайындық дағдыларын игеруде терең із қалдырған бұл тайпалар, үлкен

географиялық аумақта өмір сүріп, түрлі басқыншылардан өз жерлерін қорғап, өздері де жорыққа шығып отырған. Олардың күштері, ептілігі, шапшаңдығы мен қайсарлығы, керек десе, жауларының да таңғалысын тудырды. Сондықтан да, көшпелі жауынгерімен кездескен көптеген халықтар (гректер, римдіктер, қытайлықтар және т.б.) олардың жалпы және арнайы жаттығу дағдылары мен шеберліктерін пайдаланып отырды. Жүздеген жылдар бойы жинақталған тәжірибелер дене шынықтыру тарихының баға жетпес құраушысы болып табылып, мұқият зерттеуді қажет етеді, сондай-ақ, өзі әлі күнге дейін ашылмаған сырлардан тұрады.

Халықтардың қатал өмір жағдайына және жергілікті тұрғындардың ойындары мен сауықтарына сол кезде қазақ жерін жаулап алған моңғолдардың кері көзқараста болуына қарамастан, түрлі дене қимылы жаттығулары мен ойындар Орта Азия және Қазақстан жерін мекендеген тайпалар мен халықтар мәдениетінің дамуына, өмір салтын сақтауға көмектесуіне, әскери өнерді игеруге жәрдемдесе отырып, өз дамуын жалғастыра берді.

Жоғарыда айтылғандарға орай, келесідей қорытынды жасауға болады: дене шынықтырудың дамуы, тек өндіріс әдісі мен қоғамдық-саяси құрылыс ерекшеліктеріне ғана емес, сондай-ақ, елдің географиялық ерекшеліктеріне де байланысты болды. Л.Гумилевтің пікірі бойынша, адамның дамуы, ол өзі өмір сүріп отырған жерге ықпалын тигізді.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар***

- 1. Орталық Азия мен Қазақстанды жаулап алушыларға қарсы күресте халықтың әскери дене дайындығының қалыптасуын немен байланыстыруға болады?*
- 2. VI-XVIII ғғ. Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы қандай мәдениет түрлері дене шынықтырудың дамуына әсер етті деп айтуға болады?*
- 3. Осы дәуірге тән қандай ғалымдар мен зерттеулерді ерекше деп атаймыз?*

## 4.2 Хандықтың құрылуы және Қазақстандағы дене шынықтырудың даму тенденциясы

Сол кездері Еуропада капиталистік дәуір орнап, үстем тап халықтың дене тәрбиесімен айналысуына мейлінше қызығушылық танытушылығы едәуір өсіп келе жатқан. Осы ерекшелігі арқылы капиталистік дәуірдің оның алдындағы басқа дәуірлерден айырмашылығы болды. Буржуазия дене шынықтыру мен спортты халықтың саяси күрестен арылуына, жастарды буржуазиялық идеология рухында тәрбиелеуге, жастарды соғыстарға дайындауға және жұмыс істеуге деген қабілеттіліктерін арттырып, көп пайда түсіру үшін қолданды.

Капиталистік дәуір кезінде дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық әртүрлі тап өкілдерінің қоғамдық өмірімен тығыз байланысын арттыра түсті. Бірі-біріне қарсы тап өкілдерінің дене тәрбиесі саласында қызығушылығы бір сияқты көрінді. Бірақ, бұл тек алдамшы көрініс еді: капиталистік қоғамда дене тәрбиесі таптық жағдайда болды. Үстем таптың қанаушылығын көрген бұл қоғамда әлі жеңіске қолы жетпеген жаңа таптың мәдениеті, соның ішінде, дене мәдениеті дами бастады. Сонымен, капитализм кезінде жұмысшы спорттық қозғалысында жаңа дене тәрбиесі жүйесінің алғашқы нышандары пайда бола бастады.

Ал, сол кезде, XIII ғасырдың басында Орта Азия, Қазақстан және бүкіл Еуропа моңғол шапқыншылығына ұшырады. Олардың жаулап алынған аумақтардағы билігі үш ғасырға жуық созылды. Осы кезеңде Орта Азия мен Қазақстан халықтарында үлкен қозғалыстар жүріп жатты. Олардың өзара байланыстары және экономикалық және саяси дамуының бірдей шарттары халықтардың дене шынықтыруының көптеген сипаттарын туыстас етті.

XIV ғасыр ортасында Мәуреннахр бектері бірінің баласы Әмір Темір (Темірлан) саяси аренаға шықты. Оның қолбасшы және мемлекет басшысы ретіндегі өмірі мен қызметі, ислам мәдениетін таратуға рөлі туралы кітаптар оның көзі тірісінде де, кейін де көптеп жазылды. Осы жерде келесідей шежірешілерді атап өтуге болады: Ибн Арабшах, испан елшісі Г.Клавихо, Гияситдин Али, Лянгла, Г.Вамбери, В.Бартольд. «Жеті жұлдық билеушісі» (Властитель семи созвездий) кітабының авторы Хильда Хукхэн былай дейді: «...XVI ғасырдың 80-жылдары Елизавета патшайымның ақыны Кристофер

Марлоу өлең түрінде «Ұлы Темірлан» атты драма жазды. Сол кезден бастап ұлы қолбасшының өмірі Еуропада аңызға айналды...».

Орта Шығыс тарихшысы Шарафитдин Али Ядзы және бірқатар авторлар Ақсақ Темірдің Орта Азия, Кавказ, Таяу Шығыс пен Еуропа, оның ішінде, Ресейді моңғол билігінен азат ету қызметтерімен бірге, оның қаталдық сияқты кері тұстарын да суреттейді. Әрине, барлық соғыстар үшін жауынгердің тек әскеридене қимылы және тактикалық-стратегиялық сипаттары ғана тән емес, оған қаталдық та тән болды. Осы мақсатта, Әмір Темір Юлий Цезарьдің, Ескендір Зұлқарнайынның, Шыңғысханның, араб және иран қолбасшыларының тәжірибелері мен істерін қолданды. Дегенмен, Хилда Хукхэн өзінің әділ бағасын бере отырып, «...Еуропа үшін жарық жұлдыз жарқырады. Шығыс жақтан оттоман иеліктеріне қарай, сансыз әскер басында интеллектуал, шахматтың өнерлі маманы, білікті геолог және көрнекті қолбасшы Ақсақ Темір келе жатыр...», деп суреттеді.

Гарольд Лэмб «Темірлан – әлемді дүр сілкіндіруші» (Тамерлан – потрясатель Вселенной) деген кітабында: «...Ол өзін таққа шығарды, бірақ өмірінің көп бөлігін ер-тоқымда өткізді...», деп жазады. Ақсақ Темір барлас тайпасынан шыққан, ал әйелі жалайыр тайпасынан еді. Бұл азиаттық тайпалар кезінде скифтер, кейде түркілер деп аталған. Олар сауыт киіп, бойларында дала рухы орын алды. Тыныштықтың қысқа шағында олар аңшылықпен айналысты. Жақсы қаршыға құс ер кісінің жетістігін жоғарылатса, бұғыларға аңшылық жасайтын бүркіт бүкіл руға бедел әкелді. Бұл халықтар човган ойынына (поло ойынының бір түрі, қазақша - «шүген») үйретілген, қысқа бойлы жылқыларды иеленді. Олар ауыр, әрі ұзын садақтарды шебер қолданып, ұшып бара жатқан құстарды атып түсіре алды, жаяу түрде жолбарыспен айқасты. Тамақты ортақ ыдыстан, жердегі кілемде отырып, қолмен жеді. Олардың иттері артында жатса, қаршығалары жанында отырған жерден дауыс беріп жатты. Олардың сүйікті асы – жабайы құс пен жылқы еті болды.

Барластардың мақтанышы болған Ақсақ Темір әскери қастаның да мақтанышы болды, қонақжайлылық олардың міндеті. Дене қимылы жағынан мықты болып, оның нәсіліне тән болған бет әлпеттік атжақтылық пен үлкен сезімтал ауыз – Ақсақ Темірдің орасан зор өмірлік күші жөнінде белгі берді.

Қазақтардың басым бөлігі 1970 жылдарға дейін, әсіресе, оңтүстікте аңшылық үшін қаршыға, тазы ит ұстады. Жоғарыда аталған дәстүрлердің көпшілігін қазақтар әлі күнге дейін ұстанады.

Испандық елші Гонсалес Клавихо өзінің «Ұлы Темірланның тарихы» атты шежіресінде, Ақсақ Темірдің өмірі мен қызметі туралы нақтылы суреттейді, өйткені ол бірнеше жыл бойы Ақсақ Темірдің сарайында өмір сүрген. Оның қолбасшылық қызметі туралы автор былай деп жазады: «...Ұлы сеньор Темірбек (Темірлан) самарқанд императорын өлтіріп, сол жерден бастап оның билігі жүрді, кейіннен ол бүкіл моңғол (Моғолстан) жерлерін, онымен бірге Кіші Үндістанды да жаулап алды...».

Тарихшылар, шежірешілер мен көптеген пікір берушілердің дәйекті материалдарында Темірдің қызметі туралы мәліметтер бар. Клавихо Ақсақ Темірдің өз бағында елшілердің қалай қабылдағаны және басқа билеушілерден келген сыйлықтары мен байлықтарын көрсетуді қалай ұйымдастырғаны жайлы айтады. Осы уақытта ол жауынгерлер арасында күрестен, найзаласудан, садақ атудан, атпен жарысудан және т.б. ойындар мен дене қимылы жаттығуларынан тұратын сайыстар өткізуге мәжбүрлеген. «...Сеньор сол күні бірқатар сейіттермен (Мұхаммед пайғамбар с.ғ.с. руының адамдарын солай атаған) ұзақ уақыт шахмат ойнады. Бірақ, сеньор сол күні елшілерден сыйлықтар қабылдағысы келмеді, алайда, оған олардың әкелген сыйлықтарын көрсетуге ғана алып келді...». Мұның барлығы ұлы қолбасшы Әмір Темірдің жауынгерлердің дене қимылы қасиеттеріне үлкен көңіл бөлгенін көрсетеді. Ол кейде өзі де найзаласу, қылыш-тасу, түрлі қарумен ұрыс жүргізудің техникасы мен тактикасының, ат үстінде күресудің, өзенді жүзіп өтудің, арқан бойымен биік қабырғаларға шығудың элементтерін көрсетіп отырған.

Темірдің билігі кезеңінде әскери өнер кең қанат жайды. Жауынгерлердің әскери-дене қимылы дайындығына үлкен назар аударылып, садақ ату, атпен шабу, күрес бойынша түрлі сайыстар өткізілді. Темірдің өзі ерекше қайсарлық пен дене қимылы дайындығына ие болды. Арнайы және әскери жаттығулардың арқасында ол батырлық пен өжеттілік қажет ететін керемет күшке ие болды. Күш-қуат, ерлік пен сайыс өнері, оған әскери жорықтар мен шайқастарда үнемі сәттіліктерге жетуге мүмкіндік берді.

Ю.С.Шолмицкийдің нұсқауында: «...соңғы тимурид Сұлтан Хусейннің басқаруы кезеңінде мәдени гүлденулер жүрді. Осы



уақыттарда Орта Азия мен оған шектес жатқан Шығыс халықтарының халық балуандарының күресін, ойындары мен сайыстарын суреттеген Навои мен Джамидің керемет туындылары дүниеге келді...», дейді.

Орта азиялық халықтардың мерекелері мен салтанаттары қабылданған әдет-ғұрыптармен реттеліп отырды. Дәстүрлердің бүкіл күрделі кешені, ертеден келе жатқан көптеген салттар бір әдет-ғұрыпқа біріктірілді. Әрқашанда, барлық мерекелер соңында ат жарыстар, күрес, садақ ату және басқа да ойын түрлерінен дәстүрлі сайыстар өткізілді. Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының ат сайытары мен ойындары айырықша құрметке ие болып, бүкіл Шығыс халқының сүйікті істері болып табылды.

Қазақ халқында – ат үстіндегі күрес (аударыспақ), тоғыз-құмалақ, көкпар; күміс алу; тәжіктерде – лақтыру (партофтан), секіру (джахидан), таякпен сайысу (шамшарбози), күрес (гуштингири); ал өзбектерде – ат көкпар, белбеу күресі, чоуган (ат үстіндегі допты поло); қырғыздарда – ат үстіндегі күрес (эниш), арқан тарту, теңгені алу (тайны экмей); түркімендерде – тас лақтыру, найзамен балық аулау, балуандық күш сынасу ерекше танымал болды.

Осы тұста айта кететін жайт, бұл уақытта дене қимылы жаттығулары, қозғалыс және ат ойындарының түрлері мен элементтері, қырғыздардың «Манас», қазақтардың «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды», қарақалпақтардың «Көр оғлы», «Раушан», «Әуезхан», «Қырық қыз» сияқты батырлық эпостарында, аңыздары мен фольклорлық шығармаларында және халықтың ауыз әдебиеттерінде кең түрде пайдаланылды.

Жергілікті тайпалардың мемлекеттік бірігуі нәтижесінде ХҮ-ғасырда алғашқы қазақ хандықтары пайда бола бастайды, оған бұл жерлерді тимуридтердің моңғол басқыншылығынан тазартуы мүмкіндік жасайды. Қазақ хандықтарының құрылуы мен әрі қарай дамуы, қазақ халқының қалыптасу үдерісін аяқтауға алып келді. Шаруашылықтың басты саласы көшпелі мал шаруашылығы болды. Төрт түлік мал жыл бойы аяқ астындағы шөпке жайылғандықтан, үнемі көшіп отыруды талап етті. Бұл кезеңдегі қазақтардың өмірінде малдың маңызы туралы Ш.Уәлиханов былай деп жазды: «...ертеде барлық қазақ шаруаларының ішкі сарындары мен бастапқы жинақ бекеті – мал болды, біз мал шаруашылығының талаптарына өз өмірімізді ыңғайластырдық. Біздің ата-бабаларымызда үнемі

көшулерге байланысты, тұрақты қыстаулар мен жаздық жайлаулар болмады...».

Малды ұстау үдерісі көбінесе еңбек салтына айналды, халықтың дене шынығуы мен ақыл-ой тәрбиесі, көшпенділік пен жайылымдық мал шаруашылығымен терең байланысып жатты.

Осы кезеңде табиғаттың сауықтырғыш күштеріне үлкен көңіл бөлінді. Ол күнделікті еңбекте пайдаланылып, шынығудың маңызды құралы ретінде қызмет атқарды. Ерте жастан бастап ағзаның суық пен ыстық, күн радиациясына төзімділігін жоғарылату үшін барлық нәрсе жасалды. Бұл мәселе бойынша, сол кездегі қазақ өмірін көрген замандастары, олар климаттық жағдайлар мен көшпелі өмірге тез бейімделіп, суық пен ыстыққа шыдай алатын дені сау адамға айналды деп жазады. Үнемі далалық жағдайда өмір сүруге бейімделіп қалған дала адамы, табиғи күштерді женуге кірісе бастаған кезі еді.

**Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында жалпы Орталық Азия аумағында дене тәрбиесі мен әскери істердің дамуында ерекше орын алған қандай тұлғаларды атауға болады?

2. Осы дәуірге тән қандай ортақ спорттық ойындар мен эпостарды атауға болады?

#### **4.3 XV-XVIII ғғ. кезеңіндегі Қазақстандағы дене шынықтыру мен дене тәрбиесі**

XV-XVI ғғ. шығыс, солтүстік және оңтүстік Қазақстан аумақтарында хандықтың құрылуы, халық үшін жақсы өмірді қамтамасыз еткен экономика, мәдениет, тәрбиенің дамуына ықпал етті. Әрине, бұл жағдайлар дене тәрбиесінің жетілуіне оң әсер етті.

Ортағасырлық дәуірде Азияның оның ішінде Орта Азия мен Қазақстан халықтарының дене шынықтыруы және дене тәрбиесінің дамуы өзіндік жетістіктермен ерекшеленді. Дене шынықтыруды дамыту тәжірибесі, күрес, садақ ату, ат үстіндегі және басқа да түрлі қозғалыстық ойындар жаттығулары есебінен байытылды.

Тибеттен Кавказға дейін созылып жатқан далалық аймақ халықтарының дене шынықтыруы, малшылардың өмір салты және жеңіл атты әскерге деген тактикалық қажеттіліктермен анықталды.


Өскелең ұрпақ атқа міну, арқан тарту, садақ ату мен аңшылық өнерін ересектердің іс-қимылдарына қарай үйренді. Барлық дерлік көшпелі тайпалар тері үйлерде жасалатын буларды қолдануды білді, сол бойынша, ыстық тастардың үстіне қарасора дәндерін тастап, оған салқын су шашып, ыстық бу жасаған. Кейбір халықтардың әскери ғұрыптық билері, көшпелілер өмірінің жағдайы мен ырымдық жоралғылар қалдықтарын көрсетті. Л.Кун: «...буржуаздық тарихшылар азиаттық халықтардың дене шынықтыру саласындағы рөлін кішірейтті немесе шындықтан өтірік жасады. Олар еуропалықтан тыс дене шынықтыруды дамытудың түрлері арасында, оның рационалды мәні өзін-өзі реттеу рөлін атқарғандығын жоққа шығарды...» дей отырып, дұрыс сипаттама жасайды.

Ортағасырлық дәуірде Азияның сол кездегі дене шынықтырудағы жеткен жетістіктеріне Еуропа тарапынан табынушылығы болмады. Өйткені, шауып бара жатып садақпен (алдына, артына, қапталына) ату сайысы әскери жағдайда нысананы мүлтіксіз дәлдеу еуропалықтар үшін мүлде орындалмас, өте күрделі, ертегі іспеттес болатын. Арқанмен немесе белдемше күресімен өтетін сайыстар, тек жануарды байлау үшін ғана емес, сондай-ақ, қажет болған жағдайда қашып бара жатқан жауды аттан құлатып сүйреп кету үшін де пайдаланылғанын көбі біле бермеген.

Тарихи деректерді зерделей отырып, Л.Кун келесідегідей қорытынды жасады, яғни, «...мұндағы (Орта Азия мен Қазақстан) тұрғындардың басым көпшілігі XVI-XIX ғғ. бойындағы күшейтілген езгі мен өсімқорлық әсерімен, еуропалықтарға қарағанда, жылдамырақ қайыршыға айналды. Көшпенділердің үсті-үстіне жасалған шапқыншы-лықтары, ел билеушілердің шалқып тасыған өмірлері, кейінгі отарлаушылардың тонау саясаты, тек экономикалық өмірді ғана артқа тастап қоймай, өркениеттің жоғары дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін дене шынықтырудың даму үдерісін де артта қалдырды...».

Тарихи деректер көрсетіп отырғандай, XVI-XVIII ғғ. Қазақстанның сол кездегі аумағында бірыңғай орталықтандырылған мемлекет болмады. Осындай жағдайда әскери қақтығыстар көп болып, көшпелілердің малмен бірге, әсіресе, Ұлы Жібек жолы бойындағы қозғалуларына тонау шабуылдары көптеп жасалып отырды. Ақсүйектер арасындағы өзара соғыстар халықтың қоғамдық және мәдени өміріне, оның тұрмысына қатты әсер етті. Тарихи

материалдарға арқа сүйесек, XV-XVIII ғғ. қазақтарда әрбір ер кісі жауынгер болған. 4-суретте Қазақ жауынгерлері келтірілген.



**4-сурет. Қазақ жауынгерлері**

Қазақ халқының қалыптасуы мен хандықтардың құрылуы кезеңінде, дене қасиеті жағынан дене күшін анықтау, ханның өзінен бастап ру, тайпа басшыларының өздері үшін де ескерілген жағдай болды. Батыр деген түсінік көп жағдайда – бір тұлғаның бойында көптеген міндеттердің шоғырлануын білдірді. Көшпелі қоғамның әрбір ханы бас қолбасшы болып, әскери іс-қимылдар кезінде тұрғындарға билік жүргізді. Билік басындағылардың арасында батырлар деп, XV ғ. соңы мен XVI ғ. басында өмір сүрген Қазақ ханы Қасым, оның замандастары Өзбек ханы Шейбани мен Моғол ханы Сұлтан Саид есептелді.

Қазақтардың XV-XVIII ғғ. көшпелі өмірін сипаттайтын тарихи деректер, батырлардың үлкен ролі мен олардың көшпелі халыққа ықпалы туралы мәліметтер береді. Тарихшы әл-Хорезми: «...Хан – деген атақ көшбасшы немесе батыр дегенді білдіреді, қаған – бұл хандардың ханы, яғни көшбасшылардың көшбасшысы...», деген сөз дейді.

Батыр деген атақ ешқашан ұрпақтан ұрпаққа берілмеген, ол тек жеке ерліктің арқасында алынған. Ал бұл уақыттарды ерлік жасау дене күші мен қайсарлықсыз, қажетті әскери-дене қасиетілік дағдысыз мүмкін емес еді. Ондай дағдыларға сайыстық ойындар мен дене жаттығулары үдерісінде қол жетіп, сол сайыстар барысында қатысушы-

лардың күшті және әлсіз жақтары айқындалды. Күшті қатысушы рулар аралық сайыстарға шығарылды, онда бір адамның жеңісі бүтін бір рудың жеңгенін білдірді. Жаугершіліктегі шайқастар алдында да екі жақ өздерінің халықтық батырларын жекпе-жекке шығарған, кейде шайқас барысы жекпе-жек нәтижесіне байланысты болған. Сайыстар мен жекпе-жектерде жекелеген рулар мен тайпалар арасындағы күрмеулі мәселелер де шешілген. «Түрік шежіресі» атты шығармада Әбілғазы, бір ғана жергілікті батырдың моңғол палуанын жеңген соң, олардың исламды қабылдағандарын жазады. Мұндай мысалдар бірқатар халық туындыларында көптеп кездеседі. Қазақтар барлық ұрыстарға нүкте қою үшін, сайыстық жекпе-жектерді пайдаланған. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде Төстік пен Темір хан арасында келіспеушілік пайда болып, ол күресу, атпен жарысу сайыстарының нәтижесінде шешілген. Халық шығармашылығының туындыларында әйелдерге де ерекше орын берілген. Онда әйелдердің түрі сайыстар мен шайқастардағы күші мен ерліктері туралы жырланады. Осы тұста, әйелдердің әскери-көшпелі өмірдегі орнын көрсеткен «Қырық қыз» батырлық поэмасы керемет мысал болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Алпамыс» жыры қазақтарда да, өзбектерде де, қырғыздарда да өмір сүрген. Онда Алпамыс пен Айбаршынның бейнелерінде жастардың күрес пен бәйгедегі, садақ ату секілді, басқа да дене жаттығуларындағы шеберліктері көрініс тапқан. Бұл эпоста Алпамыс пен Қалмақ арасындағы күрес туралы эпизод келтірілген: «...Күрес өте ұзаққа созылды, өйткені екі қарсыласта дене күші мықты еді. Сонда Айбаршын Алпамысқа айтты: «Егер сен шаршасаң немесе оны құлата алмасаң, онда мен ерлер кімін киіп, Қалмақты көкке лақтырып жіберейін...».

Осының барлығы, өткен замандарда жігіттер мен қыздар дене қимылы және әскери дайындық, әскери ойындар мен сайыстар сияқты өмірлік маңызды салаларда бірге тәрбиеленгенін көрсетеді. Жауынгерлік дайындық, керек десе, халықтық мерекелер мен ойындар кезінде қажет болған. Ағылшын саяхатшысы А.Дженкинсон татарлардың садақсыз, жебе мен қылышсыз ешқайда да шықпайтындықтарын, олардың мықты аңшы, ат үстінде де, жаяу да мерген екендіктерін айтады.

Осылайша, көне дәуірлердің өзінде-ақ, дене тәрбиесі мен түрлі ойындық, мәдени сайыстар құралдары Қазақстан мен Орталық Азияның көшпенді халықтарының өмірлеріне енген.

**Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қазақ тарихы үшін XVII-XVIII ғасырлар несімен ерекшеленеді?
2. Қазақ хандығы тұсында дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың дамуы қандай көрініс тапты?
3. Осы кезеңде дене шынықтырудың дамуы нақты қандай істермен байланысты еді?

## 5-БӨЛІМ

### РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ (1730-1917 жж.)

#### 5.1. 1730-1865 жылдар аралығындағы Қазақстандағы дене тәрбиесі

Тарих, философия, әдебиет, әлеуметтану, педагогика саласындағы көптеген ғалымдардың зерттеулері мен қорытындыларында, сондай-ақ, Қазақстандағы мемлекетті басқарудың түрлі жүйесі мамандарының бағалауларында. Қазақстанның Ресейге қосылуы тамыры тереңге кеткен екі ел арасындағы экономикалық және саяси байланыстары дамуының барлық қарқынындағы прогрессивті маңыздылықтың акты болып табылатындығы көрсетілген.

Академик Б.Д. Греков жазғандай, «Орталық Азия мен Русь халықтары арасында ертеден түрлі қарым-қатынастар болған. Шығыс пен Шығыс еуропалық жазықтық елдерінің арасында, әсіресе, араб халифаты кезінде, Еділ бойында гүлденген сауда, мәдени қатынас орнаған болатын».

Мұндай үдеріс, Қазақстан аумағын арабтар (VI-XII ғғ.), моңғолдар (XII-XIII ғғ.), тимуридтер (XIV-XV ғғ.) және басқа жатжерліктердің жаулап алулары, жергілікті халықты Ресей құрамына қосылуға итермеледі. Бұл сондай-ақ, осы кезеңде Орталық Азия мен Қазақстанға табиғи байлықтарды, пайдалы қазбалар орнын және т.б. зерттеу үшін көптеген орыс географтары, тарихшылары, биологтары мен археологтарының келуілерімен де байланысты. Дәл осылардың өзі жергілікті қазақ, қырғыз және т.б. халықтар арасында Ресейдің жомарттығы туралы, хандықтардың осы аймақта орыстармен бірге экономикалық, мәдени дамуының перспективалары туралы насихаттар жүргізген. Көшпенділік, хандар мен бектердің езгісі, қауіпке толы өмір, қарапайым халықтың Ресейге қосылуға деген ынтасына ықпал етті.

1731 жылы Кіші жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуі, Қазақстанның жайлы дамуына мүмкіндік берді. Бұл тарихи оқиғаның бүкіл Орталық Азия үшін үлкен маңызы болды.

Орыс халқы сияқты өзінің ұлы көршісімен тығыз әрі достық қатынастардың орнауы, орыс халқының дене шынықтыру элементтерінің қазақ тұрғындары арасында жылдам тарауына ықпал

етті. Мұнда Еділ бойы халықтары айырықша рөл атқарды, олар арқылы қазақтар орыс халқының дене шынықтыру элементтерімен танысты. Өз кезегінде, Ресейге қосылған халықтардың кейбір жаттығулары мен ойындары орыс халқында да таныла бастады.

Авторлар атап өткендей, «Қазақстанға орыс мәдениетінің келуінің басты себепшілері орыс ғалымдары, саяхатшылары, жазушылары болды. Сол кездері олар белгісіз болып келген қазақ халқының тұрмыс-мәдениетімен жақын танысуға тырысты. Қазақтарда сондай-ақ, көбінесе ресми әкімшілік қызметтегі тұлғаларда қонақтады. Олардың көпшілігі прогрессивті интеллигенцияның қатарынан болатын, сондықтан олар қазақтарға одақтас ретінде, ал орыс пен қазақ арасындағы достыққа оң құбылыс ретінде қарады».

Қазақ пен орыс халқы арасындағы жақындасуда, дене шынықтырудың кейбір жаңа формаларының таралуындағы басты маңыз, түрлі ойындар мен сайыстар өткізілетін дәстүрлі мерекелерде болып саналды. Орыстар қазақтардың спорттық іс-шараларына сүйсіне қатысты, оған үлкен қызығушылықтар танытты. Олар атпен де арбамен де келді, қауын, қарбыз, нан, қымыз, дән және т.б. сатылатын жергілікті базарларды аралады. Орыстарды әсіресе ат жарыстар мен күрес ерекше қызықтырды.

«Алғашқы орыс қоныс аударушылары өздерімен бірге ұлттық ойындарын, сауықтарын алып келіп, кейіннен олар қазақ жастары арасында кең таралды. Қазақтарға әсіресе орыстың халықтық ойындары айырықша әсер етті».

Балалардың қозғалыстық ойындары мен сауықтары бірқатар өзгерістерге түсе бастады. Қазақ балаларының ойындары өз мазмұнында отырықшы орыс және басқа да халықтардың еңбектерін көрсететін сан түрлі, әрі қызықты бола бастады. Одан соң, жаңа ойындар пайда болып, олардың көпшілігі кейіннен ұлттық қозғалыстық ойындарға айналды.

Кейбір жекелеген тұрғындар үшін шынығу мен Дене қимылы тұрғыда дамудың әрекетті құралдарының бірі аңшылық болды. Оның сан түрлері мен әдістері бар болатын. Аңшылық құстармен, әсіресе бүркітпен аң аулау кең тарала бастады. Олардың көмегімен қазақтар түлкі мен қасқырға аңшылық жасады.

Барлық уақыттағыдай, бұл кезеңде де Қазақстан халықтарында күнделікті өмір мен Дене қимылы тәрбиеде басты орынды атпен жүру иеленді. Өскелең ұрпақтың Дене қимылы дамуын

жетілдірудегі негізгі Дене қимылы жаттығулар, ойындар мен сауық-сайрандар жылқымен байланысты болды. Түрлі жаттығулар, ойындар мен сауықтар арасында ең танымалы бәйге жарысы болатын. Олар кішігірім және үлкен жиындар мен мерекелерде, ұлттық ғұрыптарда (Наурыз, егістіктің басталуы және т.б.) өткізіліп, кез-келген халықтық салтанаттың ажырамас бөлігі болып табылды.

Барлығына белгілі, бәйгелік жарыстарда бірде-бір ел Қазақстанмен және оның халқымен теңесе алмады. Бұл жөнінде Англия тәрізді бірқатар елдердің өздері де мойындаған.

Қазақтардың көшпелі өмір салты, басқа ат жарыстары мен ойындарының арасында аламан-бәйгенің басым орынға шығуына себепші болды. Қыз қуу ойыны да атқа отыру өнерін меңгеруді талап етті. Ол да танымал болып, көптеген халықты мейрамдарда өткізіліп отырды.

Көкпар ойыны бір топ салт аттылар, кейде командалар арасында өткізілді. Қатысушылар өткір күрес барысында ешкі тушасын төреші-ақсақал белгілеген жерге дейін апарып тастауға тырысты. Ат ойындарының мұндай күрделі қолданбалы түрінде, күрес, шығыс жекпе-жегі, штанга, бокс т.б сияқты спорт түрлерінен кем түспейтін маңызды тәсілдері де баршылық екені айта кеткен жөн. Осыған байланысты, соңғы он жылдықтарда Қазақстан мен Орталық Азияда ат спортының түрлері, ал Өзбекстанда – улак-купкари кең түрде дами бастады.

Айта кетерлік нәрсе, ежелгі және ортағасырлық ат ойындары, әсіресе күміс-алу, өзінің дәстүрлері мен тенденцияларын XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр кезеңінде жетілдіре түсті. Оның мәні сонда атпен шабушы белгілі бір арақашықтықта жерге тасталған күміс құймаларды бірінен соң бірін ептілікпен алулары тиіс. Кей жағдайларда, көрсетілген заттар орнына бас бір бұйымдар қойылады. Күміс алу сайысы батылдықты, ептілікті, шапшандықты және керемет үйлесімділікті талап ететін әсем қимылдардан тұрды, сондай-ақ, олар тұлпарды жақсы басқарып, көрермендер алдында кең танымалдылыққа ие болды.

Осы кезеңдерде ат үстіндегі гимнастикалық және акробатикалық жаттығулар жасау өзіндік сипаттағы сайыстар болып табылды. Бұл ойынның кейбір эпизодтары туралы өз еңбегінде Г.М. Броневский былай деп келтіреді: «Жылдам секіріп, батыл айналулар жасап, ат астымен жылжып өтеді». Ал келесі бір автор: «Мұндай



күрделі жаттығуларды жасай отырып, ат үстіндегі адам тек өз күшін, денесінің ептілігі мен қозғалыстығын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ, аттан құлап та қалмауы тиіс» деп жазады. Сайыстың бұл түрінің басқа да формасы болды, онда ат үстіндегі адамды құлату үшін бір кейде екі адам оны арқанмен тартып тұрды.

Қазақ халқының орыстармен достастығы кезеңінде (XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. бірінші жартысы) садақпен атудың көптеген нұсқалары болды, яғни: қозғалып бара жатқан нысанаға жерде қозғалмай тұрып ату, атпен шауып бара жатып ату, ер-тоқым үстінде тұрып ату. Атушыларға нысана ретінде аспанға бас киім немесе сақина лақтырылды. Бұл жаттығулардың барлығының мақсаты, көз өлшемі мен дәлдікті, кез-келген позициядан және кез-келген жағдайларда ату шеберлігін дамытуға ықпал ету болып табылды. Сол үшін де қазақтар садақ пен жебені шебер түрде меңгерген.

Мәдени, экономикалық, сауда байланыстарының дамуымен қатар Қазақстанның Ресеймен шектес бірқатар аймақтарында оқты қарудан оқ ату тарала бастады: сыйлыққа қол жеткізу үшін атқыш шауып бара жатып жамбыға тигізуі тиіс еді, ол теріге оралған күміс немесе алтынның бөлшегі болатын. Қазақстанда бұл сайыс «алтын-қабак» деп аталып, ондағы сыйлық тек алтын диск болып табылды.

Орталық Азияның барлық халықтарындағыдай қазақтарда қолды аяққа тигізбестен, тек белден ұстау арқылы еркін түрде күресу кең танымалдылыққа ие болды. Онда түрлі шалулар, тұртулер, жамбасқа салып лақтырулар сияқты күрделі тәсілдерді қолдана отырып, шебер түрде күресті. Г.М. Броневскийдің мәліметтері бойынша, «екеу аралық күрес орыстардағыға ұқсас. Мықты палуандар бар, олар бір-бірінің белдерінен ұстап, аяқтарын алшақтау қойып, бір-бірін тартуға тырысады. Кейде жарты сағат бойы сәтті минутты ұстауға тырысады, кішкене босаңсыу сәтін пайдалана отырып қарсыласын лақтырып салады» делінген.

Сонымен қатар, жастар арасында жергілікті жерлерде жүгіру сайысы да өткізілді. Қатысушылар жеңіл киімде, жалаң аяқ жүгірді. Әдетте, қашықтық ұзындығын екі-үш шақырымнан аспады. Атпен шабу жаттығуларының негізгі орынды иеленуіне қарамастан, жүгіру ойын-сауықтың сүйікті түрінің бірі болып табылды. Балалар мен жасөспірімдер күнделікті жүгірсе, ересектер мерекелер кезінде қатысты.

Қазақ халқында сан түрлі ойындар болды. Осындай ойындардың А.Левшиннің суреттеуі бойынша келесі мазмұннан тұрды: «Үй иесі қонақтар жиналған кезде, сүйек алып келіп, онымен оыгрған адамдарды айналып шығып, оны отырған қыздардың бірінің тізесіне қояды. Сол кезде ойынға ерлер кіріседі. Олар қыздың артынан жақындап келіп, қолдарын артқа байлап, ештеңеге сүйенбестен тістерімен сүйекті көтеріп алуы тиіс. Сәтсіздікке ұшырағандарды қыздар жазалайтын болған». Г.М. Броневский келесідей бір қызық ойын туралы жазады: «Салт атты қайнап тұрған қазаннан бөлшек бір етті алып, далаға қарай шабады. Ал қалғандары оны қуалап, алып қоюға тырысады».

Қазақстан халықтарының көптеген танымал ойын-сауықтары туралы Филипп Назаров: «алты-бақан әткеншегі болды» деп жазады. Әткеншек тебу, әдетте әнмен, ойынмен, музыкамен бірге жүрді. Алты бақан – бұл дене шынықтырудың халықтардың рухани мәдениетінің басқа жақтарымен тығыз байланысын көрсететін сипатты элемент болып табылды. XIX ғасыр басында қазақтар өмірін өз көзімен көрген Филипп Назаров, бұл мәселе бойынша, қырғыздар (қазақтар) кешке қарай жағалауда жиналып, күресіп, жүгіріп, садақпен нысананы көздеу ойындарын өткізді деп жазды. Дене қимылы жаттығулар мен ойындардың дәстүрлі мерекелер мен ұлттық түрлі ғұрыптарда кең қолданылуы, олардың кейбірінің спорттық сипатының болуына алып келді.

Спорттың өзіндік бір түрі ретінде түрлі қашықтықтардағы ат жарыстар, көкпар, қыз қуу, садақ ату, аударыспақ, найза сайыс, күрес және бірнеше басқа түрлері рәсімделді. Олар қазіргі түсініктегі спортқа қойылатын барлық талаптарға жауап берді. М.Тәнікеев пен А.Асарбаевтар өздерінің оқу құралдарында, мәдени іс-шараларда қолданылған спорт түрлері туралы куәландыратын, сол уақыттың кейбір авторларының мәліметтерін келтіреді.

Спорттық іс-шаралар үлкен маңызға ие болды, алайда, олардың ережелері ауқатты адамдардың мүдделерін көздеді. Мәселен, бәйгеге шабу кезінде жарыс ережесіне сай, «көтерме» деп аталатын нәрсе бар күшіне енді. Оны мәні туралы Ф.Назаров былай деп жазады: «Мәреге дейін бірнеше шақырым жерлерде орналастырылған атты қырғыздар, шаршап шауып келе жатқан шабандозды, атын жеңілдету үшін екі жағынан көтеріп алып, бірза жерге дейін атты жүгенінен сүйреп келген».

Спорттың халықтық түрлерінің, әсіресе ат жарыстарының дамуы мен жетілуіне, сайыс жеңімпаздарына тағайындалатын сыйлықтар да ықпал етті, ірі мерекелерде олар үлкен сомаға дейін жетіп жатты. Г.М. Броневскийдің сөзі бойынша, былай суреттеледі: «Орта жүздің ауқатты биі Сапақтың баласының жылдық асында, аламан-бәйгенің бірінші сыйлығы 150 бас ірі қара мен асыл тұқымды бұқадан, екінші сыйлық 150 бас ірі қара мен бір қалмақтан тұрса, үшіншісін 150 қой мен бір қалмақты құрады. Сыйлықтар 12 жеңімпазға тағайындалды».

Ал келесі бір автор, өз көзімен көре отырып, былай деп жазады: «Бай адамдар бірінші орын үшін 100 жылқы немесе бірнеше құл, түйе, халат және жүзеген қой тағайындаған. Мұнда сыйлықтарды соңғы орын алған бір ешкі болса алып отырған».

Ресей саяхатшысы әрі елшілік өкілі Ф.Назаров, өз көзімен көрген бір оқиғаны кейінне былай деп суреттейді: «Бәйгеде бірінші орынды иеленген адам 75 жылқы мен 7 құл, екінші жеңімпаз 40 жылқы мен 25 сиыр, ал үшінші орын алған 50 сиыр мен 20 қой алатын болған». Бұл жерде айта кетерлік нәрсе, құл деп қазақтар мен басты аймақтың басқа халықтары арасында болған соғыстар нәтижесінде қолға түскен тұтқындар есептелген.

Үздіксіз малмен бірге қозғалу, көрші тайпалармен үнемі жауласу жағдайында, қоғамның барлық мүшелеріне, оның ішінде әйелдерге де өте жоғары әскери-Дене қимылы дайындықты талап етті. Сол үшін де әйелдер қатысатын әскери-қолданбалы сипаттағы сайыстар мен ойындар бекерге пайда болған жоқ. Дайындықтың бұл әдісі іс жүзінде өзін-өзі ақтады. Көптеген деректер көрсеткендей, қазақ әйелдері атты басқару, қайсарлық пен батылдық көрсету жағынан ерлерден кем түспеген. Ондай сәттер әйелдердің күнделікті өмірінде көп болған. Осы орайда, әйелдердің де шабуылдар кезінде қорғаныс іс-қимылдарына белсенді түрде қатынасқанын айта кеткен жөн. Әйелдер негізінен киіз үй уықтарын қару ретінде пайдаланған. Өйткені олардың көпшілік жұмыстары осы киіз үй жабдықтарымен байланысты болатын. Осы арқылы олар заттарын жаулардан, киіз үйін желден қорғай білді. Сондықтан таяқтармен найзаласу сияқты қауіпті сайыстарға әйелдердің де қатысулары тегін емес.

Дене қимылы жаттығулардың кейбір шарттары мен әдістері, еңбек үдерісінің ерекшеліктері, әскери іс-қимылдарға дайындық әдістері – мұның барлығы өз арасында тығыз байланысты болды.

Әскери-көшпелі өмір салты дағдылардың әмбебаптығын талап етті. Бір жағынан мұндай өмір салты, өз кзегінде патриархалды-рулық өмір салтымен де байланысты еді. Көшпелі ауылдың тұрғындары өзінің мүлкі мен қауіпсіздігін, туыстық тайпалар арқылы, патриархалды-рулық тұрмысты сақтау арқылы ғана қамтамасыз етті.

Қатысушылардың сайыстарымен байланысты ірі жарыстарда, қалыптасқан дәстүрлерге сай, тек түрлі рулардың өкілдері ғана қатысты. Бұл рулар арасындағы жаугершілікті күшейтті. Бірде бір спорт түрінің сайыстары екі жақтың ұрысуынсыз аяқталмады. Ондай келіспеушіліктер сайыс ережелерінің жеткіліксіздігінен емес, әрбір команданың жаумен шайқастар кезінде қолданылатын өз ерекшеліктеріне (сөздер, атаулар, қол қимылдары және т.б.) байланысты пайда болды. 5-суретте «Аударыспақ» қазақтың ұлттық спорт түрі келтірілген.



**5-сурет. «Аударыспақ» қазақтың ұлттық спорт түрі**

Ғалымдардың еңбектерінде, Қазақстанның Ресейге қосылуының қаншалықты прогрессивті маңызы болғандығы туралы көп айтылады. Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісінде, Қазақстанның бүкіл рухани мәдениеті, оның ішінде дене шынықтыруы белгілі бір оңтайлы өзгерістерге түсе бастады. Орыс халқының алдыңғы қатарлы мамандары, әскери қызметкерлері, сондай-ақ, қарапайым шаруалар мен қоныс аударушылар тарапынан, адамның қалыпты Дене қимылы дамуына кедергі келтіретін сайыстар мен сауықтарға, алғашқыда әлсіретіп барып, кейіннен толық түрде тыйым салды.

Орыс мәдениетінің қазақ халқының рухани өміріне оңтайлы ықпал етуі, жылдан жылға, тарихи кезеңнен кезеңге өсе түсті. Бұл мәдениеттің прогрессивті жақтары, Қазақстан еңбекшілері мен алдыңғы қатарлы өкілдері тарапынан оң түрде, қажетті де заңды құбылыс ретінде қабылданды.

Мұндай үлкен кезеңге жасалған шолуды аяқтай отырып, сол уақыттағы қазақ халқының дене шынықтыруы, негізінен ұлттық ат және басқа да ойындар, сондай-ақ, ежелден келе жатқан құралдар түрінде көрініс тапқанын айтуға болады.

Дей тұрғанмен, Қазақстанның Ресейге қосылуында бірқатар кері түрдегі тенденциялары болды. Ол мәдени орталықтарды басып тастау, ат ойындарының түрлеріне тыйым салуда көрінді. Бұл жөнінде келесі параграфтарда сөз қозғалатын болады.

*Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:*

*1. XVIII-XIX ғғ. Қазақстанның Ресей империясына қосылуының басты себептері неде?*

*2. Ресей құрамындағы қазақ жерінде дене шынықтырудың дамуының қандай ерекшеліктері бар?*

## **5.2 Патшалық империя жылдарында (1865-1917 жж.)**

### **Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорттың даму тенденциялары**

Бұл уақыт Қазақстан тарихындағы маңызды кезең болып табылды. Бұл тәуелсіздікті жоғалтып, Ресейдің Қазақстанды толық отарлаған уақыты еді. Қарастырылып отырған жылдары Қазақстан толығымен Ресей империясының құрамына кірді.

XVIII ғ. 30-50-жылдары басталған Қазақстанның қосылуы, Орта жүз бен Ұлы жүз толық бодандықты қабылдағаннан кейін, яғни XIX ғ. екінші жартысында аяқталып бітті. Ресейге қосылу, Қазақстанда патриархалдық қатынастардың ыдырауы негізінде капитализм мен өндіргіш күштердің дамуына ықпал етті. Орыс капитализмінің Қазақстанға енуі, жаңа қалалардың пайда болуы мен дамуы, жергілікті орыс халқының көбеюіне мүмкіндік берді. Жергілікті халықтың орыстармен күнделікті араласуы, қазақ халқының рухани және мәдениеттің дамуына, оның ішінде, Дене

қимылы тұрғыда дамуына оң әсер етті. Бұл жөнінде зерттеулер куәлік етеді.

Орыс мәдениеті мен ғылымының өкілдері, қазақтардың халықтық ойындары мен спорт түрлеріне, оын-сауықтары жөнінде жариялап, жазып, осы сынды спорт тақырыбына назар аудара отырып, бұл арқылы ғылымға баға жетпес үлес қосатындықтарын айқын түсінді. Осы бағытта С.Е.Дмитриевтің ескертуі көңіл аудартады, ол: «қазіргі уақытта көшпелі халық ретінде жетісулық қырғыздардың көптеген көне әдет-ғұрыптарының жойылып кету қаупі бар. Мен жазған айтыс сияқты сауықтар ендігі жерде мүлдем қайталанбауы мүмкін. Басқа да көптеген көшпелі ғұрыптар бар, бірақ олардың өзі қазіргідей жағдайда, егер оны зерттеуді жүргізбесе, ғылым үшін жоғалуы мүмкін, мұны тездету қажет» деген болатын.

Алайда, бірқатар ғалымдардың еңбектерінің арқасында, қазақтар өмірінде орын алған жекелеген Дене қимылы жаттығулар, ойындар мен сауықтар сақталып қалды. Ресейге қосылғаннан кейін, түрлі оң және кері себептерге байланысты, адамның қалыпты дамуы мен халықтың қалыпты өміріне тура келмейтін бірқатар сайыстар мен ойындар түрлерінің маңызы төмендетілді.

Орыс адамдары сайыстардың көне түрлерімен алғаш танысқан кезде-ақ, ат ойынындағы сайысу түрінің өмір сүруге құқығы жоқ. Өйткені, ол денсаулыққа зиян келтіріп, көп жағдайда оған қатысушыларды мүгедек күйде қалдырады деген болатын. Ондай сайыстарға күшті әрі мықты дайындалған жігіттер қатысты. Олар әр түрлі рулардан болды. Өлтірілген немесе ер-тоқымнан құлатылған қатысушы жеңілген болып есептелді.

Одан әрі қарай, бұл сайыс адам өміріне қауіпті жарыс ретінде Қазақстандағы әкімшілік империя тарапынан оған тыйым салынды. Бірақ, ол қазан төңкерісіне дейін қолданылғанымен, бұрынғыдай дәрежеде болмады. Сайыстың мұндай өміршендігі, оның ірі спорттық мерекелері мен үлкен астардың ажырамас элементі болуымен түсіндіріледі. Одан билеуші тап өкілдері үлкен тиімділікке ие болып, мұнымен бірге жасөспірім балалар ойын кезінде осы ұлттық ойынның элементтерін қолданды.

Спорт саласында орын алған кері дәстүрдің бірі, құлдарды сыйлық ретінде беру болып табылды. Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде, орыс үкіметі біртіндеп құлдықты жоюға кірісті.

Жалпы екі елдің қосылуынан кейін, 1865 жылдан соң бүкіл Орталық Азия аумағында, әсіресе, ат жарыстарын ұйымдастыру мен өткізуде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Аламан-бәйгеде Ресей мен басқа да еуропалық елдердің ат жарыстары кезінде қолданылатын бірқатар принциптер мен әдістер пайдаланылды. Ең басты кезекте, жарыстар ережелері толықтырылып, регламенттелді және түрлі талқыларды тудырмайтын болды. Бұл батыл да пайдалы бастама еді. Өйткені, спорттық жарыстардың ережелері халықтың ескі ережелері мен қалдықтарынан босады.

Қазақстанның орыс әкімшілігі, «еуропалық үлгіде» жергілікті халық арасында ат жарыстарын ұйымдастырып, өткізуге көп күш жұмсады. Бұл алғаш 1850 жылы Бөкей ордасында бастама алып, онда ол жарыстар «Орынбор жергілікті басқарушының жылқы тұрғанын» бақылауында, мемлекеттік мүлік министрінің бұйрығы бойынша жылына үш рет өткізілуі тиіс болды. Алғашқы ресми деректер бойынша, бірінші жарыста 30 шақырымға жарысуда жеңген жеңімпаз 48 минут және 45 секунд көрсеткіш көрсетті. Кейбір авторлардың мәлімдеуінше, қазақтар бұл жарыстарға өздерінің мықты аттарын қоспаған. Өйткені мұндағы сыйлық аса айырықша емес еді. Көпшілігі мықты тұлпарларын құнды сыйлықтар болатын халықтық мерекелерге сақтады. 1853 жылдан бастап, Бөкей хан ордасында ұзындығы 4 шақырым болатын, шеңбер түріндегі 20 шақырымдық ат жарыстар өтті. Ондағы ең жақсы көрсеткіш 27 минут 30 секунд болса, 1 шақырымдағы орташа жылдамдық 1 минут 22,5 секундты құрады.

Айта кетерлік нәрсе, қарастырылып отырған жылдары патшалық империя Орта Азия мен Қазақстанға негізді түрде орныққан болатын. Орыстар мақта, бидай, жүн, алтын және т.б. түрлерінде басты олжаларды тартып алды. Осыған байланысты, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Арыс, Бішкек, Ташкент, Красноводскіге дейін темір-жол салды. Сонымен қатар әрбір станция мен разъезге патшалық Ресейден шыққан генералдар, ғалымдар мен саяхатшылардың есімдерін берді (мысалы, Черняевка, Корниловка, Ермак, Лопаткин және т.б.). Мақта зауыттары, бидай пункттері, ат зауыттары, жібек және басқа да фабрикалар салынды. Орта Азия мен Қазақстан аумағында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, дене шынықтыру мен спорттың дамуына ықпал етті.

Ат жарыстары бойынша спорттық жарыстар өткізу тәжірибесінде, әрі қарайғы уақытта, ұзындығы 6 шақырым болатын шенберлер пайдаланыла бастады. 1881 жылы 30 шақырымдық қашықтықты 48 минут 45 секундта өтті. Мұндағы 1 шақырымдағы орташа жылдамдық 1 минут 37,5 секундты құрады. Одан әрі ат жарыстар ойынның жетілдірілген ережесі бойынша өткізіліп, халықаралық ережелерге жақындатылды.

Ат спортының дамуында Қазақстанда жылқы зауыттарының құрылуы маңызды роль атқарды. Олардың басты көздеген мақсаты жылқылардың тұқымын жақсарту болатын. Бұл жылқылар өзінің төзімділігімен ерекшеленгенімен қажетті жылдамдыққа ие болмады. Сондықтан жылқы зауыттары қазақ сәйгүліктерінің шабан, мықты болуы үшін жұмыс жасады.

Тарихи-педагогикалық аспектіде ат спортында жаңа тенденциялар пайда болды. 1882 жылы «Түркістан шабандоз қоғамы» ашылды. Оның мақсаты жылқы көрмесін, жарыстары мен сайыстарын өткізу болатын. Аталған қоғам өз алдына келесідей маңызды міндеттерді қойды:

а) жергілікті жерлерде жылқы шаруашылығын жақсартуға ықпал ету;

б) офицерлер мен жергілікті ат спортын сүйетін қауымның ұзақ шабыстар мен кедергілерден өте алатын жылқыларды алуға қызығушылықтарын арттыру;

в) жылқы шаруашылығы туралы түрлі ғылыми білімдерді тарату және т.б.

Бұл қоғамның өз қызметінің кең түрдегі бағдарламасы болды. Ол тұрақты түрде ат спортының ұлттық түрлері бойынша ат жарыстары мен сайыстарын өткізіп отырды. Түркістан қоғамының бірыңғай жүйеде әскери-спорттық жарыстарды өткізуі, жергілікті халықтарда спорттың жаңа түріне қызығушылықтарының артуына, жергілікті жерлерде сайыстарды ұйымдастырудың заманауи әдістерінің таралуына ықпал етті. Осындай негізде спорттық жарыстар мен мерекелер жаңа формаға ие болып, жаңа мазмұндармен толыға бастады. Олардың кейбірі өте қызықты өтіп, оларда жаңа уақыттың лебі байқалды. Осындай жаңашылдық тек Қазақстанның уездері мен округтарында ғана емес (Алматы, Арыс, Шымкент), сондай-ақ, далалық аймақтар мен таулы ауылдарда да орын ала бастады.



Қазақстанда жәрменкелер өткізіле бастап, онда әрі қарай дәстүрге айналған, мәдениет, өнер мен ат жарыстарының элементтері көрсетілді. XIX ғ. басында жәрменкелер арқылы сауда жасаудың жаңа формасы пайда болды. Мысалы, 40-жылдары атакты Қарқаралы жәрменкесі негізделсе, одан сегіз жыл өткеннен кейін Қоянды жәрменкесі пайда болды. XIX ғ. екінші жартысындағы Түркістан өлкесінің ірі жәрменкесі Әулиеата болды. Бұл жәрменкелерге Қазақстанның барлық дерлік аудандарынан қазақтар жиналса, сонымен бірге Ресейдің орталық қалаларынан өнеркәсіпшілер мен көпестер де келді.

Барлық жәрменкелер, әсіресе, оның ірілері спорттық жарыстардың және қазақ халынын желаяқтарының өнер көрсететін орындарына айналды. Мұнда өз өнерлерін көрсету мақсатында, белгілі шабандоздар, мергендер мен күресшілер және түрлі күш иелері өнер көрсетті. Сонымен қатар, жәрменкелер Қазақстандағы цирк өнерінің, театрландырылған көріністердің элементтерінің пайда болған жері болып табылды.

Орыс шаруалары тұрмыстарының әсерімен, бағанға өрмелеу, түрлі секірулер, қап ішінде жүгіру сияқты Дене қимылы жетістіктер де кең таралды. Бағанға өрмелеу өте қызықты сипатта болды. Онда жуан бағанға май жағылып, оның айналасы қазылып, оған су толтырылды. Ептілігі төмен, аяқ-қолдары талған қатысушылар көрермендер алдында бір сәтте шалшыққа құлайтын. Оның ұшына дейін өрмелеп шығып, онда ілінген сыйлықты алып түсетіндер де болған.

Айта кететін нәрсе, Қазақстанның Ресейге қосылуындағы көптеген оң тәрбиелік, мәдени үдерістерге қарамастан, оның кері ықпал еткен жақтары да болды. Қазақстанды өзінің отарына айналдырған патшалық билік қазақ және басқа да халықтарға қатаң отарлық езгі жасады. Ол әлеуметтік теңсіздік пен саяси құқықсыздықты тереңдетіп жіберді. Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивтік мәнін тану, Қазақстандағы патшалық саясаттың отаршылдық және орыстандырушылық мәнін жоққа шығаруды білдірмейді. Патшалық биліктің реакциялық саясаты дене шынықтыру саласында да көрініс тапты.

Қазақстанда жұмыс істеген патшалық шенеуініктер, әскери-қолданбалы, педагогикалық маңызы бар спорт пен ойын түрлерін нығайтуға тырысты. Осы себептерге қарамастан, Қазақстанның

жергілікті халықтарының арасында қылыштардың неше түрі болғанымен ат үстінде қылыштасу спортының түрлері кең түрде таралмады. Кейбір әскери-қолданбалы спорт түрлері ұлттық бола алатын еді, өйткені, қазақ жігіттері керемет шабандоз, суық қаруды қолдануды талап ететін күрделі жаттығуларды орындауды ұнататын.

Барлығына белгілі, патшалық билік Қазақстанда қалың бұқараның әскери-Дене қимылы қатынаста дайындықтарыны төмен болуына тырысты. Мұнда патшалық отаршыларды еңбекшілердің көпшілігіне жебе ату спорты кең тарап, оның үлкен күшке айналып бара жатқандығы қатты алаңдатты. Сол үшін әскери өнердің маңызды элементі болып табылған ату спортының әрі қарай дамуына жол берілмеу керек еді. Алтын-қабақ ойыны ату сайыстарының ішіндегі осындай спорт түрі болып табылды.

Кейбір деректер, Қазақстанның Ресейге қосылуы сәтінде ату спорты екі нұсқада болған дейді. Бірінші нұсқада, ату садақпен, екіншісінде мылтықпен жүзеге асырылған. Бұл екі жағдайда да ірі мерекелерде ату нысаны теріге оралған алтын бұйым болатын. Біртіндеп қатысушылар мылтықпен атуға ауыса бастады. Жылдан жылға мылтық спорты бұл түрінде де садақты ысыра бастайтыны байқалады. XIX ғ. ресми биліктегілер алтын қабақтың спорт түрі ретінде іске асуына тыйым салу шараларын қабылдады.

Қазақстанда отаршылдық кезеңінде патша үкіметі кейбір спорт түрлерін өздерінің жымьсқы әрекеттерінде пайдаланды. Оны тұлғаның денсаулығы мен Дене қимылы қасиеттерін нығайтуға пайдалану орнына, оларды еңбекшілердің билеп-төстеу мен езгіге салу құралына айналдырды. Үкімет пен жергілікті феодалдық ортаның саясаты осыған келіп саятын. Оған қарамастан, дене шынықтыру мен спорт үлкен қоғамдық маңызға ие болды. Ат ойындары, ату және т.б. ойын түрлерінен спорттық жарыстар өткізілетін астарға, қазақ даласының барлық бұрыштарынан қатысушылар келіп жатты. 1913 жылы қазан айында қырғыздың Кичи-кемин алқабында белгілі манап Шабдан Джантаевты еске алу асы өтті. Мұндағы ауқымды масштабтағы спорттық жарыстар мен ірі көлемді сыйлықтар бүкіл Орталық Азия мен Қазақстаннан 40 000 көрермен тартты. Тек қонақтарды күтіп алу үшін тігілген киіз үйлер ұзындығының өзі бірнеше шақырымды құрады.

Ы.Алтынсаринның мәліметтеріне сүйене отырып, авторлар мұндай астардың халықтың мәдени өмірінің орталығы болып

табылғанын атады. Оларда спорттық жарыстар мен ойындардан басқа, әншілер мен музыканттар өнер көрсетіп, қоғамдық өмірдің түрлі жақтарына қатысты мәселелер де шешіліп жатты.

XIX ғасырдағы астарда батыр, композитор, орасан зор күш иесі болып, аты аңызға айналған Балуан Шолақ кең танымал болды.

Қазақтардың өмірінде үйлену үлкен оқиға болып табылды. Ол көптеген әндермен, ойындармен және өзгеше сауықтармен жүргізілді. Әзіл мен көңіл көтеру үшін құда тартыс сайысы өткізілді. Бай адамдардың үйлену тойларында қазақтың дәстүрлі халықтық спорты мен ойындарынан жарыстар өткізіліп, оған барлық адам қатыса алды. Бұл үйленуге қоғамдық сипат берді.

Нәрестенің, әсіресе тұңғыш ұлдың дүниеге келуі үлкен салтанат болып саналды. Күтіп жүрген ұлдың орнына қыздың туылуы, отбасының көңіл күйін түсірді.

Жаңа жыл күні болған Наурызды қазақтар көктем басы ретінде тойлады, оған арнап сәуірде «сейіл», кейіннен «сауыр» деп аталған мерекелер өткізілді.

Жетекші той түрінің бірі сүндетке отырғызу болып есептеліп, ол да ойын-сайыстармен өткізілді. Діни Құрбан айт мерекесінде жас жігіттер мен қыздар таңдаулы аттармен далаға шығып күні бойы сауық құратын болған.

Көшуге үлкен мән берілген. Көшу кезінде ауылдың барлық тұрғындары таң атысымен ең әсем киімдерін киініп, сүйікті аттарына отырып, ең сұлу қызды немесе жақында тұрмыс құрған әйелді таңдап, оған ту беріп, оның қабылдаған әйел көштің алдында жүретін болған. Көштің белгіленген жерге келіп жетуіне дейін ән, ойын, айтыс, сауықтар өткізілген, сол үшін де көшу мереке күні болып саналған. Қазақстанның барлық дерлік аумағында тоғызқұмалақ ойынын ойнады. Қазақ балаларының арасында доппен, таяқпен, сүйекпен, шариктермен, бас киіммен ойнау кең таралды. Балардың ең сүйікті ойыны «ақ сүйек» болып есептеліп, ол кешке қарай басталатын болған. Доп немесе шариктермен ойнатылатын «қыз-доп» және «орда доп» ойындары да болды. Бұдан басқа ешқандай затсыз өтетін «тоқташық», «ақ терек» ойындары да кең таралды.

Қазақ нәрестесі өмірінің алғашқы кезеңдері туралы айта отырып, Х.Кустанаев былай деп жазады: «...бала туылған күннен бастап, оны шомылдырып, қозғалыстарға жаттықтырады: аяқ-қолдарын созып, басын оңға, солға бұрады және т.б. орындайды. Өз

бетінше атқа отыруды үйрену төрт жастан басталады. Ол үшін әдетте балаға өзімен бір жылда туылған бие құлынын таңдайды. Оларды бірге тәрбиелеп, бала атқа отыра алатын жасқа келгенде, оның аты қойдан жуас түрде тұратын болды. Сол үшін де баланы жүргегінен атқа үйреткен. Кішкентай балалар үшін арнайы балалар ер-тоқымы болды. Жеті жасар бала атқа керемет отырып, әкесіне шаруашылықта көмекші бола алды. Мұндай талаптар қыздарға да қойылды. Деректер куәлік ететіндей, «қыздар ат үстінде өздерін қалыпты әрі еркін сезінетін болған»...».

Өмірдің бұл кезеңінде атқа отыру, жүгіру, сөкіру мен қозғалыс ойындарына көп уақыт кетеді. Ұл балалар садақ атуды үйренеді. Сол үшін балаларға арнап садақ пен жебе жасалып, олар құстарға аңшылық жасайды. Уақыт өте келе балалар шынайы аңшылыққа тартыла бастаса, он жасында олар маневрлер мен шамалық шайқастарға қатысады.

Түрлі Дене қимылы жаттығулар мен ойындарды шебер қолдана білу, балалардың сегіз жасында-ақ, өзбетінше және жақсы Дене қимылы мен дене дайындығында болуына ықпал етеді. Мұнымен қоса, бұл жаттығулар мен ойындар балалардың ақыл-ойларын жетілдіріп, қоршаған орта туралы қосалқы білімдер алуға көмектеседі. Қазақ балалары мен жасөспірімдерінің қоршаған орта туралы ғылыми танымдары болмағанмен, олардың табиғаттың түрлі дәйектері, далалық жерлерде бейімделуі жақсы білді, оған аңшылық және атпен саяхаттау және т.б. үлкен ықпал етті. Тәрбиелеудің Дене қимылы еңбек, жаттығу, ойын сияқты құралдарының ерте қолданылуының арқасында, 15 жасар бала кәмелеттік деп есептелді.

Осылайша, тәрбиелеудің құралдары мен әдістері, оның ішінде Дене қимылы дайындықтар, қоғамның толыққанды мүшесін дамытуға бағытталды. Толыққанды тұлғаны дамыту бүкіл өмір бойы жүрді, ол адам туылған кезден басталып, ол өлгеннен кейін де жоғалмайтын болған. Дене шынықтыру халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне, мәдениеті мен қоғамдық қатынастарына терең сінуі себепті, ол жалпы халықтық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде оның інжу-маржандарының қатарына енді. Ол мәдениеттің басқа да формаларымен тығыз байланыста дамып, мәдениеттің мазмұнына оң әсер етті.

Барлығына белгілі, Қазақстан түрлі халықтардың мекендеу аймағы болып саналды. Олардың көпшілігі өздерінің мәдениет

түрлерін, оның ішінде дене шынықтыруын сақтап қалды. Бұл тенденция Қазақстанның Ресейге қосылуы мен отаршылдықтан кейін күшейе түсті. Орыс халқының мәдениеті қазақ ортасына енсе, өз кезегінде қазақтың ойындары орыс халқының ортасына сіңісті. Дене шынықтыру орыс қазақтарының өмірінде маңызды орынды иеленді. Жігіттік кездегі түрлі жаттығулар, атпен кедергіден өте шабу, жүзу, күресу мен жүгіру, олардың әскери-Дене қимылы дамуының негізін құрады. Қазақтардың дене шынықтыруы, тек әскери дайындықпен ғана емес, сондай-ақ, халықтың жалпы мәдениетімен де тығыз байланысты болды. Ойындар, сауықтар мен ән айту, олардың күнделікті өмірлерінде маңызды орында болды.

Жастардың дене тәрбиесі қандай жолға қойылғандығы туралы, келесі тарихи материалдар куәлік етеді: «Верный ерлер гимназиясында бір гимнастика оқытушысы бар, ол 4-ші Батыс Сібір атқыштар батальонының капитаны Кисилев мырза, ол қазіргі кезде батальон шаруашылығын басқарады, оның оқушыларды тисіті түрде дене шынықтыру ісімен үйретуге уақыты тым аз». Бұл оқу орындарының болмауына байланысты, арнайы кадрлардың дайындалмағанын, сондай-ақ, Қазақстанда спорттың көп түрлері бойынша оқытушылар мен бапкерлердің курсы ұйымдастырылмағанын көрсетеді.

Патшалық Ресей отаршылары халық арасында дене шынықтыру мен спорттың дамуына мүдделі болмағандығы жөнінде қорытынды шығаруға болады. Жергілікті халық балаларына арналған аздаған оқу орындарында дене тәрбиесі бойынша сабақтар өткізілмеген. Дәйектерде, «мұсылман мектептерінде гимнастика деген жоқ, ол оқушылардың ашық ауада табиғи қозғалыстар жасауымен алмастырылады» деп жазады Иш-Мұхаммед Букин. Қазақстанның Ресей құрамына қосылу кезеңінде де (1730-1805 жж.), әсіресе, Ресейдің Орталық Азия мен Қазақстанды отарлау жылдарында да (1865-1917 жж.), дене тәрбиесі белгілі бір деңгейде адамды жан-жақты тәрбиелеу құралы ретінде, көптеген әдеби деректерде көрініс тапты. Мұның барлығы ат ойындары, садақ ату сияқты ұлттық ойындар мен басқа да қозғалыс ойындарының Қазақстан халықтарының дене тәрбиесінің негізгі құралдары болып табылғанын көрсетеді. Өткізілетін тойлар, Наурыз, астар және басқа да ұлттық салт-дәстүрлер, дене шынықтырудың осы түрлерін және кадрларды дайындауды дамытуды қамтамасыз етті.

Орыс және қазақ шенеуініктерінің елде дене шынықтыру мен спортты ұйымдастыру мен дамытудағы байланыстары айталықтай мәнді болмады. Кейбір жерлерде жастарды Дене қимылы тәрбиелеудің жаңа формаларын дамытуға кедергілер болды. Спорт пен ойындардың классикалық түрлерін дамыту орталықтарының бірі Семипалатинск (Семей қ.) қаласы болды. Мұнда 1912 жылы алғашқы «Нептун» спорт клубы құрылып, түрлі спорт түрлері жүргізілді. 1913 жылы құрамында қазақтың болашақ заңғар жазушысы М.Әуезов ойнаған, алғашқы «Жарыс» футбол командасы пайда болды. Семипалатинскіде алғаш рет ауыр атлетика, күрес, коньки спорты, жеңіл атлетика, жүзу мен басқа да спорт түрлері бастау алды.

Күрес пен ауыр атлетика сияқты классикалық спорт түрінің дамуында, атақты қазақ батыры Қажымұқан маңызды рөл атқарды. 1915 жылы ол Тройцкіде күрестен ірі чемпионатта жеңіске жетіп, осы арқылы Қазақстанда халықаралық спорт түрлері бойынша үлкен жарыстардың ұйымдастырылуына бастама жасап берді. Мұқанның өмірі мен спорттық жетістіктері туралы көптеген мақалалар, ғылыми еңбектер мен көркем әдебиеттер жазылды. Атақты қазақ палуаны, әлем чемпионы Қажы-Мұқан Мұңайтпасұлы 6 - суретте келтірілген.



**6-сурет. Атақты қазақ палуаны, әлем чемпионы Қажы-Мұқан Мұңайтпасұлы**

Сонымен қатар, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда еңбекшілердің дене шынықтыру және спортпен айналысулары шектелген түрде болды. Жекелеген клубтар мен командаларда, негізінен буржуазия өкілдері, қызметкерлер мен оқушы жастардың кейбір бөліктері ғана спортпен айналысты.

Жалпы алғанда, жайылымдық-көшпелі малшаруашылығы жүйесінде, дене тәрбиесі қоршаған ортаның шарттарына сәйкес келуі керек болатын. Балалар ерте жастан бастап табиғаттың қатаң жағдайларына үйреніп, халықтың өмір салтына сай Дене кимылы шымырлық пен шеберлікке қол жеткізулері тиіс болды. Оларға ата-аналарының, ересектер мен көршілердің бүкіл қызметтері үлгі бола алды. Бұл көшпенді халықтың өміріндегі басты педагогикалық үдеріс болып табылды.

Қазақ балаларының Дене кимылы дамуы мен еңбегі ерте жастан-ақ өзара тығыз байланыс пен өзара ықпалдастықта болды. Қазақтарда дене тәрбиесі арқылы еңбек әрекеттеріне дайындау, адам туылған сәттен басталатын. Осы айтылып отырған педагогикалық және дене тәрбиесінің негізгі принципі болып есептеледі.

***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Патшалық Ресей құрамында Қазақстанның қай қалаларында дене шынықтырудың дамуы кеңінен өрістеді?*
- 2. Осы кезеңдерде қазақ жерінде қандай спорт түрлері негізгі түрде дамыды және қандай белгілі қазақ спортшы тұлғаларын атауға болады?*
- 3. Осы кезеңде Қазақстанда нақты спорт түрлерінің дамуындағы басты факторлар қандай еді?*

## 6-БӨЛІМ

### КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖЫЛДАРЫНДА (1917-1991 жж.) ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ОРНЫҒУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

#### 6.1 Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт

Ресейдегі Қазан төңкерісі (1917 ж.) өмірді, экономиканы, саясатты, мәдениет пен большевиктер қызметінің барлық түрлерін жаңартудың формасы, құралы мен әдісі болып табылды. Соның нәтижесінде Ресей империясына шектеу қойылды. Ресейдегі жаңа билік өз гегемониясын тек Ресейде ғана емес, сондай-ақ, Орталық Азия мен Қазақстан, Кавказ, Белоруссия, Украина, Молдавия және басқа да өңірлерде де орнатты. Большевиктер өздерінің жолында тұрғандарға әскери-күштік іс-қимылдар қолданды. Бұл Ресей мен жаңа ұйымдастырылған республикалар аймақтарында ұжымдық шаруашылықтың (1929-1930 жж.) құрылуына дейін жалғасты.

Большевиктердің мәдениет жасап, таратудағы рөлін, олардың жергілікті ұлттық мәдениет, экономика, шаруашылық, құрылыс, өнер және дене шынықтыру мен спортқа тигізген әсерін жоққа шығаруға болмайды. Бұл салалар, әсіресе дене шынықтыру мен спорт денсаулықты нығайтып, еңбек пен қорғанысқа дайындау үшін тұрғындардың барлық топтарын қамтыды.

Кеңестік биліктің бүкіл кезеңінде (1917-1991 жж.) жоғары партия басшылары, шенеуніктер, әсіресе тарихшылар, әлеуметтанушылар, мәдениет қайраткерлері, ірі ғалымдар жаңа билікке, Ресейдегі билікті Ұлы Қазан революциясының күшпен алмастырғаны туралы баға беріп келді. Алайда, КСРО-ның ыдырауынан кейін оның барлық жерінде «ұлы» революцияның маңызын жоққа шығара бастады. Мұнда, осы кезеңдегі өмірдің барлық салаларының дамуын, осы дәуірдің бірқатар басшылары, тарихшылары, философтары мен ғалымдары, Кеңестік Одақтың өткен кезеңдерін талдай отырып, өткенді толық жоққа шығарса, кейбірі қызметтің көптеген салаларындағы ұйымдастыру мен басқарудың бай тәжірибелерін мойындады. Жалпы алғанда, оның оң да, кері де тұстары болғанын айтуға болады.

Оң тұстары туралы айтар болсақ, бұл бағытта құрылыс, техника, өндіріс, білім, денсаулық сақтау және басқа салалармен



қатар, дене шынықтыру мен спорт саласында да үлкен жетістіктерге қол жетті дейміз. Бұл әсіресе, көптеген стадиондардың, спортзалдардың, жүзу бассейндерінің, теннис корттары мен ипподромдардың салынуында көрініс тапты. Көптеген мамандар дене шынықтыру институттарының, техникумдарының, дене тәрбиесі факультеттерінің, арнайы интернат-мектептерінің құрылуы, кадрлар дайындығы, спортшылардың КСРО спартакиадаларындағы, әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарындағы нәтижелері туралы көп еске алады. Шын мәнінде, мұндай көрсеткіштер және дене шынықтыру мен спорттағы қарқынды дамулар, тек Одақ көлеміндегі ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлемдегі орасан зор құбылыс болып табылды. Мұндай жетістіктерге жетуде Қазақстан мен Орталық Азияның республикалары да өз үлестерін қосты.

Айта кетерлік жайт, дене шынықтыру мен спорттың дамуы партиялық және мемлекеттік бақылауда болды. Бұл кезеңде дене шынықтыру мен спорт мәселелеріне айырықша көңіл аударылды.

Осы уақыттың алғашқы кезеңдерінде халықтың дене тәрбиесіне, әсіресе, жұмысшылар мен жастарды елдегі империализмге қарсы еңбек пен қорғанысқа тәрбиелеу жұмыстарына ерекше назар аударылды. Жаппай оқытудың (всеобуч) құрылуына (1918 жылғы сәуір) байланысты, бүкіл Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстанда да өлкелік әскери комиссариаттың жанында осы ұйымның звеносы ашылды. 1919 жылы Ревком деңгейінде Жаппай оқыту органдары Орынборда, Оралда, Семейде және басқа губерниялар мен уездер орталықтарында пайда болды. Жалпы оқыту бағдарламасы, негізінен гимнастикалық жаттығулар мен жекпе-жек элементтерінен тұрды. Халықты дайындау мақсатында үйірмелер мен семинарлар ашылды, онда талантты жастар мен жұмысшыларды ұйымдастырушы-нұсқаушы ретінде оқытты.

Орталық Азия мен Қазақстан үшін айшықты спорттық оқиғаның бірі бірінші олимпиаданы (1920-1921 жж.) өткізу болып саналды. 1918-1924 жж. комсомол жастарының басмашылар мен контрреволюцияшыларға қарсы белсенді күрес жүргізуімен сипатталады. Түркістан Халық комиссарлар кеңесі мен Түркістан майданының революциялық әскери кеңесі, дене шынықтыруды дамыту ісіне ерекше көңіл бөле отырып, 1921 жылы республикадағы дене шынықтыру қозғалысының басшылық органы ретінде Түркмайдан Жалпы оқыту Басқармасы жанында дене шынықтырудың Орталық кеңесін құрды.

Алғашқы жылдары Қазақстанда бұқаралық дене шынықтыру қозғалысының орнығуы қиын жағдайларда жүргендігі жөнінде тарихи материалдар куәлік етеді. 1920 жылы Семейде үш, Павлодарда екі, Өскеменде бір дене шынықтыру нұсқаушылары болған. Мұндай көрініс басқа да қалаларда байқалды. 20-жылдардағы нұсқаушылардың тапшылығына байланысты, Семей, Орынбор, Қостанай, Орал, Петропавл, Ақтөбе мен Алматыда әскерге шақыруға дейінгі дайындық пен спорт нұсқаушыларының қысқа мерзімдік курсы ашылды. Кейіннен олардың бірқатары дене сабағы нұсқаушыларының біржарым жылдық мектебі болып қайта құрылды.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында Қазақстан мен Орталық Азияда «Спартак» (Верный қ.), «Олимп» (Бішкек қ.), «Олимп Ташкент қауымдастығы» сияқты ірі спорт орталықтарының ашылуы маңызды оқиға болды.

Дене шынықтыру мен спорттың дамуында мектептерге айырықша орын берілді. Мектептердегі дене тәрбиесі мәселелерімен Ағарту комиссариаты, Денасаулық сақтау комиссариаты және Жалпы оқыту ұйымы айналысты. 1924 жылы мектептерде «Дене тәрбиесі» атты міндетті пән енгізілді. Алайда, оқытушы кадрлардың жетіспеушілігінен Орталық Азия мен Қазақстанның барлық аумағындағы мектептерде дене шынықтырудың орнығуы тежеліп қалды.

Ұлттық мемлекеттік межелеу саясатына дейінгі кезеңде Қазақстандағы дене шынықтыру ұйымдары жұмыстарын қорытындылау, 1924 жылғы Түркістан Олимпиадасы болып табылып, Орталық Азия дене шынықтырушыларының үлкен мерекесіне ұласты. Дене шынықтыру мен спорттың жоғары кеңесінің басшылығымен республикаларда дене шынықтыру мен спорт кеңестері және олардың жанындағы тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құрыла бастады.

1924 жылы Ресей жастар одағы Комитетінің VI-съезді, комсомол ұйымдарындағы спорттық комитеттердің тарату туралы шешім қабылдады. Съезд бұл комитеттер мен барлық комсомолдық белсенділерді кәсіптік одақтар жұмыстарына шақырды.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың дамуындағы қандай басты факторларды атауға болады?
2. Кеңестік билік шеңберінде дене шынықтыру мен спортты дамытуда қандай халықтар қызмет етті?
3. Кеңестік Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың қандай бағыттары мен түрлері кеңінен даму жолына түсті?

## 6.2 Жаңа мәдениеттің орнығу кезеңіндегі Қазақстанның дене шынықтыруы мен спорты (1925-1940 жж.)

Қазақстан тарихы бойынша зерттеулер, кейбір деректер, республиканың дене шынықтыруы мен спорты саласындағы зерттеулер нәтижелері, партия мен мемлекет басшылығымен қоғамның барлық даму кезеңдерінде дене шынықтыру мен спортқа айырықша көңіл бөлінгеніне куәлік етеді. Осы факторларға сүйене отырып, соғысқа дейінгі кезеңдегі (1925-1940 жж.) Қазақстанның дене шынықтыруы мен спорт саласының ахуалын және дамуын мазмұндауға болады.

РКПб ОК-нің XIII съезінен кейін, спорттық қозғалыспен қамтылған жұмысшылар саны 42 пайызды құрады. 1925 жылы 13 шілдеде РКПб ОК-де арнайы отырыс өтіп, онда мемлекеттегі дене шынықтыру мен спорттың орны және рөлі туралы мәселелер талқыланды. «Дене тәрбиесі саласындағы партияның міндеттері туралы» қаулы қабылданып, онда дене шынықтыру мен спортты әрі қарай дамыту ісіндегі кәсіптік және комсомол ұйымдарының өсіп келе жатқан рөлі көрсетілді. Қаулыда ұлттық республикалардағы спорттық кадрлар дайындығына ерекше назар аударылды. Аталған қаулы, бір жағынан дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықтың артуына әсер етсе, екінші жағынан, жастар мен мектеп жасындағы балаларды саяси және мәдени тәрбиелеуде маңызды құралға айналды. Осы қаулының шығуынан кейін дене шынықтыру мен спорт саласының алдына бірнеше жаңа міндеттер қойылды. РКПб ОК өз қаулысында дене шынықтыру мен спортты дамытуға кәсіптік және комсомол ұйымдарын тарту міндетін қойған болатын. Дене шынықтыру мен спорт ісін жақсарту үшін комсомол және кәсіптік ұйымдарға бағдарлама жасау және оның негізінде жастар арасында жұмыстар жүргізу тапсырылды.

Ауылшаруашылығын социалистік қайта құру жылдарында дене тәрбиесі ісін дұрыс жолға қою, мемлекеттік маңызды іске айналды. Қазақстан мен басқа да республикаларда, Дене қимылы және спорттық дайындыққа, оған әйелдерді, жергілікті ұлт жастары мен оқушыларды тартуға қол сыбана кірісті.

1925 жылдың 9-11 сәуірінде Қызылордада өткен РКПб-ның Қазақ өлкелік комитетінің пленумында, «Қазақстандағы кәсіптік одақ қозғалысының жағдайы туралы» мәселе қаралды. Пленумда,

кәсіподақ ұйымдарының мәдени жұмыстарын жандандыру үшін сауатсыздықты жою, клубтар қызметтерін жетілдіру, спорт алаңдары мен ғимараттарды тегін немесе жеңілдік шартымен беру, жазғы аспан астындағы іс-шаралар кезінде бұқаралық дене шынықтыру жұмыстарына кәсіподақ мүшелерін тарту қажеттігі жөнінде айтылды. Қабылданға қаулының арқасында дене шынықтыру мен спорт бұқаралық сипатқа ие болды.

1925 жылы «Дене шынықтыру және спорттық-клубтық үйірмелер ережесі» бекітілді. Оларда дене шынықтыру мен спорт қозғалысының жаңа тәсілдері мен әдістері жасалды. Кейбір кәсіподақ және спорт жұмысшылары, әлі де болса спорт түрлерін ажырата алмады. Мысалы, гимнастиканы спорт түрі емес, сауықтыру мекемелеріндегі театрландырылған көрініс ретінде қабылдады. Бұл жағдай, дене шынықтыру мен спорт саласында білімді мамандардың тапшылығын көрсетеді.

1926 жылдың 23 қыркүйегіндегі Компартия ОК қаулысында және осы жылдың қазан айында өткен Компартияның XV конференциясында кәсіподақтың ұйымдастыру қызметі қатаң сыналды. Дене шынықтыруды дамытуда шынайы істердің жоқтығы, бұл жұмыс формалды түрде өткізіліп жатқаны және спорт клубтарында жарыстар нашар өткізілетіні жайлы айтылды. Сондықтан дене шынықтыруды қайта құру үшін жаңа әдістерді қолдануды және жастардың спорта деген қызығушылығын арттыру мәселелерін қарастыра отырып, конференция спорт үйірмелерін құруды талап етті. XV конференциядан соң, барлық дене шынықтыру ұйымдары спорт сабақтарының үйірмелік түріне өтті. Мұндай үйірмелік формаға өту, спортшылар мен бапкерлерге сабақты өздеріне ыңғайлы уақытта өткізуге, сондай-ақ, өздерін қызықтырған спорт түрімен айналысуға мүмкіндік берді.

1926 жылдың соңына қарай, республикада дене шынықтырудың 180-нен аса кәсіподақ үйірмелері құрылды, онда жаттығушылар саны 126 мың адамнан асты. Республиканың оқу орындарында біртіндеп дене шынықтыру сабақтары енгізіле бастады. 1924-1925 оқу жылында мұндай сабақтар Ақмола, Орал, Семей, Ақтөбе, Қостанай мен Сырдария губернияларының барлық мектептерінде өткізілді.

Жоғары оқу орындары мен мектептерде гимнастика, спорттық ойындар мен спорттың басқа түрлері кең тарады. Бұл кезде

де өткізілетін сабақ деңгейі төмен, арнайы білімді мамандар қатар тапшы еді.

1926 жылы жоғары оқу орындары ректорларының мәжілісінде «Жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру туралы» айырықша шешім қабылданды. Онда студенттер арасында спорттық қозғалысты дамыту туралы және дене шынықтыру сабақтарының өтуін қадағалау жөнінде мәселелер қаралды. Осы жылы дене шынықтыру сабақтары барлық жоғары оқу орындары мен техникумдарында өткізіле бастады. Дене шынықтыру сабақтары өнеркісіп-экономикалық, политехникалық, медициналық, фармацевтикалық, ауылшаруашылық техникумдарында аптасына 2 сағаттан өткізілсе, педагогикалық техникумдарда 1 және 2-курсарда аптасына 1 сағат, 3-курсарда аптасына 2 сағат өткізілді. 1930-1931 оқу жылында университеттер мен институттарда дене шынықтыру кафедралары іске кірісті. Студенттер көбінесе, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, спорттық ойындар, бокс, хоккей, коньки, мылтық ату сияқты спорт түрлерімен айналысты.

1927 жылы Қазақстанның қолөнершілер одағы, жұмысшылар және олардың отбасы мүшелерімен әскери-Дене қимылы тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін мәдени іс-шараларға бағытталған 10 пайыздық ақшалай қаржыны өз қорынан бөлу туралы шешім қабылданды.

1927 жылдың ақпан айында БЛКЖО Атқару комитеті дене шынықтыру мен спорт жұмысшы комсомолдарының бүкілодақтық жиналысын өткізіп, онда спорттық қозғалысқа қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, дене шынықтыру мен спорттық қозғалысты жетілдіру пікірлері тыңдалды.

Пікірлер негізінен үш мәселе төңірегінде өрбіді:

- дене шынықтыру, олардың құрылымы, құқықтары мен міндеттеріндегі кеңестер рөлі;
- спорттық ұйымдардың қызметін сапалы жетілдіру;
- елдегі жекелеген спорттық мекемелердің жұмыстарын біріктіретін спорттық бүкілодақтық еркін қоғам құру.

Бұл мәселелер 1928 жылы мамырда өткен БЛКЖО-ның ҮІІІ съезінде де талқыланды. Съезд дене шынықтыру мен спорт қозғалысында орын алған кемшіліктер ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықтың жоқтығынан деген шешімге келді. Сондықтан спорттық еркін қоғам құру идесы оң түрде қабылданды.

Қазақстан, Орталық Азия мен Кавказ республикаларының ұлттық ойындары мен кейбір спорт түрлерінің ұқсас жақтары бар. Одақ республикаларының көпшілігі өздерінің ұлтты спорт түрлерін өткізілетін спартакиада бағдарламасына қосуға тырысты. 1927 жылы Бүкілодақтық дене шынықтырушылар кеңесі (БШК) республикаларда ұлттық спорт түрлерін дамытуды мақұлдады. Ұлттық спорт түрлері мен олардың ережелерін анықтау үшін дене шынықтырудың арнайы кеңесі құрылды. Ұлттық спорт түрлерін ендіру спортшылар қатарының өсуіне себепші болды. Спорттық үйірмелерде классикалық түрлермен қатар ұлттық спорт түрлерін де ендіре бастады.

Қазақстанның дене шынықтыру жұмысшыларының бірінші отырысында, жергілікті халық арасындағы спорт жұмыстарының маңызды міндеттері туралы мәселе қаралды. Бүкілодақтық ұлттық жиналыстың негізгі шешімінде осы жағдайлармен байланысты міндеттер көрсетілген болатын. Осы жұмыстарды орындау үшін, дене шынықтыру жұмысшыларының кезекті отырысында келесі іс-жүзіндегі шаралар ұсынылды:

- дене шынықтырудың Мемлекеттік кеңесінің басшылығымен ауылдық жерлерде тәжірибелі спорттық ұжымдар құру;
- спорттық ұжымдарды ашу және қалыпты санитарлық жағдайы жоқ қазақ ауылдарында санитарлық-гигиеналық нормаларды насихаттауды ұйымдастыру;
- дене шынықтырудың жергілікті кеңестері 1928 жылдың 1 қаңтарына дейін дене шынықтырудың Орталық кеңесіне, барлық губерниялардан жинақталған қазақ ұлттық ойындары туралы материалдарды ұсыну.

1928 жылдың 12 маусымында «Дене шынықтыруға санитарлық қадағалау орнату туралы» РСФСР халық комиссарлар кеңесінің қаулысы қабылданды, онда санитарлық-дене шынықтыру кабинеттерін ашу, оларды қажетті құралдармен жабдықтау, спортшылар денсаулығын қадағалау міндеттері қарастырылса, 1930 жылдан бастап денсаулық сақтаудың кешенді профилактикалық мекемелері ашыла бастады.

1929 жылдың шілдесінде, барлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына, міндетті пән ретінде дене шынықтыру сабағын енгізу туралы РСФСР Халық комиссарлар Кеңесінің қаулысы шықты. Ал 23 қыркүйектегі қаулыда, дене шынықтыру мен спорт жұмыстарындағы кемшіліктерді жою туралы нақты көрсетілді. Онда

дене шынықтыру жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу, оған қалың бұқараны біртіндеп тарту туралы айтылды. Орталық комитет, КСРО-ның Орталық атқару комитетінің жанында бүкілодақтың дене шынықтыру Кеңесін құруды ұсынды.

Дене шынықтыру тарихында 1921-1929 жылдар аралығындағы кезең, келесідей шараларды жүзеге асырумен ерекшеленді: кеңестік жүйеде дене шынықтыруды әрі қарай дамыту; жаңадан ұйымдастырылған спорттық бірлестіктерге өту; дене шынықтыру мен спорт саласында арнайы қоғамдар іс-қимылдарының басталуы, спортты дамыту және спорттық халықаралық байланыстарды орнату. 1925 және 1929 жылдары қабылданған КП ОК шешімдері, дене шынықтыру қозғалысын дамытудағы маңызды құжаттар болып табылады. Бұл қаулыларда дене тәрбиесі коммунистік тәрбиенің негізгі бөлігі ретінде қарастырылып, оның міндеттері кең түрде айқындалды. Онда, дене шынықтыру жалпы саяси және мәдени тәрбиенің, білімнің бөлінбес бөлігі болып табылатындығы, сондай-ақ, тиісті қоғамдық және мемлекеттік органдар мен мекемелердің жалпы жоспарларына енгізілуі керектігі көрсетілді.

Авторлар нұсқағандай, «Дене тәрбиесі, тек спорт, гимнастика, қозғалыс ойындары сияқты Дене қимылы жаттығуларды ғана емес, сондай-ақ, қоғам мен адамның еңбек, тұрмыс, гигиенасын, табиғаттың күштерін пайдалануды, еңбек пен демалыс режимдерінің дұрыстығын да қамтуы тиіс».

Партияның бұл қаулыларында кеңестік дене шынықтырудың мақсаты мен міндеттері, оны дамытудың жолдары мен әдістері, жас ұрпақты тәрбиелеуде оны қалай қолдану қажеттігі мазмұндалды. Бағдарламалық құжаттарда, дене шынықтыруды еңбекшілерді партияның, кеңестік және кәсіподақтық ұйымдардың маңына топтастыру қажеттігі де көрсетілді. Олар осы ұйымдар арқылы қоғамдық-саяси өмірге тартылады. Басқаша айтқанда, кеңестік билік дене шынықтыру мен спортты иедологиялық қару ретінде де пайдаланды.

1929 жылдың қазанында БКП ОК дене шынықтыруды әрі қарай дамыту үшін жағдай жасау туралы жаңа қаулы қабылдады. Осы жылдың желтоқсанында ВЦСПС хатшылығы «Дене шынықтырудың кәсіподақ үйірмелерінің ережесін» бекіте отырып, дене тәрбиесіндегі кәсіподақ мүшелерінің рөлін анықтап берді. БЛКЖО ОК комсомолдың әрбір мүшесін дене шынықтыру жұмыстарын жүргізуге белсенді қатысуды міндеттеді.

1930 жылы Қазақстанда партияның Орталық комитеттің нұсқауымен елдегі дене шынықтыруды жетілдіру міндеттері қойылды. 3 сәуірдегі КСРО ОК қаулысына сәйкес, барлық ұлт республикалары дене шынықтыру кеңестерін қайта жасай бастады. Қайта құрылған кеңестер бұрынғы кеңестерге қарағанда, мемлекет бақылауына алынды. Ал, 1930 жылы өткен дене шынықтыру кәсіподағының Бүкілодақтық конференциясында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда клубтық үйірмелерге қосымша спорттық ұжымдық үйірмелерді құру және ұлт республикаларының ауылдық жерлерінде спорттық жұмыстарды күшейту мәселелері қарастырылды.

Тікелей өнеркәсіптік кәсіпорындар жанында құру, еңбекші бұқараның дене шынықтыру мен спортқа жақындауына, дене шынықтырушыларды елдің шаруашылық-саяси өміріне тартуға ықпал етті. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда дене шынықтыру ұжымдарын басқару мен көмек көрсету, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары тарапынан жүзеге асырылды. Осылайша, дене шынықтыру мен спортты өнеркәсіптік жағдайда қайта құру, спорттық қозғалыстың бұқаралық сипат алуына жағдай жасады. Көптеген спорттық ұйымдарда жастарды дене шынықтыруға оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері шыға бастады. 1930 жылғы I-ші Бүкілодақтық конференция шешіміне сай, Қазақстанда спорт ахуалына бақылау жүргізіліп, жарыстарды өткізу дәстүрге айналды.

1931 жылы комсомолдың бастамасымен «Еңбек пен қорғанысқа дайын бол!» (ЕҚДБ) атты Бүкілодақтық спорттық кешен жобасы жасалды. Бұл кешен жастар арасында тез тарап, спорттық оқытудың әрі қарайғы дамуына, дене шынықтырушылар қатары мен спорттық жетістіктердің өсуіне оң әсер етті. Бұл кешен, біріншіден, әр адамнан Дене қимылы дамудың жоғары деңгейін талап етті; екіншіден, спорттық шеберлікті жетілдіру үшін қажетті база жасады; үшіншіден, ол ЖОО мен спорттық секциялардың негізгі бағдарламасына айналды; төртіншіден, кешеннің өз атауы көрсетіп тұрғандай, дене шынықтыру тек жеке адамның ғана ісі емес, мемлекеттік маңызды іс екенін де байқатты. Қысқа мерзім ішінде ЕҚДБ кешені жастар арасында кең танымалдылыққа ие болып, спортшылар қатарының өсуіне, спорттық өнерді жетілдіруге ықпал етті.

Кешендік жүйені енгізу, дене шынықтыру мен спорттың негізгі міндетін — жастарды еңбек пен Отанды қорғауға дайындау міндеттерін шешуде үлкен көмек көрсетті. Сондықтан ЕҚД (ГТО)



кешендік жүйесі спорттық жұмыстарды қайта түлетіп, жастарды, әсіресе, мектеп оқушыларын дене шынықтыруға, спортшы-чемпиондарды дайындауға тарту ісін, сондай-ақ, спорттық гимнастика, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, альпинизм, футбол, баскетбол сияқты көптеген спорт түрлерін айтарлықтай дамытуды жаңа дәрежеге көтере білді. ЕҚД ережелерінде оның нормативтері белгіленді. Олардың құрамына 25 норматив енді, оның ішінде үшеуі теориялық, қалған 25-і тәжірибелік болды. Тәжірибелік сынаққа арнайы дайындықты қажет ететін семерлесу, шаңғымен трамплиннен секіру, суға секіру сияқты түрлер кірді.

1932 жылдан бастап, ЕҚД кешенінің арнайы төсбелгілері беріле бастады. Осы жылы БКП ОК «Орта және бастауыш мектептерде оқыту бағдарламасы туралы» және «Пионер ұйымдарының жұмыстары туралы» қаулылар қабылдады. Ол қаулыларда спорт ойындарын мектеп оқушылары арасында насихаттау, балалардың спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында бұл жұмыстарды спорт жарыстарын өткізу жөніндегі комсомол ұйымдарына табыстау міндеттері қойылды. Мектеп оқушылары мен пионер ұйымдарының арасында спортты дамыту нәтижесінде, 1936-1937 жылдары Орталық Азия, Кавказ, Украина мен Белоруссия мектептерінің оқушылары арасында гимнастика бойынша жарыстар өткізілді. 1936 жылы мектеп оқушылары арасында гимнастикадан І-ші Бүкілодақтық чемпионат болып, оған 246 оқушы қатысса, гимнастикадан өткен ІІ-ші Бүкілодақтық чемпионатта 379 оқушы қатысты.

1932 жылы Орталық Азия мен Кавказ маңы республикаларында дене шынықтыру мен спорттық қозғалыстарды дамыту мақсатында, Өзбек КСР-нің «Ұлттық спорт ойындары мен дене шынықтыруды жетілдіру үшін «Еңбек пен қорғанысқа дайын бол!» кешенінің спорт түрлерін енгізу туралы» қаулысы қабылданды. Ал 1933 жылы Ташкентте осы мәселе бойынша Ғылыми-әдістемелік комитеттің ұлттық сессиясы өткізілді, оған қатысушылар бағдарламаға жаңа спорт түрлерін енгізу ұлттық спорт ойындарының түрлерін ығыстырып тастайды деп алаңдаушылықтарын білдірді. Сондай-ақ, сессияда жаңа спорт түрлерін енгізу үшін агитаторлар мен жаттықтырушылардың қажет екендігі айтылды.

Спорттық өлкелік ұйым партия ұйымдарын өндірістік принципте қайта құру бойынша ауылдарда ауқымды жұмыстар жүргізді. 1933 жылы БКПБ-ның Қазақ өлкелік комитеті «Көшпелі

және жартылай көшпелі аудандарда партия бөлімшелерінің ұйымдық құрылымы туралы» қаулы қабылдады. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында егіс алқаптарында әрекет ететін, дене шынықтыру ұйымдарынан тұратын бригадалар, жаңа спорттық бірлестіктер құрды. Онда барлық дене шынықтырушылар алдына еңбекке қабілеттілікті арттыру және екінші бесжылдықта соққылық бригадалар құру міндеттері қойылды.

1934 жылы КСРО ОАК «КСРО Еңбек сіңірген спорт шебері» құрмет атағы туралы қаулы қабылдады. Мұнымен бір уақытта, «Еңбек пен қорғанысқа дайын бол!» атты балалар кешені енгізілді.

1936 жылы КСРО ХКК мен ОАК, Дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі Бүкілодақтық комитет құру туралы қаулы қабылданды. Осы қаулының негізінде дене шынықтырудың Жоғарғы кеңесінің жанында Дене шынықтыру мен спорт істерінің Бүкілодақтық комитеті құрылды. Партия мен үкімет Бүкілодақтық комитет пен оның жергілікті органдарына елдегі барлық дене шынықтыру мен спорт жұмыстарын бақылау мен басшылық жасау міндеттерін жүктеді. Осы 1936 жылы кәсіподақтардың спорттық еркін қоғам ұйымдастыру туралы шешімі қабылданды. Қаулы негізінде атқарушылық биліктің облыстық және аудандық комитеттері жанында жергілікті комитеттер құрыла бастады.

Дене шынықтыру комитеттері мен спорттық еркін қоғамдастықтардың құрылуы, әрі қарай бұқаралық дене шынықтырудың дамуына, спорт ролінің күшеюіне, спортшыларды спорттық-техникалық қамтамасыз етудің жақсаруына, республикадағы спорттық базалардың кеңеюіне оң ықпал етті.

1939 жылы Кеңестік үкімет жыл сайынғы Бүкілодақтық дене шынықтырушы күні мерекесін белгіледі. Бұл мемлекеттің дене шынықтыру мен спортқа деген қатынасын көрсетті. Партия дене шынықтыру мен спорт насихаттауға дене шынықтыру кәсіподағы жұмысшыларын, мқты спортшыларды, спорт шеберлерін, Кеңес Әскері мен Флотының офицерлері мен жауынгерлерін, мұғалімдерді, дәрігерлерді, өнер мен әдебиет қайраткерлерін және қоғамның басқа да өкілдерін тартты. Насихатшының міндеттеріне еңбекшілерге дене шынықтыру туралы кең түрде түсінік беру енді. Кеңестік үкіметтің бұл салаға бүкілхалықтық сипат беруі, өзінің нәтижелерін берді.

1927 жылы Қазақстанның спорттық өмірінде, атақты қазақ спортшысы Қажымұқан Мұнайтпасовпен қатысты ерекше оқиға

болды. Қазақ ОАК оған спорт пен мәдени қозғалыстардағы еңбегі үшін «Қазақ халқының батыры» атағын беру туралы шешім қабылданды. Оның есімімен республикадағы көптеген бастамалар, мәдениеттегі кәсіби қазақ театрының тууы бойынша игі істер байланысты болды. Орасан зор энергиялық және рухани күш иесі бола отырып, ол республиканың маңызды көптеген іс-шараларына қатысты.

Дене шынықтыру мен спорт бойынша мамандар даярлау өте қажетті де маңызды іс еді. Өйткені, бір жылдық курстардан басқа ештеңе жоқ болатын. Сондықтан, дене шынықтыру басшыларының энтузиазмдері мен Қазақстанның партия және мемлекеттік органдарының қолдауымен, 1932 жылы Алматыда Қазақ республикалық дене шынықтыру техникумы, ал 1934 жылы балалар спорт мектебі ашылды.

Ұйымдастырылатын спорттық-бұқаралық іс-шараларда, әсіресе, 1928 жылы Петропавлда өткен Қазақстан спартакиадасында кәсіподақ және комсомол ұйымдары белсенді түрде қатынасты, оған қатысуға республиканың әр түрлі қалаларынан 206 спортшы келді. І-ші Бүкілқазақстандық спартакиадаға қатысу үшін, осы жылы спорттың барлық түрлерінен іріктеу жарыстары өткізілді. Нәтижелері бойынша 1 және 2-орындарды Қызылорда мен Ақмола губерниялары бөлісті. Мұндағы спортшылардың бірқатары 1928 жылы 12 тамызда Мәскеуде өткен спартакиадаға қатысып қайтты. Онда одақтық 14 республикадан 7225 спортшы өнер көрсетті. Осы спартакиададағы жеңімпаз командалар туралы мәліметтерді төменде келтірілген 6 - кестеден көруге болады.

Кесте – 6. Бүкілодақтық спартакиада қорытындысы (Мәскеу қ. 1928 ж.)

Одақтық республикалар	Иеленген орындар
РСФСР	I
Украина	II
Белоруссия	III

Өзбекстан	IV
Кавказ КСР	V
Түркіменстан	VI

Қазақстан спортшылары жекелеген сайыстарда жақсы нәтиже көрсеткенімен, командалық есепте жоғары нәтижеге қол жеткізе алмады. Мұның басты себептері, біріншіден, губернияларда спорт үйірмелерінің жаңа құрылуына, екіншіден, басқа республикаларға қарағанда Қазақстандағы спорттық қозғалыстардың әлсіз дамуына байланысты болды.

Сонымен қатар, спорттың көптеген түрлері бойынша бапкерлер жетіспеді. Жастар көп жағдайда өз беттерінше айналысты. Спорт бұйымдарына деген қажеттілік үлкен болды. Осының барлығы заңды құбылыс болатын, өйткені, Қазақстанның халық шаруашылығының деңгейі төмен еді. Сол үшін де, дене шынықтыруды әрі қарай дамыту мақсатында, 1929 жылдан бастап ЖОО-да республикада міндетті түрде дене шынықтырудан сабақ өткізілетін болды. Бұл жағдай жылдан жылға спортшылар санының өсуі мен олардың спорттық дайындығының жақсаруына алып келді. Дене шынықтыруды дамыту мен спорттық қозғалыстарды күшейту мәселелері, 1929 жылы 23 қыркүйектегі қаулыда да көрсетілді. Кемшіліктерді нұсқай отырып, үкімет оларды жою және дене шынықтыру мен спорт жұмыстарын жақсарту туралы шаралар қабылдады.

30-шы жылдары студент жастарының көпшілігі жеңіл атлетика, шаңғы, ату, бокс, коньки сияқты спорт түрлерімен айналысты. Бірқатар спортшылар шаңғы спортына қызықты, өйткені, спорттың бұл түрі ЖОО мен спорт клубтарының бағдарламаларына міндетті пән ретінде енгізілген болатын. Негізінен, Алматының ЖОО-да жылдан жылға спортшылар саны көбее бастады. Әсіресе, ветеринарлық және педагогикалық институттарда бұқаралық спорттық жұмыстар кеңінен жүргізіліп, жүйелі түрде спорттық сайыстар өткізіліп отырды.

1930 жылы Кеңес мемлекетінде жалпыға міндетті білім беру туралы Заң қабылданды. Заңға сәйкес, оқу-тәрбие жұмыстары

бірыңғай жүйеге келтіріліп, дене шынықтырудың жаңа бағдарламасы енгізілді. Оқытушы-мамандардың жеткіліксіздігіне қарамастан, дене шынықтыру сабақтары тиісті деңгейде өткізілді. Мұнымен қоса, Қазақстанның кәсіподақ ұйымдары спорттық іс-шаралар ахуалына бақылау жүргізді. Кейіннен спорттық жарыстарды бақылау дәстүрге айналды. 1931-1934 жылдар аралығында жүргізілген мұндай бақылау-лар, спорттық ұжымдарды құруға, қолда бар ұжымдарды нығайтуға және олардың оқу-жаттығу жұмыстарын жақсартуға ықпал етті.

1931 жылы комсомол жастарының белсенді қатысуларымен Алматыда ЕҚД кешені жасалып, оның жинағы шығарылды. Бұл жинақтың пайда болуы, мектептер мен жастар арасында дене шынықтыру қозғалысының қайта өрлеуіне мүмкіндік жасады. Бұл жинақ мектептердің оқу-спорттық және бұқаралық-спорттық жұмыстарын жақсартты. 1939 жылы КСРО үкіметінің қаулысымен кешеннің ережесі мен нормасына қайта толықтырылып, бекітілді.

ЕҚД кешені қалалар мен ауылдардағы, әскерлер мен дене шынықтыру үйірмелеріндегі жастар арасында кең түрде тарады. Бұл кешен дене шынықтыру арқылы патриотты жастарды тәрбиелеу жұмысын орындады.

1932 жылы ЕҚД алғашқы төсбелгілерін Қазақстанда дене шынықтыру мұғалімдері В.М.Зимин, М.М.Гуннер және Қазақ педагогикалық және ауылшаруашылық институттарының бір топ студенттері алды.

1929-1932 жылдары салынған стадиондар мен ойын алаңдары жастардың дене шынықтырумен айналысуларына қажетті жағдай жасады. Қазақстандағы дене шынықтыру методологиясы туралы жазылған А.Артықов пен А.Зайцевтің еңбектері, кәсіптік және жалпы білім беру мектептерінің оқытушылары тарапынан кең түрде қолданылды. Мұнымен қоса, дене шынықтыру мамандарын осы кезде Алматы дене шынықтыру техникумы дайындайтын.

1929 жылы спорт нұсқаушылары Г.И.Белоглазов, Ф.И.Славин мен В.М.Зимин Қазақстандағы Іле Алатауының қиын жолдарымен туристік жорық ұйымдастырды. 1930 жылы Республикалық дене шынықтыру техникумының студенті В.Силянин бокс бөлімшесінің нұсқаушысы болып тағайындалды.

Спорттық клубтар мен үйірмелер қаржы жетіспеуіне орай, қажетті жаттығу заттарын өз күштерімен жасауға тырысты. Мысалы,

Алматыдағы спорт үйірмесі ауыр атлетикаға қажетті заттарды өздері жасап алды.

Дей тұрғанмен, Қазақстандағы дене шынықтыру оқытушыларының саны әлі де аз еді, ал оларды дайындау әлсіз болатын. Бүкіл республика бойынша 70 дене шынықтыру нұсқаушысының 16-сы ғана бір жылдық курстан өте алды. Нұсқаушылардың көпшілігінде ешқандай мамандық болмады.

Бар-жоғы 15 адам нұсқаушылардың бүкіл қазақстандық өлкелік курстарының түлектері болып табылды. Нұсқаушылық құрам қазақ тұрғындары арасында жұмыс жасай алмады. Өйткені, оның құрамының 62 адамның ұлты орыс, 6 адам еуропа ұлттарынан болатын. Соның ішінде бірде-бір қазақ болмады. Қазақ ұжымдары мен оқу орындарында жұмыс істейтін еуропалықтар қазақ тілін мүлде білмеді, сол үшін де аудармашылардың көмегі қажет болды.

Осыған байланысты, дене шынықтыру Кеңесі жергілікті жерлерде жұмысшыларды жиі ауыстырды. Мәселен, Түркістан мен Әулиеатада екі айдың ішінде дене шынықтыру Кеңесінде мұғалімдерді екі рет ауыстырды.

1929 жылы жұмысшылардың туристік және саяхаттық қоғамының Орталық кеңесінде тау секциясын құру туралы шешім қабылданды. Бұл секция альпинизмнің қайта өрлеуіне көп күш салды. Оның Алматыдағы бөлімшесі 1930 жылы құрылып, Орталық музейде орналасты.

1930 жылы ұжымдастыру бойынша республикалық кампанияға спортшылар да тартылды. Дене шынықтыру жұмысшылары ауылшаруашылығында бригадалар құрылды. Тек Шығыс Қазақстан облысында олар 90 га жерден бидай жинап, мемлекетке тапсырды. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында спортшылар 300 га жерді өңдеп, 70 га жерге ұрық шашты, мақта шаруашылығы бойынша екі біріккен жаңа совхоздар ұйымдастырды. Спорттың жеңіл атлетикалық түрінде 1929 жылдан бастап «Әрбір спортшы – социалистік жарыстың белсенді қатысушысы» атты лозунгпен жарыстар өткізіліп, насихаттау жұмыстары жүрді.

1932 жылы шілде айында Свердловскіде Орал-Кузбасс спартакиадасының жалауы көтерілді. Оған Орал, Батыс Сібір, Башқұртстан мен Қазақстаннан 2500 спортшы қатысты. Жеңімпаздар кәсіподақтың І-ші Бүкілодақтық спартакиадаға қатысуға жолдама алып, ол 1932 жылы қыркүйекте өткізілді.

Президенттік мұрағаттан алынған мәліметтер:

1932 жылғы 22 маусымдағы жағдай бойынша Алматы қаласының комсомол жастар бірлестігіне 90 ұйым кірген. Барлық комсомолшылар – 4861 адамнан тұрса, оның ішінде: колхоздық ұйымдар – 1, зауыттық ұйымдар -19, теміржол ұйымдары – 4, МТС – 34, басқа ұйымдар – 30 болды.

Осы уақыттағы комсомол жастар ұйымының мақсаты мен міндеттері:

- жастар арасында саяси-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының жетекші салаларында жарыстар ұйымдастыру;
- әскери бөлімшелердегі жастар арасында насихат жүргізу, қоғамдық қауіпсіздік органдарының жұмыстарына қатысу, түрлі спорттық клубтар құру.

1933 жылы Қазақстан спортшылары астық жинау бойынша Бүкілодақтық эстафетаға қатысты. Бұл іс-шара ауылдық жерлерде дене шынықтыру жұмыстарын күшейту мақсатында жүргізілді. Мұндай эстафеталарды өткізу барысында Қазақстан спортшылары колхоздар мен совхоздарға үлкен көмек көрсетті.

1933 жылғы 8 шілдедегі қаулыға сәйкес, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы дене шынықтыру ұйымдары, егістік алқаптарында жұмыс істейтін бригадалар құрды. Мысалы, Қазақстанның әскери комитеті болған «Динамо» қоғамы ауылшаруашылығына жәрдем берді.

Бригаданың білімді дене шынықтырушылары әр облыста жұмыс жасады. Олар мұнда мереке күндері бұқаралық іс-шаралар мен спорттық жарыстар ұйымдастырды. Мерекелердің спорттық бағдарламасына қазақ ұлттық ойындары да енді. Мәселен, қазақтың «аударыспақ» ойыны спорт түрі ретінде бағдарламаға кірді.

Шығыс Қазақстан облысында спортшылар астық жинап, бидай тартып, мемлекетке тапсырды. Оңтүстік Қазақстан облысының спортшылары 3000 га жерді айдап, көктемгі егіс алқабына қатысты, мақталы совхоздарда 2 жаңа спорт ұйымын құрды.

1934 жылы қаңтарда Алматының өлкелік партия комитетінің шешімі бойынша, партияның XVII съезіне арналған сайыстар өткізілді. Бұл жолы конькишілер мен шаңғышылар сайысты. Қатысушылар 700 шақырым жолды бағындырды. Осы спартакиада-

ның жалғасы ретінде ақпан айында Қарағанды, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының ең мықты конькишілері мен шаңғышылары сайысқа қатысты. Нәтижесінде Қазақстанның 12 рекорды белгіленді. Әсіресе, қарағандылықтар өздерінің үлкен жетістіктерімен ерекшеленді.

Спорттық қозғалыстың дамуы спорттың барлық түрлері бойынша жарыстар өткізуге мүмкіндік берді. Сол жылы көктемде шахматтан, ал жазда велоспорттан жарыстар өткізілді. Астаналық комсомол жастарының белсенділігінің арқасында, 1935 жылы Алматы тауының шыңына бұқаралық альпиниада ұйымдастырылды. 1935 жылдан бастап Ұлы Отан соғысына дейін Комсомол шыңына шығу бұқаралық дәстүрге айналып кетті, оған шығушы жастарды саны артты.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚКСР) 15 жылдығына орай, 1935 жылы Қазақстанның барлық жерлерінде спорттық сайыстар өткізіле бастады. Мысалы, өндіріс ұжымдарының арасында өткізілген I-Спартакиадада спорттың 8 түрі бойынша ең мықты спортшылар қатысты. Бұл спартакиадада ресми түрде КСРО ОАК Төрағасы М.И.Калинин қатысып, ол мерекелік спартакиаданың нәтижелерін жариялады. Ерекшеленген Қазақстан спорт белсенділері мен спортшылары, барлығы 56 адам «Қазақстанның 15 жылдығы» төсбелгілерімен марапатталды.

1935 жылы Қазақстанда «Спартак» атты еркін спорттық қоғамы (ЕСҚ) құрылды. Содан кейін басқа да бірнеше спорттық қоғамдар пайда болды. 1936 жылдан бастап «Пищевик», «Медик», «Локомотив», «Буревестник» сияқты көптеген ЕСҚ салалық кәсіподақтары құрылды. ЕСҚ-ға төмен деңгейде тұрған дене шынықтыру ұжымдарын нығайту, спортшылардың ұйымшылдығы мен тәртібін жоғарылату, дене шынықтыру мен спорт ұйымдарының қызметтерін жетілдіру міндеттері жүктелді. 1935 жылы «Локомотив» спортты қоғамының ықпалының арқасында Алматы, Шымкент, Жамбыл, Аякөз қалаларында спорт стадиондары соғылды. Дәл осы уақыттарда Қарағандыдағы «Угольщик» және Алматыдағы «Спартак» стадиондары ашылды.

Алматы қаласының спорттық қоғамдары 1935 жылы құрылса, «Динамо» стадионы 1931 жылы ашылды. Бұл стадион қаладағы алғашқы спорт кешені болып табылады. 1935 жылы наурызда динамолықтар арасында Семейде спорттық өлкелік қысқы



сайыстар өтті. Жарыстар хоккей, коньки және шаңғы спорттары бойынша өткізілді. Нәтижесінде семейліктер конькиден 1-орын, хоккей мен шаңғыдан 2-орындарды иеленді.

1936 жылы жазда Алматыда Ш-Бүкілқазақстандық спартакиада өтіп, оған барлық облыстардан 500 спортшы қатысты. Олар спорттың 7 түрі бойынша сайысты: футбол, баскетбол, велосипед, жеңіл атлетика, теннис, қазақша күрес. Спартакиадада республиканың 17 жаңа рекорды белгіленді.

Қазақ өлкелік комсомол комитеті пионерлер бөлімінің істері. 1936 жылғы 2 мамыр – 8 қазан, бүкілқазақстандық спартакиада қатысушыларының құрамы:

1. Қарағанды облысы – 16 адам
2. Ақтөбе облысы – 19 адам
3. Оңтүстік Қазақстан облысы – 21 адам
4. Шығыс Қазақстан облысы – 22 адам
5. Батыс Қазақстан облысы – 18 адам
6. Алматы облысы – 13 адам.

Бұл спартакиадада бірінші орынды иеленген Оңтүстік Қазақстан облысына өлкелік комсомол комитетінің ауыспалы туы табыс етілді.

Екінші «Спартак» спорттық қоғамы 1935 жылы құрылды. Ол бұрынғы «Медик» және «Пищевик» қоғамдырының орнындағы базада салынды. Оның құрамына жергілікті өнеркәсіп, коммуналдық және шаруашылық кәсіпорындарының, автокөлік, авиация, білім беру кәсіподақ ұйымдарының жұмысшылары мен қызметкерлері кірді.

Бұл қоғамның алғашқы ашылған күнінен бастап, мүшесі болу үшін оған балалар мен қыздар келе бастады. 1936 жылы көктемгі республикалық біріншілікте ЕСҚ «Спартак» спортшылары А.Ершов пен З.Абатурова гимнастикадан абсолютті чемпиондықты жеңіп алса, 1938 жылы мұндай сайыстағы чемпион спартакшы В.Рябшин болды. «Спартак» қоғамынан Ш.Бөлтеков, Б.Тычинин (бокс), Г.Романова (коньки) сияқты жақсы дайындалған спортшылар шықты. Алматыда өткен жарыстарда Захаров та (еркін күрес) жақсы нәтижелер көрсетті.

1940 жылы «Спартак» қоғамының жеңіл атлетшілері ЕСҚ Бүкілодақтық чемпионатында екінші орынды иеленді. Онда қазақстандық спартакшы Г.Востоков қоғамның Бүкілодақтық болып

жарияланса, эстафеталық жарыста чемпион атағын Н.Чумаченко, Г.Давыдов, С.Стуге, Шамиль Бекбаевтар алды. Спартакшылар Г.Востоков, В.Ошаев, Г.Давыдов, С.Соколов, З.Мартынова, С.Сергеевалар жеңіл атлетикадан жаңа рекордтар орнатты. 1937 жылы «Спартак» ЕСҚ еліміздегі ең жоғарғы спорттық құрмет белгісіне ие болды.

Әскер, авиация мен флот әрекет етуінің біріккен еркін қоғамы (ДОСААФ) 1934 жылы негізделді. Оның негізгі міндеттері, осы қоғамның мүшелері арқылы жұмысшылардың отан алдындағы борыштық сезімдерін насихаттау, сондай-ақ, олардың әскери техника, авиация мен теңіз флоты жөніндегі білімдерін арттыру болып табылды. Осы спорттық қоғамның негізінде спорттың көптеген түрлері бойынша 100 мыңдаған мүшелер дайындалды, олардың көпшілігі спорт шеберін алды. Қазақ жігіттері арасында бұл қоғамның мүшелерінен Нүркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдиновтер болды. Олар қоғам ұйымдастырған республикалық жарыстарға қытысып, парашютпен секіруде және авиамодельдік спортта өз шеберліктерін көрсетті.

Әрі қарайғы уақытта бұл қоғам Өскемен, Теміртау, Орал мен Қарағанды да кеңінен тарады. Авиаспорттық клуб тәрбиеленушілері А.Суханбердин, В.Глуценко, Г.Степанов, Ю.Долговтар Ұлы Отан соғыс жылдарында керемет ұшқыштарға айналып, нәтижесінде республикалық жетістіктердің қатарын арттырды. Генерал-майор Г.Бошаевтың еңбегінде келесілер туралы айтылады: «Ертеде кең далада атпен шауып жүрген қазақтар, ендігі жерде оны жоғары жылдамдықты мотоциклетті спортқа алмастырды. Бұл спорт Алматыда жақсы дами бастады. Мұнда республикалық мотоклубтан басқа аудандық және өзбетінше құрылған мотоклубтар ашылды. Осы ортадан шыққан жұмысшылар Ю.Борщев, А.Алексеев, инженер Ю.Эпитектов мықты спортшылар қатарына енді. Спорттың оқ ату түрі біздің елімізде жалпыға ортақ әскери міндеттілікпен бір уақытта дами бастады»

1936 жылы ДОСААФ Сырдария губерниясында нысанаға дәлдеу бойынша жарыс өткізді. Бұл оқиға республиканың қалалық және аудандық орталықтарында ату бойынша бұқаралық жарыстар өткізуге себепші болды.

Теміржолшы спортшыларды біріктіруші «Локомотив» қоғамы 1936 жылы құрылды. Бұл қоғам Алматы теміржол

басқармасына қарасты еді. Теміржолшылар спорттық қоғамы футбол, волейбол, шаңғы, жеңіл және ауыр атлетика, альпинизм, туризм сияқты спорт түрлерімен айналысты. Алғашқы кезде «Локомотив» ЕСҚ-ның өз стадионы мен спорттық кешені болмады.

1936 жылы жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттерінің «Буревестник» ЕСҚ құрылды. Студенттер күшімен стадиондар, спорт ғимараттары мен ойын алаңдары салынды. Бұл спорттық қоғам «Молния», «Пищевик», «Старт», «Мукомол Востока» сияқты спорттық қоғамдар базасында негізделді. Осындай спорттық қоғамдарда өскен спортшылар Қазақстан біріншіліктерінің чемпиондары мен жеңіпаздарына айналды.

1937 жылы Қазақстанда дене шынықтырумен 100 000-нан аса адам айналысты. Оның 30 000 қазақ ұлттық жастары құрады. Қазақ республикасында дене шынықтыру түрлерінің дамуы мен онда айналысушылар санының артуы, Бүкілодақтық дене шынықтыру мен спорт комитеті тарапынан, мәдениеттің осы саласына үлкен көңіл аударуға ықпал етті.

1930 жылдың ортасында альпинисттік спорт кең түрде дами бастады. Қазақстан спортшылары Іле Алатауының биік шыңдарын бағындыра бастады. Альпинизмнің мұндай дамуы Қазақстанның қол жетпес тауларын бағындыруға, осы бағыттағы спортшылар қатарының артуына алып келді. Осы мектептің түлектері Іле Алатауы, Конституция, Динамошылар, Лениндік ауысым, Солтүстік ендік сияқты шыңдарды бағындырды. 1938 жылдан 1940 жылға дейін альпинистшілер Алатауға жасалатын жорықтарын бірнеше рете жиілете бастады. Қазақстан альпинистшілері тау шыңдарын бағындырудан басқа, географиялық, геологиялық және басқа да ғылыми-зерттеу саяхаттарға қатысты. Олар таулы өлкелердегі құнды пайдалы қазбаларды ашуға өз үлестерін қосты.

1939 жылы дене шынықтыру жұмыстары ауылдық жерлерде де дами бастады. Алматы облысының Сарқан ауданында 15 жаңа дене шынықтыру бірлестіктері ашылды. Олардың мүшелері түрлі спортпен айналысушы 1200 жас жұмысшылар болып табылды.

Бүкіл Қазақстан бойынша ауылдық жерлерде жаңадан құрылған дене шынықтыру бірлестіктерінің саны 525-ке жетіп, ондағы мүшелер саны 14 мың адамды құрады. Колхоздар мен совхоздар күшімен спорттық алаңдар салынды. Дене шынықтыру ұйымдастырушылары үшін ауылдарда арнайы курстар ашылды.

Ауылдық спортты көтеру үшін колхоздар мен совхоздарға дене шынықтырудың 215 ұйымдастырушылары жіберілді. 1936 жылы колхоздар, совхоздар мен МТС-да дене шынықтырудың 200 ұжымы болып, онда 10 мың адам шұғылданды.

30-шы жылдардың соңында қысқа мерзімдік спорттық курстар қатары артып, республикалық дене шынықтыру техникумында оқытындар қатары көбейді. Семей мен Петропавл педагогикалық училищелерінде дене шынықтыру бөлімшелері ашылды. 1939 жылы 16 маусым Дене шынықтырушылар мен спортшылар күні болып белгіленді. Жалпы 30-жылдары спорт жастарының қатары айтарлықтай артты. Орталық Азияның одақтық республикаларымен салыстырғанда, спортшыларды дайындау жөнінен Қазақстан екінші орында тұрды (7-кесте).

Кесте – 7. 1941 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық Азия республикаларындағы спортшылар саны

Республика атауы	Спортшылар саны
Өзбекстан	150 000
Қазақстан	137 000
Тәжікстан	45 000
Түркіменстан	30 000
Қырғызстан	20 000

Қазақстанда балалар мен оқушыларды дене тәрбиесіне баулуға үлкен көңіл бөлінді. 1936 жылы негізделген балалар спорт мектептері жастар спортшыларын дайындайтын негізгі мекемеге айналды. Жастарды оқыту жүйесіндегі дене шынықтыру қызметін басқару мен бақылауды КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы дене шынықтыру және спорт Комитеті жүзеге асырды. Жастар мен оқушыларға арналған сайыстары барлық спорт түрлері бойынша өткізілді.

Шахмат ойынына студент жастарымен қатар мектеп оқушылары да тартылды. 1938 жылы Оралда шахматтан

республикалық біріншілік өтті. Республика чемпионы атағын 8-сынып оқушысы Ш.Мырзағалиев иемденді. Оқушылар мен студенттердің дене шынықтыруы сапалы түрде жақсара берді. Мектептер мен ЖОО-да спорттық базалар салынып, оқу және бұқаралық-спорт жұмыстарының сапасы жақсара түсті.

1940 жылы қалалық және көптеген ауылдық мектептерде дене шынықтыру бірлестіктері мен спорттық бөлімшелер ашылып, ЕҚД (ГТО) белгілері бар спортшылар қатары толығы түсті.

1934 жылы Ташкентте І-ші Ортаазиялық спартакиада болып, онда Қазақстан спортшылары сәтті түрде өнер көрсетті. Қазақстан мен Орталық Азияның дене шынықтыру өміріндегі маңызды оқиға, 1931-34 жж. «Еңбек пен КСРО қорғанысына дайынмын» атты бірыңғай бүкілодақтық дене шынықтыру кешенін енгізу болып табылды. 1940 жылы ЕҚД белгісі иегерлерінің саны 1113 мың адамға жетті. Осы жылы «Динамо» (Алматы қ.) футбол командасы дене шынықтыру ұжымдарының арасында Кеңес Одағының чемпионы болды. Осы жылы Қазақ КСР-нің 20 жылдығына арналған Бүкіл-қазақстандық спартакиада өткізіліп, онда 1 бүкілодақтық және 33 республикалық рекордтар қойылды. Соғысқа дейінгі кезеңде республикада 66 мың денешынықтырушы қатысқан 2 мың шамасында түрлі спорт іс-шаралары өткізілді. Жалпы саны республикада 150 мың спортшы болса, оның 30 мыңнан астамы қазақтар болды.

1935-1940 жылдары дене шынықтыру ұйымдары мен спорттық қоғамдардың қызу қызметтерінің кезені және спортшылар мен ЕҚД белгі иегерлері санының әрі қарайғы өсу кезені болып саналды. Дене шынықтыру ұйымдарының алдына қойылған жаңа міндеттер мен талаптар, республикадағы дене шынықтыру қозғалыстарының көтерілуіне ықпал етті.

Тек 1940 жылдың өзінде 65 мың адам қатысқан 2000 спорттық іс-шара өтіп, оның 8500 адамын жергілікті ұлт өкілдерінің спортшылары құрады. 1940 жылдың соңында дене шынықтырушылардың жалпы саны 137 000 адамды құрады.

1917-1940 жылдар аралығындағы кезеңді талдай отырып, бұл кезеңнің Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының өміріндегі жаңа мәдениетті орнықтыру мен жетілдіру кезені болды деп толық айтуға болады. Сондай-ақ, ол социалистік құрылыстың орнығу және даму кезеңдері сияқты ресми деректерде де келтірілді.

Қазақ төңкерісі Ресейлік империялық билікке нүкте қойды, алайда жаңа билік тек Ресейде ғана емес, бүкіл бұрынғы империя аумағына өз гегемониясын орнатты. Тарихи тұрғыдан алғанда, жапы мәдениетті, оның ішінде, дене шынықтыру мен спортты құру және оның кең тарауындағы большевиктердің ролін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, білім, құрылыс, терең социалистік қайта жанарулармен қатар, дене шынықтыру мен спорт саласында да үлкен жетістіктерге қол жетті.

***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

*1. Қазан төңкерісі мен Ұлы Отан соғысы аралығында Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың дамуында қандай факторлары мен ерекшеліктерін атауға болады?*

*2. Осы кезеңдерде қазақ спортының қандай түрлері даму басымдығына ие болды?*

*3. Осы уақыт аралығында Қазақстандағы оқу жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер және оның дене шынықтыру мен спорттың дамуына әсері қандай болды?*

## 7-ТАРАУ

### СОҒЫС ЖӘНЕ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ (1941-1958 жж.)

#### 7.1 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945 жж.) Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт

Ұлы Отан соғысы жылдары Орталық Азияның дене шынықтыру ұйымдарының барлық қызметі Кеңес Әскерінің қатарын толықтыру міндетіне бағынышты болатын. Осыған байланысты, мектептер мен ЖОО дене тәрбиесі бағдарламалары мен дене шынықтыру кешенінің негізгі мазмұны өзгеріп, жастар мен әскерге шақырылушылар дайындығының дене және әскери дайындығы элементтерімен толықтырылды.

1941 жылы бастапқы әскери дайындық 214 305 оқушысы бар 1644 толық емес орта мектептерде енгізілсе, әскерге шақыруға дейінгі дайындық 53 136 оқушыны қамтыған 677 орта мектептерде қосылды. Республика бойынша Жаппай оқыту бағдарламасынан 14 230 адам өтсе, оның 2673 қыздар болды.

1942 жылдың 10 желтоқсанында Қазақ республикасының ХКК-ның «Республика мектептеріндегі әскери оқыту басшылығы туралы» қаулысы жарияланып, онда халық ағарту органдарынан жастарды әскери оқыту басшылығы бойынша жұмысты күшейту талап етілді.

1943 жылы Алматыға жақын жердегі Горельник жайылымында тауға шығу дайындығы нұсқаушыларының Бүкілодақтық мектебі құрылды. Ол Кеңес әскерінің таудағы атқыш бөлімшелері үшін атқыш-альпинистерді және республиканың дене шынықтыру ұйымдары үшін нұсқаушылар дайындаумен айналысты. 1943-1944 жж. бұл мектеп 1500 нұсқаушы мен 12 000 тау атқыштарын дайындап шығарды. Сонымен қатар, әскери уақыт кезеңінде оқушылар мен еңбекші халық арасынан ЕҚД белгі иелерін дайындау жұмыстары жақсарды.

1942 жылы қыста, әскери-қолданбалы мәні бар таяқ-жүгірту бойынша республикалық жарысы өтті. 1943 жылы жазда Орталық Азия мен Қазақстанның бірінші спартакиадасы ұйымдастырылса, ал

1944 жылы Қазақ дене шынықтыру институты ашылды (қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы).

1945 жылыдың шілдесінде Қазақ ХКК «Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны туралы» арнайы қаулы қабылдап, онда бұл ойын қазақ халқының мәдени мұрасы екені және еңбекшілердің денсаулығы мен тынығуын ұйымдастыруда үлкен маңызға ие екендігі айтылды.

1944 жылдан бастап, ЕСБ жұмысы жақсарып, «Еңбек резервтері» жаңа спорттық қоғамы құрылды. Ол қысқа кезең ішінде республикадағы жетекші қоғамдардың біріне айналды.

1944 жылы 15 мамырда Қазақ КСР ХКК «Еңбекшілердің дене тәрбиесін жақсарту және ұлттық спорт түрлерін дамыту іс-шаралары туралы» қаулы қабылдап, онда кадрларды даярлау бойынша дене шынықтыру қозғалысын нығайтуға жете кеңіл бөлінді (8-кесте).

Кесте – 8. Қазақстандағы дене шынықтыру саласы мамандарының саны (1935-1957 жж.)

Жылдар	Жоғары білімді	Орта білімді	Барлық дене шынықтыру жұмысшылары	Жалпы дене шынықтыру жұмысшыларына шаққандағы дипломды мамандар пайызы
1935	6	25	245	12,2
1940	51	75	811	15,5
1948	92	176	2857	9,3
1957	667	1071	4587	37,8

Қазақстанның Халық комиссарлар Кеңесі кадрлар даярлау, әсіресе, қазақ ұлты өкілдерінің ішінен дайындау бойынша жұмыстарды бірден күшейтуді талап етті. Республика үкіметі дене шынықтыру және спортпен айналысуға жергілікті халық өкілдерін көптеп тарту қажеттіктерін көрсетті.

Аталған қаулыда, осы кезеңге тән құбылыс ретінде мынадай дәйек келтіріледі, 1945 жылғы Орталық Азия мен Қазақстанның екінші спартакиадасының қатысушылары арасында бірде-бір қазақ жастары болмаған.

Қорытындылай келе айтатын нәрсе, соғыс жылдары Қазақстанның дене шынықтыру мен спорты, тек қорғаныс



дайындығына ғана емес, сонымен бірге тұрғындардың Дене қимылы дайындығына да қызмет етті. Ұлттық спорт түрлерін дамыту, Орталық Азия мен Қазақстанның қос спартакиадаларын өткізу, дене шынықтыру институтын құру, осы кезеңдегі жоғарыда аталған тенденциялардың жарқын дәлелі болып табылады.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорттың дамуының ерекшеліктері туралы не айтуға болады?*
- 2. Осы уақыттағы ұйымдастырушылық пен кадрларды даярлау ісінде қандай алға жылжулар байқалды?*

## **7.2 Елдің халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру кезеңіндегі Қазақстанның дене шынықтыруы мен спортының дамуы (1946-1958 жж.)**

Соғыс аяқталғаннан кейінгі барлық күш-жігер, Қазақстанның спорттық қоғамы да белсенді қатынасқан, халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге бағытталды. Орталық Азия мен Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары дене шынықтыру қоғалысының дамуындағы шешуші шарттың бірі, спорттық ғимараттарды қалыпқа келтіріп, кеңейту, спорттық мүліктерді өндіру, спорттық үйірмелер, ұйымдар мен спорт мектептерінің жұмыстарын жандандыру болып табылды.

Кеңес Үкіметінің 1955 ж. қаңтар айында шығарған «КСРО халықтарының Спартакиадасына дайындық пен оны өткізу» жайлы Қаулысы елдің дене шынықтыру ұйымдары арасында үлкен құлшыныс туғызып, оны орындауға қызу кірісіп кетті. Жастар мерекесіне, денешынықтыру қозғалысының көрсеткіштері көрмесі ретіндегі аталмыш дүбірлі жарысқа бүкіл елдің спорттық ұйымдары жалпы дайындық жұмыстарын бастады. Ұйымдастырушылардың ойлары бойынша Спартакиада келесі іс-шаралар мен жоспарлардың іске асырылуын көздеді: қалалар мен ауылдардағы халықты дене шынықтыру және спортпен ұдайы айналысуға тарту; спорт түрлерін дамыту мен спорттық көрсеткіштердің өсуі; спорт түрлерінен Кеңес Одағының құрама командаларына тарту мақсатында дарынды спортшыларды анықтау; спорттық шеберлік аясында тәжірибе

алмасуды іске асыру; спорттық жұмыстардың практикасына үздік бапкерлердің, педагогтардың және денешынықтыру ұйымдарының жетістіктерін енгізу; кеңес халқының денсаулығын жақсарту мақсатында дене шынықтыру және спортты маңызды амалдары, еңбек пен Отан қорғау ісіндегі маңызды фактор ретінде насихаттау болды.

КСРО халықтарының Спартакиадасы төрт этапта өткізілді. Бірінші этапта – зауыт, фабрика, мекемелер, білім беру ұжымдары, ұжымшар, кеңшар, МТС, әскери бөлімдерінің дене шынықтыру ұйымдары арасындағы спорт түрлерін жарыстар.

Екінші этапта – аудандар, қалалар, облыстар, өлкелер, автономиялық республикалардағы спорт түрлерінен жарыстардың ұйымдастырылуы. Бұған қоса, мектеп оқушыларының, еңбек резервтерінің, ЖОО-лардың, «Динамо», «Спартак», кәсіподақтар ЕСК, Кеңес Армиясы мен Флоты арасындағы спорт түрлерінен бүкілодақтық жарыстар өткізілді.

Үшінші этапта, КСРО халықтарының Спартакиадасының ақтық жарыстары қарсаңында, Мәскеу мен Ленинград (тарихтан білетініміздей, КСРО кезінде қазіргі Санкт-Петербург солай аталған) және одақтық республикалардың спартакиадалары өткізіледі.

Және, төртінші этап – КСРО халықтары Спартакиадасының ақтық сайыстары. Ол жарыстар алғаш рет 1956 ж. 5-16 тамыз аралығында өтті. Аталмыш жарыстардың бағдарламасы 21 спорт түрін құрады. Екі аптаға созылған дүбірлі жарыстарға Мәскеу, Ленинград қалаларының және барлық одақтас республикалардан 9244 спортшы қатысты.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының халық-шаруашылық жоспарларына енгізілді. Барлық дене шынықтыру ұйымдарының қызмегі үшін БКПБ ОК-нің 1948 жылғы 27 желтоқсандағы дене шынықтыру мен спортты әрі қарай дамыту туралы қаулысы аса маңызды болды. 1948 жылдан бастап Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының дәстүрлі спартакиадалары тұрақты түрде өткізіліп тұрды. 1937-1957 жж. аралығында Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының тоғыз спартакиадасы өтті, олардың екеуінде Қазақстан бірінші орынды, ал қалғандары екінші орындарды иеленді (7 - сурет).



**7-сурет. Бүкілодақтық дене шынықтырушылар шеруінің бағдарламасы  
(Алматы қаласының Орталық мұрағатының материалдары)**

1946-1951 жж. Қазақстан спортшылары бокс пен ат спорты бойынша бүкілодақтық ірі жарыстардың жеңімпадары болып үлгірді. Атап айтқанда, бокстан М.Омаровтың, А.Үсеновтың жолдары болып, мұның алғашқысы спорт шеберін алған тұңғыш қазақ еді. Абайдың 100 жылдығы, Жамбылдың 100 жылдығы сияқты атаулы даталарға байланысты мерекелердегі жарыстар жарқын түрде өткізіліп жатты. 1949 жылы республикада «Қазақ ұлттық спорт түрлерінің қысқаша жинағы» шығарылып, ол түпкілікті түрде ұлттық ойындардың ресми мәртебесін бекітіп, олардың әрі қарай дамуына ықпал етті.

Спорттық ұйымдардың қызметтері мазмұнды болып, таралатын спорт түрлерінің қатары арта түсті. Егер 1946 жылы республикада 22 спорт түрі болса, олардың саны ұлттық спорт түрлерін қоспаған, 1950 жылы 55-ке дейін ұлғайды. 1950 жылы 24 қарашада Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «Бүкілқазақстандық мерейтойлық спартакиадалар қорытындысы және дене шынықтыру спорттық жұмыстарды әрі қарай жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады.

1951 жыл Қазақстан спортының тарихында ерекше орын алады. Осы жылы елімізде бірінші рет Алматы маңындағы Медеу шатқалындағы мұз айдыны іске қосылды. Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесінің жұлдесі үшін болған алғашқы ресми

жарыстар, екі әлемдік және алты бүкілодақтық рекордтардың қойылуымен ерекшеленді. 1953 жыл Қазақстан тарихында алғаш рет республика спортшыларының халықаралық байланыстарға қол жеткізуімен айшықталды. Осы жылдан бастап Қазақстан спортшылары КСРО құрамында ауыр атлетика, жеңіл атлетика, бокс, коньки спорты сияқты түрлерден халықаралық жолдастық кездесулер мен ресми жарыстарға қатыса бастады.

Республиканың спорттық ұйымдары спорттың кейбір түрлерінің дамуында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. 1952 жылы тамызда Алматыда өткен VI-Бүкілқазақстандық спартакиада 2000 спортшыдан тұратын ең көп қатысушыны жинады. Кейін қазан айында республиканың мықты деген спортшылары Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының дәстүрлі спартакиадасына қатысып, жалпы командалық есепте 2-орынды иеленді.

1953 жылы республикамызда 525 000-нан аса дене шынықтырушылар бар болса, ол соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда 3,5 есе көп болды. Олардың арасындағы 50 000 білікті споршыларды құрады. 1954 жылы жазда ауыл спортшыларының III-Бүкілқазақстандық спартакиадасы өткізіліп, онда 800 спортшы қатысты. Бұл спартакиадада Солтүстік Қазақстан облысының спортшылары жеңіске жетті.

1955 жылы ақпанда Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесі Қазақстандағы дене шынықтыру мен спортты дамытудың әрі қарайғы шаралары туралы шешім қабылдады. Алайда, КСРО халықтарының бірінші спартакиадасында Қазақстан 13-орын алған болатын. 1956 жылы 5 қазанда Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесі мен партияның Орталық Комитеті «Республикадағы дене шынықтыру мен спортты әрі қарай дамытудың шаралары мен ахуалы туралы» бірлескен қаулы қабылдады. Онда Қазақстан командаларының КСРО халықтар спартакиадасында көрсеткен өнері қанағаттанарлықсыз деп танылды.

Осы бағалауды ескере отырып, спорттық ұйымдар жоғары білікті спортшылар даярлауға айырықша көңіл аударды. Мұнымен бірге, Мельбурнда өтетін (Аустралия, 1956 ж.) XVI Олимпиада ойындарына дайындалу мен қатысу міндеттері қойылды. Бұл Қазақстан дене шынықтыру қозғалысының жоғары қарай көтерілуінің кезекті кезеңі болып табылды. Айта кетерлік нәрсе, спорттық ғимараттарды қалпына келтіру, түрлі спорттық іс-

шараларды өткізу, дене шынықтыру мен спортпен айналысушылар санын арттыру, соққылық түрдегі еңбек майданы болып табылды. Қазақстандағы мәдениет пен дене шынықтыру спорттық қызмет, әсіресе, 1951-1958 жылдар аралығында кең түрде дамыды, Оған республика командаларының КСРО халықтарының I-ші спартакиадасында ат спорты мен басқа да спорт түрлері бойынша бүкілодақтық турнирлерге қатысуы дәлел бола алады.

***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

*1. Елдің халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру кезеңіндегі Қазақстанның дене шынықтыруы мен спортының дамуы туралы қандай ерекше тарихи-спорттық факторларды атауға болады?*

*2. Осы кезеңдегі Қазақстанның түрлі спартакиадалардағы орны қандай болды?*

## 8-БӨЛІМ

### 1959-1991 жж. АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҢ ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

#### 8.1 Қазақстан Республикасында дене шынықтыру қозғалысының бұқаралық түрде дамуының жаңа кезеңінің қоғамдық-педагогикалық аспектілері (1959-1991 жж.)

Халық шаруашылығының көптеген салаларын сәтті түрде қайта қалпына келтіргеннен кейін, басқарушылық жағында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Ол Кеңес Одағында саяси және педагогикалық-мәдени бағыттарды да өзгеріске ұшыратты. 50-ші жылдардың соңы социалистік және мәдени құрылыстың аяқталу және коммунистік қоғам құруға өту уақыты деп есептелді. Осыған байланысты, партиялық, мемлекеттік органдар мен олардың басшылары (Н.С.Хрущевтің бастамасымен), халықты коммунистік қоғам құруға, халықа мәдени, денсаулық сақтау, дене шынықтыру мен спорт қызметтерін көрсету мәселелерін шешуге тартуды бір ауыздан мақұлдады.

Қоғамдағы коммунистік өзін-өзі басқаруды орнықтыру идеяларын басшылыққа ала отырып, КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесі 1959 жылы 9 қаңтарда, кеңестік дене шынықтыру қозғалысында қоғамдық бастамаларды кеңейту және оларда халықтық демократия принциптерін дамыту туралы қаулы қабылдады. Орталықтың барлық шаралары мен іс-қимылдары, барлық республикалар тарапынан мүлтіксіз орындалуы тиіс болды. Сондықтан елдегі дене шынықтыру мен спортты дамытудың әрі қарайғы дамуы жөніндегі партия мен үкімет белгілеген іс-шараларын жүзеге асыру, КСРО халықтарының Екінші спартакиадасын дайындау мен өткізуден бастау алды. Бұл талаптар мен іс-шаралардың барлығы Қазақстанның бүкіл аумағында дене шынықтыру жұмысының белсенденуі мен интенсификациясына ықпал етті.

Осы жерде айта кетерлік жайт, барлық партиялық және мемлекеттік ресми құжаттарда, шығарылған тарих, педагогика және философия кітаптарында, оқулықтар мен диссертацияларда, 1959-1968 жж. аралығы «коммунизмді құру кезеңі» деп көрсетілді. Алайда, мұның барлығы утопия болып шықты. Осыған байланысты,

біздің көзқарасымыз бойынша «дамыған мәдениет кезеңі» деп атауға болатын сияқты еді. Өйткені, бұрынғы Одақ халықтарының, оның ішінде Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының санасында өте үлкен өзгерістер байқалды.

1959 жылы өткен КСРО халықтарының екінші спартакиада-сында Қазақстан жалпы командалық есепте 11-орынды алды. Қазақстандықтар негізінен баскетбол, ескек есу, ат спорты, ауыр атлетика-да сәтті ойын көрсетті. Спартакиадада 9 республикалық рекорд жасаған жеңіл атлетшілер салыстырмалы түрде жақсы өнер көрсетті.

Партия мен үкіметтің қаулысында (1959 ж. 9 қаңтар) көрсетілгендей, Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі Комитеттің орнына, комсомол мен кәсіподақтың белсенді қатысуымен, Спорттық қоғамдар одағының Орталық кеңесі құрылды. Осыған байланысты, халықты дене шынықтыру, спорт пен туризмге жаппай тарту басты міндет болып қойылды.

Дене шынықтыру қозғалысын бұқаралық ету, түрлі спорт түрлерінде жастар сұранысын қанағаттандыру сияқты көптеген факторлардан тұрады. Ойнатылып жүрген спорт түрлерінің жан-жақтылығы, дене шынықтырушылар қатарын толықтыруға жақсы алғышарт болып табылады. Республиканың көптеген дене шынықтыру ұйымдары, өздерінің еңбек ұжымдары мен ауыл тұрғындары арасындағы тәрбие қызметтерін және барлық оқу орындарындағы педагогикалық қызметтерін, дәл осы бағытта құрды.

Республиканың спорттық күнтізбесінде де оң өзгерістер болды. Ол спорттық жарыстармен және сауықтыру іс-шараларымен байытылды. 1960 жылы тамызда Алматыда ҚазақКСР-нің 40 жылдығына арналған X-шы Мерейтойлық спартакиаданың финалдық жарыстары өтті. Бағдарламада спорттың 42 түрі есептеліп, онда 7500 спортшы қатысты. Спартакиадада 24 жаңа республикалық рекорд жасалып, 50 адам спорт шеберлігінің нормасын орындады. Авторлардың белгілеуінше, жалпы білім беру мектептері оқушыларының арасында дене шынықтыру мен спорт қанағаттанғысыз дамыды.

1960 жылғы оқушылар спартакиадасында сегіз облыстың жүзу командалары бірде-бір ұпай жинамады, өйткені, олар разрядтық нормативтерді орындай алмаған болатын. Бұл уақытта оқушылар арасында дене шынықтыру мен спорттың нашар дамуының басты себебі ретінде, республиканың көптеген

аудандарында қажетті спорт жабдықтары мен спорттық базалардың жоқтығын айтуға болады.

Партияның X-съезіндегі Қазақ КСР КП бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың баяндамасында, егер соңғы үш жылда халықтың бастамасымен 200 000 оқушыға арналған мектептер салынса, дене шынықтыруға арнап 200 ғана зал салынған. Сондықтан орта және жеті жылдық мектеп оқушылары арасындағы дене шынықтыру дайындығының жоспары 65 пайызға ғана орындалған.

Барлығына белгілі, дене шынықтыру қозғалысын сәтті түрде дамыту, көбінесе білікті спортшыларды дайындай алатын, қоғамдық нұсқаушыларға әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсете алатын, спорттық-көпшілік және емдеу-сауықтыру жұмыстарын кең түрде жүргізе алатын дене тәрбиесінің сапалы мамандары мен олардың санына байланысты. Алайда, бұл салада да үлкен кемшіліктер болды.

Әсіресе, Көкшетау, Гурьев, Павлодар облыстарында жоғары дене шынықтыру білімі бар мамандар аса тапшы еді. 1961 жылы жоғары білімді мамандар 1021 адамды, арнайы-орта білімді мамандар 1349 адамды құрады. Мамандар санының мұндай аз болуы, республиканың білікті маманға деген үлкен қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады. Осы уақытта дене шынықтырушылар саны 1 080 254 адам болды: оның ішінде, 134-спорт шебері, 2314-бірінші разряд, 113 428-көпшілік түрдегі разрядқа ие болатын.

Бұл кезеңдерде республиканың тың игеру аудандарында дене шынықтыру мен спортты дамытуға ерекше назар аударылды. Көптеген тың игеру шаруашылықтарында спорттық алаңдар мен стадиондар салынды, жыл сайын тың игеруші спортшылар саны артты.

1963 жылы КСРО халықтарының Үшінші спартакиадасында Қазақстан спортшылары 12-орынды иеленді. Республика спортшылары қабырғаға ату, биіктіктен секіру, еркін күрес, жеңіл атлетика сияқты түрлерде жақсы нәтижелер көрсете алды.

Қазақстандық гимнастшылар, ватерполшылар, баскетболшылар мен ауыр атлетшілер 8-орынға шықты. Республикадағы дене шынықтыру мен спорттың даму көрсеткіштері көңіл көншітерлік еді. 1963 жылы 206 спорт шебері, 28850 бірінші, 21225 екінші, 101710 үшінші разрядты спортшылар дайындалды. 92405 адам



жасөспірімдер разряд нормаларын орындады. Разрядты спортшыларды дайындау жоспары 125,1 пайызға орындалды.

Жалпы Дене қимылы дене дайындығы топтарындағылар саны 217265 адамға, туризмдегілер 60147, аңшылық пен балық аулау үйірмелеріндегілер 155608 адамға жетті. Дене шынықтырушылардың жалпы саны 1 522 803 адамды құрады. Республика бойынша 1009 штаттық жұмысшы, 1015 ақылы жаттықтырушы, 1400 жоғары және орта білімді маман болды. Бұл мәліметтердің барлығы бұқаралық-көпшілік идея бастамасы бойынша дене шынықтыру, спорт және туризмді насихаттауда педагогикалық ықпалдың кең әрі терең болғандығын көрсетеді.

1964 жылы тамызда Алматыда Бірінші әйелдер спартакиадасы өтті. Жүзу, жеңіл атлетика, көркем гимнастика, шахмат пен үстел теннисі және т.б. сияқты спорттың 8 түрінен республиканың өлкелері мен облыстарының құрама командаларының 600 спортшы қыздары қатысты. Бұл спартакиаданың мақсаты, спорттық қоғамдар мен ұйымдардың республика әйелдері арасында жүргізіп жатқан насихаттық жұмыстарының деңгейі мен нәтижелерін бақылап көру болатын.

1966 жылы КСРО-ның құрылуының 50 жылдығына орай, КСРО халықтарының мерейтойлық VI-шы спартакиадасына спортшыларды дайындаумен байланысты, республиканың партиялық және мемлекеттік органдарының бірқатар ресми іс-шаралары жүргізілді. Бұл жыл дене шынықтыру қозғалысы тарихында маңызды орын алады.

1967 жылы 11 ақпанда Қазақстан партия ОК мен үкіметі, КСРО КП ОК мен Министрлер Кеңесінің шешімдерін іске асыруға бағытталған қаулы қабылдап, Қазақстанның барлық звеноларындағы дене шынықтыру-бұқаралық, спорттық-тәрбие жұмыстарын жақсарту жөнінде нақты шараларды белгіледі.

Республиканың спорттық өмірінде 1967 жыл айырықша болды, онда дене шынықтыру мен спортқа 2 785 969 адам тартылды, бұл республика тұрғындарының 22,4 пайызын құрады, 540 615 разрядты спортшы дайындалды, оның ішінде 559 спорт шеберлігіне кандидат, 60151-разрядтылар, 225 спорт шеберлері бар еді. 10 017 дене шынықтыру ұйымдары есептеліп, олар тек бұқаралық дене шынықтыру қозғалысының ғана емес, сондай-ақ, халықты, әсіресе,

балалар мен жасөспірімдерді, жастар мен студенттерді спорттық-педагогикалық тәрбиелеуде негізгі тірек болып табылды.

Алматы қаласы 1968 жылдан бастап қызықты жарыстарды өткізу орнына айналды. Әсіресе, республикалық Екінші әйелдер спартакиадасы ерекше көңіл аудартты. Жарыстың барлық кезеңдерінде 563 000 қыздар қатысып, оның 64 000 жергілікті ұлт өкілдерінің қыздары құрады. Мұнда үстел теннисі бойынша А.Серікбаева, Г.Даулетова сияқты қазақ қыздары керемет сәтті өнер көрсетті, А.Серікбаева 17 жасында спорт шеберлігін орындады.

Республика спортшыларының КСРО құрамасы қатарында халықаралық жарыстарда ойын көрсетуі туралы айтар болсақ, ол 1959 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары еді. 1968 жылы қазанда Мехикода (Мексика) Олимпиада ойындары өткізілді. КСРО құрамасы қатарында Н.Смоляев, В.Кравченко, О.Антроповтар өнер көрсетіп, волейболдан олимпиада чемпиондары атанса, күрестен В.Бакулин Олимпиаданың күміс жүлдесін иемденіп қайтты.

1968 жылдың қорытындысы қазақстандық дене шынықтыру қозғалысы үшін республикадағы дене шынықтыру мен спортты әрі қарай дамытудың жаңа жолы болып табылды.

Олар келесілерден көрініс табады, КСРО партиясы мен үкіметі қабылдаған 1959 жылғы 9 қаңтардағы қаулысы тиісті деңгейде іске асырылмады. Өйткені, мемлекеттік органдар тарапынан спорттық жалпы іс-шараларды бақылайтын орган болмады. Спорттық қоғамдар мен ұйымдар одағы өзіне қойылған міндеттерді орындай алмады. Мұның барлығы дене шынықтыру ұжымдары мен қозғалыстары туралы статистикалық мәліметтерде айқын көрініс тапқан. Осындай кемшіліктерге байланысты, Халықаралық Олимпиада комитетінің талаптарына сәйкес, КСРО КП ОК мен Министрлер Кеңесі 1968 жылы қазанда елдегі дене шынықтыру мен спортты басқару бойынша, КСРО Министрлер Кеңесі жанынан Дене шынықтыру және спорт жөніндегі Комитет құру туралы қаулы қабылдады. Мұндай қайта құрулар мен елдегі және Қазақстандағы дене шынықтыру қозғалыстарын мемлекеттік басқару түрі, республикамызда дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін кең масштабты жаңа жолмен дамуға жағдай жасады. Оның көрсеткіштері қоғам дамуының келесі кезеңдерінде көрініс табатын болады.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қазақстан аумағында дене шынықтыру қозғалысының бұқаралық түрде дамуының жаңа кезеңіне тән қандай тарихи оқиғаларды атауға болады?

2. 50-70 жылдар аралығында қазақстандық қандай спорт түрлерінің дамуын және спортшыларды ерекше атауға болады?

3. ҚАрастырылып отырған кезеңге тән КСРО КПОК мен Министрлер Кеңесінің дене шынықтыру ісен қатысты қандай маңызды шешімдері мен қаулыларын атауға болады?

## **8.2 Кеңестік мәдениеттің интенсификациясы жылдары және КСРО-ның күйреуіне дейінгі дене тәрбиесі мен спорттың дамуының педагогикалық тенденциялары (1969-1991 жж.)**

1970-1980 жж. мен 1991 ж. дейінгі кезең кеңестік, сонымен бірге қазақ халықтары үшін саясат пен экономикада, әлеуметтік өмір мен мәдениетте тұрақсыз сипатта болды. Бұрнағы жылдардағы дене шынықтыру мен спорттағы оң тенденциялар, 1970-1980 жж. аралығында әлі де болса өз жемістерін беріп келді. Бірақ қоғамдағы қайта құру ұранымен өткен 1981-1991 жылдар аралығы Қазақстан мен Орталық Азия республикаларындағы дамудың тарихи-педагогикалық аспектілерінде жағымсыз өзгерістерге толы болды.

1970 жылы XIII-ші Бүкілодақтық спартакиада өткізіліп, сонымен бір уақытта республиканың әйелдер спартакиадасы да өтіп жатты. 200 мыңнан аса қыздар спартакиаданың түрлі кезеңдеріне қатысып, оның 62-сі спорт шебері нормасын орындады.

Бұл уақытта 2 миллион адам дене шынықтыру және спортпен айналысып, ол республика тұрғындарының әрбір алтыншы тұрғыны дене шынықтырушы болып саналғанын көрсетеді. Олардың қолдануында 28 стадион, 4000 футбол алаңдары мен спорттық кешен алаңшалары, 14000 аса баскетболдық және волейболдық алаңдар, 2546 спорттық-гимнастикалық залдар, 43 жүзу бассейндері, 169 спорттық базалар және т.б. болды. Республикада 10366 дене шынықтыру ұжымдары есептелді. 1970 жылы 540 000 разрядты-спортшылар, 741 000 ЕКД белгісінің иегерлері дайындалды. Осы жылы 9 қазақстандық әлем және Еуропа, 22-сі КСРО чемпиондары болды.

1970-1980 жж. дене шынықтыру мен спорттың көмегімен спорттың бұқаралығы мен халықтың сауықтырылуына айырықша көңіл бөлінді.

1975 жылы XIV-ші Бүкілқазақстандық спартакиаданың барлық кезеңдерінде 11 274 спорттық ұжымнан 3,5 миллионға жуық спортшы қатысты. 1979 жылғы XV-ші Бүкілқазақстандық спартакиада да бұқаралық сипатқа ие болды. Осы үшін республика КСРО спорткомитеті тарапынан «Бұқаралығы және спорттық жетістіктерінің өсуі үшін» арнайы сыйлықпен марапатталды.

Қазақстандықтар жалпы командалық есепте екінші орын алған Красноярск қаласында өткен КСРО халықтарының Қысқы спартакиадасында үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

1982 жылы мамырда Эверестті бағындырған альпинисттер құрамында біздің К.Валиев, В.Хрищатый, Ю.Голодов сынды спортшыларымыз болды.

Қазақстан спортының географиясы да кеңейді. XVI-шы Жазғы Бүкілқазақстандық спартакиадада 3 миллионнан аса дене шынықтырушы мен спортшы қатысып, оның финалдары спорттың 30 түрі бойынша республиканың 12 қаласында өтті.

Айта кетілуі тиіс жайт, республиканың дене шынықтыру-спорттық қозғалысында мектептік дене шынықтыру және балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері маңызды орын алды. Кейбір көрсеткіштер туралы төмендегі кестелер куәлік етеді, онда 1976-1980 жж жалпы білім беру мектептері оқушыларының арасында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар саны жүйелі түрде ұлғайғандығы көрстеледі.

1979 жылы Қазақстанда ұлттық спорт түрлері бойынша I-ші Республикалық спартакиада өтті. Оның ауылдық тұрғындарды дене шынықтыру және спортпен айналысуға тартуда үлкен маңызы болды. Бұл процесс дене шынықтыру мен спорт мамандарының және түрлі ведомстволық ұйымдардың жауапты жұмысшыларының педагогикалық қызметтерін жетілдіруге ықпал етті.

Мәскеуде өтетін кезекті Олимпиада ойындарының (1980 ж.) алдында республикамызда «ЕҚД белгісінен – Олимпиада медаліне» деген ұранмен ЕҚД кешенінің көпсайысы бойынша бұқаралық жарыстар өткізілді. 1976-1980 жж. сорт үйірмелеріне қатысатын оқушылар санының көрсеткіштері кесте – 9 келтірілген.

Кесте – 9. Спорт үйірмелеріне қатысатын оқушылар санының көрсеткіштері (1976-1980 жж.)

Облыс атауы	Сабяққа қатысушыларға шаққанда спорт үйірмелеріндегі оқушылар %									
	1976	%	1977	%	1978	%	1979	%	1980	%
Ақтөбе облысы	43514	35,9	44772	36,2	44313	36,8	48222	37,5	-	40,9
Алматы облысы	71788	40,1	7238	41,2	71962	41,3	74432	44,5	77080	45,5
ШҚО	41903	28,7	42355	29,3	40613	29,2	41559	30,1	43395	31,5
Гурьев облысы	-	-	32728	38,3	22225	26,3	22668	28,2	23604	27,6
Жамбыл облысы	70327	38,9	72471	39,4	74312	39,9	73635	36,0	76939	41,0
Жезқазған облысы	25899	32,1	27414	33,0	28521	34,6	27828	34,0	31086	37,1
Қарағанды облысы	80381	43,4	80717	43,9	77345	43,4	82844	50,1	8656	49,5
Қызылорда облысы	35954	29,8	38476	30,9	40165	32,0	42466	34,8	47613	36,2
Көкшетау облысы	49332	40,1	49960	40,2	48945	39,9	46539	37,4	49364	43,1
Қостанай облысы	78165	46,8	74219	46,0	75067	46,3	70057	41,0	68775	43,9
Маяғышла к облысы	12536	28,0	11551	27,2	11831	25,8	125579	28,1	12702	25,3
Павлодар облысы	47234	30,9	46766	30,8	47204	31,0	49844	35,2	50780	33,6
СҚО	37821	38,0	38126	37,9	36604	38,2	6768	56,4	36775	24,3
Семей обл	53918	33,8	57853	39,5	59336	42,4	60784	48,5	62594	44,0
Талдықорған облысы	50327	35,9	49653	35,8	49045	35,7	46805	32,0	47962	34,7
Торғай обл	-	-	22539	39,3	23585	42,0	24497	46,7	24682	43,5
Орал обл	41223	33,7	42940	34,9	44214	47,4	46675	49,8	4431	38,0
Целиноград облысы	54758	37,2	58758	39,5	57857	39,9	56088	36,0	60232	42,7
Шымкент облысы	117004	31,9	119888	33,8	127770	36,0	134412	39,8	144694	39,5
Алматы к.	9426	7,9	9851	10,1	9630	9,8	6986	9,0	17457	16,5
<b>Қорытынды:</b>	<b>962875</b>	<b>31,4</b>	<b>993365</b>	<b>35,9</b>	<b>991587</b>	<b>35,1</b>	<b>976388</b>	<b>34,8</b>	<b>1056682</b>	<b>38,8</b>

Бұл кесте Қазақстанның жалпы білім беру мектептерінде оқушыларды спорт үйірмелеріне тартуға айырықша көңіл бөлінгендігі жөнінде мәлімет береді. Бұл бағытта облыстар ішінде 1978 жылы Қостанай (46,8%), Қарағанды (43,4%), Алматы (40,1%) облыстары жоғары көрсеткіштер көрсетті. Бұл спорт үйірмелері үшін қалыпты жағдай жасаумен, дене шынықтыру және спортты мамандармен қамтамасыз етумен байланысты еді. Бұл көрсеткіштер 1980 жылдың соңына дейін тұрақтылықты сақтады.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудың мәнді көрсеткіштерінің бірі, оқушы-түлектердің ЕҚД кешені нормативтерін тапсыру болып табылды (10-кесте).

Оқушыларды ЕҚД дене шынықтыру кешенін тапсыруға дайындау, біздің республика мектептері дене шынықтыру мұғалімдерінің, жалпы педагогтар мен мектеп басшылығының негізгі міндеттері болатын.

1976-1980 жж. кезеңінде облыстарда ЕҚД белгісі иегерлерін дайындау бағытында аз спорттық іс-шара өткізілмеді. Егер 1976 жылы Ақтөбе (69,2%), Жезқазған, ШҚО (59,0%), Алматы қаласы (68,4%) нәтижелер көрсетсе, 1980 жылы олар 3-4% жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

Кесте – 10. Мектеп түлектерінің ЕҚД нормативтерін тапсыру санының көрсеткіштері (1976-1980 жж.)

Облыс атауы	10-сыныпты бітірушілерден шыққан ЕҚД									
	1976	%	1977	%	1978	%	1979	%	1980	%
Ақтөбе облысы	5787	69,2	5685	71,9	5762	66,6	5753	5753	5857	73,5
Алматы облысы	9205	74,3	9529	48,1	8149	62,4	9288	9288	10295	84,9
ШҚО	6211	50,9	7323	60,8	8810	73,2	9724	9724	8500	78,6
Гурьев облысы	2563	43,4	3236	55,4	2753	44,0	4292	4292	2295	36,6
Жамбыл облысы	7615	59,8	8018	63,4	10360	77,3	9605	9605	10367	81,5
Жезқазған облысы	2683	49,1	3264	60,4	3464	61,2	5171	5171	4503	82,2
Қарағанды облысы	8949	67,2	9609	72,9	9593	70,8	10595	10595	11049	87,6
Қызылорда облысы	4220	47,5	4014	45,0	5761	64,0	6014	6014	7357	83,5
Көкшетау облысы	4170	44,5	3986	43,0	4434	45,4	4294	4294	8025	89,5
Қостанай облысы	9748	74,1	9817	75,8	9193	66,6	9216	9216	10790	43,0
Маңғышлақ облысы	1793	69,6	1665	66,9	1802	69,5	2262	2262	1854	71,3
Павлодар облысы	5185	54,9	5499	58,8	5691	56,3	5797	5797	6258	66,4

СҚО	4599	63,8	3951	55,2	4227	55,2	3536	3536	2124	30,2
Семей обл	4605	41,9	5264	48,3	6222	55,7	6319	6319	6640	62,8
Талдықорған облысы	4765	48,1	6556	66,4	6558	63,8	6844	6844	8035	78,8
Торғай обл	1557	41,2	2593	69,4	2312	59,5	2706	2706	2671	66,9
Орал обл	4157	45,1	4755	52,0	7165	73,2	8173	8173	4013	43,3
Целиноград облысы	5765	52,3	6507	59,6	6036	54,4	6604	6604	5438	71,2
Шымкент облысы	13284	57,7	14066	61,6	16232	69,5	16498	16498	16990	71,8
Алматы қ.	5803	68,4	5854	70,2	6022	68,8	5954	5954	2465	31,3
<b>Қорыт ынды</b>	<b>112364</b>	<b>57,0</b>	<b>121191</b>	<b>62,0</b>	<b>130546</b>	<b>64,8</b>	<b>138545</b>	<b>138545</b>	<b>131669</b>	<b>67,8</b>

Осыларға қарамастан, ЕҚД белгі иегерлерін дайындау саласында көптеген облыстар, алдыңғы қатардағы облыстардан қалып отырды. Мектептегі дене шынықтыру мұғалімінің педагог, ұйымдастырушы, ұстаз ретіндегі рөлі, өскелең ұрпақты дені сау, кәсіптік орта мен өмірдің белсенді қатысушы етіп тәрбиелеуде маңызы зор.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері сабақ өткізіп қана қоймай, спорттық жарыстарды, оқушылардың белсенді демалысын ұйымдастырушы да болып табылды. Қазақстандағы дене шынықтыру мұғалімдерінің құрамы туралы 11-кестеден көруге болады. Республиканың жалпы білім беру мектептерінде дене шынықтыру мұғалімдері мен ағарту жүйесіндегі штаттық жаттықтырушылар санының өсуі, дене шынықтыру мен спорт саласында мамандардың біліктілігін көтеруге үлкен көңіл бөлгендікті көрсетеді. Бұл осы кезеңде БЖСМ желісінің кеңеюімен және спортпен айналысушылардың үнемі өсуімен байланысты.

Кесте – 11. Мектептер мен БЖСМ-дегі штаттық жұмысшылар санының көрсеткіштері (1976-1980 жж.)

Облыс атауы	Штаттық дене шынықтыру мамандары														
	Дене шынықтыру білімі барлар										Барлығы				
	1976	%	1977	%	1978	%	1979	%	1980	%	1976	1977	1978	1979	1980
Ақтөбе	76	24,9	79	25,4	94	25,5	106	27,7	107	27,9	305	310	368	382	383
Алматы	66,2	33,4	69,0	34,3	68,0	34,7	71,2	35,4	73,9	73,9	492	484	504	487	326
ШҚО	53,7	25,1	54,2	25,3	58,9	24,8	57,8	122	30,1	30,1	439	463	429	404	236
Гурьев	49	24,7	50	22,1	54	25,2	44	24,7	65	36,1	198	226	214	178	180
Жамбыл	276	65,7	280	65,8	224	44,0	265	52,1	267	55,1	420	432	508	508	484
Жезқазған	137	65,5	137	66,8	169	82,0	155	75,2	173	78,9	209	205	206	206	217
Қарағанды	402	85,1	443	84,8	314	77,2	407	88,6	453	88,3	472	522	440	459	513

Қызылорда	93	28,0	97	29,2	46	22,8	96	26,8	106	29,6	332	332	332	357	358
Көкшетау	217	48,2	247	49,3	259	53,5	231	51,5	253	68,7	526	501	484	448	368
Қостанай	189	35,3	206	38,7	227	44,9	231	45,3	224	47,4	535	532	505	509	472
Маңғышылақ	106	100	75	74,2	64	58,7	80	76,9	65	62,5	106	101	109	104	104
Павлодар	283	58,3	285	53,7	278	60,1	295	64,5	297	63,3	485	480	462	457	469
СҚО	218	51,6	276	54,3	278	64,9	311	82,0	269	75,7	422	429	428	349	355
Семей	227	49,1	281	60,8	285	61,0	310	77,8	287	75,1	462	462	467	398	382
Талдықорған	180	46,1	186	50,9	229	57,5	232	56,3	328	77,7	390	365	398	312	422
Торғай	73	41,9	58	33,5	81	45,5	78	42,6	86	48,0	174	173	178	183	179
Орал	256	56,6	211	46,4	229	53,2	236	50,8	191	47,2	429	427	430	464	417
Целиноград	187	39,7	209	43,4	192	41,4	203	45,7	229	51,8	471	482	463	444	442
Шымкент	465	58,5	508	64,7	568	66,1	636	73,7	681	77,2	794	784	859	862	882
Алматы қал.	257	100	275	98,5	277	99,6	373	99,2	384	99,7	257	277	278	286	385
<b>Қорытынды:</b>	<b>4253</b>	<b>53,6</b>	<b>4490</b>	<b>56,1</b>	<b>4620</b>	<b>56,5</b>	<b>4884</b>	<b>61,5</b>	<b>4947</b>	<b>62,6</b>	<b>7923</b>	<b>7992</b>	<b>8163</b>	<b>8002</b>	<b>7897</b>

Әрине, бұл дәстүрлер мен тенденциялар спортшы балаларды белсенді әлеуметтік өмір рухында және дарынды оқушы жастарды тұрақты жоғары шеберлікте тәрбиелеудің педагогикалық негіздеріне оң әсер етті.

Спорттық профильдегі мектеп-интернаттардың жоғары сыныпты мамандар даярлауда жетекші орынды иеленетінін айта кетекен жөн. КСРО-ның көптеген орталық қалалары ішінен, Қазақстан бұл көрсеткіштер бойынша 6-орынды иеленді. Егер 1982-1983 оқу жылында 2 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 13 спорт шеберін, 72 спорт шеберлігіне кандидат, 126 бірінші разрядтағыларды дайындаса, келесі кезеңде (1984-1985 жж.) бұл көрсеткіштер келесідей болды: 2 – ХДСШ, 2 – СШ, 70 – СШК, 75 – бірінші разрядтағылар болды. Бұл дегеніміз, республика спортшыларының басқа спорт орталықтарынан спорттық шеберлікті жетілдіру саласында қалыспайтындығын көрсетеді. Келтірілген кестелер, егер 1976 жылы БЖСМ (ДЮСШ) жаттықтырушылардың жалпы саны 2318 адамды құраса, ал 1980 жылы ол көрсеткіш 5202 адамға дейін жоғарылағанын көрсетеді (12-кесте).

Кесте – 12. БЖСМ-дегі штаттағы жұмысшылар саны (1976-1980 жж.)

Облыс атауы	Штаттық дене шынықтыру мамандары										
	Дене шынықтыру білімі барлар					Барлығы					
	1976	1977	1978	1979	1980	1976	1977	1978	1979	1980	%
Ақтөбе	197	218	245	237	305	80	87	109	124	152	49,8
Алматы	253	260	257	283	334	157	176	165	196	216	64,6
ШҚО	255	267	276	311	291	150	150	143	173	167	57,3



Гурьев	96	111	101	107	120	41	45	40	56	58	48,3
Жамбыл	232	273	271	287	317	158	178	158	174	172	54,2
Жезқазған	149	150	166	186	175	84	74	82	74	80	45,7
Қарағанды	263	281	305	322	329	174	191	196	109	223	67,6
Қызылорда	129	120	129	127	149	83	83	91	95	111	67,7
Көкшетау	201	214	249	270	283	99	111	139	158	161	56,8
Қостанай	214	216	213	259	276	73	93	93	111	117	72,3
Маңғышылақ	73	78	78	77	75	43	47	48	52	52	69,3
Павлодар	242	250	272	282	299	139	143	160	173	190	63,5
СҚО	218	240	250	275	310	85	91	98	115	121	39,0
Семей	166	191	225	224	250	106	114	132	129	137	54,8
Талдықорған	187	184	192	200	199	103	119	125	128	130	65,3
Торғай	66	71	73	82	87	22	30	31	35	38	43,6
Орал	147	162	184	202	205	84	110	94	116	102	49,7
Целиноград	189	223	259	280	288	97	118	118	124	132	45,8
Шымкент	366	343	375	379	402	189	208	225	255	268	66,6
Алматы қал.	368	298	375	395	420	300	327	302	308	332	79,0
РБЖКСШМ	61	58	58	59	66	51	58	58	49	48	72,7
<b>Қорытынды:</b>	<b>2318</b>	<b>4250</b>	<b>4493</b>	<b>4785</b>	<b>5202</b>	<b>2318</b>	<b>2495</b>	<b>3549</b>	<b>2805</b>	<b>2998</b>	<b>57,6</b>

Барлығына белгілі, 1985 жылы қыркүйекте және 1991 жылы Кеңес Одағы партиясы мен үкіметінің елдегі дене шынықтыру мен спорттың бұқаралығын дамыту шаралары және мәдени-спорттық кешендерді құру туралы қаулы қабылдады. Осының негізінде, Қазақстанның партиялық, шаруашылық, мәдени және спорттық ұйымдары мен олардың облыстар, аудандардағы бөлімдері, әсіресе өндірістік ұжымдар мәдени-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша кең масштабты әрекеттер жүргізді.

Осыған байланысты, оқушы жастар, өндіріс еңбеккерлері және түрлі мекемелердегі қызметкерлер арасында сауықтыру дене шынықтыруын ұйымдастыруға мән берілді.

1980-1991 жж. дене шынықтыру мен спорт, Кеңес Одағындағы өмір мен өндірістің басқа да салалары сияқты тоқырауда болып, ол Қазақстанның дене шынықтыру мен спорт ұйымдарының қызметтеріне кері әсер етті.

Алайда, Қазақстанның спорттық ұйымдары Одақ деңгейінде жоғары спорттық көрсеткіштерге жету жолындағы қызметтерін төмендеткен жоқ. 1991 жылғы КСРО халықтарының 10-шы Спартакиадасында Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп, республика боксшылары командалық есепте 1-орын, ал грек-рим күресшілері 2-орын алды.

Кенес Одағының құлау сәтінде (1991 ж.) республикадағы дене шынықтыру қозғалысы маңызды қоғамдық құбылысқа айналып, егеменді Қазақстанда өз дамуының қуатты іргетасын қалады.

Айта кету қажет нәрсе, басталған қайта құру (1985 ж.) мен оның дамуы (1985-1991 жж.), мемлекет пен партияның жекелеген қайраткерлері арасындағы саяси дискуссия мен бәсекелестікке алып келді. Осындай белсенді дискуссиялар мен жекелеген фракциялардың саяси қайшылығы Кеңестік империяның толық құлауына ықпал етті.

Қорытындылай келе, дене шынықтыру мен спорт тарихи-педагогикалық ғылымның құрамдас бөлігі ретінде бұрынғы кеңестік адамдар өміріндегі жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайына өту кезінде қалыптасып, дамыды. Спортшылар бүкілодақтық және халықаралық спорттық жарыстарға белсене қатысты. Қазақстанның спартакиада өткізу дәстүрі, республикада көптеген спорт түрлерінің, оның ішінде ұлттық спорт түрлерінің дамуына мүмкіндік жасады.

Дене шынықтыру мен спорт саласында теориялық білімдер мен педагогикалық бақылаулардың дамуы, дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі, әсіресе спорттық педагогиканың барлық салаларында зерттеулер жасауға негіз қалыптастырды.

Оқушы жастардың дене шынықтыру негізін қалыптастыру, жоғары дене шынықтыру мен педагогикалық білім беруді жетілдіру, саламатты өмір салтын қалыптастыру теориясын жасау, Қазақстан Республикасының жетекші ғалымдарының зерттеу пәні мен нысанына айналды. Зерттеулер нәтижелері республикада дене шынықтыру мен спортты, дене шынықтыру қозғалысының педагогикалық және тарихи негіздері мен тенденцияларын дамытуға ықпал жасады.

Жоғарыда аталғандар келесідей шешімдер шығаруға мүмкіндік береді:

- қарастырылып отырған кезеңде дене шынықтыру мен спортты күшейте отырып дамыту жүргізілді;
- дене шынықтыру мен спорттың мазмұны Дене қимылы дене жаттығуларынан тұрды;
- осы жылдары партия мен үкіметтің Қазақстанда дене шынықтыру мен спортты жетілдіру бойынша көптеген қаулылары қабылданды.

Жалпы алғанда, Қазақстан спортшылары 1956 жылдан бастап 1991 жылға дейін белсенді түрде КСРО халықтарының 10 спартакиадасына қатысып, олар Республиканың, Кеңес Одағының, Еуропа мен Әлем чемпионаттарын, рекордшыларын дайындауға мүмкіндік берді.

Көптеген Қазақстан спортшылары КСРО-ның құрама командаларының құрамына кіре отырып, XV (1952 ж.) пен XXIV (1992 ж.) Олимпиада ойындарына қатысып, алтын, күміс, қола медальдарға қол жеткізіп келді. Бұл оқиғалар олимпиадалық ойындар тарихындағы қазақ спортшыларының игіліктеріне айналды.

Кеңестік империя кезеңіндегі (1917-1981 жж.) Қазақстандағы спортты-дене шынықтыру қозғалысының орнығуы мен дамуы бойынша, қосымша түрде келесі қорытындыларды жасауға болады:

- Қазақстан Ресей мен Кеңес Одағының құрамдас бөлігі ретінде, тек халық шаруашылығының барлық саласында ғана емес, сондай-ақ, дене шынықтыру мен спорт саласында да айырықша орынға ие болды. Кеңес Одағының Түркістандағы алғашқы жылдары (1917-1924 жж.) мұндағы қалалардың спортшылары дене шынықтыру ұжымдарын, спорт клубтарын құрып, дене шынықтыру нұсқаушыларын дайындап, спорт алаңдарын салды. Спорт үйірмелерінде жаттығушылар саны жыл өткен сайын артып, спорттық бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылып, оларға Қазақстанның ұлттық жастары қатысты.
- 1927 жылы Бүкілқазақстандық спартакиаданың өткізілуі ел үшін үлкен оқиға болып табылды. Бұл спартакиада жеңім-паздары 1928 жылғы Бүкілодақтық спартакиадаға қатысты.
- Қазақстандағы (1930-1941 жж.) әлеуметтік мәдениеттің, дене шынықтыру мен спорттың, күрес, бәйге, сайыс, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлерінің, көптеген халықтық-ұлттық қозғалыс ойындарын дамыту кезеңі ауылдық жастардың күнделікті өмірлеріндегі қызмет түріне айналып кетті. Бұл бағытта ЕҚДБ және ЕҚД (I-II сатысы) кешендік дене шынықтыруын ұйымдастыру, сондай-ақ Алматы, Шымкент және басқа өнеркәсіптік

қалаларда еркін спорттық қоғамдар (ЕСҚ) құру үлкен роль атқарды.

- Қазақстан спортшылары екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Отанын ерлікпен қорғады. Оқушылар, студенттер мен жұмысшылар ЕҚДБ және ЕҚД белгі иегерлерін белсенді түрде дайындады.
- Халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру мен халықтардың жаңа экономикалық және мәдени өмірін жасау жылдарында, республикада дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша маңызды іс-шаралар жүзеге асты. Көптеген стадион-дар, спорт залдар, ойын және жеңіл атлетика алаңдары және т.б. салынып, спорт түрлеріне спартакиадалар мен чемпионат-тар (1952-1956 жж.) өткізуге мүмкіндік жасалды. Қазақ дене шынықтыру институты мен дене шынықтыру техникумы мамандар дайындауды күшейтті. Нәтижесінде, республика спортшылары КСРО халықтарының бірінші спартакиадасына қатысып, XV-XVI Олимпиада ойындарына КСРО құрамасының қатарына дарынды спортшыларды шығара білді.
- 1959-1968 жылдары республикадағы дене шынықтыру қозғалысы бұқаралық сипатқа ие болды. Ойындық және бұқаралық спорт (жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу, күрес және т.б.) түрлерінен басқа, ұлттық спорт түрлері де барлық жарыстарда басымдық берілген спорт түрлеріне айналып, нәтижесінде жоғары деңгейлі спортшылар көптеп дайындалып, олар КСРО спартакиадалары, Әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында Қазақстанның намысын қорғады. Осыған байланысты, партия мен үкіметтің (1959, 1966, 1968 жж.) бірқатар қаулылары қабылданып, оларда спортты дамыту, кадр даярлау, спорт жабдықтарын қамтамасыз ету және дене шынықтыру қозғалысын мақсатты түрде бақылау мәселелері қамтылды.
- Халық шаруашылығы мен әлеуметтік-мәдени өмірдің белсенді түрде дамуы, дене шынықтыру мен спорттың, туризм мен халық ойындарының қарқынды дамуында маңызды орында болды. «Қайрат», «Еңбек», «Динамо»,

«Спартак», «Локомотив», «Буревестник» еркін спорттық қоғамдары дене шынықтыру мен спортты елдің күнделікті өміріне сіңіруде керемет жұмыстар жасады. Ауылды жерлерден шыққан боксшылар А.Бейсенбеков, М.Жақсыбаев, Ж.Кукумов, Б.Сағындықов, Б.Сапеев және басқалардың есімдері бүкіл КСРО көлемінде дүркіреп жатты. Сонымен қатар, көптеген балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, мектеп-интернаттары, спорт үйірмелері жарыстарға қатыстыру үшін мақсатты түрде спортшылар дайындады. Республика мен КСРО халықтарының спартакиадаларында жүздеген спортшыларымыз алтын, күміс және қола медальдарға ие болды. Олардың көпшілігі 1980 жылы Мәскеуде өткен Олимпиада ойындарында ел намысын қорғады.

- Қайта құру мен Кеңес Одағының құлау жылдары Қазақстанның халық шаруашылығының барлық салаларына және дене шынықтыру мен спортқа да өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Бұл әсіресе, спорт түрлері бойынша өткен спартакиадалар мен чемпионаттарды, халықаралық турнирлерді ұйымдастыруда байқалды.

Дегенмен, Кеңестік билік жылдарында спорттық дене шынықтыру қозғалысының фундаменталды негіздері жасалды. Сол кездері дайындалған кадрлар, ірі спорт ғимараттары, көптеген оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми еңбектер, бүгінгі күнге дейін дене тәрбиесі жүйесінде мақсатты түрде қолданылып келеді. Олар жөнінде келесі тарауларда айтылатын болады.

### **Өзін-өзі жетілдіруге арналған сұрақтар:**

1. 1970-1980 жылдары Қазақстандағы дене шынықтыру қозғалысы мен жалпы спорттың дамуы туралы басты қандай оқиғаларды айтуға болады?

2. Осы кезеңдерде КСРО спартакиадалары мен Олимпиада ойындарында ел намысын қорғаған қандай қазақстандық спортшыларды көрсетуге болады?

3. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың ұйымдық, салалық және клубтық түрлері деп қандай жағдайларды айтамыз?

4. Жалпы Кеңестік биліктің осы кезеңдерде дене шынықтыру мен спортты дамытуда жасаған оң ықпалын немен түсіндіруге болады?

## 9-БӨЛІМ

### ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ

#### 9.1 Дене тәрбиесі мен спорт Қазақстан Республикасы тұрғындарының мәдени және педагогикалық қызметінің құрамдас бөлігі ретінде

Қазіргі заманғы дене шынықтыру мен спорт тұрғындардың Дене қимылы дене дайындығын оңтайландыру, салауатты өмір салтын ұйымдастыру, өмірлік тәжірибеге дайындау жөніндегі маңызды әлеуметтік функцияларды орындауда. Дене шынықтыру мазмұнының негізін, қозғалыс қызметін рационалды пайдалану, жас және аға буын өкілдерінің дене қызметін дамытуға бағытталған арнайы құралдар мен әдістерді жасаудағы қоғам жетістіктерінің жиынтығы құрайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев дене шынықтыру мен спорттың маңызын жоғары бағалай отырып, былай деді: «Спорт қайырымды іс. Спортта мінез-құлық тәрбиеленеді. Спортпен айналысатын адам шыншыл әрі мейірімді болады. Жас кезінен спортпен айналысатын адам, өмір бойы сәттілікке деген құлшынысын сақтап қалады. Мұны мен өз басымнан білемін...».

Барлығына белгілі, кәсіпорындық, түрлі мекемелік, барлық оқу орындарындағы дене шынықтыру ұжымдары, елдегі дене шынықтыру қозғалысын ұйымдастыру мен басқарудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 2 желтоқсанындағы «Дене шынықтыру мен спорт туралы» Заңында, 1996 жылдың 24 маусымындағы президенттік тесттерде, жасөспірімдік және спорттық клубтарда, ЖОО-да, өнеркәсіп бірлестіктері мен спорттық кешендерде дене шынықтыру ұжымдарының өсуі жөнінде айтылады.

Спорт және туризм министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, республиканың спорттық ұйымдарының статистикалық көрсеткіштері, соңғы жылдары дене шынықтыру ұжымдарының өсімі туралы куәлік етеді, ол 9-кестеде көрініс тапқан.

Адамдар қызметі адамгершіліктік бағытқа ие, өйткені ол адамның рухани дамуына әсер етіп, жалпымәдени мәнге ие

құндылықтарды қалыптастырады. Қазіргі адамның санасында қоғам мен жеке тұлға мәдениеті, дене тәрбиесінің дамуынсыз толыққанды бола алмайды деп түсініледі.

Дене шынықтыруды әрі қарай дамыту міндеті, әлеуметтік саясаттың маңызды бағытына айналды. Қазақстан Республикасының егемендік кезеңіндегі дене шынықтыруды дамыту туралы мемлекеттік құжаттарда, ол қоғам мәдениетінің мәнді түрі ретінде, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде қаралады. Дене шынықтыру біршама органикалық түрде болып, өмір салтымен қосылып, өркениеттіліктің көрсеткішіне айналуы тиіс.

Барлығына белгілі, дене шынықтыру еңбек, тұрмыс мәдениетін жетілдіру, бос уақытты рационалды пайдалану, зиянды әдеттерді тыю, рационалды тамақтану қажеттігін түйсіну сияқты іс-жүзіндегі өзекті міндеттерді шешуге мүмкіндік жасайды. Ол, адам денесі мен ағзасының даму және қызмет жасау заңдылықтарын қарапайым түрде түсінуді қамтамасыз етеді. Адамдардың ескіні тастап, қазіргі өмір жағдайына, өмір сапасы мен қарқынына сәйкес келетін жаңа әдеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Дене шынықтыру қазіргі өмір жағдайында адамның, халық пен бүтін қоғамның мәдениетінің көрсеткішіне айналуға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру адамзат тарихында, яғни халықтардың денсаулығы нашарлап, қозғалысқа деген қажеттіліктер артып жатқан дәл бүгінгі таңдағыдай қажет болған емес. Сол үшін дене шынықтыру құралдарының потенциалдық мүмкіндіктерін анықтау үлкен маңызға ие болып отыр.

Кеңестік империяның жойылуына байланысты, біздің өмірімізге еніп жатқан терең өзгерістер жүруде. Түбегейлі қозғалыстар әлемнің заманауи кейпін ауыстырады. Олардың қозғаушы күші, халықтардың еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылуы, өз тағдырларын өздері шешуге тырысуы болып табылады. Қазақстанның біріншілердің қатарында шынайы егемендікке жетудегі өз мақсаттары туралы жариялағанын мақтанышпен айта аламыз. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының үкіметі бірқатар заңдар мен қаулылар қабылдады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы, ол 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының алғаш қабылдануы. Содан кейін оған 2003 жылы 4 шілдеде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бүгінгі таңда еліміздің осы саласы 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V Заңымен жұмыс жасап келеді. Онда ең бастысы дене тәрбиесі мәдениеттің

ажырамас бөлігі, тұлғаны дұрыс дамытуға мүмкіндік беретін рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығын көрсететін әлеуметтік қызметтің маңызды саласы ретінде бағаланады. Бұл заңнама 12 тарау, 59 баптан тұратын. Бұл заңнама Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайтын негізгі құқықтық құрал болып табылады.

Аталған Заң бойынша айтылатын, дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік басқару мен үйлестіру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы, дене шынықтыру мен спорт жөніндегі уәкілетті орган – мәдениеттің ажырамас бөлігі, рухани және материалдық құндылықтарын көрсететін, адамның Дене қимылы күшін дамытуда пайдаланылатын, оның денсаулығын нығайтатын, оның үйлесімді дамуына ықпал ететін және жоғары спорттық жетістіктерді қамтамасыз ететін әлеуметтік қызмет саласы болып саналады.

Ел Конституциясы мен ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына сәйкес, Елбасының тікелей бастамасымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылдың 28 желтоқсанындағы №230 Жарлығымен 2007-2011 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының бекітілуі көңіл қуантады.

Мемлекеттік бағдарламада 2007-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың перспективасы мен ұйымдастыруы туралы келесідей бағыттар белгіленген:

- Проблемалардың қазіргі жағдайларын талдау;
- Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері;
- Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмдері;
- Саланың нормативтік және құқықтық базасын жетілдіру;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту мен дамыту;
- Саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыздық;
- Дене шынықтыру мен спорт арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру принциптерін бекіту;



- Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру;
- Жоғары және арнайы орта оқу орындары студенттері мен оқушыларының дене тәрбиесі;
- Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдары мен күштік құрылымдар қызметкерлерінің Дене қимылы мен дайындығы;
- Тұрғындардың дене шынықтыруы;
- Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт;
- Спорттық резерв пен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау;
- Дене шынықтыру мен спортты насихаттау;
- Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері, басқа да қызметтер.

Республиканың дене шынықтыру өміріне тән оқиға, «2007-2011 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған перспективті іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру болып табылды.

Дене шынықтыру мен спортты ұйымдастыру және басқарумен байланысты мемлекеттік актілер мен түрлі ережелерді жүзеге асыруда, дене тәрбиесінің бүкіл жүйесінде басқарушылық қызмет басты роль атқарады. Осы орайда, белгілі ғалым В.И. Уваровтың зерттеу нәтижелері көңіл аудартады. Онда Қазақстанның дене шынықтыру қозғалысының саласындағы басқарушы органдарының негізгі міндеттері, әдістері, құқықтары мен мазмұны туралы мәліметтер келтірілген. Автор көрсеткендей, «басқару теориясы мен мемлекеттік тәжірибеде басқару жүйесін құру негізіне қоғамдық дамудың объективті факторлары салынған. Басқарушылық механизмінің салалық мамандануының материалдық базасы, өндіріс пен қоғамдық өмірдің басқа да салаларын мамандандыру болып табылады».

Басқару жүйесінің негізгі бағыттары 2007-2011 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында қамтылған. Осыған байланысты, елдің осы кезеңіндегі спорттық-дене шынықтыру қозғалысының барлық звеноларын нақтылап мазмұндаудың қажеттілігі жоқ.



**8-сурет. Кезекті теннис орталығының ашылуы:  
Елбасы Н.Ә.Назарбаев және Теннис федерациясының  
Президенті Б.Ж.Өтемұратов**

Басқару, адамдардың дене шынықтыру мен спорт саласында ұжымдық, бірлескен, өзара байланысты қызметі жүзеге асатын жерде болады. Ол басқарушылықтың бірінші белгісі. Әрбір спорттық ассоциация (федерация, клуб, орталық және т.б.) өз санына қарамастан қандай да болмасын дәрежеде басқарушылықты қажет етеді. Мұның барысында, жеке адам дене шынықтыру мен спорттың басқару жүйесіне, өзі мүшесі болып саналатын нақты ұйымдық құрылым арқылы келіп қосылады. Бұл азаматтардың дене шынықтыру және спортпен айналысу құқығын жүзеге асыратын кәдімгі ұйымдастырушылық формасы деген сөз.

Басқарудың келесі бір белгісі – оның мақсаты сипаты мен специикалық міндеттерді шешу болып есептеледі. Дене шынықтыру мен спорттың басқару жүйесінің сапалы ерекшеліктері өзінің нормативті белгіленген мақсатын көрсетеді. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында, мемлекеттік биліктің басқа да жоғарғы актілерінде қалыптасып, өз орнын табады.

Дене шынықтыру мен спортты басқару, ұйымдастырушылық мәні, сипаты мен ерекшеліктері – дәл осы ұйымдастырушылық жұмыс болып есептеледі. Бұл аспектіде басқарушылық, дене шынықтыру мен спорт жұмысы саласында адамдардың ұжымдық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қоғамға қажетті құрал мен

механизм ретінде қарастырылады. В.И.Уваровтың айтуы бойынша, әлеуметтік аспектіде «ұйымдастыру» түсінігі органикалық тұрғыда «басқару» деген түсінікпен байланысты. Сонымен қатар ол басқару мәнін көрсетеді. Дене шынықтыру мен спорт қызметін басқаруда, дене шынықтырудың қоғамдық және спецификалық функциялары басты рөл атқарады. Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің бір түрі болып табылғандықтан, жалпымәдениеттік сипатқа ие. Дене шынықтырудың салыстырмалы өзбеттілігін, оның адамдарды Дене қимылы тәрбиелеуге бағытталған спецификалық функциялары қалыптастырады. Бұл процесс нақтылы түрде И.И.Сулеймановтың еңбегінде көрініс тапқан. Жоғарыда талданғандар негізіндегі дене шынықтыру мен спорттың қоғамдық қызметтері 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте. Қазақстан Республикасы бұқаралық дене шынықтыруының қоғамдық қызметтері

Функция типтері	Материалды-қайта жасаушы	Әлеуметтік	Саяси	Рухани
Спецификалық (тіке)	Дене қимылы дамуды оңтайландыру		Басқарушылық (регулятивті)	Арнайы-теориялық
	Кәсіби қолданбалы	Әлеуметтік-ұйымдастырушылық		Психореттеушілік
	Реабилитация		Әскери-қолданбалы	Қажеттілікті-мотивациялық
Педагогикалық (тәрбиелік, білім берушілік, дамытушы)				
Жалпы мәдениеттік (жанама)	Экономикалық	Әлеуметтендіруші	Әлеуметтік-профилактикалық	Көзқарастық
		Жекешелендіруші; Коммуникативті		Құндылықты-нормативтік адамгершіліктік
	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету; Өндірістік-профилактикалық	Салауатты бос уақытты ұйымдастыру; отбасылық-тұрмыстық	Үгіттік-насихаттық	Эстетикалық Катарсиялық Увдонты

Осы жерде мынадай қорытынды жасауға болады, қоғам мен халықтың өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың әрбір функциясы, денсаулықты нығайтуға бағытталған. Ол әрбір адамның ұзақ жасауы үшін қызмет етеді және мемлекет беделін тек өз

аумағында ғана емес, әлемдік масштабта да көтереді. Дәл осы мақсатта Қазақстан Республикасы елдегі дене шынықтыру-бастамашылық үшін барлық жағдайларды жасауда.

Реті келгенде, педагогика ғылымдарының докторы, академик, КСРО спорт шебері, ҚазКСР-на еңбегі сіңген жаттықтырушы Мардан Баймырзақұлы Сапарбаев дене шынықтыру мен спорт саласына, соның ішінде, қазақ классикалық (грек-рим күресі бұрындары осылай аталатын) күресіне орасан зор үлес қосқанын айта кету керек. КСРО кезінде 54 спорт шеберін, соның ішінде, 4 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін даярлаған Мардан Баймырзақұлы білікті ұстаз, танымал ғалым, өнегелі басшы ретінде 1966 жылы заманымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық (ол кезде Н.К. Крупская атындағы) институтында Дене тәрбиесі факультетін ашқан. Аталмыш факультеттің декан қызметін атқара келе сол салада көптеген мамандарды даярлаған. Кейінірек Шымкент қаласындағы дене шынықтыру техникумына директор болып ауысып, оның да Бүкілодақтық денешынықтыру және спорт саласында атын шығарған тұлға. Сонымен қатар, 1991 жылы аталмыш техникум базасында Шымкент педагогикалық дене шынықтыру институтын ашқан. Мардан Баймырзақұлы білім саласында педагогикалық мамандықтарды дене шынықтырумен ұштастыра білген өткір ойлы, ұшқыр да, өжеттік талпынысының арқасында жоғары оқу орнын еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналдырды. Бірнеше рет қалалық, облыстық мәслихат депутаты болып сайланғалы, білім беру саласын, оның ішінде, дене шынықтыру мен спорттың мәртебесін қарқындатты.

Жоғары жетістіктер спортында елеулі көрсеткіштерге жеткен еңбегін бағалай келіп, еліміздің спорт басшылығы грек-рим күресінен М.Б.Сапарбаев атындағы халықаралық турнир өткізуге мұрындық болды. Турнирдің құрметті қонақтары ретінде аты аңызға айналған ресейлік палуандар А.Карелин, В.Бакулин, А.Колесов, В.Резанцев, Мардан Баймырзақұлының КСРО құрамында өнер көрсеткен командалас әріптестері, өзіміздің палуандар Ю.Мельниченко, Б.Дециев, Д.Тұрлыханов және басқа да аты әйгілі спортшылар қатысты. Бүгінде М.Б.Сапарбаевтың есімімен көше, мектептер, институт, грек-рим күресінен халықаралық турнир атаулары аталған болатын.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Тәуелсіз Қазақстанның дене шынықтыруы мен спортына қатысты жалпы қатынастар қандай нормативтік-құқықтық акті негізінде жүзеге асады және ол қандай бөлімдерден тұрады?

2. Егеменділіктің бастапқы кезеңдерінде дене шынықтыру қозғалысын дамытуда Қазақстанда қабылданған шаралар мен бағдарламалар қандай еді?

## **9.2 Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт дамуының негізгі көрсеткіштері**

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Жолдауында, ең тиімді жолдың бірі, өмір салтын зиянды әдеттерден спортқа универсификациялау екені жөнінде айырықша атады.

Жалпы алғанда, егемендік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында спорт саласына қатысты ауыз толтырып айтарлық игі бастамалар мен ауқымды шаралар жүзеге асырылып келе жатқаны да белгілі. Олардың бірсыпырасын келесі дәйектерден көруге болады:

- 1992 жылы егеменді Қазақстан Республикасы спортшыларының тәуелсіз достастық елдердің бірлескен командалары құрамында алғаш рет Барселонадағы Олимпиада ойындарына қатысуы;

- 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің құрылуы;

- 1995 жылғы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы;

- 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы;

- 1996 жылғы ҚР Президенттік тестілеудің бекітілуі туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы;

- Қазақстанның спорт түрлері бойынша федерацияларының құрылуы;

- 2006 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны қабылдау туралы Президент Жарлығы;

- 2007 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы Үкімет Қаулысы;

- Қазақстан спортшыларының 1996, 2000, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдардағы жазғы Олимпиада ойындарында жалпы саны 69 медальды иеленуі;

- 2011 жылы Қысқы Азиада ойындарын өткізуі;

- 2011 жылы ҚР Президенті жұлдесі үшін Қазақстан барысы республикалық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

- 2012 жылы ҚР Президенті жұлдесі үшін Еуразия барысы халықаралық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

- 2016 жылы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту 2025 жылға дейінгі Концепциясының қабылдануы;

- 2017 жылы Дүниежүзілік Қысқы Универсиаданы өткізуі және т.б.

Елбасының тікелей ұйытқы болып, қолдауының арқасында Қазақстан Республикасы өзінің егемендігі жылдарында бірнеше әлемдік және халықаралық додалар мен жарыстарды өткізіп үлгірді. Атап айтқанда, 1997 жылы Орталық Азия ойындары, 2011 жылы Қысқы Азиада және 2017 жылы Бүкіләлемдік Универсиада Қазақ жерінде жоғары деңгейде өтсе, 2022 жылы өтетін Қысқы Олимпиаданы өткізетін жеті елді іріктеу шарасында Қазақстан Қытай мемлекетімен бірге ақтық финалға дейін жетті.

Қазақстан жерінде Азиада мен Универсиаданы өткізу ерекше саяси шешім болып табылады. Олар тек Қазақстанның халықаралық мәртебесін өсіріп қана қоймай, сондай-ақ, қысқы ойын түрлері бойынша инфрақұрылымдарды жоғары деңгейде құруға, сондай-ақ ең бастысы бейбітшілік пен достықтың, толеранттылықтың нағыз қазақстандық үлгісін көрсетіп, насихаттауға мүмкіндік берді. Осындай мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі шараларды жүзеге асырып келе жатқан Қазақстанның әлемдік спорттық державалармен иық теңестіруге қатысты барлық мүмкіндіктері бар. Ол үшін әлі де болса алда қол жеткізер мақсаттар мен атқарылар міндеттердің мол екені және әлемдік алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес болатынымыз сөзсіз.

Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана

табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» - деген болатын.

Жалпы бүгінгі таңдағы дене шынықтыру мен спорттың жай-күйін талдап және зерделей отырып, оның жоғарыда аталған жағдайларға байланысты қаншалықты деңгейде екенін төменде берілген 14 және 15 көрсеткіштік кестелерден байқауға болады.

Қазақстан өңірлерінен жинақталған деректер бойынша спорт ғимараттардың саны 2014 жылы 34 926 объектіні құраған. 2015 жылғы есептік қорытынды бойынша спорт ғимараттардың саны 35 783 объектіні құраса, ол 2014 жылмен салыстырғанда спорт ғимараттардың саны 857 бірлікке ұлғайып, бұл олардың 2,4%-ға артқанын көрсетеді.

Жалпы Республикада қолданыстағы 35 783 спорттық ғимараттың 26 186-сы спорт мектептерін қоса алғанда, білім беру мекемелеріне тиесілі болса, 9 597-і ғана дене шынықтыру-спорттық мақсаттағы объектілерге жатады екен.

14-кесте. 2015 жылғы қорытынды бойынша ақпарат спорт ғимараттарының көрсеткіштері

Облыс тар	Барлығы	Спорт кешені	Жапсарлас спорт залдары	Спорт сарайы	Спорт құрылыс кешені	Шаңғы базасы	Ату тирі	Иппо-дром	Спорт манежі	Велотрек	Мұз айдыны	Хоккей қорты
Ақмола	2230	21	110	2	0	11	54	1	3	0	0	157
Ақтөбе	1610	10	156	1	11	3	27	1	1	0	0	31
Алматы	3294	20	160	2	12	1	255	6	0	0	1	5
Атырау	974	18	31	1	1	0	23	0	0	0	0	3
ШҚО	3148	27	284	2	7	26	123	14	7	0	4	252
Жамбыл	2013	13	71	1	3	0	83	1	0	0	0	0

БҚО	1553	11	152	1	0	6	103	0	1	0	0	3
Қарағанды	2804	55	277	7	13	83	119	1	7	0	0	181
Қызылорда	2095	17	204	0	0	0	83	2	1	0	0	1
Қостанай	2429	44	200	2	14	41	106	5	1	0	1	60
Маңғыстау	555	15	14	0	0	0	10	2	0	1	0	1
Павлодар	3350	25	319	3	1	8	167	2	1	0	0	71
СҚО	2738	9	226	1	0	16	61	2	2	0	0	391
ОҚО	5178	32	132	1	9	1	208	3	19	0	0	1
Алматы қ.	1202	14	12	1	10	3	20	1	7	1	1	3
Астана қ.	610	13	48	2	2	1	21	3	6	1	1	17
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>35 783</b>	<b>344</b>	<b>2396</b>	<b>27</b>	<b>83</b>	<b>200</b>	<b>1463</b>	<b>44</b>	<b>56</b>	<b>3</b>	<b>8</b>	<b>1177</b>

15-кесте. 2015 жылғы қорытынды бойынша ақпарат спорт ғимараттарының көрсеткіштері

Облыс тар	Теннис корттар	Жазық ғимарат	Жүзу бассейні	Спорт залдар	1500 және одан көп орындық стадион	Құрама ком оқу-жат орт.	Есу базасы	Атыс алаңы	Есу арнасы	Яхт-клуб	Шаңғы трамплин	Гольф алаңы
Ақмола	20	1212	17	605	15	0	0	2	0	0	0	0
Ақтөбе	24	929	8	393	14	0	0	1	0	0	0	0
Алматы	27	1949	46	780	22	2	0	4	0	2	0	0
Атырау	12	623	8	246	6	0	1	0	1	0	0	0
ШҚО	15	1602	29	731	21	0	2	1	0	0	1	0
Жамбыл	11	1330	8	469	19	1	0	3	0	0	0	0
БҚО	20	970	5	276	3	0	2	0	0	0	0	0
Қарағанды	46	1268	24	695	23	1	2	1	0	1	0	0
Қызылорда	15	1384	4	373	11	0	0	0	0	0	0	0
Қостанай	33	1224	18	643	33	0	0	3	0	0	0	1
Маңғыстау	18	279	10	196	5	0	0	1	1	1	1	0
Павлодар	20	2186	19	512	15	0	0	1	0	0	0	0
СҚО	8	1453	12	521	33	0	0	3	0	0	0	0
ОҚО	29	3756	32	927	22	3	1	1	0	0	0	1
Алматы қ.	61	705	32	310	12	5	0	0	0	0	1	3
Астана қ.	22	253	21	190	4	2	1	1	1	0	0	0
<b>Барлығы:</b>	<b>381</b>	<b>21123</b>	<b>293</b>	<b>7867</b>	<b>258</b>	<b>14</b>	<b>9</b>	<b>22</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>5</b>



Жалпы республикада соңғы онжыл көлемінде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жасөспірімдік клубтар, Дене қимылы дайындық, дене шынықтыру-сауықтыру және кәсіпқой клубтар саны артты. Жалпы білім беру мектептерінің бағдарламасына аптасына үшінші сабақ дене тәрбиесі пәні енсе, арнайы орта және ЖОО-да аптасына төрт сағаттық сабақ болып енгізілді.

Ұзақ үзілістерден кейін оқушылардың жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша республикалық спартакиадалар, студенттік универсиадалар, футболдан, хоккейден, шаңғы жарысынан және т.б. жаппай старттар өткізіле бастады. Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері көбейді және Оңтүстік Қазақстан облысындағы, Шығыс Қазақстан облысындағы және Қарағанды облысындағы БЖСМ айналысушы балалар саны артты.

Сонымен қатар, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарында, олимпиадалық резерв орталықтарында да спортпен шұғылданушылар саны артып, кең танымал спорт түрлері күрес, бокс, дзюдо, ауыр және жеңіл атлетика болды.

Профессор А.К.Кульназаров, «Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет ретінде орынығып, дамуы және ТМД-да бірыңғай басқару жүйесінің болмауы себепті, өткен ғасырдың 90-92-жылдарында спорттық-дене шынықтыру қозғалысы мен оның құрамдас бөліктерінде қайта құрулар мен жетілдіруге деген қажеттілік туындады» дей отырып өте дұрыс атап көрсетті.

Республикалық спорттық ұйымдардың ресми құжаттарында саланың әлсіз материалдық-техникалық базасы мен олардың республикалардағы ахуалы, тұрғындарды да, жоғары білікті спортшылардың да қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Мұның барысында жергілікті жерлерде, ұйымдар мен оқу орындарында спорттық ғимараттар, құрылғылар мен бұйымдар жетіспейтіндігіне назар аударылады. Спорттық, дене шынықтыру және сауықтыру ғимараттары халық сұранысының 30 пайызын ғана құрады. Көптеген спорттық ғимараттар қолданудың халықаралық техникалық регламенттері бойынша жетілдірудің және қауіпсіздіктің талаптары мен нормативтеріне сәйкес келмеді.

Сол кездері, әсіресе ауылдық жерлерде спорттық және дене шынықтыру ғимараттарының желісі, өзінің жетіспеушілігімен, оған деген енжарлықпен, төмен сапасымен сипатталды. Көптеген спорттық ғимараттар коммуналдық немесе жеке меншіктерде болды, оның

иелері заманауи құрылғылар мен заттар алуға қызығушылық танытпады.

Сонымен қатар, жоғары жетістікті спортта да өткір жетіспеушіліктер орын алып, олимпиадалық дайындықтың республикалық және облыстық орталықтарында да жеке материалдық-техникалық базасы талаптарға сай келе бермеді.

### **9.3 Спорттық шеберліктің өсуі және жоғары деңгейлі спортшыларды дайындауды жетілдіру жолдары**

Спорттық қызметтің нәтижелері мен жетістіктері жергілікті жерлердегі ғана емес, сондай-ақ, республикадағы және әлемдік дәрежедегі көрсеткіштер бойынша өлшенеді. Қазақстанның ТМД-ның басқа елдері сияқты экономиканың барлық саласында, оның ішінде дене шынықтыру мен спортта да қиындықтарды басынан өткергені жасырын емес. Өйткені Кеңес Одағының ыдырауымен дене шынықтыру және спорттағы бұқаралық сипат бірденінен төмендеді.

Алайда, энтузиаст мамандар мен мемлекеттің көмегі арқасында уақыт талаптарына сәйкес халық арасында спорттық-дене шынықтыру іс-шаралары өте бастады. Бұл дене шынықтыру және спортпен тұрақты айналысушы спорттық ұжымдар санының артуына әсер етті.

Бүгінгі таңда біздің еліміз экономикалық өсу, перспективті индустриалды даму мен позитивті әлеуметтік реформалар кезеңдерінен өтуде.

Мәселен, 2000-шы жылдардың соңына қарай, Президенттің Жарлығымен 2007-2011 жж. арналған дене шынықтыру мен спорттың ұзақ мерзімді Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Онда айырықша орындарды, жоғары жетістіктер спортын дамыту, қысқы Азиада ойындарын өткізуге қажет халықаралық стандарттарға сай заманауи спорт нысандарын салу сияқты мәселелер иеленді.

Елбасы жүргізген экономикалық реформалар арқасында, басты мақсатқа қол жетті, ол: тәуелсіз және көпұлтты еліміздегі саяси тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім болып табылады. Президенттің «Жаңа әлемдегі, жаңа Қазақстан» атты Жолдауында Қазақстанның дамыған 50 елдің қатарына ену бағытындағы

жобаларды жүзеге асыру жүргізілді. Әрине, оның ішінде жоғары жетістіктер спорты мен олимпиадалық қозғалыстарды дамыту мәселелері де бар.

Дене шынықтыру мен спорт бойынша Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін 160 млрд теңге қаралды. Бағдарламаға бұқаралық спортты дамыту, замануи спорттық ғимараттарды салу, олимпиадалық резерв пен жоғары деңгейлі спортшыларды дайындау бойынша іс-шаралар қосылды.

Айта кетерлік нәрсе, өткен оқиғалар мен елдің перспективасын талдау, сол кезеңдегі негізгі басымдылықтарының келесілер болғанын көрсетті:

- Туризм мен спорт саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;
- Халықтың дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру;
- Спорттық резервті дайындау мен әлемдік деңгейдегі спортшыларды тәрбиелеу;
- Халықаралық стандарттарға сәйкес спорт инфрақұрылымын жасау мен қайта құру.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы Заңға сәйкес, спорттық қоғамдық ұйымдарда келісімшарттық және өзара тиімді әріптестік негізінде министрліктер және ведомстволармен бірге «Жастар», «Еңбек», «Қайрат» сияқты еркін спорттық қоғам құру мүмкіндігі пайда болды.

Жастарды спортпен айналысуға тарту үшін елдегі қалалар мен аудандарда спортың басымды түрлерін дамыту үшін балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектептерін құру бойынша республикалық бағдарлама жасалды.

Еліміздің спорттық имиджінің көтерілуіне айырықша үлес қосқан спортшылар мен бапкерлерді әлеуметтік жағынан қолдау үшін, 24 АЕК көлемінде өмірлік ай сайынғы төлемдер деңгейі жоғарылатылды. Ұлттық құрама командалар мен республикалық спорттық ұйымдар басшыларының жалақы көлемі де көтерілді (500 АҚШ долларынан аса).

VII-ші қысқы Азия ойындарын өткізуге байланысты замануи спорт базалары, спорт ғимараттары салынып, шаңғы мен биатлонға арналған Шымбұлақ кешені, әмбебап спорт сарайы, тау шаңғы базасы мен олимпиада ауылы барлық инфрақұрылымдарымен бірге реконструкциядан өтті.

Алматы қаласындағы «Шаңырақ» шағынауданындағы және Алматы облысының Қаскелең ауданындағы спорттағы дарынды балалардың республикалық мектеп-интернаттарының құрылыстары аяқталды. 2009 жылы Республикалық олимпиадалық дайындық базасы толық аяқталды. Астана қаласында да бүкіл Орталық Азиядағы ең заманауи велотрек, коньки жарысы сарайлары мен футбол стадионы, Щучинскідегі шаңғы базасы салынды.

Ел Президентінің жеке үлгі болуының арқасында, гольф, үлкен теннис, ат спорты, тау шаңғысы сияқты спорт түрлері бойынша спорттық нысандар дүниеге келді.


2000 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы құрылды. Оған ғылыми бағдарламаларды жасаумен қатар колледж, мектеп оқушыларының спартакиадаларын, студенттер универсиадаларын өткізу жұмыстары жүктелді.

Дене шынықтыру ұйымдарының, мемлекет пен қоғамдық органдар алдына дене шынықтыру мен спорт арқылы республиканың экономикалық және қорғаныс потенциалын дамыту, қазақстандықтардың, әсіресе балалар мен жастардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың тұрмыста, оқу мен өндірісте салауатты өмір салтын, белсенді өмір позициясын ұстануды қалыптастыру міндеттері қойылды.

Осы мақсаттарда елде Денсаулық жылы жарияланып, халық денсаулығын нығайтуға бағытталған президенттік тесттер жасалды. Мемлекет осылайшы спортқа деген шығын көлемін үш есеге арттырды. Бұқаралық спорт, жоғары жетістіктер спортын бюджеттен қаржыландыру сол кездері (10 жыл бұрын) 12 млрд теңгені құрады.

Қазақстандық спортшылардың халықаралық аренадағы бәсекелестігі, республика ішіндегі спортшылар бәсекелестігінсіз мүмкін емес. Осыған байланысты, спорт клубтары мен дене шынықтыру ұжымдарының бәсекелестігіне баса назар аударылуы тиіс. Бұл аудандық-қалалық, ауданқала аралық құрамалар, облыстық және республикалық жарыстарды өткізуде де көрініс тапты. Оған мектеп пен колледж оқушыларының спартакиадалары, ЖОО универсиадалары, өндірістік және ауылдық ұжымдардың жарыстары, спорт түрлері бойынша турнирлер, спорттық ведомстволық сайыстар ықпал етті.

Мысалы, бокс, күрес, спорттық гимнастика бойынша сәтті өнер көрсетулер, «Динамо» ЕСК, ЦСКА спорт клубы, бұрынғы ЕСК кәсіподақтарының Буревестник, Еңбек, Қайрат, Спартак сияқты ұйымдар арасындағы бәсекелестіктер әсер етті. Дәл осы спорттық ұйымдардан шыққан спортшылар бірнеше рет Одақ, Еуропа, әлем, Олимпиада чемпиондары болып табылды. Іріктеудің мұндай жүйесінен В.Рязанцев, Г.Қосанов, А.Колесов, А.Тұяқов, Н.Ким, Ж.Үшкемпіров, Ш.Серіков, В.Демьяненко, С.Қонақбаев, В.Люкин, А.Храпатый, В.Жиров, Ю.Мельниченко, Д.Тұрлыханов, Б.Саттарханов, Е.Ибраимов, О.Шишигина, В.Смирнов, Б.Артаев сияқты және т.б. көптеген «Спортивный Казахстан» энциклопедиясына енген спортшылар өтті. 9-суретте Ермахан Ибраимов – қазақ боксшысы, 2000 ж. Олимпиада чемпионы, 1996 ж. Олимпиада жүлдегері, КСРО спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы келтірілген.



**9-сурет. Ермахан Ибраимов – қазақ боксшысы, 2000 ж. Олимпиада чемпионы, 1996 ж. Олимпиада жүлдегері, КСРО спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы**

Спортшылардың халықаралық аренада ойын көрсетуі кез-келген мемлекет үшін абырой, жеңімпаздар құрметі үшін мемлекет туы көтеріліп, әнұран ойналады. Алайда, оған спорттық жетілдіру мен тәрбие бойынша үлкен еңбек жеткізеді. Бапкерлер, дене шынықтыру оқытушысы алдында спорттық дайындықпен қатар, шәкірттерді Отандық рухта, патриотизмге, интернационализмге, жеңіс үшін күресуге дайындыққа тәрбиелеу міндеттері қойылады.

Педагогикалық бақылаулар, әлеуметтік зерттеулер мен жұмыс нәтижелерін ғылыми-теориялық талдаулар, спортшылардың өз бетінше өмір сүре алмайтынын көрсетеді. Олар мектепте, ЖОО-да, өндірісте, спорт үйірмелерінде тәрбиеленіп, өзара арақатынастарда, спорттық бәселестікте болатынын көрсетті. Дәл осында олар жолдастық, патриотизм, қарсыласты сыйлау,

араласушылық, интернационализм сияқты сезім сипаттарына ие болып, ерік, тәртіптілікті үйреніп, бір сөзбен айтқанда азаматтылық айналу үдерісі жүреді. Осындай жағдайларда спортшылар бойында идеялық сенімділік, шыншылдық, жоғары жауапкершілік, оқу мен еңбекке саналы қатынас сияқты нәрселерге тәрбиелеу аса маңызды болып табылады. Мұның барысында көп нәрсе бапкердің жеке үлгілеріне, оның оқу мен тәрбиені ұштастыра алу шеберлігіне байланысты болады. Өйткені әрбір шәкірт өзінің ұстазына ұқсағысы келеді. Сондықтан ұстаз жоғары адамгершілікке ие болып, өзінің жалпы білімдік және идеялық деңгейін жоғарылатып, білім көкжиегін кеңейтіп отыруы тиіс.

Тәрбиелік акция тәрбиеленушінің өмірлік ұстанымын, әдеттерін, жалпы өзін терең зерттеу негізінде әрбір нақты жағдайда қолданылуы тиіс және ол тек шаблондық, формалды сипатта ғана болып қоймай, керісінше, оның жасап жатқан қылықтары мен іс-әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын ұғынуды дамытуға және зиянды әдеттерден тыс болуға ықпал етуі керек. Бапкер тәрбиеленушіні шылым шегу, алкоголь, наркотиктік спортпен қатысы жоқ екенін, тек саламатты өмір салтын жүргізіп, оқу-жаттығу үдерісіне жауаптылықпен қарағанда ғана спортта тиісті нәтижелерге қол жеткізуге болатынын ұғындыруы қажет.

Көптеген тәжірибелер көрсетіп отырғандай, спортшылар моральдық тұрғыда уақытша сәттіліктерге қол жеткізеді, артынан олар «жұлдызды ауруға» шалдығып, соңында рухани және дене кимылы тұрғысында төмендеп спорттан кетіп жатады.

Спортшылардың көп түрде өнер көрсетулері, театрландырылған көріністер, мемлекеттік тудың көтерілуі, түрлі-түсті салюттер спортшыға деген күшті мотивацияны құрайды. Кейбір жағдайларда ол халықты, әсіресе жастарды дене шынықтыру мен спортқа тартудың көрнекілік құралы да болып табылады.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде білім алумен қатар, оларды салауатты өмір салтын қалыптастыру, жоғары адамгершілік пен моральдық психологиялық қасиеттерді, сондай-ақ патриоттық және интернационалдық сезімдерді қалыптастыру міндеттері де тұрады. Жастардың құқықтық, мемлекеттік жүйе, нышандық, атақты соғыс және еңбек батырларының өмір қызметтерін, республикада өмір сүріп отырған халықтардың ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті туралы білімдерді игерген абзал. Оларды міндетті түрде отан тағдыры

алдындағы, оның табиғи байлығын сақтау, отанды қорғауға дайындық жауапкершілігін тәрбиелеу қажет. Бұл қасиеттер қоғамда біріктіруші болып табылып, мақтаныш, азаматтылық, мемлекеттің дамуында деген оның қатысының бар екендігі туралы сезімдер де тәрбиелейді.

Жоғарыда айтылып өткендей, спорт – бұл күрделі техника-тактикалық жаттығуларды қолдана отырып, әлеуметтік маңызды нәтижелерге бағытталған іс-әрекет. Дене қимылы жаттығулардың әр түрлілігі, олардың еңбекке сауықтыру дайындығы, әрбір қызметтің спецификасы, әскери қызметке дайын болу сияқты бағыттылықтарды таңдауға мүмкіндік береді. Мұның барлығы бірінші кезекте ағза мен тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Спорттық нәтижелерді тексеру жарыстар барысында жүзеге асырылса, қатысушылардың нақты қатынасы бұл жарыстарды қызықты, эмоционалды етіп, спортшыларды, бапкерлерді, төрешілерді, жарысты ұйымдастырушылары мен көрермендерді тәрбиелеудің құралы ретінде шығады.

Бұл айтылып өткен ойлар мен пікірлер жеңіл атлетика, футбол, гимнастика, күрес, бокс, ат спорты және ұлттық спорт сияқты көптеген спорт түрлерінде айқын көрініс табады. Түрлі халықаралық жарыстардағы Қазақстан жеңіл атлетшілерінің кейбір нәтижелерін мысалға келтіруге болады.

Д.В.Карпов (т.ж. 23.07.1981), спорт шебері (2001 ж.), ХД спорт шебері (2003 ж.), ҚР чемпионы, XIV Азия ойындарының қол жүлдегері (2002 ж.), әлем чемпионатының қола жүлдегері (2003 ж.), Афины Олимпиадасының қола жүлдегері.

М.А.Колганов (т.ж. 09.05.1980), ХД спорт шебері, бірнеше дүркін чемпион, 400 және 800 м қашықтықтағы жүгіруден ҚР чемпионатының жүлдегері, 2004 ж. Олимпиада ойындарының қатысушысы. Сол сияқты В.В.Мелешенко (19.01.1980), Т.Росланова (28.09.1980) 400 м, 800 м жүгіру, 4x400 м эстафета, Азия чемпионаттары мен көптеген халықаралық турнирлер жеңімпаздары және жүлдегерлері.

Футбол барлық басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да өзінің жоғары позициясы мен тенденциясына ие. Спорттың бұл түрі өз бастауын 1913 ж Семейде алған, онда алғашқы «Жарыс» футбол клубы ұйымдастырылып, оның құрамында болашақ әлемге танымал классик жазушы-ғалым М.О.Әуезов ойнаған. Қазақстанның

футболының ұзақ жолдық тарихы бар. Футболдық клуб пен команда құрама ретінде өз қызметін 1957 жылы бастады. «Б» дәрежесіндегі Т.С.Сегізбаев, Т.Қожахметов, Б.И.Ищенко, В.Абгольц, С.И.Байшақов сияқты ойыншылар Кеңес Одағының біріншіліктерін көп рет қатысты. Сондай-ақ олар «Қайрат» пен басқа да командалар құрамында ойнады. Р.Я.Ибрагимов (1922 ж., Қызылорда), С.П.Квочкин (1938 ж., Өскемен), Қ.Д.Ордабаев (1949 ж., Шымкент), С.Е.Есімбеков (1945 ж., Алматы), Е.В.Яровенко (1963 ж., Қаратау Жамбыл обл.) сияқты бірқатар басқалар бапкер және спорткомитеттердің басшылары ретінде қазақстандық футболдың дамуына үлкен үлес қосты.

Қазақстанда күрес басқа спорттар арасында үлкен салмаққа ие. Оның пайда болуы мен қалыптасуы туралы аталмыш оқу құралының бірінші және екінші тарауларында айтылып кеткен болатын. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында спорттық күрес пен шығыстық жекпе-жек түрлері кеңейіп, он мыңдаған жанкүйерлер жинады. Күрес танымалдығының өсуіне, оның қазақ ұлттық қазақша күресінің байланысты болуы себепші еді.

Жалпы кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы күрес тарихында облыстар мен республиканың спортшылары, бапкерлері, спорттық өмірдің түрлі сала звеноларының басшылары өздерін қайраткерлік тұрғыда көрсете білді.

Елдің ұлттық спорт түрлерінің ассоциациялары 15 республикалық федерацияның құрайды, оның ішінде 18 облыстық, 115 аудандық, қалалық филиалдар бар.

Бүгінде онда шамамен 100 мыңнан аса адам айналысады, оның ішінде ат спортымен 16 000, қазақша күреспен 37 000, тоғызқұмалақпен 37 000, тенге алу және аударыспақпен 20 000-нан аса.

2006 жылғы жарыстардың өзінде 11 мыңнан аса адам қатысты. Облыстар құрамаларының қатысуымен өтіп, есте қалған ұлттық спорт жарыстар мен іс-шаралары олар «Ақ бидай», ҚР Спарткиадасы, ҚР Президентінің жүлдесі ойындары болып табылды.

Ірі спорттық іс-шаралар мен ұлттық спорт түрлерінің жарыстарының жалғасы, белгілі ат спорты жарыстарын ұйымдастырушы Түгел Құмаровтың 100 жылдық мерейтойына арналған республикалық ат спорты мерекесі, сондай-ақ, мемлекет және қоғам қайраткері



Асанбай Асқаровты еске алуға арналған Шымкент қаласында көкпардан өткен халықаралық турнир болып табылды.

Бүгінде біз қазақша күрестің республикада ұлттық спорт ойыны ретінде танылып, өз орнын алғанына қуанамыз. Сонымен қатар, қазақша күрес ел халқының арасында үлкен құрметке ие. Сондықтан біздің спортшылар қазақша күрес бойынша әлемдік рейтингте мықтылар арасында құрметті орынға ие болып отыр.

Азия құрлығы деңгейінің өзінде қол жеткізген жетістіктердің өзі де ұшан теңіз. Мысалы, Азияның қазақша күрестен I және II чемпионаттарында (2005 жылы Ресейдің Алтай Республикасы мен 2007 жылы Моңғолияның Баян өлгей жерінде өткен) біздің күресшілер 12 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль иеленді. Ал 2007 жылы Қарағанды облысының Сәтпаев қаласында Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан мен Ресейдің құрамалары қатысқан III Азия чемпионатында республиканың құрама командасы 7 алтын, 3 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды.

2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Азия, Еуропа және Әлемдік чемпионаттарға қатыса отырып, қазақша күрестен ел құрама командасы үлкен нәтижелерге қол жеткізіп келеді. ЮНЕСКО-мен ықпалдаса отырып, күрестің дәстүрлі түрлері бойынша Бүкіләлемдік фестиваль бағдарламасы шеңберінде қазақша күрестен өткен бірінші әлем чемпионатында ел құрамасы 4 салмақтан алтын медаль, 3 спортшы күміс жүлдені жеңіп алды. 2007 жылы Германияда өткен екінші әлем чемпионаты қазақша күрестің әлемдік аренада танылғандығының тағы бір дәлелі болып табылды.

Осылайша, 2011 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Қазақстан барысы республикалық турнирі, 2012 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Еуразия барысы халықаралық турнирі алғаш рет ұйымдастырылды. Бұл үрдістер дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді.

Соңғы жылдары құсбегілік, саятшылық және тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлері кең танымалдылыққа ие болып келеді. Елімізде құсбегілікпен 173 әуесқой спортшы айналысып, 12 жаттықтырушы республика бойынша өз қызметтерін жүргізіп келеді. Олар тек республикалық емес, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі жарыстарға да қатысуда. Ең алғаш рет ел спортшылары 2007 жылы 14-15 шілдеде Лондонда өткен I-ші «Құсбегі» халықаралық фестивалінде 38 қатысушы елдің ішінде бірінші орынды иеленді.

Ұлттық спорт түрлері ішінде тоғызқұмалақ та жетекші орынға ие. Республикада бұл спорт түрімен 40 мыңға жуық адам айналысады. Өңірлерде одан 1500 жуық жаттықтырушы жемісті жұмыс атқарады.

Спорт Комитеті мен облыстық дене шынықтыру мен спорт басқармаларының тоғызқұмалақты насихаттау бойынша жұмыстары оң нәтижелер беруде. Өйткені тоғызқұмалақ елде ғана емес, одан тыс жерлерге де белгілі болып үлгірді. Мамандардың, жаттықтырушылар мен әуесқойлардың қатысуларымен семинарлар және интеллектуалды ойындар өткізіледі. Интернетте тоғызқұмалақты насихаттау бойынша арнайы сайт пен ағылшын және түрік тілінде блогтар ашылған.

2007 жылы тоғызқұмалақты шетелдерде дамыту бойынша Түркия, Моңғолия, Қытай, Қырғызстан, Македония мен Ресей сияқты елдерде 6 семинар өткізілді. Тек Македонияда өткен тоғызқұмалақ семинарында 40 елден 250 адам қатынасты. Ал Ресейдің Алтай және Қарашай-Шеркес республикаларында тоғызқұмалақ федерациялары ашылып, бүгінде ол Ресейдің спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарына енгізілген.

Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны бойынша дәстүрлі түрде Моңғолия, Қырғызстан, Ресей және біздің республикамызда біріншіліктер өткізіліп келсе, бүгінде ол жарыстар Испания, Қытай, Түркия, Татарстан (Ресей), Қарақалпақстан (Өзбекстан) жерлерінде өткізіліп, клубтар ашылған.

Тоғызқұмалақтан республика спортшылары Лондонда өткен Бүкіләлемдік интеллектуалды ойындар олимпиадасына қатысып, қатысқан 5 спортшымыз да жеңімпаз атанды.

2007 жылы Чехия, Қырғызстан, Македония мен Ресейде өткен танымал халықаралық жарыстарда республиканың тоғызқұмалақ шеберлері жеңімпаздарға айналды. Олардың ішінде Ақтаев Серік (Павлодар), Сейтжанов Айдос (Астана), Сапарбекова Салтанат (Оңтүстік Қазақстан), Далиева Әсел (Қызылорда) және басқалары бар.

Республикалық тоғызқұмалақ федерациясының өткізген жарыстары, іс-шаралары мен әдістемелік оқу құралдарын шығару бойынша жасаған жұмыстары ұшан теңіз. Мамандар мен жаттықтырушылар тоғызқұмалақтан келесідей теориялық кітаптар шығарды:

- «Тоғызқумалақтағы тұздықтар тартысы» - 500 дана;
- «Тоғызқумалақ – игра интеллектуалов» - 1000 дана;
- «9 лет в тоғызқумалаке» - 200 дана және т.б.

Спортшылар республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу және жеңістерге жету арқылы ұлттық спорт түрлерін насихаттай отырып, Қазақстан Республикасының спорт жөніндегі Комитеттің спорттық бірыңғай классификациясына сай, нормативтік спорттық атақтарды орындайды. Өйткені, спорттық атақтарды орындау да, ұлттық спорт түрлері бойынша республиканың құрама командасында ойын көрсеткендей атаққа сай келеді.

Соңғы жылдары ұлттық спорт түрлері бойынша «ҚР спорт шебері» атағын 50 спортшы иеленді, оның ішінде 20 адам 2006 жылы, 30 адам 2007 жылы орындады. Осы жылдары 13 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын иеленді.

Сонымен қатар, сол жылдары қазақша күрес бойынша 27 спортшы спорт шебері болса, 7 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алды. Ал ұлттық ат спорты бойынша 7 адам спорт шебері атағын алғаш рет иемденді.

Дене шынықтыру мен спортты дамытуда оны қаржыландыру үлкен роль атқаратынын айта кеткен дұрыс. 2007-2011 жж. арналған дене шынықтыру мен спорттың ұзақ мерзімді Мемлекеттік бағдарламасында тармақтар бойынша халық арасында дене шынықтыру мен спортты дамыту мен оны қаржыландыру мәселелері қарастырылды. Бағдарламада ұлттық спорт түрлерін дамыту, оны әрі қарай қолдану үшін жетілдіру өзіндік Дене қимылы жаттығулар мен халық ойындарын дамыту да көрініс тапты. Бүгінде қаржыландырудың арқасында республикада ұлттық спорт түрлерін дамыту мүмкін болып отыр. 2006 жылдан бастап бюджеттен ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру келесідей түрде көрініс табады.

Егер 2006 жылы оқу-жаттығу жиындарын, республикалық жарыстар өткізу мен Еуропа, Азия, Әлем чемпионаттарына қатысу үшін 14 млн теңге бөлінсе, 2007 жылы бұл сома 29,5 млн-ға, 2008 жылы 33 млн-ға өсті. Бүгіндей алғанда, 3 жылда жалпы қаржыландыру сомасы 76,5 млн теңгені құрады.

Осылайша, ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру жылдан жылға өсіп отыр. Бұл спорт жөніндегі Комитеттің елдегі ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғандығын көрсетеді.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту мен насихаттау болашақ халықаралық жарыстарда елдің намысын қорғайтын резервті дайындаумен де байланысты. Бұл елдегі балалардың спорт мектептерінен бастау алады.

Бүгінде республикада 438 БЖСМ бар болса, соның 9-ы ұлттық және ас спорты түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдердің арнайы спорттық мектебі болып саналады. Жалпы алғанда ұлттық спорт түрлері 200 мектепте жүргізіледі. Қазақша күрестен Шығыс Қазақстан облысында-1, Жамбыл облысында-2, Қарағанды облысында-1 және Оңтүстік Қазақстан облысында-5 БЖСМ бөлімшелері ашылды. Ақмола, Қызылорда, Павлодар облыстарында ашылған 5 бөлімшелер де өз жұмыстарын сәтті жүргізіп келеді.

Республикамызда ұлттық спорт түрлерін дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы №490 Заңында да және 2007-2011 жж. арналған дене шынықтыру мен спорттың ұзақ мерзімді Мемлекеттік бағдарламада да көрініс тапқан.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясат қағидаларын жүзеге асыра отырып, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спортты, халық ойындарын, ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша ҚР спорт жөніндегі Комитет жанынан ұлттық спорт түрлері және мүгедектер спорт бөлімі штаты ашылса, Штаттық ұлттық команда және спорттық резерв Дирекциясында ұлттық спорт түрлерін, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, ат спорты мен мүгедектер арасындағы спортты дамыту жөнінде штаттық бірліктер жұмыс жасайды. Жаңадан ашылған бөлім мамандарының жұмыстарын сапалы ұйымдастыру үшін қысқа уақытта мониторинг жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша соңғы уақыттарда облыстық, қалалық және жергілікті атқарушы биліктің ұлттық спорт түрлерін дамытуға қатысы айтарлықтай өзгергенін көрсетті.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде тек ұйымдастырылған іс-шаралар мен спорттық жарыстар туралы ғана емес, сондай-ақ ұлттық спортты дамытуға қатысты сандық мәліметтер базасы да жасалды.

Жалпы алғанда, республикада ұлттық ат спортының түрлерін дамыту да соңғы орында емес. Бұрын біз тек Астана мен Алматы

қалаларында орналасқандарды ғана білетінбіз. Талдау қорытындысы бойынша республикадағы 20 ипподромның 5-уі мемлекеттік меншікте, 1-уі коммуналдық меншікте, 14-і жеке меншікте екені белгілі болды.

Жалпы ұлттық спортпен және мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануы туралы мәліметтер сәйкесінше төмендегі кестелерде көрініс табады (16 және 17 кестелер).

16-кесте. Ұлттық спорт түрлері бойынша мәлімет

№	Облыстар	Айналысушылар саны 2011 ж.	Айналысушылар саны 2012 ж.
1	Ақмола	10 453	10 784
2	Ақтөбе	9 533	7 768
3	Алматы обл	41 099	42 374
4	Атырау	8 095	8 225
5	Шығыс Қазақстан	11 594	24 222
6	Жамбыл	9 940	7 541
7	Батыс Қазақстан	4 218	8 875
8	Қарағанды	41 090	41 990
9	Қостанай	7 162	8 070
10	Қызылорда	9 181	13 034
11	Маңғыстау	2 966	3 566
12	Павлодар	9 656	9 936
13	Солтүстік-Қазақстан	5 897	5 909
14	Оңтүстік Қазақстан	34 787	35 112
15	Астана қаласы	1 647	1 361
16	Алматы қаласы	1 124	1 124
	<b>Барлығы</b>	<b>208 442</b>	<b>229 891</b>

17-кесте. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданушы мүмкіндігі шектеулі жандар саны

№	Облыстар	Айналыс ушылар саны 2011	Оның ішінде ауылда	%	Айналысу шылар саны 2012	Оның ішінде ауылда	%
1	Ақмола	2420	749	31,0	2647	820	31,0
2	Ақтөбе	2400	0	0,0	2446	0	0,0
3	Алматы обл	2372	1338	56,4	2082	1362	65,4
4	Атырау	1393		0,0	2189		0,0
5	Шығыс Қазақстан	899	0	0,0	1123	0	0,0
6	Жамбыл	1063	850	80,0	1070	861	80,5
7	Батыс Қазақстан	698	194	27,8	827	228	27,6
8	Қарағанды	694	354	51,0	994	410	41,2
9	Қостанай	491	35	7,1	805	69	8,6
10	Қызылорда	1246	298	23,9	600	298	49,7
11	Маңғыстау	417	180	43,2	434	180	41,5
12	Павлодар	363	0	0,0	365	0	0,0
13	Солтүстік- Қазақстан	408		0,0	320		0,0
14	Оңтүстік Қазақстан	279	0	0,0	299	0	0,0
15	Астана қаласы	204	0	0,0	230	0	0,0
16	Алматы қаласы	158	105	66,5	212	105	49,5
	<b>Барлығы:</b>	<b>15505</b>	<b>4103</b>	<b>7,7</b>	<b>16643</b>	<b>4333</b>	<b>8,3</b>

1992 жыл Барселона (Испания). Бұл Қазақстан спортшыларының ТМД бірлескен командаларының құрамында ойын көрсеткен алғашқы Олимпиада ойындары. Сондай-ақ, КСРО деп аталған держава спортының құрамында болған соңғы Олимпиада ойындары болып табылады.

Белгілі спорт журналисті Н.Жүнісбаев көптеген Олимпиада ойындарына қатыса отырып, қызықты әрі маңызды оқиғаларды еске алады: «Атланта-96 Олимпиада ойындарын екі себеп бойынша тарихи деп атауға болады: біріншіден, заманауи олимпиадалық ойындарға 100 жыл толып, кезекті XXVI Олимпиада мерейтойлық ретінде өткізілді. Екіншіден, Қазақстан Республикасының ұлттық

құрамасы өз тарихында алғаш рет өз әнұраны, өз туы және өз намысымен жеке команда ретінде қатысты... Тер төгуге тұрарлық нәрсенің бар екендігі қандай керемет!»

Атлантада Қазақстан Республикасы 16 спорт түрі бойынша қатысты. Ол ойындарға 98 қазақстандық спортшы, 10 мыңнан аса жанкүйерлер қатысып, олар біздің олимпияшылар үшін жеңіске жету үшін сенімділік пен үміт отын жақты. 10-сурет. Олимпиада чемпионы, әлемнің төрт дүркін чемпионы, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері - В.М.Смирнов.



**10-сурет. В.М.Смирнов – Олимпиада чемпионы, әлемнің төрт дүркін чемпионы, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері**

Ел Президентінің егеменді Қазақстанда алғашқы олимпиада чемпионы болған Ю.Мельниченконың кілемдегі жеңісінен кейін Атлантаға жолдаған телеграммасы да спортшыларға тың күш берді. Одан бөлек үш алтын, төрт күміс және төрт қола медальдарға қол жетті. Атланта Олимпиадасында қатысқан 197 елдің ішінде 24-орынды Қазақстанның иеленуі де көңіл қуантты. Олимпиада ойындарының дебютанты ретінде бұл өте керемет нәтиже болатын. АҚШ, Қытай, Франция, Италия сияқты елдер командаларына ұтылудың объективті себептері бар болса, ТМД елдеренің ішінде тек Ресей мен Украина ғана бізден алда болды. П.Ф.Матушак өз кітабында атап өткендей, «бұл елдің біртіндеп үлкен спорттық потенциалы бар мемлекетке айналуының жарқын дәлелі» болып табылды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев елдің олимпиада делегациясын қабылдау сәтінде: «Сіздердің керемет жетістіктеріңіздің арқасында, қысқа уақыт ішінде қазақстандық спорт Азия құрлығы мен бүкіл әлемде үлкен танымалдыққа ие болды» деген болатын.

Атлантадағы Олимпиада қазақстандық спортшылар үшін дене шынықтыру мен спортты әрі қарайғы дамытудың стимулы болып табылды. Осыған байланысты, Президент Жарлығымен жоғары спорттық жетістіктері үшін бірқатар спортшылар мен бапкерлер марапатталды. «Парасат» орденімен В.Жиров (бокс), Ю.Мельниченко (грек-рим күресі), А.Парыгин (бессайыс), «Құрмет» орденімен А.С.Ақпаев (Қазақстан Ұлттық олимпиада комитетінің президенті), Б.Жұмаділов (бокс), П.Новиков (ЦСКА), А.Храпатый (ауыр атлетика), «Ерен еңбегі үшін» медалімен Е.Ибраимов (бокс), Б.Ниязымбетов (бокс) марапатталса, көптеген ұстаздар мен жаттықтырушылар құрмет атағына ие болды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан спортшылары иеленген Жазғы Олимпиада медальдары жөнінде мағлұматты төмендегі 18-кестеден көруге болады.

18-кесте. Қазақстан Республикасының 1992-2016 жж. аралығындағы жазғы Олимпиадалық ойындарда жеткен жетістіктері.

№	Жылы	Өткен жері	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
XXV	1992	Барселона	1	2	2	5
XXVI	1996	Атланта	3	4	4	11
XXVII	2000	Сидней	3	4	-	7
XXVIII	2004	Афины	1	4	3	8
XXIX	2008	Пекин	2	4	7	14
XXX	2012	Лондон	7	1	5	13
XXXI	2016	Рио де-Жанейро	3	5	9	17

Жалпы алғанда, Олимпиадалардағы біздің боксшылардың өнерлерін жоғары бағалауға болады. Бокс басымдыққа ие спорт түріне айналды. Барлық Олимпиадаларда біздің боксшылар алтын алып отырды (В.Жиров, Б.Саттарханов, Е.Ибраимов, Б.Артаев, Б.Сәрсекбаев, С.Сәпиев, Д.Елеусінов).

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға ұлттық олимпиадалық комитеттер президенттері мен бірқатар Корея, Қытай, Үндістан, Ресей сияқты елдердің делегациялары тәжірибе алмасу мақсатында келіп кетті. Сондай-ақ. Қазақстанға бірнеше рет заманауи Олимпиада ойындарының «қолбасшысы», ХОК президенті Хуан Антонио Самаранч та келген болатын. Ол Қазақстанның дене шынықтыруы мен спортын жоғары бағалап, әсіресе «Медеу» спорт кешенінде қысқы спорт түрлеріне ерекше тоқталып өткен еді.

Қазақстанның Қысқы Олимпиада ойындарында қатысу көрсеткіштері жас мемлекет ретінде көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені бұл әлемдік үлкен додалар. Еліміздің Қысқы



Олимпиадалардағы жүлделік және жалпы командалық көрсеткіштері келесі 19 - кестеде берілген.

19-кесте. Қазақстан Республикасының 1994-2018 жж. аралығындағы қысқы Олимпиадалық ойындарда жеткен жетістіктері.

Ойындар (жылы)	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы	Орны
Лиллехаммер - 1994	1	2	0	3	12
Нагано - 1998	0	0	2	2	20
Солт-Лейк-Сити - 2002	0	0	0	0	-
Турин - 2006	0	0	0	0	-
Ванкувер - 2010	0	1	0	1	25
Сочи - 2014	0	0	1	1	26
Пхёнчхан - 2018	0	0	1	1	21

ҚР ҰОК өкілдерінің «Пхёнчхан – 2018» Қысқы Олимпиада ойындарына қатысушы спортшылармен кездесу сәті 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. ҚР ҰОК өкілдерінің «Пхёнчхан – 2018» Қысқы Олимпиада ойындарына қатысушы спортшылармен кездесу сәті

Сонымен қатар, Қазақстанның спорттық қозғалысында жазғы Азия ойындары қызықты болып табылады. Ол ойындарда біздің спортшылар әрқашан да сәтті өнер көрсетеді (20-кесте).

20-кесте. Жазғы Азия ойындарының қорытындылары.

Реттік №	Өткен жері	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	ҚХР	165	88	63	316
2	Оңт. Корея	58	53	82	193
3	Жапония	50	71	77	138
4	Қазақстан	23	19	43	85
5	Таиланд	13	15	26	54
6	Иран	11	15	22	118
7	Өзбекстан	11	14	14	39

XV Азия ойындарында Қазақстан делегациясы 32 спорт түрі бойынша 325 спортшымен қатысты. Спортшылар оқ ату (18 медаль), жеңіл атлетика (9 медаль), байдарка мен каноэ (7 медаль), ауыр атлетика (3 медаль), көркем гимнастика (2 медаль) спорт түрлерінен керемет ойын өрнегін көрсетті. Жалпы қысқы Азия ойындары Қазақстанның спорттық өмірінде айырықша орынды алады, оған мысал ретіндегі мәліметтерді 21-кестеден көруге болады.

21-кесте. 1996-2007 ж.ж. қысқы Азия ойындарының қорытындылары

Жылы	Өткен жері	Қорытындысы	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1996	Харбин, ҚХР	Қазақстан 2 ор.	14	9	8	31
		Өзбекстан 6 ор.	-	1	1	2
1999	Кангвон, Оңт. Корея	Қазақстан 3 ор.	10	8	7	25
		Өзбекстан 5 ор.	1	1	1	3
2003	Аомория, Жапония	Қазақстан 4 ор.	7	7	6	20
		Өзбекстан 7 ор.	-	-	1	1
2007	Чангчун, Қытай	Қазақстан 4 ор.	6	6	6	18

Пекин Олимпиадасының алдында оған толық көлемде дайындық жұмыстары жүргізіліп, ол тікелей ҚР Спорт және туризм министрлігінің бақылауында болды. Ол бойынша келесідей шаралар қабылданды:

1. Құрама командалардың әрі қарайғы сапалы дайындығы мақсатында, фармакологиялық қалыпқа

келтіруші құралдарды пайдалану бойынша Кешендік ғылыми топ пен сараптама кеңесі құрылды.

2. Спортшылардың тыйым салынған дәрілік препараттарды қолданумен күрес жүргізуге байланысты, антидопингтік зертханаға заманауи арнайы медициналық құрылғылар алынып, антидопингтік комиссия құрылды. Зертхана Халықаралық антидопингтік комитеттің аккредитациясынан өтті.
3. Қаржылық тәртіптілікті бақылау қатандандырылып, оқу-жаттығу жиындарына тексерулер ұйымдастыру арқылы бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалану бақылауға алынды.
4. Жекелеген спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалармен жұмыс істеу үшін шетелдік бапкерлер мен мамандар шақырылды.
5. Жоғары спорттық нәтиже көрсете алатын спортшылармен және бапкерлермен келісімдер түзіліп, Олимпиада ойындарында сәтті өнер көрсеткен спортшылар сыйақысы ұлғайтылды (сыйақыны бапкерлер мен спортшылар бірдей алады: 1-орынға 250 мың доллар, 2-орынға 150 мың доллар, 3-орынға 75 мың доллар).
6. Спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының оқытушы-бапкерлерінің және республикалық спорт ұйымдары басшыларының жалақылары көтерілді (орташа 500-1000 АҚШ доллары).
7. Қазақстан спортшыларының Қытайдың табиғи-климаттық жағдайына ыңғайласуы мақсатында, тестік жарыстар өткізу үшін олимпиадалық база беру туралы екіжақты әріптестік бағдарламасына қол қойылды. Басқа да көптеген шаралар мен жұмыстар жүзеге асырылды.

Барлығына белгілі жоғары білікті спортшыларды даярлауда ірі жарыстардың орны ерекше. Ол туралы мәліметтерді келесі 22, 23-кестелерден көруге болады.

22-кесте. 2007 жылы Талдықорғанда ауыр атлетикадан өткен ҚР 2-ші Спартакиадасының нәтижелері

Орын	Аймақ	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	ОҚО	5	2	1	8
2	Алматы облысы	3	4	-	7
3	Ақмола облысы	3	3	1	7
4	Алматы қаласы	2	1	2	5
5	ШҚО	1	2	4	7
6	Қостанай облысы	1	0	1	2
7	Қарағанды облысы	-	2	4	6
8	Қызылорда облысы	-	1	-	1
9	Астана қаласы	-	-	1	1

23-кесте. 2007 жылы Талдықорғанда ауыр атлетикадан өткен ҚР 2-ші Спартакиадасының нәтижелері

Орын	Аймақ	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Алматы қаласы	98	80	82	260
2	ОҚО	80	67	65	212
3	Қарағанды облысы	28	39	48	115
4	ШҚО	28	32	46	106
5	Павлодар облысы	25	13	34	72
6	Астана қаласы	17	26	41	84
7	Қостанай облысы	16	22	21	59
8	Алматы облысы	14	15	18	47
9	Қызылорда облысы	14	15	15	44
10	Ақмола облысы	11	9	12	32
11	Атырау облысы	10	6	10	26
12	СҚО	9	9	18	36
13	БҚО	8	12	15	35
14	Маңғыстау облысы	8	7	10	25
15	Жамбыл облысы	5	10	26	41
16	Ақтөбе облысы	5	5	15	25
	<b>Барлығы:</b>	<b>376</b>	<b>367</b>	<b>476</b>	<b>1219</b>

Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғары жетістікті спортты қолдау мен спорттық резервті дайындауға бағытталған шешімдерді қабылдады. Ол бойынша: 4 олимпиадалық дайындық орталықтары ашылды; бапкерлер мен жетекші спортшылардың еңбегіне ақы төлеу контрактілік негізге өткізілді; демеушілік қаражаттар Ұлттық олимпиадалық комитетке шоғырландырылды.

2011 жылы Алматыда өткен VII қысқы Азия ойындарына дайындалып, көптеген спорт нысандары салынып, біразы қайта жаңғырды, Алматының инфрақұрылымдары ретке келтірілді. Мұны өткізу үшін Азия Олимпиада кеңесі Конституциясының талаптарына сәйкес, қысқы Азия ойындарын дайындау мен өткізудің Ұйымдастыру комитетінің атқарушы органы құрылып, Алматы қаласы әкімдігінің жанында оның дирекциясы ашылды.

Жалпылама айтар болсақ, еліміз 2011 жылғы 7-Қысқы Азия ойындарын және 2017 жылғы Қысқы Универсиаданы табысты өткізу үшін жабық футбол стадионы, коньки тебу стадионы, республикалық велотрек, сырғанау мұз айдыны бар "Қазақстан" спорт сарайы, К-95 және К-125 халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені, «Алматы-Арена» және «Халық-Арена» спорт кешендері, Алматы облысы Талғар ауданы Солдат шатқалындағы шаңғы және биатлон стадионы, Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, биік таудағы "Шымбұлақ" спорт базасы, "Медеу" спорттық мұз айдыны сияқты басқа да көптеген бірегей спорттық объектілерін салып, қайта жаңарды.

### ***Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:***

- 1.Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында топ жарған негізгі спортшылар кімдер болды?*
- 2.Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан спортының дамуына себеп болған қандай басты факторларды білесің?*
- 3.Қазақ елі мен спортын халықаралық дәрежеде насихаттап көрсету үшін жасалған алғышарттар мен қадамдар қандай?*
- 4.Бүгінгі Қазақстан спортының дамуында Ұлттық Олимпиада комитетінің алар орны қандай?*
- 5.Қазақстандағы дене шынықтыру қозғалысы мен спортты жетілдіруде жасалған оңды істер мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін қалай түсіндіруге болады?*

## 10-БӨЛІМ

### БАСҚАРУДЫҢ ТҮРЛІ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

#### 10.1 Мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарында дене тәрбиесін жетілдіру және оның ахуалы

Дене шынықтыру жүйесі тек тәрбие беру мен оқу орындарын ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының барлық салаларын қамтиды.

Зерттеулер нәтижелері бойынша, Қазақстан халқының денсаулық мәселелері соңғы жылдары келесі себептерге байланысты айырықша маңызға ие болуда: 1977 жылғы денсаулық деңгейі туралы мәліметтерге сай, Қазақстан Республикасы 175 елдің ішінде 95-орында болып, адамдардың жас ұзақтығы біршама қысқарған (ерлер 57 жас, әйелдер 68 жас). Сонымен қатар, халықтың табиғи өсуі де төмендеген. Жастардың денсаулығы, Дене қимылы дамуы, дайындығы қазіргі өмір талаптарына сай келмейді. Денсаулық ахуалы республика үкіметінің аса уайымын туғызды. Бұл қалыптасқан жағдай оған деген кешенді көзқарастарды қажет етті. ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы №77 «Қазақстан Республикасы тұрғындарының Дене қимылы дайындығының президенттік тестері туралы» қаулысы осы бағыттағы іс-жүзіндегі қадамның бірі болды.

Бұл тестте әрбір отбасыдан бастап, тәрбие мекемелері, оқу орындары, өндіріс ұжымдары барлығы қамтылды. Осыған байланысты, мәдениет пен экономиканың дамуының осы кезеңінде спорттық-дене шынықтырудың барлық звеноларында дене шынықтыру мен спорттың ахуалын зерттеу қажет болды.

Оқымысты-ғалымдар Л.И.Орехов, Т.М.Досмухамбетов, А.К.Кульназаров, В.А.Сорокин, В.А.Коваленколар жасаған Қазақстан Республикасы халқын кешенді басқару бағдарламасында, қазіргі уақытта адамзат қоғамында уақыттың зымырауына ұқсас нәрселер жүруде. Өйткені, өмір көптеген оқиғалар мен ауқымды ақпараттар ағымына толы. Адамды жастайынан оқытып, ол өз өмірінің соңына

дейін өз біліктілігін жоғарылатуға тырысады. Осыған байланысты, мектепке дейінгі мекемелерде дене тәрбиесі маңызы мен ықпалы зор.

С.И.Қасымбекова мен Қ.И.Адамбеков, «...балалардың қозғалыс аппараттары, үлкен қозғалғыштық, буындар мен бұлшықеттердің икемділігі, бұлшықет күштері дәрежелерін дифференциациялау қабілетінің прогрессивті дамуы, кішкентай кезден спорттық қозғалыстардың күрделі техникаларын меңгеруге мүмкіндік береді...», дейді. Шын мәнінде, осындай педагогикалық үдерістер республиканың көптеген қалаларындағы балабақшалардың орта және үлкен топтарында байқалып жатады.

Л.И.Орехов, С.И.Қасымбекова, Е.Л.Караваевтардың «Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі» атты еңбектерінде келесілер ұсынылады: «мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу процесінде табиғилық, білім беру гуманизациясы, валеологиялық білім беру мен тұлғалық бейімдік тәрбие интеграциясы, жүйелілік пен сабақтастық, ақылдық және дене тәрбиесі бірлігінің дифференциациясы мен индивидуализациясы принциптерін ұстана отырып, адамның эволюциялық даму заңдылықтарын ескеру қажет».

Бір сөзбен айтқанда, экономика, мәдениет пен қоғамның уақытша кезеңінде мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі маңызды перспективалар мен проблемаларға ие болады.

Профессор Қ.Х.Закирьяновтың пікірі бойынша, «халықтың денсаулығы, оның еңбек қабілеттілігі мен өмір сапасын қарастырудағы өзекті мәселенің бірі, ол адамның денсаулығын қалыптастыратын басты фактор ретіндегі дене шынықтыруға деген қатынас болып табылады» дейді. Ол көбінесе келесі негативті процестерді атап көрсетеді:

- Сабақта және сабақтың тыс уақытта болсын, көптеген ЖОО-да дене шынықтыру бұрынғысынша екінші орында қалып тұр;
- Тұлғаның дене тәрбиесінің жоқтығымен байланысты, көптеген мектептер мен ЖОО-ның басшылары дене шынықтыру мен спортты тәрбиелеу кезінде міндетті емес көмекші құрал ретінде қарастырады;
- Жеткіліксіз дене шынықтыру сауатына байланысты, оқушылар мен студент жастарын спортпен шұғылдануға тартуда белсенділік пен мотивация жеткіліксіз;

- Оқушылар мен студенттердің дене шынықтырудың денсаулықты қалыптастыру, еңбек қабілеттілігін арттыру, ұзақ жасау, сабақ пен жұмыстан кейінгі шаршауды басу сияқты пайдасы туралы теориялық білімдері жеткіліксіз.

А.К.Кульназаров, жалпы білім беру мектептерінде дене тәрбиесі мәселелерін шешу үшін аптасына оқушыларға 10-12 сағаттық қозғалыс режимін енгізуді ұсынады, ол оқушылар денсаулығының дамуын қамтамасыз етіп, жоғары көрсеткішке жету мақсатында белгілі бір спорт түрін таңдап алуға ықпал етеді.

Оқушы жастардың арасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың қазіргі кезеңінде, кешенді президенттік тесттерді тапсыруға үлкен талаптар қойылады. Осы бағыт бойынша Т.А.Ботағариев, Е.К. Сейсенбеков, Ә.Ж. Тастанов және басқа да бірқатар авторлар, оқушылардың дене қимылы дайындығы әдістемесін іске асыру мен насихаттауда дене шынықтыру мұғалімдері мен ата-аналардың берлесе күш салуы, аталған қызметті жетілдіру жолдарының бірі болып табылады деп есептейді.

Әдебиеттік деректерді талдау, тәжірибелік бақылаулар мен оқушы жастармен сөйлесіп, араласу, колледждер мен ЖОО-ғы жастардың кәсіби-қолданбалы Дене қимылы дене дайындығының болашақ маман иесін дайындауда үлкен маңызы бар екенін көрсетіп отыр.

Оқушы жастардың денсаулықтарын нығайтып, Дене қимылы тұрғыда дамуына маңызды құрал ретінде туризмнің де берер пайдасы мол екені анықталып отыр. Өйткені таулы аймақта қозғалу жүрек-қан тамырлар мен тыныс алу жүйесіне тікелей байланысты болатыны анық. Тегістік бетінде бірқалыпты қозғалумен салыстырғанда, орта биіктікті таулы жердегі пульс, тыныс алу, энергетикалық жұмыс салыстырмалы түрде алғанда 10-25 пайызға жоғары болады.

Оқушылар мен студенттердің денсаулығын нығайтып, Дене қимылы дайындығын күшейтуде, президенттік тесттер де міндетті тәрбиелік процесс болып табылатынын айта кеткен жөн. Тест ережесінде, 12 мен 23 жас аралығындағы жастар президенттік деңгей және ұлттық дайындық деңгейі сияқты екі деңгейге қатысады. Президенттік деңгей жан-жақты Дене қимылы дайындығы бар сау адамдарға арналған. Ұлттық дайындық деңгейі жүйелі түрде дене



шынықтыру және спортпен үйірмелерде, топтар мен командаларда айналысушыларға арналған. А.К.Кульназаров, Г.Д.Иванов, Д.Т.Оңғарбаеваның зерттеу мәліметтері бойынша, оқушы жастар мен студенттер күнделікті өмірде көрініс табатын төзімділік пен басқа да Дене қимылы қасиеттерді талап ететін президенттік тест дайындығына белсенді түрде қатынасады.

Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстар көрсеткіштері дене шынықтыру ұжымдарынан қалыптасады. Дене шынықтыру ұжымдары (ДШҰ) спорт үйірмелері мен командаларында спорт түрлері бойынша сабақтарда дене шынықтырушыларды біріктіретін спорттық-дене шынықтыру қоғамының бастапқы ұйымы болып табылады. ДШҰ-ның негізгі міндеті – еңбекшілерді олардың отбасы мүшелерімен бірге бұқаралық түрде дене шынықтыру мен спортқа тарту болып саналады. ДШҰ дене шынықтыру қозғалысының өзіндік негізі, оның құрамына мектептер, кәсіптік-техникалық лицейлер, арнайы орта оқу орындары мен ЖОО, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың ұжымдары енеді.

Мәселен, 2007 жылғы қорытындылар бойынша, ДШҰ саны республика бойынша 13 473-ті құрады, ол 2006 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда оның 2459 бірлікке өскенін көрсетеді, ал ауылды жерлерде 10114 болса, ол 2006 жылы 8231 болған. Бұл көрсеткіштердің салалар бойынша қалайша өскенін келесі 24, 25-кестелерден көруге болады.

24-кесте. Дене шынықтыру ұжымдары санының өсу тенденциялары

ДШҰ	1993	2007
Жалпы білім беру мектептері	7468	8459
КТЛ	229	332
АОО	232	363
ЖОО	180	196
Кәсіпорындар мен ұйымдар	3847	4100
Жасөспірімдік клубтар	452	535
БЖФДК	138	69

2008 жылдың 1 қаңтарына республика бойынша дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар саны 2 338 303 адамға жеткен, ол өткен 2007 жылмен салыстырғанда 151 271 адамға немесе 15 пайызға артық.

2003 жыл Денсаулық жылы деп жарияланып, елдің спорттық-дене шынықтыру ұйымдарының күші салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауға жұмсалды.

25-кесте. Спорттық ұйымдарға шолу

.....	.....	.....
Балалар жасөспірімдік клубы	535	Оның ішінде ауылда -75
Дене қимылы дайындықтың балалар мен жасөспірімдер клубы	69	Оның ішінде ауылда – 11
Қызығушылық бойынша дене шынықтыру-сауықтыру клубтары	516	Оның ішінде ауылда – 243
Кәсіби-спорттық клубтар	98	Оның ішінде ауылда – 3
БЖСМ, ЖЖСМ, ЦПОР, ЦОП	407	Оның ішінде ауылда - 176
Спорттағы дарынды балалар мектеп-интернаттары	11	-

Жүйелі түрде айналысушылар деп, дене шынықтыру және спортпен аптасына 6 сағаттан кем айналыспайтындар есептеледі. Ол туралы мәліметтер 26-кестеде келтірілген.

26-кесте. Республикада дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысушылар туралы мәлімет

<b>01.01.2007 ж. жүйелі айналысушылардың жалпы санынан</b>	
Жалпы білім беру мектептерінде	1 048 051
КТЛ	50 325
АОО	104 390
ЖОО	160 807
Кәсіпорындар мен ұйымдарда	573 818
<b>Тұрғылықты мекен жайы бойынша жұмыс</b>	
Жасөспірімдік клубтарда	60 067
Дене қимылы дайындықтың балалар мен жасөспірімдер клубтарында	15 943
Дене шынықтыру-сауықтыру клубтарында	105 363
Кәсіби-спорттық клубтарда	14 349
Спорттық балалар мен жасөспірімдер мектептерінде	219 739
Спорттағы дарынды балалар мектеп-интернаттарында	667

2001-2005 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға арналған Мемлекеттік

бағдарламаға және денсаулық жылынына арналған Агенттіктің іс-шаралар Жоспарына сәйкес, осы жылдары бұқаралық спортты дамыту мен жастарды дене шынықтыру және спортқа тарту жолымен балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыруға көңіл бөлінді. Бүкіл елде «Денсаулық фестивалі» асында «Дене қимылы белсенділік сағаттары» және басқа көптеген іс-шаралар өткізілді.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, адамның 50 пайызға жуық денсаулығы оның өмір салтына байланысты. Осыған байланысты, халықтың денсаулығын жақсарту проблемаларын әрекет етуші фактор сауықтыру дене шынықтыруы болып табылатын саламатты өмір салтын қалыптастыру арқылы шешу керек. Қазіргі дәуірде адам аз қозғалып, ол адам ағзасын аурулар алдында қорғансыз етеді, ал қозғалыстық белсенділік ағзаның барлық функцияларына оң әсер етеді.

Туризм және спорт Агенттігі мен оған қарасты облыстардағы ұйымдары мен мекемелері салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша облыстық және қалалық үйлестіру кеңестерімен және басқа да сала мекемелерімен бірге мұндай іс-шараларды өткізуде тәжірибесі баршылық.

Агенттік өз жұмысында дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға көңіл бөліп, онда басты кезекте бұқаралық спортты дамыту мен жастарды дене шынықтыру және спортқа тарту жолымен балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыруға баса назар аударды.

Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша республикада дене шынықтыру және спортпен айналысушылар санының өсу тенденциялары, балалар мен жасөспірімдер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралардың өткізілу көлемінің артқандығы байқалды. Мысалы, сол кездері бір жылдың ішінде жүйелі түрде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылардың саны 100 мыңға ұлғайған. Тек 2003 жылдың 1-жартыжылдығында елдің спорттық-дене шынықтыру ұйымдары тарапынан тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттаушы 9 мың спорттық-бұқаралық сипаттағы іс-шаралар өткізіліп, оған 1 миллион адам қатысқан.

Сол кездері Астана қаласында «Достастықта – бейбітшілік пен денсаулық» ұранымен өткен ТМД елдерінің Халықаралық спорттық ойындары, Ресейдегі Қазақстан жылы шеңберінде Агенттік өткізген Санкт-Петербург қаласының 300 жылдығына арналған Алматы-Астана-Мәскеу-Санкт-Петербург бағытындағы марафон-

дық жүгірулер саламатты өмір салтын насихаттаудың үлгісі болып табылды.

Тұрғындардың өмір салты үнемі, әрі мақсатты түрде зерттеліп отыратынын айтқан жөн. Осы бойынша И.Б.Қанағатовтың 2008 жылы шыққан зерттеулері назар аудартады, онда: «...мектепке дейінгі және мектептік мекемелердегі оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырыла бастайтын салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы...» айтылады.

Жұртшылыққа белгілі, дене шынықтыру, дене тәрбиесі, спорт, туризм, ұлттық спорт пен халықтық ойындар, дене шынықтыру қозғалысының барлық жүйесіндегі салауатты өмір салтының компоненті болып табылады. Осыған байланысты, дене шынықтыру мен спорттың негізгі жұмыстарында, оның негізгі формалары, ұйымдастыру мазмұны мен әдістері көрініс табады.

### **Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі**

Соңғы жылдары мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда балалардың денсаулығын нығайтуға көп көңіл бөліне бастады. Оларда үлкен құндылық ретінде денсаулығын ұғыну, оларда түрлі Дене қимылы жаттығуларға деген мотивацияларды тәрбиелеу, балаларда өзіне деген сенімділік пен өз құндылық сезімдерін қалыптастыру аса қажет.

Республика бойынша, бүгінде 9844 мектепке дейінгі мекеме бар. Оның 7053 мемлекеттік болса, 2791 жеке меншік ұйымдар. Оларға шамамен 860 мыңға жуық бала барады.

Мектепке дейінгі педагогика ғалымдары мен мамандарының зерттеу нәтижелері дәлелдеп отырғандай, балаларда генетикалық тұрғыда жоғары қозғалыс белсенділігіне тырысу қалыптасады. Бұл тырысуды қолдап, жан-жақты дамытуға және түрлі қозғалыс шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру, қажетті өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз ету, жақсы Дене қимылы даму мен психо-эмоционалдық пайда алу үшін жағдай жасау қажет.

Балалар өзін жақсы көруді сезінулері үшін оқулықтарда мазмұндалатын үш шартты сақтау керек. Біріншіден, ата-ана өзін жақсы көретін баланы тәрбиелегенде ғана өз-өзін жақсы көруі тиіс. Өйткені ересектер өз балаларына өздерінде жоқ нәрсені бере алмайды. Екіншіден, ата-аналар бірін-бірі ашық жақсы көріп, ол

сезімдерін ашық көрсете алуы тиіс. Балалар қоршаған ортаға қарап жақсы көруді үйренеді. Үшінші фактор, ол ата-ананың балаларға деген жасанды емес махаббаты болып табылады. Сондықтан балалармен қатынас жасауда деструктивті сынаудан аулақ болып, олардың өмірі сәтті әрі жақсы дамуға негіз қалыптастыратын шынайы махаббатты көрсету қажет.

Статистика мәліметтері бойынша елде мектепке дейінгі жастағы 1 миллионнан аса балалар бар. Олардың көпшілігі қалалар мен аудан орталықтарындағы, ірі елді мекендер мен ауылдардағы балабақшаларда тәрбиеленеді. Кейбір далалы және таулы елді мекендердегі ата-аналармен сұхбаттар барысында байқалғаны, олардың балалары көбінесе үй жағдайында тәрбиеленеді. Өйткені тұрғындар санының аздығына байланысты мұндай жерлерде балабақша болмайды. Бұл табиғи құбылыс, бірақ ол балалардың дене тәрбиесімен айналыспайтындығын білдірмейді. Ата-аналар, отбасыдағы үлкен ағалары мен әпкелері белсенді Дене қимылы қозғалыстар үшін қажетті түрлі қозғалыс ойындарын жасайды.

Ал жүйелі түрде балабақшаға баратын балалар үшін арнайы бағдарламалар жасалып, оқулықтар мен әдістемелік құралдар, ұсынымдар жасалған. Осы орайда, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Л.И.Орехов, С.И.Қасымбекова мен Е.Л.Караваевалардың «Мектепке дейінгі балалардың дене тәрбиесі» атты оқулығы мен зерттеулері көңіл аудартады. Оқулық авторлары дене жаттығулары мен негізгі қозғалыс іс-қимылдарын туған кезден бастап мектепке барғанға дейін күнделікті жасап отыру тиіс екені алға тартады. Затпен немесе затсыз қозғалыс ойындарының сан түрлілігі балабақшалардағы барлық топ жеткіншектері үшін өте қызықты, әрі аса қажет болып табылады. Мұнда бақташы мен бұзау, нағыз жігіт, арқан тарту, батырлар сайысы, атын дыбысынан таны, көзжұмбақ, соқыр теке сиқты ұлттық қозғалыстық ойындардың маңызы аса зор.

### **Жалпы білім беру мектептеріндегі дене тәрбиесі**

Қазіргі кезеңде дамып келе жатқан ғылым оқушы жастардан ішкі энергияның үлкен шығынын, Дене қимылы күш-қуат, эмоционалдық тұрақтылық пен рухани байлықты талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда оқушы жастардың денсаулығы, тұлғаны әлеуметтендірудің білімдері мен еңбектік дағдыларын игерудің жалғыз альтернативсіз шарты ретінде қарастырылады. Жас ағзаны

қалыптастыру мен денсаулықты сақтауды қамтамасыз етуге ықпал жасайтын оқу, еңбек, тұрмыс үшін тиімді жағдайды қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылса, салауатты өмір салты арқылы дене шынықтыруға топтастыру, оны шешудің жолы болып табылады.

В.К.Бальсевич пен В.А.Запорожнийдың пікірлері бойынша, балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесінің басты компоненті, негізінде мақсатты қозғалыстар жататын дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу болып табылады. Қозғалыстар – бұл физиологиялық механизмдермен реттелетін және ағзаның көптеген морфологиялық және функционалдық жүйелерімен қамтамасыз етілген ұйымдастырылған қызмет өнімі болып саналады.

Жалпы білім беру мектептері оқушыларының дене тәрбиесінің басты міндеті сауықтыру міндеттерін шешу болып табылады. Жетекші ғалымдардың пікірлері бойынша, қазіргі қоғамдағы дене тәрбиесінің негізгі мақсаты денсаулықты сақтау мен нығайту, түрлі әлеуметтік функцияларды орындау үшін адамның «морфофункционалдық дайындығының» үйлесімді дамуына ықпал ету болып табылады. Мұнда мақсат пен міндеттердің бірлігі дене тәрбиесі мен профилактикалық медицина саласы мамандары күштерін біріктіруге мүмкіндік жасауы тиіс.

Қазақстан Республикасында 2,9 млн оқушысы бар 7100 мемлекеттік жалпы білім беру мектептері бар. Олардың шамамен 70 пайызы дерлік толыққанды спорт залдарымен қамтылған.

Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі жұмысында жалпы білім беру мектептеріндегі, мектеп-интернаттарындағы, балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептеріндегі және басқа да оқу-тәрбие мекемелеріндегі халықтық білім берудің бірыңғай бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын жетекші жүйелер қолданылады.

Олардағы ұсынымдар бойынша Дене қимылы жаттығулар екі негізгі топқа бөлінеді:

1. Стереотипті (стандартты) қозғалыстар – жүктеме қуаттылығы бойынша циклдық, спорт түрлері мен сапалық сипаттамасы бойынша ациклдық.

2. Ситуациялық (стандартты емес) қозғалыстар – жекпе-жектер, спорттық ойындар, кросстар.

Ұйымдастырылу орны мен медициналық-әлеуметтік бағыттылығына қарай дене тәрбиесі формаларын классификациялау бойынша сабақтар келесідей түрлерге бөлінеді.

1. Мекеме тәртібіндегі сабақтардың топтық және бұқаралық формалары:

- оқу күні режимінде дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары: оқу сабақтарындағы гимнастика; сабақ кезіндегі дене шынықтыру минуттары; күнделікті денсаулық сағаты; ұзартылған күн топтарындағы күнделікті дене шынықтыру сабақтары.

- дене шынықтыру және спортпен айналысудың сыныптан тыс формалары: жалпы Дене қимылы дайындық топтары мен президенттік тесттер; емдік дене шынықтыру топтары; дене шынықтыру үйірмелері; спорт түрлері бойынша спорттық үйірмелер; әскери-қолданбалы дайындық топтары.

- жалпы мектептік бұқаралық дене шынықтыру мен спорттық іс-шаралар: ай сайынғы денсаулық және спорт күндері; мектепшілік жарыстар, туристік жорықтар мен слеттер.

- оқу күні тәртібіндегі дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары: сабаққа дейінгі гимнастика; дене шынықтыру үзілістері; өндірістік гимнастика; сабақ үзілістеріндегі дене шынықтыру жаттығулары.

2. Бос уақыт тәртібіндегі топтық және көпшілік сабақтар:

- жүзудің абонементтік топтары; шынықтыру топтары; сауықтыру жүгіруі мен жүрулері әуесқойларын біріктіруші топтардағы сабақтар; демалыс күндердегі туризм, велоспорт және басқа.

- БЖСМ-гі спорттық сабақтар: жоғары спорттық шеберлік мектептері; балалар спорт клубтары; балалар спорт үйірмелері; абонементтік спорттық топтар; спорттың әскери-қолданбалы түрлері; мектеп спартакиадалары; жекелеген спорт түрлері бойынша жарыстар; дене шынықтыру мен спорт бойынша жеке сабақтар; таңғы гимнастика; серуендеу; шынығу; дене шынықтыру бойынша үй тапсырмалары; жеке жоспар бойынша өзбетінше жаттығулар.

Жоғарыда аталғандардың барлығы мектептерде дене шынықтыру мен спорт мақсатындағы оқу-тәрбие және сауықтыруды ұйымдастырудың ғылыми теориялық және педагогикалық процесі болып табылады.

2001 жылдан бастап Қазақстан Республикасы оқушыларының спартакиадалары өткізіліп келеді. Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 8 желтоқсандағы №806 бұйрығына сәйкес, 2004 жылдың мамыр-шілде аралығында мектеп және колледж оқушыларының ІІ-спартакиадасы 45 спорт түрі бойынша өтті.

Спартакиада қорытындысы бойынша, оған 1,5 млн оқушы қатысқан. Жарыстар үш кезең бойынша өткізілді: І-ІІ кезең (наурыз, сәуір) мектепшілік, аудандық, қалалық жарыстар. Оларға 1 млн 200 мың оқушы қатысқан. ІІІ-кезең – облыстар, Астана мен Алматы қалаларының мықты спортшыларынан жиналған құрама командалары арасындағы финалдық республикалық жарыс (сәуір-шілде). Финалдар республиканың 14 қаласында өтті, олар: Павлодар, Шымкент, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Өскемен, Қостанай, Тараз, Қарағанды, Теміртау, Көкшетау, Щучинск, Бурабай, Қызылорда.

2006 жылдың негізгі республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралары, спорттық дене шынықтыру жарыстары мен турнирлерінің күнтізбелік жоспарына сай дайындалған ҚР Білім және ғылыми министрлігінің 2005 жылдың 12 желтоқсанындағы №755 бұйрығы бойынша, 2006 жылдың сәуір-шілде аралығында 36 спорт түрінен финалдық жарыстар өткізілді. Оған 5377 оқушы қатысты. Осы жарыстар барысында бір спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шеберлігі нормативтерін орындаса, 101 – спорт шебері, 380 – спорт шеберлігіне кандидат, 2186 – бірінші ересектер разрядына ие болды.

Спартакиадада жалпыкомандалық І-орынды Оңтүстік Қазақстан облысы, 2-орынды Алматы қаласы, 3-орынды ШҚО мен Павлодар облыстары бөліссе, 4-орынды Алматы облысы иемденді.

Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс және оңтүстік аймақтарының климаттық жағдайлары мен географиялық орналасуы, қысқы спорт түрлері бойынша түрлі спорттық жарыстар өткізуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта оқушы жастар арасындағы қысқы спартакиадалар маңызды орынды иеленеді. Мұндай ірі іс-шараларды өткізу, тек Қазақстан Республикасының егемендік алуынан кейін ғана мүмкін болды. І-қысқы спартакиада 7 спорт түрінен өткізілсе, ІІ-қысқы спартакиада бағдарламасына 14 спорт түрі енгізіліп, ол елдің 8 қаласында өткізілді.

Мектеп және колледж оқушыларының 3-қысқы спартакиада-сы 2007 жылы Алматы қаласында өтті. Шымбұлақта тау шаңғысы жарыстары өткізілсе, қоссайыс пен трамплиннен секіру жарыстары Алматыға таяу жерде ұйымдастырылды.



Шорт-трек спорты біздің елімізге аз таныс, алайда ол формасы мен мазмұны бойынша Қазақстан тұрғындарына жақын келеді.

Республиканың спорттық күнтізбелік жоспарына сай, ҚР Білім және ғылыми министрлігінің 2007 жылғы 22 қаңтардағы №17 «ҚР мектептері мен колледждері оқушыларының ІІІ-қысқы Спартакиадасын өткізу туралы» бұйрығының негізінде, Ұлттық ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы 2007 жылдың ақпан-сәуір айларында шаңғы жарысы, биатлон, шорт-трек, фристайл, тау шаңғы спорты, трамплиннен секіру, шаңғылық қоссайыс, қысқы президенттік бессайыс, қысқы спорттық бейімделу, мәнерлеп сырғанау, футбол, шайбалы хоккей, коньки спорты сияқты 14 спорт түрінен финалдық жарыстар өткізді.

Спартакиада үш кезең бойынша өтті: 1-2 кезеңдер (қаңтар-ақпан) – мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық жарыстар. Онда 650 мың оқушы қатысты. 3-кезең – облыстар, Астана мен Алматы қалаларының мықты спортшыларының құрама командалары арасындағы финалдық республикалық жарыстар. Бұл финалдық жарыстар Алматы, Тараз, Қарағанды, Қостанай, Щучинск, Павлодар, Өскемен, Риддер қалаларында өтті.

ІІІ-қысқы Спартакиадасының басталуынан алдын Ұлттық ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы тарапынан медаль, грамота, вымпел, кубоктар сияқты марапаттық материалдар мен афишалар, шақыру билеттері дайындалды. Жарыстар «Медеу», Балуан Шолақ сарайлары сияқты мықты спорт кешендерінде өткізілді. Финалдық жарыстарға арнап төрешілер алқасы құрылып, оның құрамында 12 халықаралық дәрежедегі, 15 жоғары санатты, 81 бірінші санатты төрешілер болды.

Спартакиаданың финалдық бөлігінде 1300-ден аса оқушы ойын көрсетіп, жарыстар барысында 19 спортшы Қазақстан Республикасының спорт шебері, 247 спортшы спорт шеберлігіне кандидат нормативтерін орындады.

Жарыстарды өткізу кезеңінде жас спортшылардың патриоттық тәрбиелік жағына да мән беріліп, Ұлы Отан соғысы, еңбек және спорт ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

2007 жылдың 12 наурызында Щучинск қаласының орталық алаңында мектеп және колледж оқушыларының ІІІ-қысқы спартакиадасының салтанатты ашылуы өтті. Шеруді ту ұстаушы 80 адам ашып беріп, онда өңірлерден жалпы саны 12 делегация

қатысты. Жас спортшылар Спартакиада туын алып шығып, жоғары көтеріп, қатысушылар алдында Спартакиада алауын алып өтті. Спартакиада алауын халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және 2007 ж. Туринде өткен Бүкіләлемдік универсиада чемпионы Н.Чеботько жақты.

Құрметті қонақтар, командалар өкілдері мен қатысушылар салтанатты рәсімге оң бағасын беріп, Спартакиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау салтанатты түрде, спорттық шеберлікті әрі қарай жетілдіру, салауатты өмір салтын сақтау сияқты жүрек жарды тілектермен қосыла берілді.

Бұл Спартакиаданың қорытындысы бойынша жалпы-командалық есепте 1-орынды Алматы қаласы, 2-орынды ШҚО, 3-орынды Қарағанды облысы, 4-орынды Қостанай облысы, 5-орынды СҚО, 6-орынды Павлодар облысы жеңіп алды. Атырау мен Ақтөбе облыстары да Спартакиадада белсенді өнер көрсетті.

Жалпы алғанда, III-қысқы Спартакиада ХХІҮ Бүкіләлемдік қысқы универсиада (Хорватия, Загерб қаласы) мен 2011 жылы Алматыда өтетейн Азияда алдында қысқы спорт түрлерін дамытуға дем берді. Осылайша, Спартакиада міндеттері толық көлемде орындалды.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің реформалары, педагогикалық процестердің формалары мен әдістерін жанартуды, оқушылардың оқу және тәрбиесін жетілдіруде жаңа көзқарастарды қарастыра отырып, ХХІ ғасырдың педагогикалық технологиясын жасау үшін алғышарттарды қамтамасыз етті.

Жалпы білім беру мектептері оқушылары арасында түрлі көпшілік және спорттық кешенді жарстар өткізу, дене шынықтыру сабақтары мен спорт түрлері бойынша жаттығуларды өткізу сапасына байланысты болады. Алматы қаласының №106 орта мектебінің дене шынықтыру мұғалімі Г.П.Маковецкаяның пікірінше, «мектепке келетін толық дені сау оқушылардың саны өте аз, ол «гиподинамияға», яғни қозғалыс жетімсіздігіне байланысты. Алайда бұл дұрыс емес, өйткені, гиподинамия бұл науқастың бір түрі, онда қозғалыс белсенділігінің шектелуінен ағза функциялары бұзылады. Осындай жетіспеушіліктерді жою үшін үшінші сағат дене шынықтыру енгізілді. Алайда, мектептердің материалдық қамтамасыздығы бұл проблеманы толық шешуге мүмкіндік бермейді».

Бұл мұғалім, сондай-ақ, балаларды қызықтыру үшін түрлі жаттығулар ойлап табу қажет. Өйткені қарапайым күнделікті жаттығулар оқушыларды аса қызықтырмайды дейді. Мұнымен қоса, автор үшінші сағатта стандартты емес құрал жабдықтар, дәстүрлі емес жаттығулар, аэробика, степаэробика, спорттық жарыстардың дайындық ойындары, қысқы спорт түрлері, жалпы дамытушы ойын атракциондары мен ойындары сияқты құралдарды пайдаланған жөн деп санайды. Бұл жөнінде ол өте дұрыс атап көрсетеді. Бірақ барлық адам мұны іс-жүзінде орындай алмайды, өйткені жас дене шынықтыру мұғалімдерінің мұндайға білімдері мен қабілеттері жете бермейді.

Осы проблеманы шешу бойынша Алматы қаласының №74 орта мектебінің дене шынықтыру мұғалімі Т.Н.Васильченко мынадай пікірлер айтады, «оқыту белсенділігі мен дене шынықтыру сабағы мұғалімнің де, оқушының да тікелей белсенділік қызметтері арқасында ған дұрыс жүзеге асады. Соңғы жылдары біздің елімізде йога, таэквондо, кунг-фу, тайцзы және басқа сияқты ежелгі шығыс Дене қимылы жаттығуларына деген қызығушылық артып келеді».

Осыған байланысты, сұхбаттасу және сауалнама жүргізу арқылы Шымкент, Алматы, Тараз және басқа қалаларының жоғары сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізілді. Белгілі болғандай, дене шынықтырудың оқу сағаттарын үш сағатқа ұлғайту және оқу мерзімі 12 жылдық болғанда (экспериментті түрде), сабақтарды ұлттық спорт түрлері мен қозғалыс ойындарын пайдалана отырып, оқушыларды теориялық білімдермен қаруландыра отырып өткізуге мүмкіндік береді. Осы бөлімде Қазақстан мен Орталық Азия ежелгі халықтарының дене шынықтыруының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы тарихымен таныстыру қажет. Қазіргі күнгі кейбір мәселелермен бірге сауалнамаға Қазақстан мен Орталық Азияның ежелгі тайпалары мен халықтарының дене шынықтыруы туралы білімдерге қатысты сұрақтар қосылуы тиіс. Сауалнамада 1000-нан аса оқушы жастары, мектептер, лицейлер мен колледждердің 50 мұғалімдері қатысты.

Сұхбаттасулар мен сауалнамалар жүргізу нәтижелерін ғылыми-теориялық талдау, лицей, колледж және мектептің жоғары сынып оқушылары футболдан (60%), шығыс жекпе-жегінен (25%), спорттық күрес түрлерінен (10%), басқа да спорт түрлерінен өтетін сабаққа аса қызығушылық танытты. Олар дене шынықтыру

сабақтарында спорттық ойындарды (баскетбол 40%, волейбол 30%, қол добы 20%), жеңіл атлетикадан 50%, биіктікке секіруден 50%, гранат лақтырудан 10%, гимнастикадан т.б. ойындарды көптеп өткізу қажет деп санайды.

Сонымен қатар, дене шынықтыру сабақтары барысында стандартты емес жаттығуларды, стандартты емес спорттық заттарды қолдану, бағдарламалық стандарттарға карағанда 60-70 пайызға көбірек қызығушылық тудырады. Бұл бір түрдегі жаттығулар мен оларды жүйелі түрде өткізу, оқушы жастардың қызығушылықтарын төмендетіп жіберетінін білдіреді.

Садақ ату, найза лақтыру, семсерлесу мен ат ойындары жергілікті ұлттардың қыздарын қоса алғанда барлық оқушыларды қызықтырады (50%). Мұндай оқыту түрлері өте қызықты әрі олар адамдардың Дене қимылы тәрбиесі мен руханилығын тәрбиелеуге мүмкіндік беретіні рас. Алайда, сұралған оқушылардың көпшілігінің бұл құралдардың қашан пайда болғандығы, оларды қандай тайпалар қолданғандығы туралы білімдері таяз. Бұл дегеніміз, сабақтар кезінде Қазақстан халықтарының дене тәрбиесі мен дене шынықтыруының пайда болуы туралы аз мәліметтер берілетінін көрсетеді.

Жазғы уақыттарда балалар мен жасөспірімдердің сауықтыруы мен демалысын ұйымдастыру маңыздылығы ескеріле отырып, спортты ұйымдастыру және спорттық-көпшілік, сауықтыру іс-шараларын өткізу туралы шаралар қабылданды. Тек 2008 жылдың өзінде 184 спорттық-сауықтыру лагерьлерінде 72 730 жас спортшы демалды.

Балалардың бос уақыттарын ұйымдастыруда балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептеріне көңіл бөлініп, осындай мектептер желісін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді. 2008 жылдың өзінде қосымша 19 спорт мектебі ашылып, онда 10 мынан аса бала жаттықты. Бүгінде елде 438-ге жуық спорт мектептері жұмыс жасап, онда 300 мыңға жуық балалар спортпен шұғылданады. Балалар мен жасөспірімдер арасында футбол (30 мың бала), бокс (20 мың бала), волейбол (15 мың бала) сияқты спорт түрлері танымалдылыққа ие болып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді, оқушылар арасындағы жазғы және қысқы спартакиадалар қайта жанданып, спорттық күнтізбелік жоспар байытылып, ол 30 түрлі спорттан тұрды.

2001-2005 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында аптасына 3 сағат дене шынықтыру сабағын енгізу міндеті қойылды. Нәтижесінде республиканың 72 пайыз жалпы білім беру мектептерінде үшінші сабақ дене шынықтыру пәні енгізілді. Алайда, бұл мектеп бағдарламасында қарастырылмай, білім беру саласы басшылары тарапынан өткізу талап етілмеген. Сондай-ақ, оқушыларды былай қойғанда, мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік құралдар жеткіліксіз болған, ал егер ондай оқу құралдары болған күннің өзінде барлық дерлік оқу орындарының кітапханаларда болмағанын дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері айғақтады. Мұндай мәселелердің басты себебі, республиканың дене шынықтыру бойынша жоғары және орта оқу орындарында болашақ мамандарға қажетті теориялық білімдер (55%), әсіресе, тәжірибелік дағдылар (65%) берілмеуінен болып отыр.

Біздің ойымызша, дене шынықтыру кадрларын дайындауда мектептер мен лицей, колледждерде Қазақстанның ежелгі тайпалары мен халықтарының дене шынықтыру және спорт элементтерінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы туралы зерттеуге баса мән берілуі тиіс.

Қорытындылай отырып айтар болсақ, дене шынықтыру мен спорт, олардың тарихи, теориялық және педагогикалық алғышарттары, тенденциялары мен маңызы дәл осы мектептер мен басқа да оқу орындарында қалыптасады.

### **Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі**

Халық шаруашылығының барлық салаларын мамандармен және жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, республиканың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта болашақ мамандардың Дене қимылы қасиеттерді меңгеруі, дене тәрбиесі мен спортта үлкен маңызға ие. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, мұның негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен барлық жоғары оқу орындарында төрт сағаттық сабақ тәжірибесі енгізілді.

«Қазақстан Республикасы тұрғындарының Дене қимылы дайындығының президенттік тесттері туралы» Үкімет қаулысы, ең алдымен тұрғындардың, оның ішінде студент жастарының жүйелі

түрде дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін қажетті Дене қимылы дайындық деңгейін қамтамасыз етуді қарастырады.

Елбасы Н.Назарбаев өз Жолдауларында Қазақстанның дамыған 30 елінің қатарына қосылу мақсатын ту етіп қойғаны баршаға белгілі. Мұндай мақсаттарға қол жеткізу, тиісті кадрлық қамтамасыздықсыз және жоғары Дене қимылы дайындық деңгейіндегі кәсіби-мамандарды даярлаусыз мүмкін емес. Бүгінгі таңдағы маман тұлғасының жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі дене шынықтыру мен спорт болып табылады.

Ауқымды өзгерістерге байланысты қоғамның жоғары мектепке деген әлеуметтік тапсырысы түбегейлі түрде өзгеріске ұшырады. Жоғары білімді маман дайындаудағы басты міндет, қатаң бәсекелестік жағдайда өз білімдері мен қабілеттерін іске асыра алатын іскерлік қасиеті мол шынайы кәсіпқойларды шығару болып саналады.

Бүгінгі жағдайда ЖОО-да дене тәрбиесі процесін түбегейлі өзгерту үшін әміршілік-әкімшілік басқару әдісінен бас тартып, студент тұлғасымен толыққанды айналысып, олардың тәндік және рухтық жетілдіру саласындағы мүдделері мен қажеттіліктеріне терең бойлау қажет.

Қазіргі уақыттағы ЖОО-ғы дене тәрбиесі процесінің тәжірибесі, адамның Дене қимылы жұмыс қабілеттілігін анықтайтын қозғалыс дағдылары мен Дене қимылы қасиеттерді дамыту міндеттерімен шектеліп қалған.

Осы жерде, ЖОО-ғы дене тәрбиесі бағдарламасы жоғары өндіруші күштер мен Отанды қорғауға дайын мамандарды ғана даярлауға бағытталды. Сондықтан барлық педагогикалық процесс кәсіби-қолданбалы Дене қимылы дайындықтан әрі аспағанын атауға болады. Бұл жөнінде Ж.Бозтаев, Е.Караваева мен С.Бозтаевалар, дене тәрбиесінің тәжірибесіндегі басым нормативтік көзқарас, ол оқудың сәттілік көрсеткіші президенттік тесттер кешенінің нормативтерін немесе сынақтық бағдарламалардың нормаларын орындау болып табылатын болса, онда ол студенттің тұлғасымен ойнау болып есептеледі дейді. Бұл әсіресе, осындай нормативтер аясында тұлғаны дайындауда көрініс тауып, ол өз кезегінде тәрбиелеудің гуманистік принциптері мен тұлға еркіндігі идеясына қайшы келеді. Сол үшін де қазір студенттердің дене тәрбиесі мен

оның бағдарламаларының ЖОО-ғы жүйесі қорғауды қажет етеді. Бұл жүйенің барлық салалары терең медико-биологиялық және әлеуметтік-техникалық негіздеме алып, іс-жүзінде тексеріліп көрілді.

Г.Нұржанов пен А.Караков, «...ЖОО-ғы дене шынықтыру пәні өзіне Дене қимылы және функционалдық дайындық міндеттерін де, психофизиологиялық бағыттағы міндеттерді де, сондай-ақ, тұлғаның сипаттық ерекшеліктерін жетілдіру бойынша міндеттерді де қосатын құралдар мен әдістерден тұрады...», деп есептейді.

Президенттік тесттердің оқу және оқудан тыс сабақтарға қосылуы мен спорттық іс-шаралар студенттердің белсенді өмірі мен функционалдық қызметіне ықпал етеді. Тесттердің негізгі формалары мен мазмұны студенттердің барлық Дене қимылы қасиеттерін дамыту мен жетілдіруге арналған.

Төзімділікке арналған тесттер (жасөспірімдерде 3000 м, қыздарда 1000 м жүгіру) орындалуы өте қиын тесттердің бірі болып табылады. Өйткені, оны тапсыру үшін жүгіру жүктемесінің үлкен көлемі, жүрек қантамыр, тыныс алу жүйесі, тірек-қозғалыс аппараты және моральдық-еріктік дайындық дамуының жеткілікті жақсы түрдегі деңгейі қажет.

Әрине, жүгіру ағза бұлшықет қызметінің ең тиімді түрі, ол жалпы денсаулық жағдайын көрсететін төзімділіктің жоғары деңгейін дамытады. «Төзімділікке арналған президенттік тесттерді игеру» (2001 ж.) ұсынымдарында А.Кульназаров, Г.Иванов, Д.Оңғарбаевалар атап өткендей, «...жүгіру, тек энергия шығынының өсуі есебінен тұрақтанатын дене салмағын қалыпқа келтірудің тиімді құрала бола отырып, май алмасуларды белсендендіреді. Сағатына 9-10 шақырыммен 1 сағат баяу жүгіруде 600 ккал жұмсалады. Нәтижесінде аштық сезімі баяулайды, өйткені гипофиз 5 есе артық эндорфин гормондарын бөліп, ол көңіл күйді жақсартып, аштықты басады. Сондай-ақ, жүгіру қандағы артық адреналинді жоя отырып, психологиялық стрессті төмендетеді. Яғни жүгіру ең керемет табиғи транквилизатор...». Бұл авторлар сонымен бірге жүгіру жүрек қантамырлары мен тыныс алу жүйесін оң әсер етіп, баур қызметін жақсартатынын, сөйтіп бүкіл тірек-қозғалыс аппаратына ықпал ететінін де айтады.

Президенттік тесттердің қысқа қашықтыққа жүгіру, барлық секіру жаттығуларының түрлері, лақтыру, итеру, жүзу, гимнастика,

турзим сияқты барлық нормативтік талаптары, болашақ мамандардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығына бағытталған дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын шапшандық, ептілік, күш сияқты Дене қимылы қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіреді.

С.С.Кубиева өзінің «ЖОО-дағы кәсіби-қолданбалы Дене қимылы дайындық спецификасы» атты мақаласында өз тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі кезеңдегі факультеттердің ерекшелігі ескеріліп, ол келесі құрылымдық-ұйымдастырушылық бағыттар бойынша жүзеге асырылатынын айтады:

- Мектептегі болашақ тәрбие қызметі үшін дене шынықтыру мен спорт саласында студенттерді кәсіби-педагогикалық тұрғыда дайындау;
- Бұқаралық-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруда техникалық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды игеру;
- Өндірістік қызмет үшін қажетті арнайы дене күші сапалары мен қозғалыстық дағдыларды дамыту;
- Дене тәрбиесі мен саламатты өмір салтын үгіттеу мен насихаттаудың әдістері мен құралдарын игеру.

Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі студенттердің оқу процесін бақылау мен талдау, қазіргі кезде ЖОО-да студенттердің қозғалыс белсенділігінің төмендеу тенденцияларын көрсетеді. Дене шынықтыруға, саламатты өмір салтына, Дене қимылы жетілдірілуге деген мотивация төмендеп, студенттер Дене қимылы әрі функционалдық тұрғыда оқу қызметі мен ЖОО-ғы басқа да оқу-тәрбие процестерінің бөлімдерін меңгеруге қиналады. Бұл біздің көзқарасымыз бойынша, көпшілік студенттердің компьютерлік техникалармен айналысуымен, тұрмыстық процестермен айналысуымен (сауда, қызмет жасау т.б.) және денсаулықты нығайтудағы дене шынықтыру мен спорттың мәнін толық бағалай алмаумен түсіндіріледі.

Г.М.Мадиева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үлгісінде президенттік тесттер нормативтерін тапсыруды талдай отырып, студенттердің көп бөлігі кешен талаптарымен орындай алмайды. Оның басты себептерінің бірі жеткіліксіз Дене қимылы дайындық деп есептейді. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен Р.Н.Испулова, студент қыздарға жасаған өзінің ғылыми талдауларына сүйене отырып, сабаққа келу журналға белгілеу арқылы бақыланды, келмеу себептері медициналық



анықтамалар және әңгімелесу түрі бойынша талданды дейді. Осылайша, сабақты жіберушілердің саны орта есеппен бірінші курстарда 42 пайыз болса, екінші курстарда 45 пайызды құрады.

Тәжірибелер көрсетіп отырғандай, студенттерді дене тәрбиесі саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту түрлі профиль мамандарын дайындаудағы қызметтің маңызды бағытының бірі болып табылады. Осы орайда, Орал мемлекеттік университетінен Н.К.Байтлесованың зерттеу жұмыстарының нәтижелері көңіл аудартады, ол «...қазіргі педагог оқу-тәрбие процестерін жобалау мен құрастырудан тұратын методологиялық мәдениетті; педагогикалық міндеттерді қалыптастырып, шығармашыл түрде шешіп, ұғынуды; методологиялық рефлексияны меңгеруге тиіс...», деп есептейді.

Осылайша, қазіргі кезде ЖОО-да орын алып отырған жағдайларды талдау, ол туралы интеллектуализация, гуманизация және ЖОО-ғы дене тәрбиесінің төмен жалпы мәдениеттік және эстетикалық тұрғысында бүгінгі көзқарастар арасындағы терең қайшылықтарды анықтады, ал педагогикалық процестерді дұрыс ұйымдастырған жағдайда адамның негізгі мәдениетінің бірі – тұлғаның дене шынықтыруын қалыптастырады. Дене шынықтыру құралдары әрбір жеке тұлға қабілеттерін үйлесімді қалыптастырып, іске асыру үшін қолданылуы тиіс.

Жалпы алғанда, ЖОО, облыс, республика деңгейлеріндегі спорттық жарыстар барлық студенттерді, қызметкерлер мен профессорлық-оқытушылар құрамын кеңінен қамтиды. Көптеген спорттық жарыстар арасында ең бастысы әрі дәстүрлісі – универсиада болып табылады, ол 2001 жылдан бастап үш кезеңде өткізіліп келеді: ЖОО-ішілік, облыстық, республикалық – универсиада финалы. Универсиаданың біршамасының негізгі сипаттары 27-кестеде келтіріледі.

27-кесте. Қазақстан Республикасы студенттерінің Универсиадалары

Жылы	Атауы	Спорт түрлерінің саны	Қатысушылар саны	Жеңімпаздар
2001	ҚР студенттерінің I-жазғы Универсиадасы	18	40 ЖОО-нан 3415 қатысушы	Қаз МАҚУ М.Әуезов ат. ОҚМУ Е.Букетов ат. ҚарМУ
2003	ҚР студенттерінің	17	54 ЖОО-нан 4100 қатысушы	М.Әуезов ат. ОҚМУ

	2-жазғы Универсиадасы			Е.Букетов ат. ҚарМУ С.Торайғыров ат ПТУ
2005	ҚР студенттерінің 3-жазғы Универсиадасы	24	63 ЖОО-нан 5000 қатысушы	М.Әуезов ат. ОҚМУ Е.Букетов ат. ҚарМУ
2007	ҚР студенттерінің 4-жазғы Универсиадасы	26	53 ЖОО-нан 5054 қатысушы	Ясауи ат. ХҚТУ Фараби ат. ҚПУ Е.Букетов ат. ҚарМУ

ҚР Білім және ғылыми министрлігінің 2007 жылдың 13 науырызындағы №106 «ҚР ЖОО-ның IV-жазғы Универсиадасын өткізу туралы» бұйрығына сәйкес, Ұлттық ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы ЖОО арасында IV-жазғы Универсиаданы 26 спорт түрі бойынша өткізді. Олардың қатарында жүзу, баскетбол, шахмат, футбол, жеңіл атлетика, волейбол, регби, жағажай волейболы, дзюдо, еркін және қазақша күрестер, бадминтон, тоғызқұмалақ, спорттық бейімделу, бокс, таэквондо, теннис, үстел теннисі, каратэ-до, грек-рим күресі, бильярд, садақ ату, президенттік көпсайыс, самбо, су полюсы, гандбол, семсерлесу бар.

Бастапқы көпшілік стартқа 146 000 студент қатысты. Ал финалдық жарыстарға 63 ЖОО-на 5054 адам қатысып, 230 марапат жинағы ойнатылды. Төрешілікке халықаралық дәрежедегі 26, жоғары ұлттық дәрежедегі 200 төреші тартылды. Жүргізілген дайындық жұмыстары «Жаңа әлемдегі, жаңа Қазақстан» ұранымен өткен жарыс сапасына оң әсер етті.

Финалдық жарыстарда негізінен спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың мүшелері қатысып, Универсиада медальдары үшін күрес қыза түсті. Нәтижесінде 4 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 57 адам спорт шебері, 1500 спорт шеберлігіне үміткер нормативтерін орындады. Өткізілген старттар Қазақ көлік және коммуникация академиясы студенттерінің шеберліктерінің өскенін көрсетіп, спорттың 8 түрі бойынша 1-орын, үш түрі бойынша 2-орын, бір түрі бойынша 3-орын алды. Осылайша, олар жалпы командалық есепте бірінші орынды иемденді.

Екінші жалпы командалық орынды Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті еншіледі.

Сонымен қатар М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің студенттері де тұрақты спорттық нәтижелер көрсетуде.

Жалпы, өткізілген финалдық жарыстар студенттер арасында дене шынықтыру, спорттық жұмыстарға деген қызығушылықтың артқанын көрсетті. ЖОО арасында финалдық жарыстарды өткізу құқығы үшін күрес, ресми жарыс алдында-ақ басталып кеткен болатын. Республикадағы оқу орындарында білікті жаттықтырушы-оқытушылардың жетіспеушілігі ескеріле отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде дене тәрбиесі бөлімдері ашылып, оған перспективті спортшылар қабылданып, олардың оқу және жаттығуларына жағдайлар жасалды. Сондықтан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының спортшы қыздары баскетбол, күрес, самбо, жеңіл атлетика, садақ ату, дзюдодан түрлі деңгейдегі медальдарға ие болды, ал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ спортшылары екінші рет жалпы командалық есепте 2- орынды алды. Сонымен қатар, Жетісу, Қызылорда мемлекеттік университеттерінде де жұмыстары айтарлықтай белсендендірілді.

Универсиаданың өткізілген старттары кең түрде «ПроСпорт», «СпортКЗ», «Экспресс К» газеттерінде жарияланып, «Хабар», «КТК», «31-канал», «Рахат» және т.б. телеарналарда көрсетілді.

Сонымен бірге, Универсиаданың старттарында Атырау, Қостанай, Семей, Ақтөбе, Тараз қалаларының жетекші ЖОО-ның әлсіз ойын көрсеткендерін де атау қажет. Универсиадаға қатысқан Қазақстан Республикасындағы көпшілік ЖОО-ры спорттың 12 сынақтық түрін жинақтай алмады.

Қазіргі уақытта спорттық медицина саласында білікті мамандар мен ғалымдардың жетіспеушілігі аса байқалады. Бұл проблеманы шешудің бір жолы, ол Қазақ ұлттық медицина академиясында спорттық медицина бөлімінің ашылуы болып табылады. Сондай-ақ, «Сұңқар» спорттық студенттік қоғамын құру, ЖОО-да спорттық клубтарды қаржыландыру мәселелерін шешу қажеттілігі өсті.

Жалпы, Қазақстан Республикасының құрама командасы 1993 жылдан бастап Бүкіләлемдік жазғы универсиадаларға қатыса бастады. 1993 жылы АҚШ-тың Буффало қаласында өткен Универсиадада жеңіл атлетикадан 1 күміс медаль, 1995 жылы Жапонияның Фукука қаласында жеңіл атлетика мен суға секіруден 2 күміс медаль, 2001 жылы Пекинде жеңіл атлетикадан 3 күміс

медаль, 2003 жылы Италияның Тарвизо қаласында 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медальдар, 2005 жылы Оңтүстік Кореяның Дэгу қаласында гимнастика, жеңіл атлетика, таэквондодан 2 алтын, 4 күміс медальдар жеңіп алынды.

2005 жылы Австрияның Инсбрук қаласында өткен XXI-Бүкіләлемдік қысқы универсиадада Қазақстан командасы 4 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль иеленіп, 53 елдің арасында 7-орынға табан тіреді.

Төменде көрсетілген 28-кестедегі көрсеткіштер, Қазақстан Республикасының студенттік спортқа, оған спорттық іс-шаралар ұйымдастыруда, түрлі Универсиадаларға қатысуда барлық мүмкіншіліктерді жасай отырып, үлкен мән беретінін көрсетеді.

2005 жылы 8-22 тамызда Түркияның Измир қаласында өткен XXIII-Бүкіләлемдік универсиадасында әлемнің 165 елінен 16455 спортшы қатысты. Онда Қазақстан командасы 12 спорт түрінен өнер көрсетіп, жалпы командалық есепте 26-орынды, ал алынған медальдар жағынан 19-орынды иемденді.

Универсиаданың жеңімпаздары келесі Қазақстан студенттері болды: Әсембеков Марғұлан, грек-рим күресі (96 кг), алтын, ҚазККА студенті; Поляков Владислав, 200 м - брасспен жүзу, күміс, СҚМУ студенті; Ерімбетов Ернар, спорттық гимнастика күміс, тіреумен секіру қола, ҚазККА студенті; Светковский Андрей, еркін күрес (120 кг), қола, ҚазҰУ студенті; Жүрсінбаев Асар, грек-рим күресі (55 кг), қола, ҚазККА студенті; Қоңыратов Ербол, грек-рим күресі (60 кг), қола, ҚазККА студенті; Росланова Татьяна, жеңіл атлетика (400 м), қола, ОҚМУ студенті; Юсупова Әлия, көркем гимнастика (доппен), қола, ОҚМУ студенті.

28-кесте. 2001-2007 жж. Қазақстан спортшыларының Бүкіләлемдік жазғы және қысқы Универсиадаларға қатысуы

Мерзімі	Жарыс атауы	Спорт түрлерінің саны	Қатысушылар саны	Жеңімпаздар
Жазғы				
2001	XXI-Бүкіләлемдік жазғы Универсиада (ҚХР)	12	169 ел	Қазақстан 33-орын
2003	XXII-Бүкіләлемдік жазғы Универсиада (Оңт.Корея)	14	180 ел	Қазақстан 18-орын

2005	XXIII-Бүкіләлемдік жазғы Универсиада (Түркия)	15	147 ел	Қазақстан 26-орын
2007	XXIV-Бүкіләлемдік жазғы Универсиада (Бангкок)	17	175 ел	Қазақстан 11-орын
Қысқы				
2001	XXIV-Бүкіләлемдік қысқы Универсиада (Польша)	8	41 ел	Ресей, Корея, Польша
2003	XXIV-Бүкіләлемдік қысқы Универсиада (Италия)	7	58 ел	Қазақстан 10-орын
2005	XXIV-Бүкіләлемдік қысқы Универсиада (Австрия)	11	53 ел	Қазақстан 7-орын

Жалпы әлемдік тарихқа үңілсек студенттік спорт тарихы 1905 жылдан басталады екен. Осы жылы АҚШ-та студент жастардың алғашқы халықаралық жарысы өтті. Бірінші Дүниежүзілік студенттік ойындар 1923 жылы Парижде ұйымдастырылды. Алайда, Универсиада деген атау алған алғашқы спорт жарысы 1959 жылы Италияның Турин қаласында өткізілген болатын. Содан бергі кезеңде Универсиада әлемдегі ең айшықты халықаралық бұқаралық спорт және мәдени оқиғалардың біріне айналды. Универсиаданың бір мақсаты – спортты білім беру жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде ілгерілету болып табылады.

Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы Алматыда өткізу туралы ресми шешім 2011 жылғы 29 қарашада Брюссельде Халықаралық университеттік спорт федерациясында (FISU) өткен дауыс беру нәтижесінде қабылданды. Осылайша, Алматы бұрынғы кеңестік елдер ішінде бірінші болып, 2017 жылы өтетін XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды. Бұған дейін 1973 жылы Мәскеу және 2013 жылы Қазан қаласы жастардың тек жазғы спорт ойындарын қабылдаған болатын. Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі 2015 жылғы 15 ақпанда Испанияның Гранада қаласында өтті.

Алматыда өткен 2017 жылғы Дүниежүзілік қысқы универсиаданың тұмары ретінде сұңқар таңдалды. Тұмарды ұсынушылардың пікірінше, сұңқар жылдамдықты, жеңілдікті, күш-қуат пен жеңіске деген құлшынысты бейнелейді. Осы символға орай,

Алматыдағы Универсиаданың ұранына «Қанатыңды кең серпі!» сөз тіркесі таңдалды.

XXVIII қысқы Дүниежүзілік универсиада 2017 жылы 28 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтіп, оған FISU альянсына кіретін 50 елден бес мыңнан астам студент қатысып, үш мыңға жуық еріктілер жұмылдырылды. Мегалополисті ірі спорттық шараға дайындаудағы инфрақұрылымдық база қызметін 2011 жылы өткен 7-қысқы Азия ойындарына арнап салынған нысандар атқарды. Атап айтқанда, «Сұңқар» халықаралық шаңғыдан секіру кешені, Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайы және Алматы облысындағы Шаңғы-биатлон стадионы универсиада жарыстарын қабылдады. Спорт жарыстары сондай-ақ «Медеу» мұз айдынында және «Шымбұлақ» тау-шаңғылы курортында да өтті. Универсиада үшін қосымша тағы Мұз сарайы, Мұз аренасы және Атлеттер қалашығы салынды.

Универсиада аясында Қазақстанда спорттың 13 түрінен (8 міндетті және 5 қосымша) жарыстар жоспарланып, ол бойынша мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғысы спорты, сноубординг, биатлон, шаңғы жарысы, шайбалы хоккей, керлинг міндетті спорт түрлеріне кірді. Ал қабылдаушы тараптың ұсынысы бойынша енгізілетін қосымша спорт түрлеріне шаңғымен тұғырдан секіру, шаңғы қоссайысы, фристайл, конькимен жүгіру спорты және бенди кірді.

Екі апта бойы әлем назарын өзіне аударған 28-қысқы Универсиада ойындарында жерлестеріміз ең көп бас жүлдені фрисайлдан жеңіп алды. Спорттың бұл түрінен 4 алтын олжалады. Екінші көп алтынды биатлоннан еншіледі. Спорттың бұл түрінен жерлестеріміз жеңіс тұғырының ең биік сатысына 3 рет көтерілді. Ал шаңғы жарыстарынан 2 рет Елұранымыз шырқалса, мәнерлеп сырғанаудан 1 рет жүлделі орын алдық. Міне, бұл спорт түрлері қазақ елін жалпы есепте көшбасшылардың қатарынан көрінуге мүмкіндік тудырды. Спортшыларымыз ең көп күміс медалдарды биатлоннан иеленді. Спорттың бұл түрінен 3 күміс жүлде иеленсек, екінші көп күміс жүлдені шаңғы жарысынан қоржынымызға салды. Ал фристайл, хоккей, шорт-трек спортынан бір-бір күміс медаль бұйырды. Ал қола медальды спортшыларымыз спорттың шаңғы және шорт-трек түрінен көбірек жинады. Шаңғы жарысынан - 5, шорт-тректен 5 қола қоржынымызға түсті. Одан кейінгі орында фристайл спорты. Бұл спорт түрінен 3 қолаға қол жеткізсек,

биатлоннан - 2, конкимен жүгіру спортынан екі қола медаль еншіледік.

Универсиада қашанда жарыстық тәжірибені игеру қажеттілігін дәлелдеп отыр, оған бір жағынан ҰҒТДШО оқушылар спартакиадасы мен республикалық универсиадалар өткізу арқылы тұрақты түрде дәлел жасайды.

Сондай-ақ, ҰҒТДШО Олимпиада резервінің дамуы мен көпшілікті спортпен айналысуға гартуда, спорт түрлері бойынша студенттік құрама командаларды құруда, олармен терең дәрігерлік-медициналық бақылау жүргізуде, сондай-ақ, шетелдік мамандарды тарта отырып жаттықтырушы кадрлардың біліктіліктерін арттыру мен халықаралық дәрежедегі төрешілерді дайындауда үлкен ықпал етіп келеді.

Жалпы алғанда, қорытындылай отырып айтқанда, ЖОО студенттерінің дене шынықтыруы мен спорты бойынша, оқытушы мамандық түріне қарамастан студенттерді қызықтыратын барлық мәселелерде құзырлы болуылары тиіс. Осы мақсатта дене шынықтыру институттары мен факультеттері, Қазақ спорт және туризм академиясы, спорттық колледждер, олимпиадалық дайындық орталықтары студенттер мен оқушы жастарды Қазақстанның ежелгі тұрғындарының дене тәрбиесі жөніндегі тарихи мәліметтермен қаруландыруы қажет.

Жоғарыдағы көрсеткіштер, әсіресе, біздің еліміздің көне халықтарының дене шынықтыруының пайда болуы мен дамуының тарихи-педагогикалық мәліметтері туралы білімдер, республиканың орта және жоғары оқу орындары студенттерін қызықтырады. Сондықтан Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт тарихын зерттеуге бөлінген оқу сағаттарының көлемін қайта қараған жөн деп санаймыз.

## **10.2 Спорттық-дене шынықтыру қозғалысы саласында мамандарды дайындауды жетілдіру**

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында дене шынықтыру кадрларын даярлау мәселелері қарастырылып, ондағы негізгі құзырет дене шынықтыру мен спорт жөніндегі уәкілетті органға берілген.

Президент Жолдауына сәйкес жасалған 2005-2010 жж. арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында, білім беруді дамытудың басым міндеттері арасында «Педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру мен дайындау жүйесін жан-жақты реформалаудың модельдерін жасау және эксперименттік сынау» жөнінде айтылған. Білім беру реформаларының сәттілігі мен тиімділігінің маңызды факторлары ретінде кәсіби-педагогикалық білім жүйесіндегі, оның ішінде дене шынықтыру мен спорт саласындағы оң өзгерістер есептеледі.

Д.А.Кайдарова өзінің педагогикалық кадрларды дайындауға байланысты диссертациясында «ғылым тарихы мен тәжірибені дамытудың объективті заңдылықтары көрсетіп отырғандай, заманауи педагогикалық өзекті мәселелерді шешу үшін өткен тәжірибелерді терең ұғыну қажет» деп атайды.

Өзбекстан ғалымы Р.С.Саламов, дене шынықтыру бойынша бакалаврларды дайындаудың сапасын арттыру мақсатында, оқытудың формаларын, әдістері мен мазмұнын талдап, оқу жоспарларын, жұмыс бағдарламаларын қайта жасап, оқытудың белсенді әдістерін эксперименталды түрде негіздеп, оқу процесін тиімді басқару үшін түрлі пәндерден оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау формаларын анықтау қажет деп санайды.

Қазақстан Республикасында 70-тен аса халық шаруашылығы үшін түрлі профильдегі мамандар даярлауды жүзеге асыратын ЖОО бар. Олардың арасында дене тәрбиесі және дене шынықтыру факультеттері бар университеттер мен институттар бар, оның 18 мемлекеттік, 11 мемлекеттік емес ЖОО болса, 5 ұйымдастырылған педагогикалық институттар (Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Семей, Тараз қалаларында). 2006-2007 оқу жылындағы мемлекеттік тапсырыс 10 мың орынды құрап, оларда спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар мен дене шынықтыру мұғалімдері дайындалады. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы дипломды мамандар жағдайы туралы мәліметтер біздің зерттеулер барысында жинақталған материалдарда көрініс табады (28-кесте).

Дене шынықтыру ЖОО-да теориялық-педагогикалық пәндер мен спорт түрлері жөніндегі сабақтарды сапалы өткізуге ықпал ететін, ғылыми-педагогикалық және шығармашылық жұмыстарды жетілдіру үшін барлық жағдайлар жасалған.



Мысал үшін Өскемен педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультеті қызметінің кейбір түрлерін атап өтуге болады. Факультет деканы В.В.Васильченко, профессор-оқытушылар құрамында 4 педагогика ғылымдарының докторы, 6 ғылым кандидаты және кандидаттық диссертация қорғамаған 5 доценттің бар екенін айтады. Ол сондай-ақ, құрамында Азия, Әлем және Олимпиада чемпиондары мен олардың жаттықтырушы-ұстаздары бар факультеттерде спорттағы, кадрларды дайындаудағы, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жетістіктер жөнінде де атап өтеді.

Соңғы жылдары дене шынықтыру мамандарын дайындауда ҰҒТДШО жоспарлы әрі жемісті түрдегі жұмыстарды іс-жүзінде атқарып келеді. Бұл орталықтың ғылыми-зерттеу жоспары, әрқайсысы нақты мақсатты тапсырмалардың өзара байланысты проблемалары кешенін қамтитын төрт ғылыми бағыттан тұрады. Орталық жоспарында «Дене шынықтыру бойынша кадрларды дайындау мен біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруге» арнайы орын берілген. Олар дене шынықтыру мен спорт саласын ұйымдастыру мен басқарудың ғылыми негіздеріне арналған және оның мақсаттары саланы басқаруды жақсарту, дене шынықтыруды материалдық-техникалық, кадрлық және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру, ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен деңгейінің сапасын жоғарылату болып табылады.

А.К.Кульназаров пен Г.Д.Иванов, жаттықтырушының кәсіби-педагогикалық шеберлігін арттырудың маңызды құралдарының бірі, оның ғылыми-зерттеу қызметі, спорт ғылымына байланысты түрлі әдістермен алынған зерттеулерді тіркеу мен талдау шеберлігі және оның нәтижелері болып саналады дейді.

В.Ф.Костюченко мен А.К.Кульназаров өздерінің «Дене шынықтыру саласындағы кәсібилік» атты оқу құралдарында былай деп көрсетеді, «...қазіргі уақытқа дейін еңбектің кең әрі вариативті нарғы қалыптасты. Спорттық бейімдіктегі мамандарға сұраныс төмендеп, көбінесе, сауықтыру мен рекреациялық дене шынықтыру саласындағы мамандарға сұраныс күшейді. Еңбектің бүгінгі мобильді нарығында фундаменталды, теориялық және көзқарастық дайындықтағы мамандар бейімделуге қабілетті болады».

Дене шынықтыру мен спорт саласында педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау жүйесі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: 1) жаңа келгендерден бастап халықаралық дәрежедегі

спортшыларды дайындауға қабілетті жаттықтырушы кадрларды оқыту; 2) жалпы білім беру және кәсіби арнайы оқу орындары үшін дене тәрбиесі оқытушыларын дайындау; 3) ғылыми кадрларды магистратура, докторантура мен ізденушілік арқылы дайындау.

Қазақстан Республикасы мен ТМД-ның көпжылдық тәжірибесі, барлық мамандықтағы студенттердің оқу кезеңдерінде теориялық-педагогикалық пәндермен қатар «Дене шынықтыру мен спорт тарихы» пәнін өтудің де маңызы зор екенін көрсетеді. Бұл пән студенттердің білімі мен түсінігін көптеген әлем елдерінде дене шынықтыру мен спорттың қазіргі даму тенденциясымен ғана емес, сондай-ақ, Қазақстанның дене шынықтыруы мен спортының пайда болуы, қалыптасуы және буырқана дамуы жөнінде де білім нәрімен сусындатады.

29, 30-кестелерде Қазақстан Республикасы облыстарындағы дене шынықтыру кадрлары (2005-2006 жж.) берілген.

29-кесте. Қазақстан Республикасы облыстарындағы дене шынықтыру кадрлары

№	Облыстар	Штаттағы ДШ жұмысшылары				Оның ішінде жббм мұқалмдер				Арнайы тег. Дш Дш жетекшілері				АОО дш оқытушы жетекшілер			
		Шт жұм барлығы	Олардың ішінде			Шт жұм барлығы	Олардың ішінде			Шт жұм барлығы	Олардың ішінде			Шт жұм барлығы	Олардың ішінде		
			ауылда	Дш білімі бар	Дш білімі бар ауыл		ауылда	Дш білімі бар	Дш білімі бар ауыл		ауылда	Дш білімі бар	Дш білімі бар ауыл		ауылда	Дш білімі бар	Дш білімі бар ауыл
1	Ақмола	1620	888	1113	527	938	682	624	400	39	15	24	10	61	4	59	4
2	Ақтөбе	1870	803	1282	510	962	601	747	422	30	11	24	8	84		81	
3	Алматы обл	2705	1808	2544	1809	1984	1615	1964	1596	38	1	28	15	75	10	73	10
4	Атырау	989	416	677	306	522	302	415	229	19	9	11	8	8		8	
5	ШҚО	2921	1281	2528	1079	1546	1021	1374	884	43	16	41	10	128	7	127	4
6	Жамбыл	2183	1222	1868	1029	1321	951	1201	860	47	17	39	15	66	8	58	5
7	БҚО	1852	959	1482	819	902	662	835	620	50	28	43	23	28	5	24	6
8	Қарағанды	3169	672	2764	607	1198	471	997	449	47	3	41	3	118	4	116	4
9	Қызыл ордя	1571	997	1059	671	1089	821	702	550	30	15	22	12	53		48	
10	Қостанай	1660	846	1180	514	813	603	584	395	24	16	14	6	83	7	80	7
11	Маңғыстау	656	152	315	94	278	106	144	74	27		6		37		21	
12	Павлодар	2068	886	1836	795	869	561	842	542	44	17	42	15	105	3	103	3
13	СҚО	1407	852	1245	712	839	694	734	588	22	17	20	15	45	9	45	9

14.	ОҚО	5358	3431	5088	3168	3343	2661	3263	2590	68	38	66	36	169	98	166	95
15.	Алматы қ.	2495		2245		630		574		73		68		172		168	
16.	Астана қ.	850		571		160		160		8		8		46		46	
	<b>Барлығы: 2007 ж.</b>	<b>33374</b>	<b>15273</b>	<b>27797</b>	<b>12640</b>	<b>17394</b>	<b>11751</b>	<b>15160</b>	<b>10199</b>	<b>609</b>	<b>221</b>	<b>497</b>	<b>176</b>	<b>1278</b>	<b>155</b>	<b>1223</b>	<b>147</b>
	2006 ж.	31678	13450	25732	10862	16451	10614	13844	8902	584	187	459	148	1122	66	1077	62
	+/-	1696	1823	2065	1778	943	1137	1316	1297	25	34	38	28	156	89	146	85

30-кесте. Қазақстан Республикасы облыстарындағы дене шынықтыру кадрлары (2005-2006 жж.)

№	Облыстар	Дене шынықтыру жұмысшылары				Штат жұм әйелдер саны (1 қатар)			
		Шт. жұм. барлығы	Оның ішінде			Шт. жұм. барлығы	Оның ішінде		
			Ауылда	Дп бп барлар	Дп бп бар, ауылда		Ауылда	Дп бп барлар	Дп бп бар, ауылда
1.	Ақмола	17	3	12	3	244	126	143	67
2.	Ақтөбе	19	6	9	5	196972	76	139	33
3.	Алматы обл					90	223	313	212
4.	Атырау	21	8	3	2	357	18	60	9
5.	ШҚО	68	9	36	3	295	67	198	77
6.	Жамбыл	56		41		223	83	188	67
7.	БҚО					910	103	215	95
8.	Қарағанды	72	30	31	3	214	94	785	53
9.	Қызылорда	13	4	7	3	375	121	64	25
10.	Қостанай	27		14		99	142	253	79
11.	Маңғыстау	57		12		481	15	82	15
12.	Павлодар	42	10	29	10	243	120	402	110
13.	СҚО	12	1	10	1	326	89	223	75
14.	ОҚО	12	4	10	4	998	113	313	4
15.	Алматы қ.	52		43		42		969	
16.	Астана қ.	101		8		5465		93	
	<b>барлығы: 2006 ж.</b>	<b>569</b>	<b>75</b>	<b>265</b>	<b>34</b>	<b>5210</b>	<b>1390</b>	<b>4440</b>	<b>921</b>
	2005 ж.	548	89	266	44	5210	1299	3945	878
	+/-	21	-14	-1	-10	255	91	495	43

Республика ғалымдарының ғылыми мақалаларын талдау, педагогикалық бақылаулар, оқытушылар мен студенттер сауалнамалары мен сұхбаттасулары аталмыш пәнді оқыту мен зерттеуде кейбір оң және кері тенденцияларды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл процеске Қазақ спорт және туризм академиясынан, бірқатар университеттер мен институттардан тарих пәнінің 10 оқытушысы мен 200-ден аса 1-2 курс студенттері қатысты. Зерттеулер негізінде «Дене шынықтыру мен спорт тарихы» пәнінің өз мамандығының даму тарихын тану үшін аса қажет екенін айтуға болады (оқытушылар-80%, студенттер-60%). Дене шынықтыру мен спорттың пайда болуы мен дамуы қоғамдық формация, мемлекет пен тұлға дамуының тарихы үшін қызықты (оқытушылар-75%, студенттер-50%). Әсіресе, алғашқы спортклубтардың, жарыс ұйымдарының пайда болуы, спорттық федерациялар мен ассоциациялардың құрылуы, сондай-ақ, жаңа уақытта олимпиадалық ойындарды өткізу аса қызықты (оқытушылар-90%, студенттер-75%).

Студенттермен сұхбаттасу мен әңгіме жүргізу барысында келесідей жауаптар алынды:

- *ЖОО кітапханаларында дене шынықтыру мен спорт тарихы бойынша оқулықтар, оқу құралдары жеткіліксіз (60%), ал ондағы бар әдебиеттер КСРО кезінде ХХ ғ. 2-жартысында шығарылған;*
- *Қолда бар оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарында дене шынықтыру мен спорт тарихы толыққанды мазмұндалмаған(оқытушылар-65%, студенттер-55%);*
- *Жергілікті авторлардың кітаптарында Дене қимылы жаттығулар түрлері, түрлі ойындар, сауықтар мен олардың негізгі әдістемелері, ұйымдастыруы, Дене қимылы дамуын нығайту мақсатында қолданылуы туралы кең түрде баяндалмаған (оқытушылар-45%, студенттер-30%);*
- *Кітапханаларда санының аз болу себепті, диссертациялар, ғылыми еңбектер мен мақалалар зерттелінбейді (оқытушылар-60%, студенттер-80%);*
- *Дене шынықтыру мен спорт тарихы бойынша сынақ, емтихан, тест тапсыру кезінде Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалар мен халықтардың дене шынықтыруы турал сұрақтар аз қамтылады (студенттер-75%);*
- *Жоғарыда айтылған мәліметтерге байланысты, студенттерде көне тайпалар, одақтар мен хандықтар*

*және Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңдері туралы толық түсінік қалыптаспаған (студенттер-80%).*

Пән бойынша реферат тақырыптарымен танысуда, алғашқы қауымдық құрылыстың тарихи-педагогикалық процестері мен құбылыстары бойынша, хандықтардың пайда болуы мен кейінгі Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттар туралы тақырыптардың жоқ екендігі байқалды, ал 3-4 курстардың курстық жұмыстар тақырыптарына Қазақстанның дене шынықтыру мен спорт тарихы туралы айтпағанның өзінде, дене шынықтыру және спорт мәселелері мүлдем қосылмаған. Бұл процестер жоғары дене шынықтыру оқу орындарының оқу жоспарларында бұл пән бойынша курстық жұмыстардың қарастырылмағанын білдіреді, ол дегеніміз жоғары білікті дене шынықтыру мамандарын даярлауда бұл пәнге мүлдем мән бермеу болып табылады.

Біз дене тәрбиесі мен спорттық жаттығу процесіндегі дамып келе жатқан тұлғаны қарастырып отыруымыз себепті, жоғарыда өңделген сауалнамалық мәліметтерден, студенттердің толық білім алмайтынын, оқып жүрген жастардың дене шынықтыру мен спортқа, болашақ мамандардың дене шынықтыру оқытушысы мен спорт жаттықтырушысы сияқты өз мамандығына деген қызығушылық-тарын дамыту және қалыптастыру заңдылықтарының бұзылып жатқанын байқаймыз. Спорттың дене тәрбиесін дамытудың әлеуметтік заңдылықтарын, оның тарихы мен қоғамдағы ұйымдастырылуын, оның формасы мен мазмұнын, оның жекелеген әлеуметтік-педагогикалық және психология-педагогикалық аспектілерде адамға ықпалын танудағы ролі жоғалған.

Біз дене шынықтыру мен спорт тарихын ұмытпауымыз керек, өйткені, спорт қоғамдық-педагогикалық құбылыс ретінде иеологиялық сипатқа ие және дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінде маңызды орынды алады. Спортты дамыту процесі, спорттағы дарынды жастар қажеттілігі мен оларды дайындау, спортты шеберлікті жоғарылату, әрі қарай да ЖОО-да жоғары білікті дене шынықтыру кадрларын даярлауды қамтамасыз етеді.

Түрлі деңгейдегі дене шынықтыру кадрларының біліктілік-терін арттыру мен қайта дайындау, Білім және ғылым министрлігі жүйесінде, ҰҒТДШО, Қазақ СТА және басқа мекемелерде жүргізілетіні атап өткен жөн. Бұл қызметтің де кемшілік тұстары бар, оның біліктілікті жоғарылату факультеттерінде дене шынықтыру мен спорт тарихы бойынша сабақтар өткізілмейді. Ол ЖОО-да «Дене шынықтыру мен

спорт тарихы» пәні бойынша оқытушылардың жетіспеушілігіне байланысты болып отыр. Мұнымен қоса ол пән басқа тарихшы мамандар немесе басқа мамандық оқытушылары тарапынан жүргізіліп, бұл студенттердің аталған пәнді игеруіне кері әсерін тигізеді.

Алматы мен Орал қалаларында мектепке дейінгі мекемелерге, жалпы білім беру мектептеріне, балалар мен жасөспірімдердің спорт клубтары мен спорт мектептеріне, дарынды балалар мектеп-интернаттарына, спорттық колледждерге, ЖОО-на, магистратураға арнап ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау жүйесі жасалды. Білім беру мен кадр дайындаудың мұндай үздіксіздігі спорт саласындағы ғылыми потенциал деңгейіне оң әсер етуде.

Қорытындылай отырып айтарымыз, «Дене шынықтыру мен спорт тарихы» пәні идеялық-әлеуметтік құбылыс және педагогикалы процесс ретінде дене шынықтыру қозғалысы, спорт, әсіресе Қазақстанның ұлттық спорт түрлерін зерттеуде маңызды роль атқарады. Осыған байланысты, «Дене шынықтыру мен спорт тарихы» пәнін зерттеуді, Қазақстанның спорт жүйесіндегі барлық оқу орындарында оқу сағаттарының көлемін ұлғайта отырып жетілдірген дұрыс деп есептейміз.

### **10.3 Қазақстан тұрғындарының өмір салтында дене тәрбиесі құралдарын қолдануды қалыптастыру мен жетілдіру**

Бүгінгі адамзаттың өмір салтында ең басты және басым нәрсе денсаулық болып табылып, онда дене шынықтыру мен спорт маңызды қызмет атқарады.

Зерттеушілер Ж.Бозтаев пен Е.Қараваева «...адамның дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру, олардың тұлғасын жан-жақты әрі үйлесімді бірлікте жүргізілетін рухани жетілдірумен өзара тығыз байланысын көрсетеді...», деп есептейді.

Көпшілікке белгілі, қоғамның қазіргі даму кезеңі түрлі жыныс пен жастағы адамдардың тұрмыстық негіздегі құндылықтарын көрсететін күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен сипатталады. Бұл қатынаста ең әлсіз және қорғалмаған әлеуметтік топ ол жастар болып табылады. Адамдардың, әсіресе жастардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда дене шынықтыру мен спорттың маңызы аса өзекті болып саналады.

«Саламатты өмір салтының теориясы мен әдістемесі» (2004 ж.) атты оқу құралының авторлары Г.Н.Виноградов, А.К.Кульназаров және В.Ю.Салов, соңғы онжылдықта сауықтыру мақсатында дене шынықтыру мен спорт құралдарын пайдалануды зерттеу проблематикасы айтарлықтай кеңейді дейді. Олардың пікірі бойынша, сауықтыру дене шынықтыруының жалпы теориялық және тәжірибелік жағдайлары жөніндегі мәселелерді қарастыру қажет, олар:

- Саламатты өмір салтын қалыптастырудың ұйымдастырушылық аспектілері;
- Мектептер мен басқа оқу орындарында дене шынықтыру сабағының сауықтыру бағыттылығы;
- Дене шынықтырудың ұлттық және халықтық түрлері, тағы да басқа маңызды мәселелер.

Дене шынықтыру қозғалысы мамандарының басты міндеттерінің бірі саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. Оған 2006 жылғы 19 желтоқсандағы «2007-2011 жж. арналған ҚР бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы», 1996 жылғы 24 шілдедегі «ҚР тұрғындарының Дене қимылы дайындығының президенттік тесттері» сияқты ел Үкіметі мен Президентінің директивалық құжаттары негіз болады.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік ресми құжаттар мазмұнында Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру қозғалысының негізгі міндеттері болып келесілер анықталды:

1. Мектепке дейінгі мекемелер мен жалпы білім беру мектептерінде мықты денсаулықты, қозғалы қабілеттерін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру.
2. Дене шынықтыру, спорт және туризммен айналысу қажеттілігін қалыптастыра отырып, Қазақстан азаматтарының денсаулығын сақтау мен нығайту.
3. Студенттер мен оқушылар арасында дене шынықтыру сауықтыру және спорттық қызметтердің жаңа формаларын жасау мен эксперименттік тексеру.
4. Дене шынықтыру қозғалысының жүйесінде, әсіресе ұйымдастыру-сауықтыру бағытында мамандарды дайындау мен қайта даярлау жүйесін қайта қарау.

5. Спорттық-дене шынықтыру, сауықтыру жұмыстары мен туризм құралдарын өмір салтына ендіру.
6. Дене тәрбиесі жүйесіне халықтың белсенді демалысы және дене шынықтырумен айналысуна байланысты жасалған әлеуметтік және халықтық дәстүрлерді ендіру.

Өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтудың ең әрекетті құралдарының бірі дене шынықтыру екені баршаға белгілі. Алайда, бұл жүйені дамыту бойынша кейбір ішкі қайшылықтар осындай байқуатты потенциалды толық түрде пайдалануға мүмкіндік бермейді. Бұл негізінен тұрғындардың дене шынықтыру жөніндегі білімдерінің таяздығы, спорт мектептеріндегі бағдарламалардың унификациялануы, мұғалім мен жаттықтырушының еңбегін дұрыс бағаламау, әлсіз материалдық қамтамасыздық пен саланы жеткіліксіз қаржыландыру сияқты проблемалармен байланысты.

Осындай проблемалардың негізінде оқушы жастардың саламатты өмір салтын қалыптастыруының концептуалды моделі жасалды. Бұл концепцияда келесідей негізгі міндеттер қарастырылады:

- Жалпы білім беру мектептеріндегі жасөспірімдерді рационалды Дене қимылы тәрбиелеу негіздерін жасау;
- Жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне қарай оқу тәрбие процесінің тиімді режимін негіздеу;
- Жасөспірім денсаулығына ұзақ мотивацияны қалыптастырудың педагогикалық принциптерін жасау.

Денсаулық – бұл тек аурулар мен Дене қимылы дефектілердің жоқтығы ғана емес, ол сондай-ақ, толық Дене қимылы, рухани және әлеуметтік жетістік халі болып табылады.

Адамның денсаулығы – бұл ұзақ өмір сүруде, оның психикалық және физиологиялық қасиеттерін, тиімді жұмыс қабілеттерін, әлеуметтік белсенділігін сақтау мен дамыту болып саналады.

Жетекші ғалымдар саламатты өмір салты түсінігін, саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардан тыс өзінің әлеуметтік және кәсіби функцияларын сәтті орындауды қамтамасыз ете отырып, ағзаның резервтік мүмкіндіктерін нығайтып әрі жетілдіретін күнделікті өмір қызметіндегі кәдімгі формалар мен әдістер деп есептейді.

Саламатты өмір салты, сондай-ақ, білімдік іс-шаралар кешені, денсаулыққа тиімді жағдайда қоғамдық және тұрмыстық



функцияларды орындау, тұлға мен қоғам, мәдени өмір қызметі, біріктіруші нормалар, құндылықтар, ойлар сияқты түсініктермен де айқындалады. Бәріне белгілі, денсаулық компоненттері мен сақталуына әсер етуші факторлар, Дене қимылы, психикалық және әлеуметтік факторлар болып саналады, олардың әрқайсысы әрбір адамның өмір салтын қалыптастыру мен жетілдіруді шешеді. Саламатты өмір салты құрылымында кешенді іс-шаралар мен қызметтер түсініліп, олардың ең негізгілері келесілер болып табылады:

- Тұлғаның өз алдына қойған мақсаттарын түсінуді көрсететін мақсатты фактор;
- Саламатты өмір салты туралы білімдер жүйесін анықтау;
- СӨС-да тұлға құндылықтарының сипаттамасы;
- СӨС-ке сәйкес тұлғаның өмір қызметі бағдарламаларын бейімдеу;
- Қойылған мақсатқа жетуге, өмірлік бағдарламаға және қол жеткен жетістіктерді эмоционалдық бағалауға қызмет ететін эмоционалдық-ерік-жігер;
- Тұлғаның СӨС-тің бүтін жүйесіне қосылуының қызметті және айқындаушы дәрежесі немесе оның жекелеген элементтері.

Саламатты өмір салтының ұйымдастырушылық деңгейінде, әсіресе оның оқушылар мен студенттер өміріндегі қалыптасуында, денсаулық факторлары ретінде келесідей дәстүрлі және өмірлік белсенді іс-шаралары болады:

- Таңғы гимнастика мен дене шынықтыру;
- Дене тәрбиесі бойынша оқу-тәрбие сабақтары;
- Сабақтар арасындағы үлкен үзілістерде түрлі Дене қимылы жаттығулар мен ойындар;
- Спорт түрлері бойынша спорттық үйірмелер;
- Сыныптар, топтар, курстар, факультеттер аралық жарыстар;
- Оқушылар спартакиадалары мен студенттер универсиадасы;
- Бір күндік немесе көп күндік туристік саяхаттар;
- Өз бетінше спорт түрімен айналысу немесе отбасындағы түрлі ойындар;

- Дене шынықтыру бойынша үй тапсырмаларын орындау және дене шынықтыру мен спорт жөніндегі әдебиеттерді оқу.

Қазақстандағы қоғам дамуының қазіргі кезеңдегі жағдайында белсенді өмір қызметі мен білім жүйесінде, жалпы өндірістің барлық саласында еңбек қабілеттілігін көтеру мақсатында орта және егде жастағылардың денсаулығын нығайту мәселелері мұқият зерттелуде.

Жоғарыда аталып өткендей, саламатты өмір салтының компоненті ретінде дене тәрбиесі құралдарымен денсаулықты нығайту, барлық тұрғындарға, оның ішінде егде жастағы адамдарға да тиесілі. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында қажетті жағдайлар жасалып, тұрғылықты жерлерде, өндіріс ұжымдарында, спорттық кешендерде, демалыс аймақтарында, сауықтыру лагерьлерінде, демалыс үйлері мен санаторилерде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Алайда, бұл үдерістерді зерттеу, мұндай өмірлік қажетті де маңызды жағдайлармен жоғары буын өкілдері адамдарының аздаған бөлігі ғана айналысатынын көрсетіп отыр. Мұндай жағдайлар, уақыттың жоқтығымен (70%), отбасында экономикалық-тұрмыстық жағдайдың болмауымен (60%), тұрғылықты жер бойынша демалыс аймағының болмауымен (80%), алыс арақашықтықпен (40%) және басқа да себептермен түсіндіріледі.

Бірақ оған қарамастан, жүгірудің, жаяу жүрудің, жүзу мен футболдың, теннис пен бадминтонның және қозғалыс ойындарының пайдасын түсінетін жекелеген адамдар бос уақыттарда (50%), еңбек режимінде (45%) дене шынықтыру және спортпен шұғылданады екен.

Егде адамдар қатарында орта және ауыр түрдегі сырқаулардан өткен адамдар санаты бар. Олардың арасында дене шынықтырумен тұрақты түрде өз бетінше (60%), сауықтыру орындарында (40%) дәрігерлердің кеңесі бойынша айналысатындар бар.

Мұнда саламатты өмір салтында өмір қызметін жоғарылату мен денсаулықты нығайту мақсатында, тек жастарға ғана емес, ересек тұрғындарға да толыққанды қызмет жасай алатын, ғалымдар мен жетекші мамандар жасаған туризм мен сауықтыру жөніндегі ұсынымдар ерекше назар аудартады.

Дене жаттығуларына тән сипаттар мұсылмандар намазында да көрініс табады (қол, аяқ, мойын, буын т.б. қозғалыстары), бірақ ол қозғалыстар рухани міндеттерге байланысты. Бұл туралы М.Тәнікеевтің «Намаз және гимнастикалық жаттығулар» кітабында жақсы мазмұндалған. Ресей мен басқа да Орталық Азия республикаларындағыдай Қазақстанда да егемендік жылдары исламдық мәдениетке – мұсылмандық руханилық негіздеріне айырықша көңіл аударыла бастады. Осы негізде намаз оқумен ересек мұсылмандардан бастап, қарттар да, науқас адамдар да сан түрлі дене қозғалыстарын жасай отырып айналысты. Күніне намаз 5 рет орындалады, таң атарда, түсте, күннің екінші жартысында, кешке және түнде. Мұның барысында дәрет алу деп аталатын өзіне тән гигиеналық талаптары бар, олар денсаулықтың нығаюына ықпал етіп, қарттарға қозғалыс белсенділігін ұстануға талпындырады.

Өкінішке орай, тек ересектердің саламатты өмір салтында емес, жастар мен оқушылардың арасында да темекі тарту, спиртті ішімдіктер ішу, есірткі пайдалану сияқты негативті жағдайлар да кездеседі. Зертеуші авторлар Л.И.Орехов пен Ж.О.Ильсовтар, Қазақстан Республикасында да есірткі құмарлар санының ұлғаю тенденциясы байқалатынын айтады. Бұл мемлекет қауіпсіздігі үшін қауіп төндіреді, өйткені мұндай тенденция халықтың ыдырауына, туудың төмендеуі мен өлімнің ұлғаюына алып келеді. Керек болса, мықты ерік-жігерлі адамның өзі оны бір-ақ рет қабылдаймын деп ойлап, оны қабылдап көрген соң, ойы мен сезімдері қатты өзгереді, өйткені есірткі бірінші кезекте адамның психикасын зақымдайды. Мұндай негативті құбылыс тек саламатты өмір салтын бұзып қана қоймай, сондай-ақ, адамның жер бетінде өмір сүруін де жояды.

Жоғарыда аты аталған авторлар, оқушылар мен студент жастарының есірткі құмар болып кетпеуінің жалғыз тәсілі, ол есірткіні мүлдем татып көрмеу екенін айтады.

Көптеген педагогика, дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғалымдары және медицина мамандары, есірткіден бас тарту, ол науқастарды емдеу үшін жүйелі түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдануды пайдаланған дұрыс деп есептейді. Осы мақсатта үнемі ашық ауада болып, түрлі жаттығулар орындап отыру қажет.

Осы аталғандарды қорытындылай отырып, халықтың саламатты өмір салты, Қазақстан Республикасының экономикалық,

саяси және мәдени жағынан қамтамасыз етуші қоғамдық дамудың негізгі тірегі болып табылады деп айтамыз.

2001-2005 жж. және 2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру барысында, дене шынықтыру және спортпен айналысушылар санының өсу тенденциялары айқын байқалды. Мәселен, 2005 жылдың өзінде дене шынықтыру және спортпен айналысушылардың саны республика бойынша 2 миллион адамды немесе халықтың 13%-ын құраған. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдануды ұйымдастырып, өткізетіндер 26 мыңнан аса адамды құраған. Мұнымен қоса, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен оқу орындарындағы дене шынықтыру ұжымдарының саны өсіп, 12614-ке жеткен.

Осы кезендерде бұқаралық спорттың дамуына, республикалық кешенді іс-шараларды өткізу, жазғы және қысқы спартакиадаларды өткізу, ҚР Президентінің ойындарын ұйымдастыру, ауылдық «Ақбидай» ойындары мен салалық спартакиадалар және оқушылар жарыстарын көптеп өткізу ықпал етті, тек сол жылдары 2,5 миллионнан аса адам жарыстарға қатынасқан.

Халықтың дене тәрбиесі бойынша жұмыстар тәжірибесіне барлық жастағы топтар арасында президенттік тесттерді тапсыру мықтап еніп, жұмысшылардың еңбек жүйесіне дене шынықтыру мен спортты енгізу жұмыстары жалғасын тапты.



12-сурет. Алматы қаласында өткен халықаралық марафон барысы

2006 жылы спорт жөніндегі Комиет пен ҰҒТДШО-ның бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес, саламатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауға арналған «Спорт есірткіге қарсы» ұранымен бірнеше спорттық-бұқаралық шаралар өткізілді. Олардың арасында президенттік көпсайыс бойынша ҚР чемпионаты, шайбалы хоккейден республикалық турнир, стритбол, үстел теннисі, мини-футбол бойынша республикалық жарыстар бар. Көпшілікті қамту мақсатында бұл жарыстар клубтар арасында, команда арасында іріктеу және финалға өту сияқты үш кезеңде ұйымдастырылды.

Есірткіге қарсы күреске арналған айлық іс-шаралар шеңберінде, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармалары Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне орай, есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық комиссиялармен бірлесіп саламатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауға арналған спорттық-көпшілік іс-шаралар өткізді. Бұл шаралар ТМД елдерінің БАҚ-да кеңінен көрсетілді. Жергілікті жерлерде теле, радио хабарларда ардагер және танымал спортшылар сұхбат беріп, іс-шаралар арналған мәселелер жөнінде мәселелерді талқылады.

Оқу құралының төртінші бөлімін қорытындылай отырып, Қазақстан Республикасының егеменділік кезеңіндегі дене тәрбиесінің дамуы тиісті тенденциялар мен перспективалар, сондай-ақ, халық денсаулығын нығайтудың құралдары мен әдістерінің басым потенциалдарына қол жеткізді деуге болады.

Ел Президентінің басшылығымен республика үкіметі адамдардың белсенді өмір қызметінде тарихи-педагогикалық үдеріс болып табылатын саламатты өмір салтын дамытуға үлкен көңіл бөлді.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңымен республика халқының дене шынықтыру және спортпен айналысудағы, жоғары білікті мамандарды дайындаудағы, спорт ғимараттарын дамытудағы, балалар мен жастарды спортқа тартудағы құқықтық жағдайлары бекіді.

Ел спортшыларының әлемдік, азиялық және республикалық жарыстарда топ жаруы спорттық-дене шынықтыру қозғалысының әрі қарайғы дамуын көрсетті. Осыған орай, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламалары Президент Жарлықтарымен

қабылданып, оларды жүзеге асырудың іс-шаралар жоспарлары Үкіметтің қаулысымен бекітілді.

Мұндай барлық нормативтік және құқықтық құжаттар спорттық-дене шынықтыру қозғалысын ұйымдастыру мен басқарудың жетілдірілгенін, халықтың дене шынықтырумен айналысудағы ресурстар мен материалдық-техникалық базаның жоспарлы түрде жетіле бастағанын айғақтайды.

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ XXI ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТТЫҚ-ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ЕНДІРУ МЕХАНИЗМІ

### 11.1 Мемлекеттік бағдарламаны ендірудің формалары мен әдістері және оның тарихи-педагогикалық маңызы

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық бағдарламасы, денсаулық сақтау мен білімді оңтайландыру, бүкіл халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған принципті түрдегі жаңа шарттарды жасауды қарастырады. Онда ең бастысы дене тәрбиесі құралдары арқылы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту ерекше ескеріледі.

Дене тәрбиесінің өмір сүріп отырған жүйесіндегі принципті өзгерістер, Қазақстанның демографиялық көрсеткіштерінің нашарлауымен, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы аурушандықпен, үйлесімсіз дамушы тұлғалар санының артуымен байланысты тенденциялармен сипатталады.

Қазақстан Республикасы кез-келген басқа ел сияқты экономикалық даму шамасына қарай, әлеуметтік салада да белгілі бір міндеттер қояды. Президенттің 1996 жылғы «Бәсекеге қабілетті әлемнің елу елінің қатарына ену стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында мазмұндалған басымдықтарға сүйене отырып, Үкімет 2006-2007 жж. арналған даму Бағдарламасын қабылдады, онда Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және ел азаматтарының өмір сапасын арттыру үшін институционалды және экономикалық жағдайлар жасау мәселелері айқындалды.

Осындай жағдайда, елдің спорттық-дене шынықтыру қозғалысының алдына да белгілі бір міндеттер қойылды, ондағы мақсат: халықтың дене тәрбиесінің және қазақстандық спортшылардың халықаралық спорттық ареналарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін тиімді жүйе жасау болатын.

Осы міндеттерді шешу үшін ҚР Конституциясының негізінде 1996 жылдың 24 маусымында «ҚР халқының Дене қимылы дене дайындығының президенттік тесттері туралы» Үкімет қаулысы қабылданып, оның негізінде 1997-2000 жж. және 2001-2006 жж.

арналған дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламалары жасалды.

Мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру үшін 2000 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы (ҰҒТДШО) құрылды. Орталық ел халқының күнделікті өмірі мен қызметіндегі дене шынықтыру мен спорттың маңызын ғылыми тұрғыда негіздеді.

Дене шынықтыру мен спорттың ерекшеліктері мен басымдығы Президент пен Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, осының негізінде 1999 жылдың 2 желтоқсанында №490 «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заң қабылданды. Сонымен қатар, республикада дене шынықтыру мен спортты дамыту мақсатында 2006 жылдың 28 желтоқсанында №230 «ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президент Жарлығы қабылданды.

Бұл бағдарламаның төлқұжатында келесілер қамтылды:

- Халықаралық талаптарға жауап беретін спорт инфрақұрылымын дамыту;
- Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- Білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- Спорттық ғылымды дамыту;
- Дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы тұрғындардың саламатты өмір салтын қалыптастыру;
- Спорттық резерв, халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау жүйесін жетілдіру.

Бағдарламаны іске асыру екі кезең бойынша жүзеге асты:

I-кезең – 2007-2009 жж., II-кезең – 2010-2011 жж.

Бағдарламаны іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттерден және ҚР заңнамаларында тыйым салынбаған көздерден қаржы бағытталды. Ең көп қаржы шығындары 2008-2009 жж. қаралды. Өйткені осы жылдары елде халықаралық турнирлер, азиялық қысқы ойындар, мектептік спартакиадалар, студенттер универсиадалары, жаңа спорттық кешендер, бассейндер құрылыстары жоспарланып, талапкер жастарды қабылдаудың саны артқан болатын.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Бірінші кезең (2007-2009 жж.):



- Біліктілікті жоғарылату және сала кадрларын қайта дайындау жүйесі жетілдірілді;
- Жүйелі түрде дене шынықтыру және спортпен айналысушы халық саны 16,3% ұлғайды;
- Халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары үшін дене шынықтырудың сабақтастығы қамтамасыз етілді;
- Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінің санын өсіру

Екінші кезең (2010-2011 жж.):

Бағдарламада жаттықтырушылық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыруға айырықша орын белгіленген:

- Жоғарғы жетістіктердің дене шынықтыру мен спорттың ғылыми базасы жетілдірілетін болады;
- Жүйелі түрде дене шынықтыру және спортпен айналысушы халықтың үлес салмағы 17%-ға өседі.

Сондай-ақ, БЖСМ саны 2010 жылы 425-ке, 2011 жылы 430-ға өсуі күтіледі, оған қамтылатын балалар саны 6-дан 18 жасқа дейінгілердің жалпы санының 10%-ын құрайтын болады. Ал дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарының саны 2010 жылы 19, 2011 жылы 20 болады.

Республиканың ұлттық құрама командаларына үміткерлерді дайындау деңгейін жоғарылату; спортшылардың дайындығы мен әлем, Азия чемпионаттары, әлем және Азия кубоктары, азиаттық және олимпиадалық ойындар сияқты ірі халықаралық жарыстарға қатысу үшін барлық жағдайлар жасалады.

Саланың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінетін болады. Осы аталғандардың барлығы 2007-2011 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламада жоспарланған спорттық-дене шынықтыру қозғалысының негізгі ережелері мен тенденциялары болып табылды.

Жалпы айтқанда, жасалып, бекітілген Бағдарлама негізгі бағыттар мен іске асыру механизмдерінен тұрады, олар мақсатты және қажетті спорттық-дене шынықтыру іс-шараларының формасын, мазмұнын мен тенденцияларын дәл анықтайды.

Бұл бөлімде келесідей іс-шаралар көрсетілді:

- Саланың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту мен дамыту;

- Саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыздық;
- Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру;
- Студенттер мен арнайы орта оқу орындары оқушыларының дене тәрбиесі;
- Әскерилер, құқық қорғау органдары мен күштік құрылымдардың Дене қимылы дене дайындығы;
- Халықтың дене шынықтыруы;
- Мүгедектер арасындағы Дене қимылы дене дайындығы мен спорт;
- Спорттық резерв және халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау;
- Дене шынықтыру мен спортты насихаттау.

Елде бар спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру ғимараттары халықтың үштен бірінің ғана қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сол кездері республика бойынша 29 096 спорттық ғимарат болса, оның 16 417 қарапайым спорт алаңшалары болатын, жүзу бассейндері бар-жоғы 171 ғана еді.

Көптеген балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің заманауи талаптарға сай жеке спорт базасы болмады. Мұнымен қоса республикалық олимпиадалық резерв орталықтарының да, дарынды балалардың мектеп-интернаттарының да және жоғары шеберлік спорт мектептерінің де жеке материалдық-техникалық базасы болмады.

Дей тұрғанмен, 2006 жылы Алматыдағы «Шаңырақ» ықшамауданында спорттағы дарынды балалардың мектеп-интернатының құрылысы аяқталды, 2008 жылы Астанада жабық велотрек, Щучинскіде шаңғы базасы, Алматы олимпиадалық дайындық базасы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, 2011 жылғы 7-Қысқы Азия ойындарын және 2017 жылғы Қысқы Универсиаданы табысты өткізу үшін жабық футбол стадионы, коньки тебу стадионы, республикалық велотрек, сырғанау мұз айдыны бар "Қазақстан" спорт сарайы, К-95 және К-125 халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені, «Алматы-Арена» және «Халық-Арена» спорт кешендері, Алматы облысы Талғар ауданы Солдат шатқалындағы шаңғы және биатлон стадионы, Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, биік таудағы

«Шымбұлақ» спорт базасы, «Медеу» спорттық мұз айдыны сияқты басқа да көптеген бірегей спорттық объектілерін салынып, қайта жаңғырды.

2007-2011 жж. арналған Бағдарламаға елдегі дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту тарауы қосылды (5.2 тармақ). Осыған байланысты, Президент пен Үкімет халықтың барлық әлеуметтік-демографиялық топтарының сауығуы мен Дене қимылы дене дайындығының және жан-жақты дамуының құралы ретінде бұқаралық дене шынықтыру мен спорттың дамуына үлкен көңіл бөлуі тиіс болды. Бұл мәселелердің жүзеге асуы көп жағдайда материалдық-техникалық базалардың дәрежесімен, жаңа базалар қалыптастыру мен қолда бар базаларды модернизациялаумен тікелей байланысты болатын. Сол үшін де Астана қаласында спорттағы дарынды балалар үшін спорттық мектеп-интернаты ашылып, қысқы Азия ойындарын өткізу үшін Алматы қаласындағы спорттық нысандар мен инфрақұрылымдар құрылыстары халықаралық талаптарға сай аяқталды.

Сонымен қатар, бағдарламаны іске асырудағы маңызды бағыттың бірі саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылды (5.3. тарау). «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңында (02.12.1999 ж.) дене шынықтыру мен спорт саласында мамандарды дайындау және сала жұмысшыларының кәсіби талаптарының қағидалары айқындалды (28-бап).

Бағдарламадағы басым бағыттардың бірі спорттық-дене шынықтыру қозғалысының нормативтік-құқықтық базасын және барлық саладағы спорттық ұйымдар мен ұжымдар ұйымдастырушыларының қызметтерін жетілдіру болып саналды. Осыған байланысты, дене шынықтыру мен спорт саласын құқықтық және методологиялық қамтамасыз етуді дамыту, аталмыш саладағы қатынастарды, мемекеттік органдар мен спорттық қоғамдық ұйымдардың қызметтерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді жасау жолымен жүзеге асырылатын болды.

Мұндай нормативтік және методологиялық қамтамасыздықты жетілдіруі бойынша іс-шараларды іске асырудың формалары мен әдістері, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес объективті принциптерде жүзеге асыру болып табылды. Ол нарықтық қатынаста саланы тек бюджеттік емес,

сондай-ақ, бюджеттен тыс қаржыландыруды көздеуі тиіс болды. Сол үшін ыңғайлы құқықтық шарттар жасау қажет етілді:

- Дене шынықтыру мен спортты, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасында дамытуға бағытталған салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін бағдарламаларды іске асырушы ұйымдар;
- Спортшылар мен жаттықтырушыларды материалдық қолдау, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамыту, жауапты халықаралық жарыстарға қатысу үшін ұлттық құрама командалар мен спорттық резервті дайындауға өз қаражаттарын бағыттайтын демеушілер мен инвесторлар.

Осылайша, сол кездегі ҚР Премьер-Министрі Д.Ахметов, елдегі ірі қаржы топтары мен ұлттық компаниялар басшыларымен Қазақстан спортшыларының 2004 жылғы Олимпиада ойындарына дайындық шараларын қарау жөнінде мәжіліс өткізді. Бұл мәжілістің қорытындысы бойынша қаржы топтары мен ұлттық компанияларға спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларға қаржылық қолдау көрсету туралы шешім қабылданды.

Бірлескен жұмыстар нәтижесінде келесі компаниялар қаржылық қолдау көрсетті:

«ҚазМұнайГаз» ЖАҚ – бокс пен көркем гимнастика командаларына;

«Қазхром» ААҚ – еркін күреске;

«КЕГОК» ААҚ – жеңіл атлетикаға;

«Қазақмыс Корпорациясы» АҚ – велоспортқа;

«Казатмопром» ЖАҚ – триатлонға;

«Қазақстан темір жолы» ЖАҚ – ауыр атлетикаға;

«Қазақстанның Халық жинақ банкі» ААҚ – нысанаға атуға;

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ЖАҚ – оқ атуға;

«Казфосфат» ЖШС – байдарка және каноэмен есуге.

Сондай-ақ, «Тұран Әлем банкі» мен «Казкоммерцбанк» ұйымдары да Олимпиада ойындарына өздерінің қаржылық көмектерін жасай білді.

Кадрлар мәселелеріне келер болсақ, дене шынықтыру мен спорт жұмысшыларына қойылған кәсіби талаптар заңнамаларда белгіленген арнайы біліктілік нормаларымен анықталады:

- Елдің ЖОО-да мамандарды дайындау бағдарламасына сай, жаңа әдістемелер мен әлемдік спорттың даму тенденцияларын қамтамасыз етуші жоғары білікті спортшыларды дайындаумен жүзеге асырылады;
- Спорт саласында арнайы орта білім бар мамандарды даярлауды жетілдіру;
- Жаттықтырушылық-оқытушылық кадрларды қайта даярлау жүйесін ретке келтіру, қажет болған жағдайда ұлттық құрама командаларда жұмыс жасау үшін келісімшарт бойынша шетелдік мамандарды тарту.

Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету бағдарламада ерекше орынды иеленеді (5.4. тарау), онда келесідей бірқатар іс-шаралар мазмұндалады:

- Жоғары жетістіктер спорты саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;
- Ғылыми-зерттеу ізденістеріне негізделген спортшыларды дайындауға жаңа көзқарастар ендіру;
- Оқу-жаттығу процестеріне медициналық тұрғыда қызмет көрсету;
- Спортшыларды психологиялық тұрғыда дайындау;
- Спорттық медицина саласының нормативтік базасын жасау;
- Антидопингтік зертхананың халықаралық ұйымдарда аккредиттелуі бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- Спорттық жарақатты алдын-алу мен емдеуді медициналық-биологиялық тұрғыда қамтамасыз ету.

Қазақстан халқының саламатты өмір салты (СӨС) мемлекет пен қоғамдық ұйымдар қызметінің басым факторы болып қала береді. Осының негізінде СӨС-тің негізгі мазмұндары көрініс тапқан 2007-2011 жж. арналған бағдарлама бекітілді. Оның «Дене шынықтыру мен спорт арқылы саламатты өмір салтының принциптері бекіту» туралы тармағында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру, жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттері мен жастарының дене тәрбиесі, әскерилер, құқық қорғау органдары мен күштік құрылымдар қызметкерлерінің Дене қимылы дене дайындығы, халық арасындағы дене шынықтыру, мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт, спорттық резерв және халықаралық

дәрежедегі спортшыларды дайындау, дене шынықтыру мен спортты насихаттау сияқты тармақшалар қамтылған.

Жалпы алғанда, мектеп уақыты оқушылардың денсаулық мәдениетіне деген танымдық қызығушылықтары мен бүтіндей қатынасының қалыптасуының белсенді кезеңі болып табылады. Жалпы білім беру мектептері үшін, 2007-2011 жж. арналған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы мен дене тәрбиесі бойынша бағдарлама, «Білім туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР заңдарымен реттеледі. Бағдарламаға сәйкес, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар, жоғары және арнайы орта оқу орындарының жастары үшін дене тәрбиесі бойынша оқу-әдістемелік құралдарды жасау қарастырылды. Бұл бағытта ҰҒТДШО мен бірқатар педагогикалық институттар мен республика университеттері белсенді түрде жұмыс жасады. Бұл бағдарламада ЖОО мен АОО қызметкерлерінің алдына болашақ мамандардың кәсіби дайындық деңгейін, олардың Дене қимылы дене дайындығын, жаттықтырылуы мен қабілеттіліктерін қамтамасыз ету жөнінде міндеттер қойылды, мұның түпкі мәні саламатты өмір салтына келіп тіреледі.

Сонымен қатар, аталған бағдарламада ұлттық спорт түрлерін, өзіндік дене жаттығуларын және халықтық ойындарды дамытуға және оларды халықты дене шынықтырумен айналыстыруда пайдалануға айырықша көңіл бөлінді.

Барлық меншік түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбек режимі мен еңбек режимінен кейінгі уақыттарда дене шынықтыру және спортпен айналысу құқықтары қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, бағдарламаны халық арасында ендіру, Наурыз, Тәуелсіздік күні және кәсіби мерекелерде бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізу арқылы олардың ұйымдастыру жолдары жетілдірілді.

Бұл бағдарламада мүгедек жандарға арналған дене шынықтыру мен спортта тыс қалмады. дене шынықтыру және спортпен спорттық клубтарда, залдарда айналысуға жағдай ажасалып, мүгедек-спортшылардың халықаралық жарыстарға және паралимпиадалық ойындарға қатысу жақтары мұқият қарастырылды.

Бағдарламаның құрамдас әрі ең басты тарауы «Спорттық резерв және халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау» болып табылады. Онда халықаралық талаптарға сай оқу-жаттығу

процестерінің жаңа көзқарастарын талап ететін, спорттық резерв пен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау мәселелері, сондай-ақ, республика спортшыларын тәрбиелеудің жаңа келгеннен бастап спорт шеберіне дейінгі жүйені біртіндеп дамыту қарастырылды.

Бұл бөлім бойынша спортшыларды дайындаудың келесідей әдістері жүзеге асырылды:

- Спортты дайындықтың жоғары тұрған (құрама командалар, олимпиадалық дайындық орталықтары, спортты жоғары шеберлік мектептері) және төмен тұрған (спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, олимпиадалық резерв дайындау орталықтары, БЖСМ) құрылымдарын олардың мақсаттарына қарай өзара байланысын ұйымдастыру, оларды кадрлық, материалдық-техникалық базамен және ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;
- Спортшыларды дайындаудың орталықтануын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау, олардың жаттығу сабақтарында тұрақты бәсекелестігін қалыптастыру, оны жұмыс қабілеттілігін арттыу үшін қолдану т.б. қажетті жақтарын қамту.

Іс-жүзінде бұл әдістерді жүзеге асыру мақсатында келесілер қажет болды:

- Мектеп жасындағы балалардың 8 пайызын қамту мақсатында елдің барлық өңірлерінде олимпиадалық резерв мектептері мен БЖСМ желісін кеңейту жұмыстарын жалғастыру;
- Барлық аймақтарда олимпиадалық резервтің толыққанды орталықтары мен спорттағы дарынды балалардың мектеп-интернаттарын дамыту жұмыстарын жалғастыру;
- Олимпиадалық дайындық орталықтары мен оның мамандандырылған түрлерін дамыту;
- Республикалық күнтізбелік жоспар іс-шараларын өткізді және елдің құрама командалары мен мықты спортшыларының халықаралық іріктеу жарыстары мен басқа да барлық жарыстарға қатысуларын қамтамасыз ету.

Дене шынықтыру мен спортты және өткізілетін іс-шараларды халық арасында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау, аталған саланы дамытуда маңызды роль атақарады және ол

Қазақстан халқының саламатты өмір салтының ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай тенденциялар мен дәстүрлер аталған бағдарламада да көрініс тапты.

Ол үшін телевизиялық бағдарламалар жасалып, негізгі спорт түрлері бойынша ақпараттық-технологиялық және насихаттық шаралар ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру мен спортты насихаттау халықтың әлеуметтік топтарына және жеке адамға да бағытталуы тиіс болды. Міндетті түрде, дене шынықтыру мен спорттың жастар арасындағы есірткіге, шылым шегу мен алкогольді пайдалануға қарсы күресте үгіттік түрде мақсатты бағытталғанын ұзақ уақыт көрсету қажет еді. Насихаттау барысында қазақстандық спортшылардың спорттық жетістіктері, бұқаралық спорт, қолданылып, санаға «Дені саудың-тәні сау» ұранын сіңіру қажеттігі жүзеге асырылды.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңның бесінші тарауы (02.12.1999 ж.) «Дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету» деп аталып, онда қаржылық көздердің бірқатар формалары мен әдістері айқындалды.

Осының негізінде бағдарламада «Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері» атты тармақ белгіленді, ол бойынша қаншалықты қаржы шығындары шоғарландырылғаны, біздің зерттеуіміздің келесі кестесінде көрініс табады (31-кесте).

31-кесте. Іске асырудың қаржылық шығындары (2007-2011 жж.)

Көрсеткіш	Іске асыру жылдары				
	2007	2008	2009	2010	2011
Республикалық бюджет (мың теңге)	8 531 594	32 294 965	26 783 613	8 500 000	9 010 000
Жергілікті бюджет (мың теңге)	13 201 664	14 252 326	15 162 088	16 071 813	17 036 122

Айта кететін нәрсе, бағдарламаны ендіру мақсатында Елбасы Жолдауларын іске асыру бойынша жалпыұлттық жоспарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрініс тапқан көптеген спорттық жарыстар өткізілді. Сол кезеңдерде ҚР Спорт және туризм министрлігі халықтың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануын кеңінен қамту үшін өткізілетін іс-шаралар санын ұлғайтып, олар бойынша 3 миллионнан аса адам қамтылды.



Сонымен қатар, ұлттық спорт түрлерін дамытуға көңіл бөлінді. Ат спорты бойынша «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы ендірілді. Бәйге, көкпар, аударыспақ, саятшылық сияқты көптеген ұлттық спорт түрлерінен республикалық чемпионаттар тұрақты түрде өткізіліп жатты.

Қарағанды облысының Сәтпаев қаласында қазақша күрестен үшінші Азия чемпионаты өтті. Біздің құрама Еуропа чемпионатында осы спорттан жемісті өнер көрсетті.

Лондонда 2007 жылы өткен «Құсбегі» халықаралық фестивалінде республика делегациясы қатысып қайтса, тоғызқумалақтан Қытай, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан және Қырғызстанда 5 семинар өткізілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында II-жазғы Спартакиада мен II-Паралимпиадалық ойындардың өтуі айтулы оқиға болып табылды. Мүгедек жандарға арналған спорт мектептері Шымкент, Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында ашылды.

Қазақстанның спорттық делегациялары Шанхайда өткен арнайы олимпиадалық ойындарға қатысып, 11 алтын, 19 күміс және 23 қола медаль иеленіп қайтты.

«Денсаулық фестивалі» аясында «Президенттік миль – денсаулық жолы» атты спорттық науқан өткізіліп, оған 2,3 миллион адам қатысты.

Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдердің алдын-алу үшін «Спорт есірткіге қарсы» ұранымен республикалық іс-шара, сондай-ақ, шайбалы хоккей, мини-футбол, стритбол, үстел теннисі, футбол, жазғы президенттік көпсайыстан балалар мен жасөспірімдер арасында жарыстар ұйымдастырылды.

2007 жылы парашют, дельтапланер, автомобиль, мотоциклет, сумоделі, авиамодель сияқты техникалық спорт түрлерінен республикалық чемпионаттар өткізілді. Сондай-ақ, Байқоңыр қаласында авиаракеталық спорт бойынша Азия чемпионаты өткізіліп, онда біздің республиканың құрама командасы бірінші орынды иеленді.

Қазақстан аумағында алғаш рет Астана-Қапшағай «Astana-Silk Road Rally 2007» халықаралық ралли-рейд ұйымдастырылып, оған 45 эксипаж қатысты. Бұл ралли-рейд жайлы жақсы пікірлер қалыптасып, аталған іс-шара болашақта халықаралық деңгейге шығуы мүмкін.

2005 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының корпоративтік қоры, ҚР Спорт және туризм министрлігінің бастамасымен Алматы, Астана, Шымкент, Тараз, Талдықорған қалаларында спорттың бұқаралық түрлерінен ұлттық-мәдени орталықтар арасында спартакиада өтті. Мыңнан аса адам қатысқан бұл жарыс нағыз спорт пен достықтың мерекесіне айналған болатын.

2008 жылы барлық облыстар орталықтары мен Астана, Алматы қалаларындағы ұлттық-мәдени орталықтарында Республикалық Спартакиада өткізіліп, оның республикалық финалы оңтүстік, солтүстік, батыс және шығыс аймақтарда аяқталды.

2007-2011 жж. арналған бағдарламаны жүзеге асыруда ауылдық дене шынықтыру мен спорты да шет қалмайды. Өйткені көптеген ауылдан шыққан спортшылар республикалық, бүкілодақтық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне айналған. Мәселен, Ж.Үшкөмпіров, Д.Тұрлыханов, А.Храпатый, А.Асанов, В.Сахно, А.Мұсабеков, Т.Байшолақов, К.Әбдірахманов, Б.Манкенов және басқалар дәл осындай ауылдан шыққан спортшылар болып табылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарындағы экономикалық құлдырау жылдарында дене шынықтыру мен спортты дамыту шығындары азайғаны белгілі. Сонда барлы ауылдық ұйымдарда нұсқаушы-әдіскерлер қысқартылып, балалар мен жасөспірімдер мектептері жабылды. Өз заманында салынған көптеген ауылдық спорттық ғимараттар қожайынсыз, жарамсыз күйде қалды.

Алайда, еліміздегі экономикалық өсімнің алғашқы жылдарында-ақ, елдегі, оның ішінде ауылдардағы дене шынықтыру мен спортты дамытудың әрі қарайғы дамуы туралы мәселе толығымен қолдау тапты.

1996-2000 жж. арналған ҚР бұқаралық спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы құлдырауды тоқтатып, саладағы жағдайдың тұрақтануын қамтамасыз етті. Ослайша, 2001-2005 жж., 2007-2011 жж. арналған бағдарламалар аясында республикада дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылданушылар санының арту тенденциялары байқалды. Мұнымен қоса, осындай күрделі кезеңдерде елде үші жылды «Ауыл жылы» деп жариялау, ауыл спортын жақсартуға қосымша мүмкіндіктер берді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бірінші кезектегі күш ауылдағы дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық

базасын нығайтуға бағытталғаны жөн. Бүгінде ауылдық жерлерде 17500-ден аса спорт ғимараттары бар болса, оның ішінде 113 стадион, 23 жүзу бассейні, 4000-ға жуық спорт зал, 12 теннис корттары мен 10700-ге жуық жазық ғимараттар бар. Бұл әрине жеткіліксіз, сондықтан да ауылдағы жұмыстың ұмытылған дәстүрлі бағыттары мен әдістерін қайта қолға алған дұрыс. Мысалы, бұрындары республикамызда алдын ала алаң мен ғимарат құрылысын сала отырып, ауылдық спорттық ойындар ұйымдастыру тәжірибесі қолданылды, ол бойынша облыс ауылдарының ойындары аудан орталығында ұйымдастырылса, аудандық ауылдардың спорттық ойындары ауылдық елдімекенде өткізілді. Ойындарды өткізу кестесі облыс немесе аудан басшысы тарапынан кем дегенде жыл бұрын бекітілетін. Мұндай ойындар өткен соң спорттық ғимараттар ауылдық жерлерге әрі қарай пайдалану үшін қалатын. Осылайша, аудан басшылары арасындағы бәсекелестіктің арқасында ауылдық жерлерде көптеген спорт ғимараттары салынып қалған.

Келесі бір үлкен проблеманың бірі ауылдық жерлердегі кадр мәселесі болып табылды. Сол уақытта ауылдық жерлерде 11 500-ден аса штаттық дене шынықтыру жұмысшылары бар болса, олардың 8500-ден астамының дене шынықтыру білімі бар болатын, ал қазіргі кездері бұл көрсеткіштер біршама өсіп кеткен болу мүмкін. Осы орайда, айтайын дегеніміз, қазіргі кезде ауылдағы дене шынықтыру мен спортқа жауап беретін штаттық жұмысшы болмайынша ауыл спортының ахуалын көтеру қиынға соғады. Сол үшін де ауылдық дене шынықтыру кадрларының облыстар мен аудандарда қайта дайындаудан өту мәселесіне көбірек көңіл бөлу қажет.

Сонымен қатар ауылдық жерлердегі дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін Ауылшаруашылығы министрлігінің және Агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлер кәсіподағының Орталық комитетінің қолдауымен республикалық спорттық-дене шынықтырудың ауылдық қоғамын құрудың да маңызы зор. Өйткені, мемлекет, кәсіподақ және қоғамды ұйымдардың бірлескен күш салуынсыз елдегі бұқаралық спортты дамыту мәселелерін шешу қиынға соғады.

Мұнымен қоса, ауылдық жерлерде балалар, жасөспірімдер мен жастарға басым түрде назар аударылуы тиіс. Бұл санаттағы топтың қозғалыс белсенділігі аптасына 6-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Ол үшін бар жағдайларды жасап, дене шынықтыру мен спорт

олардың ажырамас бөлігіне айналуы керек. Мұнда тек мемлекеттің ғана емес, сондай-ақ ата-ананың да ролі жоғары болып саналады.

Ауыл жылдары ауыл тұрғындарының сүйікті ісі болып саналатын, ұлттық және халықтық спорт түрлеріне аса назар аударылды. Мұндай спорт түрлерін аулдық жерлерде дамыту, өскелең ұрпақты үйлесімді түрде дамытудың ажырамас бөлігі болып табылуы қажет. Заманауи дене шынықтыру тәжірибесінде жас буынды ұлттық және халықтық ойындарының ғасырлар бойы өңделген бай құралдары арқылы тәрбиелеуді іс-жүзінде қолдану керек. Өйткені бұл халық педагогикасының баға жетпес қазынасы, оның құрамында саламатты өмір салты мен спорттық-бұқаралық жұмыстарды дамыту принциптерін бекіту үшін барлық нәрсе қамтылған.

Тәуелсіздіктің соңғы жылдарында республикадағы спорттық-дене шынықтыру ұйымдарының күшімен қазақша күрес, тоғызқұмалақ, кір тасын көтеру, бәйге, жорға жарыс, теңге алу, қыз қуу, аударыспақ, сайыс, көкпар, жамбы ату, бес тас, желмая сияқты ұлттық спорт пен халықтық ойындар түрлерін елде әрі қарай дамытудың шаралары қабылданды. Қазақша күрес, тоғызқұмалақ, ат спорты, көкпар бойынша республикалық федерациялар жұмыс жасайды. Балалар мен жасөспірімдер мектептерінде ұлттық спорт түрлерінен жарыстар көптеп өткізіле бастады. Сондай-ақ, осы мектептерге арналған көкпар, бәйге, саятшылық т.б ұлттық спорт түрлерінен бағдарламалар әзірленді.

Мұнда әсіресе, ауыз толтыра айта кететін нәрсе, ол «Қазақ күресінің» әлемдік деңгейге шығуы, яғни «Қазақстан барысы», «Еуразия барысы», «Әлем барысы» турнирлерінің өткізілуі еді. Тұңғыш рет бұл жоба Қызылорда облысында тұсауын кескен болатын. Жоба идеясының авторы КТК теларнасының директоры Арман Төлегенұлы Шораев болды. Кейінен халықаралық турнирге айналған бұл доданың жеңімпаздары ішінен алғашқы жеңімпаздар жамбылдық Бейбіт Ыстыбаев пен шығысқазақстандық Айбек Нұғымаровтарды ерекше атап өтуге болады. Күрес десе ішкен асын жерге қоятын халқымыздың ұлттық рухы мен мемлекеттік брендіне айналған қазақ күресінің әрі қарай да жетіліп, дами беретіні сөзсіз.

Жоғарыда аталып өткендей, оң нәтижелерге қарамастан, ұлттық спорт және халықтық ойын түрлері республикада әлі де болса төмен деңгейде. Оны тежеуші басты факторлар ғылыми-әдістемелік

қамтамасыздықтың, ұлттық спорт пен халықтық ойын түрлерін дамытудың ақпараттық және нормативтік-құқықтық базасының жетіспеушілігі, сондай-ақ, арнайы спорттық ғимараттар мен ипподромдар мен осындай спорт түрлері бойынша мамандарды қайта даярлау мәселелері өткір мәселе күйінде қалып отыр.

### **11.2 Президенттік тесттер мен Мемлекеттік бағдарламаларды (2007-2011 жж.) іс-жүзінде жүзеге асырудың негізгі ережелері мен тенденциялары**

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өздерінің ұйымдастыру және іс-қимылдық жұмыстарын жоспарлаудан бастайды.

Мақсатты түрде бағытталған, әрі шынайы объективті жоспарлар мен оларды іс-жүзінде орындау, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешеді. Осы орайда жасалған: Президенттік тесттер (24.06.1996 ж.), «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (02.12.1999 ж.), дене шынықтыру мен спортты дамытудың перспективті жоспарлары (1996-2000 жж., 2001-2005 жж.), 2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының (19.03.2007 ж. №209 Үкімет қаулысымен бекітілген) маңызы зор.

«ҚР халқының Дене қимылы дене дайындығының президенттік тесттері туралы» ҚР Үкіметінің 24.06.1996 ж., №774 қаулысы, халықтың, әсіресе студенттік жастардың дене дайындығының тиісті деңгейін, салауатты өмір салтын қалыптастыру насихатын, дене шынықтыру және спортпен тұрақты айналысуға тартуды қарастырады.

1998 жылы А.Кульназаров, Г.Иванов, Д.Оңғарбаевалар атап өткендей, статистика мәліметтері бойынша жалпы президенттік тестке қатысушылардың 1,16 пайызы ғана оны тапсыра алған.

ҚР Спорт және туризм министрлігінің, ҚР Білім және ғылыми министрлігінің, ҰҒТДШО және республиканың бірқатар спорттық қоғамдарының (2005-2007 жж.) ресми материалдарын зерттеу, халық арасында президенттік тестті тапсырушылар саны тесттің құрылуының алғашқы жалдарына қарағанда 1015-ке ұлғайғанымен, одан өткендер саны барлық қатысушылар санынан

10%-дан, оқушы жастар арасында 20-20%-дан аспаған. Бұл көрсеткіштер жоспардағыдан 2 есеге төмен болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында (1999 ж.) дене тәрбиесінің міндетті сабақтары қосымша мекемелерде аптасына сегіз сағат, жалпы білім беру мектептерінде үш сағат, кәсіптік лицейлер, колледждер мен ЖОО-да төрт сағаттан кем өткізілмеуі тиіс екені белгіленген. Сондай-ақ, осы заңнамада еңбек ұжымдарында (10-бап), жергілікті жерлер мен демалыс орындарында (11-бап), әскерилер мен құқық органдарының қызметкерлерінің айналысу құқықтары мен шарттары белгіленді. Мұның барлығы халықтың дене шынықтыру-сауықтыру және спорпен айналысуларымен қатар, оларды президенттік тест нормативтерін тапсыру дайындығына бағытталды.

Ең басты нәрсе, «2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы» халықтың президенттік тестті тапсыруына барлық жағдайларды жасауы болып табылады. Бұл халық пен ұйымдардың барлық дерлік жіктері мен топтарын қамтиды.

Аталған бағдарламаның бірінші кезеңінде (2007-2009 жж.): Саланың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру (5.1-тармақша) бөлімін іске асыру ҚР Спорт және туризм, ҚР Білім және ғылым, ҚР Денсаулық сақтау министрліктеріне жүктелді. Материалдық техникалық базаны нығайту (5.2-тармақша) қарастырылып, ол бойынша Азиаданы өткізу үшін құрылыс жұмыстары мен реконструкцияларға республикалық бюджеттен 2008 жылы – 2240000 мың теңге, 2009 жылы – 1370000 мың теңге жоспарланды.

Жоспардың одан кейінгі бөлімдерінде: саланы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету тармағында кадрларды дайындауға үлкен қаржы қаралды. Ал ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету тармағы бойынша, 2007 жылы – 119723 мың теңге, 2008 жылы – 126906 мың теңге, 2009 жылы – 134000 мың теңге жоспарланды.

Бағдарламаның «Дене шынықтыру мен спортты дамыту арқылы саламатты өмір салтын қалыптастыру принциптерін бекіту» атты 5-бөлімінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесін, әскерилер, құқық органдары мен күштік құрылымдар қызметкерлерінің дене дайындығын, мүгедек жандардың дене дайындығы мен спортын жетілдіру мәселелері қамтылды.

«Спорттық резерв пен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау» атты 6-бөлімі бойынша, БЖСМ кеңейту мақсатында 2007 жылы – 9394243, 2008 жылы – 9597122, 2009 жылы 11545703 мың теңге қарастырылды. Бұл қызмет бойынша Спорт және туризм министрлігі, БҚО, ШҚО, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды облыстары мен Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері белсенді әрекет ететін болды.

Бұл бағдарламада өңірлерде спорттағы дарынды балалардың мектеп-интернаттарын, олимпиадалық резерв орталықтарын (бокс, велоспорт, ауыр атлетика, күрес) дамыту басты орындардың бірінде тұрды. Осы кезеңде ҚР II-Спартакиадасы, Республикалық I-қысқы жастар ойындары, паралимпиадалық ойындар, ҚР спорт ардагерлерінің 3-Спартакиадасы сияқты бірнеше іс-шаралар жоспарланып, оларға тиісті деңгейде қаржы бөлінді.

Жоспарда Қазақстан құрама командаларының келесідей халықаралық жарыстарға катысуы да қарастырылды:

- 6-қысқы Азия ойындары, Чанг Чунь, Қытай;
- 7-Орталық Азия ойындары, Ташкент;
- ТМД елдерінің халықаралық спорттық ойындары;
- XXIX Олимпиада ойындары, Пекин, Қытай;
- I-Еуразиялық қыздар мен жасөспірімдер арасындағы спорттық ойындар, Брест, Беларусь;
- Әлем, Азия чемпионаттары мен әлем кубоктары және т.б.

Қорытындылай келе айтқанда, Қазақстанның спорттық ұйымдарының спорттық-дене шынықтыру қозғалысын дамытумен, президенттік тестті ендірумен, 2007-2011 жж. арналған бағдарлама жоспарымен байланысты қызметтері, Қазақстан Республикасы үшін тек Азия мен Еуропа құрлықтарында ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлемдік спорт қауымдастығы алдында басымдылық ие болды.

Қазақстан Республикасының егемендік жылдарындағы дене тәрбиесінің дамуының өзіндік тенденциялары мен перспективалары, сондай-ақ, халық денсаулығын нығайтудағы құралдары мен әдістері сияқты басым потенциалдары болды.

Президенттің тікелей басшылығымен республика үкіметі, адамдардың белсенді қызметінің тарихи-педагогикалық үдерісі болып табылатын салауатты өмір салтын дамытуға үлкен көңіл бөлді.

Денсаулықты нығайту мен дамыту үшін президенттік тест жасалып, халықтың күнделікті өміріне жемісті түрде ендірілді.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен халықтың дене шынықтыру және спортпен айналысу, жоғары білікті спортшыларды дайындау, спорт ғимараттарын дамыту, оқушылар мен студенттерді спортқа тартудың құқықтық жағдайлары бекітілді. Сондай-ақ, бұл заңда дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру, жоғары санатты спортшыларды дайындау, спорттық-дене шынықтыру ұйымдарының қызметін қаржыландыру сияқты көптеген мәселелер қарастырылды.

Республика спортшыларының әлемдік, азиялық жарыстарға қатысуы мен жетістіктері, спорттық-дене шынықтыру қозғалысының әрі қарайғы дамуы туралы көрсетеді. Осыған байланысты, ел Президенті 2006 жылы 28 қазанда №230 «2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлық шығарды. Осының негізінде ел Үкіметі 2007 жылы 19 наурызда №209 «2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспарын бекітті».

Мұндай құқықтық және нормативтік құжаттар спорттық-дене шынықтыру қозғалысын ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіруге және халықтың дене шынықтыру және спортпен айналысуы үшін жоспарлы түрде ресурстармен және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге ықпал еткенін көрсетеді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзат баласы дамуының түрлі сатысы өндірістің, саясаттың, мәдениеттің, идеологияның, ғылым мен әскери істің белгілі бір тәсілдерімен сипатталатыны белгілі. Ал жалпы алғанда, елдің дене шынықтыру саласындағы жетістіктері халық игілігін құрап, сол халық мүддесі үшін қолданылады. Дене шынықтырудың халықтылығы, оның ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Тарихи даму үдерісінде әрбір халықтың дене шынықтырудың дамуында із қалдырған белгілі бір дағдылары, дәстүрлері, тұрмыс салты, мәдениеті мен психологиясы қалыптасты. Түрлі ұлттарда тарихи тұрғыда дене шынықтыру мен спорттың өзіндік бір элементтері пайда болды. Сонымен бірге басқа ұлттың тарихында қалыптасқан дене шынықтыру мен спортының түрлі элементтерін менгеру үдерісі жүргізілді. Қоғамның даму процесінде дене шынықтыру өзінің жалпы адамзаттық мазмұнын дамытып, қазіргі адамның дене күші мен рухани бейнесінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етіп келеді.

Бүгінгі қоғам тәжірибесінде дене шынықтыру адам қызметінің барлық саласында үлкен маңызға ие болып, осының аясында тарихи-педагогикалық негіздерге байланысты ауқымды әлеуметтік маңызға қол жеткізіп отыр.

Дене тәрбиесінің дамуының педагогикалық және тарихи процесі, сондай-ақ, оның адам ағзасына әсер ету құралдары мен әдістері сананың пайда болып, еңбек қызметінің дамуына дейінгі аралықта ұзақ жолдан өтті.

Бұл очерктерде қазіргі заманғы олимпиадалық қозғалыс тарихына маңызды орын берілді. Өйткені Олимпиадалық ойындар қазіргі таңдағы үлкен маңызға ие болған және көпшілікке танымал әрі қызығушылық тудырған құбылыс болып табылады. Жалпы әлем мен жекелеген елдерде олимпиадалық идеяларды таратумен көптеген ұйымдар айналысады, олардың ішінде ХОК мәдениет және олимпиадалық білім жөніндегі Комиссиясы, Олимпиядағы Халықаралық олимпиадалық академия, Лозаннадағы олимпиадалық музей және т.б. бар. Ал Қазақстан аумағында мұндай қызметпен Ұлттық Олимпиадалық комитет, жоғары оқу орындары, олимпиадалық резервтер бойынша спорт мектептері және басқа да арнаулы орта оқу орындары айналысуы тиіс. Мұнымен қоса,

облыстарда олимпиадалық академиялардың бөлімшелері ашылып, жұмыс жасаулары керек.

Сонымен қатар, кітапта дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың пайда болуы туралы, сондай-ақ Қазақстанның ежелгі халқының дене жаттығулары мен қозғалыс ойындарының қалыптасуы және дамуы жөнінде көптеген дәйектер бар. Олар антикалық дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи ескерткіштер мен әдеби деректерді қамтиды. Бұл жөнінде шетелдік, сондай-ақ, отандық зерттеушілер мен авторлар хабарлайды (М.Тәнікеев - Қазақстан, Л.Кун - Венгрия, Н.Пономарев, Н.Мельникова - Ресей және басқалар). Қазақстанның дене шынықтыру тарихы мен қазақ ұлттық спорт түрлері А.Асарбаевтың, Ж.Төлегеновтың, Е.Әлімхановтың, Е.Мұхиддиновтың, А.Бүркітбаевтың, Б.Төтенаевтың, О.Жолымбетов пен басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының егемендігі, спорттың дамуының қазіргі тенденциялары, жоғары білікті спортшыларды дайындау, олардың ірі халықаралық жарыстарға қатысуы, Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының үлгісінде дене шынықтыру мен спорттың педагогикалық және тарихи негіздерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Шығыс халықтарының, қазақ халқының дене тәрбиесінің тарихы, салыстырмалы түрде алғанда, жекелеген түрде толық зерттелінді делінеді. Алайда, нақтылы түрде XX ғасырмен байланысты кезеңдер ғана тыңғылықты түрде зерделеніп, көне уақыттарға байланысты қызықты тәжірибелер жоқ деген қате пікір қалыптасқан. Бұл тарихи шындыққа қайшы келеді. Зерттеушілер бар болып тұрғанның өзінде де, көбінесе ғылыми ізденістер жасауға қажетті деректер жоқ дегенге арқа сүйеіп келген. Атап айтқанда, көптеген археологиялық олжалар, тарихи-әдеби мәліметтер дерек көздері болып табылады. Шындығын айтқанда, олардың барлығы соңғы уақытқа дейін педагогикалық тұрғыда сараланбай келген. Басқаша айтқанда, білім беру саласындағы біздің педагогтар мен тарихшылар оқушыларға сабақ және тәрбие беруде тарихи-мұрағаттық, археологиялық мәліметтерге аса назар аудармай келген. Біз өз зерттеулерімізде осындай материалдарды толықтай қамтуға тырыстық, бірақ олардың көпшілігі әлі күнге дейін ғылыми айналымға ендірілмей келеді.

Біздің зерттеуіміздегі археологиялық және этнографиялық материалдар Қазақстанның көне халықтарындағы өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі еңбек қызметі мен Дене қимылы дене тәрбиесінің арасындағы өзара тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Қазақстан аумағында лақтыру сайманын пайдалану ашель кезеңі мен палеолиттік мустьер кезеңіне тура келеді. Олар қашықтықтан пайдаланылатын найза, дротиктер мен тегіс тас галькалар болған. Кейінгі палеолиттен бастап Дене қимылы дене жаттығуларын қолдануымен байланысты адам қызметінің жаңа түрі пайда болды. Осы дәуірде, әсіресе найза лақтырғыш қолданылып, Орталық Азия аумағында атлалар, яғни ұшу барысында тұрақтылық пен жоғары күш беретін, арнайы тасты найза ағашына байлап пайдалану керемет құбылыстың бірі болды.

Адамзат қоғамы дамуының үздіксіздігі Қазақстанда табылған маңызды археологиялық олжалар мен дәйектелді. Қазақстан аумағында тәрбие мақсатында пайдаланылған Дене қимылы дене жаттығулары, әлемнің басқа да елдеріне тән болып келеді. Бұл жалпыадамзат мәдениетінің бір көзден бастау алатыны туралы гипотезаны тағы да айғақтай түсті.

Өкінішке орай, ежелгі кездерде қолданыста болған көптеген жаттығулар ұмыт болып, оларға бүгінде аса назар аударылмайды. Ал, көзді ашып қарайтын болсақ, дене шынықтыру сабақтарында табиғаттың, ландшафттың өз күші мен тартылысын, ұлттық спорт түрлері мен халықтық ойындарды қолдану, ешқандай да арнайы жабдықты базаны, шығынды қажет етпейді екен. Сол үшін де ондай Дене қимылы жаттығуларын қайта жаңғырту мен кеңінен насихаттаудың маңызы зор болып табылады.

Неолит дәуірінде аңшылар мен балық аулаушылар тайпаларының өндірістік қызметтерінде үлкен өзгерістер орын алды. Қазақстанның түрлі аймақтарында табылған археологиялық материалдар, қоғам мәдениетінің, сонымен бірге дене шынықтырудың жекелеген элементтерінің прогресі туралы көрсетеді. Ұжымдық топтасу тобырымен қатар, жеке аңшылық та үлкен мәнге ие бола бастады. Ал, ол жетілген техника мен дағдыны, Дене қимылы дене дайындығын талап етті. Неолит дәуіріндегі ірі оқиға жебе мен садақтың шығуы болып есептелді. Бұл адамның дене қасиеттерімен қатар рухани дамуына да әсер етті. Спорттың бұл түрі де республикада бар болғанымен, кең түрде таралмай келеді.

Қазақстан аумағында мекендеген неолит дәуірінің адамдары, жебе мен садақты пайдалана отырып, аңшылықтың жаңа әдістерін пайдаланды. Бұл еңбек құралдарының жетіле бастауымен байланысты еді. Ол туралы Қаратау, Арал маңы, Ертіс маңы, Орталық, Батыс, Солтүстік Қазақстан аймақтарынан табылған археологикалық ескерткіштер дәлел болады. Қазақстандық неолит тарихи-мәдени процестің басты бағыттарында дамыды. Ол Еуразияның түрлі аймақтарында да өтіп жатты. Бұл дене тәрбиесі мен дене шынықтырудың ұқсас жақтарымен байланысты болып, адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде көрініс тапты және ол тәрбиелеудің жалпы адамзаттық құралы болып табылды.

Адамның көптеген қозғалыс іс-қимылдарына байланысты болған, жетілдірілген құралдарды пайдалану және жебе мен садақты аңшылық қаруы ретінде пайдалану, жануарларды қолға үйретуге жағдай жасады. Әрине, бұл қаруларды пайдалану арнайы дайындықты қажет етті. Ауыр соғыс құралын қолдану жаттығулары күрделі процесс болып табылды. Ол тек ептілікпен, төзімділікпен ғана емес, үлкен жаттығулар арқылы келетін орасан зор күшпен байланысты болды. Мұндай жаттығуларды үйретудің арнайы әдістері де қажет болды.

Рулық қоғамда дене тәрбиесінің үлес салмағы жоғары болып, тәрбиелеудің маңызды құралына айналды. Дене қимылы дене жаттығуларын пайдалану жолымен тәрбие беру жалпы сипатқа ие болып, рулық қоғам ұжымының күнделікті ісіне айналды. Матриархат кезеңіндегі ойын шығармашылығының дамуы, дене тәрбиесін әрі қарай дамытуға жағдай жасады. Ал, патриархат кезеңіне өту қоғамдық өмір мен тұрмыстағы маңызды өзгерістермен байланысты болды. Дене шынықтырудың түрлі формалары пайда болып, үйрету мен тәрбиелеуде ойындарды қолдану іске аса бастады.

Аталық рулық кезеңінде дифференциация процесі күшейіп, дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерінде кеңінен көрініс тапты. Талаптар, тұрақтылық пен Дене қимылы дене дамуын сынаудың белгілі бір түрлері бұл дәуірдің кең таралған құбылысы болып саналды. Күрделі салт-дәстүрлерден қоғамдық және тәрбиелік сипаттағы жастарға арнаулар келіп шықты. Патриархат кезеңіндегі дене тәрбиесінің дамуындағы осындай ерекшеліктер Қазақстанның археологиялық және этнографиялық материалдарымен сипатталады.

Мал шаруашылығының дамуы көбінесе ерлер еңбегін, өмірдің жаңа талаптарына сай көптеген шеберліктер мен дағдыларды қажет етті. Осыған байланысты жануарларды қолға үйретудің әдіс-тәсілдерін көрсететін жаңа ойындар мен Дене қимылы жаттығулары шықты. Мысалы, Әмудария мен Сырдария аймақтарын қоныстанған ежегі малшыларда бұқалармен ойын жүргізу кең таралды.

Мал бағушы тайпаларда жылқы өмірлік маңызды жануарға айналды. Оны мініс құралы ретінде пайдалану рухани құндылықтардың алмасуына ықпал етіп, атқа мінумен байланысты дене жаттығулары түрлерінің шығуына себепші болды. Осылайша, біртіндеп аңшылықта, шайқастарда, сайыстарда қолданылған арбалар дүниеге келді.

Соғыстың күнделікті іске айналуы қоғамдық өмірде дене тәрбиесінің маңызын арттырды, соның барысында сайыстарда маңызды роль атқарды. Диссертацияда Қаратау мен Алтын емел тауларында табылған археологиялық олжалар талданған, оларда садақ ату мен найза лақтыру жаттығуларының көне бейнелері көрініс тапқан. Осының барлығы дене тәрбиесі мен дене жаттығуларының жаңа формаларын тудырды.

Қазақстан аумағында алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы б.д.д. I-мыңжылдықтың бірінші жартысында өтті. Ұзақ кезең бойында тұрмыс пен жауға қарсы қолданылған көптеген Дене қимылы жаттығулар мен ойындар пайда болып, жетілдірілді. Бұл қазақтардың бүгінгі ұлттық ат спортының дамуына ықпал етті.

Б.д.д. I-мыңжылдықтың екінші жартысында Қазақстанның бірқатар өңірлерінде алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтарымен қалып қойған ерте таптық қатынастар қалыптасты. Әскери-дене дайындығы жүйесіне әсер еткен катафактарилер (ауыр қарулы атты әскер) пайда болды. Әскери-дене дайындығының маңызды құралы түрлі әдістегі аңшылық болып табылды. Аңшылардың күрделі іс-қимыл сахналары мен аңды қуып бара жатқан ат немесе түйе арбаларының бейнелері Қазақстан аумағындағы көптеген петроглифтерде кездеседі. Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері әскери-көшпелі өмір салтымен, өндіріс ерекшеліктерімен байланысты болды.

Қазақстандағы ерте таптық қоғам кезеңіндегі дене тәрбиесінің дамуы, оның басқа халықтардың дене тәрбиесі элементтерін игерумен, мазмұнының байытылуымен және жан-

жақты байланыстарымен сипатталады. Осы бағытта грек және орта-азиялық қатынастар жемісті болып саналды. Грек мәдениеті мен дене тәрбиесі жүйесінің ықпалымен атлеттік мамандану, ат жарыстар мен арба жарыстар сияқты бірқатар сайыстар дамыды. Гректердің жергілікті халықпен, әсіресе, Ескендір Зұлқайнарынның Орталық Азияға жасаған тарихи жорықтары кезеңіндегі жақындасуына ықпал еткен саясатты жүргізуде дене тәрбиесі мен әскери өнер жүйесінің рөлі аса зор еді. Өз кезегінде, сақтар мен басқа да орта-азиялық тайпалардың дене тәрбиесі ұзақ тарихи кезеңдерде гректердің Дене кимылы дене тәрбиесінің дамуына оң әсер етті.

Б.д.д. VII-IV ғғ. Волга-Орал маңы далаларын сақтар мен скифтерге жақын савроматтар жайлады. Б.д.д. IV-III ғғ. шегінде савроматтарда құрамына Шығыс жақтан келген туыстас тайпалар енген жаңа тайпалық одақтар қалыптасты. Б.д.д. III ғ. бастап бұл жаңа тайпалық одақтар сарматтар деп аталды. Жартылай көшпелі сармат тайпалары арасынан Солтүтік Каспий маңы, Дон мен Кавказ тұрғындары бөлініп шығып, біздің дәуіріміздің I-ғасырында Азов маңы мен Кавказға қоныстады.

Сарвоматтар мен сарматтар ержүрек те, қайсар жауынгер болып, өздерінің Дене кимылы дене қасиеттерімен ерекшеленді. Олардың жастары бала кезінен атқа отыру және садақ ату өнерін үйренді. Скиф, сақ, савромат тәрізді көшпенділер өздерінің үлкен жауынгерліктерімен ерекшеленді. Савроматтар скифтерге қарағанда ұзын қылыш, ауыр найза мен металл сауыттарды еретерек пайдаланған. Савроматтардың қоғамдық құрылысындағы ерекшелігі, онда әйелдер басты рөлде болды. Сол үшін көптеген антикалық авторлар савроматтарды «әйелге бағыныстылар» деп атап, олардың бірі «савромат әйелдері атпен жүреді, садақ атып, жауға қарсы шабады, олардың қыздары үш жауды өлтірмейінше күйеуге шықпайды» деп жазды. Шын мәнінде, археологтар савромат әйелдерінің обаларынан көптеген әскери қарулар мен ат әбзелдерін тапқан.

Орта Сырдария, Қаратау маңы мен Орталық Азияның аралас аудандарын мекен еткен қаңлылар да савроматтармен көп байланысты болды. Қаңлылардың әскери өмір салттары туралы көптеген археологиялық ескерткіштер мәлімет береді. Әскери өмірдің негізгі бөлігін Дене кимылы дене жаттығулар мен дайындықтар, ойындар мен сайыстар құраған. Қаңлылардың бір бөлігі отырықшы өмір

сүріп, олардың дене тәрбиесінің өзіндік спецификалық ерекшеліктері болды. Бұл жөнінде археологиялық мәліметтер куәлік етеді.

Б.д.д. IV-III ғғ. Шығыс Түркістаннан бастап Хаунхэ өзеніне дейінгі алқап ғұн тайпаларының қарамағында болатын. Ғұндардың әскери-дене дайындығы өте жоғары деңгейде болып, оның негізінде ғұн жауынгерлерінің түрлі әскери қаруларды игерудегі шеберліктерінің тұғыры қаланды. Рационалды және ойластырылған негізде дене тәрбиесінің негізі қаланды. Сондықтан да ғұндардың әскери өнері мен дене тәрбиесінің жүйесі сол кездегі көптеген елдердің дене тәрбиесіне ықпал жасады.

Б.д.д. III ғ. мен б.д. III ғ. бірқатар ірі ерте таптық бірлестіктер құрылып, олардың арасында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды мекендеген үйсін қоғамы ерекшеленді. Үйсіндердің жақсы ұйымдас-тырылған әскери-көшпелі бірлестігі сол дәуірдің көптеген елдері мен халықтарының әскери өнеріне қуатты түрде әсер етті. Үйсіндерде жылқы шаруашылығы жоғары дәрежеде дамып, нәтижеде олардың барлығы салт-дәстүрлері бойынша ат үстінде жүрумен байланысты болды. Олар асыл тұқымды сәйгүліктерді баптады. Ол халықтың зор мақтанышы болып саналды. Сонымен қатар, көптеген табиғи-қолданбалы дене жаттығуларынан басқа қозғалыс және үстел ойындары, соның ішінде, тоғызқұмалақ кең танымал болды. Үйсіндерге шахмат ойындары да белгілі еді. Оған археологиялық ескерткіштер мен Қазақстан ғалымдарының мәліметтері дәлел бола алады.

Біздің дәуіріміздің I ғ.-да қуатты Кушан империясы қалыптасып, олардың құрамында үйсін, юечжи және басқа тайпалар болды. Парсы, Пәкістан, Ауғанстан, Үндістан мен Қытай сияқты шығыс елдері Қазақстан аумағындағы дене тәрбиесінің дамуында тығыз байланысты болды. Тарихи және археологиялық материалдар Кушан империясының дене тәрбиесінің ежелгі Грек пен Римнің дене тәрбиесімен байланысты болғанын көрсетіп отыр.

Барлығына белгілі VI ғ. ортасында Түрік қағанаты ерте феодалдық мемлекет пайда болып, онда патриархалды-рулық қатынастардың күшті сарқыншақтары сақталды. Мұның әсері дене тәрбиесі жүйесінде де байқалды. Өмір сүрудің жаңа шарттары, даму үстіндегі мал шаруашылығы, дене тәрбиесінің жаңа әдістерін, еңбек қызметіне деген арнайы дайындықтарды талап етіп, әрине мұның барлығы өскелең ұрпақтың тәрбие жүесінде де қолданылды. Басты

рольде жылқылар тұрды, тарихшылар ат үстінде жүру түркілердің бүкіл өмірімен байланысты болды деп жазады. Сондықтан, ат ойындары мен жаттығулары түркі қоғамында басым сипатқа ие болған. Ал, әскери-дене дайындығы қоғамның барлық мүшелеріне бірдей тарады. Қалалар мен бекіністердің пайда болуы, көшпелілер мен отырықшылар арасында жаңа қарым-қатынастар тудырып, ол дене тәрбиесі жүйесінің әрі қарай дамуына ықпал етті. Осы кезеңде Қазақстан аумағында балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу процесінде ойындар оның ажырамас бөлігі болып табылды. Ондай ойындармен балалар ғана емес, ересектер де ойнады. Ол адамдардың дайындық сапасына күрделі де жауапты талаптар қойды. Көшпелі малшылар мерекелеуді аса ұнатты. Оның барысында күш, ептілік жақтары сыналды. Ірі мерекенің бірі Наурыз болып саналып, онда салт-дәстүрлермен бірге түрлі ойын түрлері өткізіліп жатты.

Осылайша, археологиялық және әдеби материалдарды нақты түрде талдау барысында ежелгі Қазақстан аумағында жастарды тәрбиелеудегі дене тәрбиесі жүйесін дамытудың ерекшеліктері мен жалпы тенденцияларын байқауымызға мүмкіндіктер туды.

VIII-IX ғғ Орталық Азия мен Қазақстанды арабтар жаулап алғаннан кейін, ислам діні мен мәдениеті берік орнап, ол соңынан Еуропа, Азия, Африка мен Америка құрлықтарына тарады. Исламның дене тәрбиесіне әсері бойынша, онда әйелдерге дене жаттығуларымен айналысуға тыйым салынып, ол тек ерлердің ісі деп қарастырылды. Алайда, Орталық Азия мен Қазақстан тұрғындарының әйелдері оған қарамастан садақ ату, атпен шабу, ат спорты ойындары сияқты сайыстарға қатысуын жалғастырды.

Орталық Азия мен Қазақстанның тарихында моңғол билігі өшпес із қалдырды (XIII-XIV ғғ). Шыңғысхан әскерінің түрлі әскери-тактикалық элементтері осы аумақтың халқының дене жаттығуларымен, қолдабалы және қозғалыс ойындарымен араласып кетті. Дегенмен, қазақ халқы өз мәдениетін, ұлттық дәстүрлері мен мерекелерін түрлі сайыстар мен қолданбалы және интеллектуалды ойындарды қолдану арқылы дамыта берді.

Бірқатар ғалымдар XIV-XV ғғ. Әмір Темір империясы Орталық Азияның, Шығыс Еуропа, Кавказ бен Балқан елдерінің моңғол билігінен азат етілуіне ықпал етті деп санайды. Осыған байланысты, Қазақстан аумағында да хандықтар пайда болып, ол экономика мен мәдениеттің әрі қарай дамуына, көршілес елдермен



тығыз байланыс орнатуға, дене шынықтыру мәдениетінің дамуына мүмкіндік жасады.

XVIII ғасырдың 30-жылдары Қазақстанның Ресейге қосылуы, сауда-экономикалық қатынастардың, мәдени байланыстар мен дене шынықтыру және спорттың дамуына серпін берді.

1865-1917 жж. Орталық Азия мен Қазақстанда патшалық биліктің орнауы кезеңінде, Қазақстан халқының рухани мәдениеті мен дене тәрбиесінің негіздері жаңартылды. Мұндағы бағыттаушы роль Ресейдің мәдениет, білім және дене шынықтыру мамандарына берілді. Осы кезде қалалық жерлерде тұратын халық пен жастар түрлі спорт және ойын түрлерімен айналысты. Ауыл халқы өз шеберліктерін дәстүрлі мерекелер мен тойларда өткізілетін ұлттық ойын түрлерінде шыңдауды жалғастыра берді. XX ғасыр басында қазақтың атақты батыр балуандары Ресей, Орталық Азия, Қазақстан және Еуропа елдері аумақтарында өткізілетін түрлі күрестерге қатысып жүрді. Солардың бірі, кеңестік дәуірде «халық батыры» атағы берілген Қажымұқан Мұңайтпасов болып табылды.

Кеңес үкіметінің Қазақстан мен Орталық Азияда орнауы, жаңа мәдениеттің қалыптасуы мен дене шынықтырудың дамуын қамтамасыз етті. ЕҚД (ГТО) кешендері, Жалпы оқыту түрлері пайда болып, осының негізінде дене шынықтыру ұжымдары, спорт клубтары құрылып, олар түрлі спорттық іс-шаралар мен жарыстар өткізді.

1939-1945 жж. екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде ЕҚД кешені арқылы кеңестік патриотизм рухында дайындалған «Динамо», «Спартак», «Еңбек резерві» сияқты спорт ұйымдары пайда болды.

Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында Қазақстанның партия және мемлекеттік органдарының басшылары белсенді түрде қызмет жасап, спорттық ұйымдарға барынша көмектерін берді. 1950-1970 жж. социалистік мәдениетті дамыту мен мәдениетті интенсификациялау кезеңінде көптеген стадиондар, спорт залдары, бассейндер мен спортт нысандары салынып қалды. Бүкілодақтық және республикалық спартакиадалар, жарыстар мен чемпионаттарда балалар, жасөспірімдер, жастар мен ересектер қатысты.

1968, 1972, 1985 жылдардағы Партия ОК мен үкімет қаулылары Қазақстан спорттық бұқаралық қозғалысының дамуына,

спорт түрлерімен белсенді түрде айналысуға үлкен жағдай жасады. Қазақстан спортшылары КСРО халықтарының барлық спартакиадаларында (1956-1991 жж. аралығында), Еуропа, әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында жемісті өнер көрсетіп келді. Онда спорттық қоғамдардың, БЖСМ-нің, оқу орындарының, оқытушылар мен жаттықтырушылардың рөлі мен маңызы зор болды.

Жалпы, зерттеулер негізінде «Дене шынықтыру мен спорт тарихы» пәні бүкіл әлемдегі дене шынықтыру мен спорт дамуының тарихы мен заңдарын білу үшін аса қажет (оқытушылар 80%, студенттер 60%). Ал, дене шынықтырудың пайда болуы мен дамуы қоғам мен тұлғаны дамыту үшін өте қызықты болып табылады (оқытушылар 90%, студенттер 75%).

Осылайша, біз дене шынықтыру мен спорт тарихын ұмытпауымыз керек. Өйткені спорт қоғамдық-педагогикалық құбылыс ретінде идеологиялық сипатқа ие және дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінде үлкен маңызға ие.

Осыған байланысты, келесі жағдайларды ұсынғанды жөн санаймыз: дене шынықтыру мен спорт тарихы пәнін жетілдіріп, жаңа зерттеулер жүргізу; пәнді өткізудің оқу сағаттарына 2 есеге ұлғайту; онда әлемдік, ұлттық, халықтық спорт пен ойын түрлерін бірге оқыту; арнайы орта және ЖОО-ның, олимпиадалық дайындық орталықтары мен спорт мектептерінің оқу бағдарламалары мен жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және т.б.

1991 жылы Қазақстан Республикасының егемендік алуымен нарықтық экономиканы реформалау және жаңа мемлекетті орнықтыруда жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. 1991 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін келесілер жасалды:

- Дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламалары;
- Дене дайындығы бойынша президенттік тесттер;
- «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы (1999 ж., 2014 ж. өзгерістермен);
- Мемлекеттік бағдарламаларды ендіру жөніндегі бірнеше Үкіметтік қаулылар;
- 2025 жылға дейінгі Дене шынықтыру мен спортты дамытудың тұжырымдамасы.

Ресми мәліметтерден бірқатар мысалдар беретін болсақ, бүгінде Қазақстанда дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде

айналысатын халықтың үлесі 4 млн-нан астам адамға жеткен. Спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар мен жасөспірімдерді қамту 15,3% немесе 427,3 мың баланы құрайды екен. Осыған себепкер болып отырған жыл сайын жүйелі түрде 5 млн-нан астам адамның қатысуымен өткізілетін бұқаралық-спорттық іс-шаралардың маңызы аса зор.

Сонымен қатар, саны жылдан жылға артып келе жатқан спорттық марафондардың бүгінде аса танымал болып келе жатқанын ескерген жөн. ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында өткен Халықаралық Астана марафоны осы беталыстың дәлелі болды. Онда Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨІСШК) қатысуымен жалпы саны: 25 мемлекеттен 5 мыңнан астам адам осы шараға қатынасты.

Балалар және жасөспірімдер, соның ішінде мамандандырылған спорт мектептері желісін дамыту бойынша 2016 жылдың қорытындысында - 450 бірлік, айналысатындардың саны 307 мың бала болып отыр.

Бүгінгі күні жоғарғы оқу орындары студенттерінің 20% (186 мың адам), ал колледждердің – 30% (283 мың адамнан астам) спортқа тартылған.

Спортпен айналысатын мүгедек жандарға барынша жағдайлар жасалы, 2009 жылдан бері дене шынықтыру және спортпен айналысушылардың үлесі 4%-дан 10,2%-ға дейін өскен.

Елімізде ұлттық спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Ұлттық спорт түрлерімен айналысушылардың үлесі 2013 жылғы 5,9%-дан 2016 жылы 7,7%-ға өсті (299 682 адам). Ұлттық спорт түрлері бойынша республикада 7 мамандандырылған спорт клубы (Астана и Алматы ққ., Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Алматы және Маңғыстауобл.), 9 мамандандырылған спорт мектебі (Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе, Ақмола, Павлодар обл. және Оңтүстік Қазақстан обл. 2 клуб) және Астана қаласында Ұлттық және ат спорт түрлері орталығы жұмыс істеуде. Жыл сайын ұлттық спорт түрлері бойынша кешенді және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі, олардың қатарында: Халық спорт ойындары, «Ақ бидай» ауыл спорт ойындары, Ауыл жастар ойындары, Ұлттық спорт түрлерінің

фестивалі, по қазақ күресінен «Қазақстан барысы» және «Жас барыс» республикалық турнирлері бар.

«Қазақстан барысы» жобасы біздің ұлттық спорт брендімізге айналды және «Евразия барысы» және «Әлем барысы» турнирлерін ұйымдастырып өткізу арқылы халықаралық деңгейге шықты. Осының арқасында ауылды жерлерде балалар мен жастар қазақ күресі секцияларына белсенді тартылып жатыр.

ЭКСПО-ның аясында Астана қаласында әлем чемпионаттары, халықаралық турнирлер және т.б. өткізілді. Көкпардан және тоғыз құмалақтан әлем чемпионаттары, Қазақ күресінен «Әлем барысы» абсолютті әлем чемпионаты, жамбы ату және теңге ілуден халықаралық турнирлер, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне ат спорты түрлерінен «ЭКСПО Кубогі» және Облыстардың мәдени күндері бағдарламасы бойынша ұлттық спорт түрлерінен өнер көрсетілді. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитеттің 11-сессиясының қорытындысы бойынша «қазақ күресі» ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді.

2016 жылғы президентті тестілеуде 4,2 млн. адам қатысып, 93 мың адам Президенттік деңгейдегі нормативтерді орындаған, соның ішінде ауылды жерлерде – 22 мың адам; 185 мың адам ұлттық деңгейдегі нормативтерді орындаған, соның ішінде ауылды жерлерден шыққан – 57,8 мың адам бар.

Қазіргі кезде елімізде 11,1 мың спорт ғимараттары қызмет етеді және олардың саны 2015 жылмен салыстырғанда 4 пайыздан астамға көбейген. Олардың ішінде 9,2 мыңы спорт мектептерін қоса алғанда білім объектілеріне, ал 2 мыңы денешынықтыру-спорт объектілеріне жатады екен.

2017 жылдың басынан бастап еліміздің өңірлерінде жергілікті бюджет және демеушілер қаражаты есебінен 11 денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы аяқталған. 4 денешынықтыру-сауықтыру кешендері бойынша құрылыс аяқталатын болады (Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстары).

Жоғарыда аталғандардың барлығын жалпы қорытындылай келе айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің «2007-2011 жж. арналған ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы, ҚР Үкіметінің «ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарлама-

сын жүзеге асыру іс-шараларын» бекіту жөніндегі қаулылары, «Қазақстан халқының Дене қимылы дене дайындығының Президенттік тесттер» және басқа да құқықтық және нормативтік құжаттар, елдің дене шынықтыруы мен спортының кәсібилігі мен бұқаралығын дамыту және жаңғыртуда, сала мамандарына арналған методологиялық қажетті өнімдер даярлауда, әлемдік ірі жарыстарда жоғары нәтижелерге жетуде жоғары білікті спортшыларды дайындауда, қажетті қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарға қол жеткізуде басты негіз болып табылды дейміз.

**ЕЛДІҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ-ДЕНЕ  
ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ  
ОЙ-ТОЛҒАУЛАР**

*Алматы ақшамы, 13 наурыз 2012 жыл*

**Спорт, жаһандану және әлемдік Универсиада**

Дене шынықтыру және спорт – қазіргі өркениетіміздің аса маңызды бір саласы болып табылады. Ол көптеген әлем елдерінің өмірінің ажырамас бөлігі болып, қоғамның дамуына, әлеуметтік саясатына сөзсіз қатты әсер етуде. Қазіргі заманғы спорт өзінің қандай да бір түріне қарамастан, бүкіл даму жолында мемлекетпен тығыз байланыста. Алайда, 1990 жылдардан бастап спорт қатты өзгерді. Ол танымалдылық, бұқаралық, бос уақыт өткізушілік (бос уақыт өткізетін маңызды құрал болды), араласу, бірігу сияқты қасиеттерге ие бола бастады.

Кеңес Одағының күйреуіне байланысты өзге республикалар секілді Қазақстан да өз егемендігін алды. Жас мемлекеттің саяси, экономикалық, шаруашылық жүйесін қайта құруы жаңа шешімді қимылдарды талап етті. Мемлекеттің маңызды саласының бірі болып табылатын дене шынықтыру және спорт та сөзсіз өзіне сәйкес қайта құруды қажет етті. Еліміздің Президенті мен Үкіметінің жетекшілігімен денешынықтыру және спорттың әрі қарай дамуы үшін маңызды шешімдер қабылдай бастады.

«Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңда, «Бұқаралық спортты дамытудың кейбір шаралары» туралы Президент Жарлығында, сондай-ақ спортқа қатысты шешімдер мен мемлекеттік бағдарламаларда қазіргі заман жағдайындағы спорт – жеке адамды жан-жақты дамытатын тәрбие құралы есебінде, қоғам мәдениетінің маңызды түрі ретінде қаралуы тиіс екендігі баса айтылады.

Біздің еліміздегі денешынықтыру және спортты заңнамалық ретке келтіру және де тұрғындарды жасына қарамай денешынықтыру және спортпен белсенді айналысуға тарту мемлекеттің халыққа деген қамқорлығын ашық әрі анық көрсетеді. Мемлекеттік мекемелердің қоғамдық, спорттық ұйымдармен тығыз байланыста

болуы денешынықтыру мен спорттың үздіксіз дамуын табысты шешіп қана қоймай, салауатты қоғам қалыптастыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда дамыған және дамушы елдердегі халықтың көпшілігінің семіздік пен артық салмаққа бой алдыруы әлемде үлкен шешілмеген мәселеге айналып отырғандығы шындық. Осындай күрделі әрі маңызды мәселені шешуде спорттың қоғамда алар орны ерекше екендігі айтпаса да түсінікті. 1978 жылы Парижде БҰҰ қолдауымен өткен Бас конференцияда білім, ғылым және дене тәрбиесі мәселелері қаралып, «Дене мәдениеті және спорттың Хартиясы» (ЮНЕСКО) қабылданды. Дене тәрбиесі өмір салтымызға барынша үйлесе кірігіп, өркениеттілігіміздің көрсеткіші болуы қажет. Қоғамның бүкіл тарихында денешынықтыру адамзатқа дәл бүгінгідей қажет болған емес.

Ең бастысы, денешынықтыру және спорттың, ұлттық, спорттық қозғалыстардың ұйымдастырушылық құрылымдағы қолда бар үлгісі ойластырылған әлеуметтік философия болып табылады.

2010 жылы дене тәрбиесінің педагогикасы бойынша болып өткен ғаламдық форум «GoFPEP-2010» дене тәрбиесі, болашақтағы денсаулық білімі және қайта құру тәсілі сияқты қоғамдық өмірге қажетті білімдердің маңыздылығы және теориялар мен тәжірибені бірлестіре отырып, жаңа технологияларды қолдану міндеттерін қарастырған.

Елбасымыз заңнамалық актілер мен бағдарламаларға бастамашы болып қана қоймай, спортқа ұдайы көңіл бөліп, үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Біздің спортшыларымыздың халықаралық жарыстарда, Олимпиадалық ойындарда жақсы нәтижелерге жетуі, сонымен бірге елімізде болып өткен VII Қысқы Азия ойындарын айрықша атап өтуге болады. Бұл сөзсіз, Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен барынша жақындасуының көрсеткіші болып табылады. Дәл қазіргі күні Жаһандану ең күшті, әрі маңызды жалпыәлемдік үрдіс екенін мойындау керек. Қазіргі әлем ғаламдық үрдістердің әсерімен ауқымды өзгеріске түсіп жатыр. Қазіргі жағдайда біздер әлемдік қауымдастықта болып жатқан жаһандық үрдістерден шет қала алмаймыз. Сондықтан, жаһанданудың алып келген мүмкіндіктерін әлемдік қауымдастықта біздің мемлекетіміздің әрі қарай беделінің жақсы жағынан көрініп, абыройы артуына, дәстүрлі мәдени

мұралардың өзекті болуына, ал ең бастысы, жалпы қазақстандық қоғамның бірлігін нығайтуға қолдану қажет.

Егеменді Қазақстанның және оның экономикасының ашықтығы халықаралық деңгейдегі жарыстардан бұдан да қомақты пайда табуға болатынын көрсетеді. Бүкіләлемдік Универсиада әлемдік кешенді спорттық жарыстар арасында өзінің мәртебесі жағынан Олимпиада ойындарынан кейінгі екінші орында.

Алматы қаласы өзінің мықты талаптану кампаниясы, тамаша спорттық және жапсарлас инфрақұрылымы арқасында және басшылықтың әлеуетті қолдауының арқасында 2017 жылғы студенттердің Әлемдік қысқы ойындарын, былайша айтқанда, Қысқы Универсиаданы ұтып алды.

Әлемдік Қысқы Универсиаданы өткізу құқы өтінімі 2011 жылы мамыр айында тіркелді. Содан бастап өтінімдік комитет студенттердің бүкіләлемдік спорт федерациясының бағалау комиссиясы үшін өтінімдік кітаптар мен таныстыруды дайындау жұмыстарына кірісті. Оған бар-жоғы үш айдан сәл-ақ астам уақыт қалған болатын, сол себепті де біздер 28-Қысқы Универсиаданы өткізу құқын жеңіп алғысы келген Италияның Трентино қаласынан келген әріптестерімізбен тең жағдайда емес едік.

2011 жылы біздің қаламызға келген FISU-дың бағалау комиссиясы қағаз жүзіндегі сөздеріміздің іс-жүзіндегі істерімізден алшақ кетпегенін өз көздерімен көрді. Брюссель қаласында өткен шешуші таныстырылымда бағалау комиссиясының тәуелсіз баяндамасында қысқы универсиаданы қабылдай алатынымыз жөнінде жылы пікірлер айтылды.

Дауыс беруге дәл бір апта қалған кезде итальяндық Трентино кандидаттығынан бас тартты. Бұл Алматы қаласына автоматты түрде берілгендей әсер етті. Алайда, бұл олай емес. Өте ауқымды дайындық жұмыстары болды: жоғары кәсіби деңгейде өткізілген таныстыру шаралары, мәдени-бұқаралық іс-шаралар, тұсаукесерлер, біздің қаламыздың қысқы Универсиаданы өткізуші ретіндегі үміткерлігі үшін ғана емес, сонымен бірге, сөз жок, болашақта қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізуге қауқарлығы барын Атқарушы комитеттің мойындауына жағдай жасады.

Сонымен қатар, барлық уақытта белгілі бір тәуекел барын есте сақтаған жөн. Мұндай үлкен көлемді жарыстарды өткізу құқығы



қандай да бір шартты орындамау жағдайында кері қайтарылып алынуы мүмкін.

Жақында ғана ФИФА біздің көршіміз Өзбекстаннан материалдық-техникалық мәселелер себебінен 2012 жылы әйелдердің әлем біріншілігін өткізу құқын кері қайтарып алды да, Жапонияны жаңа ұйымдастырушы ретінде жариялады. Біз оған ұқсас жағдайға тап болмаспыз деп үміттенемін.

Студенттер спортынын халықаралық федерациясы президенті Клод Луи Гальен мырзаның біздің жақын болашағымыз туралы «Сіздің елге ертең, Универсиададан кейін де не болатынын ойлау керек. 2022 жылғы қысқы Олимпиадалық ойындарды өткізу үшін өтінім беруге барлық мүмкіндіктеріңіз бар деп ойлаймын» деп айтқан жағымды пікірі бізді қуантпай қоймайды. Әрине, біз ол кісінің пікірлерін аванс ретінде қабылдай отырып, 2017 жылы өтетін Қысқы Универсиадаға тыңғылықты дайындалатын боламыз.

Ғаламдық көлемде Президент Н.Ә.Назарбаевтың Алматы қаласының Әкімі А.С.Есімов мырзаның Қысқы Универсиада секілді үлкен көлемдегі халықаралық спорттық форум өткізу бастамасын мақұлдауы спорт державасы ретінде біздің еліміз беделінің көтерілуіне ілгеріде де жағымды, әрі қуатты құрал болады.

Қысқы 2017 жылғы Универсиаданы Алматыда өткізудің көптеген тиімді нәтижелері бар, оның ішінде ел экономикасы үшін де. Егер халықаралық спорттық жарыстар өткізу қабылдаушы елдерге пайдалы болмаса, олар сондай бір жанталастықпен бұл жарыстарды өткізу құқына таласпас еді. Негізінде, әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізу инвесторлардың қызығушылығын туғызса, ал жарыс – әртүрлі инвестиция түрлеріне тиімді кепілдік болып табылады.

Универсиада өткізу беделдік пайда табу ғана емес, одан басқа да көптеген жағымды себептерге бастамашы болады. Мәселен, 2011 жылғы Қысқы Азиада үшін Астана мен Алматы қалаларында ең жоғары әлемдік стандарттарға жауап беретін бірнеше спорт нысандары салынды. Ол нысандар қазіргі күні жоғары деңгейдегі әлем біріншілігі, құрлықаралық кубоктар секілді үлкен халықаралық жарыстар өткізуге ғана тиімді пайдаланылмайды, сонымен қатар, отандық спортшылар үшін ғана емес, шет ел спортшылары үшін де жоғары технологиялық оқу-жаттығу жиындарын өткізетін база ретінде қолданылады.

Әрине, бұл спорт нысандары қысқы спорт түрлерімен шұғылдануға бұқаралық сипат беру мүмкіндігін ұлғайтып қана қойған жоқ, тұрғындардың бос және демалыс күндерін пайдалы қып өткізетін жеріне айналды. Әрине, қолымызда бар спорттық нысандар Қысқы Универсиада қажеттілігін толыққанды қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты, бізге мұз сарайы секілді спорттық нысан және Қысқы Универсиада қатысушыларына арналған қалашық сияқты кешендер салуымыз қажет.

2017 жылға дейін қатысушы-елдердің спорттық делегациялары орналасатын Атлетикалық қалашық тұрғызылады. Бұл – өзінің инфрақұрылымы бар, спорттық кешенінен супермаркетіне дейін бар тұрғын үйлер, екі-үш орынды, кеңформатты интернеті бар заманауи нөмірлер болады. Ал ойындар аяқталысымен кешен бірінші кезекте біздің қаламыздың студенттеріне арналған Студенттік қалашық болып қалады. Сонымен бірге, Универсиада аяқталған соң, қала тұрғындары үшін, әсіресе балалар, жеткіншектер, студенттер мен зейнеткерлер үшін спорттық нысандарға барудың жеңілдетілген түрлері қарастырылатын болады. Бұл кешенді шара, әлбетте, әлеуметтік тұрмысы нашар тұрғындардың сауығуын шешетін және жақсы өмір салтын құруға бағыттайтын маңызды міндет болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев жақында Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында кейінгі жылдары облыс орталықтары мен Алматы, Астана қалаларында салынған кейбір спорттық нысандардың толық күйінде пайдаланылмай, ол нысандар салауатты өмір салтын ұстанған жергілікті тұрғындарға қолжетімді болмай отырғандығын атап айтып өткен болатын. Елбасымыз ел игілігі үшін салынған бұл нысандар халықтың қолы жететіндей қолжетімді болуын әрқашан назарда ұстаулары керектігін облыс, қала басшыларына қадап тапсырды. Әрине, нарықтық экономика болғаннан соң, мұндай жағдайдың туындауы заңды құбылыс екені даусыз. Әйткенмен, шешілмеген түйінді мәселелер Елбасының Жолдауынан кейін тез шешімін табары анық.

Жаңа мамандық бойынша мамандар даярлайтын білім беру бағдарламалары топтамасына ерекше көңіл бөлінеді. Осы арқылы жас қазақстандықтарға жаңа жұмыс орындары ашылады.

Өздеріңізге белгілі, Азиада аяқталғаннан кейін елімізде спортқа деген қызығушылық артты. Көптеген алматылық жастар

түрлі секцияларға жазылды, Азиада әсерімен көптеген ата-аналар балаларын спорттық мектептерге бере бастады.

Бұдан басқа, Қысқы Универсиадаға дайындық шеңберінде Алматы FISU ұйымына мүше елдердің студенттер ұйымдары мен студенттер жетекшілері арасында ой мен инновация, білім мен тәжірибе алмасу іргетасын қалайды. Бұл қаланған іргетас FISU қамқорлығы арқасында Универсиада шеңберінде дами түсіп, спорттық жетістіктер мен болашақтың жаңа жетекшілерін алға шығарып, студенттер арасында кең көлемде адамдық құндылықтардың алға қойылуына мұрындық болады.

Алматы қаласы 2017 жылғы Қысқы Универсиаданы, әсіресе, тұрақты даму тұрғысынан инновациялық ең бір озық үлгіде болуын мақсат етіп қояды. Жаңа нысандарды салған кезде жасыл технологиялар қолданылып, қоршаған ортаға зиян тигізуді азайту, барлық ұйымдастыру үрдістерінің негізі болады.

Универсиаданы өткізу – бұл еліміздегі туризмнің дамуын әлдеқайда жаңа деңгейге көтеру деген сөз. Көк тіреген асқар Алатауы бар сұлу Алматы қаласы қыста да, жазда да тамаша демалуға болатын таптырмайтын бірден-бір орын.

Міне, Универсиаданың өзінен кейін жалпы қаламыз бен еліміз үшін қалдыратын кең көлемді бағдарламалар мұрасы осы болмақ.

**Б. ДОСҚАРАЕВ,**

**Алматы қаласы**

**Дене шынықтыру және спорт басқармасы  
бастығының орынбасары, п.ғ.д., профессор.**

## Ел үшін үлкен мәртебе

*Бауыржан Досқараев «Универсиада Алматы – 2017» Атқарушы дирекциясы» Мемлекеттік қоры директорының орынбасары:*

Соңғы жылдары елімізде өткізіліп жатқан халықаралық деңгейдегі ірі спорттық іс-шаралар (көптеген спорт түрлерінен Әлем чемпионаттары, Азия ойындары мен басқа да іс-шаралар) Президентіміз Н.Назарбаевтың дене шынықтыру мен спорттың дамуын қолдауының айқын көрінісі. Қазақстан халқына арналған барлық Жолдауларында біздің Президент еліміздің болашақ дамуының басты бағыттарының ішінде жастардың білім алуына, дене шынықтыру мен спортқа ерекше көңіл бөледі: «Бұқаралық спорт және жоғарғы жетістіктер спорты кешенді, жүйелі қарастыруды қажет етеді, тек дені сау ұлт бәсекелестілікке қабілетті».

Спорттық құндылықтарды дәріптеуде, жастар арасында бұқаралық спорт және жоғарғы жетістіктер спортын дамыту үшін Бүкіләлемдік студенттік ойындар – Универсиада үлкен рөл атқарады. Бұл ойындар 50 жыл бойы жастар Олимпиадасы саналып келе жатыр, әлемдік спорттық аренада екінші санаттағы кешенді халықаралық іс-шара болып табылады. Бүкіләлемдік студенттік ойындарды ұйымдастыру мен өткізу әлемнің барлық студенттеріне достық рухында бір-бірімен жақындасуына, түсінісу мен бейбітшілік мақсатында спорттық жоғарғы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Студенттік ойындардың тарихы өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастау алса, ал студенттер арасында жаппай бұқаралық сипат алуы 1959 жылдан басталған. Италияның Турин қаласында алғашқы халықаралық ірі спорттық ойындары өткізіліп, «Универсиада» атын иеленді (өз атын «Университет» және «Олимпиада» сөздерінің қосылуынан алған). Ойындарды әлемдік деңгейде ұйымдастыруға Халықаралық студенттік спорт федерациясы (International University Sport Federation) жауапты.

Бүгінгі күнге дейін барлығы 27 жазғы және 26 қысқы Универсиада өткізілді. FISU-дің 2011 жылғы 29 қарашада Брюссель (Бельгия) қаласында өткен отырысында XXVIII Дүниежүзілік Қысқы

Универсиаданы 2017 жылы Алматы қаласында өткізу туралы шешім қабылданды.

2017 жылғы Универсиаданы Алматы қаласында өткізу ғажайып табиғи көріністерді, қазақстандықтардың ашық та жомарт қонақжайлылығын, Қазақстан Республикасының туристік тартымдылығын әлемге көрсетуге ерекше ұтымды мүмкіндік береді. Алматы әрқашанда көрнекті спортшылар шығатын бұлақтың бастауы болған және бола береді де. Олар осы күнге дейін республикамызға спорттық даңқтар әкеліп, әлемдік спорттық аренада еліміздің имиджін көтеруде. Алматы – студент- жастар қаласы, халқымыздың үштен бірін 30 жасқа дейінгі жастар құрайды. Қазақстан университеттерінің басым бөлігі Алматыда орналасқан. Сонымен қатар, спорттық шаралардың көпшілігі қалада өткізіледі. Олар жылына шамамен 250 шараны қамтиды. Бұл шаралар қала жастары мен тұрғындарын салауатты өмір салтына және дене шынықтыру және спорт негіздеріне тартады. Демек, мұның барлығы Алматы қаласының жас студент-спортшылардың қатысуымен ең беделді халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге толықтай сәйкес келетінін дәлелдейді.

Универсиада Алматы 2017-нің еліміздің жастарын салауатты өмір салтына баулып, спортқа тарту ісіндегі маңыздылығы келесі құжаттарда айқын көрсетілген: Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Жастар саясатының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік тұжырымдамасы.

Универсиаданы дайындау және өткізу жұмыстарын үйлестіру мақсатында 2012 жылы Ұйымдастыру комитеті құрылған, ол өз жұмысын FISU мен келісілген Бас-жоспар бойынша жүргізеді.

Алматыда Қысқы Универсиада 2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында 11 күн бойы өткізіледі. Болжамды бағалаулар бойынша, оған FISU альянсына кіретін 50 мемлекеттен 5000-нан астам адам қатысады, ойындарды өткізуге 2000-ға жуық ерікті қатысады; жарыстар бүкіл әлем бойынша 100 телеарнада көрсетіледі.

Қысқы Универсиада шеңберіндегі жарыстарда 13 спорттық пән бойынша бәсекелесу жоспарланған: оның 8-і міндетті, 5-уі қосымша спорт түрлеріне жатады. Негізгі спорт түрлері – мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, таушаңғы спорты, сноубординг, биатлон, шаңғы жарысы, шайбалы хоккей, керлин. Қосымша спорт түрлері –

шаңғымен тұғырдан секіру, шаңғы қоссайысы, фристайл, конькимен сырғанау жарысы, бенди (допты хоккей).

Қысқы Универсиаданың өз нышандары бар. 28-Бүкіләлемдік Қысқы Универсиаданың тұмары ретінде Сұңқар таңдалған, ол жас спортшыларға тән сипатта жылдамдықты, жеңілдікті, энергияны, жеңіске ұмтылысты бейнелейді. Универсиада ұраны – «Қанатыңды кең серпі!», «Spread – FISU!» жас спортшыларды ересек спорттың шырдарын бағындыруға шақырады. Логотипі стильдендірілген қанаттың пішінін көрсетіп, динамикалық қозғалысты меззейді: жоғары солдан оңға өсуді білдіріп, биікке самғауды көрсетеді.

Алматы қаласы халықаралық деңгейдегі спорттық нысандарға ие. Олар — әлемге әйгілі «Шымбұлақ» таушаңғы курорты, Тау шатқалындағы спорттық «Медеу» мұз айдыны, «Сұңқар» Халықаралық трамплиндер кешені.

Сонымен қоса, көптеген спорттық кешендер халықаралық ережелерге сәйкес келмейді. Жаттығу – сабақ және жарыстар мен сайыстар өткізу үшін қойылған талаптарға сай емес. Бізге мықты спорттық инфрақұрылым салуға ерекше мүмкіндік туып тұр. Жаңадан 4 спорттық нысан құрылысы басталады, олар: Алатау ауданындағы 12 мың орынға арналған Мұз сарайы, Медеу ауданының 3000 көрерменге арналған Мұз айдыны, Алатау ауданында 5000 адамға арналған атлетикалық қалашық, ол Универсиада аяқталғаннан кейін студенттік кампусқа айналады; сондай-ақ сыйымдылығы 500 орындық медиа-орталығы мен конференц-залы бар қонақ үй. Ойындар өткізілгеннен кейін бұл құрылыстар көп функционалды болып өзгертіліп, көрмелер, көпшілік мәдени-көрнекі және спорттық-сауықтыру іс-шараларды өткізетін орындарға айналдырылады.

Қазақстандағы студенттік спорттың дамуы мадақтауға тұрарлық жетістіктерге толы, 1957 жылы Республикалық СДСО «Буревестник» кенесі құрылды. Қазақстандық студенттік спорт ошағынан елеулі еңбегі сіңген КСРО жаттықтырушылары шықты: О.Жарылқапов (волейбол), А.Костин (штанга), П.Матушак (еркін күрес), М.Хван (конькимен жарысу), ал «КСРО еңбек сіңірген спорт шебері» құрметті атағына: А.Тұяқов пен А.Бадранков (жеңіл атлетика), Ж.Сауранбаев пен В.Кравченко (волейбол) және т.б. ие болған.

Тәуелсіз Қазақстанда студенттік спорт федерациясы 1993 жылы құрылды. Сол жылы федерация FISU мүшесі болып, алғашқы

рет 16-Қысқы Универсиадаға қатысып, Закопане қаласында (Польша) біздің хоккей командамыз тұңғыш күміс медалін иеленді. Олардың алдына тек Канада хоккейістері ғана түсе алды.

Студенттік спорттың беделін арттыру үшін федерация шешімі бойынша елімізде 2002 жылдан бері жалпы қазақстандық универсиадалар өткізуде. Осы Республикалық сайыстарды өткізу жалпы бұқаралық спорт пен жоғарғы жетістіктер спортына пайдалы әсерін тигізеді.

Федерация басшылығы бастамасымен 2006 жылы Алматы қаласында Бокстан студенттер арасында Әлем чемпионаты өткізіліп, қазақстандықтар командалық есеп бойынша 11 медаль ұтып, бірінші орынды иеленді. Соңғы 4 жыл ішінде 40 спортшы – студент Олимпиада ойындары, әлем чемпионаттары, Еуропа және Азия біріншіліктерінде жүлделі орындарға ие болды.

2007 жылы Азия студенттік спорт федерациясының (AUSF) Бас Ассамблеясы құрамына ҚР Студенттік спорт федерациясын енгізу жайлы шешім қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстанның студенттері ең мықты студенттік командалар қатарына кіреді. Барлық Қысқы және Жазғы Универсиадаларда біздің студенттеріміз 18 алтын, 17 күміс, 22 қола медальды жеңіп алды.

Біздің пайымдауымызша, 2017 жылғы Универсиаданы өткізу біз үшін өте маңызды. Біздің жоғары оқу орындарындағы студент-жастармен тәрбиелік, танымдық жұмыстар жүргізу арқылы дене шынықтыру мен спортты болашақ ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін де бағалы.

Бүгінгі таңда «Қанатыңды кең серпі!» ұранымен Универсиада 2017-ге арналған дайындық жобасы бойынша маусым-тамыз айларында еліміздің 30 қаласында тур өтпек. Жобаның мақсаты — жастарымызды, ең алдымен студенттерді «Универсиаданың» оң ықпалы арқылы, спорттың қолжетімділігі, оның көрнекілігі мен студенттер, білім алып жатқан спортшылар үшін нақты пайдалылығын паш ету арқылы спортпен айналысуға ынталандыру болып табылады.

Алматыда Универсиаданың ойдағыдай өткізілуі Қазақстанның беделін мемлекет ретінде жаһандық ауқымда арттыруға мүмкіндік береді, ірі іс-шараларды өткізуге қабілеттілігін, қысқы туризм және шетелдік инвестицияларға тартымдылығын көрсетеді.

Бұл іс-шараның бейбітшілікті сақтау мен еліміздің гүлденуіне айтарлықтай үлес қосатыны айқын.

Бұл іс-шараның ел ішіндегі келешегіне келсек, таңдаулы спортшыларды, ұлттық спорттық бағдарламаларды дамытуға инвестицияның құйылуына, ішкі экономиканың өсуіне кірісті. Басқа да ірі спорттық іс шаралар өткізуге, Әлем чемпионаттарын, болашақ Қысқы Олимпиада ойындарының өткізілуіне қомақты үлес қосары сөзсіз.

Баршамызға белгілі болғандай, 2022 жылғы Олимпиада ойындарын өткізуге Алматы қаласының кандидатурасы ұсынылған болатын. Қазақстан Президентінің қойған нақты міндеттерін қаперге ала отырып, министрлік басшылығы мен жоғары оқу орындары ректорларының 2017 жылғы Универсиада және 2022 жылғы Олимпиада қарсаңында студенттік жастар спортын дамытуға барынша назар аударатын кезі жетті.

Осы жылдың сәуір айында Алматы қаласына Халықаралық студенттік спорт федерациясының президенті Клод Луи Гальен бастаған FISU делегациясы келді. FISU басшылығы Универсиада 2017-нің Ұйымдастыру комитетіне ұйымдастыру жұмыстарының жауапкершілікпен жүргізілгенін атап көрсетіп, өз тарапынан ұйымдастыру жұмыстары бойынша қалаға барынша қолдау көрсететінін айтты.

2014 жылы 23-25 мамыр аралығында Брюссельде (Бельгия) жазғы және Қысқы Универсиаданың ұйымдастырушы комитеттерінің есептемелері жария етілген. Халықаралық студенттер спортының федерациясы атқарушы комитетінің отырысы өткізілген. Отырыс нәтижесінде FISU президенті Клод-Луи Гальен делегацияның жүргізген жұмысын жақсы құрылымданған деп, есептемелерін жоғары бағалады және Универсиада – 2017 ұйымдастырушы комитетінің осыншама аз уақытта күрделі жұмыс бітіргенін мәлімдеді.

Қазақстан жерінде осындай беделді халықаралық іс-шаралардың өткізілуі және онда қазақстандық спортшылардың жеңіске жетуі — ұлттық сана-сезім мен мақтаныштың қалыптасуына ерекше әсер ететіні сөзсіз. Бұл, әсіресе, жастар мен өскелең ұрпаққа айрықша ықпал етпек.



## Қысқы Универсиада – қуатты елдің құзыры

*Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, «2017 жылғы 28-студенттер ойындарын ұйымдастыру комитеті атқарушы дирекциясы» мемлекеттік қоры директорының орынбасары, профессор*

Тарих сахнасынан өткен ХХ ғасыр – адамзат тарихында барлық жағынан ерекше болды. Ол заманының сәні болған спорт және Олимпиадалық ойындар ғасыры да болды. Олимпиадалық қозғалыс пен спорт – адамзаттың әлеуметтік өмірінің белгілі бір бөлшегі болып қалыптасты, жалпыхалықтық феноменге айналды. Бүгінгі ХХІ ғасырда да осынау әлеуметтік-мәдени феноменді зерделеп, зерттеуге деген қызығушылық одан сайын артып отыр.

Дамыған қоғам тарихында дене тәрбиесі адамзат үшін дәл бүгінгі замандағыдай қажетті болмаған шығар. Соңғы жылдардың мемлекеттік құжаттарында дене тәрбиесінің дамуы бүгінгі заман жағдайында адам баласының даму құралы ретінде қарастырылады. АҚШ, Жапония, Англия, Канада, Германия сияқты әлемнің дамыған елдерінде дене тәрбиесі өмір салтына айналып, жоғарғы дамыған мәдениеттің көрінісі сипатына ие. Кей жерлерде, тіпті, сәнге айналды.

Президент Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған барлық Жолдауында елдің болашақ даму бағытын айқындауда дене тәрбиесі мен спорттың дамуын, салауатты өмір қалыптастыруды әрдайым айтады. Елбасы біздің елімізге инвестиция тарту, Қазақстанның даңқын шығару, танымалдылығын арттыру жолында аянбай еңбек етуде.

Біз Президенттің осы бағыттағы жобаларының жүзеге асуына әсері болатын саланың бірі спорт деп ойлаймыз. Соның ішінде ірі кешендік халықаралық жарыстар, біздің елде өткен Азиада, алда болатын Бүкіләлемдік Универсиада және өтуге тиіс Қысқы Олимпиада сияқты.

Әлем тарихы кешенді халықаралық спорттық іс-шаралардың Ежелгі Шығыс елдерінде, Вавилонда, Көне Грекия мен Римде өз құдыреттерін көрсету мақсатында өткізілгенінен сыр шертеді.

Қытайдың көне жазбаларына жататын «Кунфу» кітабында ондаған мың жауынгердің бір мезетте «Ушу» қасиетті өнерінің

жаттығуларын жасағаны айтылады. «Ушу» көне спорт өнері бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Тарих ежелгі дүниенің аса танымал адамдары – Пифагор, Гиппократ, философтар – Сократ, Платон, сөз зергері Демосфендердің өз дәуірінде Олимпиада ойындарының чемпиондары болғандарын баяндайды.

Аристотельдің, Геродоттардың еңбектерінде де спорт жайында көп жазылған. Шығыстың ұлы ұстазы Фараби, кейін ұлы ғалымның жолын ұстанған Беруни мен Ибн Синалар да өз заманындағы білім жүйесіне жаңаша түр мен оқу әдістерін енгізуді ұсынған.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында біз алғашқы рет спорт тарихын зерттейтін ғылым, әлемдік деңгейдегі ғалымдар жайында естідік. Сол кездегі Канаданың денсаулық сақтау министрі М.Лолонданың 1974 жылы Мәскеуде басылған «Канадалықтардың денсаулығын сақтаудың жаңаша жолдары» атты баяндамасында денсаулық сақтаудың дәстүрлі жолдары мен медицина адам баласының денсаулығының басты көрсеткіші емес екендігі айтылады. Осыдан кейін бізде де «Салауатты өмір салты» (ЗОЖ) деген ұғым пайда болды. Бұны Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы (ВОЗ) да дұрыс қабылдады.

Қазақстанда «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» Қазақстан – 2030 Стратегиялық жоспарына енгізіліп, бүгінгі заманда қолға алынып отыр. Үлкен спорттық жетістіктердің, Олимпиадалық ойындардың басталуы мен негізі дене тәрбиесі екені тарихи дәлелденген. Дене тәрбиесінен бастау алып, бұқаралық спорттан жоғарғы спорттық шеберлікке мемлекеттік деңгейде көтерілу жолдары бар.

Олимпиадалық қозғалыстың мақсаты жайында Олимпиада хартиясында айтылған. Онда «Спорттың негізін қалайтын моральдық және Дене қимылы қасиеттерді дамыту; бейбіт те жақсы әлем жасау жолында жастарды спорттың көмегімен достық пен ынтымақтық рухында тәрбиелеу, әлем халықтары арасындағы ерікті жігер мен түсінушілік үшін олимпиада принциптерін дүние жүзіне тарату» деп жазылған. Осынау өзіндік манифесте адам баласына деген негізгі талаптар айқындалған. Сондықтан да спортпен айналыссақ та, айналыспасақ та, біздің әрбіріміз үшін олимпиадалық қозғалыстың маңызы зор. Олимпиадалық ойындар, бұл – адамзаттың рухани және

Дене қимылы жетістігінің қай деңгейге жеткендігін көрсететін дода – байқау десе болады.

Бүгінгі заманғы олимпиадалық қозғалыстың негізін салушы, көрнекті француз ағартушысы Пьер де Кубертен 1912 жылы жазған «Спортқа Одасында»: – О спорт! Сен әділ де ақсүйексің, бекзатсың. Сен тек жеңіс жолында таза, ашық, адал күрескендерді ғана марапаттайсың. Сен мінсізсің. Сен жоғарғы рухани тазалықты, әділдікті, сатылмауды талап етесің, – деген екен.

Ұлы Абай болса біз бүгінгі күн тұрғысынан талдап отырған олимпиадалық қозғалыстың мақсат-мұраты мен адам тәрбиесіндегі мәнін екі жол өлеңге сыйғызыпты.

«Мініңді ұрлап жасырып, майданға түспей бәйге алма» деп жазып кетіпті ұлы ойшыл. Абай заманында ұлттық спорт пен ойындар қазақ елінің өмірінде үлкен орын алғаны белгілі.

«Олимпиадалық қозғалыстың басты мақсаты – аса дарынды атлеттердің жарысқа түсуі арқылы қоғамның халықтар мен үкіметтердің назарын спортқа барша бұқараны тартуға бұру» деп жазды Кубертен. Олимпиада ойындарын қайта жаңғыртуда Кубертен спорт арқылы жер бетінде соғысу азайып, бейбіт күндер ұзақ болса, халықтар тек спорт алаңдарында ғана бәсекеге түссе деген арман-мақсатта болған. Бүгінде де әлем бірқалыпты емес. Десе де спорттың халықтар арасындағы текетірес, жанжалдардың азаюына, жер бетінде бейбіт күндердің ұзақ болуына әсері мен ықпалы бар.

Олимпиадалық қозғалысты Халықаралық Олимпиадалық комитет (ХОК) басқарады. ХОК олимпиадалық қозғалыс принциптеріне сүйеніп, спорт пен дене тәрбиесін дамытуды міндетіне алған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың басын біріктіреді.

Әлемнің барлық түкпіріндегі спорттық ұйымдардың жұмысы бір мақсатқа тоғысқан. Ол – адал сайыс, таза жеңіс. Осындай әлемдік сайыстардың бірі – Қазақстанға тікелей қатысты, Бүкіләлемдік студенттік ойындар, яғни, Универсиада. Алғашқы студенттік ойындар 1959 жылы Турин қаласында өтті. Содан бері, жарты ғасырдан астам уақытта Бүкіләлемдік Универсиада студенттердің басты додасы болып келеді.

Бүкіләлемдік Универсиаданы маңызы мен ауқымы жағынан Олимпиада ойындарымен теңестірсек, көп қателеспейміз. Бұған Бүкіләлемдік Универсиадаға қатысушылардың 60 пайызы кейін Олимпиадада өнер көрсететіні дәлел бола алады.

Бүкіләлемдік Қысқы Универсиада – 2017 Қазақстан үшін дүниежүзілік деңгейдегі алғашқы ауқымды да кешенді іс-шара. Әрине, осынау әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар мәдениет пен спортты дамытуға, бейбітшілікті нығайтуға бағытталған. Бастысы, спорттық сайыс пен салтанаттың көрінісіндей болған Универсиаданы өткізуде қалыптасқан концепцияны қайта бағамдап, спорттық ойындарды ұйымдастырушылардың жетістіктерін жалғастыру.

2017 жылы Алматыда Қысқы Универсиаданың өткізілуі алдыға үлкен стратегиялық мақсаттар қойып отыр. Бірінші кезекте Универсиада әлемге Қазақстан Республикасының табиғаты мен тұрмысының әсемдігін паш етуі керек. Және Қысқы Универсиаданың Алматыда өтуі «Қазақстан – 2050» стратегиялық даму жоспары аясында елдің алға қойған мақсат-мүдделерімен астасып жатуы керек.

Қысқы Универсиада – студент-спортшылар спорттың бірнеше түрінен сайысқа түсетін ірі әлемдік дода.

Алматыда өтетін Қысқы «Универсиада – 2017» ойындарына FISU (студенттік спорт) альянсына кіретін әлем елдерінен 5 мыңдай спортшы қатысады. Қатысушылар 11 күн бойы халықаралық деңгейде сайысқа түседі. Универсиада әлемнің 100-ге жуық телеканалынан көрсетіледі. Бұл – Алматы, Қазақстан Универсиада өтетін қала, ел ретінде екі аптаға жуық әлем назарында болады деген сөз. Яғни, осынау әлемдік спорттық шара арқылы Қазақстанның халықаралық, ғаламдық деңгейде алға жылжуы, елдің әсемдігі мен халқының әлеуеті көрінеді. Қазақстан ірі әлемдік спорттық шараларды өткізе алатын, дамыған мемлекеттердің қатарына шығады.

Универсиаданың ішкі мүмкіндіктердің дамуына да әсері бар. Олар ішкі экономикамыздың дамуы, халықаралық қауымдастық, әсіресе, жастар мен өскелең ұрпақ алдындағы ұлттық келбетіміздің көрінуі, ұлттық спорттық бағдарламаларға, әлемдік деңгейдегі спортшыларға инвестиция тарту, болашақта Әлем чемпионаттары, Қысқы Олимпиада сияқты өзге де ірі спорттық шараларды өткізуге негіз қалау және т.б.

Қазақстанның ұсынып отырған Қысқы Универсиаданы өткізу жобасы халықаралық шараға жастардың қатысуын кеңейтіп, халықаралық бірлік пен татулыққа ықпал етеді. Ірі әлемдік додаларды өткізу тәжірибесін қалыптастырады. Қазақстанның таңғажайыптарын паш етеді.

Ірі спорттық шаралар өткізу тәжірибесі көп нәрсеге негіз болары анық. Расында, Сочи (Ресей), Бейжің (Қытай), Турин (Италия), Лейк-Плэсид (АҚШ) және Инсбрук (Австрия) қалалары осындай тәжірибе алмасуды негізге ала отырып, өздерінде Қысқы Олимпиада ойындарын өткізді. Ал, Эрзурум (Түркия) мен Муджу (Корея) қалалары өздерінің спорттық нысандарын қайта құрылымдап, шаңғы спорты, хоккей және т.б. қысқы спорт түрлерінен Әлем чемпионаттарын ұйымдастырды. Аталған қалалар ірі спорттық шаралар өткізген тәжірибелеріне сүйеніп, әлемдік деңгейдегі инфроқұрылым жасап, Олимпиадалық ойындарды қабылдауға қабілетті екенін көрсетіп отыр.

Алматыдағы Қысқы Универсиада – 2017 ойындарын табысты өткізудегі мемлекеттік дайындық барысында бірқатар нәрсені ескеру керек. Әлемдік деңгейдегі доданың ойдағыдай өтуіне көптеген факторлар әсер етеді. Дегенмен, ең бастысы, шараны мемлекеттік жоспарлау және байыпты бағдарлама.

Жоспарлауға спорттық нысандарды Универсиада өткеннен соң пайдалану мәселесі де енуі қажет. Осы тұрғыда Қазақстан үшін бұрын Универсиада өткізген елдердің тәжірибесіне сүйеніп, ХОК және FISU ұйымдарының спорт нысандарына қатысты талаптары мен стандарттарын негізге алған дұрыс.

Қысқы Универсиада өткен соң спорт нысандарын қалай пайдалануға болады? Халықаралық стандарттарға сай спорт нысандары болғандықтан, қысқы спорт түрлерінен Әлем чемпионаттарын, Қысқы Олимпиада ойындарын өткізуге ұсыныс жасауға болады. Елдің ішкі қажетіне пайдаланып, халықты қысқы спорт түрлерімен айналысуға жаппай тартуға болады. Және Әлемдік деңгейдегі, халықаралық додаларда өнер көрсететін спортшыларымыздың дайындығы үшін де өте жақсы база қалыптасады. Жалпы, спорт нысандарының Универсиададан кейінгі болашағын қазақстандықтардың тұрмысы мен қажеттілігі үшін тиімді етіп және нақтылап жоспарлау бүгіннен басталғаны абзал.

Универсиада, Олимпиада секілді әлемдік ойындарды елімізде өткізуге – қарсы тараптар да жоқ емес. Нақты дәйектерге сүйеніп, дәлелді пікірлері болған жағдайда ғана ондай ойды ортаға салуға болады. Әйтпесе, құр айқаймен, дәлелсіз долбармен іс бітпейді. Және қай сала болмасын, пікірталасқа сол саланың мамандары қатысуы қажет.

## Қазақстанда Олимпиада ойындарын өткізуге қатысты пікір

*Бауыржан ДОСҚАРАЕВ,*

*«2017 жылғы XXVIII Студенттік ойындарды ұйымдастыру комитеті атқару дирекциясы» мемлекеттік қоры директорының орынбасары, спорт тарихшысы, профессор.*

Ұлы Абай «Сөз түзелді тындаушы сен де түзел» деген екен. Ойшылдың өз заманында айтқан сөзі біздің бүгінгі әңгімеміздің бағытына негіз бола алады. Олай дейтініміз, Алматыда Олимпиада ойындарын өткізу тақырыбына қазақстандық әрбір азамат пікір білдіруге құқылы, біразы білдіріп те жатыр. Небір ұшқыр пікірлерден бастап, мемлекеттің экономикасы мен абыройын сөз еткен салықалы ойларға дейін айтылды.

Сезімге ерік бергені бар, тындауға тұрарлығы бар түрлі пікірлерді саралай келіп, спорт тарихшысы және осы салада отыз жылдан астам қызмет атқарған маман ретінде заңдылықтар мен халықаралық ережелерге арқа сүйеген өз пікірімізді білдіруді жөн санадық.

Бүгінде, Алматы қаласының 2022 жылы өтетін Қысқы Олимпиада ойындарының астанасы болу мүмкіндігі халықаралық қауымдастықтың талқылауында. Және де түрлі қайшылықтарға толы ХХІ ғасырдың басында Олимпиада тақырыбы спорт теоретиктерінің ғана емес, тарихшылардың, экономистердің, саясаткерлердің де пікір-сайысына арқау болып отыр. Оның себебі, спорттың, халықаралық спорттық шаралардың әлемдік деңгейде қоғам өмірімен, экономикалық-саяси жағдаймен біте қайнасып кетуі болса керек.

Олимпиада ойындарына қатысты да халықаралық қоғамда сан-салалы, алмағайып пікір бар. Алматыда Олимпиада ойындарының өту-өтпеуі бірінші кезекте өз елімізде талқылануы заңдылық, әлемдік деңгейде сөз болуы — заман талабы.

Табиғат пен тарихта барлық нәрсенің бастауы мен негізі бар. Біз сөз етіп отырған дене тәрбиесі мен спорт та осы заңдылыққа бағынады.

Белгілі тарихшы әрі ғалым Сэмьюэл Крамердің дәйектемелері бойынша, спорттық додалар туралы деректер өте ерте замандағы Шумер халықтарына тиесілі екен. Шумерлер – тілі мен өмір сүру өңірі жағынан Түркі халықтарының арғы тегі болып саналады. Сол Шумерлердің өз жылнамасы болған және жыл басында Мардук құдайының құрметіне бүгінгі спорт ойындарына ұқсас додалар өткізген екен. Бұл жарыстар көне гректердің өткізген Олимпиадасынан мындаған жылдар бұрын болған.

Біздің көбіміз осындай дәйектемелерден бейхабармыз. Және спорт тарихын жеңіл-желпі білетініміз де өкінішті. Әйтпесе, спорттың ата-тегі дене қимылы, күш сынасу, жаяу бәйге жарыстарының тарихы адамзат қалыптасуының бастауында жатқаны рас.

ҚР Президентінің «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығы бар. Бұл бағдарлама Қазақстанда он жылдан бері жұмыс істейді. Бірақ, неге екені белгісіз, мемлекеттік бағдарламада спорт және дене тәрбиесі мәселесі қамтылмаған. Әлде дене тәрбиесі мен спорт адамзат мәдениетіне жатпайды ма?

Ал, енді тақырыбымыздың негізіне оралсақ. Жалпы, Олимпиада ойындарын қызықтайтын (телеэфир арқылы) көрермен аудиториясы 4,5 млрд. адам деп есептеледі. Бүгінгі заманда Coca-Cola, Samsung, Visa сияқты тағы басқа да трансұлттық, яғни, әлемдік алпауыт компаниялар Олимпиада ойындарының ресми демеушісі болу үшін 240 млн. АҚШ долларынан астам инвестиция құйып, әлемдік олимпиадалық қозғалысқа қосылады. Ал, Олимпиада ойындарын эфир арқылы таратудан (трансляция) ХОК-қа 1,5-2 млрд. АҚШ долларындай пайда түседі екен. Мысалы, Пекин Олимпиадасын трансляциялау 1,739 млрд. доллар, Ванкувер ойындары 1,279 млрд. доллар пайда келтірген.

Бүгінде «Олимпиада» өте танымал әлемдік брэндке айналды. Түрлі қызығушы топтар осынау брэндтің маңызы мен әсер ету ауқымының кендігін, әлемдік деңгейін уақтылы түсініп, Олимпиадалық қозғалысқа атсалысып қалуға тырысып отыр. Өздерінің тауарлық маркаларын жарнамалап қалуда. Бұдан өзге, Олимпиада ойындарына демеушілік жасау – керемет табыс көзі. Және де қазіргі саяси халықаралық жағдайда Олимпиада ойындары түрлі халықаралық қактығыстарды, жанжалдарды тоқтату құралдарының бірі. Тарихта ойындар кезінде түрлі соғыстардың тоқталғаны белгілі. Олимпиада әртүрлі саяси көзқарастардың, текетірістердің ушықпауына себеп болған.

1960 жылдан Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) Біріккен Ұлттар Ұйымымен (БҰҰ) және ЮНЕСКО-мен тығыз серіктестікте, нәтижелі жұмыс істеп келеді. БҰҰ мен ЮНЕСКО жанында «Даму мен Бейбітшілік» бағытындағы Спорт басқармасы бар.

«Спорттық ғылым және дене тәрбиесі» жөніндегі халықаралық кеңес пен ЮНЕСКО Бас конференциясы спортқа қатысты көптеген шешімдер қабылдаған. Бұл айтылып отырғандар Олимпиада ойындарының әлеуметтік-мәдени феноменінің бір парасы ғана.

2000 жылдардан бастап Олимпиада өткізгісі келетін қалалар өз өтінішін 9 жыл бұрын жасап, 100 мың АҚШ доллары көлемінде жарна төлеу керектігі жайында шешім қабылданған. Үміткер осынау әлемдік спорт мерекесін өткізу мүмкіндігін көрсете алатындай болып, бірқатар сұрақ-талаптарға жауап беруі керек. Үміткер-қаланың дайындауға тиіс анкета,

құжаттарының тізімі 500 беттен асады. Және ОК-қа қаланың жан-жақты жоспарын өткізу керек. Бұдан өзге үміткер қала ауа-райы, қоршаған орта жағдайынан бастап, саяси-экономикалық, инфрақұрылымдық деңгейіне дейінгі 17 талапқа жауап беруі тиіс. Нақ осы кезеңде үміткер қалалар ХОК-тың осындай «емтиханынан» өтеді. Осы бір «емтиханнан» өткен қалалар ғана Олимпиада өткізуге ресми кандидат болып тіркеледі. Бұрынғы Кеңес одағы республикалары арасында бұл деңгейге жеткен қалалар саусақпен санарлық. Бүгінде осындай санаулы қалалардың бірі – Алматы.

Осыдан-ақ, Олимпиада өткізуге өтініш білдіру, дайындық жасау оңай шаруа емес екендігі көрініп тұр. Кейінгі кезде БАҚ-та Олимпиада ойындарының маңызы мен беделін түсіруге тырысқан шағын ақпараттар көбейіп кетті. Кейбіреулері Ванкувер, Сочи Олимпиадаларының қаржылай шығыны жөнінде шындықтан алшақ ақпарат беріп те үлгеріпті.

Ақ Олимпиада Қазақстанда өткен жағдайда оны өткізуді екі қалаға бөлу (Алматы мен Астана) қажеттігі туралы да пікірлер жүр. Тіпті, ХОК бір Олимпиаданы көрші жатқан мемлекеттерде қатар өткізуге мүдделі деген жаңсақ пікірлер де аракідік кездеседі. Осылардың бәрі Олимпиада ойындарын өткізу тәртібінен хабарсыз адамдардың долбары десе болады. Қайта, ХОК жұмыс жасауға қолайлы болу үшін, жабық дауыспен үміткер қалаларды мүмкіндігінше азайтуға тырысады.

Спорт және дене тәрбиесі саласының мамандарын даярлай-тын жоғары оқу орындарында (ЖОО) «Олимпиадалық білім», «Олимпиадалық зерттеу», «Олимпиадалық шараларды ұйымдастыру және менеджмент» сияқты сабақтар мен курстық жұмыстар өткізіледі. Осынау сабақтар мен курстардан өткендер біз көтеріп отырған көп сұрақтарға жауап бере алуы керек.

Әлемдік Олимпиадалық қозғалыстың ардагері Хуан Антонио Самаранчтың Халықаралық Олимпиадалық комитеттің президенті қызметіне келген уақытынан бастап Олимпиада ойындары ұйымдастырушыларға негізінен пайда әкелді. Жалпы, Олимпиадалық ойындардың экономикалық жағымен қатар, саяси маңызы бар екені белгілі. Мысалы, 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының кірісі мен шығысы жарияланбады. 1988 жылғы Сеул Олимпиадасына алғашында 70 ел барғысы келмеген. ХОК және ұйымдастырушылардың дұрыс жұмысы арқасында, тек Куба мен Солтүстік Корея ғана әлемдік додаға қатыспады. Олимпиада ойындарын өз деңгейінде өткізген Оңтүстік Кореяның әлемдік қауымдастықта оң имиджі қалыптасып, кейіннен ел экономикасына жақсы әсері зор болды.

Егер, Қазақстан 2022 жылғы Қысқы Олимпиада ойындарының ұйымдастырушысы болып танылса, бұдан әрбір қазақстандықтың, алматылықтың ұтары сөзсіз. Ал, енді Олимпиаданы екі қалада өткізу керек пе дегенге келер болсақ, оның жауабын олимпиадалық жүйеден, оның ережелерінен іздеу керек. Олимпиадалық жүйеге ХОК-тан өзге



халықаралық спорттық федерациялар (МСФ), Халық-аралық спорттық федерациялардың бас ассоциациясы (АГФИС) кіреді. АГФИС-тің екінші бір атауы – Спорт Аккорд (Халықаралық конвенция). Бұл ұйымның құрамында бәрімізге белгілі ФИФА мен ИААФ (Жеңіл атлетика федерациясының халықаралық ассоциация-сы) бар. ФИФА – әлемдегі ең бай халықаралық қоғамдық ұйым.

Осы ФИФА футбол жарысы бір қалада, ал жартылай финал немесе финал екінші қалада өткенін қалайды ма? Осы сияқты Олимпиада кезінде додалардың екі қалаға бөлінгенін барлық 35 олимпиадалық спорт түрлері (28 жазғы және 7 қысқы) екілерінің де жарата қоюы екіталай. 1996 жылғы Атлантада өткен Олимпиада ойындарында ФИФА жарыстың қала орталығынан алыстағы стадионда өтуіне қарсылық білдіргені әлі есімізде.

Табиғатынан керемет дипломат Хуан Антонио Самаранч қана әлемдік спорттың осындай алпауыттарының тілін тауып, олардың басын біріктіріп, ХОК-ты өте бай да, беделді ұйымға айналдыра білді. Халықаралық Олимпиадалық Комитет (ХОК) екі жылда бір рет атқарған жұмыстары мен қаржылық жағдайы туралы есебін жариялап тұрады. ХОК Ұлттық Олимпиадалық комитеттерге түрлі бағдарлама бойынша үнемі қаржылай көмек көрсетіп отырады. Халықаралық комитеттен бөлінетін қаржының есебінде олимпиадалық емес және ұлттық спортқа бөлінетін тараулары да бар. Ал Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер Олимпиадалық Хартияға сай өз елдерінің үкіметінен тәуелсіз болуы шарт. Осы тұрғыда ХОК көптеген халықаралық спорт ұйымдарына жақсы үлгі бола алады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен ЮНЕСКО-ның тұжырымдамаларына сай ХОК Олимпиада өтетін қаланың қоршаған ортасына зақым келтірмей, сол қаланың сыртқы имиджін оң әсерлі қалыптастыруы керек. Ойындардан соң жақсы да, жайлы, пайдалы әсер қалдыруы тиіс. Олимпиада қожайыны болған ел де, ортақ та абыройлы әлемдік шараға атсалысуы қажет.

Мысалы, 2012 жылғы Олимпиада ойындарының астанасы Лондон қаласы болып танылғанда, Британ парламенті ойындардың 17-ақ күн өтетініне қарамастан, Лондон Олимпиадасы жөнінде арнайы заң қабылдады. Олимпиада ойындарының ұйымдастырылуы, спорттың 28 түрінен өткізілуі осы заңға сәйкес болды.

Осы 2012 жылғы жазғы Олимпиаданың астанасы атану жолындағы күрес те өте тартысты болғаны белгілі. Лондон, Мәскеу, Мадрид, Нью-Йорк және Париж қалаларының арасында өткен бәсекеде Ұлыбритания премьер-министрі Тони Блэр жеке беделін салып, қыруар жұмыс атқарды. Ол комиссия отырыстарының барлығына дерлік қатысты. Нәтижесінде, 2012 жылғы Жазғы Олимпиада Лондонда, жоғары деңгейде өтті.

Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің (ХОК) 2007 жылғы сессиясында Ресей, Корея президенттері, Австрия премьер-министрі 2014

жылғы Олимпиаданы өткізуге өз қалалары Сочи, Пьончанг және Зальцбургты ұсынып, Тони Блэр секілді әрекет етті. Осыдан соң ХОК — мемлекет басшыларының ХОК сессиясына қатысуына тыйым салатын шешім қабылдады. ХОК сессиясы кең өкілеттілікке ие. 1999 жылдан ХОК президентінің міндетін атқару сегіз жылмен шектелген.

Кез келген ірі халықаралық ұйымдар сияқты, ХОК та өз тарихында бірнеше қиын кезеңдерден өтті, дау-дамай жағдайлар болды. Мысалы, Нагано қаласының 1998 жылғы Қысқы Олимпиаданы өткізу құқығын жеңіп алғандағы күдік-дау, Сидней-2000 Олимпиадасы айналасындағы дау-дамай, 2002 жылғы Солт-Лейк-Сити ойындарына қатысты жемқорлық оқиғасы, осылардан соң кейбір ХОК мүшелерінің қызметінен кетуі. Бұл оқиғалар ХОК абыройына нұқсан келтіргені рас. Жалпы, ХОК сияқты халықаралық ұйымның бүгінгі мен болашағы, оның ертең қандай саясат жүргізетіндігі жайында жүз пайыз деп басып пікір айта алатын мамандар некен-саяқ.

Ал, енді Олимпиаданың Қазақстанда өту мүмкіндігіне, оның күнгейі мен көлеңкесіне оралсақ. Олимпиада ойындарын өткізудің қажеті мен керексіздігіне келсек, Қазақстан үшін бұл шара бірнеше жағынан сөзсіз пайдалы. Бұл имидж ба, экономикалық пайда ма? Екеуі де бар. Қазақстан үшін Олимпиада өткізудің материалдық пайдасы да (спорттық кешендердің салынуы, инфрақұрылымды жетілдіру, шетелдік инвестицияның құйылуы және т.б.), материалдық емес актив түріндегі пайдасы да бар. Материалдық емес активке – Қазақстанның әлемдік аренадағы имиджін, жас буынның өз Отаны үшін мақтаныш сезімі, жаңа патриотизмнің оянуын, жаппай спортқа қызығушылық нәтижесінде салауатты өмір салтының қалыптасуын және т.б. жатқызуға болады. Бұл қиялдан туған болжамдар емес. Айтылған пайдалы әсерді біз Олимпиада өткізген елдердің тәжірибесінен көре аламыз. Сол себепті де, Алматыда Олимпиада қабылдау сияқты берері көп мүмкіндікті жіберіп алмауымыз керек.

Рас, Олимпиада ойындарын ұйымдастырушылардың мақсатты көрсеткіші нақты пайда болуы шарт. Біз бұл тақырыпқа кейін дәйектемелер, мысалдар арқылы оралатын боламыз.

Сөзіміздің қорытындысында, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді келтіруді жөн деп таптым. «...Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жоғары сапалы қызметтер көрсетілетін болады. Нәтижесінде, бұл әрбір қазақстандықтың өмір сапасы мен тұрмыс деңгейінен көрініс табады. Ең бастысы, осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы түрінде біздің жерімізде қалады».

Мемлекет басшысының осы сөздері «Қазақстанда Олимпиада өткізу керек пе, жоқ па?» деген сауалға өздігінен жауап беріп тұр.

## Олимпиада және экология

*Әлемдік додадан табиғатқа зиян келе ме?*

**Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, спорт тарихшысы, профессор:**

Қазақстандықтар үшін 2022 жылы өтетін Ақ Олимпиада тақырыбы бүгінде өзекті мәселе болып тұр. Беделді әлемдік шара Қазақстанда өте ме? Тарихы ғасырдан асқан Олимпиаданы қабылдауға көп мемлекеттер неге құштар? Әлемдік доданың соншалықты беделді болуына не себеп? Олимпиада ойындарын өткізуден бірыңғай абырой мен пайда келе ме? Әлде залалды жағы да бар ма? Осынау сұрақтар Қазақстандағы бүгінгі қоғамда ел талқысында тұр.

Қарапайым қарашадан мүйізі қарағайдай мамандарға дейін осынау мәселені ортаға тастап, өз шама-шарқынша жауап іздеуде. Пікір сан алуан.

Әлемнің алтыдан бірін жайлаған бұрынғы КСРО аумағында Олимпиада ойындары екі-ақ рет өтті. Алғашқысы, сонау 1980 жылы КСРО астанасы Мәскеу қаласындағы жазғы ойындар, ал екінші рет 2014 жылы Ресейде, «Сочи – 2014» Ақ Олимпиадасы болды. Айтып кеткеніміздей, бұрынғы КСРО аумағындағы үшінші Олимпиада өткізу мүмкіндігі Тәуелсіз Қазақстанда туып тұр. Бүгінде әлемдік қауымдастықтың аузында 2022 жылғы Қысқы Олимпиадаға қатысты екі қала аталып жүр. Алматы және Бейжің. «Ақ Олимпиада – 2022» қай қалада өтеді? Сұрақтың түйіні 2015 жылдың 31-шілдесінде Куала Лумпурда (Малайзия) шешіледі.

«Ақ Олимпиада – 2022» ойындарының Алматыда өтуіне экологтар мен кейбір спорт басындағы шенеуніктер қарсы. Олардың пайымдауынша, табиғатқа орасан зор шығын келетін көрінеді. Және де, көпшілік Олимпиаданы «Көкжайлау» курорты құрылысымен байланыстырып отыр. Бұл қате түсінік. Алматыда қолға алынатын «Көкжайлау» курортының Олимпиада ойындарына еш қатысы жоқ. Біріншіден, «Көкжайлау» курорты таза демалыс, туризм орны ретінде жоспарланған, екіншіден, ондағы шаңғы жолдары олимпиадалық спорт нысандары стандарттарына сәйкес келмейді. Сол себепті де қазақша айтқанда – «ол ән бұл әннен өзгереді».

Ал, Олимпиада тақырыбына оралып, спорт нысандарына келсек, Алматыда жетпей тұрған бір-ақ нысан бар. Ол – шана-бобслей мұз жолы. Алматыда Олимпиада ойындарының өтуіне қарсы шығушылар, әлемдік доданың экологияға әсерін алға тартушылар, негізінен, ойындарды өткізу, ұйымдастыру талаптарынан бейхабар жандар. Олардың Олимпиада ойындарын «Көкжайлаумен» байланыстыруы даурықпа әңгіме.

Біз бұрынғы мақалаларымызда Олимпиада ойындарының қаржы-экономикалық жағынан, саяси, халықаралық абырой тұрғысынан да дивиденд әкелетіні жайында біршама айтқанбыз. Осы саланың маманы ретінде түсіндірме жұмыстарымызды жалғастыруды жөн санадық.

Алматыда өтуі мүмкін Олимпиаданың опоненттері олимпизм, яғни олимпиадалық қозғалыстың құрылымынан хабарсыз деуге болады. Осы жерде біздің елде олимпиадалық қозғалыстан, оны өткізудегі ішкі тәртіптерінен, талаптары мен ережелерінен хабары мол білікті мамандардың саусақпен санарлық екенін мойындауымыз керек. Сол себепті де көпшілік қай «маманның» сөзіне құлақ асарын білмей отыр. Білімге табан тіремеген пікірдің қоғамда әртүрлі әңгіме тудыратыны заңдылық.

Ал Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің (ХОК) Олимпиада ойындарын өткізудегі басты мақсаты мен талаптарының бірі – ойындар өтетін қаланың дамуы мен экологиясына оң әсер ету. Бүгінгі күнге дейін Олимпиада өткізген қалалар инфрақұрылым, даму, экономикалық жағынан ұтылған емес.

Жалпы, олимпиадалық ойындардың өткізуші елге келтіретін басты пайдасы неде? Осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

Біріншіден, бұл әлемдік қауымдастықтың назарын аударып, жер бетіндегі өзіннің экономикалық, мәдени орнынды айқындап алу (ойындарды өткізуді экономикалық әлсіз, мәдениеті төмен елге тапсырмайды).

Олимпиада өткізген қала тарихта әлемге әйгілі қалалардың қатарынан ойып тұрып орын алады және қарқынды даму мүмкіндігіне ие болады. Көптеген спорт зерттеушілері Олимпиада өткен қалалардың қайта жаңғырып, жанданғанын айтып отыр.

Мысалы, 1992 жылғы Олимпиада Барселона қаласын бүкіл әлемнің сүйікті қаласына айналдырды. Жалпы, олимпиадалық қозғалыс үш нәрсеге басымдылық береді. Олар – спорт, мәдениет және қоршаған орта.

Олимпиадалық қозғалыстың үлкен қайраткері Х.А.Самаранч ХОК президенттігі қызметіне келуімен бірінші кезекке ойындардың қоршаған ортамен, экологиямен байланысын қойды. Олимпиада өткізетін қаланың экологиялық ахуалы басты талаптардың бірі болып белгіленді. АҚШ-тың Денвер қаласы 1976 жылғы Қысқы Олимпиаданы өткізуді жеңіп алған болатын. Бірақ, қаладағы экологиялық мәселелерге байланысты ХОК олимпиадалық ойындарды Инсбрук қаласына ауыстырды.

Экологиялық мәселелерге байланысты 2014 жылғы Сочи Олимпиадасына да қауіп төнген болатын. Ресей тарапы ХОК-тың барлық талаптарын уақытында орындап, Халықаралық комиссия алдында абыройын сақтап қалды. Осы тұрғыдан келгенде мәселені жете меңгермей, ХОК-ке, басқа да Халықаралық ұйымдарға даурықпа мәлімдеме жасаушыларды колдаудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

ХОК қоршаған ортаға, экологияға қатысты мәселелерде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), ЮНЕСКО сияқты Халықаралық ұйымдармен жасалған келісімдер аясында әрекет етеді. Бұл беделді ұйымдар арасында адамзатқа ортақ әлемнің табиғатын қорғау, зиян келтірмеу жөніндегі үлкен келісім бар. 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен «Жер шары саммитінен» соң БҰҰ «Agenda 21» бағдарламасын дайындады. Осы бағдарламаға сай БҰҰ, ЮНЕСКО қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау жағдайын басты назарда ұстайды. Ормандардың оталмауын, алуан түрлі биологиялық флора мен фаунаның сақталуын, ғылым мен техниканың, өндірістің табиғатқа кері әсерін тигізбей дамуын қалайды.

ХОК 1995 жылдан бері БҰҰ-ның қоршаған ортаға байланысты бағдарламасы – ЮНЕП-пен серіктестікте жұмыс істеп келеді. Бағдарламада көрсетілген міндеттемелерді орындауға Олимпиаданы қабылдайтын қала келісім-шарты арқылы қол қояды. Келісім-шарт талаптары «Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау маңызды мәселе екенін мойындап, келісімде көрсетілген міндеттемелерді орындауға және жүзеге асыруға, қоршаған ортаға қатысты заңнамалар шеңберінде табиғаттың тұрақты дамуына барынша мүмкіндік жасау, табиғат қорғауды насихаттау» болып табылады.

Егер Олимпиада өтетін қалада ауаның ластануы қалыпты деңгейден асып кетсе, ХОК ұйымдастырушы қалаға ойындар көрсетілімінен түсетін түсімнің 25 пайызына тең айыппұл салады.

Бұл ХОК-тің экология мәселесін алдыңғы кезекке қоятынын көрсетеді. Мәселен, ФИФА – әлемнің ең бай қоғамдық ұйымы. Бірақ, олар өз ойындарын, іс-шараларын өткізуде қоршаған орта мәселелеріне бас ауыртпайды.

ЮНЕП ХОК-пен бірігіп Бейжің қаласының басшылығына қаланың экологиясын сауықтыруға 17 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция құюға талап қойды.

Олимпиада – әлемдік бренд. Сол себепті де Олимпиада өткізу қай жағынан да тиімді. Көптеген Халықаралық мамандар Қытайдың 2006 – 2008 жылдардағы экономикалық өрлеуін Бейжің – 2008 олимпиадалық ойындарымен байланыстырады. Ал, бұл кезеңде Еуропада дағдарыс болып жатты.

ХОК-тың қоршаған ортаға аса көңіл бөлетінін көпшілік ұмытып кеткен бір оқиғадан көруге болады. 1988 жылғы Сеул Олимпиадасының ашылуында көкке жіберілген көгершіндер Олимпиада алауының үстінде өртеніп кетті. Осы оқиғадан соң ХОК көгершін ұшыру үрдісін тоқтатып тастады. Көгершіндер Олимпиада-ның ашылуына соңғы рет 1992 жылы Барселонада қатысты.

Қоршаған ортаның қалыпты дамуына ықпал етуде ХОК-тың ЮНЕП сияқты тәуелсіз ұйымдармен серіктесуі Олимпиаданы қабылдайтын қалалардың экологиялық жауапкершілігін күшейтеді. 2015 жылдың

жазында Куала Лумпурда өтетін ХОК сессиясы Алматыны «Олимпиада – 2022» ойындарының астанасы деп таныса, оңтүстік астанадағы экологияға қатысты жасалып жатқан жұмыстар еселене түседі.

Олимпиадалық қозғалыс зерттеушілерінің баяндауынша, ойындарды өткізу тәжірибесі экологиялық бағытта ғана емес, әлеуметтік-экономикалық жағынан да пайда әкеледі екен.

Бүгінгі таңда ХОК-тың қоршаған ортаға байланысты атқарып жатқан жұмыстары экологиялық ұйымдардың жасап жатқандарынан ешбір кем емес. Олимпиадалық қозғалыстың ұйымдастырушылары Олимпиаданың өткізілуі экологиялық жағынан мысқалдай да мәселе тудырмауы керек деп есептейді. Егер Олимпиаданы өткізуші жақ қоршаған ортаға қатысты талаптарды орындай алмаса, ойындарды өткізу мәселесі қайта қаралады. Бұл тұрғыда ХОК өзіне қоршаған ортаға, экологияға қатысты жауапты да қатаң міндеттемелер алған. Тіпті, бүгінде ХОК экология мәселесін спортпен бірдей деңгейге қойған деген түсінік бар.

Мақаланың бас жағында айтып кеткендей, ХОК-тың қоршаған ортаға байланысты тұжырымы БҰҰ-ның «Agenda 21» бағдарламасымен тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда Халықаралық Олимпиадалық Комитет (ХОК) бүгінде экология мәселесін алдыңғы кезекте ұстап отыр.

Осыған орай Қазақстанның, Алматының «Ақ Олимпиада – 2022» ойындарын өткізу мүмкіндігі бірінші кезекте қаланың экологиялық жағдайымен тікелей байланысты. Сондықтан да экологияға қатысты шу көтеріп жатқан «мамандарға» айтарымыз, ХОК сіздердің «көмегіңіз» де «мәселені май шаммен қарайды». Ал, «Көк жайлауды» Олимпиадамен байланыстыру, айтып кеткеніміздей, түбегейлі қате. Жалпы, Олимпиаданы өткізу тақырыбына қатысты сөз додасына түсіп, пікір білдіру үшін Олимпиадалық қозғалыс жөнінде, оның құрылымы, ережелері мен талаптары жайында азды-көпті ізденіп, сауатты болған жөн. Және де Олимпиаданы өткізуге ресми үміткер болып тіркелген Қазақстанға осы салада білікті мамандар даярлау қажет. Спорт мамандары мен экологтарымыз олимпиадалық қозғалыс саласынан да білімді болып жатса, одан қоғамға да, мемлекетке де тек пайдасы болар еді.

Ал Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің (ХОК) Олимпиада ойындарын өткізудегі басты мақсаты мен талаптарының бірі – ойындар өтетін қаланың дамуы мен экологиясына оң әсер ету. Бүгінгі күнге дейін Олимпиада өткізген қалалар инфрақұрылым, даму, экономикалық жағынан ұтылған емес.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР – ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

*Аңдатпа.* Аталған мақалада Азия, Еуропа, Әлем чемпионаттары мен Олимпиадалық ойындардың әлемдік маңызы, бүгінгі таңдағы халықаралық спорттық шаралардың ұлттар-аралық достық, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудың басты маңызды факторы екендігі жөнінде баяндалады. Есімдері әлемге танымал спорттық қозғалыс саласы тұлғаларының айтқан пайымдаулары мен тұжырымдарына сүйене отырып, авторлар өздерінің талдаулары мен пікірлерін ұсынады. Әсіресе, халықаралық спорттық байланыстардың халықтар арасындағы өзара түсіністікті қалыптастырудағы орны, осы бағыттағы әлемдегі ауқымды халықаралық шаралар жөнінде мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, Қазақстандағы спорт, дене шынықтыру, салауатты өмір салты, ондағы Елбасы Н.Назарбаев пен Қазақстан халқы Ассамблеясының орны, осы бағыттағы игі істер мен бастамалар жөнінде қысқаша мысалдар келтіріледі.

Мақаламыздың негізгі бөлігін бастамас бұрын тақырыпқа арқау болған толеранттылық пен бейбітшілік және оның әлемдік ортадағы орны жөніндегі мәселелерге түсінік бере кетуді жөн санадық.

Толеранттылық – латынша *tolerantia* — төзімділік, көнбістік деген мағына береді. Кең түрде айтқанда ол - бейбітшілікті қалау қасиеті, сонымен қатар, этникалық, діни, саяси, конфессионалдық және жеке адамдар арасындағы келіспеушіліктерге, жас және гендерлік айырмашықтарға қатысты шыдамдылық таныту және «өзге адамдардың» өмір сүруге тең құқылы екендігін мойындау болып табылады. Толеранттылық - ол адами рақымшылдық; түрлі адамдар мен идеялар әлемінде өмір сүру өнері, сонымен қатар, құқық пен еркіндікке ие бола тұра өзге адамдардың құқықтары мен еркіндігін бұзбау. Дегенмен, толеранттылық - көну, мейірімділік көрсету немесе құптаушылық емес, ол өзгені мойындау негізіндегі белсенді өмірлік ұстаным деген сөз.

«Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Толеранттылық бұл – біздің қоғамның адамгершілік нормалары». «Біздің ұлы даламыз мыңдаған жыл бойы толерантты болып келді. Толеранттылық бұл – біздің қоғамның адамгершілік нормалары. Оларды біз нығайтып, қорғап, барлық буындарды тәрбиелейтін боламыз», - деп атап өткен болатын.

Кез келген тәуелсіздікке қол жеткізген ел, бейбітшілікті әлем танымай дамудың даңғыл жолына түсе алмайды. Бұл – уақыттың талабы.

Томаға тұйық өмір сүрудің уақыты өткен. Әлемдік интеграцияға қосыла отырып қана әр ел өзінің экономикасын дамыта алады, қауіпсіздік нығайтады, сол арқылы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл ең алдымен елдің сыртқы саясатына байланысты.

Бейбітшілік – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Адамзат өмір бойы үнемі тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Бірақ, нақты өмірде оған ешқашан толық қол жеткізген емес. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат қоғамы соғыстардан көз аспады. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, соңғы 5.5 мың жылда жер бетінде небары 292 жыл ғана бейбітшілік «билік» етіп тұрыпты. Қалған уақыттың бәрінде адамзат «Тыныштық керек болса – соғысқа дайындал» деген қағидамен өмір сүріп келді. Осы аралықта жер бетінде 15 мыңнан астам қантөгіс шайқастар өтіпті. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері жер бетінде бейбіт өмір орнады десекте, әлемнің түрлі аймақтарында ірілі-ұсақты соғыстар, қарулы қақтығыстар, лаңкестік әрекеттер жиі кездесуде. Сөйтіп, бейбітшілікті сақтау, соғысты болдырмау, бейбітшілік үшін күресу – ХХІ ғасырдың да өзекті мәселелерінің бірі болып, мұраға қалдырылды. Халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті сондықтан жалпы адамзаттың құндылықтар қатарына қосып отыр.

Ал, әлемдік қауымдастық арасында бейбітшілік пен толеранттылық нормаларын толық ұстанып, адамзаттық құндылықтарды сақтаудың маңызды бірегей факторы - ол халықаралық спорттық ойындар деп есептеледі.

Өйткені, спорт жалпы мәдениеттің дене тәрбиесі мен спецификалық формасының бір жағы. Олай дейтін себебіміз, спортпен шұғылдану, түрлі жарыстарға қатысу, спортшылар арасындағы араласу, биік нәтижелерге қол жеткізу және оларды баспасөзде, радио мен теледидарда жарыққа шығарып көрсету, адамды неғұрлым тәртіпті, жинақы, сыпайы, интеллектуалды, адамгершілікті, әрі моральдық тұрақты етеді.

Осы орайда, келтіре кететін маңызды бір мысал, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Украинаның Днепродзержинск жерінде өткен жігіттік кезеңінде өзінің спорт жаттықтырушысы болған Лев Ежеский мен досы Николай Литошконы 30 жылдан аса уақыттан соң қайта тауып, Қазақстанға шақырып, жағдай жасап, құрмет көрсетуі, оның жеке өзінің интернационализм мен моральдық-адамгершілік қағидаттарын ұстануда барша жұртқа үлгі бола білгенін көрсетеді. Қазақстанда Л.Ежескийге қазақ-украин қатынастарын дамытуға қосқан үлесі үшін 2-дәрежелі «Достық» алтын орденімен марапатталып, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР спортының Құрметті қайраткері атақтары берілді. Ал, Н.Литошконы Қазақстанға қызметке тартып, оған арнайы жеке пәтер сыйға тартылды. Осындай жағдайлардың өзі елдегі



спорттық бағытта толеранттылық пен ұлтаралық достық қатынастарды нығайта түсудің маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Жалпы айтқанда, спортты дамыту түрлі жарыстарда, әсіресе, Еуропа мен әлем біріншіліктерінде, Олимпиада ойындарында жеңіске жету, спортшының өзінің де, оның ұжымының да, өзі тәрбиеленген аймақ пен өмір сүретін елінің де атақ-данқын көтереді. Халықаралық спорттық жарыстарға қатысу мен спортшылар арасындағы қарым-қатынастар спортшылар, халықтар, елдер мен құрлықтар аралық өзара түсіністікті жақсартады. Сондай-ақ, ол түрлі ұлттарды біріктірудің жарқын мүмкіндігі болып есептеледі.

Қазіргі заманғы спорт қоғамның Дене қимылы және рухани мәдениетінде маңызды орынды иеленеді. Қоғамдық құбылыстар сияқты оған да түрлі әлеуметтік функциялар тән. Осы функциялардың ішіндегі ең маңыздысы ұлттар, халықтар, мемлекеттер аралық өзара түсіністік, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайту болып табылады. Ал бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін халықаралық спорттық іс-шаралардың, оның ішінде әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар мен спорттық халықаралық байланыстардың орны ерекше.

Сондықтан да француз бароны, Олимпиада ойындарын қайта негіздеуші Пьер де Кубертеннің: «О спорт, сен – бейбітшіліксін! Сен халықтар арасында жақсы, ізгі, достық қатынастарды орнатасың. Сен - келісімсің. Сен бірлікке ынтыққан адамдарды жақындатасың» - деуі бекер дүние емес.

Жалпы алғанда, олимпиада ойындары мен түрлі әлемдік чемпионаттар, өздерінің керемет мүмкіндіктерін шынайы әрі қантөгусіз сайыстар арқылы барлық ұлттардың біртұтас серпінде бірігудің айқын мысалы болып табылады. Халықаралық спорттық тәжірибеде, адам құқығын бұзып отырған немесе көрші елге жаулап алу саясатын жүргізіп отырған елдер өкілдерін жарыстарға жібермеу жағдайлары көптеп кездеседі. Осындай жолмен халықаралық спорт қауымдастығы тараптарға, бүкіл әлемге қателік жақтарын көрсеткісі келеді, сол үшін де оның үлкен бөлігі агрессия мен әскери іс-қимылдарды ашық түрде айыптайды.

Мәселен, ежелгі Грекияда Олимпиадалық ойындарды өткізу кезеңінде жауласып жатқан тараптар өз қаруларын тастап, сайыстарға тең құқықта қатысқан. Кей жағдайларда спорттық ойындар әсерінен саяси ландшафтқа белгілі бір өзгерістер енгізіліп, соғыс кейінге қалдырылып немесе бейбіт түрге көшкен. Мұндай мысалдар Плутарх, Геродот, Пиндар, Лукиан, Павсани, Симонид секілді антикалық авторлардың шығармаларында көптеп келтіріледі. Ал, бүгінгі таңдағы әдебиеттерде орыс тарихшысы Н.Н.Чесноковтың «Ежелгі Грециядағы Олимпиада ойындары және қазіргі олимпиада-лық қозғалыстың тууы» атты кітабында жан-жақты жазылған [1].

Бүгінгі таңдағы спорттың анықтаушы функциясы – ол өткір қарсыластыққа тән спорттағы жарыс қызметінің сайыстық функциясы, жарысқа қатысушылардың өзара әрекеттерінің нақты регламенті, жарыстық іс-қимылдар унификациясы, оларды орындау мен жетістіктерді бағалау тәсілдерінің шарттары болып табылады. Осының барлығы тиісті спорттық классификациялармен және сайыстар ережелерімен белгіленген.

Келесі бір тұрғыдан алатын болсақ, спорт пен халықаралық ойындар – бұл ұлттық мақтанаштың іске асуы мен бірлесу көзі, сондай-ақ, белгілі бір саяси идеяларды өзінің және басқа мемлекеттің азаматтарына ұғындырудың механизмі болып табылады. Мысалы, нацистік Германияда ол нацистік режимді нығайту үшін қолданылды. Неміс спортшыларының сол кездегі жеңісі сол саяси жүйенің дұрыстығын айқындай түсті. Қырғи-қабақ соғыс кезінде АҚШ пен КСРО арасындағы спорттық сайыстар бір саяси жүйенің екінші бір саяси жүйеден мықтылығын көрсететін символ ретінде пайдаланылды. Өйткені, тарихтың өзі көрсетіп отырғандай, кез-келген саяси жүйе мен саяси құрылым дене тәрбиесі мен спорттың дамуына тікелей әсер етеді. Мәселен, әлемдік қауымдастық тек спорт арқылы таныған Куба, Корея, Эфиопия сияқты елдер де болған.

Мақала тақырыбына арқау болған әлемдік бейбітшілік пен халықтар арасындағы толеранттылықты дамытуға жағдай жасау Халықаралық Олимпиада Комитетінің басты ұстанымы болатын. Алайда, 1896 жылдан бастап қайта жаңғырып, өткізіліп келе жатқан Олимпиада ойындары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кезекті түрде өткізілмей қалғаны спорт тарихынан белгілі. Мұндай жағдайда Халықаралық Олимпиада Комитеті де өз қызметін тоқтатқан. Тек, 1948 жылы соғыстан кейінгі алғашқы ойындар Лондонда өтті. Бұл кезеңде олимпиадалық қозғалыс Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қос жүйенің қарама-қайшылығының әсерін басынан өткеріп, біркелкі даму жолына түсе алмады. Олимпиадалық ойындар саяси қысым көрсету құралына айнала бастады.

Бірақ XX ғасырдың 50-80 жылдары социалистік лагерь мемлекеттерінің және Азия мен Африканың отаршылдықтан босаған елдерінің олимпиадалық қозғалысқа енуі есебінен Халықаралық Олимпиада Комитетінің қызметі бір жүйеге түсе бастады [2].

Халықаралық Олимпиада Комитетімен қатар жаңа халықаралық спорттық ұйымдардың пайда болуы халықаралық спорттық қозғалысты демократиялық тұрғыда басқаруға кең мүмкіндіктер жасады. Осылайша, 1967 жылы халықаралық спорттық федерациялардың Бас Ассоциациясы, 1968 жылы ұлттық олимпиадалық комитеттердің Бас Ассоциациясы құрылды.

1960 жылдан бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің тікелей қолдауы әрі қатысуымен 16 спорт түрінен мүгедектер үшін Паралимпиадалық ойындар 4 жылда бір рет өткізілетін болса, 1988 жылдан

бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің бастамасымен ақыл-ойы шектеулі жандарға арналған Арнайы Олимпиада ойындары ұйымдастырыла бастады.

XX ғасырдың 90-жылдарына дейін қысқы олимпиадалық ойындар жазғы Олимпиадалық ойындар өткен жылы өткізіліп келсе, 1992 жылы Халықаралық Олимпиада Комитеті жазғы және қысқы ойындарды кезегімен екі жыл аралықта өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім олимпиадалық ойындарды трансляциялау ынғайы үшін және жарысты ұйымдастырушылар жүктемесін азайту мақсатында қабылданған еді. Осы өзгерістен кейінгі алғашқы қысқы Олимпиада ойындары 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өтті.

2007 жылы ХОК 14-18 жас аралығындағылар үшін Жасөспірімдердің Олимпиадалық ойындарын өткізуге шешім қабылдап, алғашқы жазғы Жасөспірімдер ойындары 2012 жылы, қысқы ойындары 2014 жылы ұйымдастырылды.

Соғыстан кейінгі уақыттарда Халықаралық Олимпиада Комитеті таныған жаңа спорттық федерациялар пайда бола бастады, мәселен, 1946 жылы каноэ Халықаралық федерациясы, 1954 жылы Еуропа футбол федерацияларының Одағы, 1970 жылы әуесқой бокстың Еуропалық федерациясы құрылды.

Сонымен қатар, әлемдік бейбітшілік пен өзара достастық түсіністік аясын кеңейту мақсатында Халықаралық Олимпиада Комитетінің ЮНЕСКО сияқты халықаралық гуманитарлық ұйымдармен ынтымақтастығы арта түсті. Халықаралық Олимпиада Комитеті мен ЮНЕСКО ынтымақтастығы шеңберінде 1958 жылы дене шынықтыру мен спорт жөніндегі Халықаралық Кеңес (СИЕПСС) құрылды. 1978 жылы ЮНЕСКО жанынан дене шынықтыру және спорт жөніндегі Үкіметаралық комитет қалыптасты.

Осылайша, дене шынықтыру мен спорт мәселелері саяси форумдарға қосылып, жоғары деңгейде талқылана бастады. Оның мысалы ретінде спорт мәселесінің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі мәжілістің қорытынды құжатына қосылуын айтуға болады. Мәжіліс қатысушылары мемлекеттер арасында спорттық байланыстарды дамытуға, халықаралық жарыстарды ұйымдастыруға ықпал етуге, халықаралық спорттық алмасулардың кез-келген түрін қолдауға дайын екендіктерін білдірді. 1973 жылдан бастап жылына бір рет Еуропалық елдердің спорт ұйымдары басшыларының конференциялары тұрақты өткізіліп отырды.

XX ғасырдың ортасынан бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің басшылығында аймақтық спорттық жарыстар белсенді түрде дами бастады. Мәселен, 50-жылдардан бастап тұрақты түрде Панамерикалық, Африкалық, Скандинавтық, Жерорта теңіздік, Арктикалық ойындар,

Британ Достастығы ұлттарының ойындары мен басқа да құрылықтық сайыстар өткізіле бастады [3].

Осындай жолмен, XX ғасырдың 50–60 жылдар бейбітшілік пен ұлттар аралық толеранттылыққа жол ашқан халықаралық спорттық қозғалыстың маңызды даму кезеңі болып табылды. Бұл шаралар барысында ол тек жаңа факторларға қол жеткізіп қана қоймай, өзінің географиясын кеңейтті, сондай-ақ, барлық қарама-қайшылықтар мен қиындықтарды көрсете отырып, халықаралық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналды.

1967 жылы ХОК өз тарихында алғаш рет бүкіл елдер спортшыларына халықаралық және ұлттық спорттың өмір сүруінің жалғыз шарты ретінде бейбітшілікті нығайту мен қорғау туралы Үндеу жариялады. Осының әсерінен, 1973 жылы Варнада өткен Олимпиадалық Конгресс «Спорт бейбітшілік қызметінде» деген ұранмен өтті. ХОК-тың бастамасымен 1994 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 49-шы сессиясында «Спорттың арқасында ең керемет әрі ең мықты бейбітшілікті орнату үшін» деген резолюция қабылдады. Жалпы, осы және жоғарыдағы халықаралық олимпиадалық қозғалыстардағы әлемдік деңгейде қол жеткен жетістіктерде 20 жылдан аса уақыт ХОК Президенті болған Х.А.Самаранчтың қосқан үлесі ұшан теңіз.

Әлемдегі толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудағы басты бағыттың бірі – ол үлкен қоғамдық-саяси маңызы бар халықтардың мәдени ынтымақтастығы негізінде дамып отырған **Халықаралық спорттық байланыстар (ХСБ)**. Өзінің даму барысында бұл байланыстар ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістерді бастан кешіріп, олардың идеологиялық принциптері өзгерді. Қазіргі кезде халықаралық қауымдастықтың қызметінің арқасында халықаралық спорттық байланыстар халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтуда маңызды роль атқарады.

Халықаралық спорттық байланыстар негізгі екі бағыт бойынша дамуда:

- халықаралық спорттық қозғалыс (ХСК);
- мемлекетаралық спорттық қатынастар (МСК).

**ХСК** – бұл спортты дамыту, құрлық, әлем, олимпиадалық ойындардың чемпиондарын анықтау мақсатында Ұлттық спорт ұйымдарының, халықаралық спорт бірлестіктерінің көмегі арқылы түрлі елдердің спортшыларын мемлекетаралық біріктіру.

**МСК** – бұл спорт саласындағы елдер арасының екіжақты қатынастары.

Халықаралық спорттық қозғалыс негізінде келесідей идеялық-ұйымдастырушылық принциптер жатыр:

- жалпы бейбітшілікті нығайтудың факторы ретінде қозғалысты күшейту бойынша спорттық бірлестіктердің жолдастық өзара әрекеті;

- саяси көзқарасы, діни сенімі, бет түсіне қарамастан барлық адамдардың теңдігі;
- ұлттық ұйымдардың ішкі ісіне араласпау;
- Ұлттық Олимпиада комитеттерінің толық теңдігі;
- ұлттық беделді құрметтеу.

Халықаралық қатынастардың бөлігі ретіндегі халықаралық спорттық байланыстардың, оның ішінде халықаралық спорттық ойындардың теориялық аспектілері бүгінгі таңда ғылымдағы жеткіліксіз өңделген мәселелер қатарына жатады. Дей тұрғанмен, қолда бар тәжірибелер мен мысалдарға сүйене отырып, халықаралық спорттық байланыстардың негізгі формалары мен қатысушыларын бөліп қарауға болады.

Оның аса маңызды мақсаттары:

- әлемдік бейбітшілік пен ұлттараралық толеранттылықты нығайту;
- мемлекетаралық, этникааралық, мәдениетаралық қатынастарды күшейту;
- халықаралық мәдени баланыстарды кеңейтіп, басқа мәдениеттермен танысу;
- мемлекетаралық, этносаралық шиеленістерді төмендетіп, қақтығыстарды реттеу;
- мемлекеттер мен халықтардың онтайлы образдарын қалыптастыру.

Халықаралық спорттық байланыстар – бұл түрлі формаларда дамидын күрделі, динамикалық құбылыс. Халықаралық спорттық байланыстардың негізгі формаларына келесілер жатады:

- халықаралық спорттық жарыстар (олимпиадалық ойындар, әлем чемпионаттары, құрлықтық біріншіліктер, мәселен Еуропа чемпионаты, жолдастық кездесулер және басқалар);
- бірлескен жаттығулар, жиындар;
- спорт саласында спортшылар, тренерлер, мамандар делегацияларымен алмасу;
- спорт саласындағы тәжірибемен, ақпаратпен, әдебиеттермен және басқа да материалдармен алмасу;
- дене шынықтыру және спорт бойынша келісімдер жасау.

Халықаралық спорттық байланыстардың толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудағы маңызды формаларының бірі жарыстар мен сайыстар болып табылады, оларды келесідей түрде классификациялауға болады:

1. Олимпиада ойындары.
2. Ресми әлемдік және құрлықтық чемпионаттар.
3. Кубоктық жарыстар.

4. Аймақтық ойындар.

5. Ұлттық біріншіліктер (оларды шетелдік спортшылардың қатысуларымен өткізуге болады).

6. Халықаралық жолдастық спорттық кездесулер.

Спорт саласындағы халықаралық байланыстардың динамикалық түрде дамып келе жатқан формасы – ол халықаралық спорт қозғалысының өзекті проблемалары шешілетін конгрестер, ассамблеялар, конференциялар, симпозиумдар болып табылады. Мұндай іс-шаралар келесідей міндеттерді шешеді:

- халықаралық спорттық ынтымақтастықтың жалпы перспективаларын анықтайды;

- басқа халықаралық спорт ұйымдарымен байланыстар орнатады;

- спорт, дене шынықтыру, саламатты өмір салтын көпшілікке насихаттайды;

- спорттық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері мен мазмұнын қалыптастырады.

Қарастырып отырған тақырыбымызда Олимпиадалық ойындардың орны ерекше. Өйткені, ол халықаралық ойындардың, бүгінгі әлеуметтік-спорттық шаралардың ішіндегі тек спорт саласына ғана емес, сондай-ақ, елдің саясаты мен экономикасына әсер етуші басты фактор.

Пьер де Кубертеннің ойы бойынша, Олимпиадалық сайыстар ұлттар мен мемлекеттер арасында өзара түсіністік пен бейбітшілікті орнықтырып, нығайтуы тиіс болатын және ол солай болды да. Сол үшін де, олимпиадалық ойындардың пайда болуының өзі тек спорттық феномен ғана емес, сонымен бірге бір мезетте саяси феномен де болып табылды [4].

Халықаралық спорттық ойындар, сонымен бірге ХХІ ғасырдағы халықаралық мәдени алмасудың маңызды құралының бірі. Олай дейтін себебіміз, жоғары спорттық технологиялар саласындағы қуатты серпіліс көптеген әлем елдерінде спорттық ғимараттар, құралдар, киімдер жасаудың жаңа технологиясында өзара алмасу жүргізуге ықпал етуде. Ал, бүгінгі медициналық технология дәстүрлі емес фармокологиялық қолдаулар мен спортшының жұмыс қабілетін қалпына келтіру құралдарын қолдануға мүмкіндік береді. Олар бүкіл әлемдік спорт индустриясының жетістігіне айналып отыр.

Осылайша, спорт әлемдік қауымдастық қажетті жоғары әлеуметтік құндылығы бар бірегей өнімді жасап, дамытып отыр. Әлеуметтанушылардың болжамдары бойынша, спорт әрі қарайғы дамуында ұлттық және құрлықтық тұрғыда біріге бастайды. Қазірдің өзінде түрлі мемлекеттердің спортшылары басқа ұлттық командаларда ойнап, ұлттық ашық біріншіліктерге қатысып, түрлі ұлттық орталықтарда жаттығуда, жаттықтырушылар әр түрлі ұлттық командаларда жұмыс істеуде. Ғылым мен әдістеме саласындағы жетістіктер әлем спортшыларының барлығының

қазынасына айналуда. Оның элементтері ретінде әлемдік әлеуметтік-саяси жүйеге Еуропа Кеңесіндегі спорт ісі жөніндегі Комитет, спорт түрлері бойынша халықаралық спорт федерациялары, тұрғындардың Дене қимылы ахуалын бағалау жөніндегі халықаралық комитеттер және т.б. енуде. Халықаралық ойындар мен спортты дамыту мәселелері БҰҰ-да, мемлекеттер парламенттерінде, қаралып, халықаралық декларациялар қабылдануда.

Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып табылады. Жоғары заң шығарушы органы Парламент, атқарушы билік Үкімет болып есептеледі. Бұл құрылымдарда «Дене шынықтыру және спорт» саласы бойынша заңнамалық-құқықтық база және заң жобалары жасалып, бекітіледі.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудағы мемлекетті басқаруды Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің (бір кездері агенттік) Дене шынықтыру және спорт Комитеті жүзеге асырады. Ол осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асырып, облыстық, қалалық, аудандық дене шынықтыру және спорт басқармалары мен бөлімдер жүйесін басқарады. Жалпы мемлекетте спорт – білім және ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және туризм, қорғаныс, ішкі істер министрліктері, ҰҚК мен шекара әскерлерінің құрылымдарында нақты позицияны иеленіп отыр.

Сол үшін де, көп ұлтты біздің еліміз үшін де толеранттылық пен бейбітшілікті берік ұстанып, нығайту мақсатында жоғарыда аталып өткен халықаралық спорттық ойындар мен шараларды ұйымдастыру, спорт саласындағы халықаралық байланыстарды жоғары деңгейде дамытудың маңызы аса зор деп есептейміз.

Әрине, егемендік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында спорт саласына қатысты ауыз толтырып айтарлық игі бастамалар мен ауқымды шаралар жүзеге асырылып келе жатқаны да белгілі. Олардың бірсыпырасын келесі дәйектерден көруге болады:

- 1992 жылы егеменді Қазақстан Республикасы спортшыларының тәуелсіз достастық елдердің бірлескен командалары құрамында алғаш рет Барселонадағы Олимпиада ойындарына қатысуы;

- 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің құрылуы;

- 1995 жылғы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы;

- 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы;

- 1996 жылғы ҚР Президенттік тестілеудің бекітілуі туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы;

- Қазақстанның спорт түрлері бойынша федерацияларының құрылуы;

- 2006 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны қабылдау туралы Президент Жарлығы;

- 2007 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы Үкімет Қаулысы;

- Қазақстан спортшыларының 1996, 2000, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдардағы жазғы Олимпиада ойындарында жалпы саны 69 медальды иеленуі;

- 2011 жылы Қысқы Азиада ойындарын өткізуі;

- 2011 жылы ҚР Президенті жұлдесі үшін Қазақстан барысы республикалық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

- 2012 жылы ҚР Президенті жұлдесі үшін Еуразия барысы халықаралық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

- 2016 жылы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту 2025 жылға дейінгі Концепциясының қабылдануы;

- 2017 жылы Қысқы Универсиаданы өткізуі және т.б.

Елбасының тікелей ұйытқы болып, қолдауының арқасында Қазақстан Республикасы өзінің егемендігі жылдарында бірнеше әлемдік және халықаралық додалар мен жарыстарды өткізіп үлгерді. Атап айтқанда, 1997 жылы Орталық Азия ойындары, 2011 жылы Қысқы Азиада және 2017 жылы Бүкіләлемдік Универсиада Қазақ жерінде жоғары деңгейде өтсе, 2022 жылы өтетін Қысқы Олимпиаданы өткізетін жеті елді іріктеу шарасында Қазақстан Қытай мемлекетімен бірге ақтық финалға дейін жетті.

Қазақстан жерінде Азиада мен Универсиаданы өткізу ерекше саяси шешім болып табылады. Олар тек Қазақстанның халықаралық мәртебесін өсіріп қана қоймай, сондай-ақ, қысқы ойын түрлері бойынша инфрақұрылымдарды жоғары деңгейде құруға, сондай-ақ, ең бастысы бейбітшілік пен достықтың, толеранттылықтың нағыз қазақстандық үлгісін көрсетіп, насихаттауға мүмкіндік берді. Осындай мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі шараларды жүзеге асырып келе жатқан Қазақстанның әлемдік спорттық державалармен иық теңестіруге қатысты барлық мүмкіндіктері бар. Ол үшін әлі де болса алда қол жеткізер мақсаттар мен атқарылар міндеттердің мол екені және әлемдік алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес бола алатынымыз сөзсіз.

Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес,



адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» - деген болатын.

Бүгінде Қазақстанда бейбіт өмір сүріп отырған көп санды ұлттар мен этностар арасындағы толеранттылық пен достастық қатынастарды сақтауда ел спортын, оның ішінде бұқаралық және ұлттық спортты дамытудың маңызы зор. Осы орайда, елімізде Елбасы Н.Назарбаевтың бастамашылдығымен, Қазақстан халқы Ассамблеясы және Спорт Комитеті бірлесіп ұлттық спорт ойындарын, фестивальдер сияқты ауқымды шаралар жүзеге асырып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Корпоративтік қорының бастамасымен 2008 жылы өңірлік спорт құрылымдарымен бірлесіп Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Талдықорған қалаларында спорттың бұқаралық түрлері бойынша ұлттық-мәдени орталықтар арасында Спартакиадалар өткізілді. Мыңнан аса адамды қамтыған бұл сайыс нағыз спорт пен достықтың мерекесіне айналды.

Қазақстанда этномәдени бірлестіктер арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спорт бағыттарындағы шаралар көбіне «Наурыз», «Қазақстан халқының бірлігі күні» сияқты мерекелер мен «Денсаулық фестивалі» шеңберінде ұйымдастырылады. Елде қоныстанған ұлттар мен ұлыстардың бірлігін дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы сақтап, нығайту еліміздің ішкі тұрақтылығын, тұрғындардың саламатты өмір салтын, дені сау ұрпақ болашағын қамтамасыз етудің басты негізі болып табылады.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық, әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім [5]. Сондықтан да ұлттық мәдениетіміздің бір саласы болып табылатын ұлттық спортымыздың тарихын, этнографиясын зерттеп, насихаттап халыққа жеткізу және ұлттық ойындарымыз бен спортымыздың әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін көрсетуге, сондай-ақ, толеранттылық пен бейбітшілікті ту ете отырып, халықаралық спорттық шаралар қатарын көбейтуге және халықаралық спорттық байланыстарды ұлғайтуға баса назар аудару аса қажет.

Қорытындылай айтқанда, аталған мақала құрамында келтірілген талдаулар мен пікірлер, мәліметтер мен ақпараттарды саралай отырып келесідей қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, халықаралық спорттық іс-шараларды ұйымдас-тырып өткізуде ғаламшар халықтары үшін басты ұтыс – ол өзара түсіністік пен достық, толеранттылық пен бейбітшілікке қол жеткізу болып табылмақ. Сондықтан да бұл түсініктер кез-келген халықаралық шараның басты девизи болып есептеледі. Өйткені, халықаралық спорттық ойындар мен іс-шаралар

барысында халықаралық спорттық байланыстар дамып, ол әлемдегі бейбітшілік элементтерін нығайтудың басты факторларының бірі болып қала береді.

Екіншіден, бүгінгі таңда қоғамның барлық саласында интеграциялық даму үрдісі біртіндеп жыл санап дамып келеді. Осындай саяси, әлеуметтік-экономикалық және инновациялық технологиялардың үлкен серпінмен бірлесе даму кезеңінде халықаралық спорттық байланыстарды да жетілдірудің маңызы аса зор. Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы имиджін жоғарылату үшін де осы аталған шараларды қолданып, жүзеге асырудың берер пайдасы мол.

Үшіншіден, жалпы әлемдік қауымдастық арасында бейбітшілік пен толеранттылық нормаларын толық ұстанып, адамзаттық құндылықтарды сақтаудың маңызды бірегей факторы - ол халықаралық спорттық ойындар деп есептеледі. Өйткені, спорт жалпы мәдениеттің дене тәрбиесі мен спецификалық формасының бір жағы. Олай дейтін себебіміз, спортпен шұғылдану, түрлі жарыстарға қатысу, спортшылар арасындағы араласу, биік нәтижелерге қол жеткізу және оларды баспасөзде, радио мен теледидарда жарыққа шығарып көрсету, адамды неғұрлым тәртіпті, жинақы, сыпайы, интеллектуалды, адамгершілікті әрі моральдық тұрақты етеді. Әрине, мұның барлығы бейбітшілікті нығайтудағы негізгі алғышарттар екені сөзсіз.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңдағы спорт, әсіресе, олимпиадалық ойындар мен халықаралық спорттық іс-шаралар ұлттар мен халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтудың, өзара тиімді ынтымақтастықты қалыптастырудың, спорттық байланыстарды кеңейту мен спорттық интернационализмді дамытудың маңызды құралына айналды. Ал, әлем елдерінде Ұлттық Олимпиада Комитеттерінің құрылуы спорт саласындағы әлемдік қауымдастық қатынастарын дамытуға даңғыл жол ашты. Сондықтан да қазіргі кезеңдегі олимпиадалық қозғалыстар әлемдегі ең қуатты әлеуметтік құбылыс болып табылады.

**Б.М.Досқараев – п.ғ.д., профессор, Халықтар Достығы университетінің проректоры**  
**Е.Т. Алтынбек – спорт тарихшысы, Халықтар Достығы университетінің аға оқытушысы.**

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫНЫҢ ДАМУЫ, ФУТБОЛ ОЙЫНДАРЫНА ШОЛУ, ТАЛДАУЛАР МЕН ӘДІСТЕР

*Аңдатпа.* Аталған мақалада Қазақстан футболының пайда болып, қалыптасуының кешегі кеңестік дәуірден бастап бүгінгі егемен күнге дейінгі қысқаша тарихы, мұнымен қоса тәуелсіздіктен кейінгі ел футболының дамуындағы мемлекет пен ел азаматтарының рөлі жөнінде айтылады. Сонымен қатар бүгінгі таңдағы үлкен футбол мәселесі, оның ішінде Қазақстанның кәсіби футбол лигасы, футбол ассоциациясы, әйелдер футболы, сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер футболының өзекті мәселелері мен олардың республикалық және халықаралық деңгейдегі маңызы мен ахуалы жөнінде баяндалады. Бүгінгі таңдағы футбол саласы тұлғаларының айтқан тұжырымдарына сүйене отырып, авторлар өздерінің талдаулары мен пікірлерін назарға ұсынады. Әсіресе, бүгінгі футболдың әлемдік деңгейдегі маңыздылығы, футбол саласындағы әлемдік спорттық байланыстар мен ұйымдардың дамытуда қосып отырған үлесі, Қазақстан футболын дамытудағы федерацияның өткізіп келе жатқан ауқымды халықаралық және республикалық шаралары жөнінде келтірілген мәліметтер мен басқа да ғылыми-әдістемелік ақпараттар құнды болып табылады. Олардың ішінде, FIFA, UEFA, AFC, ҚФФ, ҚКФЛ, ҚФА ассоциациялық ұйымдар, ел федерациясының футбол жолы стратегиялық даму жоспары және т.б. жөнінде сөз қозғалады.

Футбол – бұл ХХІ ғасырдағы жаңа әлемдік діннің бірі іспеттес. Қарап отырсақ, адамдар бірде-бір діни ғибадат үйіне, футбол стадиондарына жиналған тәрізді бармайды екен. Мысалы, Испаниядағы Сантьяго Бернабеу стадионы Мадридтің «Реал» командасының жүз мыңға жуық жанкүйерлерін сыйдыра алады екен. Оған футбол болмаған күннің өзінде испандықтардан басқа, әлемнің барлық елінен мыңдаған туристер ағылып жатады. Әсіресе, Еуропа чемпионатының жеңімпаздарын ұлықтау рәсімінде испан көшелері халыққа толып, ұлттық мерекеге айналып жатады. Мұның барлығы, елдегі қатаң экономикалық дағдарыс жағдайына қарамастан болып жатқан дүниелер болып табылады.

Футбол, жалпы алғанда, спорт әлемі туралы ХХ ғасырдың жетекші ойшылдары бірнеше ойларды тұжырымдаған. Мәселен, еуропалық философия классиктерінің бірі Макс Шеллер былай деп тұжырымдайды: «Бүгінгі әлемде спорт тәрізді терең әлеуметтік-философиялық және психологиялық дәрежеде зерттеуді қажет ететін бірде-бір басқа феномен жоқ. Спорт өзінің маңызы жағынан өте ауқымды дәрежеге жетті, бірақ спорттың мәнін зерттеуге тіпті көңіл бөлініп отырған жоқ» [1]. Мұнымен

қоса, белгілі американдық социолог А.Гаттмэн өзінің «От ритуала к рекорду» деген кітабында былай деп көрсетеді: «Елу жыл өтсе де, спорт өте бір дискутабельді, әрі біздің уақытымыздың көпке белгісіз құбылысы болып қала берді» [2]. Ал, югослав спорт социологы Р.Марьянович, қазіргі заманда Үлкен спортқа деген қызығушылықты көтеруге көңіл аудару керектігін айта отырып, спорт әлі күнге дейін ғылым үшін толық анықталмаған мәселе» және «алдағы уақыттарда оның шынайы келбетін ашу қажет, керек болса, жасау қажет» дейді [3].

Халық даналығында айтылғандай, өнерде шек жоқ, ал спорт – бұл бейбітшіліктің елшісі. Шын мәнінде, футбол мемлекеттік шекараны мойындамайды, ол саясат пен идеологиядан биік, өйткені ол халықтарды біріктіреді.

1992 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетінің құрылуы елімізде спорт пен дене тәрбиесінің дамуына кең мүмкіндік ашып берді. Қазақстан өзінің егемендігі жылдарында бірнеше әлемдік және халықаралық додалар мен жарыстарды өткізіп үлгерді. Атап айтқанда, 1997 жылы Орталық Азия ойындары, 2011 жылы Қысқы Азиада және 2017 жылы Бүкіләлемдік Универсиада Қазақ жерінде жоғары деңгейде өтсе, 2022 жылы өтетін Қысқы Олимпиаданы өткізетін елді іріктеу шарасында жеті елдің арасында Қазақстан Қытай мемлекетімен бірге ақтық финалға дейін жетіп, миллиардтық аспан асты еліне тек екі дауыстық ұпаймен жол берді. Мұның өзі еліміздің спорт саласында ірі спорттық державаға айналған мемлекеттермен иық теңестіре алатынын көрсетеді. **Спорт – мемлекеттің мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын көрсеткіш дейтін болсақ, осы орайда, халықаралық аренада Қазақстан спортының беделі жыл санап көтеріле түскенін аңғара аламыз. Соңғы жылдары бой көтерген зәулім спорт ғимараттары, елімізде ірі халықаралық жарыстарды өткізе бастағанымыз әлемдік спортқа бәсекелі бола бастағанымызды да аңғартады.**

2002 жылдың 25-сәуірінде Стокгольмде УЕФА-ның конгресі өтіп, онда Қазақстан футбол одағының Еуропа футбол қауымдастық-тары одағының құрамына қабылдануы үлкен тарихи оқиға болып табылды. Орталық Азия мемлекеттері әлі күнге дейін армандайтын мұндай әлемдік алпауыт қауымдастыққа ену тікелей Елбасы Н.Назарбаевтың әлем көшбасшылары арасындағы беделі мен аса зор еңбегінің арқасы екені тарихи шындық.

Сондықтан да бүгінгі таңда, спорт әлем бойынша үлкен әлемдік феноменге айналды дейтін болсақ, осы жайттарды дер кезінде ұғына білген Елбасы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саласын жаңғырта отырып, дамыту үшін және елдің әлемдік қауымдастықтағы мәртебесін көтеріп нығайту үшін түрлі инвестиция салу мен тартуда спорттың, оның

ішінде Тәуелсіз Қазақстан футболының орнын ерекше жоғары орынға қойып берді.

Футбол – онымен айналысатын және оған қызығатын адамдардың саны бойынша әлемдегі нөмірі бірінші спорт болып табылады. ФИФА деректеріне сәйкес, футболмен айналысатындардың саны бүкіл әлем бойынша 270 миллион адамнан асты. Жанкүйерлердің орасан зор аудиториясы жыл сайын өсуде. АҚШ пен Қытау секілді футбол әлемінің белсенді қатысушылары болып табылмайтын елдер, соңғы уақыттарда осы спортты дамытуға айтарлықтай ресурстар салуда.

Сол сияқты, футбол Қазақстанда да ең танымал спорт түрі болып табылады. Республикамызда ширек ғасыр ішінде спорт саласының ішінде өз алдына бір төбе болып табылатын қазақстандық футболдың жетістіктері, футбол инфрақұрылымдары мен материалдық-техникалық базалар, кәсіпқой мамандар қатары, қала берді елдің әлем жұртшылығы алдындағы абыройы күн санап арта түсуде. Осының арқасында бүгінде Қазақстан футбол ойынында Еуропа, қала берді Азия елдерімен иық теңестіріп келеді.

Алаш ардақтыларының бірі Әлихан Бөкейханов: «Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз тарих болып қалады. Кейінгілерге ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рахмет алармыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих тіршілікте көшбасшы дейтініміз – осы», – деп толғанғандай, тарихын түзу жаза білген халықтың болашағы да зор болмағы анық.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері ұлттық сананы көтеру, елдік мүддені ұлықтау ісіне бір кісідей жұмылуда. Мемлекеттілікті тұғырлы ету мәселесі тарихи танымды орнықты ету ісімен де тығыз байланысты. Сондықтан тәуелсіздіктің белестерін тарихи таныммен зерделеу әрі оны өскелең ұрпақ санасына сіңіру – қастерлі іс. Дана халқымыздың: «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы», – деген ұлағатты сөзі көкірегі ояу азаматтардың есінен бір сәтте кетпес.

Қазақстан қантөгіссіз, шығынсыз бұрынғы Кеңестер Одағының құрамынан шығып, дамудың эволюциялық жолын таңдау арқылы әлемдік қауымдастықтың толық мүшесіне айналды. Демек, түрлі салалар мен бағыттардағы халықаралық байланыстардың арқасында Қазақстан футболы да өз кезегінде дамудың даңғыл жолына түсті.

Жалпы отандық тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанға футбол 1909-1910 жылдары келді. Әуелі Орал, Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Семей, Петропавл қалалары жастарының ермегіне айналған өнер, бара-бара бұқаралық сипат алды. Қолда бар деректер бойынша алғаш команда құру 1911 жылдан басталған. Семейде М.Сайдашев, А.Кәрімов, Ю.Нығматулин және т.б. жергілікті қазақ және татар жастарынан тұратын «Жарыс» командасы құрылып, ол көптеген өнерпаздар мен спортшылардың елге танылуына себепкер болды. Сол команданың құрамында ұлы жазушы,

ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жартылай қорғаушы болып ойнағанын айтпай кетуге болмайды. 1914 жылы семейліктер алғаш рет Томск қаласының политехникалық институты студенттерімен жолдастық кездесу өткізді. Бұл Қазақстан футболының кіндігі кесілген жыл болып есептеледі [4].

Ал, кеңестік дәуірдегі қазақ футболының көсегесін көгертіп, жан берісіп ойнаған отандас азаматтарымыздың қатары бүгінде жол сілтер ақсақал қарияларға айналды. Тоталитарлық жүйенің құрсауында болса да, сол кездегі Кеңес Одағының ішінде еліміздің «Қайрат» ұлттық командасының ешкімнен кем түспей, жоғары деңгейде ойнай білгенін стандартарымыз зор мақтанышпен еске алады. Мәселен, «Қайрат» командасы КСРО чемпионатының «А» класына 1960 жылы көтерілді. Олар алғашқы матчын Ленинградтың “Адмиралтеец” командасымен өткізіп, 0:0 есебімен тең түсті. Одан кейінгі жылдары «Қайрат» командасының сапында Т.Сегізбаев, Қ.Ордабаев, С.Байшақов сынды тағы басқа да өнер көрсеткен қазақ жастары болды. XX ғасырдың 50-жылдары «Б» класына Қазақстан командалары көптеп өте бастады.

КСРО тарағаннан кейін, 1992 жылы Қазақстан дербес мемлекет ретінде Халықаралық футбол федерациясына (ФИФА) мүше болды. Сол кезден бастап құрамында болған Қазақстан футбол одағы 2002 жылы Азия футбол конфедерациясынан шығып, Еуропа футбол қауымдастығына өтті.

2002 жылы Елбасы жаңа стадионның ашылу рәсіміне қатысып, салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде, елорда күні қарсаңында 30 мың көрерменге есептелген еліміздегі тұңғыш жабық стадионның құрылысы аяқталғанын атап өткен болатын. Мұндай орасан зор спорт ғимаратын Отанымыздың жүрегі, барша Қазақстанның мақтанышы — Астанада салудың рәміздік мәні бар. Жаңа стадион Еуропа футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА) барлық талаптарына сай келеді және бүкіл Орталық Азия өңірінде теңдесі жоқ құрылыс болып табылады. «Мұнда ұлттық біріншіліктің басты матчтары өткізілетін болады. Осында біз басқа елдердің майталман футбол шеберлерін қабылдаймыз. Сондай-ақ, осы тамаша спорттық аренада болашақта елдің спорттық намысын қорғайтын өрендеріміз жас әрі талантты спортшылар жаттығады», — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Стадион алаңында алғашқы болып астаналық «Локомотив» футбол командасы мен Қазақстан жастар құрамасы жолдастық кездесу ойындарын өткізді. Матчка әлемнің үздік төрешілерінің бірі Пьер Луиджи Коллина қазылық етті. Жастар құрамасы қатарында танымал футболшылар Каха Каладзе мен Андрей Шевченко, «Локомотив» (Астана) командасының құрамын-да түрік футболшылары Хасан Шаш және Хакан Шукур ойын көрсетті. Бірінші рәміздік допты тепкен Мемлекет басшысы: «Біз де осындай тамаша стадиондар, спорт сарайлары, мұз айдындары мен су жарыстары ареналары көбейген сайын өміріміз де мәнді, салауатты әрі қызықты бола түспек. Барша астаналықтар мен қазақстандықтарды осы

айтулы шарамен құттықтаймын», — деген сөздері Қазақстан футболының тарихында көрнекті түрде жазылып қалды.

Жоғарыда аталып өткен және басқа да қуатты қолдаулар арқасында қазақ футболы бүгінде өз дамуының даңғыл жолына түсу бағытында. Олай дейтін себебіміз, алдағы уақытта еліміздің барлық облыстарындағы футбол клубтарының материалдық-техникалық базасының жағдайы, тәжірибелік-әдістемелік дәрежесі мен футболға тиесілі инфрақұрылымдық ахуалы ойдағыдай деңгейге жетулері тиіс. Осының арқасында республиканың бірқатар футбол командалары үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Атап айтар болсақ, биылғы өткен Қазақстан кубогында «Қайрат» Қазақстан кубогының иегері атанды. Бұл Қазақстан Кубогының 26-шы финалы еді. Осыған дейін «Қайрат» Қазақстан Кубогында сегіз рет жеңіске жетсе, алдағы уақытта да ірі жеңістермен ел мерейін асқақтатары сөзсіз. Сонымен қатар, елордалық «Астана» футбол клубы қазақстандық футбол тарихында алғаш болып УЕФА чемпиондар Лигасына және Еуропа Лигасына шыққан тұңғыш команда болып табылады.

Футзал – ойынның бұл түрі көп құрал-жабдықты қажет етпейтіндігі үшін, футбол барлық өңірлерде ойналады. Бүгінде футзалдың танымалдылығы бүкіл әлем бойынша күннен күнге артып жатыр. Осы бағытта еліміздегі футзалдың жағдайы және жақында болған Еуропа Чемпионатындағы Қазақстан құрама командасының көрсеткен ойыны туралы айтқымыз келеді. Еліміздің премьер-лигасының жетекші командаларының бірі «Астана» қазіргі Чемпиондар Лигасының топтық этапына өтіп, өнер көрсетті. Бұл біздің тарихымыздағы бұрын болмаған, маңызы аса зор оқиға, осыдан прогресстің бар екенін көруге болады. Алайда, футболдық тарихымызға одан да жарық жетістікті қосқан - Қазақстан футзалы. Футзалдың үлкен футболдан ең басты айырмашылығы ойыншылар санында - ойын уақытында алаңда бір команданың бес ойыншысы ғана бола алады. Қазақстан футзалы туралы сөзді жалғасырсак, еліміздің ішкі футзал лигасының командаларының жетістіктерін атап өту керек. Біріншіден, лигадағы командалардың ойын деңгейінің қатты өсуі. Оған себеп, әр региондағы футзал академияларының саны мен оқыту сапасының ілгері жылжуы. Екіншіден, лигамыздағы ең мықты командалардың әлемдік деңгейдегі ойынды көрсетіп, үлкен жетістіктерге жетуі. Мысалы, Алматы қаласының «Қайрат» футзал командасы 1995 жылы жай ғана футбол әуесқойларымен құрылып, қазіргі кезде Европаның ең үздік командалары қатарына кіруі. «Қайрат» бар-жоғы он жыл ішінде футзал өмірінің грандына айналды. Клубтың ең басты жетістігі – УЕФА футбол кубогының екі дүркін иегері атануы болды. Осындай жетістіктерге жеткен кезде, әрқашан сын айтатын адамдар да табылады. Олар бұл жемісіміз тек шетелден келген легионерлердің арқасы деп сөз сөйлейді. Бұл стереотип жартылай дұрыс деп бұдан бір – екі жыл бұрын айтуға болар еді.

Шынымен, лигамызда шетелдік кәсіпқойлардың саны аз емес, бірақ, тәжірибеге сүйенсек, бұл Қазақстан футболын, ойыншыларымыздың деңгейін көтерген ең басты фактор болып саналады. Оған қосатын жайт, шетелдік клубтарда да легионерлердің саны аз емес, алайда бұл жағдай сол елдердегі адамдардың наразылығын тудырмайды. Жақында Еуропа чемпионатында біздің құрама командамыздың жүлделі орын алғаны басқа ұлттың емес, нағыз қазақтардың да футболдың нағыз шеберлері бола алатынын дәлелдеді. Еліміздің ойыншылары бұл турнирдің финалдық кезеңіне тарихта алғаш рет өтіп, команда капитаны Дінмұхамбет Сүлейменов, Серік Жаманқұлов, Шыңғыс Есенаманов сияқты казак саңлақтары арқасында Еуропа біріншілігінің қола жүлдегері атанды. Мұндай жетістік осы турнир тарихында өте сирек кездесетін жағдай. Нәтижесінде, ұлттық құрамамыз әлемнің ең үздік командалар рейтингінде 9 - орынға ие болды. Бүгінгі Қазақстан футболының жетістіктерін бүкіл ел халқы көре отырып, оның болашағына үлкен үміт артып, шын жүректен сенеді. Осылайша, Қазақстанның футболдан құрамасы Колумбияда өткен 2016 жылғы әлем чемпионатынан кейін жаңартылған ТОП-10 рейтингісіне енген еді.

Жалпы айтқанда, бұл команданың мұндай үлкен жетістіктерге жетуінде елге қызмет етіп келе жатқан танымал азамат, кәсіпкер, «Элитстрой Групп» ЖШС Президенті Қайрат Айтмолдаұлы Оразбековтың сіңірген еңбегінің аса зор екендігін айтпай кетуге болмайды.

Еліміздегі қазіргі футбол жайында сөз қозғағанда нәзік жандылар футболын да сөз етуіміз заңды болып табылады. Жалпы Қазақстандағы әйелдер футболының пайда болуы 2000 жылдан басталды деп есептесек, онда біздің футболшы қыздарымыз үлкен жетістіктерге қол жеткізді деп айта аламыз.

Олай дейтін себебіміз, олар биылғы УЕФА чемпиондар лигасының плей-офф кезеңін жеңістен бастады. Бұл бойынша топ жарып келе жатқан Қазақстанның «БИК-Қазығұрт» командасы әйелдер арасындағы УЕФА Чемпиондар Лигасының 1/16 финалының алғашқы матчында Шотландияның «Глазго Сити» командасын жеңді. Бұған дейін еліміздің намысын қорғап жүрген «БИК-Қазығұрт» командасы іріктеу турнирін 1-ші орынмен аяқтап, қазіргі кезде 1/8 финалына аяқ тіреді. Сондықтан алдағы уақытта біздің футболшы қыздарымыз чемпиондар лигасының жеңімпазы Франция құрамасымен кездеседі, бұл әрине өте мықты құрама. Алайда, мұндай ойнауға күрделі болатын командамен кездесу біздің қыздарымыздың болашақ тәжірибелері үшін өте қажетті, әрі берер пайдасы мол болмақ.

Жалпы алғанда, әйелдер футболы спорт әлеміндегі ерекше саланың бірі. Қазақстанда әйелдер футболын дамытудың мақсаты, ойын-сауық түрлерінің бірі ретінде, оның маңыздылығын арттыру болып табылады.



Елбасы қолдап отырған гендерлік саясаттың шеңберінде халық арасында жынысы мен жасына қарамастан, футболмен айналысу үшін бірдей мүмкіндіктер болуы қажет. Ел болып бірлесіп, әйелдер құрамасына табысты ойнауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ, әйелдер футболының экономикалық-қаржылық тартымдылығын қамтамасыз ететін жағдайлар мен механизмдер жасауымыз керек.

Футбол – жанкүйерлер саны мен әсерлілігі жағынан әлемдегі нөмірі бірінші спорт екендігінде ешкімнің күмәні жоқ. Сондықтан да болашақта қазақ футболын әлемдік деңгейдегі рөлін одан әрі көтереміз десек, бізге бірқатар түйткілді мәселелерді шешу қажет. Ол үшін ең алдымен футболдың инфрақұрылымын аса жоғары деңгейде дамыту маңызды. Мұнымен қоса, республикамыздың әр аумағында жасөспірімдерді футболға баулитын, оқытып, дайындайтын заманауи базаларды қалыптастыруымыз керек, стадиондарды әлем-дік стандарттарға сәйкестендіру қажет. Спорт мектептеріне қарадомалақтарды көптеп тартқан жөн. Бұл доп тебуге икемі бар балалардың шеберліктерін шыңдап, кәсіби деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

Мәселен, осы бағытта біздің еліміз Исландияның футболды дамыту стратегиясы мен тәжірибесіне арқа сүйеуге болатынын айтуымызға болады. Өйткені соңғы 15 жылдың ішінде бұл ел ФИФА әлемдік футбол рейтингісінде екінші жүздіктен 22-ші орынға көтеріліп, аутсайдерден Еуропа футбол көшбасшыларының біріне айналды [5]. Жалпы айтпағымыз, бүгінгі талдаулар бойынша, елде футбол деңгейін дамыту басты кезекте бапкерлер дайындау, инфра-құрылымды жақсарту және жастардың ересек футболға ауысу жүйесін қалыптастыру факторларымен байланысты екенін ұғыну қажет. Сол үшін де бізге де осындай маңызды үш факторды жетілдіре отырып, Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінің үздік тәжірибелерін қатаң назарға алу қажет деп есептейміз.

Осы ретте, соңғы кезеңдегі Әлем Кубогы ойындарындағы негізгі тенденциялардан келіп шыққан шынайы жағдайдың келесідей сипаттарын атай кеткенді жөн деп есептейміз, яғни: 1) алаңның қарсы бет жартысындағы ойында қысымдық әдістен бас тарту; 2) II-аймақтағы дербес-аймақтық бақылау; I-аймақтағы бірме-бір дербес қамқоршылық; 3) барлық құрамаларда ойыншылардың «сызықтық» орналасуы, қорғаныстың жинақылығы мен тереңдігі үшін қорғаушы-лардың икемділігі; 4) шабуыл аумағында допты жоғалтқаннан кейін қысымдық әдістен мүлдем бас тарту, бұл іс-қимылдар алаңның ортасына жақындағанда басталуы; 5) II-аймақтағы доп үшін қатаң күрес тенденциясының сақталуы; 6) жалпылама алғанда командалық ойындар жылдамдығының аса жоғары болмауы; 7) шабуылдар жылдамдығының аса жоғары болмауы, яғни, көбінесе бір-біріне өткізе отырып, позициялық шабуылдарға акцент беру; 8) допты иеленген ойыншыға топтық қысым жасау әдісінен бас тарту, алаң-

ның ортасындағы қорғаныстың дербес-аймақтық әдісі қарсыласты позициялық шабуылға өтуге мәжбүрлейді, мұның барысында ойын жылдамдығының төмендеуі; 8) I-ші және II-ші аймақтарда допты бір тұрту (однокасение) түріндегі ойындардың байқалмауы; 9) флангалық шабуылдар тенденциясының барлық ойындарда байқалуы; 10) әлемге танымал Иньеста, Месси, Мюллер, Роналдо, Неймар секілді талантты футбол «жұлдыздары» ойындарының тенденцияларының сақталуы, әлемдік деңгейдегі жаңа «жұлдыздардың» байқалмауы; 11) нақты ойында бұрыннан танымал стратег жаттықтырушылар мен жаңа жаттықтырушылардың тиімділігі мен маңызының артуы.

Жалпы, алдыңғы қатарлы құрамалардың, аланның бөтен жартысы мен ортасында допка ие болған қарсыласты белсенді түрде қысымға алудан бас тарту тенденцияларына қарамастан, белсенді түрде қысымға алу әдісі - бұл футболшылардың шапшаң әрі интенсивті футболға қарай шығуының, ол арқылы Дене қимылы дене дайындығының жоғары деңгейіне жетудің жалғыз ғана дұрыс бағыты болып табылады. Сондықтан да ойын шапшаңдығы, қысымдық тәсіл және бастаманы игеру үшін күрес жалғасуда.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған жұмыстармен бірге, жапсарлас түрде футбол саласы бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулер мен теориялық және практикалық әдіснама жұмыстарын да қатар алып жүру қажет. Бұл бағыт бойынша, бірінші кезекте, еліміздегі футболшылар деңгейін көтеруде ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізіп, оның нәтижелерін күнделікті тәжірибеде қолдану маңызды. Мұнымен қоса, біліктілігі жоғары футболшылар-ды жылдамдықтық-күштік тұрғыда дайындаудың да маңызы зор деп білеміз. Өйткені, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, футболшы жұмысында аяқ бұлшықеттерінің күшін дамытуға әсер ететін арнайы арнайы секіру жаттығулары, әсіресе, тереңдікке секірулер кеңінен қолданылады. Алынған нәтижелер біліктілігі жоғары футболшылар көрсеткіштерінің жоғарылауына әсер ететін жылдамдықтық-күштік сапаларды дамытудағы соққы әдісін қолдану негізіндегі мақсат, бағытты жұмыс арқылы күш жұмсау белгілерінің максимумына жету уақытын айтарлықтай азайтатынын айқындаған [6].

Сонымен қатар, әсіресе жастар футболында, әрбір ойыншының жеке-дара қабілеттерін, оның дене мүмкіндіктерін, техникалық шеберлігін, ойынның тактикалық көрінісін педагогикалық бақылау, комбинациялық ойында ойыншылардың рөлін бөлудің және командада маманданудың, сондай-ақ, болашағынан үміт күттіретін футболшыларды іріктеудің маңызды факторы болып табылады. Әрине, ойнау дәрежесі тең командалар кездесуінде қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін командалық және жеке-дара шабуыл мен қорғаныс әрекеттерін ұйымдастыру мен жүргізу тәсілдеріне аса назар аудару керек [6].

Тағы бір өзекті мәселе ұлттық құрамадағы қазақтардың шоғырын көбейту керек. Себебі спорттың қандай түрінде болмасын жеңіске жету үшін адам бойында ұлттық рух жоғары болуы тиіс, буырқанған намыстыным бермеуі керек. Онсыз биіктерді бағындыру қиын. Өкінішке қарай, Қазақстан ұлттық құрамасында өнер көрсететін ойыншылардың бойында басқа кемшіліктерді былай қойғанда, әзірге осы қасиеттер кемшін түсіп жатқан сияқты.

Қазақ футболында тіл мәселесіндегі әттеген-ай дейтін сәттер де аз кездеспейді. Мәселен, Қазақстанның Премьер-лигасы бола тұра, қазақ футболшыларының жейдесіндегі аты не болмаса тегі дұрыс жазылмай жатады. Мысалы, Нөсербаев – Нусербаев; Сымаков – Смаков; Жұмасқалиев-Жумасқалиев біз тізіп шыққан аяқдопшылардың түгелі дерлік қазақ футболының үздіктері. Ал осы орайда, еліміздегі футбол мамандарының басым көпшілігінің өзге ұлт өкілдерінен екенін ескерсек, онда бұл саланың іс-жүргізу қағаздары мен құжаттарын, Елбасы тапсырмаларына сәйкес, мемлекеттік тілге өткізуді толыққанды деңгейге жеткізу уақыты келіп жеткендей.

Өйткені, Мемлекеттік тілде әзірленетін құжаттардың сауаттылығы мен сапасын қамтамасыз етудегі алғышарттар туралы және іс қағаздарын мемлекеттік тілде сауатты жүргізетін кадр дайындау мәселесі жөнінде сөз қозғаған кезде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тіліндей қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет» - деген сөздері еске түседі. Қазір ар мен намыстың, күмән мен үміттің болашаққа деген сенімнің айрықша баламасына айналған тіл тағдырына алаңдаушылық аса маңызды қоғамдық және саяси мәселе болып отыр. Ол – елдің елдігіне, мемлекеттің мемлекеттігіне сын болатын, ұрпақ келешегі мен халық болашағының кепілі болатын аса киелі шаруа.

Келесі өзекті мәселенің бірі, елімізде жасөспірімдерді тәрбиелейтін клуб орталықтары саусақпен санарлықтай ғана. Осыдан кейін көптеген дарынды жастар футболға емес, басқа спорт түрлерімен айналысатыны сөзсіз. Футбол – әлемдік аренада үлкен мәнге ие болып тұрған спорттың бірі. Демек, елдің беделі осындай спорттық ойындар арқылы әлемдік аренада көрініс тапса, осы бағыттағы ұлтымыздың өскелең ұрпағының болашағын бүгіннен бастап қолға алғанымыз абзал.

Қазақстанның халықаралық футбол аренасындағы табыстарына, қазақстандық жанкүйерлердің орасан зор ортасына, клубтық футболдың теңдестірілген жүйесін жасауға, ең бастысы, футбол ойнап, футболмен айналысу мүмкіндігіне ие жүз мыңдаған балаға қарай бағытталған қызықты да әсерлі жолдағы алғашқы қадам бүгіннен басталады. Осы орайда, Қазақстан футбол федерациясының бастамасымен Қазақстандағы мектептерде дене шынықтырудың үшінші сабағы айдарымен футбол пәнін

енгізудің пилоттық жобасы қолға алынып жатқанын, сондай-ақ, соңғы онжылдық көлемінде балалар мен жасөспірімдер футболын жетілдіруде «Coca-Cola Былғары Доп» турнирлерінің берері мол екенін айта кеткеніміз жөн. Өйткені, «Coca-Cola Былғары Доп» бойынша бүгінгі күнге дейін миллионнан аса жеткіншектер қатысып, ұлттық құрамаға бірнеше үздік футболшылар сыйлады.

Иә, бүгінгі таңда ФИФА «Футбол бейбітшілік үшін» атты лозунгпен өз миссиясын сәтті түрде орындауды жалғастыруда. Кәсіпқой футбол нарықтық қатынастарға өтті. Индустрияландыру ойыннан басым түрде кіріс алу үшін нарықтық заңдар бойынша қалыптастырылды. Мұнымен қоса, кәсіпқой футболшылар, әуесқой ойыншылар мен бапкерлердің баға қалыптастыру үдерісі аяқталуға жақындауда. Келісім шарттарға сәйкес клубтар мен олардың қожайындары футболшылардың иесіне айналуда. Демек, осы айтылғандай әлемдік деңгейдегі ауқымды тәжірибелерді жинақтап, іс-жүзінде пайдаланудың Қазақстан футболы үшін маңызы аса зор болмақ.

**Б.М.Доскараев – п.ғ.д., профессор, Қазақстан Футбол федерациясы  
Бапкерлерді дайындау орталығының директоры**

**Е.Т. Алтынбек – Қазақстан Футбол федерациясы Бапкерлерді  
дайындау орталығының маманы.**

## ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ КЕШЕГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ СПОРТ САҢЛАҚТАРЫНЫҢ ГАЛЕРЕЯСЫ



### **Балуан Шолақ (Нұрмағамбет Баймырзаұлы, 1864-1919)**


Денесімен ауырлық көтеруден - салмағы 51 пұт (816 кг) - Қазақстандағы бейресми бірінші рекордты теңдесі жоқ палуан, қазақтың халық сазгері, белгілі әнші, сәйгүліктің құлағында ойнаушы, көрнекті күш атасы. Балуан Шолақ циркте спорттық номермен шыққан бірінші қазақ, қазақ әндерін хормен бірінші орындауды ұйымдастыр-ушы. Алматы спорт сарайы оның атымен аталған.




### **Қажымұқан**

### **Мұнайтпасов (1883-1948)**


Бірінші қазақ кәсіпқой палуаны. Ресейдің, халықаралық жарыстардың және әлемнің француз (классикалық, кейін грек-рим) күресі бойынша неше дүркін чемпионы, «Қазақ халқының батыры» құрметті атағының иегері (1927ж). Оның: бойы: 198 см, күресу салмағы: 139 кг (спорттық мансабы ақырында 175 кг), аяқ киімі - 54. Спортшы журналистер оны XX ғасыр спортшысы деп атады.



**Нелли Ким** - Қазақстанда ен көп олимпиядалық жүлде алған - бес алтын, бір күміс медаль, КСРО, Еуропаның көп дүркін чемпионы, әлемнің абсолют чемпионы, бес мәрте олимпияда чемпионы (1976,1980жж.). КСРО еңбегі сіңген спорт шебері (спорттық гимнастика).



**Надежда Ольхова** - Қазақстанның ең дәрежелі баскетболшысы: Еуропаның бес дүркін, әлемнің екі дүркін, олимпиаданың екі дүркін (XXI Жазғы Олимпиялық ойындар, 1976ж. Монреаль және XXII жазғы Олимпиялық ойындар, 1980ж. Мәскеу) чемпионы.



**Шәміл Серіков (1956-1988)** - классикалық үлгідегі кенестік палуан, әлемнің екі дүркін чемпионы (1978, 1979жж.), КСРО чемпионы (1978ж.), Еуропа чемпионы (1979ж.), 1980ж. Мәскеудегі олимпиада чемпионы, КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері (1979ж.). Ш.Серіков Гиннесс рекордтар кітабына кірді - бір минутта 6 лактырыс жасады. Оның аты Швейцариядағы халықаралық біріккен күрес түрлерінің федерациясы басты кеңсесінің Атақ Залында қазіргі заманның ұлы палуандарымен бір қатарда тұрған бірінші қазақстандық спортшы болды.




**Жақсылық Үшкемпіров** - КСРО еңбек сіңірген спорт шебері, 1981ж. әлем чемпионы, 1980ж. Мәскеудегі XXII Жазғы Олимпиалық ойындар чемпионы (грек- рим күресі). Спорт тарихында олимпиадалық чемпион болған бірінші қазақ.



**Юрий Мельниченко** - Атлантада XXVI Олимпиалық ойындарға 1996ж. қатысып, бірінші олимпиадалық алтын медальді жеңіп алды (грек-рим күресі), ол Қазақстан еңбек сіңген спорт шебері, Азия және әлем чемпионы.




**Дәулет Тұрлыханов** - грек-рим күресінен қатарынан жеті дүркін чемпионы. 1986-1992жж. КСРО чемпионы болған Қазақстанның жалғыз спортшысы. Екі олимпиада жүлдегері («күміс» - Сеул, 1998ж., «қола» - Барселона, 1992ж.), Әлем, Азия, XII Азия ойындары чемпионы (1994ж.). Үш Олимпиадаға (1988, 1992, 1996 жж.) қатысушы. КСРО еңбегі сіңген спорт шебері, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы.




**Анатолий Храпатый** (1962-2008) - Қазақстанның ең дақты штангашысы Қазақстанның, КСРО және Азияның бірнеше дүркін чемпионы Еуропаның алты дүркін чемпионы, 1988ж. XXIV Жазғы Олимпиадалық ойындар (Сеул) чемпионы, 1996ж. XXIV Жазғы Олимпиадалық ойындардың (Атланта) күміс жүлдегері. КСРО еңбегі сіңген спорт шебері.





**Ниджат Рагимов** (сондай-ақ Ниджат Рахимов ретінде белгілі) - қазақстандық (бұрын - әзірбайжандық) ауыр атлетші, 2010 ж. жастар Олимпиада ойының жеңімпазы, 2015ж. әлем чемпионы және 2016ж. Рио-де-Жанейродағы 77 кг дейінгі салмақ категориясында олимпиада чемпионы.




**Ольга Шишигина** - жеңіл атлетикадан олимпиада медалін жеңіп алған бірінші қазақстандық әйел. 2000ж. XXVII Сидней Олимпиадасында 100 м кедергілі қашықтықты ол қарсыластарынан бұрын жүгіріп өтті. Ольга осы қашықтықта 1999 ж. әлем чемпионы, кедергілі 60 м қашықтықта Германиядағы ірі халықаралық жарыс жеңімпазы, 2001ж. Эдмонтон (Канада) әлем біріншілігінің қола жүлдегері. «Ұлттық құрмет» номинациясындағы «Қоғамдық құрмет-2013» сыйлығының лауреаты.



**Ольга Рыпакова** - ұзындыққа секіру, үш қарғып секіру және жеті сатылы сайыспен айналысатын қазақстандық жеңіл атлетші. 2012ж. Лондондағы үш қарғып секіруден олимпиада чемпионы, 2008, 2016 жж. Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, 2010ж. ғимарат ішінде үш қарғып секіруден әлем чемпионы, үш қарғып секіруден 2014 ж. Азия ойындарының чемпионы.



**Александр Винокуров** - қазақстандық кәсіби велошабандоз, Испания Вуэльтасы - 2006 жеңімпазы және топтық жарыстағы 2012 ж. Олимпиада чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.




**Дмитрий Баландин** - қазақстандық жүзуші, 2016 ж. Рио-де-Жанейродағы 200 метр қашықтықта "брас әдісі бойынша жүзуден олимпиада чемпионы, 50 метр (Азия рекорды), 100 метр, 200 метр (континент рекорды) қашықтықта 2014 ж. Азия ойындарының үш дүркін чемпионы, 2015ж. Универсиаданың жеңімпазы. 50, 100 және 200 метр қашықтықта брас әдісі бойынша жүзуден Қазақстанның рекордшысы. Д.Баландин - жүзуден олимпиада алтынын жеңіп алған Қазақстан тарихындағы тұңғыш өкіл.



**Владимир Смирнов** - шаңғымен сырғанаудан қазақстандықтар арасында медальдардың ең үлкен коллекциясын жеңіп алған және осы заманғы шаңғышылар элитасының (бетке ұстарының) «бірінші үштігіне» кіреді. 1989ж. әлем Кубогының кезендік (30 км) Жеңімпазы, 1988ж. әлем чемпионы, 1988ж. Калгаридегі XV Қысқы Олимпияда ойындарының екі дүркін күміс және қола жүлдегері, 1994ж. Лиллехаммердегі XVII Қысқы Олимпиядалық ойындардың чемпионы, 1998ж. XVIII Қысқы Олимпиядалық ойындардың (Нагано, Япония) қола жүлдегері. Ол - Олимпиадаларға қатысқан шаңғышылар арасында «чемпион», үш Олимпиядалық ойындарға қатысушы. КСРО спортына еңбегі сіңген шебер. Халықаралық Олимпиялық комитеттің қазақстандық бірінші

мүшесі. В.Смирнов бейнесі  
казакстандық бірінші маркада.



**Денис Тен** (1993-2018) - жеке өнер көрсететін казакстандық мәнepлep сырғанаушы, VII Қысқы Азия ойындарының чемпионы, Қазакстанның бес дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол - Олимпиада ойындары, әлем чемпионатының медальдерін (2013ж. «күміс», 2015ж. «кола») алған тәуелсіз Қазакстан тарихындағы бірінші және жалғыз спортшысы, төрт континенттер чемпионатының (2015ж.), Қысқы Азия ойындарының (2011ж.), сондай-ақ мәнepлep сырғанау бойынша Гран-при кезеңдерінің жеңімпазы. Жасөспірімдер арасындағы Гран-при кезеңінде алтынға ие болып, ІЗГІ турнирінен медаль жеңіп алған бірінші казакстандық мәнepлep сырғанаушы. Айналыс жасай алатын (бильманн) ерлер-мәнepлep сырғанаушыларының бірі болған. 2018 жылы қаза болды.




Қазакстан құрамасы тарихта алғаш рет VII Қысқы Азия ойындарында түрлі сынамадағы 70 медальмен (32 алтын, 21 күміс, 17 кола) жалпы командалық есепте бірінші орынды иеленді.



**Василий Жиров** - Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері, 1995 ж. Азия чемпионы, 1995 ж. әлем чемпионатының қола жүлдегері, қазақстандық бірінші олимпиада чемпионы боксшы (1996ж., Атланта), ең тәсілқой боксшыға берілетін Вэла Баркер Кубогын - АИБА марапаттауын бірінші алған қазақстандық. Ол Халықаралық бокс федерациясы (IBF) нұсқасы бойынша 86,2 кг салмақ категориясында үш рет әлем чемпионы болған бірінші қазақстандық кәсіпқой боксшы, ол өз атағын үшінші рет Алматыда қорғады.



**Ермахан Ыбрайымов** - қазақтардан бірінші болып 2000 ж. XXVII Сидней Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алып, Олимпиада чемпионы атанды. Ол, сондай-ақ, XXVI Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері.



**Бекзат Саттарханов (1980-2000)** - жастар арасындағы әлем чемпионы (1998 ж.), қазақстандық спортшы ерлерден ең жас (олимпиадалық медаль алғанда 20 жаста) олимпиадалық чемпион. 2000 ж. XXVII Сидней Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алып, Олимпиада чемпионы атанды. Бақытсыздыққа орай, Бекзат автопатта қайғылы қазаға ұшырады.




**Бахтияр Артаев** - Афинада өткен жартылай финалда ол қайдағы біреу емес, екі дүркін олимпиада чемпионы Олег Саитовтың өзін жеңген. Ал финалда нағыз төбелесте кубалық Арагонесті жеңді, олимпиадалық алтын медальдан басқа Баркер кубогын ең техникалық боксшы ретінде жеңіп алды.



**Бахыт Сәрсекбаев** – 2006 ж. Катарда өткен жазғы Азия ойындарында алтын медальды жеңіп алған жалғыз қазақстандық боксер. 2008ж. Бейжіңде өткен Олимпиада ойындарында жартылай орта салмақ дәрежесінде (69 кг дейін) бокстан чемпион атанып, алтын медальге ие болды. Бахыт Сәрсекбаев 2008 жылы «Жыл тандауы №1 - Жыл адамы» «Алтын Адам» ұлттық жобаның «Жыл спортшысы» номинациясы бойынша жеңімпазы деп танылды.



**Серік Сапиев** - Қазақстанның ең атақты боксшыларының бірі, 2005 және 2007 жж. Қазақстандағы жалғыз екі мәрте әлем чемпионы, 2007 және 2009 жж. екі мәрте Азия чемпионы (2007 ж. үздік спортшысы атанды), 2010 ж. Азия ойындарының жеңімпазы, 2012 ж. олимпиада чемпионы (69 кг дейін). Серік Сапиев лондондық Олимпиада қорытындысы бойынша Вэл Баркер кубогын алды. 2012 ж. 1 желтоқсанда Қазақстан патриоттарының «Менің Қазақстаным» V Жалпыұлттық форумында «Әлем мойындаған Қазақстан» номинациясында ҚР олимпиада құрамасы атынан оның капитаны С.Сапиев марапатталды. «Кәсіби жетістік» номинациясындағы «Қоғамдық құрмет-2013» сыйлығының лауреаты.



**Данияр Елеусінов** - қазақстандық әуесқой-боксшы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2016 ж. Рио-де-Жанейродағы 69 кг-ға дейінгі салмақта олимпиада чемпионы, 2013ж. әуесқой боксшылары арасында әлем чемпионы, Азия ойындарының екі дүркін чемпионы (2010 және 2014 жж.). Бүгінде кәсіпқой боксшы



Геннадий Головкин – қазақстанды әлемге танытқан кәсіпқой боксшы. 2003 ж. әуесқойлар арасында әлем чемпионы және 2004 ж. Олимпиада ойындарының вице-чемпионы. \УВА (2010 ж. - қазіргі уақытқа дейін), IBF (2015ж. - қазіргі уақытқа дейін), IBO (2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін), WBC (2016 ж. - қазіргі уақытқа дейін) нұсқалары бойынша әлем чемпионы. Орта салмақта (WBA (2010 ж.) және WBC (2014-2016 жж.) нұсқасы бойынша) уақытша чемпион. «The Ring» журналына сәйкес Р4Р салмақ категориясына қарамастан үздік боксшылардың үштігіне кіреді. Орташа салмақ категориясында өнер көрсетеді. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері. 2013 ж. соңында Геннадий Головкин «USA Today» беделді америкалық басылымы мен «The Ring» журналының оқырмандары бойынша «Жыл боксшысы» атанды.



# "Ода спорту" Пьер де Кубертен

(перевод с франц. В. А. Новоскольцев)

I. О спорт! Ты — наслаждение!

Ты верный, неизменный спутник жизни.

Нашему духу и телу ты щедро даришь радость бытия.

Ты — бессмертен.

Ты здравствуешь и сегодня, после крушения затерянных в веках олимпиад.

Ты торжествующий вестник весны человечества. Весны, когда зарождалось упоение от гармонии разума и силы.

Ты как эстафету передаешь нам это наследие предков.

Проходят века. Жизнь торжествует. Ты живёшь, неподвластный времени, спорт!

II. О спорт! Ты — зодчий!

Ты помогаешь находить пропорции совершеннейшего творения природы — человека, торжествующего в победе и сокрушающегося в неудаче.

Ты — мастер гармонии.

Ты делаешь нас сильными, ловкими, статными, исправляешь недостатки, с которыми мы рождаемся.

Ты особенный, необычный зодчий. Твой строительный материал — человек в движении.

Ты доказал, что вечное движение—не мечта, не утопия. Оно существует.

Вечное движение — это спорт.

III. О спорт! Ты — справедливость!

Ты указываешь прямые, честные пути, которые ищут люди для достижения целей, поставленных в жизни.

Ты— беспристрастен.

Ты учишь, что правила соревнований — закон.

Ты требуешь: "Ни один спортсмен, выполняющий упражнения перед зрителями и судьями, не должен преступать эти правила".

Ты определяешь границы между видами спорта. Нет судьи зыскательнее и строже, чем ты сам.

Непоколебимо твоё требование справедливых оценок за истинные достижения.

IV. О спорт! Ты — вызов!

Ты требуешь борьбы. Вся сила наших мускулов сосредоточена в одном на взрыв похожем слове — спорт.

Ты — трубадур.

Твой пламенный, волнующий призыв находит отклик в наших сердцах.

Ты спрашиваешь у вышедших на старт: зачем же сила, опыт и ловкость, если не мечтать о победном финише?

Ты утверждаешь — надо мечтать. Надо сметь. Надо дерзать.

Ты убеждаешь, требуешь, приказываешь. Ты зовёшь людей помериться силой. Преодолеть себя.

V. О спорт! Ты — благородство!

Ты осеняешь лаврами лишь того, кто боролся за победу честно, открыто, бескорыстно.

Ты — безупречен.

Ты требуешь высокой нравственности, справедливости, моральной чистоты, неподкупности.

Ты провозглашаешь: если кто-нибудь достигнет цели, введя в заблуждение своих товарищей, достигнет славы при помощи низких, бесчестных приемов, подавив в себе чувство стыда, тот заслуживает позорного эпитета, который станет неразлучен с его именем.

Ты возводишь стадионы — театры без занавесей. Все свидетели всему. Никакой закулисной борьбы.

Ты начертал на своих скрижалях: "Трижды сладостна победа, одержанная в благородной честной борьбе".

VI. О спорт! Ты — радость!

Ты устраиваешь праздники для тех, кто жаждет борьбы, и для тех, кто жаждет этой борьбой насладиться.

Ты — ликование.

Ты горячишь кровь. Заставляешь учащенно биться сердце. Как радостно, как отрадno откликнуться на твой зов.

Ты раздвигаешь горизонты. Проясняешь дали. Вдохновляешь стартующих на близкий финиш.

Ты врачуешь душевные раны. Печаль или скорбь одного отступают в то мгновение, когда нужно побороть все перед многооким взглядом многих.

Доставляй же радость, удовольствие, счастье людям, спорт!

VII. О спорт! Ты — плодотворность!

Ты преградой встаёшь на пути пагубных недугов, извечно угрожающих людям.

Ты — посредник.

Ты рекомендуешь страждущим, немощным, хворым лучшее из лекарств. Себя.

Ты примером своих сильных, здоровых, статных, мускулистых, закаленных, не поддающихся болезням приверженцев врачуешь отчаявшихся.

Ты горячишь кровь. Заставляешь учащённо биться сердце.

Исцеляешь от недугов. Ты — красная строка в "Кодексе здоровья".

Ты утверждаешь: "В здоровом теле — здоровый ДУХ!"

VIII. О спорт! Ты — прогресс!

Ты способствуешь совершенству человека — самого прекрасного творения природы.

Ты — устремленность.

Ты предписываешь следовать правилам и требованиям гигиены.  
Сдерживаешь от излишеств,  
Ты учишь человека добровольно, сознательно, убежденно  
поступать так, чтобы никакие высшие достижения, никакой рекорд  
не были результатом перенапряжения, не отразились на здоровье.  
Никаких стимуляторов, кроме жажды победы и мудрой тренировки,  
не признаешь ты.  
Ты убеждаешь, что прогресс физический и прогресс нравственный  
— два пути к одной цели.

IX. О спорт! Ты — мир!

Ты устанавливаешь хорошие, добрые, дружественные отношения  
между народами.  
Ты — согласие.  
Ты сближаешь людей, жаждущих единства.  
Ты учишь разноязыкую, разноплеменную молодёжь уважать друг  
друга.  
Ты — источник благородного, мирного, дружеского соревнования.  
Ты собираешь молодость — наше будущее, нашу надежду — под  
свои мирные знамена.  
О спорт!  
Ты — мир!"  
1912 год.

## ҚЫСҚАША ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

Б.д.д. 40-25 мың ж.	-	Адамзат баласының еңбек қозғалыстарының салыстырмалы түрде өз бетінше қызмет түріне айналуы
Б.д.д. XII-ҮІ мың ж.	-	Садақ пен жебенің пайда болуы
Б.д.д. II м <sup>і</sup>	-	Ежелгі Египетте дене жаттығулары мен ойындарының көп түрлілігі туралы алғашқы мәліметтер
Б.д.д. II мың ж. басы	-	Еділ бойы, Орал маңы, Қазақстан мен Алтайдың дала тайпаларында кешенді малшаруашылықты-жерөңдеушілік шаруашылықтың қалыптасуы
Б.д.д. XII-ҮІІ ғғ	-	Гомердің «Иллиада» және «Одиссея» еңбегінде суреттелген дене жаттығулары, ойындар мен сайыстардың таралуы
Б.д.д. 776 ж	-	Ежелгі Грекиядағы Бірінші Олимпиадалық ойындар
Б.д.д. ҮІ-ІҮ ғғ	-	Ежелгі грекиялық Олимпиадалық ойындарының гүлденуі
Б.д.д. ІҮ-ІІІ ғғ	-	Түркі қағанатының дәуірі
Б.д.д. 264 ж	-	Ежелгі Римдегі бірінші гладиаторлық сайыстар
Б.д.д. 74-71 жж 394 ж	-	Спартак бастаған құлдар көтерілісі
	-	Римдіктерге ежелгі грекиялық Олимпиадалық ойындарға тыйым салынуы
IX-XII ғғ	-	Батыс Еуропа қалаларында семсерлесу мен оқ ату бірлестіктерінің құрылуы
X-XI ғғ	-	Әл-Фараби, Ибн-Сина, Ж.Баласағұн, М.Қашғари
1562-1670 жж	-	Я.А.Коменский
1632-1707 жж	-	Дж.Локк
1712-1778 жж	-	Ж.Ж.Руссо
1837-1909 жж	-	П.Ф.Лесгафт
1845-1904 жж	-	А.Құнанбаев

- 1849 ж. - Лондондағы бірінші жеңіл атлетикалық клуб
- 1861 ж. - АҚШ, Амхерст қаласының университетінде бірінші дене тәрбиесі кафедрасының ашылуы
- 1863 ж. - Ағылшын футбол лигасының құрылуы
- 1904 ж. - Халықаралық Футбол ассоциациялары федерациясының құрылуы (ФИФА)
- 1908 ж. - Халықаралық әуесқой жүзушілер федерациясының құрылуы (ФИНА)
- 1912 ж. - Халықаралық әуесқой еркін күрес федерациясының құрылуы (ФИЛА)
- 1951 ж. - ХОК-тың КСРО ҰОК тануы
- 1967-1968 ж. - Халықаралық спорттық федерациялар және Ұлттық олимпиадалық комитеттер Бас ассамблеяларының құрылуы
- 1992 ж. - ХОК-тың Қазақстан Республикасы ҰОК тануы
- 1999 ж. 2 желтоқсан - ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының қабылдануы
- 2011 ж. - Инсбруктағы І-қысқы Жасөспірімдер Олимпиадалық ойындары
- 2011 ж. - Қазақстанда ҮІІ Қысқы Азиада ойындарының өтуі

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

<b>ҰОК</b>	– Ұлттық Олимпиада комитеті
<b>ХОК</b>	– Халықаралық Олимпиада комитеті
<b>БҰҰ</b>	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>ТМД</b>	– Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы
<b>Б.д.д.</b>	– Біздің дәуірімізге дейінгі
<b>РКП ОК</b>	– Ресей коммунистік партиясының Орталық комитеті
<b>БЛКЖО</b>	– Бүкілодақтық Лениндік комсомол жастар одағы
<b>ХКК</b>	– Халық комиссарлар кеңесі
<b>БКП ОК</b>	– Бүкілодақтық коммунистік партияның Орталық комитеті
<b>КСРО ОАК</b>	– Кеңестік Социалистік республикалар одағының Орталық атқару комитеті
<b>ЕҚДБ</b>	– «Еңбек пен қорғанысқа дайын бол!»
<b>БДШК</b>	– Бүкілодақтық дене шынықтыру кеңесі
<b>МТС</b>	– Машина-тракторлық станса
<b>ФЗУ</b>	– Фабрика-зауыттық училище
<b>ЕСҚ</b>	– Еркін спорттық қоғам
<b>ӘАФЖЕК</b>	– Әскер, авиация мен флотка жәрдемдесудің еркін қоғамы
<b>БЖСМ</b>	– Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі
<b>ОРМБЖСМ</b>	– Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі
<b>КТМ</b>	– Кәсіптік техникалық мектеп
<b>ОАОО</b>	– Орта арнаулы оқу орны
<b>ЖСШМ</b>	– Жоғары спорттық шеберлік мектебі
<b>ДДБЖК</b>	– Дене дайындығының балалар мен жасөспірімдер клубы
<b>ШҰКСРД</b>	– Штаттық ұлттық командалар мен спорттық резерв дирекциясы
<b>ДШҰ</b>	– Дене шынықтыру ұжымы
<b>ОРДО</b>	– Олимпиадалық резервті даярлау орталығы
<b>ОДО</b>	– Олимпиадалық дайындық орталығы
<b>ҰДШҒПО</b>	– Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-практикалық орталығы
<b>КҚДД</b>	– Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы
<b>ҒЗО</b>	– Ғылыми-зерттеу орталығы
<b>ҒЗИ</b>	– Ғылыми-зерттеу институты

### **Пайдаланылған ресми деректер**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы.
5. Дене шынықтыру дайындығының Президенттік тестілері – Қазақстан Республикасы халқын сауықтыру негізі. Әдістемелік оқу құралы. Астана, 2014 ж.
6. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы.
7. «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007-2011 жж арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70-IV «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. А.К.Кульназаров, Управление физкультурным движением – Алматы, 1998.
2. В.Н.Уваров, Государственное управление физической культурой и спортом: әдістемелік құрал – Алматы, 1978.
3. Б.М.Досқараев, Қазақстандағы дене шынықтыру тарихы: оқу құралы – Алматы, 2009.
4. Н.М.Пономарев, Физическая культура как элемент культуры общества и человека – Алматы. Мерей, 1996.
5. Қазақстан Республикасы халқын кешенді сауықтыру бағдарламасы (авторлар тобы) – Алматы, 1997.



6. Б.М.Доскараев, Ежелгі Қазақстандағы дене шынықтыру: монография – Ташкент, 2007.
7. А.Суник, Российский спорт и олимпийское движение на рубеже XIX-XX вв. – М.: Советский спорт, 2004. – 764 с.
8. М.Таникеев А.Асарбаев, Қазақстандағы дене шынықтыру тарихы: оқу құралы – Алматы, 2001.
9. Г.Н.Виноградов, А.К.Кульназаров, В.Ю.Салов, Салауатты өмір салтының теориясы мен әдістемесі: оқу құралы – Алматы, 2004.
- 10.Л.И.Орехов, С.И.Касымбеков, Е.Л.Караваяева, Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене шынықтыруы: оқу құралы – Алматы, 2005.
- 11.К.Адамбеков, А.Кульназаров, С.Касымбекова, Оқушы жастардың дене шынықтыру негіздерін қалыптастыру: монография – Алматы, 2004.
- 12.А.Кульназаров, О.Жолымбетов, Алматыдағы Олимпиада алауы – Алматы, 2008.
- 13.В.Ф.Костюченко, А.К.Кульназаров, Дене шынықтыру ортасындағы кәсіпқойлық: оқу құралы – Алматы, 2001.
- 14.А.С.Иванов, С.В.Сухов, Спортшыларды дайындаудағы кешенді бақылау: оқу құралы – Алматы, 2004.
- 15.Н.А.Пономарев, Философия және әлемнің ғылыми бейнесі: монография – Санкт-Петербург, 2002.
- 16.В.И.Столяров, Дене шынықтыру және спорт әлеуметтануы: Оқулық. Мәскеу, 2005.
- 17.А.К.Кульназаров, О.Ш.Жолымбетов, Спортивный Казахстан: энциклопедиялық анықтама – Алматы, «Арыс», 2004.
- 18.Б.М.Доскараев, Егеменді Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт: оқу құралы – Алматы, 2009.
19. Е.К.Сейсенбеков, Дене шынықтыру және спорт тарихы. Оқу құралы. Шымкент. Нұрлы бейне баспасы. 2009. – Б. 148.
20. Е.К. Сейсенбеков, А.А. Виниченко Олимпийское образование как гуманистически организованный педагогический процесс, направленный на воспитание молодежи // Актуальные проблемы науки и образования в современных условиях. Ғылыми конференция материалдары. Шымкент. 2007. б. 214-218.
21. Yer. Seisenbekov, G.A. Abdikarimova. Meaning of Olympic education in teacher training course for Physical Culture and Sports // Proceedings of the 1st International Sciences Congress “Fundamental and

- Applied Studies in America, EU and CIS countries". Education and Science. Canada, Toronto, 2014. – P. 18-22.
22. Е.К. Сейсенбеков, А.Ж. Тастанов, А.И. Иванов. Морально-духовная ценность олимпийского образования в педагогическом процессе, направленная на воспитание молодежи // Материалы международной научно-практической конференции «Основные направления реализации программы действий по Международному десятилетию сближения культур», КазНПУ им. Абая. 2018. – С. 185-188.
23. Н.Жунусбаев, Олимпийский маршрут – Алматы, 2009.
24. М.Таникеев, Бәйгеден Олимпиадаға дейін – Алматы, 1983.
25. П.Ф. Матушак, Қазақстан спортшылар Олимп шыңында – Алматы «Рауан», 1997.
26. Д.Бөкенайұлы, Е.Қанагатов, Сайыс – Алматы «Орда», 2007.
27. Г.В. Кан, Қазақстан тарихы: ЖОО арналған оқулық – Алматы, «Оқулық», 2005.
28. Е.Ертысбаев, Қазақстан және Назарбаев: өзгерістер логикасы – Астана, 2001.
29. Х.Юнусбаев, Н.И.Бабушкина, Г.Н.Шарипова, Тарих беттері – Алматы, 1995.
30. М.Таникеев, Халықтық спорт әлемі – Алматы, 1998.
31. П.Ф. Матушак, Д.Б.Тұрлыханов, К.К.Закирьянов, Қазақстанның Олимпиадалық мақтаншы – Алматы, Дайкпресс, 2004.
32. К.К.Закирьянов (авторлар ұжымы), Қазақ спорт және туризм академиясы – Алматы, 2005.
33. А.Бүркітбаев, Қазақ ұлттық спорт түрлері мен халықтық ойындарының тәрбиелік аспектілері – Алматы, 1990.
34. Е.Л.Караваева, Дене тәрбиесі: оқу құралы – Алматы, 2007.
35. А.К.Кульназаров пен Б.М.Досқараевтар редакциясында, Президенттік тест: дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы қоғамда саламатты өмір салтын қалыптастыру – Алматы, 1999.
36. М.И.Горанько, К.Х.Закирьянов, Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру мен спорт (1991-2001) // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі – Журнал, 2002, №2.
37. А.М.Жунусбекова, Г.П.Белишкина, Дене дайындығы жүйесінде саламатты өмір салты мәдениетінің тәрбиесі // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі – Журнал, 2002, №2.

38. Б.М. Досқараев, Н.Ә. Асқаров, Қазақ тіліндегі спорт терминологиясының негізгі көздері, терминжасам тәсілдері және оны тиімді пайдалану жолдары // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі – Журнал, 2016, №3.
39. Мухиддинов Е. М. Казахша күрес: үч пособие. – Алматы: «Рауан», 2008.
40. Е. Алимханов. Қазақтың ұлттық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері, монография. Алматы, 2018. – 328 б.
41. Қазақстан рекордтар кітабы. Алматы: «Тұран» университеті, 2016.
42. Қазақстан халқы Ассамблеясының ОҚО хатшылығының ресми мәліметтері – Шымкент, 2017.
43. Шеллер М. «Vom Ewigen im Menschen» (От вечного в человеке). - Лейпциг, 1921.
44. Гаттмэн А. От ритуала к рекорду. – Университет Колумбия, 1978.
45. Марьянович Р. Социальная функция спорта. – Белград, 1979. – 135 с.
46. <https://kk.wikipedia.org>
47. «2016-2026 жылдарға арналған Қазақстан футболын дамыту» Стратегиясы. Астана, 2016 ж. – 52 б.
48. Годик М.А. Физическая подготовка футболистов. – М.: Терра-Спорт, 2006. – 272 с.
49. Ален Ферран, Жан-Лу Шаппле, Бенуа Сегэн. Олимпийский маркетинг. – М.: Рид Медиа, 2013. – 351 с.
50. Джон А. Дэвис. Эффект Олимпийских игр: как спортивный маркетинг создает сильные бренды. 2-ое изд. – М.: Рид Медиа, 2013. – 383 с.
51. Энди Миа, Беатрис гарсиа. Основы Олимпизма: пер. с англ. – М.: рид Медиа, 2013. -192 с.
52. Мельникова Н.Ю., Трескин А.В. История физической культуры и спорта. Учебник. – М.: Советский спорт, 2013. – 392 с.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫС СӨЗ</b>	-	4
<b>КІТАПТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІР</b>	-	6
<b>КІРІСПЕ</b>	-	7
<b>1-БӨЛІМ. ОЛИМПИАДАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>		
1.1. Олимпиадалық қозғалыстың бастауы. Көне Олимпиадалық ойындардың шығу тарихы	-	20
1.2. Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің құрылуы. 1-ші дүниежүзілік соғысқа дейінгі Олимпиадалық ойындар	-	25
1.3. XIX-ғасырдың 20-шы жылдары мен XX-ғасырдың басындағы спорттың дамуы және халықаралық спорттық бірлестіктердің құрылуы	-	32
1.4. XX-ғасырдың 20-40-шы жылдардағы Олимпиадалық ойындар мен спорттың дамуы	-	35
1.5. Халықаралық жұмысшылар спорттық қозғалысының дамуы	-	41
1.6. Халықаралық спорттық қозғалыстағы екі бағыт	-	43
1.7. II-дүние жүзілік соғыстан кейінгі Жазғы Олимпиадалық ойындар	-	49
1.8. Қысқы Олимпиадалық ойындар	-	65
1.9. XX-ғасырдағы олимпиадалық қозғалыс және оның өзекті мәселелері	-	79
1.10 «Ізгі Ниет» ойындары және басқа да халықаралық жарыстар	-	83
1.11 Жастардың тәрбиесіне бағытталған педагогикалық үдерісте олимпиадалық білім берудің рухани-моральдік құндылықтары	-	86
<b>2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН БАСТАП, ХУ ҒАСЫРДА ХАНДЫҚ ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ НЕГІЗДЕРІНІҢ ТУУЫ</b>		
2.1 ПАЛЕОЛИТ, НЕОЛИТ ДӘУІРЛЕРІ МЕН ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕЗІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ	-	93
2.2 Палеолит пен неолит дәуіріндегі дене тәрбиесі	-	96
2.3 Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау дәуіріндегі дене тәрбиесі	-	100
2.4 Тайпалық одақтардың қалыптасу дәуіріндегі дене тәрбиесі	-	109
<b>3-БӨЛІМ. КУШАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТҮРЛІ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ</b>		
3.1. Кушан империясы кезеңіндегі дене тәрбиесі	-	128
3.2. Түрік қағанаты кезеңіндегі дене тәрбиесі	-	131

<b>4-БӨЛІМ. ОРТАҒАСЫРЛАРДА, ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ (XV-XVIII ҒҒ.) ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ</b>		
4.1. Орталық Азия мен Қазақстанды жаулап алушыларға қарсы күресте халықты әскери-Дене кимылы дене дайындығының рөлі	-	142
4.2. Хандықтың құрылуы және Қазақстандағы дене шынықтырудың даму тенденциясы	-	149
4.3. XV-XVIII ғғ. кезеңіндегі Қазақстандағы дене шынықтыру мен дене тәрбиесі	-	153
<b>5-БӨЛІМ. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ (1730-1917 жж.)</b>		
5.1. 1730 жылдан бастап 1865 жылға дейінгі Қазақстандағы дене тәрбиесі	-	157
5.2. Патшалық империя жылдарында (1865-1917 жж) Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорттың даму тенденциялары	-	164
<b>6-БӨЛІМ. КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ОРНЫҒУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ</b>		
6.1. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның дене шынықтыруы мен спорты	-	175
6.2. Жаңа мәдениеттің орнығу кезеңіндегі Қазақстанның дене шынықтыруы мен спорты (1925-1940 жж)	-	178
<b>7-БӨЛІМ. СОҒЫС ЖӘНЕ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ (1941-1958 жж)</b>		
7.1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945 жж) Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт	-	198
7.2. Елдің халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру кезеңіндегі Қазақстанның дене шынықтыруы мен спорттың дамуы (1946-1958 жж)	-	200
<b>8-БӨЛІМ. 1959-1991 жж. АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҢ ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ</b>		
8.1. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру қозғалысының бұқаралық түрде дамуының жаңа кезеңінің қоғамдық-педагогикалық аспектілері (1959-1991 жж)	-	205
8.2. Кеңестік мәдениеттің интенсификациясы жылдары және КСРО-ның күйреуіне дейінгі дене тәрбиесі мен спорттың дамуының педагогикалық тенденциялары (1969-1991 жж)	-	210

<b>9-БӨЛІМ. ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ</b>		
9.1. Дене тәрбиесі мен спорт Қазақстан Республикасы тұрғындарының мәдени және педагогикалық қызметінің құрамдас бөлігі ретінде	-	221
9.2. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт дамуының негізгі көрсеткіштері	-	228
9.3. Спорттық шеберліктің өсуі және жоғары деңгейлі спортшыларды дайындауды жетілдіру жолдары	-	233
<b>10-БӨЛІМ. БАСҚАРУДЫҢ ТҮРЛІ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</b>		
10.1. Мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарында дене тәрбиесін жетілдіру және оның ахуалы	-	253
10.2. Спорттық-дене шынықтыру қозғалысы саласында мамандарды дайындауды жетілдіру	-	278
10.3. Қазақстан тұрғындарының өмір салтында дене тәрбиесі құралдарын қолдануды қалыптастыру мен жетілдіру	-	285
<b>11-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ХХІ ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТТЫҚ-ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ЕНДІРУ МЕХАНИЗМІ</b>		
11.1. Мемлекеттік бағдарламаны ендірудің формалары мен әдістері және оның тарихи-педагогикалық маңызы	-	294
11.2. Президенттік тесттер мен Мемлекеттік бағдарламаларды (2007-2011 жж) іс-жүзінде жүзеге асырудың негізгі ережелері мен тенденциялары	-	308
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	-	312
<b>Қосымшалар:</b>		
ЕЛДІҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ-ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОЙ-ТОЛҒАУЛАР	-	325
ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ КЕШЕГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ СПОРТ САҢЛАҚТАРЫНЫҢ ГАЛЕРЕЯСЫ	-	372
"ОДА СПОРТУ" ПЬЕР ДЕ КУБЕРТЕН	-	384
ҚЫСҚАША ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ	-	388
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР	-	390
<b>Пайдаланылған ресми деректер мен әдебиеттер тізімі</b>	-	391

## *Ескерту*

### **Құрметті оқырман!**

*Сіздің қолыңыздағы «Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері» оқу құралы – Қазақстанның Тәуелсіздік алғаннан бері тұңғыш рет қазақ тілінде олимпиадалық білім жөнінде шығарылып отырған алғашқы салалық әдебиет. Сол үшін де кітап мәтіні мен мазмұнында кеткен немесе өздеріңіз байқаған қате-кемшіліктер болса алдын ала кешірім өтінеміз. Әрине, мемлекеттік тілде шығарылатын кітап мұнымен тоқтап қалмайды, міндетті түрде алдағы уақытта осы кітаптың екінші бөлімін толықтыра отырып шығару жоспарда бар. Сын-пікірлеріңіз бен қосар ұсыныстарыңыз болса төменде көрсетілген электронды пошталарға жолдауға болатынын қаперлеріңізге саламыз.*

[ertural@mail.ru](mailto:ertural@mail.ru)

[dbm\\_53@mail.ru](mailto:dbm_53@mail.ru)

**Б.М. Доскараев, Е.К. Сейсенбеков, Е.Т. Алтынбек**

**Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт  
тарихының очерктері**

Басуға 2019 ж. берілді

Пішімі 60x84x1/16

Қағазы «Multilaser»

Көлемі шартты түрде 25 б.т.

Таралымы 500 дана

ҚазСТА

Алматы қ., Абай даңғылы, 83/105.

